

# МУХТАР ӘУЕЗОВ

---

9





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ

1981

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

884.342.2

Ә-90

# МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ТОҒЫЗЫНШЫ ТОМ



*Пьесалар*

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ

1981

Редакциялық коллегия

Ахметов З., Әуезова Л., Бердібаев Р.,  
Қаратаев М., Мүсрепов Ф., Нұрпейісов Ә.,  
Тәжібаев Ә., Шәріпов Ә.

Ғылыми түсініктерді жазып, томды  
баспаға әзірлегендер:


БӨЖЕЕВ М. МЫРЗАХМЕТОВ М., НАУРЫЗБАЕВ Б.,  
САХАРИЕВ Б. СЕРІКҚАЛИЕВ З., УАХАТОВ Б., ӘКІМОВ Т.,  
ДОСЫМБЕКОВА Р., МҰХАМЕТХАНОВ Н.

Әуезов М.

Ә 90 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алма-  
ты: Жазушы, 1981. Т. 9. Пьесалар.— 492 бет.—  
ҚазССР ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы  
әдебиет және өнер ин-ты.

Каз 2

Ә  $\frac{70700-165}{402(05) 81}$  2—81 4702230200



# ЕҢЛІК — КЕБЕК

*Төрт актылы,  
бес суретті трагедия*

*(Жаңадан түзелген түрі)*

## ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

Кебек — жас батыр.

Енлік — сүйген қызы.

Есен — батыр.

Нысан Абыз — кәрі ойшыл, ақылгөй, ақын, дана.

Кенгірбай — Қабекең (би).

Қараменде — би.

Көбей — ол да.

Еспембет }  
Жомарт } найман билері.

Жапал — қойшы бала.

Қембай — тобықты кісісі.

Матак — ол да.

Жәуетей }  
Қалдашбай } тобықты жігіттері.

## БІРІНШІ АКТ

### Бірінші сурет

Абыз мекені. Қоңыр, күнгірт үйде күнгірт сәуле. Ауыр мұңға батып  
Абыз отыр. Қолында қобызы. Жаңа ғана күй толғап тоқтаған.

Абыз. «Көкей кесті», «Көкей кесті» күй не дейсің?  
Уа, не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей *(жы-  
миып)* күшік!.. *(Қобызына жағын сүйеп, ырғала толға-  
нып.)* Пак пәруәрдігәр!.. Бе-еу! *(Ыңыранып, Асан қай-  
ғының күйіне үн қосып.)*

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтып күн көрер!  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтып күн көрер!

Ащы зарлы Асан сен ең, алыстан сарын қосқан Ны-  
сан мен ем...

Тұнығым ылай болды,  
Уа, тұнығым ылай болды,  
Қуғыншым құмай болды.  
Құтылар қайран жоқ,  
Сор қамар сыңай болды.  
*(Асанша толғап)*

Алданар жоқ, арман көп,  
Кәрің қайтып күн көрер!  
Жарастық жоқ, жалын жоқ,  
Жарым қайтып күн көрер!



Барары жоқ, байлау жоқ,  
Ерім қайтып күн көрер!  
Бәріңнің де нәрің жоқ,  
Елім қайтып күн көрер?!

Кәрі көңіл о бір зәр. Күні еңкейіп, көлеңке басқан бейуақтай. Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдатып ол келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, от шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны.

Қайта сарындап, қобызды күңіретіп кетеді. Көбей кіріп, үндемей отырады, қасында үнсіз жолдастары — ол Кембай, Матақ, Абыз сарнап отыр.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтып күн көрер.  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтып күн көрер!

Ыңыранып бір ырғақты сөзсіз мінгірлеп айтып кеп, аяғында.

Елім қайтып күн көрер! *(деп тоқтайды)*. Көбеймісін, жарқыным? Аз ауыл тобықтың не күйде? Елің, ерін аман ба, ұлдарым?

Көбей. Ел тыныш, ер аман, баба!

Кембай. Күйің қалай, жақсы аға?

Абыз. Күйдің несін айтайын. Тобына ере алмай, жырылып қалып, бір қуыс шатты мекен еткен кәрі бұғы қайтушы еді? Тек өздерің бар бол!

Көбей. Көптен келіп алдыңнан да өтпедік. Оң жүрміз бе, теріс боламыз ба? Анда-санда бір өсиетін тездей болушы еді, қарт баба!

Абыз. Барыстарың қалай, шет пе еді, ел іші ме?

Көбей. Ел ішінің бір сөзі болып, би шақыртқан екен, соған барамыз.

Абыз. Ел ішінің не сөзі бар, сөйлеп кет.

Көбей. Дәл бүгінгі белесте соны айтайын дерлік даурық жоқ, баба!

Абыз. Ұлым, маған сөздің кешегі, бүгінгі дейтін сүрі, жасының парқы жоқ қой... Табанды би майталман шығар ма, еліне қайырым қылар ма? Текпілі батыр бәйшөгел шықты ма, бетінен жау ықты ма?

М а т а қ. Еліне еңбегі асқан ұлы кім, соны білмек қой.

К ө б е й. Айтайық, айтайық, баба, оларың бар бүгінде, жоқ емес...

А б ы з. Әлі береке десе кер кетіп, пәле десе жұлынған, тоқсан сусар тон берсен де, тоқсан қара нар берсен де бітпеймін деп басқа шауып, төске өрлеген матай бауырыңмен бітім таптың ба, табыстың ба, түге?

К ө б е й. Таптық, тындық қой, баба.

А б ы з. Қай ер қандай қамқор қайрат етті? Қайғып тыным таптырды? Ұзаққа табыстың ба, жоқ алданыш аял ма? Еміреніп ел табысты ма?

К ө б е й. Баба, матай сөзінің басы таудай болып келсе де, аяғы сиырқұйымшақтап келіп, қылдай болып кетті.

А б ы з. Не дейсің... Есе бермедім, еңсеріп ұттым дейсің бе?

К ө б е й. Басында бұрқ-сарқ етіп келген бетінде ашуы құйып тұрған нөсерге өшпес алау атып тұрған өрт еді. Бірақ біздің бидің айбыны мен айласы сол ашуын басты ғой.

А б ы з. Сол қара шал жақсы дер ем, тек жау таппай, бауыр таптырса екен еліне!

К ө б е й (күліп). Батыр болсаң бопсаға шыда дегендей... Ерліктің, ептің үлкені бопсаға шыдау екеніне көзіміз жетті. Жүрек қобалжымай, табан таймай, қасқайып тұрып салысуға шыдастық. Би солай сілтеді. Содан матай шырайлана бастады емес пе?

К е м б а й. Жарықтық біздің би сырттан ғой... Тобықтының асқар белі емес пе?

А б ы з. Бұл да бір анда-санда кезігер, өткел сындай жер еді. Таптың, таппадың ба, болжау қиын. Есебім озды деймісің? Есесі қалды десенші. Ауылдастың тайы озып тұр ма әлде! Алдың тыныш дей алмадым-ау... Қасың қазақ! Қазақ халқын... Құрсауын бүтін көрсемші... Шоғырың ғана бүтін-ау... Батырың қане, ол не дейді? Бар ма бағлан?

К ө б е й. Бар ғой, баба, ер тумаса ел бола ма?

А б ы з. Аташы атын.

К ө б е й. Аты Кебек.

М а т а қ. Кебек деген ерек боп тұр.

А б ы з. А-ау, анау бір естігенім болар ма, Тоқтамыстың інісі ме?

Көбей. Сол, баба!

Абыз. О кімді алды? Алыс па еді, жақын ба еді сілтегені семсерін?

Көбей. Тағы сол матай ғой *(Абыз солғын қарайды)*.

Матақ. Алысқан соң алыс, жақын деп тұрсын ба?

Кембай. Е, күш атасын тындар ма! Бұл өңірдің бұдан асқан ері жоқ.

Матақ. Бақ берсін бақырға, тайталасар тұрғысы жоқ...

Көбей *(көтеріліп)*. Матайдың алғашқы екпінін су сепкендей басқан да сол Кебектің бір өзінің қайраты ғой. *(Абызға)* Матай қолын бастап келе жатқан өншең ығай мен сығай, көкжал бөрі дәл жортуыл басы он бес батырға жалғыз өзі майдан берген. Қандай қып берген десеңші! Қиын шақта жапа-жалғыз соқтығып, жетеуін бірдей бірінің үстіне бірін ұмар-жұмар түсіріп, сегізін түре қуып кеткен... Сонда қалың қол бассыз қап, боранды түнде қасқыр шапқан жылқыдай ықпасын ба? Кебек жанағы қашқан сегізін бірдей тағы түсірген. Бар батырын бір батырға байлатқан қол енді қайтып ес жисын? Кебек қырық қана жігітпен бар матайды бидайықтай бүрген кеп. Сонымен жерден қумақ, қор қылмақ боп келе жатқан матай еріксіз кеп біздің бимен бітім, байлау сөйлесіп, жолға түсіп, жөнге көшетін болғаны емес пе? *(Күледі.)* Таяқ батқан соң есі кіріп қапты...

Матақ. «Күштарым берекең бе еді, ерекең тұр ғой қайтейін» деп, матайдың өз ішінен де сылтың айтып кеткендер бопты.

Кембай. Сылтың айтар, бірақ шер айтқан да болыпты ғой. Кебекке орай ер шығармасам ел болмайын десіпті. Кебектен осы кегімді әперер ер шықты деген күні өлсем арманым жоқ депті бір батыры.

Матақ. Анау он бестің бірі Көшен батыр екен... Сол еліне барып, кек дегеннің табынан сары ауру боп жатып, құстадан өліпті деседі.

Көбей. Рас, солай деседі, баба, Кебек ұлыңның туы солай шалқып тұр, бүгін аз ауыл тобықтыңның үстінде.

Абыз *(өз-өзінен шөккендей, сырт айналғандай мұңға кеткен. Қобызына таянып қапты)*.

Барары жоқ, байлау жоқ,  
Ерім қайтып күн көрер!

Бәріңнің де нәрің жоқ,  
Елім қайтып күн көрер...

Көбейлер бір-біріне қарасады да, иіліп қош-қош айтып, шығып кетіседі.

Әреке деген көк ауру, сені тияр талқы жоқ,  
Ішті жеген жегінің жерге кірер қалпы жоқ,  
Барар бетің батпақ сор, күн түзелер тарпы жоқ.

*(Құлақ күйіне басып.)*

Бәріңнің де нәрің жоқ,  
Елім қайтып күн көрер...

Есен кіреді.

Абыз. О, қай ұлсың?

Есен. Уа, баба, арғы атам Найман, бергі атам Сыбан, өз атым Есен, елім қосқан атым батыр Есен.

Абыз. Мерейің асын ұлым!

Есен. Алдияр, дегенің кесін.

Абыз. Ұлым, не жаймен жүрсін?

Есен. Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезен тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, балуан білек керек. Енді бірінен өту үшін тәңір үстем қып жаратқан талап керек. Титығымды сол құртады. Осы екеуіне де өзіңнен бата алайын деп келдім.

Абыз *(аз кідіріп)*. Ұлым, екеуіне де кеудесі қуыс пенде қосар күш болар ма. Ұрынамысың, ұрынтармысың, бір өзіңнен көрер ме екенсің. Айтып көрші мән-жөнін.

Есен. Баба, жылқы ішінде аладай, аз тобықтының ағасы емессің. Елімнің Абызы деп келдім. Алғаш айтқан кезеңім, алапаты асқардай батырмен күш сынаспақпын. Кездескелі ізденіп жүргенім өзіңнің іні батырын Кебек! Өшім бар сол тобықтыда. Ағам Көшен жан кемітер ер ме еді! Кебектен көрген күйіктен, құсадан өлді. Кемімес кегім бар деп, өлерде өсиет қып кетті. Аямастық антым бар. Бірақ қапыда қалмаймын. Қасиетімді жоймаймын, сертім осы. Себің тигіз, бата бер! Содан қалған бір кезен жастық, албырттық кезеңім. Матай қызы жесірім, інімді менсінбей кетем дейді. Ерден кетсе де, елден кетіретімен бе едім? Бірақ қыз-қырқылжың түлкідей болғанда, мән шынымды айтайын, айласызбын. Су бүркіті сасқалақ сарыдаймын, ілінбей жүр, ілгізбей жүр тау тағысы көкшулан. Шеңгеліме сол түссін, Бейілің бер, бата бер.

Абыз. Батыр десем... белге шықпай ойда ойнақшыр бейпіл ме ең. Азамат десем ауыл үйдін тентегі ме ең? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де. Кегім десем — зықымды алған зұңғарды айтсам не етуші еді? Ашуды айтсам, Ақтабан-шұбырынды ма еді ұмытарым тастарым. Елдігім қайда сондағы? Қусам соны қусамшы. Кесескенім Кебек болса ертсемші сол жолға, салыссамшы, жарыссамшы сол жауға қарсы сілтеген қайқы қара жолында... Елін үшін ермесе, сонда алсаншы бар есенді. Төңірегінді торыған жатты көрмей, жағаласар жауын жақының бопты. Жарқыным, мен емес ертер серігің!

Есен. Болды, баба! Токта, баба, толас бер. Женілдім, жеңдің сен мені... Тек осы кебін Кебекке жетпей жүрмесін... Жеңілдім, жеңдің... жеңдің, бай-бай, сен мені! *(деп атқып жүріп кетеді.)*

Абыз. Әрекетте алқын зор,  
Береке мұнша неге қор?  
Кеселді іске керме жоқ.  
Қаусырмалап қалын тор,  
Халқым қайтып күн көрер!  
Күн кейпінде тағы сор,  
Алдым тағы қара нор,  
Жарқын жүзді жақсы жоқ.  
Асылымның бәрі бор,  
Халқым қайтып күн көрер!

Кебек келеді Ол батыр пішінді емес, сұлу сәнді бозбала.  
Сыпайы түрде иіліп тағзым етеді.

Абыз таңырқап қызыға қарайды, күтпеген оқшау жан тұр.

Мерейін биік шоқыдай,  
Келіс көркін тотыдай  
Қызықтырған қай ұлсын?

Кебек. Армысың, әз аға! Асыл аға!

Абыз. Бар бөл, немен жүрсің, жарқыным?

Кебек. Ойдағымның бірін ірікпей, барын айтсам болар ма екен, әз аға?

Абыз. Айтарсың, ұлым, айтарсың. Жат айтпассын, жақсы айтарсын. Ажарыңнан аңғарам... Жауын бар ма, соны айтшы?

Кебек. Бірде-бірге өшім менен қасым жоқ... Жауым жоқ менің!

Абыз. Бәрекелде, баламсың! Досың бар ма?

Ке б е к. Өз көңлімді барласам дүниенің бәрі дос. Жарқыраған күн де дос, тұнжыраған түн де дос. Бәріне де жаным шат! Бірақ, баба, бір деп бекем ұстаған анық досым өзі жоқ... Айып қылма, әз аға. Сүйерім мен сүйсінерім мүлде көп. Сауық құрам — ән сүйем, саят құрам — аң сүйем, жалын ұрам — жар сүйем. Қазір де міне сүйгендеймін, ынтығам. Бірақ қайда сол, кім сол өзі, кезікпедім, таппадым. Тек алдымда нәркес қана қара көз: «Ізде мені, тап мені!» — деп, тұнжырап қана бір қарап, наз тастап қана бір кетеді! Кезігермін бе, табармын ба мен соны? Көрмес бұрын сүйген ем, көрермін бе сол ғана бір көз нұрын?

А б ы з (*күлімсіреп, ұққандай*). Қайтсын-ау, сынқыл-сылтын... сылтың-сынқыл тілейді-ау жас бейбақ! Көктемнің көркін-ай... Мамырдың бір нұр шуағы дермісің! Жасты көрсем, осылай көрсемші!.. Бақ талай баршындай! Кебегім болармысың осы сен?

К е б е к. Сол баланың өзі едім, баба.

А б ы з. Қас демейсің, дос көксейсің. Сүйсінемін бұныңа. Қас іздесең, алыстан ізде. Алысқа қара қырандай.

К е б е к. Алдияр ата, ақылыңды құп тұттым!

А б ы з. Тілегенім менің де сол жолдағы талайын болсын... Бірақ жаңа нені айттың? Алдында бұлдыр сағым ішінде бұлындаған бір кезең боп сол тұр ғой! Соқпай өтер дей алмаймын. Не табарсың, не көрерсің сол белде? Ұшырарсың, ұшыратарсың сен оны! Ұшырамас түрің жоқ. Тек ұрынып, ұрынып қаласың-ау, балам, жан балам! Толастар күн, тоқтатар күш тағы жоқ. Кімге кезігерсің? Тым болмаса қылымсыған қырмызыдан сақтаншы! Тым болмаса, ең болмаса биыл ұрынбашы, бұл түрінде таппашы... Албырт көңіл тақат қоймай ап кетердей түрің бар... Содан, содан қорыққан мұңым бар... Ап кетер-ау еңсенді...

К е б е к. Бағымды ашсын, батаңды бер, әз аға... (*Қойнынан құндыз алып, Абыздың алдына салып.*) Ақбас құндыз алдымды ашсын, бата бер.

А б ы з. Адалдай бер, ақтан бер!  
Бәлекетін жатқа бер.  
Ер маңдайын баққа бер!  
Абырой асар жаққа бер!  
Қара түндей қазаны  
Қас ойлаған жатқа бер!

Сөнбес күндей шат көңіл  
Жазығы жоқ жасқа бер!  
Адал жолды аққа бер,  
Мерейі асқан өренім  
Кебек сынды таққа бер!

Ш ы м ы л д ы қ.

## Екінші сурет

Тау іші, жартас. Әндетіп Жапал шығады, қойда жүр. Айналаға көз салады, тастан-тасқа шыға жүріп әндетеді. Қойшы әні.

Ж а п а л. Шек-шек, шек-шек, шегенек!  
Мал ішінде көбелек.  
Тасты көрсең телмендеп!  
Жүгіресің жебелеп!  
Тынымы жоқ, тыныштық жоқ  
Кұртты құйрық кебенек!  
(Құшырланып қайырады).  
Шек-шек, шек-шек, шегенек!  
Қош-қош, қош-қош, қошақан,  
Майлы құйрық момақан.  
Бөрі көрсе бөр кемік  
Бар буыны босаған,  
Тауда тарлау, ойда өлең  
Тапса бойы жасаған,  
Қош-қош, қош-қош, қошақан!

(*Біік тас басына шығады. Айналаға көз салып*)  
Шыңғыс! Қара қойтас қан Шыңғыс! Онда Шыңғыс, сол-  
да Шыңғыс... Анда Шыңғыс! (*Жан-жағына қол созып*).  
Анда Шыңғыс... Анда Шын... Шын? Токта, бұл не?  
Жұлындай жерден жіптіктей түтін емес, шаң бұрк  
етті... Тағы, тағы! Бұрк-бұрк... О-о, будақ-будақ шаң  
шықты. Төбелес, барымта... қуғын... Тағы және шабуыл  
да сабуыл... Қайран Шыңғыс, күнде осындай жойқын  
төбе! Жортуылшы. Тентек батыр, жентектесті тағы да!  
Пай-пай! Шіркін, батырда да арман бар ма екен? (*Басын  
шайқап.*) Әй, бірақ осындай қойшыдан батыр шығушы  
ма еді? Жо... шығады. (*Қиялға кетіп*). Астымда мейіз-  
дей қатқан ақ бедеу, колымда мейіздей қатқан кара  
шоқпар. Ай тастай қараңғы... Жау қатты, Күндіз әлгі

бір жаман қойшы бала қызыл тасқа бесінде кеп бекінген. Тобықтының түстері суық, өншен көк темірге құрсаңған ығай мен сығайы... Қалың жауын көріпті. Я, ауыл шошынып тұр. Жылқышының бірі қорқып-пысып жүр... Бірталайы: «Е, қайтушы еді, Жапал бар!.. Жапал ағам бар... Жойқын Жапал батыр бар!» деп ағанды арқа тұтып жанасалап жүр. Үркер көтерілетін кез болды. Тап түн ортасы... Жылқыны қомақтап жусатқалы келе жатыр ек... Ағаң қалың жылқының тең ортасында келе жатыр еді. Ақ бедеудің құлағы қайшыланып, елең ете түсті... Сол-ақ екен, «кеу-кеу-кеу, ке-еу!»— деп қалын жау қаптап қоя берді! *(Тастан секіре бере)*. Уай, неменс, сонда ағаң кеп, ақ бедеуді жамбасқа салып-салып жіберіп тапап берді-ау!.. *(Өзін-өзі қамшылап, тасты бауырлап жүгіре беріп, қызып айқайлап.)* Қайт-қайт! *(Деп тап бергенде дәл бүйірдегі тастан аса бере Еңлік бұның өзіне дүрсе қоя береді.)*

Еңлік. Ұрып таста! Ұрып таста! *(Жүгіреді.)*

Жапал *(оқыс шошынып қап, жалт беріп, жата кетіп)*. Ойбай, олда! Ағатай! *(Қырылдап қалады, диуысы да шықпайды.)*

Еңлік *(күліп, мазақтап)*. Ойбу, бетім, бағыр шөгілім-ай! Барың сол-ақ па? *(Күледі.)*

Жапал *(есін жинап)*. Е-е, қорықты ғой деймісін, тапқан екенсін... қорқағынды.

Еңлік *(күліп, мазақтап)*. Е, мына тасты құшақтап жатқаның не, тасбақадай тарбиып? *(Күледі.)*

Жапал. Бәрекелде, мынаң қара! Төбелес тәсілінен түк білмейтін қызды қара... Масқара!

Еңлік *(күліп)*. Масқара... Төбелесіп қырып жатырсың ғой тегі.

Жапал. Ой, бәлі... Айбалта, сойыл тимесін деп ат жалына еңкейіп, жабыса шапқаны емес пе? *(Тұрады.)*

Еңлік. Ай, батырым-ай, қоянның бойын көріп қалжасынан түңіл дегендей, осы сен екеуміз батыр болмай-ақ қойсақ не етер еді?

Жапал. Неге? Батырлық жаман ба?

Еңлік. Неге жаман болсын.

Жапал. Батыр жаман ба, әлде?

Еңлік. Жоқ, о да жақсы...

Жапал. Ендеше дәл осы өзің батыр болар ен-ау, Еңлік апа. Бірақ керегі не, мал берген жетеді де! Кетерде... *(Еңлік боп ойнап жылап.)*



Ақ көйлектің етегі төкпелі-ай,  
Мен әкеме өкпелі-ай... (Еңлік күледі.)  
Өкпелемей қайтейін,  
Бір-екі ай маған көп пе еді-ай!..

Қайран апа, кете барасың-ау жаманға...

Еңлік. Қимаймысың сондайға?

Жапал. Жаманға қимаймын. Тек батырға ғана қияр ем... Не өзің батыр бол. Садақты қандай тартасың, жүрегің де сескенбейді. Ерсің... Не болмаса батырға, таңдап жүріп ең елден асқан батырға ти. Соған серік бол дер ем...

Еңлік. Жаным-ау, оны маған кім береді?

Жапал. Е, жоқ па сондай. Бар ғой осы өңірде.

Еңлік (кіналай қарап). Немене тағы, Есенді айтайын деп пе ең?

Жапал. Жоқ, ол емес...

Еңлік. Енді кім?

Жапал. Бар дейді ғой талай батыр! Кебек деген елден асқан бар дейді, естімеп пе ең атағын?

Еңлік. Естіп ем, көп естіп ем. Көп мақтайды. Бірақ көріп білген емен.

Жапал. Атағына ақылы мен көркі де сай дейді. Бөлек дейді ғой, Еңлік апа!

Еңлік. Тірі болсын азамат, асыл ер!

Жапал. Бірақ тілеуін көп тілемей-ақ қой, пайда жоқ.

Еңлік. Е, неге айныдың?

Жапал. Ол бізге жат, бөтен ғой... Тобықты емес пе?

Еңлік. Ә, солай ма еді?

Солғын оймен шет кете береді. Ән айтып бара жатады. Кетеді.  
Жапал сол әнге алыстан қосылып қалады.

Ата-ана әлпештеген баласымын,  
Көзінің ағы менен қарасымын,  
Аға жоқ, бауыр да жоқ, жалғыз басым  
Көрілер сүйеу көрген дарасымын... (Кеткен.)

Жапал (тастан қарап). Мынау кім? Тағы келеді екен. Тауда Еңлік әні естілсе болды, қоянды қуған қасқырдай салаң ете түседі. Тоқтай тұр!..

Ақырын баспалап қарап, жаңағы әнді айтып ласты айнала береді. Еңлік үніне салып айтады. Аздан соң Есен көрінеді. О да баспа қып келеді. Бірақ жүрісі сөлекет.

Есен (тастан айналып келе жатып). Еңлік! Аспанда қалқып келе жатқан қас қыран... Тастан қылп етіп асқан алқызылдың жонын шалып қалғаны, Еңлік, көрінші енді көзіме!.. (Айналып кетеді. Жапал әндетіп баспалап қашып жүріп, көрінбей айтады).

Ж а п а л. Еңсесі кетіпті... Әукесі түсіп жүр! (Кетеді.)

Есен (іздеп келеді). Еңлік! Ойнама, Еңлік. Қашпа, жаным... Көрін менің көзіме. Бұл қайда мүлдем! Еңлік, Еңлікжан, уа мен!.. (Ән алдында кетеді. Жапал әндетіп тағы айналып шығады.)

Ж а п а л. Қоян қуған құтаяқтай. Барыққанша көрессің. (Кетеді. Есен тағы айналып шығады).

Есен. Уай, Еңлік деймін, қашпа менен, қашпа, жаным, қинама. Қайда ғана батып жүр, тоба! Әй, бәлем, тұра тұр... Ойнайсың ғой. Ендеше тәңір бергені. (Қайта бұрылады, Жапал да қайта айналады. Ән. Есен ыза бола бастайды.) Уа, болды... болды, Еңлікжан! Көрін... көрін, ойбай, көзіме! Уау, ойбай... Қайдасың, Еңлік...

Арлы-берлі сарп ұрады. Киімін жұлып тастап ұмтылады. Жапал әндетіп шығып, киімін алып кетеді. Есен тағы шыққан, мүлде талған.

Сиқыр ма бұл, ой, тоба! Жын ба, сайтан ба?.. Уа, Еңлік, ойбай. (Тап береді де, тастан айнала берген Жапалды құшақтай алып.) Айдалайын, бал тәттім! Бал тәттім! (Жапал аңыра қарайды.) Әй, әрмән! Сілемді әбден қатырдың ғой, түбің түскірі! Сен сүмелек неге жүрсің?

Ж а п а л. Е, қойда жүрмін...

Есен. А-а, қой, қойда... Рас, қойда жүрсің! Жапал, е-е қой, қойда! (Күліседі.) Әй, жаман бала, уа бер ке... Жә, ал айт!

Ж а п а л. Нені?

Есен. Қызды айт деймін.

Ж а п а л. Қай қыз?

Есен. Ой, түбің түскірі, Еңлікті айт деймін!

Ж а п а л. Еңлік?

Есен. Жә, ал! Өзі немене... былай? Немене.. Жақсы ма?

Ж а п а л. Жақсы.

Есен. Мінезді ме, былай?

Ж а п а л. Мінезді.

Есен. Ақылды ма өзі, былай?

Ж а п а л. Ақылды.

Есен. Ал, сонсоң; ақсақ қой айдағандай немеңе өзің? Айт, айтсаңшы енді...

Жа п а л. Нені?

Есен. Ой, түбің түскір, айтсаңшы былай... өзі немеңе, мінезді ме?

Жа п а л. Білмейім...

Есен. Жаманаты жоқ па, былай?

Жа п а л. Білмейім...

Есен. Уа, жігіті жоқ па, былай?

Жа п а л. Білмейім...

Есен. Ой, түбің түскір. Біл ендеме соны! Анды. Ұқтың ба? Анды. Үндемей, бар жүрісін анды бер, былай!

Жа п а л. Рас па? (*Оқыс ойнақшып*). Ал Еңлік келеді. (*Есен қалбақтап, сасып қалады.*)

Есен. Ой, жаман бала, сен түбің түскір, айтпа әлгіні ол қызға... (*Еңлік келеді. Есен қызығады.*) Еңлікжан, айдалайын, Еңлікжан! Қызығам... Қызығам-ау, қайтейін.

Еңлік. Алда, батыр-ай, солай ма еді? (*Күледі.*)

Есен. Солай... солай емей қайтейін... Тақатым қаны, Еңлікжан.

Еңлік (*күліп*). Батыр, батыр, бұ қалай.. Неге мұнша бүлініп тұрсың? Бұның нең?

Есен. Еңлікжан, сынама... сынама тек... Бейілің бер, шырайың бер.

Еңлік (*салқындап*). Не дейсің, Есен?

Есен. Еңлікжан, сөйле... Сөйлеші маған (*Еңлік салқын, үндемейді.*) Неге үндемейсің... (*Түңіле бастап.*) Сөйле деймін.

Еңлік. Саған айтпақ сөзім бар ма еді, не айт дейсің?

Есен (*қатайып*). Ерке қыз, бұл кемсіту ме, мазақ па? Найманның неше ұлын алдамақ ең. Бірақ мені алдау құр кетпейді... Мен батырмын.

Еңлік. Батырлығыңды қайтейін, аңғалсың. Алдай-йын деген кісіге кез келсең, елдің алдымен сені алдар.

Есен. Уа, не қыл дейсің, жөніңді айтшы осы маған.

Еңлік. Менің затым әйел, қайратыңмен жұмсатам деме, ебіңмен кел... Жөніңді өзің айт, аңғал батыр.

Есен (*тағы жұмсап*). Еңлікжан, сенің ісін құрулы садақ, құрсаулы жаудан қиын болды-ау осы маған. Ерден кетсең де, елден кетпе. Аталы рудың келінісің. Аруақты қорлама. Інімді менсінбесең, өзіме ти. Мен саған құштармын дедім. Не дедің сен осыныма?

Еңлік. Ата намысын қуған ұл болсаң, өз құлқыныңды қоя тұрар ең-ау!.. Тегі, көрде жатқан аруақтың басын ауыртпай-ақ қойсаңшы. Одан да ініңнің намысы қайда! Ол сенің мойныңа қарыз емес пе? Мен әлі іңіңе бармаймын деген сөзді айтқаным жоқ қой. *(Күліп.)* Азырып алмақпысың, осы өзін қалайсың?

Есен. Уа, доғар, доғар, сайқал қыз.

Еңлік. Е, ендеше сөйтіп жөнге кел...

Есен. Атама, атама мүлдем. Ата-анаң атастырған іңіме тием десен дауым жоқ. Онда үнімнің өшкені. Ал тек бірақ көңлің оған тұрақтамаса... тынбаса... басқа жаңның ортағы жоқ, сен өз Еңлігім боласың, менікісің.

Еңлік. Ондағы күнді көзің көрер. *(Күліп.)* Бірақ бүгінгі күнде әдепті бол, қайнаға, қайнағалық жолыңды біл... Мен үйреткенім мақұл болмас, рас емес пе? *(Күледі, Жапал бірге күледі.)*

Есен. Токта... Тоқтат, қыз, тіліңді *(Жапалға)*. Ой, жаман бала, жоғал! *(Еңлікке.)* Сенің жараң онсыз да маған жеткен, шанышпа, шанышпа, қыз, тағы да. Бірақ бұл жолы сен жеңдің. Амалым жоқ, артын тосам бұл сөзіңнің.

Еңлік. Бәсе, ер болсаң сабырлы бол сөйтіп.

Есен. Сабырлы бол! Алдымен сен сабырлы бол! Сен азған күні менен сабыр сұрама. Мен енді күндегі ізіңді аңдимын. Алдасаң кегім бітпейді... Осыны тоқы жады-ңа. *(Жапал Есенді мазақтап, үніне салып дабыстап қалады.)*

Жапал. Еңлікжан! Айдалайын, Еңлікжан, уау. Еңлікжан! *(Еңлік күліп жібереді. Есен сезіп қалып, атып тұрады.)* Сөйле, сөйлеші. Мал кетті ғой. Еңлікжан!

Есен. Ой, түбін түскір, жаман бала!

Жапал. Еңлік апа, осы кісі ылғи түбін түскір дейді. Мені күбі шелек дей ме, немене?

Есен. Ой, әрмән, жаман бала! Ал, Еңлік, мен кеттім, кош тұр! Ұмытпай тұр кебімді *(кетеді)*.

Еңлік. Қош, ұмытпаспын кебіңді... Бірақ қорқып катын да болмаспын мен саған!

Жапал. Немене, Еңлік апа, мынау өзі алам дей ме, не дейді?

Еңлік. Сен немене, менің сырласым болайын деп пе ең?

Жапал. Жоға, тек матай, сыбанда осыдан артық батырдың өзі де жоқ дегенім ғой,

Еңлік. Телин деп пе ең осыған? Батыр сұрадым ба мен сенен. Құтылуға ынтықпысың әлде? *(Күледі.)*

Жапал. Жоқ, апатай, кетпе! Бірақ картайғанша өзің де отырмайсың ғой. Кәрі қызда қадір де жоқ деседі ғой.

Еңлік. Жаманға бар деймісің?

Жапал. Ойбай, оны да айтпаймын, апатай. Ел құрғандай ер шықпай-ақ қойды ғой әйтеуір. Өзі батыр, өзі көркем... Өзі думан, өзі сері, келсеші тек біреуі...

Еңлік *(сүйсініп барып, жүдеңдеп)*.

Мекенім, жерім, тауым көп...  
Тауы толы тағы көп...  
Көңілімде арман көп...  
Айығатын шағы жоқ.  
Басыбайлы Еңлікті  
Арашалар бағы жоқ...

Осы кезде сахна сыртынан сарын естіледі. Дабылдатып ан қуған ба, тасырлатып жау қуған ба, сондай бір үлкен сарын. Еңлік пен Жапал елен етіседі.

Тоқта, бұ не?

Жапал. Жау ма тағы? Бұл неткен шабуыл? *(Жүгіріп тасқа шығысады.)* Қодыға. Аңшы екен! Әне! Ана кетті!..

Еңлік *(садағын жұлып ап, тас басына жүгіре шыға табан тіреп тұра қап)*. Тимеді оғы. Былай атсашы оны. Мә!.. *(Атып жібереді. Алыстан «атпа!» деген үн шығады.)*

Жапал. Жығылды! Омақата жығылды... Әй, апатай... Өзіннен асқан кімі бар?

Жігіт жүгіре шығады, ол Кебек.

Кебек. Кімің аттын? *(Еркекше киінген Еңлікті таңымай.)* Сенбісің, бала, атып жыққан? Неге аттың?

Еңлік. Екі ататын сен емеспін, мырза, қодығаң болса, тағы көрсет! *(Күледі.)*

Кебек Қап, не дедің, сен бала? *(Қызық көріп жақындап, ойнай сөйлейді.)* Атып бер деп қашан айттым? Қуып атып келе жатқан өзім ем. Қызығын өзім көрмек ем.

Еңлік. Қызғанғаның қодыға болса, ол алысқа кеткен жоқ қой, жігітім. Жапал, алып келіп қодығасын байлап бер мына мырзаның жанына *(күледі, Жапал жүгіріп кетеді)*.

К е б е к. Мен қызылына қызықпаймын, бала... Қуғаным қызығы еді. Атқан өзін, өзін ал.

Е н л і к. Неге? Қуған сен. Еңбек те, жол да өзіндікі. Біздікі әншейін еріккеннен сілтей салған бір шығасы оқ емес пе еді? *(Жапал қодығаны алып келеді.)*

К е б е к *(Еңлікке қайран боп қарап)*. Менің алар жөнім жоқ, бала мырза... Мергендігіне сүйсіндім, со да менің олжам болсын, өзін ал! Және арқар да жеріңнің аны еді. Өзінде қалсын!

Ж а п а л. Тобықты екен ғой өзі!

Е н л і к. Мырза, жүгірген аң жер иесінікі емес, жеткендікі болады да. Және біз атқа мініп найза ұстаған аға азамат емеспіз. Жалғыз түп көде мен ұрттам суға таласып матай, тобықты бөп шабысатын солар ғой, сіздер ғой...

К е б е к *(қасына таңырқап жетіп кеп)*. Япыр-ау, жаным, сен кімсің осы? Сөзің қалай ұрымтал еді! Жөн-жосығың кім деймін, ә?

Ж а п а л. Өзі кім екен, өзін сұрашы!

Е н л і к. Жөн-жосық әуелі жүргіншіден болмайтын ба еді?

К е б е к. Онын тағы тура. Алды-артымды орап, қамап болдың-ау, жарқыным. Ендеше мен тобықты жуантаяқ ем... Атым Кебек.

Ж а п а л. Кебек? Батыр Кебек қой, Еңлік?

К е б е к. Еңлік? Атыңа қанық ем, құрбым.

Е н л і к. Мен сізді көрмесем де білуші ем.

К е б е к. Бәсе, еркек десем ептісің, бала десем бидейсің. Айтып сояр ақ малымнан адал екен, Еңлікке кеп көзестірген қодыға неткен құтты еді! *(Жапал қолынан алып, Еңліктің алдына әкеп салып.)* Көргенге де көңілім өсті, айып етпе, жақсы құрбым!

Е н л і к. Көргеніме мен де ырзамын, батырым! Бірақ тағыларша тауда табысып тараспайық. Қадірмен күтер қонағым бол... Үйіме жүр! Мына қодығаның да дәмін сонда көрерміз... Ас иесімен тәтті болсын.

К е б е к. Сен бастасаң ермес жерім болмас менің, Еңлікжан. Ұмытпаспын бұл сәтті мен...

Е н л і к. Батыр *(күліп)*, сырда сабыр болсын да... Есіз тауда ойда жоқта оқыс кездескен қыз құрбы ала-бұртар көңілді. Бірақ алдынан айтқызған сөздің арты өкініш еді ғой!

Кебек. Әр лебің алтындай... Теріс айтасын деп тайталасар дәрмен жоқ. Тек айтарым: ойдағымды, мұндағымды іркерлік те жайым жоқ. Кінәлама... теріс көрсен де айтқызып ал, Еңлікжан! Дәл осы сәт, осы кезге сұлдерім ғана жеткен десем не дерсің ансағанға?

Еңлік. Тағы да сабыр тілеймін батырдан. Жаман да, жат та демеймін әзірше. Бірақ үйіме жүр, қадірмен қонағым бол. *(Екеуі қозғала береді.)* Анық Кебек сен болсан өзім де айтар жайым бар. Жүр, батыр! *(Кете беріседі. Жапал әндетіп қалады. Аздан соң Кебек, Еңлік тасты айналып қайта шығады. Сыр үстінде.)* Аз сөзіме көңіл бөл. Көрінгенге көз сүзген әлдеқандай деме, Кебек. Шынымды айтсам түсінер деп келем.

Кебек. Әлі күнге менің көңіліме жаман ой кіргізетін сөз сөйлеген жоқсың, Еңлікжан!

Еңлік. Олай болса менің арызымның, мұңымның ең үлкені өз басым. *(Тасты айналып кетіседі. Тым-тырыс. Жапал әндетеді. Еңлік пен Кебек тағы айналып шығады.)*

Кебек. Шын ба, Еңлікжан? Есенмен күш сынасып бір кездесіп едім. Енді бақ сынасып тағы кездесем екен. Ол менімен таласқанда мен онымен таласпай ма екем? Сені барлап сөйлеп ем бағанадан... Көрген жерде ауған көңлім ай, күнін таптым деген жоқ па еді? Жаным, Еңлікжан, жолыңда шықсын шыбын жан.

Еңлік. Батырым! *(Кеш бола бастаған. Жарқырап жалғыз жарық жұлдыз туады.)* Дүниеден жасырған жалғыз көңіл жарасын атқан таң, батқан күнмен айықпас мұндай қосып ем. Осы бір ғана үнсіз меңіреу тасқа шер шағушы ем. Жарқырап бағым туғандай жалғыз жарық жұлдыз туыпты. Айғағым бопсың, ақ сәуле! Аз өмірде шақ тілегім бар еді. Бақытым, басшым да өзің бола гөр, жалғыз жұлдыз, жарығым.

Кебек. Бақ жұлдызы бола гөр бейуақтағы қоңыр аспан әсем көркі! Бақтым саған, жүр енді, жүр, Еңлікжан, үйіне! *(Кетіседі.)*

Жапал. Тілсіз тасқа күнде айтатын мұн бар еді. *(Тасқа).* Есіттің бе әлде сен? Сен берерсің бе арман еткен арысын! Маған да, маған да бер, берсенші енді маған да, қиғаш қасты, қолаң шашты, қиғаш қасты, қолаң шашты... *(Кетеді.)*

## ЕКІНШІ АКТ

### Үшінші сурет

*Сол жартас. Алыста биік тау. Алыстан ән келеді.*

Е н л і к.

Жар көрсе сүйінеді сағынған жас,  
Толқытпай ауған көңіл ерікке қоймас.  
Сұраймын уәдені ұстап келді ме деп,  
Баурыңа, жан батырым, айтшы жартас!  
Батырдың бүгің еді келмек күні,  
Тәңірдің өтпеп пе еді күн мен түні.  
Сағынып көрмегелі апта болды,  
Естілші тым болмаса жалғыз үні!

Асыға ма алып-ұшқан үмітім. Бар тілекпен бір сапарға бет қойдым... Жазғырармысың, бұлдыр күн? Жазығым бар ма?.. Жазығым бар ма, кінәлімін бе, әлде мен? Атам, анам, туған үйім, кеш мені. Баурыңда өскен балапан бағын тілеп ұшам деді қияға. Кінәлімін бе, кәрі тас?! Ойласаң менің мұнымды, ұқсаң керек барымды! (*Орамалын тасқа әлем қып байлайды.*) Төкпеген жас, шешпеген шер бар ма еді бауырыңда. Игілік пен сәт сәскеде келтір жалғыз арман жанымды... жалғыз тірек жарымды!.. (*Есен оқыс шығып қалады. Еңлік үлкен сұмдық көргендей, үріккен жүзбен өзіне.*) О, жасаған, бұл емес-ті тілегенім, жаратқан! Тіксінеді, сескенеді-ау жүрегім. Қалай жаман жора болды бұл келіс!? (*Есен жерде тұрып ән салады.*)



Есен.

Ерке қыз, есіз тауда не қып тұрсын?  
Құрбысыз жалғыз көрген көзім құрсын,  
Шыңғыстың шыңында өскен тағы болып  
Таста ойнап ор қояндай не қып жүрсің?  
Қадалған қара көзің мөлдіресін,  
Үніңді досың естіп елжіресін,  
Сырнай мен жау тартатын сыбызғыдай  
Белгіні кімге беріп келтіресің?

Еңлік.

Беретін бұл сөзіңе жауабым жоқ,  
Аңдысар сеніменен көңілім жоқ.  
Сақ жігіт ізді қуған сен бола ғой,  
Әзілдеп жала жабар дәрменім жоқ...

Есен (*жақындап*). Еңлік, жетті енді алдауың. Аңқау, нанғыш болғандағы сенен көрген сыйым осы ма? Не ойың бар, жөніңді айт!

Еңлік. Не айтқызбақшысың маған? Білгеніңді өзің айт әуелі.

Есен. Бикеш, күлгірсіме. Мен сенің артыңнан бақпай жүрген шығармын. Аптасында осы жерге бір келесің, кімді тосып жүрсің? Айт осыны.

Еңлік (*күлімсіреп*). Батыр, сөзіңе сенем. Андитының рас, ол мінезің маған белгілі. Мен аптасында емес, күніне бір келемін. Көргеніңді айтшы сондағы.

Есен. Мен өзім бағып жүргенім жоқ.

Еңлік. Оның да бір тәуір екен, олай болса бағып жүрген кісіңнен көргенін сұрап кел.

Есен. Бұлтарма, шыныңды айт, қасыңа келгенді көрген. Оны қайда тығасың.

Еңлік. Көрсін, тасқа талай кісі келеді, талай кісі кетеді. Оны айтсаң батырсың ғой, Шыңғыстың тауынан кісі жүргізбе! Далада жүргенде аң қуған аншыны, жау қуған батырды, жоқ қуған жоқшыны көрдім. Қыз қуған бозбала сені де көрдім. Аңдыған кісің бәрін тізсін ендеше.

Есен (*наныңқырап*). Өтірік айтасын, іздеген кісің бар. (*Еңлік күледі, тым-тырыс. Қолын созып.*) Еңлік-жан, шыныңды айтшы. Қинамашы, көңіліңе алған кісің болса, білдірші маған, мен жайыма жүре берейін.

Еңлік (*Есеннің тымағын алып, күліп*). Батыр, сабырсыз болма. Мен әйелмін ғой, сыр білдіріп кішірейме.

Есен (*қуанып*). Еңлікжан, ақылын асқар таудай емес пе. Айтшы осындай сөзінді, мен сенен жеңілейін, сеніп кетейін жалғыз-ақ.

Еңлік. Батыр, көңіліңді орнықтыр, күдікті кетір. Үш күннен соң осы араға кел. Байлаулы жауабымды естіртемін. Әзірше қайт. Андыған кісің тағы да таңар өсекке.

Есен. Енді өсектің керегі жоқ. Жұрт сөзіне нанбаймын, өзіне нандым, болады. (*Жүруге ыңғайланады. Түсіп суытып*). Еңлік, менің көңлім бір саған әбден ауған, мазағыңды көтермейді, соны ұмытпа жалғыз-ақ!

Кете бергенде Кебек шығады.

Есен (*Кебекке қарап, Еңлікке*). Мұның кім, Еңлік? Кебек. Бұ кім, Еңлік?

Еңлік. Әуелі жатқа жақынымды таныстырайын, мынау менің қайнағам батыр Есен.

Кебек. Есен?

Еңлік. Мына жігітті аң қуып жүргенде бір көріп ем, ұмытпасам аты Кебек.

Есен. Кебек? Кебек?!

Кебек. Есен?

Еңлік. Неге аңырып тұрсыңдар? Лайығы жоқ болса да жол мен жөнді мен айтайын ба? Жауласқан елдің ұлдары болсаң да, біріңе бірің амандықты қимайсыңдар ма?

Кебек. Бикеш, сөзің дұрыс. Аннан басқа жан жоқ деп келе жатқанда ойда жоқта алдымда бір қыз, бір жігіт тұрған соң мен өңім бе, түсім бе деп таңырқап қалып ем. Біріңе бірің бөтен кісі емес екенсің. Қайда кездессендер де оқасы жоқ екен!

Еңлік. Батыр, сен не айтасың? Бұл кісі бізді көргеніңе таңырқапты ғой.

Есен. Жұрт жаласынан жасқанбаймын! Қолденең келген көк аттыға сынататын жайым жоқ. Құдай қосқан жесірімсің, сенде не жаласы бар? Менде не ақысы бар!

Кебек. Батырлықтың бір міні тасырлық деуші еді. Өзге өнеріңді білмеймін, тасырлығың бар көрінеді-ау!

Есен. Сен де тіл-жағына сүйеніп ұрынба бос. Қыз сынына толам десен өзің биязы бола бер. Еңлік мені сынап болған.

Кебек (*Еңлікке қарап*). Рас айтасың! Дөң астында кездесетін келін қайнағасының сырын білетін болар.

Қайнағасына да келіннің сыры мәлім болар. Бірақ өткен-кеткенге, дос-дұспанға әйгі еткенің не? Әлде келініне ол да жаға ма екен?

Е с е н (*ашуланып*). Доғар енді сөзінді, қалай-қалай тигізесің тілінді. Ізденіп тұрған жаумысын?

К е б е к (*саспай, қатты*). Іздегенде не қыласың, өтпес жарлық, бойға қорлық! Айбынды батыр сен болып, қашып кететін қатын мен болыппын ба? Көрсетші тағы ашуыңның артын.

Е с е н. Қысқарт! Қөрейін мен соқтығатын сойынды! Сен іздесең мен де сені көп тосқам. Шық, жекпе-жекке!

К е б е к. А-а... кел-кел. Бәсе, ер егесі еңісті! Сырлас келінінің алдында мақтанайын деген шығарсың (*екеуі ыңғайланады*). Шық, былай!

Е с е н. Мен емес шыдар мазаққа. (*Еңлік тастың үстінде.*)

Е н л і к. Әй, жігіттер, батыр болсаңдар тоқтандар. (*Екеуі қарайды.*) Екеуінің ортана әйел басыммен мен төрелік айтпасам, басқа кісі жоқ.

К е б е к. (*ашуланып*). Бикеш, сен де мұның кісісің, төрелігінді алмаймын. Екеуімізге тен кісі болсаң айт казір.

Е н л і к (*Кебекке*). Батыр, шараңнан аспа, сен адасытын іс болған жоқ. (*Есенге сыбырлап*). Жел сөзге шалынысып ұрысқаныңа ренжимін, ол табалаушы дұспан. Жұртқа жаман атым жайылады. Қызғаншақтығыңды мен-ақ білейін, тоқтат ашуынды.

К е б е к. Бикеш, онашалап айтқан бітіміңе ырза емеспін! Айтатын болсаң екеуімізге бірдей қылып ашып айт.

Е н л і к. Мен айтсам екеуің де тентексін. Алдымен жақынымның тентектігін айтайын (*Есенге*). Сен менің басымды қорғамақ кісі болсаң олақтық қылып тұрсын.

К е б е к. Бәсе, ақылды, дұрыс қыз болсаң, өз намысыңды өзін қорғасаншы сөйтіп.

Е н л і к (*Есенге*). Қорғамағың мен болсам ырза емеспін бұнына. Батыр жаққан күйесінен ақтамайсын бұнымен.

Е с е н. Олай болса әзілін жарасқан батырың екен ғой, жағынам деп жаның бер. Өзінді өзін ақтай бер. Тентегің мен бе екем сонда?

Е н л і к. Жалғыз сен тентек емессің. (*Кебекке.*) Қо-

нақ батыр, сен де тентексің. Батырлықтың жөні бар, бір жақтағы матай қызының намысын жыртып, жөн-жосығын білмейтін жат біреумен арандасудың саған да орны жоқ.

К е б е к. Ара түскен айыбым болса, ақылына көнейін, амалсыз-ақ көнейін мен, мақпал қыз!

Е н л і к. Енді екеуіңе айтарым: қастарыңнан мен кетем. Тек аңғарындар, батырлар, мал үшін, жер үшін талассан да мен үшін таласпандар. Әрекет жетер онсыз да, менсіз де сылтау аз емес қой, табылар! Екеуің де жөніңді тап, жайларыңмен жүре бер! *(Екеуі де бақылап, аңдып қалады. Еңлік кетіп бара жатып ән салады).*

Е н л і к.

Шын батыр уәдесінде ұдай тұрар,  
Кездесіп қира-кезік тұрған шығар.  
Бой беріп сабыры мен ақылына  
Уәделі сәтті тосып әлі шыдар.

Е с е н *(теріс қарап)*. Маған айтқан жұмбағы ғой, Уәделі үш күніне шыдармын.

К е б е к. Маған айтты! Кетіп қалма, тос деген.

Е с е н *(Кебекке)*. Кебек, сенімен мұндай жерде кездесем деп ойламап ем, бірақ ниетім қай жерде кездесем де шайқаспақ едім. Қыздың сөзі тоқтатып кетті.

К е б е к. Ізденіп жүрсең несі бар? Тоқтамаймын десең әлі де ерік өзінде. Батырдың кегін қыз билеуші ме еді.

Е с е н. Жоқ, мен қыздың сөзін мақұл көрдім.

К е б е к. Олай болса бағанадан несіне арам тер болдың, әуелі қыздан ақыл сұрап алмай?

Е с е н. Ендігі сөзім мынау. Бұл қыздың турасынан бұдан былай кездеспейік. Кездессек сол жерде он-терісімізді найзаның ұшы, білектің күші айырсын. *(Кетуге ыңғайланады).*

К е б е к. Мақұл, мен кездесуді тіледім ендеше.

Екеуі екі жаққа кетеді. Тым-тырыс. Тасты жағалап қойшы Жапал ән салып шығады.

Ж а п а л. Қап, кап, қапы болды-ау осы жол! Кезігіп қалды-ау кер азу Есен. Өкпелейді-ау енді Еңлік. Бұны аңды деп Есен маған тапсырғалы дәл алты ай болып еді. Содан бері аңдығаным Еңлік емес, сол Есеннің өзі боп еді. Кебектің жотасын бірде-бір шалдырмай, Еңлік сы-

рын алдырмай келіп ем. Мұрнын тескен тайлақтай қып, Есенді былай келе жатса былай бұрып салып, қаңғытып қоя беруші ем. Ылғи Еңлік көңілі өзімде деп қаңқиып сала беруші еді Есен, бойына сенген түйедей боп!.. Тоқта, Кебек келеді екен, ашулы ма немене, жалтара тұрайын бетінен...

Кетеді. Кебек шығады.

Кебек. Тас қияға жолым жетті. Тартынам деп жеткем жоқ. Қиын белге мен бассам, сыналар жерде жұртым да тұр. Бұзарың мен сотқарың емес ем. Ала көңіл, арамдығым жоқ еді. Арамза десең не дермін, ағайын. Ешбіріне қасым жоқ. (Ойда.) Қайта кездесек қанжар айтпақ кесікті. Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Енлігімнің жолына. (Еңлік шығады). Келші, жаным, күпті қылмай, сертіңменен келдің бе?

Еңлік. Келдім, батыр, бар тілегім жолында. Оң сапар бер. Ақ тілекпен аттанам деп кеп тұрмын. Жасырын бітіп, жарыңмын деп жарыққа шыға кеп тұрмын.

Кебек. Алдым қабыл! Ақ тілеуің басшы болсын алдымда. Кіналама, жазықсызбыз. Адал жолым куәсі бол, кең дүние! (Айналаға қоштасқандай.) Жүр, жаным!

Еңлік (айнала қарап). Кең дүние... Тар ғана бір жол тарттым, қызғаныш етпе, кең дүние. Мұғдасым да сырласым ен, туған жер. Еркелеп, еркін болып кетермін деп ем. Қашқындай жасырынып барамын сенен. Әкешем қолынан аттандырып, құтты жеріне қондыратын баласы ем. Олардың оң батасын алмай барам. Туған ел, өскен жермен қоштасып, бір-екі ауыз үн қатайын сендерге. (Әнмен).

Аға-анам, ақ батанды аттап кеттім,  
Тентек ел талқысына тастап кеттім.  
Болсам да шұбар жылан іштен шыққан  
Қарғамас, деген сенім сақтап кеттім.  
Туған ел, амандасам жас-кәріңе,  
Бірге өскен құрбы-құрдас дос бәріңе.  
Жарасқан әзіл-сауық, аға-жеңге,  
Аласың мені не деп естеріңе!  
Аман бол, Найза шоқы, тоғайлы өзен,  
Өрістеп қой асатын тұмсық кезең.  
Бөрлі мен батыр шыққан Қарауылым,  
Ен дала көркі болып жалғыз безен,

Білмеймін қандай асу жолда жатыр,  
Құз ба екен, қия ма скен таңдай татыр,  
Сыйынып аруақ пен бір құдайға  
Ұстадым етегіңнен, баста, батыр!

Екеуі жөнеле береді. Жапал жүгіре шығады.

Ж а п а л. Еңлік апатай! Қайда кеттің? Жай жарастық қызығыңды бағып қорғап жүрмін деп ем... Не деп барасың... Бетінді суыққа салып па ең?

Е н л і к (тоқтап). Менің жолым осы болды, Жапал! Бұлай болмас жөн бар ма еді?

Ж а п а л. Ұқтым, апа. Арманыңды бірге арман етуші ем. Осыған келер-ау деп өзім де топшылаушы ем. Бірақ айтып кетсең нетуші еді?

Е н л і к. Қимағаннан, қысылғаннан еді. Өзің білдің, жаным Жапал! Жалғыз... Жалғыз күңіренген екі кәрім қап барады қолында. Баласы бол, қасында бол!.. (Жылап көріседі.)

Ж а п а л (бірге жылап). Қайтып қиям, апатай, іздеп барам, бауырым жоқ деме... Жолыма жанын қияр бауырым Жапал бар деп кет...

Е н л і к. Қайта жүрсем біліп жүр, ұмытпай жүр Еңлігінді. Жақсы күнде, жарқын жүзбен көрістірсін жасаған... Қош, бауырым!.. (Кетеді. Жапал жылап қалады.)

Ш ы м ы л д ы қ.

## ҮШІНШІ АКТ

### Төртінші сурет

Кенгірбай бидің үлкен ақ үйі — кен ордасы.

Б и (*жалғыз*). Жағаласу жетпеді ме?.. Тәңірдің әлде болса олқысы бар дегені ме? Енді қандай сыбаға тартар екен. Найманды даңды судай тасқызып, бұрқ-сарқ еткізіп, мұнда әкеле жатқан Кенгірбайдың соры ма? Әлде алалы жылқы, ақтылы қойдың тері ме? Найман бұл жолы келсе, ашынып қеледі. Білемін, матайдың талайдан тобықтыда жүрген есесі бар. О да найманды шүйе-лемей қоймас. (*Ойланып.*) Тағы да тебінгіден тер, кабырғадан қан жаудырам ба? Жоқ, қылша мойын талша дей бас нем бе? (*Ойланып.*) Бірақ найман кегі оңай емес. (*Басын шайқап тоқтайды.*)

Көбей, Кембай келеді. Амандасады.

Б и (*Көбейге*). Жарқыным, аз ауыл тобықтың аман ба? Ер азамат не күйде?

К ө б е й. Ел тыныш, ер аман, найман кісісі ел шетіне келсе керек. Бүгін осында келіп түспек дейді. Шамасы жүз қаралы кісі болса керек.

Б и (*түнеріп*). Сөз ұстап келе жатқан басшыеы кім екен?

К ө б е й. Басшысы қисық Еспембет. Онан соңғы Жомарт дейді. Тағы Кебек алып қашқан қыздың әменгері Есен деген найманның батыры дейді. Ішінде қатты өршеленіп келе жатқан сол болса керек.

Б и. Бітімі жоқ, безбүйрек Еспембетті салғаны ма? Найманның аужайын түйдім ғой. Артындағы елі қол жиып отыр екен ғой. Одан алған хабарларын бар ма?

К ө б е й. Хабар келіп отыр. Айтқаныңыз рас. Найманның еркек кіндікті азаматы қалмасын деп жар салып шоқтай жиылып, Қартпай би тарқатпай тосып отыр дейді.

Б и. Ендеше белді бекем бұғаннан басқа не қалды? Елге жар салдыңдар ма?

К ө б е й. Кеше сол хабарды естіген соң ел-елдің басты-басты адамдарына кісі шаптырып жібердім. Құлама бесін кезінде олар да келіп қалар.

Б и. Елге көп сөзді данқтырмаңдар. Не істесек те найманның бетін көріп істерміз. Ел жиі дегенім — қандай заман болса да, құлағы түріңкі отырсын.

К ө б е й. Мақұл ғой. Көп ел жиылса, өз құлағымен естіп кетер, қапысыз болармыз.

Б и. Кебек ел ішінде емес қой?

К ө б е й. Ел ішінде емес.

Б и. Бұл екі елдің сөзінде көлденең ағайынның көз-құлағы болса мақұл болар еді. Арғынның өзге елінен келетін жан бар ма екен?

К ө б е й. Кебек арғын ішінде сүйеу қылған бір бабам деп Қараменде биге сөз салдырған екен. Мен де сәлем айтып жіберіп едім. Бүгін келеді деп отырмыз. Елінен шықты деген хабар келді.

Б и. Ағайынның аужайын байқайтын бір кезеңге келіп тұрмыз ғой, не болса да... найман келетін болса юсып аларсыңдар. Мен атқа мінейін.

К ө б е й. Мақұл, мінсеңіз мініңіз. *(Тым-тырыс.)* Тек біздің ұстайтын сөзіміздің нұсқасы не болады, би?

Б и. Тобықты соры ашылмаған ел ғой, қай қияға соғарын болжай алмаймын. Мына жотасы көрінген екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз. *(Тоқтап.)* Бірін ұстасам елдің сағы сынады. Бірін ұстасам зықысы шығады. Амал не, аралық қандай бітім болса, соған тоқтарсыңдар.

К ө б е й. Мақұл, не болса да бетіне қарай іс қылатын болдык қой, кәне, енді жүресіз бе?

Б и. Жүрейін. *(Кембай, Көбей кісесін буындырады.)*

К ө б е й. Біздің осы бітімшілерге тіккізген үйіміз дайын болды ма? Үй жетпей қалып жүрмесін. Ондай ел сыныққа сылтау таба алмай, түймені түйедей қылатын, «Елемедің, ескермедің» деп.



Кембай. Жүз кісінің мөлшері деген соң он кісіге бір үйден, оң үй тіккіздім. Күтушілерін де, сойыстарын да қамдаттым. Ол жағынан мін таба алмас.

І - жігіт (*алыстан айқайлап*). Қырамысындар өздерің шетімізден! Не жазығымыз бар саған, келмей жатып басқа, көзге төпелеп. (*Билер аңырып қарайды.*) Қай басынғаны бұл! Қоя берші, анау отырған биге барамын.

Көбей. Бұл немене шаң-шұң? Кімнің даусы?

Кембай. Осы жаңа ас басшылыққа қойған Қалдашбай ғой деймін. Наймандар келіп қалды ма? (*Тағы шаң-шұң.*)

Көбей. Білші барып!

Кембай. Мына біреу келе жатыр ғой, осында.

І - дауыс. Ал, ұра ғой тағы, кәне, ұршы енді, көрейін! Тіпті қалай-қалай асқақтайсын өзін? Ісініп келесің ғой, түге. Биге барамын.

ІІ - дауыс. Бара ғой биіңе. Сенің биің болса мұндағы елдің зәресі ұшар деп пен?

Кембай баруға ыңғайланады, Қалдашбай жұлқынып кіреді, беті қан, Кембай кактығып қалады.

Көбей. Не болды саған? Немене жұлқынып жүргенің?

Кембай. Шаң-шұң не? Не қып жүрсің, түге. Найман келді ме?

Қалдашбай (*қатты*). Келіп, қырып бара жатқан жоқ па солар! Алдынан тосып алып, аттарын байлап, үйді-үйіне кіргізіп жүр едім. Әне бір ісінген біреуі қыпқызыл жосадай қылып отырғаны мынау. Бұл не қорлық осы?

Көбей. Жә, өректімей-ақ қой! Бас жарылса бөрік ішінде, шегін шықпас. Айтқандарын істеп, дауласпай, төбелеріңнен тік тұрып күтіндер.

Қалдашбай. Жоқ-ау, төбелесейін деген пенде болса, бұйырмасын.

Кембай. Жә, болды деді ғой енді.

Көбей. Кембай, бұл не қылғаның?!

Кембай. Бұл уақытта келеді деп ойламадық қой!

Көбей. Ей, бар болсын, келмей жатып шаң-шұң шығартып.

Кембай. Өзім барайын енді әлде болса да... (*шығады.*)

Көбей (*жалғыз*). Бидің айтқаны рас қой! Терісіңе

сыймай келгендерін естіп отырмын. Еспембеттің қылығы  
ғой бұл.

Басын шайқайды. Қараменде биді екі жағынан екі жігіт сүйеп алып  
кіреді. Қасында Қосдәулет, Матак.

Е, қарт бабам да жеткен екен ғой. Ассалаумағалей-  
күм, баба! (Бір жағынан сүйемелдеп қарсы алады.)

Қ а р а м е н д е (тұрып). Аз ауыл тобықтының бала-  
сы болып қиыр жайлап, шет қонып, жалғыз жүріп запы  
болған ел едің. Тосқауылдың тар кезеңінде кездесіп  
отырмыз ғой, ала көңіл артта қалсын. Құшағыңа құша-  
ғымды қосайын, қарағым, келші, Көбей! (Көбей екеуі  
көріседі, бәрі де отырады.) Ел-жұртың аман ба, жарқы-  
ным?

К ө б е й. Ел әзір аман, баба! (Тым-тырыс.)

Қ а р а м е н д е. Істің қазіргі ұсқынына қарағанда,  
береке бітіммен тынатын беті жоқ. Менің де дәнекерлі-  
гім аз болар. (Тоқтап.) Кебек тентектің екі ауыз сәлемі  
үшін келдім. Арғында бел қылған бір бабам тірі ғой деп,  
бір тентектік қылып едім деген екен.

Тым-тырыс. Найман кісілері шығады.

К ө б е й (сәлемдесіп). Жолдарың болсын.

Ж о м а р т. Айтсын.

К ө б е й (Жембайға). Мына кісілерді сусындатып, ас  
қамдатындар! Жолдан қажып келген шығар.


Е с п е м б е т. Жол қажыта ма, жоқ қылығың асып,  
қырыс тобықты, сен қажытамысың? Қайсысы екенін  
қайдан білейін, әйтеуір найманның қажығаны айқын.

К ө б е й (жүліп). Қажыдым дегенің сөздің кезегіне  
айта салған бір қырың ғой, әйтпесе, Еспембет, сен қажы-  
тың күн болған жоқ.

Е с п е м б е т. Тобықты, құрыш қара болат емеспісін  
өкі жүзді алмас кеспейтұғын. Сенің қаттылығыңа най-  
ман қайтып шыдасын, қайтып қала берет те.

К ө б е й. Сол тобықтыға төтеп берем деп келіп отыр-  
сың ғой, сен де жалғыз өзің! Ет-бауырың елжіреп бара  
жатса көреміз ғой!

Е с п е м б е т. Білмеймін, көңіл шіркін күдікті болып  
қалыпты. Тобықтының биі құйрығын сыртқа саларда  
майталманым деп бетіне сені ұстайды деуші еді. Сенің  
қаншалыққа жұмсағаныңды біз де көрерміз, түбінде кө-



мейдегі көмескіні болжайтын табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой.

Көбей (*Еспембетке*). Сен шырға тартасың ғой солай, бір-ақ түбірлі сөздің түйіні сенде көрінеді ғой. Қай жаққа тартсаң да ерік өзінде. Қаттылық деген қалпын болушы еді. Әлде машығым деп соныға тартпасан.

Еспембет. Сенің еліңнің сынына толып, қызын алайын деп жүргенім жоқ, тобықтының шешені мен ділмарынан алған мақтанмен найманның арылған етін семіртіп, аш бүйірін тойғызам ба? Құдай ежелден жүргізген бетіме көшірсін.

Жомарт. Бұ би қайда, бір жаққа жолаушылап кеткен бе?

Көбей. Жолаушылап ұзаққа кете қойған жоқ: Бір ағайын арасының сөзі болып, соған шақыртып кетіп еді бүгін.

Жомарт. Қашан қайтады?

Көбей. Осы бүгін де қайтып қалар. Сіздердің хабарларыңызды естісе көп бөгеле қоймас. (*Тым-тырыс*).

Жомарт (*Еспембетке*). Жә... онда да тамам елді иріп кеттік. Мұнда да масайрап жатар күн емес! Келе-лі сөзге көшіндер, билер!

Көбей. Мақұл, би Жомарт, көшейік! (*Тым-тырыс. Еспембет қамшы тастайды*).

Жомарт. Еспембет, сөйле!

Еспембет (*ызғарланып*). Уай, тобықтының баласы, матай-тобықты болып тұрған күнінде атыстың, шабыстың араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйедей қылып, бұл ісің алты алашқа әйгілі болған. Тобықты, шаялығыңды қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба? Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алдың. Ата қонысынан іргесін аудардың. Ел-жұртты шұбырттың. Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргенінде ай дер ажа, қой дер қожа болған жоқ. Енді міне шарпуңды матайдан асырып, найманға тигізіп отырсың. Жетіп отырған жесірімді бір тентегің ат сауырына салып әкеліп отыр. Ағайын, ұзында өшті, қысқада кекті емессің. Бітім сұрап, кісі салсам бақайыңнан келтірмейсің. Мына найманға алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есен болса оныңды айт. Әйтпесе мен тобықтының қоңсысы емеспін, мынауыңа кесігінді айт (*Көбей қамшы тастайды*).

Жомарт. Сөйле, Көбей.

Көбей. Еспембет, сөзің шын. Ұзында өшті, қысқада кекті ағайын емеспін. Найманның елдігіне істеп отырған жаулығым болса, аруақ, құдайға тобықты шет болатыны шын. Матай мен тобықтының бүлігіне бұл елдің қайсысы себеп болды? Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда бұл сөзің сияды. Тентектік ылғи тобықтыдан шығады дерсің. Бірақ сол матай мен қалған найман неге жауласады? Бүгінгі найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысын аңдамаған албырт жастардың шалалығы. Рас, тентек болса тобықтының тентегі несіз демеймін. Ағайын жолымен бітесейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ.

Жомарт. Сөйле, Еспембет.

Еспембет. Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойдағымнан асырып түсіреді деп айтқызам. Егер есі-дертің менің дауымды жасытпақ болсаң, жайдақтап жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын. (Қатты.) Мен тұщы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен (Көбейге сөз береді).

Көбей. Еспембет, кеден кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Екі елдің сөзін екеуміз ұстап кездескен соң дәнекер болатын жағын қарастырайық дейім. Болмаса қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой. Жақпаса билігіңді өзің айт. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын. Тағы айтарым — тобықтының азды-көптігін сарапқа салар жер емес бұл. Көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр еді? Тобықтының найманға істеген өрлік өктемін көргенім жоқ. Керіс неге керек? (Тымтырыс.)

Еспембет. Олай болса, сенің қырмызыдай талдап шығарған сөзіңе мен ере алмадым, менің билігіме тобықты баласы тоқтайтын болсаң, өз тентегің — ана Кебек, қыз — атамның аруағына қастық қылған менің тентегім, екеуін шығарып бер былай! Мойнына арқан таққызып өз

қолымнан өлтіртемін. *(Тым-тырыс)* Қазір етем осыны, Әкпел, ұстат қолыма!..

**Ж о м а р т.** Сөйле, Көбей.

**К ө б е й.** Еспембет, тобықты да рулы өл, «иттің иесі болса, бөрінің тәңірсі бар», сенің мына айтып отырғаның береке бітім емес. Найман мен тобықтының арасына ердің құны, нардың бұлының дауын саламын деу. Мұның арты атадан ұрпаққа кететін үзілмес қан кегі болғалы отыр, ер қанын мойнына жүктеймін деме. Бітім іздесең дүниеге тоқтасайық. Бауыр елдің арасына бұндай сұмдық сөз тастағанша би атанбай, жерге тықсамшы бұл жасымды.

**Ж о м а р т.** Сөйле, Еспембет.

**Е с п е м б е т.** Жоқ, мен ондай емексіткен сөзге еліге алмаймын. Менің кесер сөзім әлгі. Бір емес, екі таңдау тастадым. Аяғаным сол-дағы. Тоқтасып бауыр болам десең, көнесің айтқаныма. Көнбейтін болсаң арам алыс алашпын. Оразаның түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер! *(Қатты.)* Тобықты, сені аялағаным жеткен. Бұдан артық менен бітім іздеме! Бұл айтқаныма көнбейтін болсаң, екінші сөзім — тағы бір берер таңдауым — тура тұрысатын жеріңді айт, менің қолым жасанып дайын отыр. Тобықтының жығасы жығылмайды екен ғой бұл... көрдім, күттім, ал міне, жауабымды қазір бер! *(Тым-тырыс, Көбей үндемейді.)*

**Ж о м а р т** *(жан-жағына қарап).* Ағайынды екі рулы елдің баласы, сөздеріңде әлі күнге бітім жотасы көрінбейді. Тағы сөйлейтінің бар ма? Жоқ па? *(Тым-тырыс, тобықтылар күбірлеседі.)*

**І - д а у ы с** *(тобықтылар өз кісілеріне).* Күн бұрын еңсесі түсіп неғып кетті?

**Ж о м а р т.** Сөйлеуші бар ма? *(Тым-тырыс.)*

**І - д а у ы с.** Енді бір айтқан соң сөз бітеді ғой. Еспембеттің соңғы сөйлеген сөзі сөз болады ғой.

**ІІ - д а у ы с.** Бұларға не болып кетті.

**Ж о м а р т.** Жә... сөйлеуші болмағаны ма? *(Қараменде ақырын қозғалып, қамшысын тастайды, тым-тырыс.)*

**Ж о м а р т.** Сөйле, қарт би!

**Қ а р а м е н д е** *(аз отырып).* Сөз ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой. Сондықтан сөйлер, сөйлемесімді білмей көп отырдым... Бөрің де замандарыңа қарай туған ұл екенсің. Туысында қапы жоқ. Бірақ бізге жат дүние екен. Содан байқаға-

нымды айтайын: азған заманның белді биі бойлауық жылқы сөкілді бой бермейтін қисық болады екен. Не еп іздеген ысқаяқ келеді екен. Ағайын ел араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйедей қылып, өсек, жыбыр әрекеге бөлшесінен батқан екен. Жас ұлғайып, сақал, шаш ағарған күнде бір тобына кездескен екем, туысқан, ажарыннан түңілдім. Көрмесем деген заманым еді, бұған жазалы мынау құп-қу болған сақал мен шаш та!

**І - дауыс** (*жанындағыларға*). Жарықтық, алты арыстың қамқоры емес пе, күйініп отыр ғой, қайтсын.

**ІІ - дауыс**. Не десін... күймей қайтсын...

**Қараменде**. Араңа кедергі болып отырған сөзге келсем: о бір заманда бұл түс шайысатын іс емес еді. Қатынды не ел шауып, егер қылып жаттан аларсын, не ағанды өлтіріп жеңгенді аларсын деген аталарынның кешегі айтқан сөзі еді. Ер жігіттің жесірін өзіндей жігіт алса, өркек болып туған ұл өз кегін өзі алушы еді. Рулы ел болып тайлы таяғын қалдырмай шұбырып жүріп, жас жігітке қатын әперген жоқ еді. Бұ да жаңа заманның жаңа бір түрі екен. (*Есен ашуланып күбірлейді.*)

**Дауыстар** (*наймандарға*). Тобықтыға бұрып отыр. Дәл осылай! Көрерміз!

**Жомарт**. Найманның баласы, тақат қыл!

**Қараменде**. Ағайын, көзіңе қан толып, түгінді сыртыңа төуіп, бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан ертенгі сөзге, ертеңгі бәлеге көзінді салдың ба? Айтып отырған сөзіңнің жеңілі білегінің күші бар, жүрегінің түгі бар, осы отырған аламанның маңдай алды бір туысқан баурының қанын төгем дейсің, немесе екі ру өлді еңкейген кәрі, еңбектеген баласының қанын төгіп, жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын дейсің. Қай сөзінде мақұлдық бар? Қай сөзінде қасиет бар? Ненді қадір тұтайын! Қайран халқым, азғанын ба әрекемен осындай! (*Жым-жырт. Аздан соң.*) Арадан жол тап, тыныштық ойла. Артындағы етегіңнен ұстаған еліңнің мойнына артқан қарызын ойла. Бізді апарып арандат, жаңа жерден жау тауып әкел деп ешқайсыңның елің де тапсырған жоқ.

**Жомарт** (*аздан соң*). Қазаққа қамқор болған Қараменде деп аталып едің! Ұғушы құлақ болса, айтылмай қалған сөз жоқ! Батағөй қарттың сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз. (*Наймандар ыза болған пішін білдіре-*

ді. *Тым-тырыс*). Жә, бидің сөзінен соң сөйлейтіндерін бар ма? *Жоқ...* сөз тоқталды деп санаймыз ба? (*Тым-тырыс*.)

Дауыс. *Бабамнан соң кім сөйлейді.*

Есен (*ашулы, Еспембетке*). Найманның түгел сөзінің түбін ұстаған белді деген бидің бірі сен едің! Сөйлемісін, Еспембет, жоқ па?

Еспембет. Алдыма Жомарт туысқанның кедергі салып қойды. Не сөйлеуші едім? Менің де би деген атым бар. Ылғи кер тартып, кесір шығара беретін қарғыс атты мен-ақ ала берем бе?

Есен. Би сөзінің құйрығы маған соқты ғой. Ендеше маған рет бер.

Жомарт. Сөйле, олай болса, батыр Есен! (*Бәрі Есенге қарайды.*)

Есен. Айтты ғой сонау би, шын батыр өз кегін өзі іздеп алушы еді деп. Мен арысы найман, берісі өз кегімді қуған батырмын. Менің басыма сөз қалса, осы жолда кездесем Кебекті ең алдымен жекпе-жекке шақырам. Өз қолыммен өлтіремін. Онан соң елде жиылып отырған найман да, мұнда келіп отырған жиын да менің намысымды жыртып келіп отырған жоқ. Ел намысын қуып кеп отыр. Бекер ме еді, айтшы кәне? (*Наймандарға қарап.*) Іркілетін жерім жоқ. Найманның алғашқы айтқан екі сөзі сөз. Мұнда келген билердің табанында бұдыр жоқ болып тайғанаса, өзі қатын болсын. Бірақ мен ұстадым ел кегін. Мына найман ерлері бірге ұстайды менімен.

Дауыстар. Рас айтады! Сөз осы!.. Сол! Сол-ақ! Солай-ақ!

Есен. Әне, болды біздің сөз. Тобықты билерімен сөйлесіп жауабын берсін. Не Кебек пен қызды бер! Болмаса тұрысатын жерінді айт! Қайдасың осы сөзге еретін найман, тарт менің сонымнан. (*Барлық найман түрегеледі. Есен билерге айналып, наймандарға.*) Жә... тарт, не тұрыс бар! Найманның ішінде де шіріген жұмыртқа бар дегендер шықпасын. Көрермін мен оны да! (*Шығады, Жомарт, Еспембет іркіліп барып шығып кетеді.*)

Қараменде (*Наймандар кеткен соң*). Жә... сөз бітті... Екінің бірі... Екінің бірі...

Көбей (*пазиланып*). Қайтесің енді. Қолыңмен істегенді мойныңмен көтересің деген осы. Бастан атқуылдап отырғаннан-ақ сезіп едім.

**Кембай.** Жә... біз бұған не айтамыз! Биге де үлкен дерт болды ғой, бұл.

**Көбей.** Кімге дерт болмай отыр. Ел намысының тапталғаны ма! *(Би шығады. Көбей басын көтеріп өзгелерге).* Сендер шыға тұрындар! *(Көл тобықты кетеді. Қарамеңде, би, Кембай, Матақ, Көбей, Қосдәулет қалады.)*

**Көбей.** Еспембет құлаш ұрып шарықтап тұр, шағулы жерге келетін емес, би!

**Би.** Айтшы кәне, қайтсең тыным табам дейді?

**Көбей.** Матай мен тобықты, сендердің аранда қандай жаулық болса да, мен қатынасқаным жоқ. Мынау тұста найманнан туғаным шын болса бұл қорлықты көріп отыра алмаймын. Не Кебек пен қызды шығарып бер! Болмаса қолым дайын тұр, тура тұрысатын жерінді айт дейді. Анау, жер түбінен ұстатып жіберген сөзі осы көрінеді.

**Би.** Не сұмдық? Қандай қорлық күн жеттін? Қуарған қатал өлім күн! Не еріңнің қанын бер... не мынау келіп төніп тұрған қараша-қауыс үстінде, ақ қар, көк мұз алдында жөңкіліп басқан жұртынның көз жасын төк... Зарын бер! Осы ма еді, осындай ма ең, мені тосқан қу ажал?

**Көбей.** Екі сөзімнің қайсысына болса да байлауын би айтсын деді. Жауапты өзіңнен естігісі келеді.

**Би.** Найман көп! Көптің ісі кеудемен келмей неғылсын. Табадасын шыдайын десем, көлденеңнің көзіне әшкере болған ісім бар. Тентектік менде! Алмас қылыш жүзіне табан басқан қылығым бар. *(Тып-тырыс. Даладан дабырлаған дауыстар.)*

**Дауыс (далада).** Сен бар, сен бар, айтып кел.

**Жігіт.** Баба... тыста тұрған ел-жұртық, ер-азаматың жіберді мені. Кебек арғыннан асқан ардагеріміз емес пе еді. Одан артық ұл туып па еді тобықтыдан? Кім етіп еді оның еткей еңбегін! Қолымыздан оққа байлап бергенше, қырылсақшы ел болмай! Жағасы жақыт кіреуіне жібесі жетіп жүн болғанша шыдастық. Найманның не пәлесі болса да көтердік. Кебекті бермесің дейді...

**Би (қатты).** Мен тобықтының намысын сатып ағарттым ба, сақал, шашты. Билігіме ара түсем деген қай бассыздық! Шық!

**Көбей.** Бар, орынсыз жерге килікпе!



Жігіт шығады. Бірақ тыстағы сәл даурық бөгетті бұзып кимелей, екпіндей басып, Абыз кіріп келеді. Қолында ұзын ақ таяқ, үстінде өзге қазақтан бөлек ұзын ақ кебентай. Басында ақ бөрік. Қіре бере екі биге қатты қадала, қатып қарап қалыпты.

**Абыз.** Е-е-й, өңкей би! Жас кірмесе мен кірәм!.. Жұрт есітпесе мен есітем кесігінді!.. Баса кірдім үстіңе... Келдім қаралы қуыс шатымнан жаралы бауырымды сүйретіп!.. *(Адымдап төрге шыға береді.)*

**Би** *(жақтырмай, Көбейге)*. Кім еді бұған атой берген, түгел!..

**Абыз.** Өзім... өзім. Тарт жалаңды жазықсыздан... Айта бер айтпақ нарқыңды!.. *(Екі би Абызға қарасады да, амалсыз көнген ажар байқатады.)*

**Би.** Неге келдің жел аударған қаңбақтай?!

**Абыз.** Шер ыршытты шабақтай. Сездім, Кеңгірбай, сездім сұмдық салқынын.

**Қараменде.** Ер азаматтың әлгібір сөзінде жалын тұр ғой, елдік тұр. Тобықты сағы сынғалы отыр, Кебекті қолыңнан өлтіріп қойып бәрібір тыныш отыра алмайсың. Сені мен маған да қиын кезең болмас осындай? Даданның баласы да Кеңгірбайға өкпелі едім деп отырып қалмас. Шексіз шыдам жоқ. Бермеу керек Кебекті!

**Би.** Уай, Көбей!.. Осы мына бабаның өзінен басқа келген бар ма елінен?

**Кембай.** Өзір келген кісі жоқ. Бидің өзі ғой!..

**Би.** Қолсыз сайраған тілді қайтейн. Қызыл тіл мен қу жақтан бұндағы тобықты да кенде емес қой. Өз артыңа қарамасаң басқа шығар жол жоқ.

**Қараменде.** Өзің болсаң, өзіңе сен! Бәрібір шық найманның қарсысына!

**Би.** Қыздырманың қызыл тілі ғой!..

**Қараменде** *(ашуланып)*. Қасқырша өз күшгінді өзің жейін дедің бе?

**Би.** Даданның улы тілін ауру денеме тағы да сұқтың ба кезін аңдып? Бауырлығыңды бұдан бұрын да сынағамын. Елжіреген жүректі көргем жоқ-ты.

**Көбей.** Билер, бұларың не? Ескі жараны білтелемей, мына сергелдең болған елге жол табатын жөндерінді айтсандаршы!

**Абыз** *(Қарамендеге)*. Уа, Қараменде, сені жұрт баба десе, мен сенен де гөрі кәрімін! Қостамаймын Кеңгірбайды, құптамаймын сені де. Елің... елің жоқ па еді дадаңдай! Елің болса, қолың кәне?! Тіпті тобың болма-

сын, тобырын кәне?! Не тұрысын... Мұтылып қу томардай?! Жапа-жалғыз қу сояудай... Не көмекке, қай керекке келдім дедім? Ер сәлемі әкелсе, ерте келмес болар ма, ер-азамат тұрғысын! Сылдыр сөзбен шығарып сап, сынайын деп кепсің ғой. Көлгір сөзбен көлденең болғын кепті ғой. Алданбаймын... алдамаймын!

Қ а р а м е н д е. Жетті... жетті тілің сүйегіме! Тоқтат, Абыз!..

А б ы з. Өзін айт... барынды жиын да, тек бауырынды сүйіп айт, Кеңгірбай.

Б и. Бауыр... бауыр!.. Менің атам Әнет бабам емес пе еді?..

А б ы з. Не дейсің! Не деп келесің сен? Әнет бабаң, Әнет бабаң серік пе саған... бұ шақта! О-о-о!.. Сонау... сонау ма?.. Қалқаман — Мамыр етпек пе ең? Сұмдық! Ерінің жаны, бөрінің аузына түскен сұмдық заман! Сұм заман!..

Б и (ақырып). Доғар тіліңді! Жоғал!

А б ы з. Сездім, Кеңгірбай, кетермін! Кетермін, сұмдық салқынын сезгеннен кетермін! Жақын елдерді екі жарып алып, жарғылап тұр тағы да! Жетісерсің сонымен би мен бек! Үздім күдер сендерден, елімнен — сонау найман елімнен сұрап алам жас жанын! Араша тілей соған барам! Соған сенем, сенем де!

Б и. Жоғал бәрің көзімнен! (Көбейге) Шығар... Шығар мынау екі қаңбақ шалынды!.. Бар... бар, есіттім үндеріңді!.. (Көбей, Кембай... Қараменде мен Абызға ойысып күңкілдейді. Анау екеуі қатар тұрып екі бөлек шыға береді. Қосдәулетке.) Шақыр. Шақырып бер маған Еспембетті!.. Еспембетті шақыр қасыма!.. (Қосдәулет шыға жөнеледі.)

К ө б е й (екі шалды шығарып). Еспембет! Еспембет!

К е м б а й. Бұларды кетіріп қасына алары кім? Еспембет пе? Би. Кірек еттім жау биді!.. Иә, иә! Арыламын өзінен!.. Өз құлағыммен өз аузынан есітем!.. (Сыртта «Еспембет! Еспембет, Еспембет!» деседі).

Б и (Көбейлерге). Сендер де барындар, онаша... онаша бер маған Еспембетті!..

Дауыстар: «Еспембет! Еспембет!» деседі. Көбейлер шыға беріп, есік шалқасынан ашылады. «Еспембет! Еспембет!» дескен дауыстармен қатар, қатты адымдап Еспембет кіріп келеді. Екі би үнсіз қарсы қарасып қалған.

Ш ы м ы л д ы қ.

## ТӨРТІНШІ АКТ

### Бесінші сурет

Тау арасы. Тоғай. Аласа қос. Есігі ашық, ішінде Еңлік ұйықтап жатыр. Жанында құндақтаулы баласы. Кебек костың жаңына келеді.

**Кебек** (*есіктен қарап*). Тыным алшы, аз да болса тыныштық тапшы сөйтіп, Еңлігім. Әлінің аздығына қарамай, азғантай көзім ілініп кетсе, басымда ғана отырады. Қимасым-ай, қанатым-ай, қанатым-ай, талдың-ау, талдырды-ау сенген жұртым! Аң болып, адам көзінен тығылып, қашып көрген өмір құрсын. Жалғыз болсам, бір сәрі еді ғой. Тартар едім таймас жолға, табар едім, қаза болса ер қазасын. Еңліктің өз басы болса да бір сәрі еді. Қалар ма еді жанымнан, қалысар ма еді қайратта? Екеумізге бірдей жұбаныш та өзі боп, ауыр жүк те өзі боп кішкентай бір қошақаным, балапаным жатыр мінеки. Бағың ашылатын күн болар ма — әлде сорға туған сорлымысың, бишара. **Япырым-ай**, елі болса да, жауы болса да келетін уақыт болып еді, әлі де бір елес жоқ! Не деп келер? Не десер! Екінің бірі: я ұл атанып ел табам, я қанішер қайқы болаттың қайратын сарапқа салып өлтіремін! Өлісем!..

**Еңлік**. Батырым, не деп тұрсың? Сөзің қалай жат еді.

**Кебек**. Еңлікжан, мен не айттым? Жай бір өлең емес пе?

**Еңлік** (*сыртқа*). Ойын менен жасырады. Жасытпайын, үрейін ұшырмайын дейді ғой. (*Кебекке.*) Ендеше менің құлағым қақас естіген ғой. Кейде шырт ұйқыда

жатсам да, ояу жүрсем де құлағыма әлдеқандай жаман сөздер санқ етіп естіліп қалғандай болады.

**Кебек.** Өзін де бір уақыт тыным алып, тыныш ұйқы ұйықтамайсың. Соның өзі-ақ талдырмай ма! Тасташы осы, сен ғана тасташы күдікті. Маған қалдыршы соның бәрін. Жадырасыншы жүдеу, кейіс қабағың. Долы дүние тулап жатсын айнала. Кетсін мұнар. Кетсін мұнар, кетсін тозаң толықсып туған айымнан! Қосыл! Қосылшы, жаным, әніме! (*Ән салады, екеуі құшақтасып отыр*).

Бір мен деп ата-анадан безген, сәулем,  
Қорқыныш жас жүрегін езген,

сәулем,

Мықты ұстап етегімнен,

басын байлап,

Қауіпті жапан түзді кезген, сәулем.

Қан жауған қамалдарды бұзған күндер,

Қандырған білек құршын ұзақ түндер.

Бәрі де жан жарыма жеткен емес,

Құриды қызығыңа бойда сұлдер.

**Еңлік.** Өзге тілек тілемейін, осы құшағым жазылмай кетсін. Айырмасын арам қол. Қуанышым, өтінетін бір-ақ қана тілегім бар... Осы күн, осы кезбеде мені қажиды-ау, әлсірейді-ау дей көрмеші.

**Кебек.** Неге айттың оны, Еңлігім. Неге үйдейсің?

**Еңлік.** Не сергелдең болса да, серігің болдым деп аттанып ем. Артымда аяр нем қап еді. Бауырында, пананда кешкен жалғыз күндік тірлігіме бұрынғы барлық ұзақ жылдарымды теңемеуші ме ем. Тек мынау біраз күн... Әлсіздік, аналық шақ...

**Кебек.** Айтпа... айтпа, атама оны. Бұл шағында әлсіз деуге аузым барса, азғаным болар...

**Еңлік.** Болды ендеше. Азғантай бір түйткілік қана сол еді. Жуып-шайдың, жоқ еттің ғой бәрің, батырым. Қуанттың ғой.

**Кебек.** Соның шын болса ән салып бер.

Еңлік әдемі, мұнды ән айтады, Жәуетей шығып қарап, ән тындап тұр.

Жәуетей. Екеуі ғана. Екеуден-екеу-ақ... Сонда да рулы елдей. Сүйеніскен егіз марал!.. Әттең, екі бейбақ...

**Кебек** (*селк етіп*). Жәуетей, аман ба, жаным.

**Еңлік.** Е, мынау... ел-жұртың аман ба, жаным.

Жәуетей. Ел аман, өздерің де есен-сау жатырсыңдар ма?

Кебек. Біз есен-сау болмай не болушы едік. Кәне, не болды, жұрт не деп жатыр. Айтшы тез!

Жәуетей. Жұрты құрсын, елдігі кеткен ел емес пе біздің тобықты.

Кебек. Не болып қалды?

Еңлік. Жарқыным, сөз аяғы бұзылды ма?

Жәуетей. Енді бізге бұл жерде тұруға болмайды, қаптайды жауыздар. Тез бұл жерден кету керек.

Еңлік. Бәсе, жүрегі құрғыр осыны сезген екен ғой.

Кебек. Айтшы, не болды? Неге тоқтады? Ұстап бермек болды ма?

Жәуетей. Ұстап бермек емес, бірақ қорғамайтын болды. Өзің ұстап ал да, өз дегеніңді ет деді! Найман қаптап іздеп келеді.

Еңлік. Жасаған-ай... Не деген тасбауырлық!

Кебек. Бұл билікті кім айтты, найман ба, Кеңгірбай ма?

Жәуетей. Бәрін айтып тұруға болмайды. Қаптайды ғой жауыздар! Жүріңдерші, жөнелейік!

Кебек. Жәуетей, билікті кім айтты дейім? Тобықты оңай көнді ме? Айт бәрін. Әлде бізге қашу да керек емес шығар?

Жәуетей. Олай деме, досым!

Кебек. Дос болсаң, жасырмай бәрін айт, жасқанбай-ақ. Мен осыны естімей ешқайда қашпаймын.

Жәуетей. Билікті әуелі Еспембет айтты. Тобықты көпке шейін көнбеп еді. Найман ішінде Есен деген батыр бар екен, бәле басы сол болды. Қараменде де көп таласты. Сол бидің сөзінен кейін найман тоқтағандай да болып еді бір кезек. Бірақ жаңағы Есен сөйлеп, бар найманды артынан ертіп алды. Кернеп кетті. Сонан соң би... Кеңгірбай би жаңағы жауапты айтыпты... Айтқаны құрсын жалғыз-ақ, қара бауыр қатал би! Өз көңілімде күдік көп... сенбеймін! Еспембет оңаша сөйлесіп ап кесті. Қандай айла шешті? Қаншалық саудаға түсті сенің басың? Есіл жасым! Тас қараңғы сыр қалды. Бірақ не дермін, дегені болды, дегені болды ғой Еспембет пен Есеннің!

Еңлік. Есен! Әлі де бұл соңымда ма еді?

Кебек. Ел кісілері қара көңіл биге — Кеңгірбайға ерген соң, ер-азамат соларға берген соң, ар жағында не қалды, айтындаршы? Күні-түні қашып-пысып аң болып,

тағы жүргенде көңілдегі медеуім не болды, кім болды, айтындаршы?

Есен кіреді.

Е с е н. Кебек! *(Кебек екеуі тап беріседі.)* Бір-екі ауыз сөзімді айтқыз әуелі...

К е б е к. Семсер жүзінде айтылған сертті ұмытқам жоқ, шық!

Е с е н. Кебек, батыр болсаң дегбірдің қашпасын, үрейленбе!

К е б е к. Шық!

Е с е н. Кебек, сен мені іздеп тауып тұрған жоқсың. Мен сені іздеп кеп тұрмын. Найман тобымен бірге келсем олар мені жеңпе-жекте алыстырмас деп ұрланып әдейі кеп тұрмын. Менің мәнімді осыдан біл. Бар айтпағым осы ғана. Енді келсең келе бер!

К е б е к. Одай болса, ер екенсің, кел. Арғын, найман берекесі екеуімізге қарамай-ақ қойсын!

Е с е н. Сенімен туғанда жұлдызым қарсы боп туған, ағам Көшен қегі де қарыз мойнымда. Сені өлтірмей тынбақ емес көңілім! Кел бермен! *(Екеуі қатты алысып, қанжарласып жүреді. Кебек жеңіп құлатады.)*

Ең л і к. Жасаған, жарлығына ырзамын. Жарығым, жаның аман қалды ма?

К е б е к. Кеудемді жеген бір құрттан құтылайыншы тым құрса! Өліс депті ғой. Ала өлмей неге кетем?!

Ж ә у е т е й. Ал енді кетелік, болшы, жандарым!

К е б е к. Жәуетей, несіне жабыса бересің сөйлеп. Кебектің дәурені кеткен, оның елге керәгі жоқ. Оның орнына қуыа құрай. Қашпаймын мен, осы жерде тосып алам найманды! Дұрыс айтып тұрғам жоқ па, Еңлік-жан?

Ең л і к. Батырым, сені мен менің ғана басым болса бір сәрі *(жөргектегі баласын көрсетіп)*, мына сорлыны қайтеміз! Соры ашылмаған сорлы бейбақ осы болмай ма? Осының қарызы үшін көтейік, жаным!

К е б е к. Шын айтасың ба, сен дә тілейсің бе, қалқам?

Ең л і к. Жалынамын, жаным, қайтемін!

К е б е к. Олай болса дайындалындар. Мен атты әкелейін. Ал енді біз қашқынбыз! Өмір бойы қашқын боламыз. Қоян жүрек қорқақ боламыз! Көрінген адам бала-

сынан тығылып, бұзып қашатын тау тағысы боламыз?  
Ал біз қаштық.

Жәуетей мен Еңлік дайындалады. Тас арасынан найман қолы кернеп, жинала бастайды.

Дауыс. Жау мұнда! Қапта, қапта!

Еспембет. Тоқта! Мынау Есен ғой, өлтіріп кеткен екен ғой.

Дауыс. Ойбай, бауырым...

Жомарт. Қанішер тобықты, қанқұйлы тобықты, қылған екен ғой...

Еспембет. Доғар... Есен бұл күнге дейін найманның батыры болса, қазірде тобықтының жырылған жырасын қайта тұрғызған найманның бір шіріген жұмыртқасы. Жекпе-жекке шыққанда тапқаны ғой. Жылаған көз жасымның садағасы. Бір ауыз сөз айтпастан өлексесін былай апкет. Мұны жайлап қашқан ғой Кебек.

Дауыс. Мына қатын біледі ғой, айтқызу керек осыған!

Дауыстар. Айт жаныңның барында.

Еңлік. Мені ұстағаннан кейін оны да ұстадыңдар ғой!

Еспембет. Бұл күлгірсіп тұр. Ол қашса да ұзағам жоқ. Мына шатқалды аралап шық шапшаң!

Кебек шыға келеді.

Дауыс. Ә, батыр, келдің бе ажал айдап?

Кебек. Келдім. Мен Еңлігім өлген жерде өлем деген уәдем бар, сол үшін келдім. Тағы да жастығымды ала жатайын ба. Ажалсыз қай найман барсын, көрінші менің көзіме! *(Садағын кезене береді.)*

Еспембет. Ат, мына мен бар. Найман құрып қалса көремін.

Еңлік. Сәулем, атпа! Тілеймін! Арғын, найманның қалған елі қарғамасын. Өлсек те жазықсыз өлейік.

Кебек *(садағын кезеп тұрып)*. Ей, сотқар би, ұлыңұлып табысыпсыңдар ғой бөрідей, табысарда сойған көк қасқаң елдің ұлы-қызы біз болдық қой! Көк бөрі демей не дейін, қан сорпамды ішпесең көңілдерің көншімес. Лағынет босын сендерге. Бірақ сені қарғасам да, қарғамаймын сорлы елімді. Ер қадірін білер сол ел, елден шыққан не білер! Сонда менің қанымды қарғыс етіп ба-

сар сенің маңдайыңа! Мә, білгенінді істей бер! (Садағын тастайды.)

Еспембет. Ол сөздің керегі жоқ! Байла!

Еңлік. Ей, азаматтар! Өлтірерде үш тілек бар емес пе? Үш-ақ түрлі тілек айтам.

Дауыстар. Керегі жоқ, тындамаймыз.

Еспембет. Тоқта! Айт, не тілегің бар?

Еңлік. Кебекпен арыздасайын. Екінші, өлтірген соң бір жерге көміңдер. Үшінші, соңғы тілегім: бізде жазық болса да, мына бишара сорлыда жазық жоқ қой. Ата-анамда ұрпақ жоқ, зарлап өтіп еді, енді мен екеш мен де жоқпын, соларға табыс етіңдер. Жетім қозы бұл зарлық зарласа солар баурында зарласын. Бар айтарым осы еді.

Еспембет. Жарайды. Босатыңдар. Қоштаса ғой жарынмен.

Матақ. Кебек, ел болып, Кебей болып енді мені саған жіберді, еркек тоқты құрбандық деген еді. Елге, биге айтар сөзің болса айт.

Кебек. Тобықтының баласына менің сөзім жоқ, Бидігі сөзім жетіп олардың жүйесін босатпай-ақ қойсын. Тобықты осы қаталдығынан таймасын, менің арымым, Еспембет, сенде.

Еспембет. Айт, менде болса.

Кебек. Мойныма арқан тарып өлтірме! Қорламай өлтірі!

Еспембет. Босат олай болса, қызбен екеуінің қолын!

Кебек. Еңлікжан, қимасым, құштарым, кеш маған...

Еңлік. Жалғызым, өзің де кеш!..

Құшақтары айқасады. Еспембет садақпен атады. Екі жастың құшақтары жазылмай денелері айқасып түседі. Жұрт жым-жырт. Қаралы сұмдық із бітті, енді бет-бетімен жым-жырт тарап барады. Құндақтағы баланы ешкім алмайды. Жапа-жалғыз қала береді. Сол кезде Жапал шығады. Еңліктерге үнсіз қарап үңіліп тұр. Екі нығы дірілдеп, үнсіз жас төгіп тұрғаны білшеді. Жай жылыап балара келеді. Бір жақтап Абыз шыққан, ақ шапанды, ақ сақалды. Өзгеше тіксінің, тұла бойы орт шалғандай болып келеді. Бұған дейінгі қанды уақыранның эпилорі түрінде кетеді.

Жапа (Абызды көрмейді. Құндақтағы баланы көгеріп, бауырына алып). Сорлы қозым! Қошақаным! Жетпей қалған, жетім қалған, бауырым. Алдым сені бауырма, Таптап кеткен. Елсіз, есіз далара таптап кеткен тас бауырлар, бөрілер!



Абыз (бір қабат ақ шапанын шешіп, өліктердің үстіне айқара жауып.) Аһ, заман! Құшақтарың айқасып кеткен шерменделер!

Жапал (айналып көріп, баланы көрсетіп). Көрші, көрші міне, қамкөңіл ата! Мынаны өлсін деп аш бөріге тастаған. Осы ма еді ел деген? Көріп пе едің аямасты, ататай?

Абыз. Ата!.. Атамын мен аңыраған! Мен ата, сен немере? Бауырыңдағы шаранасы кеппестен шырылдап қалған шөбере! Бауырым өрт, үнім зар! Бауырым өрт, бегім жас... Ата, немере, шөбереміз — үш зарлық! Ел олар емес, ел бізбіз, ұлым, жан бадам! Қара тастай қатал күндер ішінде туар, келер біздей толқын-толқын ата, бала, немере... алып кетсін, жазықсыздар аттарын сақтап өтсін... ақтап өтсін арыстарым арманын... «Жадында тұт, жасыма!.. Жадында тұт, жасыма» де, ес кіргенде (баланы нұсқай) бауырыңа... Бүгін мен өсиет еткендей, өсиет ет сен оған, шағың жетіп өлерде! Жадында тұт, жасыма десін арғыларға, ұрпаққа. Жадында тұт, жасыма, ұлым, елім, Шермендем!..

Шымалдық.

Соңы.

# **БЭЙБИШЕ, ТОҚАЛ**

*Төрт перделі қайғылы хал*

*(драма)*

### ОЙНАУШЫЛАР:

Есендік—55 жастарда.

Қайша—тоқалы, 35-ге.

Төлеужан—үлкен баласы (бәйбішеден).

Дәмеужан—кіші баласы (о да бәйбішеден) 20-да.

Дәмеш—қызы (бәйбішеден), 16—17-де.

Қуатжан—тоқалдың баласы, 20-да.

Бейсембі—партия басы, Есендіктің ағайыны.

Әбділде—о да партия басы. Бейсембі мен Есендіктің жауы.

Аманбай—Қайшаның бауыры, таз, 25-ге.

Байсалбай—Қайшаның әкесі.

Күләш—Төлеужанның келішегі.

Ғазиз—оқып жүрген жас жігіт.

Рақыш—Ғазиздың жолдасы.

Күзетші.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

### I көрініс

Есендіктің үлкен үйі. Үйдің іші сәнді жылырақ, аярақ. Күләш, Дәмеш іс тігіп отыр.

Күләш. Үу-үһ, апам өткенге неше күн болды, Еркем? Есім шырып кеткен ғой дейміз, қара басып ұмытам да қалам.

Дәмеш. Жиырма күн болды ғой бүгін. (Тым-тырыс.) Уһ, Күләш-ай, осы жүрегі құрғыр бірденәні сезе ме, жоқ па? Көңліме апам өлмеген секілденеді де тұрады.

Күләш. Көңлің ғой, қалқам, көңіл қимайды ғой. Апам жарықтық өлімге қиярлық кісі ме еді? (Аз тым-тырыс.)

Дәмеш. Маған апамның өлгенінен де жүрегіме қаты бататын бір нәрсе бар.

Күләш. Ол не, қалқам?

Дәмеш. Әншейін, апамның соншама алақанына салып еркелеткен қадірін білмейміз ғой. Сөзі болса, ылғи күндесінді жамандайсың деп тыңдамаушы едік. Іс тапсырса, жүз айтқызбай істемеуші едік. Бір құрбы қылып да жүріппіз ғой.

Күләш. Еркем-ау, менің де күндіз-түні ойлайтыным осы. Неге отымен кіріп, күлімен шықпадым екем? Неге батасын ала бермедім?— деп бір түрлі өкінем.

Дәмеш. Біз үшін Қайшамен не деспеді. Енді мұның жайлауы жарасып, жері кеңіп отырғаны мынау. (Аз отырып.) Апамды осының қайғысы алып жеді ғой. Ұрыс-

пайтын күні болушы ма еді? Апам тыныш отырса да, сөйлесе де соқтығып жағаласудан көз ашты ма? Біздің бәріміз сонда да апамның сөзіне құлақ салдық па?

Күләш. Апам жарықтық кісіге жаманшылық ойлауды білуші ме еді? Бүгін тас-талқан болып отырса да, ертең кіші апамның бар мінезін ұмытып, кешіре беруші еді. «Бұл байғұсқа қылмағаным бар ма еді? Төркініне апартып тастамақшы да болдым. Бүгін теңессе, құдай көз жасын иген шығар»,— деп, тоқалды шақыртып татуласып қалатын. Өмірі ішінен кегі кетпейтін — мына кісі ғой.

Дәмеш. Тоқалдың қулығын кісі сезе ме? Апамды әсіресе күйдіргені — екі-үш жылдан бергі сатылған малдың бар ақшасы тоқалдың қолына жиылғандығы ғой. «Бәйбішенің балалары енші алғанда, малды көп алып кетеді. Осы күннен өз бетіме мал жиям» деп, базаршылар әкелген ақшаны ағамның қолынан жұлып алып сандығына салыпты ғой!..

Күләш. Оны білем ғой. (Тоқтап.) Еркем, есінде бар ма, апамның тағы бір қатты ашуланғаны? Бір күні қалаға мал айдамақшы болып, ылғи Төлеш пен Кенженің тақымына басқан аттарын сатпақшы болды ғой.

Дәмеш. Ұмытып қаппын.. Ол күнде апамды ұрса береді деп сөккеннен басқаны білуші ме едік?

Күләш. Апам сонда Атекеме бірталай сөз айтты.

Дәмеш. Не деді?

Күләш. «Менің балаларым момын. Тоқалдың қылығына қарай қылық қылмайды. Бұл үйде тоқал мен баласының алдынан шығатын — жалғыз мен, менің көзім тірі отырғанда балаларымды қақпайлағысы келеді, еш нәрсеге ие қылғысы келмейді. Кешегі есепке алынбайтын тоқал бұл күнде дүниенің бәрін бауырына басып өкетіп барады. Оған сен болыспасаң, тегінде осының балалардың көңіліне түйін болып байланып жүрмесін. «Біз құмадан туып па едік? Неге еске алып, есепке тұтпайды? Бізді күннен-күнге тоқалға құл ғылып барады» деп, өз басына өкпе салып жүрмесін»,— деді.

Дәмеш. Ағам не деді соған?

Күләш. Атекем басында құлақ қойған жоқ. «Қолында дән емесі жоқ тоқалмен неменесіне арпалыса бересің? Кешегі күндікте жүрген тоқал емес пе, неменені билеп-төстеп кетті?»— деді де қойды. Ылғи сөйдеп алдаушы еді ғой.

Дәмеш. Иә, сөйтіп алдайтынын да біліп отырушы едік қой. Тағы не айтты апам?

Күләш. Апам әлгі сөзге ашуланып: «Тоқалды өтірік бейшара қылғаныңды қойшы осы. Тоқал бұрынғы тоқал ма? Осы күнде сен ауған соң, есеге қолы жетіп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып отырғанын кім білмей отыр? Енді ол қатындікі өз бетіне. Жастығынан қорықтың ба, абыройымды ашар деп қаймықтың ба, өйтеуір жалынышты, жалпөтек болдың. Оның өзі бір төбә, Енді баласын баламнан артық ұстағың келіп отыр ғой. Осының да білгендік пе? Тоқалдың баласына қай уақытта есе тиіп ед?»— деді.

Дәмеш. Мұнысына не жауап берді? Тағы бірдеме деп алдай салды ма? Жоқ, тоқалдың дауын айтты ма?

Күләш. Оған айтқан жауабы толып жатыр. Апаммен ұзақ сөйлескенін көргенім сол. Ондағы айтқаны: «Қуатжан тоқалдан туған бала болса, менен де туған. Алды-артында толып отырған інісі жоқ, басы жалғыз. Ертеден қара кешке жетім баладай көзге түрткі ғып отырғанымыз лайық па?! Менің басымда оның қарызы жоқ па? Жас күнінде шешесін қуып, бір жетімсіреттік. Ержеткенде өнер үйретіп, оқу оқытып еркін жүріс жүргіздік пе? Керек десе бір тайды тақымына басқыздық па? Мамашының баласы қандай болса, сондай болған жоқ па? Сенің балаларың көрген жақсылықтың, еркеліктің ширегін көрді ме? Енді малға ие болып, дүниені басқарып отырса, пысықтығынан отыр: Сенің балаларыңда ол өнер жоқ, не қыл дейсің?»— деді. Сөйтіп, көрнеу тоқалдың сөзін айтты.

Дәмеш. Байғұс, бұл сөзді естігенде қайтты екен? Соңғы жылда Қуатжанды сүйеп жүргенде айтатын сөзі осы ғой.

Күләш. Апам ашуланып, ешбір сөз айтпай отырып қалды.

Дәмеш. Әйтеуір апамның айтқан сөзі күннен-күнге болып келеді ғой. Аузына құдай салды ма, немене? «Әй дер әже, қой дер қожа жоқ, бәріңе жетімдікті көрсетер» (жылап) деп еді ғой.

Күләш. Өлім аузында жатқанда табалаған бұл дұшпан, не қылмайды дейсің (күрсініп). Мен тұрғанда үлкен үйде кім отырады деп, үйге кіріп алып, дүниенің бәрін баурына тығып бара жатқанын көрмеймісің?

## II көрініс

Әбділдә, Төлеш кіреді.

Әбділдә. Шырағым, бір дастарқан жайшы. (Күлеш жаяды. Әбділдә құран оқиды, бата қылады.) Шырақтарым, шешелеріңнің алдынан жарылғасың.

Төлеш. (ақырын). Айтқаныңыз келсін. (Күлешқа.) Қымыз әкел.

Әбділдә. Әй... марқұм Бәтимәм жақсы еді-ау! Дүние шіркін осы ғой — ұшығына жеткізбей бара жатқан. Болмаса тоқал өліп, Бәтимә қалса да, Есендік өлмес еді ғой. Бәтимә ағайынның анасы еді. Мына тоқал кімнің ажарын сақтайды дейсің?

Төлеш. Неге, Қайша ағайынды қуар дейсіз бе?

Әбділдә. Ай, шырағым-ай, қойшы! Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады. Кісі қадірін біліп көрмеген құрдымның қызы — бұл кімді сыйлайды дейсің? Есендікті мұрнын тескен тайлақтай жетектеп алғаны — анау. Әйтеуір момындық жақсы еді ғой деп бәрін бірдей тоқалға бағынып кетіп жүрмендер!

Төлеш. Бағынғанмен де, не зиян болар дейсің, кімнің басына секіреді беталды.

Әбділдә. Ой, шіркін, сен де тоқал-тоқал деп, жалтаңқоз болам десеңші. Бірақ мұның мына балаларыма зиян ғой, мейлің.

Қайша кіреді.

## III көрініс

Әбділдә (Қайшаға амандасады). Кәбірдің құлыпрып кеткенін қарашы, Бәтимәдан құтылып алып!

Қайша. Сынап жүреді-ау бұл дұшпан, дұшпандығын тастамай. Істесең дұшпандығыңды үйіңде істе, менің үйіме келіп шалуыттамай!

Әбділдә. Адырақал! Мен сенің үйіңе келіп отыр ма екем? Мына балаларымның үйіне келіп отырмын. Кешегі жақсы Бәтимәнің орнына құран оқығалы келіп отырмын. Есендікпен жау болғанмен Бәтимәмді ұмытпаймын.

Қайша. Балалардың үйі жоқ! Бұл — менің үйім, өйтіп бөлшектеме! Дұшпандығың осы емес пе?

Әбділдә. Дұспан десең — дұспанмын. Сенімен дос болған кісі не барқадар табушы еді? Бәтімәнің бет топырағы жасырынбай жатып, «бұл үйдің иесі мен, мен» деп, балалардың жүрегіне жара салып отырған сен жыланнан не жақсылық күтуге болады?

Қайша. Көлгір дұспанның сөзін қарашы, балаларға қорған болған кісіміп отырғанын! Бала айтқанға көніп, айдағанға жүрсе — балам, ішімнен шыққан Қуатжаннан кем көрмеймін. Егер сендей азғырғыштың тіліне ерсе, түк те жоқ.

Әбділдә. Кел қысқарт, кел қысқарт! Тілін, тілін кәдірдің шағып алып қарап тұрған!

Қайша. Тілім сол! Қайтесің: шақты десең — шаққаным. (Балаларға). Сендер иемне қымыздың бәрін бұған беріп, сөзіне еріп отырғандарың? Қерегі жоқ бұның құранының! Күнәлі болса, дұспанның құраны кіпәрәт болмай-ақ қойсын. Бұл дұспан!

Төлеш. Қойшы, Қайша, жоқтан өзгені айтпай!

Әбділдә. Қуарған! Осы кеше сені Бәтима ат сауырына мінгізіп, төркініне апартып тастаймын дегенде, бекер тоқтатқан екем ғой. Мал-басқа иемін деп тұратын аю қатын боларыңды білмедім ғой. Айтқаным көніп, айдағаным жүреді дедім ғой, сорлы басым.

Қайша. Қайт дейсің? Менің де көзім ашылып, есеге ілінгенімді көр — міне. Маған көрсетпеген қорлықтарын бар ма еді? Сенен де көрген жақсылығым жоқ болатын. Құдайдан қорықпай, өтірікті неге айтасың?

Әбділдә. Не айтар екен, тоқтай тұр?

Қайша. Не айтайын, неге қолым жетсе де, өз талабыммен жетті. Өзімнің жігер, намысымның арқасында жетті.

Әбділдә. Мына балалардың көзінше қоянды ақтартқың келген екен, сорың құрғыр, талабың мен өнерің жас жігітпен қашып кетем деп, Есендікті қорқытып алғаның ба? Екінші айтып отырғаның — бар-жоғыңды беріп, Бейсембіні өзіңе қаратып алғаның шығар, ол өнеріңді де білем! Сен ертен де істейсің оны!

Қайша. Құдайға шүкір, істеймін! Байды да, баланы да, дүниені де билеймін! Ішік күйсе тұз жала, не ғыл дейсің? Саған енді ақылдасарым да, жалыңарым да жоқ.

Әбділдә. Жоғал, кәпір, шабалаңбай! Балаларымнан садаға кет! Сенің не істегелі жүргеніңді мен білмейтін шығармын. Бірақ аяғыңды байқап бас! (Төлешке.)



Шырағым, мені аттандыр, мына көпір құранды да оқытатын емес қой өзі.

Әбділдә, Төлеш шығады.

#### IV көрініс

Қайша. Неге тындайсындар ол дұспанның сөзін? Күніне жүз дұспан келсе, бәрjне де ұйысың да отырасың, түге. Дұспанның сөзі жағады-ау сендерге, касқырдың күшігі құсаған өңшең жат бауыр неме! Сен ендігәрі отырма бүйтіп майысып (*Күләшқа*). Мауқың басылатын болды ғой, түге!

Күләш. Біз не жаздық сізге? Әлгі кісімен ұрыспадың дейсіз бе? Апамды сіз ұмытқанмен, біз қайтіп ұмытайық?

Қайша. Жоғал әрі! Күндестен құтылдым ба десем, орнын сен басайын деген екенсің. (*Қатты.*) Сен де Есендіктің қатыны ма едің?!

Дәмеш, Күләш шығып кетеді. Бейсембі, Есендік, Төлеш, Қуатжан кіреді. Қайша отырады.

#### V көрініс

Есендік (*Бейсембіге*). Кәне, енді елінің жайын айтшы? Сайлау жақындаған сайын, елдің таразысына қарап қыпылдайсындар ғой.

Бейсембі. Қыпылдаудан кім қалар дейсіз?

Есендік. Өйткенмен отқа жақының қолы күйеді, бәрімізден де сен бұрын қобалжисың ғой.

Төлеш. Әбділдә құрдасыңыз да «бір старшын, екі старшын» деп жүрген көрінеді.

Есендік. Оны қойшы, партия болмаса. Арқамды күн шалмайды дейтін Әбділдә елдің бүлінгенін тілемесе, нені тілейді? (*Бейсембіге*) Өзге ел қалай?

Бейсембі. Елдің бәріне де сыпсың сөз кірген көрінеді. (*Қымыз келеді.*) Жәркенің жігіттері «Елді алдық», деп есіріп жүр. Қанша сенің бауың берік болатынын кім біледі? Біз әлі қозғалғанымыз жоқ. Жана ғана жан айласын қылып, қыбырлай бастағанымыз осы.

Е сен ді к. Жәркенің жігіттері кім-кімді алдық дейді екен?

Б ей с ем бі. Олар 11 старшыннан — 2 старшын Жәрке, 3 старшын Бәйке, 5 старшын алдық деп отыр. Ендігі майданның үлкені осы өздерінің алтыншыларында болады, Әбділдәнің базары көтеріліп тұр. Алтыншы жеңіп берсе, ол шарыққа шықты.

Е сен ді к. Біз мына бес старшынға сенімдіміз бе? Осының өзі жарықсыз тап басып тұра ма?

Б ей с ем бі. Бауырыңа тартып, бойынды көрсетпесең, олардың бірі де тұрмайды. Баяғыдан партияның ісі мәлім емес пе? Партияның тауқыметін көретін кісі алдымен белсеніп өзі шығуға керек. Өзің бұғып жатып, алдыма сен түс дегеніне кім жүреді? Алдымен бой көрсеткен кісі соның жақсылығына да, жамандығына да жалғыз ие болады. Әншейінде біз тәуірсіміз. Атаның аруағы бар, бәйбіше баласы деген атағымыз бар, басымызға үйірілген дос бар — осының бәріне қарасаң, алдымен біз белсеніп шықпасақ болмайды.

Е сен ді к. Бізден басқа да жақсы деп жүрген бар ғой. Солар неге бір жолша бастамайды.

Б ей с ем бі. Бізден басқалар болғанмен, олардың артынан ел ермейді. Бастасаң — өзің баста. Өзіміз сықылдыларға бағындырма! Тастай алмай жүрген кісілігіміз жоқ депті. Мұнысы дұрыс. Біз бұлай жатсақ, ел іші жарылады. Әркім әр айғырдың үйіріне сіңіп жүре береді. Бірақ сонда орын таба алмай, қаңғырып қалатын біз боламыз.

Е сен ді к. Шығын да көп шығады ғой енді бұған.

Б ей с ем бі. Бұл қалыпта көп шыға қоятын көрінбейді. Ел сорлы бақтың құсы емес пе, біреудің басына байыздап отыра ма? Болымсыз жем шашсаң, талайы-ақ теріп кетейін деп отыр. Әр жерден тамырын ұстап байқап жүрміз.

Т ө л е ш. Әуелі қанша шығарамыз дейсіздер?

Б ей с ем бі. Отыз ат, мың сом ақша. Кәне, осының қаншасын көтересіндер? Бүгінгі сендермен сөйлесейін деп келген сөзімнің бірі осы?

Қ а й ш а. Шығын-шығын деп келесің де отырасың, неменен бар осы? Не балама берген кісілігің жоқ. Болсаң өзің боласың. Елден үйірлеп алып жатқан малдақ тым болмаса бір тайдың теңі ғылып, өзің біліп әкеліп те

бермейсің. Бір емес, екі емес, шығыннан басқа айтарын бар ма осы?

Бейсембі (*жымиып күліп*). Шығыннан басқаны неге айтпаймын, айтамын, тұра тұр.

Қу а т ж а н. Осы партияны істемесе болмай ма? Кімді кім жеп жатыр? Мал-басқа есе қылмай, жалпы жайдақтап, құл құрықтап бір тауысады. Болыстықтың не қызығын көрдік? Алған жалуанасы қонақасыға да жетпейді.

Е с е н д і к. Партияға берген мал құмға су құйғанмен бірдей екені рас қой. Не бағасы жоқ, құлар құландағы сақау, құнандағы тісеуін айтып бұлданады да отырады. Жалынасың, барыңды тығындайсың. Байлау-матау жоқ, ол қу ертең айтқан жерінен табыла ма, жоқ па? (*Тымтырыс.*) Білмеймін, әйтеуір жау деп жүргеніміз де өзіміздің туысқанымыз. Қызғанып жұлысатынымыз да солар. Екі арада жем айырып жүрген — ылғи жат, ылғи бағасыздар.

Қу а т ж а н. Партия еріккеннің салдары ғой. Әйтеуір шығатын болса, сол жеңген жаққа қиналмай-ақ берсек болмай ма? Біздің берген малымыз басқа жұрттыкіндей қайтып та алынбайды.

Е с е н д і к. Партияға берген мал арам мал ғой әйтеуір.

Қу а т ж а н. Партияға беретін малымыз жоқ. Келер пайдасы болмаған соң, арам тер болып неміз?..

Бейсембі (*жарыса көтеріліп Қуатжанға*). Қысқарт енді сен сөзіңді! Мен саған сынатқалы келіп отырмын ғой тегі ісімді. Ел талқысын бір көрсем, сендердің талқыңды екі көрем ғой, тегі. Сендерге мен жалыныштымын ғой, тегі. Бұл не деген санасыздық? Қыс бойы тоқалдың баласы жәркемен қосылып, Еркенің бойын шауып аламын деп аласұрып шықты. Еркенің көлденең аққан суын шаба ма? Жағасындағы ағашын шаба ма? Ұзында өшті, қысқада кекті қадаған жауын шабады. Жауы кім?— Сені мен мен. Оның ішінен жаман-жақсы болса да анама қараған қара шаңырақтың иесі сенсің, ауыртпалық сендерге түседі.

Е с е н д і к. Біздің не жазығымыз бар оларға? Не кінә қояды солар?

Бейсембі. Сенің жазығың жоқ болса,— менің де жазығым жоқ. Тоқалдың баласы болса — туысқаным. Туысқандықтан басқа жат мінезді көрсе — айтсын.

Туысқан ол түгіл, бөтен жәркеге де жазығым жоқ. Қызының қойнынан шыққаным жоқ. Ерінің құны, нарының пұлы жоқ. Неге мал малданасың, неге кісі боласың?— дейді. Бұл зорлық емес пе? Жәрке кешегі менің әкемнің қарашасы болатын. Тоқалдың баласы затсыздығын қылып отыр. Атамның аруағын жауға қосылып жоғалтқысы келеді. Еркек болсаң — атанның аруағына қыз. Жоқ, вамаң келді; енді жәркенің қарашысы біз боламыз десендер, оларыңды айтыңдар! Малдан туыпсыңдар ғой, малдың құлы болғанда, жәркенің құлы болу қиын ба?!

Е с е н д і к. Білмеймін, аяғың өздерің білесіңдер. Енді мал-басқа иеміз деп отырған сендерсіңдер, айтыңдар сөздеріңді.

Б е й с е м б і. Жүрсендер, ешкімге тауқымет артпайсыңдар. Менің қолқама жүрмей-ақ қойыңдар. Түбінде мен өз басым үшін саспаймын. Мен жәркеге барсам да, сол тоқалдың баласынан кем орын алмаймын. Бірақ сен ықылды туысқанымды, жанашыр досымды жылатады, сонысы батады. Жат ағайын айдының жоқ, артыңда жалғыз досың жоқ. Қолыңда қыруар малың бар. Түбінде жем болсаңдар — сендер боларсыңдар. Әбділдә-ақ тауысады сендерді. *(Тым-тырыс.)* Еске алынып, есепке тұтылмай, Керей, Уақтың келімсегіндей жәркенің біреуіне қоңсы қонып жүрерсіңдер.

Т ө л е ш. Біздікі әншейін қара жарыс қой, бише-аға! Әйтпесе сіздің айтқаныңыздан қайда кетеді дейсіз. Бабаның жолын сіз куғанда, көзі тірі отырған әкенің жолынан біз неге адасайық. Мал-басқа біздің де иелігіміз жоқ.

Қ а й ш а *(Бейсембіге)*. Барыңды айтып тауыстың ғой өзін. Шығыннан басқанды айтшы көне.

Б е й с е м б і. Шығыннан басқа сендерге айтқалы келген сөзімнің бірі мынау: бұны әнеугүі Қайша мен Есекене шет-жағасын айтқанмын. Осы елдің партиясы қырық құбылып, жүз толқып келгенде алтыншының таразысына қарайтын көрінеді. Баяғыдан алтыншының калпы осы. Әбділдәнің бойын өсіріп жүрген де сол. Енді оны бір отамай, көз ашылмайды. Жүнін жығып алып, жұрт көзінде бағасын түсірмесең — болмайды. Қарын шашы алынбай, асып кетті.

Т ө л е ш. Оны қайтіп аламыз дейсіз?

Б е й с е м б і. Оған мына Қайшаның әкесі Байсалбай да қосылып алып, бір тоқтамады. Енді не қылса да осы

Байсалбайды алу керек. Әйтпесе — жеңілеміз. Байсалбайдың сырын тартып жүрмін. Ол: «Үй ішінен үй тігейік, сүйек жаңғыртайық» дейді. Ана Аманбайға Дәмешті сұрайды. Мен оған уәде беріп жүрмін. Бүгін осында келіп сөйлеспекші. Енді осыған сөздерінді бір жерге қосындар. Берген лайық.

Төлеш. Кім біледі, Дәмештің өзі апасы өліп, уайымдап жүр. Жайлап айтып, алдынан өтпесе, жылап ренжіп жүрмесе?

Қ у а т ж а н. Ренжуіне болады. Әуелі өзіне жайлап айтып ұқтыру керек. Қас-қабағына қарамасақ болмайды.

Бейсембі. Айту керек десеңдер, Байсалбаймен уәделескен соң, Қайша жайлап айтар. Біз енді осы уақытқа шейін апа-қарындасымыз, балаларымызды сұрап алып, күйеуге беріп көргеніміз жоқ. Керек десе, еркек өзімізге де қатын әпергенде ырзамысың деп сұрап көрген жоқ. Тек баланың бағы болсын.

Е е н д і к. Солай екені рас қой.

Қ а й ш а. Қатын үсті болмаса, кәрі күйеу болмаса, көдей болмаса, салт атты, сабау қамшылы болмаса, одан артық қандай күйеу керек? Өзім жайлап ұқтырамын. Ағам келсе, сөздерінді сөйлесе беріндер.

Бейсембі  
Е е н д і к } Дұрыс.

Байсалбай кіреді.

## VI көрініс

Қымыз құйылады.

Бейсембі. Ақсақал, Әбділдә досыңның не әңгімесі бар? Қанша туысқанға қақпан құрып жүрмін дейді? Осы күні ғой партиядан басқа тілеуі жоқ. (Тым-тырыс.) Тілемей де қайтсін... Қақпанды басқалы қыбылжып жүрген ел — анау. Пышағы құйрық үстінде, әншейін «қанды басың бері тарт» деп отыр ғой.

В а й с а л б а й. Ой, шырағым-ай, оның өмірін итке берсін де. Артынан ерген туысқанды қарақтаған соң, не қасиет қалды? Барар жер, басар тауы қалды ма өзінің? Абай жарықтық өзінің ел-жұртқа сыйымсыз бір туысқанына айтыпты ғой:

Соқақ-соқақ жортады көк бөрілер,  
Сонда да жүйрік атқа бөктерілер,  
Табынан бөтен жүрген сорлы жігіт  
Әр жерде жұрт көзіне жек көрінер,—

деп.

Е с е н д і к. Әбділдәні қанша жамандасандар да, елді жиіркенте алмайсындар, не керек. Қысқа күнде қырық құбылып отырса да, алдауы жетті деп тастап кететін бір адам жоқ.

Б а й с а л б а й. Ядыр-ай десеңші? Осы менің де Әбділдәмен жолдас болғанымға көп болды ғой. Істеген ісімізде қаяусыз дос болдым. Соның алғанын зор қылып қарағанда жер қылмақ болып-ақ жүрдім. Еріп жүріп момынды да, жақынды да жылаттық. Бірақ сол жүрістің бірінде мұның басына сеніп жүрген емеспін. Ал қалайша жүргенімді осы күнге шейін білмеймін.

Б е й с е м б і. Әбділдәнің кісі алғыштығы, бауырына тартып үйір қылып әкеткіштігі бар-ақ. Бірақ шіркіннің бар жаманы ет-бауыры елжіреп, біреуді туысқан, біреуді дос деп, әсте бойын бере білмейді ғой. Қандай айнымайды-ау деген дос болсын; әуелі бір бәлеге сүңгітіп алып, оны өзі айырып алған кісі болып, досының мойнына есептеп ұпай салады. Сөйтіп жалынышты қылып алады ғой.

Б а й с а л б а й. Міне, осы. Бүгін ауыз жаласып отырсаң да, саған арнап қойнына бір тас тығып отырады. Сен де сырт бересің ғой әлі, сені осымен матайын деп, бір қауіптің жотасын көрсетіп қояды ғой. Әйтеуір ұшығына бір жете алмай қойдым, не керек.

Қ у а т ж а н (*Бейсембіге*). Атқа мінемін деп отыр едіңіз ғой. Мына кісілердің сөзін естіртіп кетсеңізші.

Б е й с е м б і. Иә, енді осыған келейік. (*Байсалбайға*.) Ақсақал, кешегі сөзіңіз туралы біз үй іші болып кеңесіп, ырзалық білдіргелі отырмыз. Әуелде бас сүйескендікпен бала алып, бала да беріскенбіз. Одан бергі от басы-ошақ бұты өкпе болса, тастасқан жөн. Енді біз қайырлы болсын айтамыз!

Б а й с а л б а й. Дұрыс, қарағым. Ат айналып қазығын табады. Төрімнең көрім жуық болып отырған заманда, мен араз болып балаларымнан қайда барам? Күйеумен көркейіп, жиенімен жеңкеюге мен де ыптық жанның бірімін. Араздық шіркін не қасиет береді. Ескі достық-

ты ұмытпағандарыңа рақмет. Тек балалардың өмірі ұзақ болсын! (*Қымыз жиыла бастайды.*)

Бейсембі. Рас айтасыз, бұл дүние бабадан да қалған, атадан да қалған. Бәріміз де түбіне жетпейміз. Татулықтан қызық не бар? Жақынымызбен жатша жүлқысып жүріп, өкініп өлеміз! Не қасиет бар?

Б а й с а л б а й. Бәрекелді, қарағым, рас айтасың!

Бейсембі. Ендігі сөзді тағы сөйлесе жатармыз. Бүгін мына Қаумен аулында жиылыс бар еді. Соның жайынан тысқа шырып бір сөйлесіп алайық.

Е с е н д і к. Иә, енді сөздеріңе кірісіңдер.

Бәрі шығады.

### VII көрініс

Қ а й ш а (*жалғыз*). Бұйырса, тары бір арманымға жеткелі тұрмын. Бейсембі жақындықты ақтайтынын білгіш едім. Әзірше айтқан жерінен шығып келеді. (*Құлм-сірәп*). Шіркія, өзгені былай қойғанда да, Есендіктің мал-жанын соған билетіп отырғаным жоқ па? Алдынан шығатын тірі жан жоқ. Кешегі Бәтімәнің заманында мұндай болып па еді? Осының бәрін о да есептер. (*Түре-гәліп*.) Есептесең — есепте, мен де ұтыла қоймаспын. Менің арманым — дүние емес, басымның кегі болатын. Іздегенім есем болатын. Оған қолым жетпесе, мен Есендікке қатын да болып жүрмес едім. (*Аз тұрып*). Рас, әуелі қызбен сөйлесейін. Ол неме көнбейді ғой. Бұған не айла бар? (*Ойлап*.) А-й-а, қыз қайда екен өзі? (*Шақырады*.) Дәмеш, ә Дәмеш!

Дәмеш кіреді.

### VIII көрініс

Д а м е ш. Немене?

Қ а й ш а. Мұнда келші, қарағым! Отыршы мына араға! Әкең, ағаларың маран сенімен сөйлес деп күтті. Жасың болса жетіп қалды. Сен бізге бала көрінгенмен, жұрт көзіне бойжеткен қыз болдың. Кеше менің әкем Бейсембіге, ағаңа кісі салыпты: «Әуелден бағ сүйескен

жақын едік, бұрынғы сүйегім ескіріп барады. Қайтадан сүйек жаңғыртайық, мына Аманбайға баласын берсің», — депті. Бұған не айтасың?

**Дәмеш.** Апам болса, мені Аманбайға берем деп ешкім айтпайды ғой (*жылап*). Жетім дегендері ғой. Әйтпесе, менің теңім Аманбай ма еді?

**Қайша.** Аманбайдан артық кімге тиесін? Күйеу таңдайың деген ойың бар ма еді? Оның масқара екенін білмегенің ғой. Қыз ержеткен соң борыш болады. Әкешешенің қарызы — ертеден құтты орнына қондыру. Балалық қылма, қарағым.

**Дәмеш.** Менің ырзалығымды сұрайтын болсаңдар, Аманбайға өлсем де тимеймін. Әуре болмаңдар.

**Қайша** (*ойланып*.) Мейлің енді. Сені зорлайтын әкешеше жоқ. Мен айт деген сөздерін айттым. Ағаларыңның өкпесін өзің көтерейін дегенің ғой. Бермей-ақ қой дейін, (*Шығады*.)

### IX көрініс

**Дәмеш** (*жалғыз*). Қайшаның қақпайына көне берсем, мені біреуге күң қылып беруден де тайынбас. Неге көнейін.

Ғазиз кіреді. Дәмеш түрегеледі.

### X көрініс

**Ғазиз.** Неге тұрдың, Дәмеш, үріккен кісіше? Мен әлде мезгілсіз уақытта келдім бе?

**Дәмеш** (*күліп*). Неге үркейін, кісі үркетін кісі ме едіңіз сіз?

**Ғазиз.** Үрікпей жүрген де мінезің белгілі ғой. Құрғақ қасық ауыз жыртады. Құр сөзбен жұбатуың жеткен жоқ па осы?!

**Дәмеш** (*күліп*). Түңілген кісіше сөйлейсіз ғой. Ненден қажыдыңыз?

**Ғазиз.** Мен еш нәрседен түңілмеймін. Түңілетін кісі үш жылдай хат жаза ма? Мен әлі күнге үміттімін. Тао бауыр ет болып жібімес пе екен деп күтіп жүрмін. Төв түңілдірме. (*Күліседі*.) Игіліктің ерте-кеші жоқ.



Дәмеш. Сіз менің сөзімді бұрмаламаңыз. Сізбен сөйлесу қиын ғой осы. Қашан сөйлессеңіз де сөзіңіздің арты бір түйінге әкеп соқпай тұрмайды. Игілігіңіз не?

Ғазиз. Игілік әр адамға әр түрлі. Менің күтіп жүргән игілігім бір басқа.

Дәмеш. Сіздің игілігіңіз не? Шыныңызды айтыңызшы?

Ғазиз. Менің күтіп жүргенім — әнеугі хатымның жылы жауабы. *(Күледі.)*

Дәмеш. Тағы хатыңызға сұрау салып жүрсіз бе? *(Күліп.)* Өзіңіз беріп, өзіңіз сұрау салуыңыз қалай?

Ғазиз. Хатымның өзін сұрап жүргенім жоқ. Соның бұйымтайын сұраймын.

Дәмеш. Одан артық сұрарыңыз бар ма?

Ғазиз. Бір тілегімді қабыл қылмай тұрғанда, тағы бір тілек айтар не шамам бар? Мән бермейді деп қорқам. Сұрайын: қай тілегімді берер едің?

Дәмеш. Өзіңіз қай тілеуімді бермейді деп қорқасыз? *(Ғазиз түрегеліп қасына барып, қолынан ұстайды.)* Ақырын, біреу келіп қалмасын. Кәне, айтыңызшы?

Ғазиз. Менің жүрегімнің түкпіріндегі шын тілегім: өзіңнің басыңды сұраймын. *(Түріне қарап, қолынан ұстап тұрып.)* Осыған не айтар ең?

Дәмеш. Олай болса, сол тілегіңізді сұраңыз.

Ғазиз. Шын ба?.. Уағда ма?

Дәмеш. Вұныңыз қабыл болады. *(Қызарып, күліп.)* Уағда.

Ұзақ сүйіседі.

Шымылдық

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### I көрініс

Төлештің отауы. Дәмеш жалғыз.

Дәмеш (*хат оқиды*). «Қалқам, энеугіден кейін жолыға алмадым. Сағындым. Көңілімнің жалғыз жұбанышы — «уағда» деген бір ғана сөзің. Мақсұтым — бұрынғы. Өз көңлің қалай? Не ойлаған ойың бар? Үйлерің Байсалбаймен құда болып қойды ғой». (*Аңырып.*) Бұл өтірікті кім айтты екен? (*Оқиды.*) «Ырза емеспін деген сөзді айта алмадың ба? Іс мұндайға айналған соң, салақтық етуге болмайды. Біздің де қам қылуымыз керек. Саған енді бір жолығып ақылдасайық. Мына Рақыштан жауабыңды айтып жібер. Қош. Ғазизің!» (*Аз тұрып.*) Не дейді, құдай-ау!.. Шын ба, өтірік пе?

Рақыш кіреді, отырады.

### II көрініс

Рақыш. Оқып болдың ба, Дәмеш? Не жауап айтасың?

Дәмеш. Рақыш-ау, мұнша өтірікті қайдан үйренгенсіздер?

Рақыш (*аңырып*). Е-е, мына құдай не дейді? Қалқам-ау, қай арада өтірікші болып қалыппыз?!  
.

Дәмеш. Осы құда болып дегенді кім айтты сіздерге?

Рақыш (күліп). Е-е, тәңірі, мынаны айтады екен ғой. Оған өтірікші болар ма екенбіз?

Дәмеш (күліп). Болар ма екенбіз дейсіз-ау, болып отырып. Ол рас болса, мен неге білмеймін? Маған Қайша арамдық қылса, Күләш айтса керек емес пе? Әлі күнге маған бір ауыз сөз айтқан кісі жоқ. Бұларыңыз бекер.

Рақыш. Өзін басынан бір ауыз сөз естіген жоқпысың? Жоқ, бүгінгі болған істі білгем жоқ деймісің?

Дәмеш. Басында сұрағанын естігемін. Онда ырза емеспін, мені қажамандар деп бәрін де қойғызғамын. Сіздер жұрттың өсегін малданып жүрсіздер.

Рақыш (байсалданып). Менің сөзіме нансаң қайтеді, бала, осы?..

Дәмеш. Жарайды, ұялғаныңызға көрінсін.

Рақыш. Апыр-ай, Дәмеш-ай, енді көңіліңді жұртпайын деп, сонша білмегенсіп қашып едім, болмадың ғой. (Дәмеш ақырады.) Осы қарғыбауын әкеп отырса, құда бола ма, болмай ма? Анау үйдің жанына бір түйе, бір ат әкеліп байлап отырған кісі кім болушы еді?

Дәмеш (өңі бұзылып). Қойшы!.. Не дейсіз?.. (Аз тоқтап, жылап.) Өлген жалғыз апам емес! Маған жаны ашитынның бәрі өлгені де, бәрінің де жау болғаны ғой.

Рақыш. Қалқам, бұл жаулықпен істеген іс деймісің? Қазақ болған соң, қазақшылығы болмай тұра ма?

Дәмеш (жылап). Жоқ, мен қорғаны жоқ жан екемін. Қарсы айтар жауабы жоқ сорлы екем.

Рақыш. Олай деме, Дәмеш. Қорғаның неге жоқ болады? Өзге қорғамаса, біз қорғаймыз. Қазақ қай қызын ырзалығымен беруші еді? Бәрі де өлмейтін күнін өзі көріп жатқан жоқ па? Өзің ойлан, Ғазиз не дейді? Біз осыны естіген соң, әдейі өзіңмен ақылдасайық деп отырмыз.

Дәмеш (жағын таянып қатты ойланып отырып). Рақыш, бұл рас болатын болса, Ғазизге сәлем айтыңыз!

Рақыш. Мақұл, айтам, қалқам!

Дәмеш. Менің мұнда сенерлік кісім жоқ екенін көзіңіз көрді ғой. Ендігі менің жалғыз сенетінім Ғазиз. Сөйлесемін десеңіздер, ертең кешке үйдің артындағы тойғайдың түбіне ел жатқан соң келіңіздер.

Рақыш. Дұрыс, енді сөздің қысқасы осы. Өзің

уайымдама. Дәнеңе де ете алмайды бұлар. Не қылушы еді, тәңірі.

Дә меш. Әй, білмеймін... әйтеуір келсеңіздерші.

Рақыш. Құп, ал енді мен жүрейін. Хош бол, қалқам (шығады).

### III көрініс

Дә меш (жалғыз). Құдай-ай, бұл не деген қорлық! Күләштікі не? Кімге ақылдасамын? (Жылайды. Күләш кіреді.)

### IV көрініс

Күләш (бата алмай, ақырын қасына келеді, теріс қарап). Естіп қойды ма әлде? Естісе, маған өкпелейді-ау айтпадың деп! (Дәмешке.) Қалқам, неге жылап отырсың, Еркем?

Дә меш (үндемей отырыңқырап). Не қылушы едің, неменеге сұрайсың? Сүйсініп тұрмысың?

Күләш. Сәулетайым-ай, не дейсің? Маған неге сонша қатты сөйлеп отырсың? Бір нәрсеге өкпелейсің ғой өзің. Айтшы, қалқам! (Қасына отырады.)

Дә меш. Аңқаусымай-ақ қой. Апамды сен де ұмытқан екенсің. Өтірік кәдірлеп жүр екенсің ғой. Маған өзгенікінің бәрінен сенікі батты ғой. (Жылап.) Сенен басқа кімім бар еді? Қайтіп ұмытып, қайтіп жаулық ойладың?

Күләш. Сәулем, жаулық ойласам, жер жұтсын? Не жазыппын мен, кеселді айтшы, сәулем? Әлде кіші апам бірдеме деп от тастап кетті ме?

Дә меш. Қайша емес, оған кінәлі болмай-ақ қой.

Күләш. Енді кім?

Дә меш. Өзің де біліп отырсың, несіне сұрайсың, күйдіргің келе ме? Бәрің амалдасып, Аманбайға мені бермек болыпсыңдар ғой. Осыны білмедің бе сен? Білдің, білсең де айтпадың. Қастығың осы емес пе?

Күләш. Сәулем-ай, құдайшылыққа, осы сөзді Төлеш маған таңертең айтты, бүгін қалың мал әкеледі деп. Мен аузыма келгенді айтып ұрыстым, Еркем жылайды, ырза болмайды деп! Оған сен білмейсің, ырза, энеугіле

кісі салғамыз. Өзі көнген,— деп, аузымызды аштырмай қойды.

Дә меш. Не дейсің? Құдай-ай, мен кімге айтыппын. Ол өздерінің өтірігі. Мені Төлеш өйтіп алдамай-ақ қойсын. (*Аз отырып*). Ал неге таңертеңнен бері айтпадың сен?!

Күләш. Қалқатайым-ау, айтуға бата алмадым, жылайды-ау, ренжиді-ау деп (*Жылап.*) Әйтпесе сені жылатып, жаулық ойлап, мені не құдай атыпты? Жаңа жылап отырғаныңды көргенде, жүрегім тас төбеме шықты. Кеселділердің ішінде жасырысқан кісі болып мен де кетемін-ау деп.

Дә меш. Маған дұспан — тоқал емес, Төлеш екен ғой.

Күләш. Оған не деп өкпелесең де, өкпең сияды. Есінен неге айырылып жүр өзі?

Дә меш. Қарғыбау әкеп отырғандары рас па?

Күләш. Қарғыбау түгіл, қалың малын да әкеліп отыр. Сәулем-ау, сорақысының бәрі де шығып жатыр. Енді несін жасырайын: шоқ беріп, шоқ ал деп айтып жіберіпті кіші апам. Жаңа естідім: баласы сонымен айдап келіп отыр жаңа.

Төлеш, Демеужан кіреді.

## V көрініс

Дә меш (*аз отырып күрсініп*). Екеуін мені кім деп жүрсіндер осы, қас-қабағыма қараймысындар, жоқ па?

Төлеш. Қалқам, не дейсің, не нәрсеге ренжидің?

Дә меш. Қайшамен бірігіп не істеп жүрсіндер? Тоқалдың өз басының жаулығы жетпей жүр ме? Бәрін жиылып, садақа қылғандарың мен болдым ба?

Төлеш. Қалқам, өкпенді анықтап айтшы, мен әлі күнге сен ренжитін іс қылдым деп жүргенім жоқ. Сенің ырзалығыңа қарап жүрмін деп ойлаймын. Қатем болса — бар шығар, айт!

Дә меш. Ырзалығыңмен жүрмін деп аңқаусымандаршы! Мен бала емеспін, апам өлген соң балалықтан айрылғамын.

Төлеш (*Күләшқа*). Сен айтшы-ей, ұқтыршы! Дә мешке менің жазығым үлкен ғой, тегі?

Күләш. Әлі ұқпай отырсыз ба? Әнекүні кіші апам айтты ғой, Аманбайға ырза емеспін деп. Шешеніздің бұлдыратып жүргенін білмедіңіз бе?

Төлеш. Япыр-ай, не дейді? Құдай-ай, мына Қайша жер өртеді ғой, қайтермін? (Дәмешке.) Сәулем, сені шын жылатқан екем ғой. Қайшаның күндестігін ескермеппін ғой. (Құшақтап маңдайынан сүйіп.) Жаңылған екем ғой.

Демеужан. Өзің не ғылып жүрсін? Осы елде Аманбайдай ақымақ адам жоқ. Не ғып Дәмеш ырза болады дедің? Мен жоқта басыңды Қайша айналдырған ба, немене? Таз бауырын әулие қылып, Дәмешке тең қылып отырғаны. Бізді басынғандығы, асқандығы ғой.

Дәмеш. Екеуіңнің де құр сөздеріне ішім жылымайды. Ойласаңдар болмады ма? Кімнен састыңдар?

Төлеш. Қалқам, менің саған айтар сөзім жоқ. Құдай-ау, қайтемін енді?! Ел болса — партия, малды алып қойып отырмыз.

Демеужан. Партияның қара тиынға керегі жоқ. Жұрттың сөзінің тағы керегі жоқ. Қайша шыдатпаса — көреміз. Ана малын қайтарып бер.

Қайша кіреді.

## VI көрініс

Қайша (Күләш пен Дәмешке). Не ғылып отырсыңдар, екеуің осы үйден шықсаңдар жеп қоятындай болып. (Дәмешке.) Жүр анау үйге! Мына бір қатын ғой жыбырлап сөзуар болып алған.

Демеужан. Немене, тағы қырып-жойып келгенін, жұрттың бәрін жайпап?

Қайша. Тәйт әрі, қырсықпай! Қарсы сөйлегішін өзінің (Дәмешке.) Жүр, ей қыз, әулиесімей! Ертен қайның келеді, құда түседі, істейтін іс бар.

Демеужан. Қайша, тегінде тілінді тарта сөйле, Дәмеш бармайды. Қайның деп естіртіп, қуанта қояйын деп тұрған шығарсың. Жынды баурыңа тимейді, естіп ал! Ана малын қайтарып бер. Дәмеш сенің бұлдыратқанына беріп жіберетін мал емес.

Қайша. Не оттайсың, өңшең қуарған? Қайтіп тигізбейсің сен? Қыздың иесі сен шығарсың?! Ертен қолынан ұстап жетектетіп жіберейін. Алшы менің қолымнан!

Төлеш. Шаптыкпа енді, Қайша! Дәмеш бармайды, Демеужанның сөзі рас. Үндемеген сайын қалай-қалай басынасын? Сенің жаулығын жеткен жоқ па маған? Дәмешті қалайша бұлдыратасын сен? Күннің қызы ма еді ол? Өйтіп қолжаулық қыла алмайсың! Байсалбайдың маған керегі жоқ. Ерегіссе, Әбділдәға жүре берсін.

Күләш. Тіпті жуас жүйе жүндеуге жақсы деп.

Қайша. Кәне, сендердің айтқандарыңның болғанын көрейін енді! Осы қызды бермесем, атым өшсін!.. Тілдерін шығаруын бұлардың! (*Дәмешке жүгіріп, қолынан ұстап.*) Жүр, кеселді күң!

Дәмеш. Бармаймын, аулақ жүр!

Қайша (*айқайлап*). Ойбай-ай, тілдері шықты ғой мыналардың! Тілдерінді кесейін мен сендердің. (*Ұруға ыңғайланады.*)

Дәмеш. Төлеш, тарт мынаны!

Төлеш (*Қайшаны ұстап алып*). Әлі неге құтырдың сен осынша? (*Иығынан жұлып жіберіп, шалқасынан түсіреді.*) Қайтер екен десем, шыдаған сайын төбемді ойып өлтірдің ғой.

Қайша (*жарыса айқайлап*). Ойбай-ай, өлтірді, Есендік, мына күндестің балалары! (*Шаршысын жұлып алып, шашын будыратып.*) Өлдім... өлдім, адыра қалғыр қайдасың! (*Үйден жүгіре шығып, есіктің алдында.*) Көптеді ғой, ойбай!..

Төлеш. Сенен-ақ өлдім ғой, қырғызып ал мені!

Есендік пен Қайша кіреді.

Қайша. Естідің бе, қуарған, ананың сөзін? (*Есендікті итермелеп.*) Кеселді, өл, ойбай, қолдарыңда!

### VII көрініс

Есендік (*Төлешке*). Не ғылдың-ай, иттен туған?

Төлеш. Мен сенен туғамын, кім жазалы екен, әуелі тексер, тоқалдың жасақшысы болмай?

Қайша. Сенің сақалыңды да талдап жұлғалы тұр. Түрін көрмеймісің, ойбай?!

Төлеш. Сен қатындікі жеткен, қысқарт енді!

Есендік (*жерде жатқан шоқпарды алып, Төлешке жүгіріп*). Жоғалт көзіңді, жер жұтқыр арам! (*Ұрады.*)

Менің қатыныма кім деп қол жұмсайсың? (Қайша да жүгіріп жүріп ұрады.)

Демеужан (Қайшаны жұлып айырып). Өлтіруші ме едің бәрің бірдей? Тартыңдар қолдарыңды!

Күләш (Жылап). Құдай-ай, бұл не деген сұмдық? (Төлеш шоқпардан ұстасып жүреді.)

Есендік (шоқпарды жұлып алып тағы ұрады). Өлтіремін сені, көзің жоғалтамын, тумай кеткір!

Дәмеш. Аға-ай! Тоқалға болысып, бәрімізді ұрдың ба?

Қайша. Қуарған Есендік, өлтір (Есендік ұрып жүреді).

Демеужан. Тарт енді! Саған қарсы келген бала жоқ. Төлеш, жұлып ал, аяйды деп тұрмысың? (Жүгіріп, шоқпарға жабысады.)

Есендік. Иттер, таландар мені де! Бауыздаймын екеуіңді де! (Тағы ұрады.)

Төлеш. Ай, құдай-ай, өлдім ғой! Неменеге есірдің әлі?!

Шоқпарды жұлып ала береді,

Есендік тартысканда шоқпар шекесіне тиіп, қан ағады.

Қайша. Сорлы-ай, көзіңді ағызады ғой, басыңды жарып жоса қылыпты ғой. (Есіктен шығып бара жатып.) Көрдік-ау мынаның баласынан!

Демеужан. Не десең — ол де, кетші үйімнен! Әкеге қол көтермегеніміз құдайға да, өзімізге де аян.

Қайша (тыста айқайлайды). Кеселді малшылар, қайдасыңдар, түге? Шақыр Бейсембіні, шақыр елдің бәрін! Есендік, шақырт, қаныңды көрсет, өлтірт, бауыздат, ойбай!!!

Есендік (қатты). Шақыр Бейсембіні, ағайындарымның бәрін шақыр, қоңыз тергіземін бұларға, не бауыздаймын!

Дауыс. Бай, қайда бар дейсіз? Құдай-ай, не болды? Бұл не деген сұмдық!

Қайша {  
Есендік { Ұш, шап! Бәрін шақыр!

Қайша. Күндестің балалары бірігіп алып, Есендік пен Қайшаның басын жарды де! Өлтіргелі сабап жатыр де. Ұш, ойбай, ұш!

Бұл уақытта үйдің ішінде Күләш, Дәмеш жылайды. Төлеш, Демеужан түсі суып, томсарып отырады.



## VIII көрініс

Күләш (*жылап тұрып*). Ойбай-ай, не істедіңдер? Бет-аузының бәрін қан басып кетіпті ғой. Қу тоқал-ай, түпке жеттің-ау!

Демеужан. Ағайын жиылсын, біз де айтармыз. Біз мұнша неге сорлы болады екенбіз? Үрейлерің ұшпай-ақ қойсын?

Төлеш. Тоқал дегеніне жетті. Ел-жұртқа не айтамын енді? (*Тым-тырыс.*) Жә, енді не айтарымыз бар? Келетін ағайын тілімізге нанады, сөзімізді мақұлдайды деп отырмысың? Тоқалдың табан астына енді әдемілеп түссін. (*Демеужанға.*) Қой, тұр, сен Әбділдәға бар, тез келсін. Менің ендігі жақыным — Әбділдә!

Демеужан (*түрегеліп*). Рас, бұ да ақыл екен. (*Жөнеледі.*)

## IX көрініс

Төлеш (*Дәмешке*). Қалқам жылама, қайт дейсін? Құдайдың қай салғанына көнбейміз? Міне, әке дұшпан болғанын да көріп тұрмыз. Әкені сабаған кісі болып, енді келетін жұрттан не көрер екеміз?

Дәмеш. Кеселді Қайшаның дұшпан екенін жана біліп пе едің, ағатай?!

Төлеш. Ендігінің керегі жоқ. Біз енді бұларменен отаса алар ма екеміз? Тоқал тоздырды ғой!

Күләш. Құдай-ай, өзгеден бұрын, Әйнекемнің бетіндегі қанды қайтесіңдер? Жұртқа не дейсіңдер? Тоқалдың іздегені бір пәле еді. Мұрадына жетті, әйтеуір!

Төлеш. Бұл — бұл ма, тоқалдың айтқаны болып отырса, аз күнде әрқайсымыз әр сайда отырамыз, әлі тоқтай тұрындар. (*Аз тым-тырыс.*) Дүниеде үй ішіндегі дұшпаннан қиын жау бар ма екен? Өз сорыңа арнап асырап отырған үй ішіндегі жылан ғой ол. Қай жағыңнан қайтіп торып отырғанын қайдан білесің? Жатқан төсегіңнен шыға ма? Отырған орның, ішкен асыңнан шыға ма?

Дәмеш. Бұл күнге шейін осыны айтып жүрген апамның сөзін еледіңдер ме? Бүгін басқа тигенде ғана біліп отырсындар ғой. Тоқалды асырып жүрген осы момындықтарың ғой. Біз емес, әке істеген іс болған соң, не

шара бар? Енді тоқалдың қуғаны — кегі болса, оған қосылып Бейсембінің қуғаны Есендіктің мал-басын билеу, қайттік?

Күләш. Осы рас сөз ғой. Ендеше бұл күнге дейін неге ескертілмеген?

Төлеш. Осы үйдің мал-басының қожасы кім?— Жалғыз Бейсембі, одан соң — Қайша. Екеуінің ойлап жүргені де бұл үйдің берекесі емес, өздерінің мақсаты. *(Тым-тырыс)*. Дүние-ай, айналамыз толған жауыздық, қастық болып кетті-ау! Ылғи дұшпанның арамдығы мен қулығына шырмалып бітіппіз ғой.

Қатын кіреді.

### *X көрініс*

Қ а т ы н *(аз тұрып)*. Дәмеш, сені әкең шақыртып жатыр, қалқам. Шақырып кел, қорықпасын, мені сабаса — Төлеш пен Демеужан сабады; Дәмешімді қорқытпаймын, үрікпесін, мен әкесімін. Олардың қасында отырмасын. Бәтімәден қалған жалғыз исім сол, алып кел, иіскеймін деп жатыр. Барамысың, қалқам? Айт деген сөзін айттым әйтеуір!

Төлеш *(Дәмешке)*. Қалқам, барғың келсе — бар, заман бұзылса, ондағы күнді көерміз. Біз болмасақ, сенің жазығың жоқ қой. Тоқал тиетін болса, қайтып келерсің.

Дәмеш пен қатын шығады.

### *XI көрініс*

Күләш. Мына сөздері рас болса, әйнекем сендерге көрін тіге қоймас. Тоқалдың кесірінен болғанын өзі де білмес деймісің?

Төлеш. Енді көрін тікті не, тікпеді не? Құдайдың бір салғанын көреміз. Бізге де ағайын табылар, қайтеміз.

Әбділдә мен Демеужан кіреді, сәлем беріп амандасады.

### XII көрініс

Төлеш. Ақсақал, әңгімені бастан-аяқ естіген шығарсыз. Құдайға да, өзімізге де аян. Қанша сабап жүрсе де, қол көтеріп ұрайық деп ойлағанымыз жоқ. Жалғыз-ақ Қайша «ұр» деген сайын ұра берген соң, қолындағы шоқпарды ала берем дегенде, шекесіне тиіп кетті. Сізді құдайшылығын айтсын деп шақырттық. Сізден басқа дос табылады деп отырғанымыз жоқ.

Әбділдә. Балам, мен бәрін естідім. Тіпті сол төбетті әдейі ұрсаң да, жазықты емессің. Сақалы шошаңдап, бір көкайыл тоқалдың тіліне еріп, саған неге сойыл ала шабады? Сен құл-құтананымысың? Енді ешкімнен үркіп қорықпа!

Төлеш. Ақсақал, менің ендігі ойлап отырғаным мынау: бүгін жиылған ағайын аузына келгенін сөйлеп, Қайшаның сойылын соғып, біздің еселі сөзімізді тындамай кетеді ғой. Одан соң бұл іс біздің бетімізге таңба болып, сүтке тиген күшіктей жексұрын болармыз да отырармыз. Одан да бүгін осылардың қасынан көшіп кетіп, есемді артынан қуып алсам қайтеді?

Әбділдә (ойланып). Бұ да дұрыс сөз екен. Бүгін бұлардың алдында кішірейме. Ертең өзімнің қасыма кел. Содан соң есең кетпейтіні мәлім ғой. Тиіп алсам да алып беремін. Сенің есең кетуші ме еді бұларда. (Қырын қарап.) Бұл барса, сайлауда жеңемін. Менің іздегенім осы емес пе? Бейсембінің артын ашатын болсам, одан артық не олжа бар?! (Төлешке қарап.) Бүгінгі осы ақыл дұрыс екен.

Демеужан. Иә, енді осыдан артық амал жоқ. Мұндағы өз басы қастық ойламас деген жақының — әкең болса, ол да көп дұспанның ортасында, солардың шоқпары болып отыр.

Бейсембі кіреді.

### XIII көрініс

Бейсембі (Әбділдәні көріп, аз ойланып, Әбділдәға). Біздің сөйлесетін сөзіміз бар. Сен анау үйге бара тұр. Мұнда сен кірісетін жұмыс жоқ. Бұл араға сен килікпейсің.

Ә б д і л дә. Мен ондай сөзді ұқпаймын. Бәйбіше баласы — менің туысқаным. Оның сөзіне мен кірісемін. Айт билігінді, айт әділетінді, мен көріп отырамын.

Бейсембі. Туысқанымның ісін өзім тексеремін. Жат болып кеткен жауды отырғызбаймын. Жаттың сыншысының керегі жоқ. Бұл үйден шық. Қылқиып іздеп келіп отырғаның пәле ғой тағы.

Төлеш. Әбенді мен алғызып отырмын. Жүректерінде құдайшылық болса, қайта осының алдында айтындар, мен сөздерінді естірткелі алдырып отырмын. Бұл кісі шықпайды.

Бейсембі (*Төлешке ашуланып*). Оңбаған, құдай жүзін көрмегір, сенің алдыңғы сұмдығың жетпеп пе еді? Қолың батып әкеңнің басын жарып отырғаның — анау. Қанішер арам болғаның аз болды ма? Енді арамдығыңды қостауға, әділет айтқан кісімен жауласуға мынаны алдырып отырсың ғой. Боқты сүйеу болар саған осы! Пәленің үстіне пәле туғызғың келген екен, сенің бойыңды өшірермін! Жоғалт көзінді қазір! Сенен айрылған күні өліп қалсам, көрерсің.

Төлеш. Бейсембі, маған ара ағайын болатын болсаң, ұрып-ұрыс. Болмаса, әдетіне тартып, Қайшаның жасақшысы болатын болсаң не қылдың, неге істедің демей-ақ қой! Құдайшылық сөзге нанбайтын жасақшыға берер жауабым жоқ.

Бейсембі (*ақырып*). Сен иттің сөзіне нанбақ түгіл, тындайтын да кісі жоқ! Сен арамда не қасиет қалды? Кісі нандырып, шын сөз сөйлейтін немене ар қалды? Осынша істі істеп отырған сенде не иман бар?

Ә б д і л дә. Сен енді өректімей, қылатыныңды қылшы! Бәрің жиылып тоқалға шоқпар болып келіпсіңдер ғой. Жетім-жесір қорғансыздарың — бәйбішенің баласы болыпты ғой. Кәне, сен қорғансыз қылшы осыларды!

Төлеш. Енді маған қылатыныңды қыл! Онан басқа айтар сөзім жоқ. Мен тоқалға жінішкеріп, астына түсе алмаймын. Бүгінгі күнде тоқал да бір, сен де бірсің.

Бейсембі. Олай болса, көш кәзір! Мен сені көшіргелі келдім. Сенің мұнда елің жоқ екен ғой, еліңді тап! Кет, қазір, жоғал енді, арам! Біз сен кеткенде өліп қалсақ, көрерсің. Сенің арамдығың белгілі. Мына арамды сол арамыңды қостатқалы шақырып отырсың ғой. Кет енді.

Ә б д і л дә. Сенсіз-ақ ертен көшкелі отыр. Рас айта-

сын, мен қостағалы келдім, қостаймын. Есесін алып берем. Қозы бұты — қой саны қылып тентіретіп жіберетін шығарсын.

**Бейсембі.** Тентіремек түгіл, қоныз теріп жесін, сен есесін алып берерсің!

**Әбділдә.** Алып бермесем, көрерсің! Кіші шешенің баласы қылып жібере аларсын! Жіберу соңы қаралас, артыңа қара! Бұл менің істеп отырған ісім.

**Бейсембі.** Саған еріп жүргенде есе берсем, атым өшсін! Қуарған, ел-жұрттан безген қан шелек! Қырыма салмай жүрген шығармын. Алдымен саған қылармын! *(Бейсембі шығады.)*

**Әбділдә.** Ендеше басыңа мұның үстіне мың пәле жауғызбасам, менің де атым өшсін! Екі үйіңе бір қазап астырармын, тұра тұр! Пәлемен шоқтықтанатынымды көрсетермін!

**Шымалдық.**

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### I көрініс

Түн. Ауылдың сырты, тоғай. Ойын бөлмесінің бір бұрышынан боз үйдің бір жақ сырты көрініп тұрады.

Бейсембі (*жалғыз отырып*). Есендік үйінің шырқы бұзылып барады. Көлденеңнің көзіне сәгісті болатын, өрескел істер көбейіп кетті. (*Тым-тырыс.*) Бірақ не қылмақ керек? Барлық дәулет осының қолында. Партия істесең, мұны кірістірмей, іс өнбейді. Кірістіргенде қатарыңа жүруге жарайтын біреу жоқ. Бастығы Есендік болып, ел келесі былай тұрсын, өз атының басын да алып жүре алмайды. Бәйбіше баласын сүйейін десем, ұстауға ауыр, бетінді үнемі ұғып отырмайды. Жөн білмейтін олақтығының үстіне, кей уақытта сөзге көнбейтін семіздігі де бар. «Бәйбіше баласымын» деген кеуде бар. Тоқал баласы болса, оның да шаласы көп, дүние көрмеген малқор да ақылы аз. (*Тым-тырыс.*) Бірақ мұны ұстау жеңіл. Уысымнан шықпайды. Түбінде атаның дәулеті осында қалған соң, бұл шаңырақта менің үлесім көп қой. Мұндайлық мол дәулетті бұлардың әрқайсысына билеткенше, өз билеуіме керек. Олай болса, енді Қуатжанды ұстайын. Осы партияда жеңсем, болысқа да соны қояйын. Бір жағынан Есендік, Қайша қолымда болсын. Екінші, ел көзінде жас бала болып жүре берер. Түбінде мұндай шымылдық әрі іске, әрі есепке қолайлы екен.

Қайша шығады.

## II көрініс

Қайша. Үй ішіне айналып кешігіп қалғаным. Қадір білмейтін жаман қатын деп ұрсып отырмысың әлде? *(Қасына жүресінен отырып, қолын ұстайды.)*

Бейсембі. Ұрсуымды сен көтеремісің. Мен түгілі, байыңа да ерік бермей жүрген қатынсың. *(Күледі.)*

Қайша. Бай деп несіне көлденендете бересің бір қортық шалынды! Сенің басың болмаса, мен Есендікке тұрар ма едім?

Бейсембі. Кәпір-ай, өз есебінді ұмытатын күнің болсайшы! Тағы алдағың келіп отыр-ау! Бәріміздің шөкемізге сен отырып жүрсің ғой осы. *(Күліп тамағын ұстайды.)*

Қайша *(күліп)*. Қарағым-ай, оның несін айтасың. Сен де қара жерге отырып жүрген жоқ шығарсың. Екеуіміздің бірлігімізден залал көрдім десең, құдайыңа шет боларсың. Біріміздің сырымыз бірімізге мәлім ғой.

Бейсембі. Жә, оспақтамай-ақ қой. Өзің осынша пәлені қайдан үйрендің, соны айтшы? Бүгінгі сырың да белгілі ғой. Кінәлі Төлеш емес, сен екенінді біліп отырмын.

Қайша. Жау айтатын сөзді айтпай отыршы, төрем! Пәлені маған үйреткен не дейсің?

Бейсембі. Немене, айтшы?

Қайша. Пәлені үйреткен — күндестік. Ағайынға қадірлі, байға сөзі өтімді, ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс, аюдай ақырған төркіні жуан күндесің болса, өзің қайтер едің? Кіші қатын мен болдым, тепкіні көрген — мен. Қеше соның денесі қара жерге кіргенге шейін, азадан бойым сергіген күн болды ма екен?

Бейсембі. Есендікті өзіңе қаратып алған соң да азалы болып жүрдің бе?

Қайша. Қаратқанмен, не керек, Бәтімәні маған жығып берді ме ол? Бүгін менің сөзімді тындаса, ертең оныкін тындап отырған жоқ па? Былқ-сылқ етіп, Бәтімәнің зорлығы менен өтіп, төркініме жеткен жоқ па? *(Тым-тырыс.)* Жә, енді әлгі сөзді сөйлесейік, Қуатжан қайда жүр? *(Шақырады.)* Қуатжан, әй Қуатжан, бері келші. *(Бейсембіге.)* Ертең ана елден қайтқанда біздікіне қон. *(Құшақтап сүйіп.)* Сенің үйіндегі майысып тұрған сұлуың да белгілі ғой. *(Күледі.)*

Бейсембі. Енді сонымен де күндес болғың келді ме? Ту, сарамас! (Күліседі.)

Қайша (күліп). Күндестік бәрібір күндес, неменесі бар? «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп неге айтты дейсің кеше кіші бәйбіше?

Қуатжан шығады.

### III көрініс

Қайша (Қуатжанға). Бағанағы сөзді бүгін істегелі отырмын. Соған екеуіңнің айтар ақылың бар ма? Соны білейін деп едім.

Қуатжан. Оған айтатын сөз болса, Бейсе-ағам айтады да.

Бейсембі. Менің бөтен айтар сөзім жоқ. Қызды әке билемегенде, кім билеуші еді? Есекең ырза болса, солай болсын. Бірақ ешкімге сездірмей істендер. Байланар сөз байланған. Төлеужанның ақымақтығына кім ерік береді.

Қайша. Дұрыс енді, бұл сөз бітті.

Бейсембі. Қуатжан, сен менімен бірге жүр. Екіншіден, елдің біраз сөзі бар еді, енді осы сайлау өткенше ат үстінде менің қасымда бол. Елдің сөзін ұстап әдеттене бер. Мен ойлап-ойлап, осы сайлауда жеңсем, сені болыс қойғалы отырмын.

Қайша. Ер ағанның қасына, қарағым! Сен болмағанда, Төлеужан арам бола ма болыс! Әкеден туған ұл — сенсің.

Қуатжан. Дұрыс. Олай болса, түн болып қалды, жүрейік.

Бейсембі. Жүр.

Бәрі тұрып киінеді. Біраздан соң домбыраға қосылып салып келе жатқа күзетшінің әні естіледі.

### IV көрініс

Сарғайып сары белден таң атады,

Ақ құба бидай өнді түн қатады.

(Ойын бөлмесіне шығады.)

...Шыдайды жігіт қайтіп ұзақ таңға;



Толықсып сары майдай қыз жатады,  
(Ысқырады, айтақтайды.)

Күзетші. Е-е!.. Бүгін. Дәмештің тамыры келеді. Ғазиз бүгін айт десе де, айтпадым. Маған келер пайдасы жоқ, несіне айтайын жылпындап. Өзі де келетін болса, ел жатпай келіп қалар. Беретінін қолыма алып отырып айтпасам, ақысыз-пұлсыз жеңгетай болып азабым не? (Аз тым-тырыс.) Дәмешпен болған жігіттің арманы не екен? Жарайды, оның есесін мен де толық қылып алармын. Ғазиз екі туып бір қалғаным емес. (Айтақтайды. Тоғай жақтан біреу ысқырады. Күзетші селк етіп шошып қалады.) А-а-а... Келіп қалды ма? (Тоғайға қарап, ақырып тұрады.)

Ғазиз шығады.

## V көрініс

Ғазиз (қасына келіп). Ел жатты ма? Дәмеш қайда?

Күзетші. Дәмешті әуелі қоя тұр, мырза!

Ғазиз. Немене, айнып қалғанбең, шіркін?

Күзетші. Айнып неге айныын? Өзің нық болсаң, мен айтқан жерімнен табыламын ғой. Жеңгетайлық мығым ба?

Ғазиз. Бөгеліп тұрғаның жеңгетайлық па? Шіркін, ол жағынан күдіктенбе? Ырзалаймын. Өзің айттың ба Дәмешке?

Күзетші. Айту қашпайды ғой. Ел әлі жатқан жоқ. Мені осы арада ырзалашы өзін. Қазір сөйлесіп шығайын.

Ғазиз. Шіркін, нанбадың ғой (қалтасына қолын салады). Жігіт емес екенсің ғой.

Күзетші (алуға ыңғайланып). Жоқ, қалқам, нанамын ғой. Бірақ әншейін бұл арада ала алмасам, іздеп жүре алмаймын ғой деп жатырмын.

Ғазиз. Неменеге ырза боласың? (Он сомдықты алып шығады.)

Күзетші. Мырза, құдай білсін, өзің білсеңші. Сіздей мырзаларға пәлен бер деп не айтайын? (Күліп.) Әйтеуір ай мен күндей қарындасымды беріп тұрмын ғой.

Ғазиз. Мә ендеше! (Ұсынады.)

Күзетші (ақшаның бір шетінен ұстап). Бұның не-  
мене? Ақша танымаймын.

Ғазиз. Он сом, бола ма?

Күзетші (қойнына тығып жіберіп). Жарайды,  
болады. Енді мен сөйлесіп шығайын. Қазір шықсын ба?

Ғазиз. Қазір шықсын.

Күзетші кетеді.

## VI көрініс

Ғазиз (жалғыз). Аманбай тазға сүйгенімді беріп  
жібергенім сүйегіме мін емес пе? Байсалбай аулы әрі  
өзімізге қарсы жау. (Дәмеш шығады).

## VII көрініс

Ғазиз (қарсы жүріп, сүйіп). Қалқам, үйлерің жат-  
ты ма? Мына тоғайдың түбіне барайық.

Дәмеш (үркіп). Ақырын! Тұра тұрыңыз, үй әлі  
жатқан жоқ. Мені қазір босатыңыз. Үйдің іші жатқан  
соң қайта шығайын.

Ғазиз (құшақтап тұрып). Менің бүгін сөйлесейін  
деп келген сөзім көп. Үйден біржолата дайындалып шық.  
(Тоғайға таман екеуі құшақтасып жүреді.)

Дәмеш. Туһ?.. Жеделдетіп кеттіңіз ғой. Тұра тұры-  
ңыз әлі, сүт көп, көмір аз.

Ғазиз. Дәмеш, кең жатырсың ғой өзің. Кеше мені  
үркітейін деп пе едің әлде?

Дәмеш. Рас, асып-сасып үркіп келіп тұрсыз ғой.  
Кешеден бері дүниенің неше қилы болғанын білдіңіз бе?

Ғазиз. Білдім ғой. Бірақ оның түбінен бізге пайда-  
лы не шығар дейсін? Қанша араз болысқанмен, әкеден  
бала кетуші ме еді? Қайтадан тағы табысады. Оған біз  
несіне қараймыз? Кешіге берсек, Байсалбай аулы малын  
беріп, құда түсіп те қояды.

Дәмеш. Ол алып кетеді екен деп қорықпай-ақ  
қойыңыз. Төлештер оған беретін емес. Малың қайыртқа-  
лы отыр.

Ғазиз. Жоқ, Дәмеш! Оның — балалық. Төлештер  
Бейсембі мен әкесінен кете алмайды. Одан кете алмаған

сон, Байсалбайдан да құтыла алмайды. Байсалбайды құда қылып жүрген Бейсембі. Ол барын салса да, Байсалбайды аламын деп жүрген кісі. Сені бергізіп отырғандағы мақсаты не ғой дейсің?

Дә меш. Иә... айта беріңіз.

Ғазиз. Бүгінгі күні Төлеш түгіл, Есекен бермеймін десе де көнбейді. Тырнағын бір іліп алды, енді жазылмайды, Бейсембі — осы елдің жуаны. Туысқан болса да, сенің әкелерің одан қорқады. Ел оның қолында. Содыр-сойқанды нелер бүліктер соның артынан жүреді. Сенің әкелерің көнбесе, зорлық қылады.

Дә меш. Қайдан зорлық қылады. Қайша мен ағам не айтса, соған ұшып тұрады.

Ғазиз. Оны жұбаныш қылмай-ақ қой. Бейсембі сыртқа солай, ол істеп жүрген қулығы. Шынға келсе, көзін алартып, қазір қорқытады. Есекендердің ырзалығына ол қарамайды. Сені берерде Байсалбаймен әуелі өзі сөз байлаған жоқ па?

Дә меш. Ал аяғында айтып-айтып келіп, өзіңіз бүгін мені алып кетемін дейсіз ғой?

Ғазиз. Иә, кетпесем болмайды. Мұнда біз күтетін дәнеңе де жоқ.

Дә меш. Енді тұра тұрыңыз, мен ойымдағымды айтайын. Менің кешегі Төлешке өкпелегенімнің бәрі теріс екен. Жазықты кісі — Төлеш емес, тоқал болды. Бүгінгі шатақтың бәрі сонан шығып отыр.

Ғазиз (*құшақтап*). Иә... кешегі сенің Рақышқа айтқан сөзің шатақ шығармайтын сөз емес қой.

Дә меш. Жарайды, менің көріп жүргенімді оңай дейтін шығарсыз? (*Ғазиз қысып сүйіп тұрады. Күзетші шығады.*)

### VIII көрініс

Күзетші. Сүйісіп тұрғандарын қарашы, әттен... (*Тамағын кенейді. Ғазиз, Дә меш шошып айрылысады.*) А-а-а, қорқа ма екесіңдер?! (*Күледі.*)

Ғазиз. Айта бер, Дә меш! (*Күзетші ыңырсып ән салып өтіп кетеді.*)

Дә меш. Сонымен енді Төлеш Аманбайға қандай күн болса да бермеймін дейді. Оның үстіне бүгін мына-

дай жұмыс болып, ағаммен де көргісіз болып отыр. Бәрі мен үшін, менің жылағандығымнан. Ал енді осындай жұртпен түгел ұстасып отырғанда мен кетіп қалсам, Төлеш не дейді.

Ғ а з и з (*ойланып*). Иә, бұ да қисынды сөз. Бірақ Төлеш өмір бойы кетіп қалады дегенге мен сенбеймін. Ертең-ақ табысады. Сол күні тағы Байсалбайдан айрылыса алмайды. Менің қорқатыным осы жағы.

Д ә м е ш. Ол күнді қоя тұрыңыз. Егер олай болатын болса, сол күнде-ақ қам қылармыз. Бүгін кетсем, тіпті өмір бойы Төлештің бетін көре алмаймын ғой. Мен үшін жанын отқа салып отырғанда, басын тағы бір пәлеге салып кетсем, қарызы менің мойнымда кетпей ме? Онда елдің де бар күнәсі менде болмай ма? Жұрт тіпті өзіңізді сөкпей ме, сондай есі жоқ қызды неге алған деп?

Ғ а з и з (*күліп*). Япыр-ай, сөзің ұтықты болып барады ғой. Мені женесің-ау осы сен.

Д ә м е ш. Сізді жеңіп, шешен болмай-ақ қояйын. Бірақ ойланбай баланың ісін істеп, ел-жұртқа сөгісті боламыз ба деп қорқамын. (*Бір-бірінің көзіне қарап*). Ал енді мен үйге барайын.

Ғ а з и з. Біржолата ма? Әлі айтатын сөзім бар. Тез шығатын болсаң, бар.

Д ә м е ш. Бүгінше менің ақылыма көнсенізші, Ғазиз. Бір жолға жеңілсеңіз де ештеңе етпес. Сізді жеңіп бәйгі алайын деп тұрмағаным өзіңізге аян ғой. Ал үйге барамын. (*Жүреді.*)

Ғ а з и з. Тоқта (*қасына келіп құшақтап*), шығамысың?

Д ә м е ш (*күліп*). Шықпаймын.

Ғ а з и з. Шықпасаң, жібермеймін. Әдейі ат сабылтып келгенде, тым болмаса, бір түнді қимаймысың. Шық, мен былай тұра тұрамын. Жарай ма?

Д ә м е ш. Жарайды. (*Сүйіседі, екеуі екі жаққа, бір-біріне қарасып кетеді.*)

## IX көрініс

Аз уақыт өткен соң, тоғай жақтан Аманбай, тағы екі жігіт бұғын шығады.

I - жігіт (*Аманбайға*). Мынау жатып қалған үй емес пе, Аманбай?

**Аманбай** (*қорқып*). Үйге жақындама! Жүрегім лүпілдеп тұрғанын қарашы. Жатып қалған-ау деймін. (*Бірінші жігіттің артына бұғып.*) Қайтсақ қайтеді?

**I - жігіт**. Жынды ма?! Қайтқаны несі, әдейі келіп тұрып?

**Аманбай**. Әдейі келді деп, ұстап алса, қайтесің?

**I - жігіт**. Кәпірдің сағын! Неге келдің ұстап алады десен? Ұстап алса, басыңды алар деп тұрмысын? Біреудің қатынына келіп тұрған жоқсың, өзіңнің қалыңдығың.

**Аманбай**. Жоға, әншейін қалжындап. А-а-а... әншейін айтамын.

**II - жігіт** (*күліп жіберіп*). Шіркіннің қалжыңқойын. Екі асығыс бір қарбаласта қайтайық деген қалжың бола ма екен?

**Аманбай**. Жарайды, тәлкек қылмандаршы.

**I - жігіт**. Өзіңе бағанағы барған кісі не деп еді? Ел жатпай келсін деп пе екен?

**Аманбай** (*жалтақтап*). Не деп еді дейсің бе? Ел жатпай келсін, өзім қызды шығарып тұрып, қолынан жетектетіп жіберемін депті Қайша, айтпесе ертең көшіп кетеді депті.

**II - жігіт**. Көшіп кетеді десе, неге қайтайық дейсің? (*Күліп*). Дәмеш керек емес қой тегі өзіңе. Басқа жерден тапқан сұлуларын да бар ғой, тегі, жылпуырынды неме?!

**Аманбай**. Е-е... Қыз табылмайды дейсің бе?

**I - жігіт**. Мынау үй жатқан жоқ екен. Енді әдейі келген соң, сабыр қылып отыра тұрайық.

**Аманбай**. Отырсақ отырайық. (*Қонаңдап*). Бірақ біреу көріп қоя ма деп, қорқып отырмын.

**I - жігіт**. Қайтесің бұны енді? (*Етегінен басып отырғызып.*) Қопандамай, отыршы өзің? (*Тым-тырыс.*) Ой, Қуатжан біле ме екен осыны?

**Аманбай** (*жалтақтап*). Қуатжан дейсің бе? О да білген-ау деймін.

**II - жігіт**. Оны қайдан білдің?

**Аманбай**. Оны қайдан білдің дейсің бе? Бағанағы келгең кісі Қуатжан сәлем айтты (*жалтақтап*), бүгіннен қалса, қыздан айрыламыз деп айтты деді ғой. (*Күзетші алыстан айтақтайды. Аманбай шошып, тұра жөнеледі. I - жігіт етектен тартып, жібермейді.*) Жүріндерші, ой, жүр, қатыныңның керегі жоқ, әбден тіпті...

Қайша шығады.

## Х көрініс

І - жігіт. Ой, антұрған. Әне, Қайша келе жатыр.

Аманбай. А-а-а... *(Бұрылып, Қайшаға қарсы жүгіріп.)* Қыз қайда? Қыз қайда? Алып жөнелейік, біреу-міреу көріп қоймасын.

Қайша. Тәй әрі, аусарланбай! Не қылып құтырып жүр өзі? Есіл қыз-ай саған қор болған!

Аманбай. Жоға, мен әншейін... қалжың... *(Екінші жігітке қарайды.)*

II - жігіт *(күліп, ақырын)*. Құдай атсын!

Аманбай. Әншейін ғой...

Қайша. Мына немені неге әкелгенсіңдер өзін елпеңдетіп?

Аманбай. Не ғыл дейсің енді? Өзіңнің берем деген қызыңды сұрағаным ба жазығым?

Қайша. Ой, ісің құрысын, есалаң неме, жынды көбелек секілденбе!

Аманбай. Е-е... Әбден тіпті...

І - жігіт. Оны не қыласың, Қайша! Өзінің үрейі ұшып тұр, дегбірі қашып. Баланы шығарып бере аласыз ба бүгін?

Қайша. Шығарып беремін. Тек әлі үйдің іші жатқан жоқ. Сендердің келгендерінді білейін деп шықтым. Кішкене тоса тұрындар. *(Аманбайға.)* Адыра қалғыр, сені қыздың теңі екен деп бергелі жүргенім жоқ-ау! Әншейін үйіндегі кемпір-шалдың құрметі ғой. Қарғайын десем — жалғыз, қарғамайын десем — жалмауызсың ғой сен. Және күндестің баласының бойы өспесін деп жүрмін ғой. Сен қор, берсем де айрыласың ғой бір күні. Мен оны білмей жүрмін бе?

І - жігіт. Дәмеш қай үйде еді өзі?

Қайша *(жақындап бәрі бір арада тұрып сөйлеседі. Бір жақтан күзетші шығып, ертеп бір жерге тығылып сөзге құлағын салады)*. Қыз бағанағы жанжалдан кейін өз үйінде отыр еді. Күндіз Қуатжан екеуміз Есендік жіберген кісі қылып, бір қатынды жіберіп, шақыртып алдық. Содан бері өз үйімде. Қазір жатарда тысқа шығайық деп, ерте шығамын. Қол-аяғын байлап алып кетіндер. Кеселді күң не қылмай отыр ол? Бүгінгі шатақтың бәрі сол үшін шыққан жоқ па! Бүгіннен қалсандар — қалғандарың. Қызды алып, ертең аналар көшкелі отыр. Бір жөнелтіп жіберсем, содан кейінгі дауын көре жатарсың-

дар. Тіпті өзіме сермендер. (*Күзетші Қайша сөйлеген сайын бас изейді.*)

I - жігіт. Дұрыс. Біз енді тоса тұрайық. Ай, Қайша-ай, осы қадірінді де білмейміз-ау біз!

Қ а й ш а. Қадір біліп не қыласындар, ал бір жерге тығыла тұрындар. (*Бәрі тарайды.*)

### XI көрініс

Күзетші (*тамағын кенеп ән салады*).

«Ой, қалқа, сен ақ қоян секендеген,  
Артыңда мен ақ сұңқар жетем деген,  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айрылып сен қалқамнан кетем деген?»

Тоқтап сөйлейді.

Бүгін бір майдам соқ жасайын ба осы? Тоқалдың қай жақсылығын қимаймын. Бастығы Есендік болып, ала жаздай бір жапырақ ет асатып көрген жоқ. Малшы атаулының бәрін ұрады, ұсады. Бір күн бүйірін шығарып тойғызбайды. Аяғында бәрі де «ақысы құрсын» деп безіп кетіп жүргені — анау. Өмір бойы малшыға істеп отырғаны осы. Бәрін де күні бітуге таянғанда шыдатпай қуып жіберіп, ақыдан, киімнен түк бермейді. Осының бәрін істеп отырған — Қайша мен баласы. Бұлардан алты ай жазға ішкенім Төлештің бір шайына тұрмайды. Не қыламын? Қой, қазір Төлешке айтайын.

### XII көрініс

Аманбай, екі жігіт қайта шығып, жүресінен отырады.

I - жігіт (*Аманбайға*). Ай, сен тындашы, мен бір ақыл айтайын.

А м а н б а й. Айт! Ақылдарың болса, айта жүрсендерші! Мен сендердің ақылдарыңды үйренбейін деймін бе? Әншейін өздерің тәлкек қыласындар.

II - жігіт. Е, сорлы, қайтсін, шынын-ақ айтып тұрған жоқ па?

I - жігіт. Мынау құрдас болған соң, аузына келгенін

айтып күле береді ғой, болмаса мен тәлкек қылмаймын сені.

Аманбай. Е-е-е, сені қойшы, сені өзім де білемін ғой. (Екінші жігітке қарап.) Мынау ит. (Бірінші жігітке қарап.) Кәне, ақылыңды айтшы.

I - жігіт. Сен жаңа Қайшаның көзінше ақымақ болып кеткенің не? Өйте берсен, апаңның көңілін қалдырасың ғой.

Аманбай. Жоқ, өзі тіпті дәйім ұрсып жүреді. Содан басқа бір кісі ұрыспайды. Және қай жерде кез келсе, сол жерде сөйлейді де жатады. Жаңағы жердегі ұрысқаны да жөн бе? Сондай жерде ұрысқанмен, түзелем бе?

II - жігіт. Е-е, Қайшаның өзі де ашуланшақ қой. Аманбайды бөтен кісідей сынап жүреді екен ылғи. (Бірінші жігітті түртіп қойып.) Сондай жерде ұрысқанға кісі түзеле ме екен? Жаушы-жаламда жаңағы ұрысқанына мен де намыстанып қала жаздап, азар шыдап тұрдым. (Аманбайды көрсетіп.) Мынау әйтеуір қорықпай-ақ айтысып қалды әбден, «ит ұяласынан қорықпайды» деген ғой.

I - жігіт. Қоя тұршы оны.

II - жігіт. Неге қояйын? Қайшаның қылығы кісі шыдарлық емес, тіпті. Ол әлі қызды әкелгенде де бірдеме дейді. Көрерсің. Дәмештің көзінше сынайды.

Аманбай. Онысы рас. Бәлем өйтетін болса, мен де аянып қалмаспын.

II - жігіт. Е, тіліңді тартпа! Қызын берсе, малыңа бергелі отыр, неменесі бар?!

I - жігіт (күліп). Қой оны. (Аманбайға.) Мен айттайын ба? Сен қазір Дәмеш келгенде, әлгі мінезінді істеп жүрме! Онда қыздың көңлін осы арада қалдырасың.

Аманбай. Қандай бол дейсіңдер? Өздерің айтыңдаршы, кәне?

II - жігіт. Айтатыным мынау: қызды өзің сөйлесіп, икемдеп әкет. Біз онымен үйір емеспіз және сен тұрғанда біздікінің лайығы жоқ болады.

Аманбай. Дұрыс, жарайды.

II - жігіт (көзін қысып). Не айтатыныңды өзің білесің ғой. Әуелі кішкене алдаңқырап алмасақ, ағалары оянып кетсе, бәріміз де қолға түсеміз.

Аманбай. Тек, жаман сөзді айтпашы, құдай-ай, сақтай гөр! (Күзетші айтақтайды, Аманбай селк етіп



*жалтақтайды.*) Осы күзетшіден-ақ жаман қорқып болдым. (*Жалтақтайды. Екінші жігіт бүйірін қысып қалып шошытады.*) Алла-ай! (*Етпетінен түседі, жігіттер күліседі.*) Кеселді, не қылды, кісінің өзі қорқып отырғанда! (*Дірілдейді.*)

II - жігіт (*күліп*). Байғұсым бабына келген екен, қарашы тісі тісіне тимей, сақылдап тұрғанын, ақпан — қаңтардағы күйіне келген бұрадай болып.

Үйден тықыр шығады. Аманбай кашады. Қайша, Дәмеш шығады.

II - жігіт (*Аманбайға*). Құдай ұрғыр, бері кел!

Дәмеш (*қорқып шегінеді*). Мыналар кім?

Қайша (*қолынан ұстап*). Үрікпей-ақ қой, ешкім де емес. Әй, бері кел, жынды неме, тағы жындандың ба?

Аманбай. Қайша, сөйлемеші өзін, нең бар менде? Мені осындай жерде түзей аламысың? (*Дәмешке.*) Кәне, жүрейік пе? А-а-а... сөйлесейік кішкене. (*Дәмештің қолынан ұстайды.*)

Дәмеш (*қолын қағып*). Аулақ! Кім сөйлесемін деді сенімен? Неғып жүр өзі?

Қайша. Кеселді Аманбай, құдай алмады ғой сені! Қайтермін енді? (*I-жігітпен сыбырласады.*)

Аманбай. Дәмеш, ұрыспа! Ұрысқан... тырысқанымыз жарай ма? Құдай қосқан соң қайтесің?

Дәмеш. Не деп жүр өзі? Құдай сендей жарымеске қоспай-ақ қойсын! Сенің есіріп жүргенін құдайдың бір уақытысы шығар. Әйтпесе сені үміт қылатын болып па едім мен?

Аманбай. Иә... сонда да... өйткенмен де... жарай ма? Дәмеш, қой... (*Қолынан ұстамақ болады.*)

Дәмеш (*ұстатпай*). Құтырма енді, аулақ жүр! Тағы бір қастық істегісі келіп жүр екен ғой. (*Үйге қарай жүреді.*)

Аманбай (*Қайшаны түртіп*). Анауың кетіп барады ғой.

Қайша (*артынан жүгіріп ұстай алып*). Сөйлемес, кеселді қырсық! Не шатып тұрсың бағанадан бері? Қайтер екен десем, асқақтама! Көкірегінді керме өйтіп? Аз ғана сөйлескенге нең кетеді? Сөйлесіп қана қайтқалы келді, жемейді сені. (*Ғазиз, Рақыш тоғай жақтан жақындала келіп отырады.*)

Дәмеш. Естімеймін сөзіңді, сен екенсің ғой тағы. (*Жұлқынады.*)

І - жігіт. Дәмеш, сен балалық қылма. Азғантай ғана мойның бұрып, менімен сөйлесіп кет. Бір ауыз жауаптан қашқанның лайығы бола ма?

Дәмеш (тоқтап). Не ғыл дейсіңдер? Менімен сөйлесетін жұмыстарың жоқ. Тындамаймын. (Үйге жүреді.)

Аманбай. Қой, Дәмеш! (Бірінші жігіт Дәмештің артынан құшақтап ала жөнеледі. Сол уақытта Төлеш, Демеужан, күзетші жылдам басып келеді.)

Дәмеш. Ойбай!.. Төлеш! Жүгір, ойбай! (Аманбай, екінші жігіт қосыла жүгіреді.)

Қайша. Жөнеліндер, есіріп жүрген бұл кеселді күн!

Төлештер айқайлап артынан жүгіреді. Бірінші жігіттің алдынан Рақыш, Ғазиз қарсы тұра қалады.

### XIII көрініс

Ғазиз (ақырып). Қайт, босат, өлесің!

Алтыатарды жігіттің кеудесіне таяйды. Дәмеш босайды. Аманбай бірінші жігітке соқтығып шалқасынан құлайды. Бір жағынан Төлештер жүгіріп келеді.

Дәмеш (босанып жылап). Қайша-ай, не деген қуарғансың?

Төлеш (Аманбайды бас салып). Кімді басынасын, сен құл? (Ұрады.) Байла иттерді, өлтір! (Көп айқай, дабыр-ду, «өлтір, бауызда», деген сөздер естіледі. Үш жігітті байлап жатады.)

Қайша. Тағы келді ғой мына кеселділер. Қуатжан, жүгір, ойбай!

Демеужан (Қайшаға). Бәрін істеп жүрген сенбісін тағы? (Жығып салып ұрады.)

Қайша. Қуатжан, ойбай-ай... Есендік, өлдім! Өлтір, ойбай, қайдасың?!

Демеужан (жармаса). Өл, елден шыққан залым! (Айқайлап.) Қан түртіп тұрса, шықсын балаң!

Қайша айқайлайды.

Төлеш (жүгіріп келіп Демеужанға). Былай тұршы, осыдан өзім алайын өшімді!

Демеужан (Аманбайға жүгіріп келіп). Иттің тұқымы, кім үйретті саған алып қаш дегенді? (Ұрады.)

А м а н б а й (*жарыса*). Ағатай-ай, мен емес едім. Ағатай, ендігәрі жоламаймын!

Д е м е у ж а н. Кім кел деді саған?

А м а н б а й. Қайша емес пе? Кел, шығарып берейін, алып қашып кет деген.

Т ө л е ш (*Қайшаға*). Кеселді, қандай ғылайын осы арада! (*Буындырады*.)

Қ а й ш а. Ойбай, кеселді, Есендік, өлдім ғой. (*Төлешке*.) Құдай-ау, Төлеужанның қара сорпасын ұрттат! Құдай!

Т ө л е ш. Есендік құтқарып алар сені менен.

Қ а й ш а. Төлеужан, сенің қара сорпаңды ұрттамасам, кәпір болайын!

Т ө л е ш. Иә, ұрттарсың!

Д э м е ш. (*Ғазизге*). Қойғызсаңызшы енді. Өлтірді ғой.

Ғ а з и з (*Төлешке келіп*). Қой, Төлеш, болар енді, өлтіремісін? (*Айырып алып, Қайшаны алып кетеді*.)

Қ а й ш а (*кетіп бара жатып*). Сенің қара сорпаңды ұрттамасам көрерсің енді!

Д э м е ш. Құдай-ау, бұ не деген қырсық? Бұ не деген сұмдық?

Д е м е у ж а н (*Төлешке*). Мыналарды қайтеміз?

Т ө л е ш. Алып жүр үйге бәрін де! Жазасын ертең берермін. (*Сүйрейді*.)

А м а н б а й (*екінші жігітке*). Кеселді иттер, айтпаппа едім бағана кетейік деп? Әйтеуір қылдыңдар ма, қырсықтар!

ІІ - жігіт. Е-е, несін айтасың, бәрінен де нақақтан өлген мен бишараны айтсайшы? (*Бәрін ойын бөлмесінен сүйреп алып кетеді. Үй жақтан дауыс естіледі*.)

Д а у ы с. Тұра тұр, тоқалдың сойылын соғатын немерлер! Көрсетермін ертең! (*Күзетші шығады*.)

К ү з е т ш і. Есендік қорыққанынан үйінен де шықпай қалды. Қайшаның да жон терісі жазылған шығар. Шок, бәлем!

Ш ы м ы л д ы қ .

## ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

### *I көрініс*

Төлештің үйі. Күләш, Дәмеш.

Күләш. Еркем-ай, мен бір нәрседен қатты қорқып жүрмін. Зәрем жоқ осы.

Дәмеш. О не? Айтшы?

Күләш. Біздің ауылдың берекесі кетіп барады ғой осы. Әкемен ұрсысып, ел-жұрттан шығып, біздің келіп отырғанамыз — мынау, бөтен болып кеткен бір ауылдың жанына. Аналар болса — ол жақта ойсырап қалып отыр.

Дәмеш. Оның несін айтасың? Бұған кінәлі кім? Бәрі жалғыз тоқалдың ылаңынан. Ағамның бостығынан емес пе? Өз берекесін өзі кетіріп жүрген жоқ па?

Күләш. Одан да бар ғой. Сөйтсе де, апам жарықтық тек емес қой деймін. Мал-бастың, барлық дүниенің құт-берекесі сол кісі еді ғой. Өзі кеткен соң, артындағы дүние тозайын деп, әрекетке ұрынып жүр ме, немене?

Дәмеш. Құдайдың бір салғанын көрерміз.

Күрсінеді. Фазиз, Әбділдә кіреді.

### *II көрініс*

Фазиз (*Әбділдәға*). Төлеш қайда кеткен?

Әбділдә. Төлештің қасына он кісі қосып беріп, Есендіктің жылқысын алып кел деп жібердім.

Ғазиз. Не дейді? Қашан кетті?

Әбділдә. Қайтып келетін уақыты болды.

Ғазиз. Ең болмаса, сайлау өткенін күтпей, бұны-ңыз не?

Әбділдә. Бала, білмейсің, мұндай ірі жұмыстар сайлау үстінде болса, қайырлы болады. Жұрттың қаны тасқындап тұрғанда сөзімізді қостаушы көп болады.

Ғазиз (күліп). Дұрыс.

Төлеш кіреді.

### III көрініс

Әбділдә (Төлешке). Не ғылдындар, қарағым, жылқы ала алдыңдар ма?

Төлеш. Алмақ түгіл, тағалы тайын қалдырғанымыз жоқ. Желісін қнып, құлындарына шейін алып келдік.

Әбділдә. Бәрекелді, өзіңді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түрінде екен ғой. Мінеки, жарайды енді, «кол болмай жол болмайды» деген. Кезі келгенде қандай бәлеге болса да шыдайтынынды бір көрсетсең, бар жауың жымдай болып тақымын қысады. Әйтпесе емен де, семен де басынып, оңай қоржын ғылып алады.

Төлеш (күліп). Әйтеуір осы жолы өзіңіздің шәкіртіңіз болдым ғой. Істе дегеніңіздің бірінен іркілгенім жоқ әлі күнге.

Әбділдә. Бәрекелді, іс осы. Енді маңына жоласыңшы Бейсембі. Ол сені мұндай іс қылады деп ойлаған жоқ. Не қорқытып көндірем, не алдап көндірем деді ғой. Ертеден елді меңгеріп алып, пәлені көргендігін қылғысы келеді. Бойы өсіп, буыны қатып марқаланғандығын көрсеткісі келеді ғой.

Күләш қымыз әкеледі.

Төлеш. Біз де енді достың достығы қандай, қастың қастығы қандай болатынын білетін болдық қой. Бейсембі не ғылып отыр бүгінгі күні? Қімнің пайдасы тиетін болса, соның сойылын соғады.

Әбділдә. Әрине, сондай өгейлікті көрмесе, туысқаннан туысқан неге кетсін? Көрермін енді жайлауы жарасып отырғанын!

Төлеш. Қысқа күнде тізгінді қырық бердім. Ағайын ұйытқысы бұзылмасын, Бейсембінің шиі жазылмасын деп, алдынан бір шыққаным жоқ. Мені неге тоқалға жығып береді?

Әбділдә. Бәлі, менің Есендікке өкпем осы емес пе? Міне, ертең айтысқанда ірге бермейтін сөзің — осы.

Төлеш. Қайша кім осы күнде? Ол сүт үстінде қаймақ. Жұрттың бәрі оны төбесіне көтереді. Мен сол тоқалға бұл күнге шейін жаңғырық болғаннан басқа, не істеп едім? Қарсы тұрсам, төбемді ойып бара жатқан соң қарсы тұрғаным жоқ па? Мен тоқалға жазықты болсам, ағайын-туғанға, Бейсембіге — түгелімен жазықты болатыным қалай? Орнымнан, малымнан айырылып, кіші шешенің баласы болып кететінім қалай? Неге көтерейін мен мұны?

Әбділдә. Көтермейсің. Бәрекелді, балта сабынан озбайды. Жат мінезді олар бастаған соң, сен неге тұрасың?

Төлеш. Әйтеуір енді иілер жайым жоқ. Бұл әкелген мал түгелімен өзімдікі. Қолдан шыққан қорамжым, қол жеткен соң алып отырмын. Әбе, менің сізге ұстататын сөзім осы.

Әбділдә. Дұрыс, шырағым, саған енді мен бір сөз айтайын. (*Ғазизді көрсетіп*). Мына бала — бөтеніміз емес, құдай қосса, жақының ғой енді. Сен «ағайын береке айтсын, табыстырсын» деген сөзді ауызыңнан шығарма. Ондай сөз жауды бел алдыратын сөз болады.

Төлеш. Әрине, оны айтып бала болыппыз ба?

Әбділдә. Бүгін тіпті өзге ағайынның саған керегі жоқ. Ел келесі осы қалпында тұрса, Бейсембі өтіп кетеді екен деме? Бүгінгі күні өзі жеңіліп отыр. Бар тіртек-тесіп тартысып отырғаным — осы алтыншы еді, қандай болды өзі? Дода-дода болған жоқ па?

Ғазиз. Алтыншы тоқсан бес үй ме еді осы?

Әбділдә. Тоқсан бес, бұрын екі қырық бес үйден болып, арадағы бес үй — Байсалбайға таласып едік қой. Бүгін міне — Төлеш келген соң, бұның қайны келді. Демеужан келіп еді, оның қайны келді. Он бес үйді Төлеш-

тердің өзі әкеліп отыр. Енді жеңілмеген несі қалды? Өзге старшындарым тападай. Бейсембінің кеудесіне мінгенім емес пе енді?

Төлеш (*Фазизге*). Сен сайлаудан хабар білдің бе? Қалба болысы сайланып болып қалған жоқ па осы?

Фазиз. Хабар білдім. Сайлаушы келді. Менің жолдасым екен. Бүгін көріп сөйлесіп, жаңа осы үйден аттандырдық.

Әбділдә. Жылқыда кім бар, бағанағы кісілерің түгел қалып па еді? Осы жылқының артынан қуып келе ме деп отырмын.

Төлеш. Келмейді деуге болмайды. Бағанағы кісілердің бәрін де тастап кеттім. Сөйткенмен ая-бұл болса, дайын отырған лайық болар еді.

Қымыз жиылады.

Әбділдә. Мен таңертең жұрттың бәріне хабар жібергенмін. Бүгін ұрыс болады, дайын отырсын деп; жиылатын шығар бәрі де.

Дәмеш. Ууһ!..

Фазиз (*Дәмешке қарап*). Қуғын болса, келіп қалатын уақыт болды ғой, ешкім келе қоймас. Олар жығылып отырған жақ қой.

Төлеш. Олай деме! Тегі, жығылып отырған жақ о жар болады мұндайда. Зорлық көрген кісі сықылданып отыр ғой олар.

Тыстан дауыс естіледі.

Дауыс. Төлеш, Төлеш, ойбай, келіп қалды.

Дәмеш  
Күләш } Құдай-ай, сақтай гөр!

Дауыс. Төлеш... Бол, атқа мін енді!

Төлеш. Қазір! (*Қамданады.*)

Әбділдә. Ай... жылқы қайда?

Дауыс. Жылқыны ауылға айдап келдік, қуғыншылар кейін келе жатыр.

Әбділдә. Алдынан шығып ұрыс салындар, жолатпандар. Енді неге тұрсың өзің? Шап!

Фазиз. Мен де барамын. (*Қамданады.*)

Күләш. Жасаған ие-ай, сақтай гөр!

Әбділдә. Өліспей, мал берме түгел! Бетін қайырма саң, асып кетеді.

Төлеш. Ой, тәңірі-ай, біз де еркекпіз ғой, не ғыла қояр дейсіз?

Әбділдә. Бәсе не ғылушы еді, аямандар! Ай, Ғазиз! *(Ғазиз тоқтайды)*.

Ғазиз. Немене? *(Төлеш шығып кетеді)*.

Әбділдә. Бұндай жанжалда алды-артыңды болжап алмасаң болмайды. Мына Төлеш бірбеткей тонғалақ шығар деймін. Сен олай болма!

Ғазиз. Иә, айта беріңіз.

Әбділдә. Жау көп болса, сен мынаның жасақшысы болмай, ара кісі болып: сөйлестірейін, жауап берейін деп, бетін қайтара тұр. Оған шекті біз де артымызды жиып аламыз. Егер аз болса, топылдатып түсіріп алып, тегіс байлап әкеліндер. Онан соң, не болса да, көрерміз.

Ғазиз. Дұрыс.

Әбділдә. Бар. Мен де шығайын, қазір калған елге хабар беріп, жасақшы жиып барайын. *(Екеуі де шығады)*.

#### IV көрініс

Күләш. Еркем-ай, зәрем ұшып тұр ғой. Құдай-ай, сақтай ғөр!

Дәмеш *(күрсініп)*. Күләш-ай, мен де қорқып отырмын. Тоқалдың анау күні түнде айтқан сөзі жаман еді. Сол сөзі есіме түссе, зәрем кетуші еді. Құдай-ай, қайырын бер! *(Ағаш даусы, «қайт-қайт», «түс аттан», «қырамын, жоямын» деген сөздер естіледі)*.

Күләш *(есікке қарай жүгіріп)*. Құдай-ай, не сұмдық болып кетті? *(Есіктен қарап тұрып)*. Ауылға келіп қалыпты ғой. Кеселділер көп екен ғой.

Дәмеш *(қорқып)*. Жөнешетай-ау, біз қайтеміз? *(Жылайды)*.

Күләш *(қарап тұрып)*. Жасаған-ай, жаман атыңнан сақта! Еркем, бір пәле болды, ұрысып жүр. Тоқалдың баласы да бар екен ғой. Алда-ай, сақтай ғөр, жасаған-ай, сақтай ғөр!

Дәмеш. Тәңірім-ай, өзін қорған бол, өзін сақта!

Күләш. Сәулем-ай!.. Төлешті көздеп жүр, а құдай!.. Ақсарбас! Айттым басымды жолыңа!



Дә меш (есікке таман жүгіріп). Құдай-ай, не пәлеге ұшыратасың? (Мылтық даусы естіледі.) Алла! (Кейін қашады.)

Күләш. Алла! (Шошып кейін қашады.) Сәулем-ай, қарашы!.. Қарашы, зәрем кетті ғой. Жүрегі құрғыр сезеді ғой. Қарашы, сәулем, бар ма, тірі ме? Төлеш!.. Сәулем!.. (Жылап талықсып төсекке жығыла сүйенеді.)

Дә меш (жылап). Құдай-ай, ақсарбас! Не күйге ұшыратасың?

Дауыс (тыстан). Ойбай-ай, бұ не деген сұмдық еді? Бауырым-ай!.. Ойбай-ай!.. Түбіме жеттің-ау, тоқал! Ойбай, бауырым!.. (Ой, бауырымдаған көп дауыс естіледі.)

Дә меш (қатты жылап). Ойбай-ай, Күләш-ай, құдай ұрды ғой! Әлгі Демеужанның даусы ғой! Ойбай, не болды?

Күләш (талықсып жылап). Не дейсің? Не дейсің? Құдай ұрды ма? Бақытым күйді ме? Алғаным! Сәулем!

Әбділдә (жақындап келіп). Бейсембі, түбіме жеттің бе, Бейсембі? Қанды шелек-ай, не кегін бар еді? Арыстанымды сұлаттың ба? (Жылап.) Бауырым-ай, Төлеш-ай!.. Серігім-ай!

Демеужан. Жалғыз ағекем, бауырым?..

Күләш. Қуатым!.. Не болды? Қорғаным, не болды? Мені неге тастап кеттің! (Көп жылау, бәрі де ақырын жылайды.)

Дә меш. Ағатайым, сүйенішім, жарығым!

Есіктен Төлешті көтеріп алып кіреді. Әбділдә, Демеужан, Ғазиз, тағы төрт-бес жігіт. Дә меш қарсы жүріп, Төлешті құшақтап.

Сәулем-ай, не ғылды? Не болды? Қеселді дұспан аямады-ау! Тағы жылатты-ау!

Күләш (төсекке сүйеніп тұрып талықсып). Құдай-ау, не күйге ұшырадым, не пәле туды басыма, жарығым-ай! Қуатым, медеуім-ай!.. (Әкелген жұрт Төлешті басына жастық салып жатқызады. Төлеш бүйірін басып бүктеліп жатады. Күләш құшақтап жығылып.) Сәулем, не болдым? Қор болдым ба, зарладым ба?

Әбділдә. Қарақтарым, қойыңдар енді. Төлештен әлі күдер үзгеміз жоқ. Сендер жыласандар, ауыр тиеді

оған. Тоқталындар, өзі күйіп отырған жанды күйдірмендер!..

Д е м е у ж а н (*қасында отырып жылап*). Қалқам, ағатайым, арманда кеттің-ау!

К ү л ә ш. Жарығым!.. Қорғаным, зорлық көрдің ғой, жалғыздық көрдің-ау!..

Д ә м е ш. Ағатай! Не болдық, не күйге ұшырадық?

Төлеш қолын сермеп, бәріне де ишарат қылады.

Ә б д і л д ә. Қойындар деп жатыр. Бірдеме айтқалы жатыр. Қарақтарым, тоқтандар енді. (*Төлешке.*) Қарағым, не айтасың?

Т ө л е ш. Уһ-уһ! (*Ыңыранып.*) Мені аясандар жыламаңдаршы!

Ә б д і л д ә. Қарағым, қойдық енді, жыламаймыз.

Бәрі үндемей, ақырын жылап отырады.

Т ө л е ш. Уһ.. Менің күйігім жеткен жоқ па?.. (*Бәрі ақырын солқылдайды.*) Тілеймін, жыламаңдар! (*Жан жаққа қарап*). Ғазиз қайда? О да тастап кетті ме?

Ғ а з и з. Мен мұндамын, ағатай!

Ә б д і л д ә. Мінеки, қарағым...

Т ө л е ш. Отыр. (*Тоқтап.*) Аттың, әкем! Шешемді бауыры суық қара жер алды. (*Дәмеш жылайды.*) Әкемді қаны суық өгей шеше дұспан алды. Менің жауым — мені қанға былғап отырған. Күндестің баласы... алды...

Д а у ы с (*тыстан*). Қуатым-ай, Төлеш-ай! Мен ит болдым ғой, жаздым ғой!..

Есендік кіреді.

### V көрініс

Е с е н д і к. Жаңылдым ғой, миым айналды ғой... Мұндай болады деп пе едім? (*Төлешті құшақтап, маңдайынан сүйеді. Бәрі жылайды.*)

Ә б д і л д ә. Неге келдің, қуарған? Қуарып неге отырмайсың үйінде? Алдап кел деп тағы тоқал жұмсады ғой сені.

Д ә м е ш (*жылап*). Аға, түбіме өзің жеттің бе?

Т ө л е ш. Мені баласына... атқызған тоқал... Тоқал кім? Ол сенің... қойныңқан... менің шешемнің төсегінен... шыққан шұбар жылан... (*Қиналып.*) Уү-уһ.. Уү-уһ! (*Бүк-*

теп.) Эттең, арманым!.. (Түзеліп.) Кегім... Тоқал! Қаныма ортақсын... уһ-уһ... ақыретте... Екі қолым жағанда!.. (Сұлық жатады, Есендік иман айтады.)

Күләш (жылап). Өңі бұзылып барады ғой... Сәулем-ай!

Әбділдә (бәріне қарап). Қарвқтарым, Төлештерің үзілді.

Ш ы м ы л д ы қ.

# ҚАРАГӨЗ

*Төрт актылы,  
жеті суретті трагедия*

## КАТЫСУШЫЛАР:

Қарагөз — бойжеткен.

Сырым — ақын сал, 25-те.

Ақбала — Қарагөздің жеңгесі.

Жарылғап — әкесі

Мөржан (семіз бәйбіше) — Жарылғаптың шешесі, 70-ге.

Жабай — Сырымның әкесі.

Нарша — Қарагөздің күйеуі.

Асан — ақын сал, Наршаның күйеу жолдасы.

Матай — Наршаның жолдасы.

Дулат

Қоскелді  
Дәулеткелді } Сырымның достары.

Дулат — ақын.

Текті құдағи — Наршаның шешесі.

Тойсары — бас құда, Наршаның ағайыны.

Екінші шал.

Балықшы шал.

Тойға келген әйелдер, қыз-келіншек, табақшылар.

## БІРІНШІ АКТ

### Бірінші сурет

Жарылғап аулының сырты, дөң асты. Кешкі мезгіл, Жартас, өзен, қайыңды тоғай. Қоңырлатып айтып келе жатқан ән естіледі. Үш жігіт шығады. Алдында домбыра тартып келе жатқан Асан бұдғақ.

А с а н.

Баянауыл басынан бұлт кетпес,  
Қиядағы түлкіге құсым жетпес,  
Ақбоз үйдің сыртынан аттандырып,  
«Қош, ағатай!» дегенің естен кетпес.

*(Артына айналып қарайды. Нарша мен Матай үндемей салбырап келеді. Асан көтеріліп.)*

Уһ... кең дүниеге шығып сергіп қалдым ғой!.. *(Жолдастарына.)* Ой, шіркін!.. *(Өлеңдете сөйлейді.)*

Теңселе басқан тең жігіт,  
Бейілі мырза кең жігіт;  
Уа, бірің — жаға болғанда,  
Бірің — берен жең жігіт!  
Күйеумін деп сызылған  
Жеңгелерге жем жігіт.  
Неге мұнша налыдың,  
Қайыспас деген ер жігіт?

Н а р ш а. Асан, сен бұл күнде еркесің. Тұнығы бұзылмас айдын судың ақ құсы емеспісің; көңілге жақса — отырдың, жақпаса — ұштың, кеттің. Біз уайым айтып жүдетіп жүрмесек?

Асан. Жаркыным, бас алып, құлақ тігісінді ұнатпадым. Сөз сарынында кейіс бар ғой, мәнін айтшы!

Нарша. Біздей жанның кейісі не болу керек, сезбеймісің? Қол-аяғым сау, басым аман, өзім жас. Ағайынның аялаған баласымын. Тоқпақ жалды торының үйіріндей қалың Досан бірімін. Өзімдей салтанатты қайшыма келіп жатырмын. Қыз... кызык... думан, той. Тек сонда да менде арман бар. Саған соны айтпақпын. Менің дертім — Қарагөз...

Асан. Қарагөз! Қарагөздің ақ жүзінде мін бар ма? Оны хор жігіт олқысынбаса, кім кемсінеді? Ер жігіт арман етер алтын тақ, иран бақ Қарагөздей-ақ болмас па? Не мін тапғың?

Нарша. Рас, Қарагөзде мін жоқ. Қарагөздің ақылы мен көркі мен түгілі менен зор хан-қара, би-төренің қайсысына болса да олқы келмес.

Асан. Енді не жетпейді? Қарауылдың асылы, күміс, бәйтеректегі бұлбұлы Қарагөз болғанда, сен оның алған жары екенсің, не тілейсің? Мен ұқпадым.

Нарша. Қарагөз ақылымен, мінезімен тұсау салып тұр ғой маған.

Асан. Ой, тәңірі-ай, ақ батамен қосылған, ақ адал малы төленген, күйеуі ұрын келген қалыңдық қайтып қана, не деп қана тұсаушы еді сендей — нардай жігіт күйеуін?!

Нарша. Өзге кебін айтып не қылайын. «Көңілімді ала алмасаң, қарамасаң қабағыма, мені құшпайсың, маған берген малыңды құшасың», — деді ғой.

Асан  
Матай } Бұл қалай дегені! Қандай сөз бұл?

Нарша. Бәсе қай қалыңдық аузынан шығатын сөз еді? Бірақ сол сөз шықты ғой Қарагөздің аузынан.

Асан. Е, салмайсың ба тыйымды? Тартқызбайсың ба ондай қырсық мінез сазайын?!

Нарша. Қара күш пе, зорлық па? . Зорлап құшам деп келдім бе мен өз жарымды.

Матай. Е, ата-баба жолы кәне? Тіпті не деп тұрғанын түсінбедім-ау осы мырзаның! Сазайын тарттырып, жазасын беріп салмаушы ма еді тұзу жолға?

Нарша. Оған қалса — ашудан, қамшыдан оңай не болушы еді? Бірақ Қарагөз ол құралды алып тұр ғой қолымнан.

**А с а н.** Қалайша? Бұл қалай болғаны?

**Н а р ш а.** Ол сондай мінезді, биязы, нәзік. Бір ауыз қатқыл мінез қатаң сөз қатпастан, үзіліп-талған, өзек жарған асыл сөзбен, әйел баласынан өз басым көріп-білмеген сыпайылық әдеппен жүйкемді құртып тұрған жоқ па?.. Тек бірақ.. әттен, бірақ сөйте тұрып сұлу Қарагөздің өзі және мені жатқа балады ғой. Жаңылмасам, жаным деген жақыны бар. Менің қайғым — сол ғой. Алған жардың көңілінде, талассыз, зорлықсыз еркін көңілінде бірдің өзі болмасам, маған тірліктің несі сән. Бұл келген, жүйеушілеген келістің несіне қуанайын?!

**А с а н.** Осы елдің сенімен бақ-талайын таластыра асылы кім? Соны айтшы маған?

**Н а р ш а.** Кім екенін білмеймін.

**М а т а й.** Кім екені белгісіз. Бірақ соны білу керек. Сен таппасаң табар жан жоқ.

**Н а р ш а.** Аты-түсі белгісіз болса да, бақ-талайы асқан дұшпаным бар.

**А с а н.** Қарагөздің елінде атағы шыққан жас пері — Сырым бар. Ол жалаңған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал Сырым... Өз аулы «тентек» десе де, ол сұлу-дың албастысы.

**М а т а й.** Сырымың ие? Оны не деп айтасың?! Ол да Өсердің бірі емес пе?

**А с а н (жарыса).** Рас, Сырым болуға қисын жоқ. Ол қыздың ағайыны. Аралары неше ата екен осылардың? Тым жақын емес те ғой өздері.

**М а т а й.** Неше ата болса да, Өсер аулы бір-бірінен қыз алысқан емес қой.

**Н а р ш а.** Және шоқтай тұтас бір үйір емес пе бұл ауыл?

**А с а н.** Солай... Жеті атаға жетпей, қыз алысар бұлар емес. Оған жеткенде де құда болыспайды ғой мұндай ауыл. Ая тегі (ойланып), бұл елде Қарагөздің сол Сырымнан басқа теңі жоқ. Сұңқарың қарға шықпаса, арғымақ — жабы болмаса, Қарагөздей бәйтеректің басын шалар қанат-қияқ жоқ. Мен мәнісін білмедім.

**М а т а й.** Өзге біреуді айтпасаң, Сырым деудің орны жоқ.

**Н а р ш а.** Сырым демеймін. Бірақ «мен» деген дос — сендерден тілейтінім — осы жарамның атын атап, тегін танып беріндер! Қарагөздей тектіге кез болмасам етті? Кез болған соң, оңынан келсем етті! Мына шерді зіл-қа-



ра тастай көтеріп жүргенше, шыққыр жаным шықса етті!

А с а н. Асыл жігіт, азба! Жасырынған жау жатағы табылар! Тек қана сыр ұшығын берік ұста! Аруағың әлі-ақ басады.

Жүріп кетіседі. Аздан соң сахнаға сәнді киінген бір қыз, бір келіншек шығады. Екеуі де жұқа кара жібек шапан жамылған. Қарагөз бен Ақбала.

А қ б а л а. Ұшығыңа жеткізбеген бір баласың ғой, әйтеуір. Наршаны менсінбейді дегенді жұртқа не деп айтарды білмеймін. Осы елдегі бас көтерген жас жігіттің талайы тоғыз-тоғыздан жолын алып, сенен бір ауыз жылы жауап әпер дегенде, жалғыз сөзге зар болып едік. Аяғыңа бір күн отыртқан жоқ едің. Қашаннан келе жатқан іс еді мұның? Сені жолдан тайғызған кім? Соны айтшы.

Қ а р а г ө з. Кім екенін айтпаймын. Осы жерде бүгін түсін көресің. Бұл істің басталғаны кеше ғана... Қара түнді жамылып, жан сырын ашысқанға бір-ақ жұма. Содан бері екі-ақ көрістік... (Пауза.) Бізді қосқан жай желік пен құмарлық емес! Саған айтар ең үлкен шыным осы.

А қ б а л а. Атын аташы, ол кім?

Қ а р а г ө з. Ұзақ сапарға аттанарда өмір бойға, бір жолға жеңгелік қарыз өте дейтін тілегім болса, сол осы!

А қ б а л а (тоқтап тұрып). Жасыннан сырың өзге жансың ғой, Көзжақсым! Мені шегелемей қоясың ба!..

Бес-алты сал келе жатады. Ортасында — Сырым.

Көзжақсым-ау, мынау Жуас қайнағаның баласы ғой. Молда жігіт келе жатыр, ойбай! Бұлар бірдеңе сезген бе? Андып жүрмесін бізді? Әлде әлгі келетіндерді андып жүр ме?

Қ а р а г ө з. Шыдай тұр... Бұлар жаулық қылмайды... Сырым бізге жау емес.

А қ б а л а. Не дейді? О да біле ме? Бұл тентек еді ғой, бірдеме деп, пәле бастап жүрмесін?

Салдар бұларға тура жүреді... Тегіс сәнді киінген. Қарагөз Сырымға қарсы жүріп.

Қ а р а г ө з. Сырым... Жүрегім!..

С ы р ы м (құшағын жайып қарсы келе жатып). Қара түндей қасірет ортасында жалғыз шырақ-жарығым, маң-

дайдағы жұлдызым! Торға түскен ақ тотым... келші, күнім! (Екеуі құшақтасады. Салдар күле қарасып, қосыла домбыра тартып қалады.)

Ақбала. Көзжақсым, мынау ойының ба, шының ба? Алыстан тапқан ба десем, жаңа көрдің бе осы тентекті?

Сырым. Ақбала, айыбыңды ал, жаным, тек жазғырма! Ол — Қарагөз, мен — Сырым. Қарагөздің Сырымнан артық жары болушы ма еді? Сәулемнің менен өзге теңі кім? Мен жылап жүріп тілеп алғам.

Қарагөз. Жәңеше, Ақбала... сүйгенім Сырым болмаса, мен жалғызбын дер ме едім? Сенен көмек сұрар ма едім?

Ақбала (төмен қарап). Білмедім, шырағым... Тек әжен мұны қарғағаны қайда?

Қарагөз. Әжемнің қарғағаны жетістіріп пе еді мені?

Ақбала. Тек түбін өзін біл, Көзжақсым!..

Сырым (Қарагөзге). Ақбала да біздік екен ғой, сәулемшім! Сен жалғыз емессің! Салдарым, Қарагөз әні көне?!

Ақбала төменде, Сырым мен Қарагөз құшақтасып тас басына өрлейді.

Дулат (өлеңдете сөйлеп).

Күзетші біз отырған сыртта барлап,  
Маңайда дұшпандар жүр жындай сарнап.  
Екі асық, ынтық болған мұратқа жет,  
Жау жатсын іші күйіп онда зарлап!  
Қошемет сөз айтамыз сендерге арнап,  
Қостайды салдар сізді асық жарлап.  
Мақұлдар теріс десе, жолын алсын,  
Береміз қалы кілем, қара нарлап!

Сырым күрсінеді. Салдар Ақбаланың айналасына жиналып, ақырындап ән салып отырады.

Сырым (Қарагөзге). Көрмесем деген зауал шакқа жетем бе? Не боламын сонда мен?

Қарагөз. Қайран, Сырым, жан Сырым!.. Жат тағдыр жат ететін шакқа жеткізді ғой мені саған.

Сырым. Не дейсің сен, Қарагөз? Арыздаса келіп пе ең менімен? Айрылысар шак жетті деп тұрсың ба?

Қарагөз. Менде ерік қалды ма?

Сырым. Солай деп көнбіс боласың ба? Өртегелі келдің бе мені?

Қарагөз. Бірге өртенгелі келсем ше?.. Бізден аяған от бар ма?

Сырым. Соның үстіне өзің де көнермен боп, менің көңіліме тағы бір от тастап тұрған жоқсың ба?

Қарагөз. Жаным, Сырым қызғанышың балалықтай ғой.

Сырым. Я, мен қызғанамын. Мал қызғанбаймын, жер қызғанбаймын, жанып кетсін дүние-мүлік, барлық тірлік — бірін де қызғанбаймын! Бірақ бір сені бар әлемнен қызғанамын, бар дүние көзінен қызғанамын! Қорғағым, қоршағым келеді қанатым астында. Бөтеннің көзінен де қызғанамын. Бұл қызғаныш — табынатын тәңірім бүгін дәл менің! Сен не деп тұрсың? Менен сені айыратын жаның жазығы жоқ — Наршада айып жоқ демексін бе?

Қарагөз. Ол жанның дәл өз басында, шынымды айтам, әлі мен айыптар сұм-сұмдық мінез көргенім жоқ.

Сырым. Не дейсің, Қарагөз?! Қайтіп қана, қандай ғана отқа өртеп тұрғаныңды білемісің сен мені? Одан да салсаңшы мына сапыны менің жүрегіме!

Қарагөз. Олай деме, жаным Сырым!.. Менің бар дүниеден бөліп-жарып алғаным — бір ғана сен өзіңсің? Қандай азап көрсем де, қай қайғыда тебіренумен жүрсем де, жүрегімнің түбінде құпия боп тығылған жалғыз бір сәулем бар. Өз ішімде жанған сол күнім, сөнбес жарығым бар. Әр қайғыда, қауіпте, әр түрлі қыспақта «сол жарығым, сәулем бар ғой» деп күйінген жаныма жұбаныш табам... Соным — өзіңсің, сен ғанасың! Бірақ Наршаны кінәламаймын дегенім — айтқаным айтқан. Ол топас болса, озбырлық, зорлық, қара күш иесі болса, оңай еді барлық емі. Ол мені өзгеше бір момындық, жуастық майдалығымен тұсағандай болады (*Екеуі айналып кетіп қалады*).

Дулат (*Ақбалаға иіле беріп*). Жаным-ау, әлі осы мен ай қарап тұрмын ба? (*Өлеңдетіп*.)

Күндіз-түні шарлап,

«Қыз-қыр-ай» деп жас парлап,

«Ақтамақ» деп жыл сарнап!» —

жүргендегі іздегенім — осы отырған Ақбала... Бәйтеректей жапанда, жалғыз біткен тақбала... емес пе еді? (*Аймалайды*.)

Ақ бала. Адасып жүріп айға бата қылғандай, аяқсыз жүріп кез келгенінді мен қайтейін. (Құшағынан босанады.) Біз десен, бұрын көрмеп пе ең! (Күледі. Бұл топ сейіл қып құшақтасып өтіп кетеді).

Сырым. Мен бұл шаққа дейін сағым қуғай Сырым едім. Тек сені ғана тапқаным өмір таңым атқанын, ашық арай алтын күнім туғанын аңғартпап па еді маған? Кеше ғана сәтке ғана адасып жүрген жанымның бағы ашылып, күні туыпты. Сен емес пе ең сол жаным тапқан жәннәтім? Содан бері мен түк дүниені көрмеймін де сезбеймін. Бар-бар айналадан бір сені, сені ғана көремін. Мен сені үнемі көрем — далада, ауылда, қара түнде, иесізде, айдалада, елсізде, әрбір салған әнімде, тартқан күйімде ұдайы көз алдымда өзінсің! Қарайсың да тұрасың... Солайсың сен, ару Қарагөз! Қарагөз ару асығым!..

Қарагөз. Есіл Сырым!.. Сен осындай болмасаң, мен мұндай зарлық болар ма ем?! Жаңағы бар сөзің — менің аузымнан шықпаса да, жаныммен күнде құпия сыбырлап, жалбарына айтып жүрген жайларым ғой! Кеше ғана сыр ашысқан сорымыз да!

Сырым. Сені қара түнде, ақ боранда, қатер үстінде ажалдан айырғанда, адасқан далаңнан тапқанда, «енді айрылмас боп табыстық» демеп пе ем мен ішімнен!

Қарагөз. Маған да сен болмасаң, өзге кісінің басы қайғы болар ма еді?

Сырым. Маған барыңды айтып кет. Мені неге келтірдің? Кешегі қорғаншақтық болса, неге шақырдың бүгін мұнда?

Қарагөз. Сағындым, көргім келді, ынтыға сағынамын. Есім кете сағынамын, жан құштарым! Сол үшін шақырттым... Әйтпесе менен бір ой шығады дедің бе?

Салдар қайта келеді.

Дулат (өлеңдете сөйлейді).

Ақбала, мен қайтейін қабағыңды?

Әлі де ұмытқам жоқ баяғыңды.

Ұрысып келген сайын дарытпайсың,

Басасың қашан түзу аяғыңды?

Ақбала, мен кенейін тамағымды,

Ұмытам сендей қайтіп қарағымды?

Еріттің, елжіреттің, қызықтырдың,

Жан жанан, өзіндей жан жананымды.

Өтіп кетіседі.

## Сырым:

Сен менен кетсең,—  
Антым болсын осы сөз:  
Жас тілегім, құшағым,  
Бірге кетсін сенімен!  
Сол тірідей өлгенім,  
Шала жанып сөнгенім.  
Сенсіз маған дүние тұл,  
Өрттен қалған денем құл,  
Өртеймін десең өзің білі..

Сенсіз қалған Қарауылдың жайлауы көр. Жарық айлы түн, жұлдызды жарық кеш неге керек сенен соң?!

Салдар оралады.

Дулат (*Қарагөз бен Сырымға сөйлейді*).  
Жас өмір сылдыр-күлдір әлі-ақ өтер,  
Қызығын бірі қалмай, бәрі кетер.  
Бүгінгі алмадайын Қарагөзім,  
Сол күнде күйің не боп, күнің не етер?  
Қарағым, көп күрсінбей сөзің бітір,  
Күткен көп үйге қайтар кезің жетер.

Өтіп кетіседі.

Қарагөз. Мал бергеннің жетегінде кетіп, іші өрте-  
ніп зармен өткен қазақ қызы аз ба?.. Малға балап, бата-  
мен матап, мені де осылай көп қыздың бірі етіп қор етер  
деп ойласамшы осы шаққа дейін сорлы басым? Маңдай-  
ыма кеп тас тигенде — енді ғана бар қазасың, шер жа-  
расын аңдаппын. Бүгін ғана сенің жаныңда, аяулы асық  
жарым жаныңда осы дүние сұмдығынан үркіп тұрған  
жүрекпен баурына тығыла тұра айтарым: лағынет, лағы-  
нет болсын сол қызықсымақ, сауықсымағына!

Сырым. Қостадым, жаным, жаныңмен үріккен за-  
рыңды!.. Лағынет, лағынет болсын сені тұтқын етем де-  
ген қаралық малы, арам малы, қалыңмалына! Қаңғы-  
маның алды осы түннен басталсын!..

Қарагөз. Жоқ, жаным... Атама оны!.. Сен ертен  
мені ұзатқан жерге келесің. Тіпті мені барар жеріме де  
апарып саласың. Әйтпесе бір емес, екі өлгенім...

Сырым. Жоқ... жоқ!.. Менің бармағаным артық!  
Мен елдің қызығын бұзып кетермін. Жаралы жас аюдай,  
дұшпан атаулының беті-басын жаралармын, мені босат!

Қарагөз. Мені сен апарып салмасаң, көзім жасын кім тыяр? Қайғылы басым кім сүйер? Тілеймін, жаным!..

Сырым (ойланып тұрып). Олай болса, жарайды! Біз келерміз (Қарагөзді сүйіп айрылуға айналып). Қарағым-ай, Өсерден неге тудың? Тумағыр басым неге тудым алтыншы атам Өсерден?! (Қайғырып тұрады.)

Салдар шығады. Ақбала мен Қарагөз кете барады.

Дулат (Сырымға). Не деп жүдетіп кетті Қарагөз?!

Сырым. Қарагөз шыдамады. Біздің енді не боларымызды құдай білсін. Бірақ Қарагөзді Досан аулына апарып салатын болдық. Ертең — той, айтылатын «жар-жар» бар. Қарагөздің кетер күні Қарауылдың елі мен белін күңіrentіп неге кетпейді?

Дулат (бекініп). Бәсе, Қарагөзімізді әкететін жауларға, тым болмаса, бір оқ атып қалайық. Барып-барып жығылмас па екен? Әкетсе де, соққы жеп кетсін. Неге қарап қаламыз?

Сырым. Рас айтасың.

Қоскелді. Бәрекелді, жақсы болды. Тілді безен бір бағайын!

Дәулеткелді. Өзіміз Қарагөз кетеді дегелі жабі болып бара жатыр ек. Сілкінейікші бір!

Сырым. Жә, біздің жар тек болмайды. (Көтерілс серпіліп). Біздің өлең:

Қарагөздің жанына  
Жара салған жарына,  
Күңіrentкен зарына...

Дулат (іле).

Қайғылы болған халына,  
Айырбас болған малына.

Қоскелді.

Артта қалған ағайын —  
Туғаны мен барына...

Сырым (басын изеп).

Назалана, налына,  
Бетін ашып, тарыла.

Сөйлеген сөзін жыр қыламыз. Осыған тіл безендер (Аз тым-тырыс). Егес болса — егес. Мен Қарагөзден қалмаймын. Күдерімді үзбеймін әлі де. (Салдар қосылып, ақырын әндете.)

Бәрекелді, сал Сырым,  
Көрсетсеңші сән түрін,  
Тарқатсаңшы ой кірін;  
Айтушы едің сен бұрын,  
Шырқатсаңшы ән бірін!

С ы р ы м.

Баста олай болса, «Қарагөзге»!

Бәрі қосылып ән салады.

Серінің қыз құтылмас талабынан,  
Қалқатай, бір сүйгізсең тамағыннан.  
Женгетай, тоғыз-торқа толып жатыр,  
Сідкіп ал шалбарының балағынан!

Қарагөз айым!  
Қалдың кейін!  
Кеткенде сен алысқа  
Зар еңірейін!

Кетіседі.

А с а н (*жалғыз шығып, өлеңмен сөйлеп*).

Қара шапан жамылып,  
Қыз кетеді бір жаққа.  
Ән шырқатып қағынып,  
Сал кетеді сол шақта.  
Салқын кеште сейіл ғың,  
Кім келеді бұл тасқа?  
Жолығуға ыңғайлы  
Болғандай-ақ мұндасқа  
(*Таңданып*).

Мәні-жөнін ұқпадым,  
Сонда да мұнда сыр басқа.

Ойланып тұрып, ақырын ысқырып жүріп кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

## ЕКІНШІ АКТ

### Екінші сурет

Той күні. Бір топ әйел оқшау тігілген отауды көрін жүр.

I - әй е л. Қыздың отауы осы ғой. Анау дәдегелерінен танып тұрмын. Ұзынтұра қайнағаның бәйбішесі істеген. Іші қандай екен, кірсек қайтеді? *(Үйге кіріседі.)*

III - әй е л. Алған малын түгел жұмсайым деп отыр десіп еді семіз бәйбішені.

II - әй е л. Түгел жұмсап құтырып па? Онда қыздан олжа қылғаны қайсы?

I - әй е л. Бәсе, «бұл ауыл қыз сатумен байыған ауыл» деп сөйлейтін қауесет бар ғой.

III - әй е л. Бәсе, тегін болмас сол сөз. Пәлен-батыр мол жасауы көрінбейді ғой.

I - әй е л. «Бұл жолы бермеймін, жасау-жабдығы дайын емес» дескен екен. Қарагөздің наразы боп жүргенін сезіп, тоқтатпай беретін болыпты ғой.

II - әй е л. Қарагөзді жолдан аздырып жүрген кім екен, ей?

I - әй е л. Досы кім екенін білген жан жоқ дейді. Әйтеуір мына күйеуге ырза емес деседі.

III - әй е л. Көрейікші күйеуін! Бұл үйді «жар-жарға» дайындап қойған-ау, тегі.

II - әй е л. Қыздың «жар-жарын» кім айтар екен?

I - әй е л. Жүр ғой осында салдар. Сырым да жүр екен. Бұл жолы қайтер екен? Өзгенің қызын ұзатарда «күйеуіне ырза емес» деп, қайдағыны айтушы еді. Айт-



қыш болса, Қарагөздің наразылығын айтсыншы, көрейік!

II - әйел. Сырым тайсалар деймісің? Бұл күнге шейін ой-қырына қарап көрген жоқ. (Тамсанып.) Осы біртүрлі-ау өзі. Бетің бар, жүзің бар демейді.

III - әйел. Мен тіпті жүзіне қарауға шыдай алмаймын кейде. Тек бір алмасы бар сияқты.

II - әйел (күліп). Құрып қалғыр, қызығып жүр екенсің-ау!

I - әйел. Қызықса — несі бар. Жас болмап па жұрт?

Табақшылар өтіп жатады.

I - т а б а қ ш ы. Ей, қатындар, кісісі жоқ үйді айналдырғанша, ана ізденіп отырған жігіттерге — күйеулер үйіне барсандаршы!

II - т а б а қ ш ы. Тым-ақ мөлдіреп тұр екен. Бұларды кім керек қыла қойсын?

II - әйел. Етінді тасы жөндеп. Саған жігіт тауып бер, басымызды өткізе алмадық дедік пе?

I - әйел. «Жігіт қарамады» деп саған жалындық па? Сұқсырдай неме! (Күліседі.)

III - т а б а қ ш ы. Бүлінбей-ақ қойындар. Сендерге де өліп-талып тұрған кісі жоқ. Не қылсын өңшең ашамайдай қып арса-арса кәріні!

Бұл топ кетісеңді. Екі келіншек ерткен Ақбала келеді.

А қ б а л а. Ол жібекті мына шымылдыққа іл, оңайға қой, жар-жаршы қыздар жамылады.

I - к е л і н ш е к. Жігіт жағынан «жар-жар» айтатын Асан болады. Ол бір самар көрінеді. Қыздар ештеңе айта алар ма екен?

II - к е л і н ш е к. Е, айтпай, бүгін туып па? «Жар-жарды» Еркемнің өзіне айтқызса, Асанның әдібін қолына берер еді! Ұзатылатын қыз болған соң, иба қылады ғой. Болмаса, Сырымнан екі елі айрылмай, өлең мен ән үйреніп, ойын-тойда тамам қыздың алдына түсуші еді.

А қ б а л а. Олар үшін айтатын кісі табылар. Молда жігіт дағдысынан жаңылмаса, жігіттерге қосылар деймісің!

I - к е л і н ш е к. Әжемнен қаймықпаса, ұрсады деп!

А қ б а л а. Қаймығатын кісіні тапқан екенсің!

II - к е л і н ш е к. Япыр-ай, әжемнен бай аулының бар

еркегі осы күнге шейін қорқып, сыйлап тұрады. Сырым неге соларша именбейді?

Ақбала. Жас күнінде өз шешесі өлгеннен бері жат бауыр болып кетті дейді ғой.

І-келіншек. Болса болар-ау! Өзі мына шешесінен өгейлік те көріпті ғой бала кезінде.

Қолында таяғы бар, жуан, семіз, бәйбіше — Мөржан шығады. Жанында күтуші қыз.

Мөржан (отаудың есігінен қарап). Болдыңдар ма, түге? Ақбала, мұндамысың?

Ақбала. Болдык, әже!

Мөржан. Тысқа кілем әкеліп жайыңдар! Жұрттың бәрі үйге сия ма? Қарагөз аттанғанша, күйеулерді төбеңнен тік жүріп күт! Қарагөз қайда өзі? Ол үйінде неге отырмайды? (Ақбалаға оңашалап). Мен бір суық естідім. Осындағы қатын-қалаштың аузына да жайылыпты. Ол тағы не сұмдық? Сен білуші ме едің? Ауылға, аруаққа нұқсан келтіретінін ойлаймын деймісің сен? Сізгеніңді айтпай, ішіңе тығып жүрсің-ау, дәу де болса!

Ақбала. Несіне тығайын. Көзжақсымның ырза еместігі Наршаға да мәлім болыпты. Білгенмен, мен қайтейін?

Мөржан. Нарша да біліпті дейді? Шынымен-ақ менің асыраған балам жаманатты болғаны ма? Мұның не білген ойы бар? Шақыр мұнда Қарагөзді! (Қыз кетеді.) «Жетім қозы — тас бауыр» деп, қанаттыға қақтырмай, туған шешесін жоқтатпаймын деп келсем де, бар қадір-қасиетімді басқа тепкені ме?! (Ақбалаға.) Мұны бұзып жүрген кім? Наршадан асып тапқаны қайсы, менсінбегенде?

Ақбала. Әже, «Наршаны жақтырмады» дегені болмаса, басқа бір кісі бар деп ешкім ешбір сөз айтпайды. Мен де түк білмеймін.

Мөржан. Я, сенгенім-ақ!.. Соның сенен жасырын қоймасы бар шығар! Баламның ойын бұзатын әзәзілді ніскемей-ақ білемін. Жеңгемін деп қас істемейтін істі сен сияқтылар істейтінін сезбейтін шығармын!? Тек қонақ аттансын, тап сенің ініңе су құярмын, бәлем! Білдің бе?!

Көп қыз-келіншек нөкерімен, сәукеле киген Қарагөз келе жатады.

Қарағым, неге жүдеусің? Мынау отауыңа «ұзағынан сүйіндір» деп оң аяғыңмен аттап кір. Атаң — күйеу,

анаң — келін боп тілеу тілеп кірген ақ күмбезі осы болар!

Қарагөз кірмей, үндемей тұрады.

Кір, жарығым, жасық боламысың, шіркін, әлде немене?

Қ а р а г ө з. Әже-ай, кірерміз де, шығармыз да. Оның несін ырым қылдың? Қай қыз «сапарымды онда» деп тілеу тілемейді дейсін? Соған қарап бағы ашылар болса, кім тілемес? Жылы ұядан шығып, жат қияға кетіп барам, одан да батанды берсеңші!

М ө р ж а н. Менің бата бермей жүрген балам ба едін сен?.. Ана сүтті, ақ батамды ақтамасаң — саған серт, тілеуінді тілемесем — маған серт! — дегенім қайда? (Пауза.) Басқан ізіннен сынайтын жаттың ортасына барасың, сақ бол! Өркөкірек қып өсірген өзім едім, өлшеуімнен аума, жаным!

Қ а р а г ө з. Әже, мені бір шаруаға шақырттың ба? Әлде бір айтпағың бар ма еді?

М ө р ж а н. Иә, қарағым, айтпағым бар екені рас. Сенде осы қызығын қызықтағысы келмеген жадаулық бар дейді. Мен сенің жолында жаным шықсын деген анаңмын. Саған жаманат тағылғанша, менің кәрі басыма ол қайғыны салғанша құдайдың алғаны артық деп жүрген адаммын.

Қ а р а г ө з. Мен сонша жаманатты болыптын ба? Не істеппін?

М ө р ж а н. Сенің қабағыңа қарап, Нарша да жүдеп отыр дейді. Оның да көңілі сынық сияқты маған. Осыдан артық сұмдық бола ма? Бұл ма еді менің күткен күнім? Осыны тойға жиылған өсекші қатындар тобы сусылдап, ордалы жыландай ысқырып өсекке таңып, жұртқа жайып барды дейді. Қарағым, мен сенен мұның жай-жапсарын сұрамаймын.

Қ а р а г ө з. Неге сұрамайсыз? Мені бұл болмаса — күл болсын дегеніңіз бе? Әйтпесе қызының күйін шеше сұрап білсе, мін болар ма еді?

М ө р ж а н. Жоқ, жаным, маған сұратпа! Маған ол күйігінді тарттырма! Осы білгенім де жетер. Шешенің ауыр салмақ көтерер сиқы жоғын ойла! Мына тойынды қуанышпен өткіз! Жабығып, жасытпа жолдасыңды. Ондағы мен мұндағы еліңнің жүрегін мұздатпа!

Қ а р а г ө з. Кім болса да қолынан келгенін істер...

**М ө р ж а н.** Балам, жоқ сұмдықты бастама! Жұрттан естіп жатқан суық сөз де жетер! Салғыласпа енді менімен! Болды енді, үйге кір!

Қыздар үйге кіреді. Күйеулер тобы шығады. Бір бөлек құда-құдағилар.

(*Мөржан Наршаның алдыман*). Қарағым Нарша, ұзағынан сүйіндірсін! «Қыз алғанша — қайын жуан, қыз алған соң — күйеу жуан» деген! (*Күйеулер тағім етеді.*) Енді Қарагөзім де бір, сен де бірсің. Екеуің де қара өзегімді қақ жарып шыққан баламсың. Келші бермен! (*Наршаның маңдайынан сүйеді.*) Өмір-жастарың ұзақ болсын, қарағым!

**Т е к т і.** Құдағидың мейірімі түскен бала еді Қарагөз. Нарша екеуі тек ақ батаңды ақтайтын болсын!

**Ж а р ы л ғ а п.** Қемпір шешенің содан артық не тілегі болады? Бәріміздің де тілегіміз сол болсын!

**Т о й с а р ы.** Ақ батасын беріп, адал тілеуін тілеу — ата-ананың міндеті. Көл болған көп тілеуін тілеу, орындау — адал туған ұл мен қыздың борышы,

**М ө р ж а н.** Балаларым, кеуденде санаң болса, үлкеннің тілеуі де, батасы да осы болар!

**Ж а р ы л ғ а п.** Кәне, ойындарыңды бастаңдар!

**Д а у м с т а р.** Иә, енді ойын басталсын!

— Ойын басталсын!

— Жарыстар, шығындар кәне!

— Қыз-келіншек күтін тұр!

Күлкі. Салдар мен ел жігіттері бөлініп шығады.

**А с а н** (*өлеңдете сөйлеп*).

Жар-жар болса, жарығы біз,  
Айтысам деген ақын қыз  
Бой көрсетсін тығылмай,  
Сауығыңа мақұлмыз.

П а у з а.

Тәтті ауыздан дем кетпей,  
Қысылып маңдай терлетпей  
Айтысам десен, бастаймыз  
Тыңдаушыны шөлдетпей!..

Қыздар сыбырласып, жібек шәлі жамылып, төрлеу-бесезі топтанып, босағаға таман келеді. Сахнаға көп жолдасымен Сырым шығады. Бәрі сәнді салдар.

Дауыстар. Салдар, салдар келеді (*Жол беріседі.*)

Асан (*Сырымға*). Қай топқа қосыласың?

Жарылғап. Қай топқа қосылғаны несі? Бұл еркек емес пе, еркекке қосылады да.

Мөржан. Оны істесе, Сырым бола ма?

Сырым (*өлеңмен сөйлейді*).

Күлген кісі күлер,  
Күлмегенің түнер;  
Тілі орамды ілер,  
Мұндайда ақын бір түлер;  
Түлегенде не дер —  
Оны Сырым білер.  
Жалғыз-ақ топтан тілек бар:  
Тентек атты Сырым ғой,  
Не сөз айтса албырта  
Қайнамасын жігер! (*Күлкі.*)

Дауыс. Әй, байғұсым-ай! Жүрек шерін тарқатар көсемсеркем осы да!

Сырым жолдастарымен үйге кіреді. Үлкендер ұнатпайды.

Мөржан (*Жарылғапқа*). Осы сияқты ыбылыс-жынның жүрісін көрмесем деп ем! Бүгінгі күн тағы кез келтірді ме?

Жарылғап. Оның-дағы жүргені аруақтың арқасы шығар. Қайтушы едің жатша қуып, жатбауыр қын қайтесің?

Мөржан. Мен қойдым... Бірақ бұл жүрген жерден береке шықпайды. Айтпадың деме!

Сырым (*Қарагөзге*). Қалқашым, мен бүгін текке қалам деп келгем жоқ. Баласы жауға тұтқын боп, өзіне оқ тиген жаралы жыртқышын — мен бүгін. Сені қамаған топты қуанта алмасам, — ұрыспа!

Қарагөз. Мен сөзімді айтқамын, Сырым. Именерім жоқ. Өзің біл!

Асан (*тобымен «жар-жар» бастайды*).

Жар-жар айта біз келдік, еркем, сізге, жар-жар!  
Айтысқан сөз жарассын сіз бен бізге.  
Қуанышты тойынды құттықтаймын,  
Тілеу тілеп алдыңнан үй мен түзде, жар-жар!  
Еркелетіп өсірген бетін қақпай,

Жар атын да айтпаған зорын таппай,  
Көп тілеулес ағайын ортасында .  
Бетін аштық сол сөздің келген ашпай, жар-жар!  
С ы р ы м (өз тобымен).

Жар жақсы деп жаршылар көп айтады, жар-жар!  
Өмір көркі жарменен деп айтады.  
Жігіт айтса — күлкімен айтар сөзін,  
Қыз жыласа уайым жеп айтады, жар-жар!  
Мен жырласам — жылаймын қайғымды айтып,  
жар-жар!

Іштегі өртті тығамын айтпай қайтып?..

М ө р ж а н (*шыдамай айқайлап*). Қер кеткеннің аузынан кеселді сөз шығады деп, Сырым айтып тұрған сөз ғой мынаның бәрі...

Т о й с а р ы. Ұрыспаңыз, бәйбіше, бұ да біралуан сөз шығар. «Жар-жарда» әйел бала «ырза болдым» деген сөз сөйлеуші ме еді, тәйірі? (*Асанға*). Қәне, сендер неге тұрсындар? Айтындар!

А с а н (*тобымен*).

Лайық шығар айтқаның ойда барды, жар-жар!  
Не күйдірді, не жақты, көңілді алды?  
Қандай шермен жас жүрек қапаланды,  
Нені сүйіп, не нәрсе қайғы салды, жар-жар!  
Сөйтсе-дағы мына күн — тілеу күні, жар-жар!  
Қызық ет деп тосады ендігіні,  
Қуанышты халайық арасында,  
Шығуына орын жоқ зардың үні, жар-жар!

С ы р ы м (*тобымен*).

Қуанышты күн болса — тілеу болар,  
Тілететін тілекті тіреу болар;  
Қуаныштың орнында қайғы болса,  
Көңіл баяу, көз мұнды жүдеу болар, жар-жар!  
Бүгінгі күн түрленген қынаулымын,  
Айналамда көз де көп сынаулымын;  
Іштегі дерт сонда да шықсын сыртқа,  
Ырзалық жоқ мен зарлы жылаулымын, жар-жар!

Үлкендер қобалжиды.

М ө р ж а н. Уа, мынау менің баламның сөзі емес!  
«А, құдай, оң сапарын бер, жолымды қыл!» деп тілек ті-

леудің орнына, менің балам мұны айтпайды, бүйтіп азбайды. Жанағы сөз — Сырым сияқты жынның сөзі. Оның адал ниет ақ батамен жұмысы бар ма? Шығарт бүлікті қарағымның қасынан! Ойын деп тұр ма, баламның тілек тілейтін сапарын?! Нені көкіп тұр өзі?!

**Н а р ш а** (*өз тобына*). Шығар сөз шығып қалған соң, бүркенгенмен бола ма? Қайғылы — жалғыз Қарагөз емес, Сырым да қостайды екен. Екеуі қосылып айтқан соң, тыңдамасқа бола ма? Асан, айтқыза бер, арманымыздан шығып, тындап қалайық.

**С ы р ы м** (*Қарагөзге*). Атқан оғым тиетін жерлеріне тиіп жатыр. Менің ендігі жұбанышым осы-дағы. (*Өлеңмен сөйлейді.*)

Жаралауға жарасаң,—  
Мұрадыңа жеткенің!  
Сайрап жүрген ол бұлбұл  
Ерігі жоқ болды құл.  
Ойланып артқа қарасаң —  
Енді болдың сен де тұл!  
Ерке тоты кеткенін  
Аза салып қайғы қыл!  
Жырла да жыла соны біл!..

**А с а н** (*жалғыз сөйлейді*).

Тағы айтамын жылаудың орны бар-ды:  
«Жар» үстінде шығармас іште зарды.  
Ауру асыл болғанда, ойламас па,  
Уақыт тығыз болғанда, орын тар-ды, жар-жар?

**С ы р ы м.**

Басалқа сөз, өсиет кеңшілікте, жар-жар!  
Ежелден менің басым кемшілікте.  
Жиын-той бәрімізге бірдей болса,—  
Мен де ортақ қолға тиген теңшілікке, жар-жар!

**М ө р ж а н.** Жә, тоқтат енді, бүйтіп айтқан «жар-жарың» құрысын! Сол Сырымға қосылып тұрған әйел кім? Соны айтындаршы жалғыз-ақ маған?

**Т е к т і.** Қой енді, мұнан арғыны тындар менің де жайым жоқ! Қарагөз айтса да, Сырым айтса да — жетер осы сыйымыз.

**Т о й с а р ы.** Ендігі ойынын балалар мен жастар өздері ойнай берсін. Біз үй жағымызға барайық.

Бұлар Асанмен бірге шыға береді. Сахнада Мөржан, Жарылғап, Жабай, Сырым қалады.

Мөржан. Ей, Сырым, бермен кел! Кел алдыма! Жөнінді айтшы осы сен! Көзіме айт! Мына Жабай — сенің әкең, Жарылғап — Қарагөздің әкесі. Мен Қарагөз бен Жарылғаптың шешесімін. Сенің өзің түгіл, әкеңе де шеше орнындамын. Исі, садағаң кетейін, Өсер аулында — құдай кешсін айыбымды, аруағымның атын атап отырмын келін басыммен, — арылайын деп отырмын, — сенің ішінде жүрген қандай шер-шеменің бар осы? Атап берші сол армаыңды?

Сырым. Менен не тілейсіз, бәйбіше? Нені айтқызбақ боласыз?

Мөржан. Барыңды айт деймін! Сен кім? Саған осы Қарагөз кім, соны айтшы?

Сырым. Мен Қарауылдың жігіті, Қарагөз — Қарауылдың қызы, ардагері де аяулы сұлұы.

Мөржан. Сол-ақ па айтарың? Одан бергі атаң — Өсердің атын ұмытып тұрсың ба?

Сырым. Уа, ұмытқам жоқ, өлсем — ұмытармын ба, шеше! Отыз ауыл Өсердің он қос жылқысы бар, соның кем қойса, бес қосын осы Қарагөздей асыл ару, балапан балаларын сатудан жиған! Соны айтайын ба?

Мөржан. Тілің кесілсін сенің! Малды ауыл бопты, со да жаман боп па?

Сырым. Жаман деуге кімнің аузы барыпты? Осы отырған семіз бәйбіше — дәл өзің жылатып берген қыздың саны да Қарагөзбен тоғыз бопты. Соны айтайын ба?

Мөржан. Бар Өсерден танығаның, тапқаның сол-ақ па? Өзің қайдан шықтың, көргенсіз?!  
Сырым. Ә... аталас дейсіз ғой! Арғы баба Өсерден бері Қарагөз екеуіміздің арамыз алты ата. Санап берейін бе оны да әлде?..

Мөржан. Естідіндер ме мынаның сөзін, бұл заманның сұмдық бастар ұлының тілін?!

Жарылғап. Апа-ау, алты ата екені рас емес пе? Соны айтқаны да сұмдық па?

Мөржан. Сұмдық!.. Мен мынау Жабайдың шешесін «Ақженеше» дейтұғым. Әкесін «Момын қайнаға» деп келем... Төрі түгіл, отының басынан ұзап көргем жоқ олардың. Бес ата, алты ата айырушы ма еді сендерді?!

Сырым. Аталас болса қайтеді? Алты атада қыз алып, қыз да беріспеуші ме еді?

Мөржан. Жеті атадан бері қай қазақ қыз алысып



еді. Сұмдық қой мынау! Не пәле, не каза көрдім мен бүгін! Кірсемші мен қара жерге!

Сырым. Ой, жарықтық бәйбіше, мұсылмандық шариғатыңыз алты ата түгіл немерені де қосады. Арада малмен шырмап, «бата» деп матап отырмасаңдар, Қарагөз маған, мен Қарагөзге бұйырған болсақ та кәпір қауымында өтпес ек қой!

Мөржан. Тілің құрсын, жолың құрсын сенің!

Сырым. Менің жолым ендеше ол да емес. Сол қырсық бата, қарғыс қалың мал жылатып зарлатқан Қаруыл қызының тегіс қара өзегін қак жарған қам-қайғысын жыр еткен, жар еткен Сырыммын мен! Қарагөз тұсында да солай еттім, солай еттім міне!

Мөржан. Жабай, Жарылғап, көрдіңдер ме мынаның сұмдық тілін, сорақы тілін?! Осы тілін кеспесең, аруақ атсын екеуінді бірдей! Мен тіріде жаңағы Сырым аузынан шыққан сұмдықты енді қайтып Өсер баласы естімейтін, білмейтін етіп жерге тық! Тыйылмаса, тартынбаса — мына тұрған Сырымды бірге тық, бірге көм!

Жарылғап. Сырым, естір сөзді сен де естідің, бізде естідік. Исі Өсердің асқар таудай ақ шашты, аруақты анасының аузынан естідік. Жабай, сен екеуімізге де бұл сөз жеткен болар, не дейсің?

Жабай. Мені тірі отыр деп отырсың ба осы күйде? Сырымның тағы бір өлтіргені десеңші мені! Қәрі әже айтқаныннан, аузыңнан садаға кетейін! Лебізіңмен өлейін. Міне менің қос қолымның еркі өзінде, құлдық, ана!..

Мөржан (*Сырымға*). Қуарған ұл, кет енді аулыман! Қарамды көрме, жолама! (*Тұрып кетуге айналады.*)

Сырым. Бәйбіше, мен жалған сөз айтқам жоқ. Жарылсаң да және айтам: айтылған сөздің бәрі рас!

Нарша шығады.

Нарша (*Сырымға*). Сырым, сенің жалынды сөзіңді ажалдыға кез келсін деуші еді жұрт. Бірақ шарай топтың көзінше пұшпағынан ілінген ажалды киік мен болам ба? Азалы, қайғылы — жалғыз Қарагөз емес, сен де арманда дейім бе, мен не дейін?

Сырым (*салқын*). Шырағым, мені шенеп қайтесің? Жол мен жөннен адасқан әуре жанмын мен. Менің елім — жылаған қыз бен соның көз жасын жырлаған

жігіт; тіл алсаң — мені қажама! Сенімен шиеленіспей-ақ қояйын.

Нарша кетеді. Жабай шығады.

Ж а б а й. Әй, Сырым, бері кел!

С ы р ы м (*тақан*). Не айтасың?

Ж а б а й (*ашулы*). Не айтатыным сол: әке-шеше болып айтқан сөзім даритын болса, сен мына бейбастықты істемес едің ғой! «Әке не дейді?» деп қымсындан кеткен екенсің. Жатқа істеген ісің белгілі еді. Бүгін күйінген кісі боп келіп, Қарагөзге де мынаны істедің бе? Басқан із көрінбейді екен деме!

С ы р ы м. Әке, атаң Өсер болғанмен, бұл ауылдың малдысы да, әлдісі де емес ең. Қайта сол Жарылғаптан «қонысымды ап қойды, пішенімді жеп қойды» деп өзін де тізе көріп, опық жеуші ең неше рет! Тек Өсердің Жарылғаптай жуанының шылауында, ығында кеткен басың бар ғой, сорлы әке! Соныңды істеп тұрсың ғой!

Ж а б а й. Керегі жоқ ондай әреке сөзіңнің! Мен Өсер намысын айтам, осы жөнінде тағы айтам: әйтеуір ізденген бір пәлеңе ұрынғалы бара жатырсың! Тек бірақ аяғыңды байқап бас! Аяйды екен деп ойлама! Біліп қой осыны!

С ы р ы м. Сол ма?

Ж а б а й. Сол... Сол, айттым — болды! Жеткен жерің — сол, ұғар болсаң! (*Кетеді.*)

С ы р ы м (*өлеңмен сөйлейді. Толғау*).

Қайғы басқан қаяулы,  
Жарасын ашсам, жақпайды —  
Ұрсады маған бай аулы,  
Шер жесе де шығарма,  
Болмаса жаза таяулы,  
Маған да қалған күн қаран!  
Аттысы атпен шапқанда  
Жаяуы қуды жаяулы.

Ш ы м ы л д ы к.

## ҮШІНШІ АКТ

### Үшінші сурет

Наршаның ауылы. Келінді тосып отырған жиын.

Асан. Келін келе жатыр, жақындап қалды. Енесі мен абысын, қайнаға, қатарынды түзей бер!

Текті. Қатарымды түзеймін деп Қарагөздің алдында мен сызылушы ма едім? Енді Қарагөз бізге сызылсын! «Жар-жар» айтамын деп өлеңші ағасына ойындағы бар арманын айтқызыған жоқ па еді?

Тойсары. Ол үшін кекті болсаң, келінің қолына келе жатыр ғой, жазығын мойнына алып жаяулап (күледі).

Текті. Қалай емексіткеніңмен, Сырым айтқан сөзді не қып ұмытайын! «Е, тәңір, игілігін көрсет!» деп жүрген баламнан, «Мен меісінбеймін, ырза емеспін!» деген сөзді есітіп алып, енді мен немен жұбатайын өзімді? Тіпті сол жұқалағандарына ырза емеспін әуелі.

Нарша. Олай болса, Асан сенің өкпенді қазір-ақ алдыңнан өлеңмен білдірейін деп тұр. Оны қалай көресің?

Текті. Ол қай өлең? Беташар ма?

Асан. Тіпті беташарды да қазір айтамын.

Тойсары. Айтам десең — айт. Қарагөздің жанына еріп Сырым да салдарымен келе жатқан шығар. Шымылдық ішінде бар болса, оның да бетін аш! (Күлкі.)

Нарша. Мен білген Сырым болса, осы шымылдық ішінде сол да бар.

Үлкен шымылдықты екі жағынан екі келіншек ұстап әкеле жатады. Шымылдықтың ар жағында, Қарагөздің қасында Сырым да келеді.

(Асанға.) Сырым ойын-сауықтың перісі болып кетсе де, өткеннің қаруын бір қайырып қалшы.

Сырым (Қарагөзге). Өз елім дер елім жоқ, туысқан-туған менде жоқ; осы сені қуантқан жерде қуанып, сені уатқан жерде уанып жүрсем, жетпей ме? Тек мына шымылдық осы күйінде алдымда желбіреп отырсын да! Ақыретке апарса да, соның жетегімен өте берем.

Дулат (қасындағы келіншекті сүйіп). Мына қалқалармен қайда барсақ та арман емес. Шұбата бер шымылдықты.

Асан (өлеңдете сөйлейді).

Уа, қызыл жібек шымылдық бет пердеңіз,  
Асыл келін олжалы, жек көрменіз!  
Қасында жігіт болса, бас жақсысы,  
Бөтенсіп әлдекім деп шет көрменіз!  
(Күлкі.)

Бет пердең толқынады майда желдей,  
Қуанттың ел-жұртыңды келер-келмей,  
Болғанда жасау басы — басты жігіт  
Ел жоқ-ау Қарагөзді берген елдей!

Қарагөз (Сырымға). Сөзін жесір жібермей жауап бер!

Сырым (өлеңдете сөйлейді).

Қызыл гүл дауыл ұрып жерге соқты,  
Ақ тоты бүгін саған тұтқын бопты.  
Айдыңның ақ құсындай қарағыма  
Кез қыпты құзғындайын бассыз топты!  
Қарагөз Қарауылдың ақ маралы  
Болғанда бетке сұлу, ой саналы,  
Жеңбесе бойын тежеп өз көңілін,  
Ешкімнің әкелген жоқ айла-амалы.  
Кісі түгіл жасаусыз келсе-дағы  
Сендерде сырт беретін күш шамалы!

Тойсары Сырым сөйлесе, шеттігіне ілндіріп сөйлейді-ау! Өрге айдамаса, көңлі көнши ме! Асан, Сырым екеуін әлі де талай шекісерсін! Енді мына қуанышын күтіп отырған ата-ененің алдында Қарагөздің бетін аш!

Жарылғап. Елдің баяғыдан жол ғып айтып жүрген сөзін айтшы! Осы қоспа сөздерің мірдің оғындай болып, құлағымызға жат тиіп жүр. Тіпті біз елемесек те, мына құдағиларыңды жүдететін көрінеді.

А с а н (бегашарды бастайды).

Келіннен енді сөйлейін,  
Көп дабырлап шуламай,  
Құлағыңды саласың,  
Қатесі болса сөзімнің,  
Осы отырған әлеумет  
Сынға салып қарасын.  
Құлағың сап тындап тұр,  
Келінжан, менің тілімді!  
Әдет жолын үйренбек  
Жас кісіге білімді,  
Ақылсызға айтқан сөз  
Далаға кеткен шығын-ды,  
Бәрі саған керек іс  
Тындасаң, келін, жырымды,  
Жырға қосып айтамын  
Бар өсиет сырымды.  
Бұрынғы күнің — балалық,  
Ержеткен күнің — бүгін-ді.  
Келін боп келген қиын іс  
Жаңа өспірім балаға,  
Қызмет қыл иіліп  
Ата менен анаға.  
Өзіңнен үлкен адамның  
Бетіне тіке қарама!  
Үлкен кісі келгенде  
Қатарласып отырмай,  
Кейін отыр панада,  
Лажы болса шығып тұр,  
Қайтқанынша далаға.  
Бұрынғыдай ойламай,  
Сабыр етіп шыдам қыл  
Аштық пенен тоғыңа;  
Отырған адам көзінше  
Әр жерінді қасыма,  
Жаулығыңды шұбатпай,  
Дұрыстап ора басыңа.-  
Астынан шығып жүрмесін,  
Ие боп жүр шашыңа,  
Біреу жаман айтты деп,  
Болымсыз іске жасыма.  
«Пәлен сүйдеп айтты» — деп,  
Жарыңа сөзді тасыма,

Естісең де жаман сөз  
Жүргенің жақсы жасыра.  
Сендерге енді келейін:  
Қарт-қария аталар,  
Жапсарласа отырған  
Жастары үлкен аналар —  
Ақылы артық даналар,  
Біздерге енді қуаныш —  
Жасы кіші балалар.  
Бұрынғының бір жолы —  
Келінді көрген адамнан  
Көрімдікке мал алар,  
Қайненеге бір сәлем!

Шымылдық төмендейді. Қарагөз қасындағы үш-төрт келіншегімен бірге иіліп сәлем етеді. Шымылдық түрілгенде, Сырым жолдастарының қасында. Келін сәлем еткен соң, шымылдық қайта құрылады.

**Текті.** Тәңір жарылғасын, абыройлы, бақытты бол, балам!

**Асан** (*келін сәлем еткенде Тектіге.*) Көрімдігін айтыңыз! Балаларыңның ішінде көркемдігі көп, ақылы артық келінің! Жалғыз қара болмасын. Түйе болса — боталы, бие болса — тайлысы.

**Текті.** Қалағаның болсын! (*Жұрт күледі.*)

**Асан.**

Тым болмаса ен салдыр,  
Түйенің кенже ботасы,  
Биенің кіші тайына.  
Малға шамаң келмесе  
(*Жұрт күледі.*)  
Берсең де ырза боламыз  
Қаптағы құрт пен майыңа,  
Қайнағаға бір сәлем!

Шымылдық түріліп сәлем етіледі.

**Тойсары.** Ауданына атақты, ағайынға қадірлі, аулыңның көркі бол, қарағым! Қосағыңмен қартаатын күнге жеткізсін! Үбірлі-шүбірлі бол!

**Көп даусы.** Бәрекелді, айтқаның келсін! Айтқаның келсін!

**Асан** (*Тойсарыға*).

Келін-келін, келіңіз,  
Көрімдігін беріңіз;

Ала-құла демеңіз,  
Түсін айтып беріңіз!

Той сары. Ентелеткеніммен, саған мал берем деп өлең айтқызғаным жоқ. Ақ тілеуіммен Қарагөзді ырза қылсам — болғаны. Атын айтпай-ақ айта бер қалған сөзіңді!

Асан.

Қойды берсең — қондырдан,  
Өсеріне онынан;  
Абысынға бір сәлем.

Бұрынғыдай сәлем етіледі.

Текті. Асан, балаларды шаршаттын ғой деймін. Өлең де бітті ғой. Енді рұқсат қылайық, үйге кірсін.

Бұл уақытта сахнаға Мөржан бәйбіше де нөкерімен келеді.

Асан. Өлең біткеннен құдай сақтасын! Әншейін өздерің үйге кірсін демесеңдер, мен ала қаптың аузын жаңа ғана аштым.

Келіндер үйге қарай жүреді. Асан өлеңдете сөйлеп:

Жаңа өмір, міне, туды атқан таңдай,  
Балалық дәурен өтті, кетті шалғай.  
Қызыл жібек шымылдық мұнда әкелді,  
Ақ үйің алтын сарай енді болғай.  
Ағайын тілеуінде бірі қалмай,  
Көп тілеуі қалған жоқ сірә болмай.  
Атта да оң аяқпен босағанды,  
Тілеп кір «бере гөр» деп өмір балдай!

Той сары. Бәрекелді, жақсы айтасың, айтқаның келсін! Қарағым, келін, осының тілегін сен де тілек қыл. Артыңды онда көгертіп, алдынды мұнда жасартсын!

Келіндер мен салдар үйге кіреді.

Мөржан. Қарагөзім ақылымен толғанса, кімнен кем болар дейсің. Қойнымдағы алтынымдай сақтаған асылым емес пе? Құдай бұйырып, аруақ қолдаса, әлі-ақ аулыңның басы болар! (Кетіседі.)

Нарша (төмен салбыраған қалпынан көтеріліп, Қарагөзді оңаша ертіп бері шығады). Қарагөз, ондағы —

ол еді, бүгін міне — мұнда келіп көріп тұрғаным тағы мынау! Осындай оттай шарпыған ұят тегі жалғыз мені ғана ұялта ма, әлде саған да шарпи соғары бар ма? Шынымен-ақ осының бәрі үшін мен ғана күйіп-жаным жерге кірейін бе?

Қ а р а г ө з. Рас, сіз шын қиналыпсыз! Сізге солай батқаны маған да батады.

Н а р ш а. Бәсе, біз ерлі-зайып, ер мен жар болсақ, ортақ емес пе еді мұндайлық жара-жаза дерттері!

Қ а р а г ө з. Тек жазықты сіз де емессіз, мен де емеспін! Дерттің шыны сонда ғой...

Н а р ш а. Сырымның аузынан шыққан ащы сөзді мен айтқызғам жоқ қой. Айтқызбақ түгіл, өзіме сермелген сондай қанжар сөзді жатқа да тілемес едім, Қарагөз!.. Бірақ сенің ықтиярыңнан тыс, сен тілемеген, сенің рұқсатың болмаған жай болса, оны айтуға қай ауыздың жөні бар еді?!

Қ а р а г ө з. Оныңыз рас болғанмен... жөні-шыны, мәні-сыры басқа күй тағы бар ғой! Мен тұсаулы болғандығым үшін күйікті болсам — қайтейін!..

Н а р ш а. Ойпыр-ай, Қарагөз-ай, не дедің? Бұлай болғанда, бір-ақ тілеу, ақ бата, жазықсыз ата-ана қосқан жас зайыптар емес, тұсау мен бұғаудағы, айдау-жазадағы сорлылар екеміз ғой!.. Осы ма еді айтпағың?

Қ а р а г ө з. Сол айтқаныңыздың бәрі болмастан, түү бастан тек өзіңізбен өзім болып ұшырассам... басқа болар ма еді менің жұлдызым! Жаңағы атағанның бәрінің аты, жиын аты, еріксіздік болса, менің бүгін үріккенім, жатырқаған қарсылығым, сізден де тітіркене тартынуым — бәрі сол зорлықтан болып жатса — не дейін? Сіздің адамшылығыңыз, маған сонша ерік беріп, осындай сөйлетіп тұрғаныңыз да мені өлердей ұялтады. Жанымды жегендей қапа-қайғыға салады. Міне — мен өз алдыңызда... бар шыным, бар сырыммен аян боп тұрғаным осы. Сұрадыңыз — айтпасқа амалым жоқ. Мен шын дерттімін!..

Н а р ш а. Қарагөз, аяулы ару Қарагөз!.. Сені мен мендей шермендені қазақ баласы білмеген-көрмеген де болар. Бірақ енді мен жетер жеріме жеттім! Сен менің, адал тілеу, ақ бата қосқан жарымсың! Сол жетті, болды! Енді шектен аспайық. Бұдан арғыға Наршақты сынама! Осыдан ары майысар мұршам қалған жоқ, енді тек сынарым ғана қалды. Естідің бе — сол-ақ! (Қарагөзді қоя



*беріп, Асанды шақырып алады.)* Жұрт тарқаған ба? Асан, менің жайымды сұраймысың, жоқ па?

А с а н. Не дейсің, не ғыл дейсің? Тыныштық таба алмай-ақ қойдың-ау, сен де!

Н а р ш а. Бүгін таңда тыныштық табар түрім жоқ. Жүрегімнің түбінде зіл қара тас басып жатқандай.

А с а н. Қарагөзге енді кімнің ортағы бар? Өтер күн өтті. Қарауыл Қарагөзін ұзатты. Қайғының не орны бар?

Н а р ш а. Маған Қарагөз бір қайғы болса, Сырым тағы екі қайғы болды. Мені найзалағанын қоя ма, жоқ па осы? Сырым менің жайымды ескеруі былай тұрсын, тіпті күннен-күнге жау болып барады ғой. Қарагөздің бар сырын осы біледі. Маған соның білгенін біліп бер. Жасырса — менімен жау болғаны. Досым ба, жауым ба, соны айырып берші!

А с а н. Қазір осыны не деп айтамыз оған? Келмей жатып кінәласу лайық бола ма?

Н а р ш а. Тәйірі, Сырымға ой-қыры бар ма? «Кеше келдім, бүгін кеттім» дей ме екен ол? Сөйлесіп бері! *(Нарша кетеді.)*

А с а н *(отаудың есігінен қарап)*. Сырым құда, бері шығып кетші: жалғыз ауыз сөзім боп тұр.

С ы р ы м *(өлеңдете сөйлейді)*.

Асан сал, сал ішінде бір алуаны,  
Тозған заң, азған заман балуаны,  
Сал болмай, көбінесе жеңге болып,  
Жүрген түрі мінекей қалып әні!  
Жеткіз деп қандай сөздің тасымалын,  
Қандай жан жіберді екен бозбаланы?

А с а н. Уай, Сырым, қой, жаным! Сен менің соқтықпайтын кісімсің. Сенің сөзің асау қандай, басқа шапшытын болған соң, мен жырақ жүремін. Саған мен жол бердім ғой, көп таласпаймын. Бірақ сөйтсе де, сөз барымтасы жаман, жаман болады.

Үйдегі салдар. Олай болса, айтып жібер: ер шекіспей — бекіспейді!

А с а н. Жоқ, мен Сырыммен шайқаспай-ақ, тыныш жүрем. *(Сырым шығады.)* Сырым, саған белгісіз жай жоқ. Сен дағдыңнан жаңылмайсың, бір бетсің ғой.

С ы р ы м *(салқын қарап)*. Иә, Сырымға сый істеп-ақ жатырсың. Андадық.

А с а н. Сен Қарагөзді жылаған қыз деп шашпауын

көтердің, наразылық мұнын да айттың. Жүзі жүдеу, көңлі жадау күйінде жырлап келесің. Бірақ бұл сөзін екі жүзді семсердей болды. Екі басы бірдей ыстық темір болды. Бір жағы Қарагөздің қайғысын шығарса, тағы бір жағы Наршаны күйдіріп жатыр. «Әнеугі сөз — анау, бүгінгі сөз — мынау. Сірә Қарагөздің қайғысы Сырымнан жасырын емес, Қарагөз өзі айтпайды. Сырымның мен де туысқанымын ғой, сезген-білгенін айтса қайтеді? Көптеп-көмектеп Қарагөздің көңілін жазсақ не етеді?» — дейді. Бұған не дейсің?

Сырым. Мен айтсам, Қарагөздің жұртқа білінген наразы көңілін айттым. Ол Наршаға да белгілі болса, менен несін сұрайды. Жігіт сияқты жігітке сол білгені жетпей ме? Одан ары бірде-біреудің атын сұраймын десе, менен оны біле алмайсыңдар. Мен Қарагөздің басын былғап, бұлдық сатып алмаймын.

Асан. Сырым-ай, маңайыңды бастырмайсың. Бірде-бір жанға құрбы болмағандай жат тұрасың-ау! Наршаның басы бір әйелге тең емес пе? Екеуінің түз-еңбегін жарастырып жіберсең, аз көмек етемісің?

Сырым. Сырым — теріс біткен бір бұтақ. Қалай өсіп, қалай басып бара жатқанымды мен өзім де білмеймін. Алдымда менің не күтіп тұр! Қайда-қайда тартып бара жатқан тағдырым бар?.. Бұл сәтте оны да білген, аңдаған мен емеспін. Сол Сырым сенің еліңе келгенде, қайта туам деп келген жоқ. Жат елдің адамы болғанда, Қарагөзді жолға салып, жөнін түзеймін деп, мен балуан шығатын орын жоқ. Бұл сөзді өздерің ақылдас.

Жүре береді.

Қарагөз, Ақбала шығады. Қарагөз Сырымның қасына келеді.

Қарагөз. Мені тұншықтырып барады мынау ауыл. Тынысым біткен сияқты. Шатасып барамын. Есімнен айрыламын ғой деймін. Қайтермін, жаным, айтармысың бірдеме?!

Сырым. Мені сөзден тыйған жоқпысың? Арман айтардан қалған кісі емеспін бе мені!

Қарагөз. Рас, рас, жаным!.. Сенің жүдеген жүзің, шытынған қабағың менің үзілмес уайымым боп барады. Жаңа Нарша келіп тіл катып еді, оның да іші толған азап, шер...

Сырым. Сен енді соны қорғамақ боласың ба? Оны

да түсінбек, аямақ болғанын ба? Жанашыр, мейірбан Қарагөз жүрегі енді барды кешірет әулие жүрек болғалы тұрғаны ма?

Қарагөз. Ол емес, олай емес, жаным Сырым! Ол жан қатаң болсашы! Бұйткенше топас, тоңмойын болса етті! Өз ойында жазықсыз ғой, сонысы қинайды. Оның басындағы уайымның қаншалық көп екенін білмейсің бе? Бір жағынан намыс... намыс... «Қалыңдығы менсінбеді» дегенді намыс көріп, ішіне бар дертің тықпақ болады. Ол от өн бойын шарпиды; оның үстіне, беріп қойған малы, «алам, алдым» деген жесірі... бата... қырсық бата!..

Сырым. Лағынет болғыр арамның малы! Лағынет болғыр сор бата!.. Ендеше, соның бәрін айта кеп, арылғалы, айырылғалы тұрсың ба тағы менен?

Қарагөз. Жоқ, мен айрыла алмаспын сенен... Осы сәтте, әсіресе бар жан-тәніммен сезіп тұрмын. Сенен айрылу менің сол жан-тәніме бірдей түскен жарадай... Дәл бір ауыр терең жара — қаны сорғалап тұрған жарадай! Тек «айрыламын-ау» деген ойдың ғана өз жарасы... Қазір жер тар! Сөйлескім келеді. Мені тастама, шыдауға дәрменім жоқ... Ақбаламен ақылдасып, жақында оңаша кездесетін орын байландар.

Сырым. Рас па? Тағы да айнитын болсаң, өзінді де, бізді де әурелеме!

Қарагөз (*әлсіреп бұрылып бара жатып*). Айттым ғой!

Асаң Қарагөзбен бірге кетіп бара жатып, артта тұрған Сырымға қарап өлеңдетеді.

Асаң.

Сұлу қыз бен келіншек — елдің сәні,  
Сұлу кеткен елдің де болмас мәні,  
Сұлу қыз тоғайлы өзен бұлбұлындай,  
Бұлбұл кетсе тоғайдың жоғалды әні.

Сырым. Рас... рас...

Жүректің жатқа кетсе — қалағаны,  
Үміттің қайта үзілсе — жамағаны,  
Бегінен жат боп кеткен оралмаса,  
Жас төгіп егілмеске шама қаны!  
(*Аһ ұрады.*)

Асаң. Әй, азамат, мына түрің тегін емес-ау. (*Басын шайқал.*) Білмедім... білмедім!..

Шымылдық.

## Төртінші сурет

Жарық айлы түн. Нарша аулының сырты. Өзен, тоғай. Алысырақта күзетшінің әні естіледі. Сырым, Дулат шығады.

Сырым. Өзгелер қайда? Аттар дайын ба екен?

Дулат. Дәулеткелді мен Қоскелді аттарды дайындатып, кешегі ақ қайыңның түбінде тосып тұрамыз деп кетті. (Пауза.) Бірақ бұл күнге дейін бір жұмысты бұл қалай деп сұрап көрген жоқ едім. Ал осы жолы дәл осы істің лайығын сұрайын деп тұрмын. Өзге болған жүрістің жолы — бір басқа. Мынауымызды жұрт не дейді осы?

Сырым. Осы сөзді шын айтып тұрмысың?

Дулат. Шын айтам. Сен істеген істен бойым тартып қалмаймын. Істеймін. Бірақ мәнін ұғындыр.

Сырым. Қоскелді мен Дәулеткелді сұрамай-ақ еріп жүр ғой. Соларда ең болмаса сұрай білетін ақыл бар емес пе? Сен олардан тартымды, сақ кісі болғаның ба? Неменеге қобалжыдың? (Пауза.) Бірақ сұрадың — айттайын. Сен жұрт құптайтын лайығы десен, «ол қандай жұрт?» деп мен сұрасам — қайтесің? Жұрттың да жұрты бар емес пе? «Жұрт» деп менің аталасым — Өсер аулын айтсаң, менің бұл ісімнің де лайығы жоқ.

Дулат. Өсектеймін, жаманатқа ұшыратамын деген Өсердің жау жандары аузына келгенін айта береді ғой. Мен оны өзіндей-ақ елемеймін. Тек өзімізше не деп жорық? Соны білдір деген едім.

Сырым. Ендеше, мен Қарагөз жоқ жерде өз басыма тірлік жоқ дейтін күйге жеттім. Жолында жаным шықсын деп сүйгемін... Бүгінгі бар тірлігім де, тынысым да — сол!.. Жаның құрбы жассың, досымсың. Жазығым болса — осыным ғана.

Дулат. Осы жасқа келгенше, талайдың талаймен жақындасқанын көрген ек. Өз басымыздан да көпті атықардық, бірақ дәл сен екеуіңдей жалындап, үзіліп тұрған жандарды көрген жоқ ем. Бұл дүниеде болар деп ойлаған да емес екем. Жаңағы сұрағаным — сондай бір сияқтыңды сезгендей болған ем. Өзің де өзек жарған барды айттың.

Сырым. Жә, біздің осы күйімізде, осындай жалын атқан шағымызда не жазық бар? Не сұмдық бар?! Қарагөздің басын мен сияқтанып қандай әке сүйеді екен... Олардың «жан ашығаным», «жақсы көргенім осы», деген

сөзінің бәрі жалған. Ол бітпес жараны тілмен жалау. Маған айтқызбай, Қарагөздің өзіне айтқызып көрші! Бірақ керегі не? Бұған қарайтын дүние жоқ. Мен сондықтан да ондағы-мұндағы ауылдың бар әлеміне жатпын. Көріп тұрсың, ендеше, міне — жалғыз осы-ақ жол қалды.

Қарагөз бен Ақбала шығады. Сырым қарсы қозғалып:

Күнім-ай, мұнша неге жүдедің?.. Аппақ шөлмектей өңің қалай еді, не болған?! Ауырып тұрмысың әлде?

Қарагөз (*Сырымның мойнына білегін арта салып*). Ауру емеспін... Бірақ менің бұл күнгі саулығымда не баға бар? (*Жылап, Сырымды құшақтап.*) Сәулем!.. Мен су жүрек болуға айналдым. Өне бойым, жаныммен бір жаманшылықты сезгендей боламын.

Сырым. Не сездің — айтшы, күнім, айым?! Білдірші маған!

Қарагөз. Білмеймін... Өзім де білмеймін. Не осы қайғыны көтере алмай өлемін. Не жұртқа бар сырымды өзім ашып, соның ұятынан өртенемін. Уланып елтіген кісідей маспын. Сенің кететінінді ойлаған сайын, ақыл-естен айрылып, езіліп барам, қуатым! Біз ор жағалап жүрміз ғой, құлаймыз ғой бір күні осыған. Не боламын, қайтып адам боламын? (*Пауза.*) Әттең, мына тор!..

Сырым. Сен тіліңмен айтпасаң да, тек жүзің мен көзіңнен ұқпаймын ба, оқымаймын ба барынды. Жүзіңді көрмесем, өз көңілімнің қайғысынан және де сенің жан сырыңды жаттай оқимын. Енді міне — бұл қалыпта қалудың өзі өлімнен артық азап болды екеумізге де. Осыны ойлайық. (*Қарагөз құшақтап жылайды.*) Жыламай, ойланып жол табайық. Мен әуелі сен ойлансын деп тұрмын.

Екеуі үндемей сүйісіп, сахнадан шығып кетеді. Сахнаға Ақбала мен Дулат шығады.

Ақбала. Құдай-ау, өмір бойы маңына ешбір жанды дарытпай, ешкімге көзін салмай, жұрттың бәрін менсінбей келгенде, мұны Молда жігітке кез қылып, мұндайлық қасіретке душар етер ме!

Дулат. Ақбала, Қарагөз бен Сырым ақыл-ойға ешкімнен кем емес. Кінәластырсаң, осы күнде де ешкімнен жеңілмейді. Біз бұл жағын қояйық. Өздеріне берейік те ерейік. Шын асықтың адамнан жауы ғана болмасын, до-

сы да болсын. Ол — біз болайық. Бұл өз алдына. Ал жана сен «сезіктеніп жүрген кісі бар» дедің, сол кім — соны айтшы?

А қ б а л а. Бірдемені білген кісі сияктанып жүрген бірен-саран кісі бар. Бәрінен де маған сезікті көрінетін Асан мен Матай. Әсіресе Асан! Соның құйқылжыған тұспалында бір нәрсені ішіне тығып жүрген жан сияқты.

Д у л а т. Талай шытырманның ішінен бойымызды көрсетпей, аман шығушы едік. Бүгінде білініп бүлінсе, кім біледі?

А қ б а л а. Жай кісі сезбегенмен, Асандар алаяқ сырқынды ғой. Өз басынан да талайды атқарған, жер танып алған жырынды қу емес пе?

Д у л а т (күліп). Ақбала-ай, айналайын-ай, ақылшы болуға қандай жақсысың?

А қ б а л а (күліп). Е... бізді қыз болмады, жас болмады деймісін! Өзің сияқты жол-жобаны үйреткен жандар да болған шығар. (Күліп.) Жә, оны қой, мына жайларыңды айтсаңшы!

Д у л а т. Мен білсем, Асан да басқадан жырындылығы асып, бірдеме сезіп жүрген жоқ. Осы тұста біздің бозбала мен бойжеткеніміз өздері олақ боп кетті.

А қ б а л а. Қайтсін!.. Күні бітіп, құмарлығы асқан сайын сұлдер құрымас па!? Бұл екеуінікі әншейін емес, шын асықтық қой. Баяғының асықтары дейтін осылар екен ғой. Қалқам-ау, сынайын деп айтқаным емес, осы соңғы бір жұманың ішінде Қөзжақсым Молда жігіт жоқ жерде жады болған кісідей есінен, сөзінен жаңылып, жай сөзімнің өзін ұқпай кетеді. Мүлде ақылынан шатасқандай боп та отырады.

Д у л а т. Рас айтасың. Сезіктенген жұрт сондайdan сезініп жүр.

А қ б а л а. Осыны сен Молда жігіт пен Қөзжақсыма айтсаң, сақтандырсаң не етеді?

Д у л а т. Жай-күй оған қалса айтармыз. Тек қазір тұра тұр. Сырым Қарагөзбен осы кеш басқа сөз сөйлескелі келді.

А қ б а л а. О не сөз?

Қарагөз бен Сырым шығады.

С ы р ы м. Мен сенімен уәделесіп сөйлескенім жоқ. Бірақ қазір осы уақытта Дәулеткелді, Қоскелді бізді ат

ерттеп тосып тұр. Мен сені алып кетемін деп келіп тұрмын.

**Қ а р а г ө з.** Не дейсің?.. Қайда, жаным-ау?

**С ы р ы м.** Қаракесекке — менің нағашыма. Бұл ел саған да ел болмайды. Сен мені сүйгелі, арсыдағы арманыма жеткелі мен тыныштықтан айрылғам. Сені ұзатарда «қайтып көрмейін, енді мен қаңғып кетейін. Бұрынғы маған жоқ болсын!» деп едім. Мені елге тастамадың. Мен сонда енді өзіме екі-ақ жол қалды дегем. Бірі — көз көрмес, құлақ естімеске сені әкету. Сенің жолыңда, сенімен бірге құшағымды айырмай өлу. Бір қабырға бірге түсу. Енді біреуі — бөтендігім бөрідей болып, жұлысып-жұлқысып кету жау жұртпен. Бүгін де міне — сол екеуінің бірінен басқа таңдау қалған жоқ. Қай жолыма түс дейсің — өзің биле, өзің нұсқа! Құдірет әміріндей күтем мен сенен!..

**Қ а р а г ө з** (*ойланып*). Не деймін?.. Не айтармын?.. Содан басқа істер шара қалмағаны да рас! Не бүгінгі күн бір-бірімізден айрылу, жат болысу... өлемін, үзілемін десем де, бүгін саған «ере алмаймын» деген жауабымды беру керек. Не болмаса — етегіңнен ұстау, еру!.. Мезгілдің өлім сағатындай бұйрық сағатына жеткені рас.

**С ы р ы м** (*құшақтап тұрып*). Ойлан!.. Ойла да қазір бекін, байла! Екеумізге берген тағдыр таңдауы ешкімнің басына берілмеген. Қадірлей білейік қасиетін!

Осы шақта Матай ақырын бұғып келіп, бір ағаштың түбіне баспалап тұрады.

Осы сырымыз ашылмаған бетте бізге лағынет, қарғыс айтқаннан басқа, бүгінгі айналамызда аяйтын, есіркейтін, жай ұғатын жан жоқ. Ал іштегі сәулені, қос кеудегі күн-сәулені бітеу жара ғып сақтап жүрер шама жоқ. Біз жасырын жүрсек, жалын үдеп тағат қылуға, бойды жеңуге ырық бермес болды. Не маған «бетіңмен кет!» де, болмаса ер маған!.. (*Тым-тырыс.*)

**М а т а й** (*сыбырлап, өзіне*). Ә... сұмдық мұнда ма еді! Бәсе, сал-серілік жөні бір басқа. Асанның айтқаны келді ме? Енді мұны жалғыз мен білмеймін... (*Сырымдарға қарап.*) Сендер сөздеріңді пісіре беріңдер! (*Жүгіріп кетеді.*)

**Қ а р а г ө з.** Мені сен жеңдің. Сен биледің! Дүниеге тоқтауы жоқ, тойымсыз еттің! Енді адасқанды бетінен жарылғасын! Өзі берген қасіретін құдай өзі жеңілдетер

әлде. Әлде бізге де жарық күн бар шығар? Екеумізді де жетімдіктің үстінде, аналарымыз қатар өліп жылап қалған күнде бір-бірінді уат деп, әуелі бауыр етіп үйір қылып, артынан асық деп, жан дескен асық етіп қосып еді ғой. Бізді жаман ниет қосқан жоқ-ты. Мен саған еремін, Сырым! Ермеске жолым тар. Тыным бітті. Тәңір бетімізден жарылғасын!

Сырым (қатты құшып, сүйіп тұрып). Олай болса, бүгін кетеміз. Біз жалынды ыстық жар өмірін сүретін боламыз. Қазір кетейік, сәулем!.. Аттар тосып тұр.

Қарагөз. Сырым, құдай қосса, бұл байлау нық байлау. Енді көңілге күдік кірмес. Бірақ шыдау керек. Бұл ниет бүгін орындалмайды.

Сырым. Енді қашан? Неге орындалмайды?

Қарагөз. Бізді аяйтын туған-туысқан болмаса да, мына ауылда біздің ауылдың бар үлкені жатқанда кеткеніміз лайық емес. Солар кеткен соң болсын болар ісі!

Сырым. Бізді қуса, жаулық қылса, солардан үлкен жау, солардан әрі кететін жат жоқ. Бірақ Қарауылдың елін елемей, белін сындырғандай болармыз. Бұл сөзінді теріс дей алмаймын. Солар кеткен соң-ақ бетті түзерміз. Келші енді, кел, сәулешім!.. Құшақпен қоса, тілек қосайықшы мәңгіге!

Қарагөз. Мәңгіге!..

Дулат пен Ақбала шығады.

Дулат. Уа, шіркін шерменделер... Дүниеден осы құшақтарың айрылмай өтіңдер.

Сырым. Кәне, Дулат, енді жаңа ниетке бір тілеу тілеп, сөйлеп жібер! Біз емін-еркін екеуіңнің батанды алып тұрып сүйсейік. (Қарагөзді құшақтап тұрады. Дулат өлеңмен сөйлейді).

Дулат.

Жолды оңғар, тілекті бер, о, жасаған!  
Қашсақ та, қусақ тағы сендік саған.  
Болғанда дұшпандар көп, біз әлсізбіз,  
Сол үшін жүрек қорқақ, үміт шабан.  
Сақтай гөр қара күннен аты жаман!  
Дегендей тілек бітті, қызық тамам.  
Екі жас арманына жолды оңғарып,  
Мақсатқа енді жеткіз есен-аман!



Қарагөз (*жылап, Сырымды құшақтап*). А, құдай, осы тілек шын тілегім! Жолымды оңғармайтын болсаң, осы тілеудің үстінде ал!

Бұл сәтте сахнаға жылдам басып Нарша, Асан, Матай, Жарылғап, Мөржан, Жабайлар шығады.

Нарша (*шыға бере сөйлеп келеді*). Аталы ұлдың азғаны мінекей... Мынау серілік емес, осалдық! Бұл жасырынның ашылып, абыройдың шашылғаны. Міне, әкелері — балаларын! (*Еңіреп жылайды*).

Жабай (*ақырып*). Құдайдың қарғысы тиген жүзі қаралар!.. Не қып тұрсың?! Құдай-ау, мынаны көргенше, көр көзім неге шықпайды менің?! (*Сырымға.*) Сені өлтірмесем, кәпір болайын! Байла екеуін де!

Сырым (*ұмтылғандарға қарсы қанжар суырып алады. Жасқап жуытпайды*). Тарт! Мен өлсем, өз бетіммен өлем!

Мөржан (*Қарагөзді ұстап алып*). Жүзіқара, жерге кір! Жүзің неге күймей тұр, арсыз! Өлтір, өлтір екеуін де!

Жабай. Ұста! Ұста арсызды!

Көп жұрт жабылғысы келеді. Сырым әрқайсысын қағып ұшырып, сахнадан шыға жөнеледі.

Жарылғап. Мылтық әкел, ат итті! Өлтір осы жерде.

Көп жұрт шулап қуып кетеді.

Мөржан (*Қарагөзді екі кісіге ұстатып*). Сал кісенді! Табанын тіліп, күң қылыңдар! Бетің тілінгір, қайтіп шыдап тұр мына бетің?!

Қарагөз (*есі шығып жүдеген, өңі қашқан, әлсіз*). Мен... мен... өлтірт мені, тірі қойма! Мен... бәрібір өлім... Ал... құдай!.. Ал мені ақ өліміңмен!

Екі жігіт қолын байлайды.

Мөржан. Кеселді, өл енді! Не бетім, не дейім енді ел-жұртқа?

Кеткендер қайтып келеді.

Жабай. Жерге кірсең қоймаспын, Сырым! Жаратқан, мұндай итті бергенше кубас қып, сорлы ғып неге

қоймадың? Жерге кірсе — қоймаймын. Қуамын, қолымнан бауыздап өлтіремін!

А с а н. Ойпыр-ай, мынау не пәле боп кетті?

Ж а б а й. Мына қызды кісенмен босағаға таңындар! Екеуін бірге өлтіреміз. Қайда, қайда мылтық?..

Жүріп кетеді.

Н а р ш а (*жерге құлаған Қарагөзге тақап*). Өзіне не болған мынаның? (*Қарагөзге қадалып.*) Неғып жатыр?

Ж а р ы л ғ а п. Не болғанын қайтуші едің? Енді бұл өлсін, қарасы өшсін! Қара жерге қара басым кіргенше, кетпес таңба болды ма?! (*Жылап.*) Мендей де сорлы әке болар ма екен?

М ө р ж а н (*талықсып отырған жерінен*). Жердің үстімен келіп, астымен қайттым ба? Менің көзім тіріде менен туған арам қыз мұны істеді ме? Әкет, Жарылғап, мені таң атпай. Қара түнді жамылып, қара тұтып күңіреніп кетейін!

Бәрі кетуге беттейді. Қарагөзді сүйемелдеп, сүйретіңкіреп екі жігіт пен Нарша әкетуге айналады.

Қ а р а г ө з (*көйлегінің омырауы жыртық, көзі ала-рып, жүзі есінен шатасқандай бұзылып, шашы дудырап*). Мен өлдім... өзім де өлдім... Шуламаса да өлдім... Ә... ә? Не боп қалды осы?.. Дулат неге ән салмай қойды? Сырым неге қанжар ұстады?.. Мені өлтірді. Өлім... Өлім...

Н а р ш а (*тоқтап, шошыған күйде*). Мынау не дейді?.. Жынданған кісіше не дейді?.. Құдай-ау, не болған мынаның өзіне?..

Кетіседі.

Пауза

Қоскелді, Дәулеткелді шығады. Қарбалас. Қарсы алдынан Дулат келе береді.

Д у л а т. Не болды, жандарым? Не деп шуласып жатыр?

Қ о с к е л д і. Не болсын? Өрт... Артымыз қалың шу, өрт дерсің!

Д ә у л е т к е л д і. Келді ғой бұл дүниенің асты үстіне! Бәрінен жаманы — Қарагөз! Есіл Қарагөз!..

Д у л а т. Не бопты Қарагөз? Оны не деп аяп жатыр?

Қоскелді. Сорлы Қарагөз... Жынданып кетіпті жаңа.

Дулат. Не дейсің... Сұмдық... Жап-жаңа ма?

Дәулеткелді. Жынданыпты, қайран асыл Қарагөз.

Сырым шыға бере естіп қалады.

Сырым. Қарагөз айым!.. Ай сәулелі Қарагөзім! Не дейді, ойбай, мыналар?.. Сәулем, сәулешім Қарагөзі!.. *(Еңіреп жылап жібереді. Өзгелер үнсіз ұзақ жылап, өксіп-өксіп зар етіп алып, ұзақ тым-тырыстан соң.)* Лағынет! Лағынет, лағынет болсын саған. Өсер аулы! Лағынет сұм қадам жұрағатыңа сенің!.. *(Кекете.)* Өсер... Өсер... не өсер? Тек зұлымдық өсер нөсер болып сенен! Сор өсер, ар өшер!.. Өскенде тек зар өсер сенің лағынет табаның астында *(Пауза.)* Алдың ба тартып барымды? Аяулы сәулем, күн сәулелі сәнімді? Өшірдің бе әнімді? Жә-жә... кетістік те кешпеске! Кешпес кекке кеттім мен де келмеске! Білем сенің де шымбайыңа батады. Алам, шашам, Өсер, сенің қалтырай құшқан малыңды!.. Судай тәгем өзгені зорлау-қорлау үшін құрал еткен барыңды!.. Айрандай төгем «ақты-бозды» дейтұғын, Өсер таңбалы құтыңды! Құртам мен де, аузы қанды бөрің болам! Шайқаймын, қарғыс атқыр мүлкіңді. Кегім... кегім... Қарагөзім! Аяулы ару ардақтарым! Арнадым саған сол әділ ашу-кегімді!..

Сахнадан жөнеліседі.

Шымылдық.

## ТӨРТІНШІ АКТ

### Бесінші сурет

Сырымның ендігі мекені. Қатарласа тігілген бірнеше қос ұранқайлар. Белдеулерде айбалта, шоқпар, найза. Сырым шығады. Қасында Дулат, егінші шал, балықшы шал. Сырым мен Дулат қару асынған.

Егінші шал. Қарағым Сырым! Уа, Сырымжан!

Сырым. Е, немене, қартым?

Егінші шал. Уа, бір нәрсенің мәнін сұраймын, жөнін айт!

Сырым. Ненің жөні, қария?

Егінші шал. Жә, осы сен беріп жатырсың, төгіп жатырсың? Мені «Егінші шал» деп, мынаны «Балықшы шал» деп, беріп-беріп келесің. Ал енді осы ненің орайы, өтесіні не болмақ? Өзін айтшы, мүлдем сұрамасқа мұршам бар ма осыны?

Сырым. Е, балаң сұрамай-ақ алатыны қане? Соны жіберсең не етті?

Егінші шал. Бәсе сол, соны айт... Сонада кеп бір алды сенен, анада кеп тағы алды... Бүгін тағы шақырыпты. Жөнін сұрасам: «Ол неге берді, сен неге алдың» десем, балам жауап айтпайды. Содан соң бүгін «тәйт былай, өзім барам, өзім сұраймын» деп келмедім бе?

Балықшы шал. Күйі бірдің — күні бір деген-ау... Мына егінші шалдың сөзі — тас-түйін менің сөзім. Топаторсақ болса да, тура сөз осы. Мен де соны сұрап қалдым, Сырымжан! Уа, неге шашасың, неге бере бересің осы қыруар мал-мүлкінді? Бізден не қайыр күтесің?

Егінші шал. Бәсе-бәсе, міне — бәсе, осы деймін! Біз бір өңшең қатқан кедей емеспіз бе мына теңізді са-

ғалаған? Титығы құрығаннан кеп паналап сағалаған өншең бір шыр бітпеген аш-арық емеспіз бе?

Д у л а т. Уа, сол үшін, сендер сондай болғаныңнан «ал» деп жүрген жоқ па Сырым.

Е г і н ш і ш а л. Бірақ менің берерім, қолқаға жарарым жоқ қой. Мынау балықшы шал болса, түп жоқ тұңғыққа қармақ салады. Көрінген көзі, кесілген ізі жоқ көлеңкедей балықтан бұл тілейді. Қара жерге тартыны көміп-тығып, ертеңі не болары белгісіз, түп-тұңғыясыз бір меңіреуден мен тілеймін.

Б а л ы қ ш ы ш а л. Айтса-айтпады, екеуміз де қайыптан қайран күткен біз емес пе? Неге шашып жүрсін деймін дүниені біздер үшін?

С ы р ы м. Ой, тәңір-ай, мен дүние қуып жүрмін бе? Уа, дүние мені қуып жүрген жоқ па, қартым-ау?

Е г і н ш і ш а л. Ал бізді айтсаңшы! Біз тегіс «кедейліктің уын жесек те, арам жемейік» деген кер кедейміз. Имандай сырымыз бұл. Әлде шашып-төгіп жүргенің кісіпкі ме, жаттың дүниесі ме?

С ы р ы м. Қоймадың ғой мүлдем, қайран адал бақырларым! Енді жөнімді айтпай болмас! Шашып-төгіп жүрген дүнием өзімдікі болмаса да, жаттікі емес.

Е г і н ш і ш а л. Ол қалай?

Б а л ы қ ш ы ш а л. Мәні қалай мұның?

С ы р ы м. Нәсілі жеті-сегіз атаға жеткен Өсердің бір жұрағаты — менмін. «Отыз ауыл Өсер дейді...» Содан менің алмаған үлесім, ортағым, еншім бар.

Е г і н ш і ш а л. Ендеше, ақы-адал мүлік екен, неге оны алмай шашасың?

С ы р ы м. Адал деп ақтамаймын.

Б а л ы қ ш ы ш а л. Уа, неге? Ата-мүлкің адал емей немене?

С ы р ы м. Арғы атадан бүгінгі балаға дейін жинағандары он қос жылқы болған. Санын атасам — он бес мыңға тартады. Соның көбі, бағып тұрсам, жылаған нәсілдің көз жасы дедім де жирендім.

Е г і н ш і ш а л. Кімнің көз жасы дейсің?

С ы р ы м. Өншең қыршын жас — қор болған қыз көз жасы... Бұл ауылда қызды «қырық жылқы» деп атады. Менің көзіме де көңіліме сол он қос жылқыда күңіреніп кеткен көп қыздың қайғы-қасіреті шұрқырап, шер күңіреніп жүргендей. Қысқасы, осындай сан жайдан өртендім де өшіктім. Өсер мүлкіне... Сендерге адал, бұл дүние,

ала беріндер!.. Көңлің соқса — көлік ет, қарның ашса — азық ет, түге!

Б а л ы қ ш ы ш а л. Несін айтайын, Сырымжан, бұл теңіздің мынау өңірінде аты жоққа — ат, асы жоққа — ас болдың ғой, қайран жас! Бірақ бәр-бәріңнен сенің әнін, өнерің бізге қандай сый болды! Үйлеріміздегі ба-да-бақырларымыз боп, сенен естіген ән мен сөзге иман-дай ұйып отырғанымыз жоқ па?

С ы р ы м. Ой, қадірлі қартым-ай!.. Оның да менде бүгін қалып жүргені тек тамтығы ғой.

Д у л а т. Бәсе, бізде бүгін ән қалып па еді?

Е г і н ш і ш а л. Неге? Неден опық жегенсің осы сен? Қыршын жас! Дос дедің, елім дедің бізді, «Ерім» дедім мен-дағы, міне. Енді сол сыр-шеріңді айтып бер бізге, шерлі жас.

С ы р ы м. Не деп айтам онымды... О-о-о! Жарам бар, ата-аналар. Жазылмас жарам жатыр. Сырт жарасы емес, іш жарасы. Найза жарасы жазылады, жан жарасы жазылмас... Жалғызым, жарым жарасы. Жарымды алма, жанымды ал дедім! Оны алмай, жарымды алсан, есімді қоса ал дедім тым құрса... Бірақ бұл тілекті ме-нен бұрын ол тілепті, жарығым... Қарагөзім!.. Қарагө-зім!.. Дариға-ай!.. *(Еңіреп жібереді. Пауза.)*

Д у л а т *(шалдарға)*. Ал естімегенінді естідің бе, екі қарт?

Ш а л д а р. Естідік... естідік...

Е г і н ш і ш а л. Бөлекше туған да бөлек шер бұған-ау деуші ем... Жүрейік, шал, жүрейік...

Шалдар кетеді.

Д у л а т. Жә, тағы да бейнетпен алған мол жылқы-ны бейнетсіз таратып беріп шықтық де?

С ы р ы м. Алсын, алсын... Біз мал жиямыз деп жүр-ме ек?

Д у л а т. Демесек те, өлісіп, қырқысып жүріп зорға аламыз да, мұнда әкеліп бере-бере саламыз...

С ы р ы м. Я, сөйтеміз. Өсердің жанына батса, мұнда-ғының аш-арығына сеп болса — бізге одан артық не керек?

Д у л а т. Сол үшін жаннан кешсек те, түк емес пе?

С ы р ы м. Не ғып жаннан кештік?

Д у л а т. Дәл осы соңғы сапарда көп жылқышы қу-ғыншының ортасына, соққысына түсіп зорға құтылма-

дық па? Өзің болсаң, жан мұрынның ұшына келген керді көрдің. Қандайлық көз жоқ ер боп кеткенсің осы?

Сырым. Ой, қойшы, тәйір, не қылған ерлік?

Дулат. Жоға рас, Сырым!.. Осы жолы бір кесел қуғыншы Қарасақал қатты қыспады ма, бәрімізді? Қолында мылтық, өзі дамылсыз атады. Тіпті, тіпті арсылдаған арыстан аузындай ажал оққа қалай қарсы бардың? Бетпе-бет, құр қол бардың да, тартып алдың ғой қаруын! Ерлік емес, осы не? Жә, қайдан ғана туды осы ерлік?

Сырым. Ой, ол ерлігім сыры сәл-ақ та! Кімде-кім өлімнен қорықпаса, тірліктегі басқаның бәрінен қорықпайды! Мен болсам, осы өмір бітсеңі деп, өлімді өзім шақырып жүргем жоқ па? Ерлік емес, өлермендік те мені жетелеп жүрген. Сен мені айтпа, қайта Дәулеткелді, Қоскелдіні айтсаңшы, өзінді айтсаңшы! Төртеу-ақ бола тұрып, он бес кісі жаудан жылқы тартып алдық қой. Сендер неткен ерсіңдер?

Дулат. Уа, біздікін қоя-ақ қой! Оның сырын ескі бір нақылдан аңдадым мен. Айтыпты ғой баяғыда: «Арыстан тобын ит бастаса — бар арыстан ит болады» деп. (Күліседі.) Бәрін айт та бірін айт, күні-түні таңырқайтыным ол емес-ау. Осы кешегі ән мен сән, ойын сауық, сыңқыл-сылтын, сәкәкумен жүрген біз қані?... Қару асынып, айдынды жортуыл, атүсті азамат боп қалай кеттік?.. Ән қайда? Ән қайда?..

Сырым. Бәсе, ән қайда? Қайда қалды сонау, сол? Бізді теңіз елі «әнші, өнерпаз» дейді осы күні. Ән мен жыр қалды ма бізде?

Дулат. Әттең десенші! Күні туар ма екен бір сол сорлы саздың бір кезек?.. Әлде кеткені ме, Сырымжан, осымен?!

Сырым. Қайдан... қайдан білейін, қайран Дулат-ау?.. Сол түннен, Қарагөзден мені айырған сұмдық түннен бастап, ыстық асау жүрегімді тастай суық мұз боп қатқан бір қатал қол уыстап қысып, бүріп алды да қойды. Жүрегім мұз, жаным мылқау болмады ма сол суық қолдан?..

Дулат. Айналайын аузыңнан, лебіңнен, есіл Сырым-ай! Асыл жаның, ақын жаның үн салып тұр ғой, мінекей! Кішкентай көзеп-көзеп қана жіберсе, көзін күм басқан тас бұлақтай қайнар сөз кернеп тұр ғой көмейді.. Әттең, әттең!.. Бар қайғы-шер — бір Қарагөз. Қай-

ран, Қарагөз ару!.. Ару Қарагөзі! Ол — ару, сен арыс еңі  
Әттен, ару — арыс қам көңілдер, армандылар. Қарғыс  
атсын, сендердің шерлерің атсын, қарғыс атқыр қалың  
мал, ку бұғау атаулыны!

Қару асыған Дәулеткелді, Қоскелді қолы байлаулы Матайды алып  
келеді.

Сырым. Матай? Бұл не?  
Дулат. Матай?.. Бұл қайдан?..

Қоскелді. Тұрғыда отырсам, қасында өзіндей бір  
жансызын ертіп келе жатыр тағы да.

Дәулеткелді. Тағы кепті, тағы дұшпан көзімен  
қараздестіргелі, үстімізден тағы бір мол жауды түсіргелі  
кеп жүр ғой!

Дулат. Олай болса, былтырғы түн жоқ титығымыз-  
ды күртқан. Түбімізге тағы жеткенше, мұны тізерлеп  
кісендеп тұрып байлап салындар.

Сырым. Айтары бар ма? Шынын айтқызындар әуелі.  
Матай. Уа, бәсе, шынымды білі! Тілге келтірші  
әуелі!

Дулат. Не шының бар еді сенің?  
Матай. Ендеше, Сырым, сөзім сенде, өзінде.

Сырым. Айт, менде болса!  
Матай. Мені саған Нарша жіберді.

Қоскелді. Бәсе, «ұстап бер ұлыққа», «Өсер аулы-  
на ұстап бер!» деп жіберді ғой?

Матай. Жоқ. «Аулыма келсін. Шақырып кел, жау-  
ға бермеймін! Азамат сертім — сол. Тек аулыма бір ғана  
келіп, көрініп қана кетсін. Айтар арыз-мұң бар», — деді.

Дулат. Мынау тор-шырға ғой тастап отырған. Өзі  
үстай алмаған соң, осылай шақыртып отырған Өсер  
аулы ғой.

Сырым (Матайға жақындап). Қарагөз тірі ме? Бар  
ма Қарагөз?

Матай. Бар, тірі Қарагөз. Сол үшін, соның науқа-  
сына сен көрінсе, шыпа бола ма деп шақырамын. Менің  
де жазығым жоқ еді Сырымға. Бірақ мен үшін келмесін,  
Қарагөз үшін бір келсін.

Дулат (жарыса). Жалған ғой мұның бәрі. Құру-  
лы тор, қанды қақпан ғой. Сырым-ау, мынау!

Сырым (Матайға). Қарагөздің көзі тірі ме?

Матай. Тірі... Қарагөз үшін шақырама деді Нарша!

Сырым. Қарагөз мені көрмек пе? Әлі де көрем бе  
Қарагөзді?



М а т а й. Көресің, еріп жүр. Бастап әкел деді маған!  
Д у л а т. Қастық... дұшпандық, алдамшы аяр мына  
тұрған антұрған.

С ы р ы м. Жаның кепіл, апарасың ба алдамай Қара-  
гөзге?

Д у л а т. Сенбе, Сырым, алданба!

М а т а й. Қыршын жасым садаға болсын, апарам!

Д ә у л е т к е л д і  
Қ о с к е л д і } Жалған, алдайды!..

С ы р ы м. Жоқ, жоқ... Қарагөз атымен қастық келсе  
де, қарсы алдым! Қарагөз — айым, менің әміршім! Әр  
зауалда табынар тәңірім. Менің бар өмірім — сол, бар  
махаббатым — өзі ғана. Ажал келсе де, қабыл алдым  
барыммен. Босат! Босат!

Матайды босаттырады.

Ш ы м ы л д ы қ.

## Алтыншы сурет

Наршаның отауы. Нарша науқас. Оның бас жағында жертөсек.  
Қарагөздің төсегі. Үйде: Нарша, Тойсары, Асан.

Т о й с а р ы. Шіркін-ай, елу жылда — ел жаңа, қы-  
рық жыл — қазан...

А с а н. Дүние-ай десеңші... Былтырғы жылдар Қара-  
гөз қандай еді? Аяғы, Наршаны қоса науқас қып қойға-  
ны мынау! Сырым — ол анау!

Т о й с а р ы. Сырым содан бері өз аулының бетін  
көрмей-ақ кетті ме екен?

А с а н. Өз аулы дейтін ауыл қалды ма Сырымда? Кү-  
ні осы күнге шейін «Сырым пәлен жерде жүр» десе,  
Жабай мен Жарылғап иісі Өсерді бастап, қол жиып ат-  
танып барып, бір шарлап қайтады дейді.

Т о й с а р ы. Осының жаралысы тіпті бөлек-ау өзі!  
Жаманатты қылып қаңғыртып жіберетін жас емес пе еді.  
Өр боп біткен кеудесі мен жалындаған жүрегінде көп-  
тен біралуан от, өнер бар еді-ау!

Н а р ш а (оаянып). Уһ... Сырымнан хабар бар ма? Не-  
ге кешігіп жатыр? Келуге сенбей жүр ме, әлде?

Т о й с а р ы. Әлде жеткенше сол болып жүр ме, кім  
білсін?

Н а р ш а. Қелгісі келмей, бұл жақтағы сарғайған  
дерт, сарылған уайымды көргісі келмей жүрмесе... (Пау-

за.) Бұ да бір далбасалық та. Ол ем-дом істеп, бақсы-құшнаш боп жүрген жан емес. Уһ... неге душар қылды, не болдық?..

Т о й с а р ы. Басы Сырымнан басталған дерт, әлде болса, Сырымнан жазылар да!..

Н а р ш а. Қарагөз жазылмаса, маған да жазылу жоқ...

Т о й с а р ы. Қайтесің, қарағым... Сені де күйзелткен жар жолдасың шығар. Ағайын: «Қарагөзді төркініне жібер, төсек жаңғырт, еңсеңді көтер»,— деді. Ол қолдан келмейтін болды.

Н а р ш а. Қарагөзден айрылар шамам жоқ еді. Әруағымды, бағымды аман сақтаймын деп шыдап көрмедім бе, отты бүркеп етегіммен?.. Оның бәрінің үстіне, қандай ынтық ем мен өзім де Қарагөзге. Ол сұлулық гауһары смес пе еді?! Қа-а-ай-тейін?!

Қарагөз кіреді. Өлердей жүдеу, зорға қозғалады. Шашы тал-тал боп бетін жапқан. Ыңырсып ән салып келеді. Жүзінде мағына жоқ. Көзі белгісіз қыдырып қарайды. Қолында жапырағы бар ағаштың бұтағы. Қарагөз жынданған.

Қ а р а г ө з (*айнала қарап тұрып, өз-өзінен*). Тоғайға бардым... Тағы барам ба?.. Тоғайды қуалап кете-кете барып... азынаған көрге барам ба?! (*Күліп.*) Тоғайда ән салады екен. Жібек шапаны бар... Біресе жел боп кетеді. Торғай болып кетеді. Жоқ-жоқ... шөп боп кете ме?.. Әлденеме боп кетеді. Ұйқым кеп кетеді... Тоғай... жапырақ... тоғай түн... (*Шошып.*) Ойбай... пышақ... кісен... әже!

Н а р ш а. Қарагөз, қиналмасаншы, бишара!.. Әлің біткен жоқ па еді? Не шамаң қалды?.. Жүруге де жарамайсың... жатсаңшы!..

Қ а р а г ө з (*сәл селт етіп*). Жат деймісің, тілінді алайын ба?

Н а р ш а. Ал тілімді! Байғұс, сенің менен басқа жанашырың бар ма? Керек десе, менің шешем де мені де жынданды деп, екеумізден құтылғанша асық болып отыр.

Т о й с а р ы. Шешене ой түсті ғой.

Н а р ш а (*Қарагөзге*). Қарагөз... шаршадың, шамаң бітті. Жат енді!

Қ а р а г ө з (*ақырын ілбip жүріп*). Қазір... қазір... (*Бетіне жапырақты ұстап*). Тоғай ішінде көрге жатқалы

келем. *(Төсегіне отырып)*. Ақыретке оранайын ба? Ән салайын ба?

Өз бетімен ыщырсып ән салып отырады. Аздан соң қайта шығып кетеді.

**Н а р ш а.** Құданың құдіреті, ауырғаннан бері аузынан «тоғай, көр» деген сөз бір түспейді. Бетінді суыққа салып, жүрегін мұздай жат болып жүргенде де ибамен «сіз» деп сөйлеп, иіліп күткенінің өзі-ақ мені ұйытып еді. Ерекше болып туып, ерекше болып сөнгенің бе? Шынымен жарық күндей болып басталған өмірің қара түндей болып құлазып, жүдеп біткені ме?!

**Т о й с а р ы.** Бәрі рас... Жалғаны жоқ сөз. Бәрі арманды дүние!..

**Н а р ш а.** Әй... болмайды! Шама жоқ. Мен де ұзамайтын жанмын. Жазылса, Қарагөз мені де жазар. Ол жазылмаса, тілер тілек, етер үміт жоқ. Тыныс бітіп келеді.

**Қ а р а г ө з** *(қайта кіріп)*. Жығылып барам... Ұйықтайын ба? Өлсем бе?.. Құлап кетсем, тау басынан ұшып келем... жерде тоғай... тоғай... көп тоғай?.. *(Сыбырлап, төрге қарап ақырын жүріп, қолымен ишарат қып.)* Шақырады... иә, иә, барам... Келе жатырмын... тоғай... *(Асанның үстіне келеді.)* Ә... қайда кетті?..

**А с а н.** О не, қарағым, Қарагөз? Шатасқаның ғой.

**Қ а р а г ө з.** Солай ма? Шақырған жоқ қой... *(Тойсарыға қарап.)* Ұят-ай! *(Бетін басып. Асанға)* Асан?..

**А с а н.** Жаңа кісі таныдың. Кей уақытта танымай қоясың. Танып жүрсеңші осылай!

**Н а р ш а.** Кісіні таниды, бірақ елемейді. Танығанын білдірмейді. Әйтпесе оңашада «кім келді, кімді көрдің» десең, бәрін айтады. Біралуан қылып берген дерті ғой.

**Қ а р а г ө з** *(Асанға)* Асан... маған... *(Наршаны көрсетіп.)* Ана кісіге ән салып берші. Ән... ән... *(Төсегіне сүйенеді.)*

**Н а р ш а.** Асанды көрген сайын «ән сал» дейді. Ескі күннің бұлдыр бір ұшқыны да.

**Т о й с а р ы** *(Асанға)*. Көңілдері сергісін, салып бер бір әнді.

**Н а р ш а.** Уһ... Асан, айтшы бір ескі әніңді?

**А с а н** *(ән салады)*.

Жігіттің бар тілегі — алдағы өмір,  
Бозбала, әнге салсаң — қайғың кемір.

Қуданың бергеніне сансыз шүкір,  
Көңілім былтырғыдан биыл тәуір.

Н а р ш а. Былтырғыдан тәуір болған көңіл адыра  
қалсын да!

А с а н. А... Олай болса, мынаны тында!

Шүкірлік бергеніңе зұлжалалым,  
Ойында еш нәрсе жоқ бозбаланың.  
Тарқатып жас дәуреннің жәрменкесін,  
Шетіне шығып қалдық ду базардың.

Текті кіреді.

Т е к т і. Сен не деп ән салып отырсың? Бұл үйге ендігі  
жетпегені ән бе еді?

Т о й с а р ы. Бәйбіше, әдейі айтқызып отыр.

Н а р ш а (Асанға). Дәурен өткен соң, ән де ажары-  
нан айрылады екен-ау. Тіпті бұрынғы тәтті ән сияқты  
болып селт еткізбейді.

Т е к т і. Ән еститін бізде не көңіл қалды? (Күрсі-  
неді.)

Н а р ш а. Жаратқан не, айығар ма, бұл тұман сергигі-  
тін күн болар ма? Мен де адам санатына қосылам ба?  
Жоқ па? (Күрсініп.) Неге келмей жүр, келмей ме әлде?

Т е к т і. Қарағым, тыныштық ал. Жаңа бір-екі атты  
келе жатыр еді. Асан, білші, кім екен?

Т о й с а р ы. Асан, білші, кім екен?

Асан шығады.

Т е к т і. Қарагөзге істемеген ем жоқ. Бақсы-балгер,  
қожа-молдалардан келмегені, бақпағаны жоқ. Біз де  
тоздық. Бишара — бұ да тозбай ма? Шоштыным — на-  
ғашы шешесі осындай науқастан өліпті ғой... Бір жа-  
ғы,— қайғы десеңдер, шошынғанынан болса да, сол ана  
жағынан келген дерт те бар ғой...

Н а р ш а. Апа, қойсаңшы! Мен ауырлаймын. Осын-  
дайды әдейі айтамысың, бишара? Онсыз да тынысым  
тарылып, үміттен арылып болғам жоқ па?!

Сырым, Асан, Дулат, кіреді.

С ы р ы м (Қарагөзді көріп). Жалғызым!.. Сені бұл  
күйде көргенше, шыққыр көзім шықса етті!.. Нені күтіп  
жүргемін мен! (Қарагөз ыңырысып ән салғандай бо-  
лады.)

Қарагөз (*Сырымды көріп*). Жылайды екен... Иә, иә... (*Қадалып қарап.*) Қызыл шапан қайда? Тоғайда... тоғай!..

Дулат (*Тойсарыға*). Оңалайын дегені бар ма?

Тойсары. Осы қалпы ғой басынан. Ендігі күнде төмендеп бара ма, қалай?

Нарша. Сырым, заманың бір құрбысын. Құдай кешсе, мен кештім... Кешпейтін не шамам бар? Бұл күнде қайғылы, дертті — жалғыз Қарагөз емес, мен де осының ауруынан екіталайдың үстіндемін. Естіп жатқан шығарсын. Сен екеуің өзге жаппан бөлек жаралып ең. Қарагөздің сау күнінде айтқан сөздерінен сезуші ем.

Сырым. Жас күнімізде бір аурудан екеуіміздің де шешеміз өлді. Өлген анамызды жоқтап, екеуіміз оңаша жер болса, үн қосып жылаушы едік. Сол күймен ересек болдық, ер жеттік. Бір жылы қыстыгүні Қарагөз ауыл қыдырамын деп, қатты суық боранға кез болып адасты. Іздеген жұрт таппады. Боран үш күн, үш түн айықпады, Қарагөзден ел күдерін үзді. Ауыл іздеуден қалды. Сонда сол күндер күні-түні тыным алмай мен ғана іздедім. Үсіндім, таптым. Аман алып қалдым. Өлім аузынан алып келдім. Сол жолы мен ішімнен Қарагөзді өзім үшін таптым деп ем. Ол жыл былтырғы өткен жылдың қысы еді. Бірақ өзімнің ешкімге мойынсұнбаған көңіліммен: «біз ақыреттен табысып келдік» — дедім. Ақырында, ұшырадым, ұшыраттым!

Нарша. Бұл күнде Қарагөз — мынау! Екеуің бір-біріңе қайғы үстінде сүйеу болып едің. Өзіңді танытып көр. Ескіні есіне түсіріп көрші!

Тойсары. Иә, есіне салса, бірдеме болар ма еді? Енді баурыңа тартып, ой салып көрші!

Асан. Сырым, шақырып көрсең қайтеді?

Текті. Иә, шақырып, қасыңа алып көрсең... Атыңды айтсаң, бірдеме дер ме еді әлде?

Дулат. Есіл алмадай перизат! Жүзіне қарауға жан шыдамайтын болғаны-ай! Сырым! Қарагөздің көзін көріп отырсың ғой!.. Бірдеме десенші!

Сырым. Не дермін?.. Қарагөз есінен шатасып, мен тентіреп құшнаш болам деп, бойы сергек кісі болып, тірі қалып өмір етем деп ойлап па ем? Жаратқан ие, неге ұшыраттың мені? Не қылдың? (*Тоқтап отырып*). Сәулем Қарагөз, мені танимысың? Мен қасыңа барайын ба? Мен — Сырым... ұмытқан жоқпысың?

Қарагөз (қолындағы бұтағын бетіне ұстап). Тоғай... мынау әжем... сен Сырым... ән салшы! (Қадалады.)

Сырым (қасына келіп, қолын ұстап). Ән салсам, мені есіне аламысың? Сөйлесемісің менімен?

Қарагөз (мағынасыздау). Иә, иә... Ән салшы. Мен сені білем.

Сырым. Сәулем, көлеңкем!.. Қайғылы, дертті қарлығашым!.. (Жылап.) Сен кеткен соң, менен өлең мен ән де кетіп еді... Айтсам — жылау үшін айтушы едім... (Жылай отырып, өлеңмен сөйлейді.)

Дариға, дәурен өтті, күнім бітті,  
Оқ тиді; ұшырадық — қарғыс жетті,  
Бұл күнде сор қамаған қаралы боп,  
Көңілді қайғы басып зар еңіретті;  
Лашын ем құйқылжыған, дерт күйзелтті,  
Айрылдым асық жардан күн сәулетті.  
Семген гүл, өлген бұлбұл қайғысынан  
Қайырылып қос қанатым, ажар кетті.

Қарагөз анырып, өңі кашып, қарап қалған.

Мен келдім зарға толып, күнім, саған,  
Бір ауыз сөзің бар ма айтар маған?  
Жылайын, жырлайын да тілейін мен,  
Көзімде жас қалмасын ағызбаған;  
Бұлбұлдай сайрауменен өтейін мен,  
Сор басып, айықпаса қара тұман;  
Бір кезде сері болсам ерке бұлан,  
Бұл күнде қайғы оралды қара жылан.

Қарагөз (Сырымға төніп, үні әлсіреп қалады) Иә, иә... Осылай... осылай болатын.

Сырым (Қарагөздің қолын сүйіп, көзіне балып).

Боялсын омырауым етек толып,  
Қайғыдан мен де өртендім — міне солып;  
Тілеймін маған-дағы сол күн келсін,  
Тоғайда, сондай қара түні болып!

Қарагөз (қатты шошынып, айқайлап). А... тоғай, Сырым... Түн... ән... әне — әжем шақырады... шақырады... (Шалқасынан сіресіп жығылады. Сырым шошып отырып қалады.)

Тойсары. Өңі бұзылып кетті ғой. Қарагөз бишараның әлі құрыды ғой деймін. Енді қинамасақ та болатын ба — немене?..

Н а р ш а (*төсегінен басын көтеріп*). Құдай-ау, үзіліп барады ғой. (*Жылап.*) Бір ауыз жылы сөз... жалғыз ауыз гана «кештім» деген сөзді естімей қалғаным ба?

Талықсып жығылады. Қарагөз үзіліп бара жатады. Тойсазы иман айтады.

Т е к т і (*ақырын жылап*). Сорлы, шын-ақ сорың қалың, сор мандай екенсің ғой. Манайында жыламаған жан қалдырмағаның не? Я, құдай, әлде осының қарғысына ұшырадым ба?

Т о й с а р ы. Үзілді... Қарагөз қайтпас жолға сапар шекті.

С ы р ы м (*үндемей түнеріп отырған қалпынан қозғалып келіп, Қарагөздің басын құшақтап*). Сәулем, есіңнен айрылған күнде де тілеуің менде екен ғой. «Басымда Сырым отыратын күнге жеткізі!» деп тілек тілеген бе едің? Мен де ақтайын енді тілегінді. Өмір бақи мен де «бір сен» деген тілеумен өтейін! Дулат, сен менің қару-сайманымды ал да, теңіздегі елге қайт! Үміт үзіліп, тілеу кесіліп, белім сынған күйімді айт! Әлде тірінің қатарында жоқ болармын. Ал егер адам боп қатарға қосылсам — табар елім сол болар! Бүгін мені қуған жау енді мені Қарагөз қабырының басынан табады. Енді Қарагөзде ешкімнің ортағы жоқ, Қарагөз менікі! (*Еңіреп жылап, үстіне жығылады.*)

Н а р ш а (*шұғыл түршігіп, қозғала беріп*). Неге?! Неге?! Неге олайша дедің сен, Сырым!? Ортағы жоқ! Бәсе, ортағы жоқ ешкімнің? Тек саған ба, маған ба? Жетпеп пе еді?.. Енді де менен бөлмек пе ең? Жетті!.. Же... (*Ұмтыла беріп, булығып жастыққа сұлқ құлайды.*)

### Ш ы м ы л д ы қ.

### Жетінші сурет

Кеш батқан бейуақ. Анда-санда алыста күн жарқылдайды. Елсізде жалғыз мола — төрт құлақты бейіт. Бейіт ішінде жалғыз қабыр.

### С ы р т т а н д а у ы с:

Жасымда шешемді алдың қуат берген,  
Өмірде бір жетімдік — барым көрген;  
Қуанышым, жан серігім, Қарагөзім,  
Сүйенішім — оны да алдың жаныма ерген.  
Арманда күнім өтті қайғы-зармен,  
Қалған жоқ жанда қуат, бойда дәрмен;

Бейуақта түн жамылып тілейтінім,—  
Өлейін, орын берші қара жерден!

Бейіттің есігі ашылады Келген — Сырым.

Сырым (*жүдеп сарғайған, жалаң бас, есіктен қарап бірталай тұрып*) Қырық күн!.. Қаралы қайғымен, жылаумен қырық күн өтті. Алдақашан өлермін.. ит өмірден кетермін деп едім, әлі күнге мен арсыз тірімін... Кімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін? (*Бейіттің ішіне кіреді.*) Баяғы қабыр, әлі де баяғыдай пық басып бітеуленіп жатырсың. Бір топырағың шашылған жоқ. Бір жеріңе жік түсіп, жалғызымның бір тырнағын көрсеткен жоқсың. Өткеніне жеті күн толғанда түсімде көріп ем. Енді белгі беретін күні бүгін шығар... Қырқы толған күні бір рет ескермес пе екен. Өтті дәурен... Тарқады той. Той үстіндегі әннің арты қаралы дауысқа айналды. Сен көтере алмадың, көштің! (*Қабырды құшақтап жығылып.*) Жарығым, енді мен қайтейін?.. Қайтейін, бірдеме десеңші! Міне, екі үзіліп бүктеліп жатқан жатысым. Бүгін таңда бірдеме айтпасаң, осы қалыпта қабырыңды құшақтап жатып, аштан қатып өлемін. Бар тілегім — өшемін!

Қабырды құшақтап жабысып жатып қалады. Ұйықтап кетеді. Түсіне Қарагөз кіреді.

Қарагөз (*баяғы сау, сұлу қалпында. Нажағай, күн күркірейді*). Ей, Сырым!.. Жалғыз-ақ сөз тапсырамын. Сен еркексің. Еркек бол да екеуміздің басымызды ақта! Сенің бойыңда оған жетер қуат бар. Сен жалындаған жанды сөздің иесісің. Көңіліңді бекітіп, күйіңе түссең, сенің аузыңнан өрттей ыстық сөз шыққалы тұр. Бу беліңді бекемірек!.. Шеш күрмелген тіліңді! Мені де, өзінді де ақта! Тапсырамын осыны! Сынған ер жамалады, сыны біткен көңіл қайғысын сөзбен жазады. Сенің дауысың биік қалың тоғайдың басын теңселткен қатты дауылдай аңқып ессін! Сенің бетіңе тура қарар жау болмас. Дауыл мен жауында жай ұшырған жапырақтай болып өшеді, жоғалады. Шеш тіліңді! Оян, серпілі! Сөйле!.. Сөйле!.. (*Жоғалып кетеді. Сырым ұйқыдан оянған. Түс айыққан. Бірақ күңірене толқып отырып.*)

Сырым. Рас па, күнім, рас па? Жалғызым!... (*Көтеріліп.*) Айтқан сөзің ем болар ма? Күздің суық қара түнінде ішімде күн туғандай болғаны қалай? Жаз исі шығып, қара тастай қатып-семген көңлім, мұз боп қат-



қан жүрегім жібігені қалай?.. Бойым балқып игендей,  
жас жанымның қайғысы қаралы жүзімен ағарғандай!  
Діріл қағып, елбіреген домбыраның шегіне ілінген күй-  
дей болып, ішімде қайғылы, мұңды күй ояңғаны қалай?..  
Қара түнде қара жыландай қайғы оралып, қара көрді  
тілегенімде алды-артымда шам жанып, басыма кеп сөз  
қатты. *(Өлеңмен сөйлей бастайды.)*

Көк сөгіліп от төкті,  
Жай отымен нұсқар ма?  
Баратұғын сол бетті.  
Сен жарық ең, мен — көлеңкең,  
Құдірет қуып сорлы етті!

*(Серпіліп түрегелін.)*

Құйыл, сөзім, құйыл, сөзім, қиылмай,  
Таудан аққан тас бұлақтың суындай;  
Ортқып ойнап, көбіктен де аспанда,  
Ішін тартып аласұрған құйындай.  
**Жалынындай** түндегі өрттің жаланшы,  
**Жансын** жаным, ақсын қаным тыйылмай.

*(Қабырға қарап).*

Қара түнде қабырыңның басында  
Ант етемін бұлт басқан айыма;  
Сертім осы, куә болшы, суық көр,  
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма!  
Кепілім бол, кереметті қуанышым,  
Қару ұстап аттанамын жауыңа!  
...Менің қамшым оқ жыланнан өрілген,  
Қолда найзам жай отымен үштелген,  
Кесілгенше, кесілгір тіл, сөйлеп бақ!  
Құдіретім, қылығыма куә болшы, суық көр.  
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма!  
Кепілім бол, кереметті қуанышым,  
Қару ұстап аттанамын жауыңа!  
...Менің қамшым оқ жыланнан өрілген,  
Қолда найзам жай отымен үштелген.  
Кесілгенше, кесілгір тіл, сөйлеп бақ!  
Құдіретім, қылығыма куә бол!!

**Есепсіз** шалқайып барып бейіттің қабырғасына сүйеніп, сәл тұрып  
қалады. Аз тым-тырыстан соң шығып кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

С о ң ы.

# ОКТЯБРЬ ҮШІН

*Төрт перделі, тоғыз  
суретті пьеса.*

## ОҚИҒАҒА АРАЛАСАТЫНДАР:

Фурманов — Түрікфронт уполномоченный.

Беляев — үшінші дивизия штабының начальнигі.

Мартынов — командирлердің біреуі.

Патриесов — облыстық атқару комитет бастығы.

Барайнок — дивизияның политкомы.

Быковский — трибунал бастығы.

Ная — Фурмановтың әйелі.

Люба — Быковскийдің әйелі.

Шағабутдин — облыстық әскери комиссар, татар.

Масанчин — әскери командирдің бірі, дүнген.

Ерескин — бұрынғы Жетісу партизандарынан.

Өтепов Тәшен — ескі жұмыскер, партия мүшесі.

Қуатов — жас коммунист жігіт.

Шағидуллин — әскери жігіт, татар.

Хакима Қасымова } — татар қыздары, партияның жас

Қадиша Амантаева } мүшелері.

Есенов — қырғыз, оқыған жігіт, партия мүшесі.

Бәрібаев — партияға жаңадан кірген жас жігіт, Есенов екеуі де әскери бөлімдердің политкомдері.

Сәрсембаев — облыстық атқару комитеті бастығының орынбасары.

Сүлейменов — қырғыз.

Жарболов } — бай балалары, партия мүшесі.

Есеналин }

Жанұзақов Төреғұл — қырғыз манаптарынан. Турция уполномоченный.

Масқұт қожа

Ысмайыл Күсенов

Розахон

Байжұман

} — шалақазақ, тараншы, казак купецтері.

Никифор Евсеевич (Мекапар)

Филипп Кузьмич Остапов.

} Орыс купецтері. Филипп Талғар казак-орыстарынан.

Мәмедов — төртінші кавполктегі Теке түрікпен эскадронының бастығы (түрікпен жігіті).

Қарабаев.

Петров.

Чебисов.

Иванов Григорий (Гришка).

Черных.

Крестьяндар, кулактар, қызыл әскерлер. Түрікпен, казак, орыс, тараншы, дүнген, татар, қырғыз партизандары.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

### Бірінші сурет

Сахна екі бөлме. Бірі — ревком бастығының, екіншісі — хатшысының кабинеті. Екі бөлмеден де сыртқа шығатын есіктері бар. Оның үстіне аралық есік. Бөлмелер келісті. Сол жақта үлкендеу бөлмеде мәжіліс: бұл — бастық бөлмесі. Шымылдық ашылғанда шаң-шұң, дабыр-дүбір сөз естіліп жатады. Содан кейін, перде ашылғанда тартылып жатқан темекі түтіні. Столдар үстінде портфельдер, қағаздар, дударланған шаштар. Түйілген қабақтар байқалады. Жұртта нервность бар. Бастық столына тиіп отырған көлденең столдың айналасында көбінесе әскери адамдар. Араларында: Фурманов, Беляев, Барайнок, арттағы қатарда өзге адамдар. Бұл мәжіліске бастық — Сәрсембаев, хатшысы Есеналин; отырғандар: Фурманов, Беляев, Барайнок, Патриесов, Өтепов, Бәрібаев, Шағабутдин, Есенов, Қуатов, Хакима, Қадша, Мартынов, Черных, Жарболов, Жанұзақов, Сүлейменов. Аталған адамдардың кейбірі шығып кетіп, кейбірі Фурмановтарға сөйлесіп отырысады.

Шымылдық ашылғанда Жанұзақов сөйлеп тұрады. Ол бастық қасында. Сөзін аяқтап келе жатқан кезі.

### *І көрініс*

Жанұзақов (*сенімді, қатты сөйлеп*). Міне... босқындарға жәрдем беретін Турцик комиссиясы осындай істер істеп жатыр. Аз іс емес, әлі істелмегені де көп, тілесендер, танысындар, Пржевальск, Тоқпақ, Пішпек, Лепсі уездерінде біздің өкілдер не істеп жатыр екен? Көріңдер, біліңдер! Бірақ мәселе осыны біліп, көріп қана қоюда емес, Жетісудың облыстық үкіметі осы іске ба-

рынша жәрдемдесуге міндетті еді. Ал, анығында біз не көріп отырмыз. Ашық айту керек, сендерден (*тырнағын көрсетіп*) мынадай жәрдем көріп отырғанымыз жоқ. Көргенде көргеніміз қайта бар шамаларынмен бөгет салып, кедергі жасағандарыңды көріп отырмыз. Өтірік пе осы?!

Б а р а й н о к. Дәлеліңіз бар ма? Оларыңызды неге айтпайсыз?

Ж а н ұ з а қ о в. Дәлел, дәлел бар!

Б е л я е в. Бар болса, сол дәлеліңізді айтыңыз?!

Ф у р м а н о в. Кәне, айтсын дәлелін! Неге бөгет жасалыпты, кім жасапты?..

С ә р с е м б а е в (*Жанұзақов бұған қараған соң қыбыжықтап.*) Жолдастар! Тәртіппен, я... (*Жанұзақовқа қарайды.*)

Ж а н ұ з а қ о в. Дәлелі керек болса, босқан елді алып келдің, кеңес өкіметі көгертеді, бұрынғы қожа болған казак-орыс крестьянымен теңестіреді дедің. Жә, сол келген елге Турцик комиссиясы берген жәрдемінен басқа не бердіңдер?!

Б а р а й н о к. Турцик комиссиясының берген жәрдемі тегі кеңес өкіметінің жәрдемі ме! Жоқ, Жанұзақовтың ғана істеп отырған жақсылығы ма?!

Ж а н ұ з а қ о в. Кеңес өкіметінікі болса да, кіндіктікі. Облыс сендердікі емес. Сендерге сол босқан елдің жерін қазірден бастап крестьян кулагынан қайтып әперейік, жерге орналастырайық, осы жазғытұрымнан олар да егіске, отырықшылыққа кірсін. Кулак казак, қырғыздан тартып алған жерін қайырсын дедік. Сендер осыған не дедіңдер? Қарсысыңдар! Алысып келесіңдер осымен...

Ш а ғ а б у т д и н. Бұған негізінде қарсы шыққан кісі жоқ. Жалғыз-ақ казак, қырғыз егінші емес, өзі аш-арық тозып, жүдеп келген ел. Бергенмен де қазір жазға салым егінге кірісіп кете алмайды. Кулактан алған жерді пайдаланып, егін екпесек, облыс халін жүдетеміз. Бұл зор шаруашылық, саяси мәселе. Мұнда сол босқан елдің қамын ойлау да бар.

Б е л я е в. Мұны ат үстінен шешуге болмайды. Бұл күнде жер бергенмен, сол елге соқа-сайманды түгел тауып бере алмайсың.

Ж а н ұ з а қ о в. Бұл сылтау. Бұл сол Жетісу кулағының амандығын қимағандық. Жер бермесең неге әкел-

дін, босқынды! Барлық жерін переселен алып қойған, ол қайда орналаспақ? Екінші, көп жерлерде, поселкелерде босқындарды қайта қырып жатыр. Соған не істедіңдер?..

Өтепов. Сен, Жанұзақов, босқан елге шын жаның ашыса, сөзді демагогияға айналдырма, білдің бе?..

Сәрсембаев. Олай сөйлемендер, жолдастар?! Иә...

Өтепов. Әр нәрсені өз атымен атау керек! Мынау сол демагогия... Қазақтың переселен алса егіндігін алды, таудағы жайлауын алған жоқ. Қазір күн жаз, күзге шейін шыдауға болады.

Жанұзақов. Малы жоқ аш-арық несімен барады жайлауға?

Есеналин. Иә... соны айту керек. Барса малы бар амандау қалған ауқатғы бай барады, босып жүрген кедей қайда барады?..

Өтепов. Рас, ойлағанда, осыны ойлау керек... Бірақ бұдан да шығыс бар: енді бар қаражатты сол елге сауын әперуге жұмсау керек. Сен жер әпергенде соқа-сайман, ат-көлік те шығындамақшысың ғой?.. Бірақ Жетісуда қазіргі жалпы қиыншылық үстінде ондай арба-соқаны таба алмайсың. Оның есебіне сауын малын сатып әперу де оңай. Астықтай жәрдем беріп, ішерлігін жиып беру оңай, үстін бүтіндейтін пұл, мата беру оңай...

Беляев. Дұрыс айтады. Мәселені мемлекеттік жөнімен шешу дұрыс, шешу осылай болу керек.

Черных. Маған сөз беріңізші! *(Түрекеледі, Сәрсембаев басын изейді.)* Мен бағанадан бергі сөздерді естіп, қайран қалып отырмын, мына қырғыздың сөзі не?.. Мына центрден келген бірен-саран жолдастар, біздің... бұлардың сөзі не?.. Біз кеңес жерінде отырмыз ба, жоқ әлде біз қазақ хандығының ішінде отырмыз ба? Семиречиннің крестьяны... Семиречинде төңкеріс жасамай, мына қырғыздар келіп осы шетті шауып алған ба, әлде?!

Патриесов. Бұл не деген сандырақ!.. Не айтпак мынау?..

Жанұзақов. Ол осындағы іс пен саясаттың шын айтқалы келеді, айтсын...

Черных *(ашуланып кетін)*. Рас, шынды айтсам... айтсам, мынау, жана, ең әуелі Жетісу крестьянының жерін қырғызға әперем деген сөз былшыл!.. Екінші, Қытайға қашып кеткен, ақ боп кеткен қазақты алып келіп, оны енді әлпештеймін деу былшыл! Білемісіндер, он алтын-

шы жылы осыны істеген, осы қырғыздар, жоқ, бұл номер өтпейді, біліп қойыңдар, өтпейді! Жетісу крестьяны оны істетіп қойып, бос қарап отырмайды.

Беляев (қатты). Токтатсын мынау сөзді!.. Бұлайша ақтар, контрреволюционерлер ғана сөйлейді.

Черных. Бос қарап отыра алмайды, отырмайды. Біліп қойыңдар!..

Мартынов (жарыса). Далой! Далой!.. Керегі жоқ сөзінің!?. (Шу, көпшілік қызып қалады.)

Өтепов. Міне, мұның да аты кеңес қызметкері!.. Жоқ, жолдас, сенің де кім екенінді анықтап тану керек. Біз танымаймыз... табармыз... және...

Фурманов. Черныхтың сөзі бұрынғы Семиречный сайлаған нағыз қара реакция адамының, патша чиновниктерінің сөзі.

Черных (тепсініп). Сендер кімнің чиновнигі?! Сендер қырғыз үкіметіне жағынам деген чиновник!..

Фурманов. Жап аузыңды! Сен кеңестің досы емес, дұшпаны! Игілік сол. Бұл мәселені кеңес өкіметі сенің ақылыңмен шешпейді... Кімсің сені? Кім болғаның сенің осыдан белгілі болып тұр!

Беляев. Мұның жайындағы сөзді қысқарту керек!

Черных. Жоқ, жаңылысасың! Қысқарта алмаймын.

Фурманов. Мұның мәселесін тезінен зерттеу комиссиясына беру керек

Көпшілік. Дұрыс, дұрыс...

Фурманов. Мұндай адам біздің ортамызда және жалпы кеңес ішінде болмайды, бола алмайды.

Черных. Көрермін кім боларын. (Атып тұрып, есікті тарс жауып шығып кетеді. Аз тым-тырыс. Фурманов, Беляев, Өтепов, Шағабутдиндер сыбырласып, жайласады, содан кейін.)

Фурманов. Иә... жолдастар! Жанағы Черных сөзі зерттелетін сөз... Ол өзгеге жайған уытты жұғыны болса, сол барлық тамырымен қырқылатын пікір. Ол солай істеледі. Енді негізгі әңгімеге келсек, жанағы Өтепов айтқандар уақытша шара. Уақытша деймін, өйткені мұнымен қанағаттанбай, күздігүні барды салып, не қылсақта кулактан қазақ, қырғыздың жерін қайта алып береміз. Оны кеңес өкіметі істейді, істемей қоймайды.

Барайнок. Кәне, осы істердегі енді отаршылық қайсы? Жанұзақовқа істеген бөгет қайсы?..

Патриесов. Кәне... басқа тағы не бөгет жасадық?!..

Жанұзақов. Басқа бөгеттерің тағы бар: жаңағы шараларды істеп жүрген уезд-уездегі біздің өкілдерімізге іс істетпейді осы облыстың кейбір адамдары. Сол адамдардың жер-жердегі агенттері...

Қуатов. Ол кімдер? Кімге қандай істер бөгет қылыпты?

Жанұзақов. Істеп жүрген адамдарымыздың артынан ылғи тыңшы салып, кездесе, кедергі жасап, сенімсіздік білдіріп, істерін бұзып, бұйрықтарын орындатпай отыратын адамдар бар. Сол адамдар осы облыс кіндігінде!

Есенов. Ол кімдер?! Ата! Айт атын?..

Барайнок. Болмаса бос жаланы қой! (*Жұрттың қызуы артады.*)

Жанұзақов. Ол адамдар өздері беттерін ашпайды, көрінбейді. Өзгенің тасасында отырып іс қылады.

Беляев (*қатты*). Жолдас Жанұзақов, енді жетті мемендетуін, ата қазір ол кісіні! Біз атын атауыңды шарт қып қоямыз! Кім? Мен бе?..

Жанұзақов. Жоқ, жолдас Беляев, сіз емес. Мен сіз туралы айтып отырғаным жоқ...

Патриесов. Болмаса, мен бе? Ревком бастығымын, мен шығармын?.. Атын айтуды требовать етеміз.

Өтепов. Иә... бұл бос демагогия болмаса, атауға кіндеттісің?!

Жанұзақов (*атып тұрып, ашулы*). Атаймын! Сол жаңағының бәрін істеп отырған Реввоенсоветтің уполномоченныйы мынау отырған (*қолын созып*) Фурманов! *Жұрт тегіс ашулы, қатты қарсылық білдіреді. Соңғы сөздің тап ортасында мылтық атылғандай әсері болады. Стол басындағы отырғандар қағаз, қарындаштарын лақтырып тастап, орындарынан атып-атып тұрып кетеді.*

Фурманов (*салқын пішінмен орнынан тұрып*). Жанұзақов, сен осы сөздеріңді кіндік алдында дәлелдейгісің? Айтқан сөзіңе ие шығарсың?!

Жанұзақов (*сасыңқы*). Ие... ие... әрине...

Фурманов. Мен мәселені қазір телеграммен кіндік алдына қоямын. Хатшы жолдас. (*Есеналинге.*) Протоколге тіркедіңіз бе жаңағы сөзді?

Есеналин. Иә... бар сөз тіркеліп отырмаса да,



есітті ғой жұрттың бәрі... әрине... (жиылыс тарауға айналады. Ашулы жұрт бәрі портфелін алысады.)

П а т р и е с о в. Жиылыс бітті ме? (Сәрсембаевқа қарайды.)

Сәрсембаев. Біте қоймаған сияқты, меніңше... Білмеймін...

Б а р а й н о к. Жә, жетті, болды енді..

М а р т ы н о в. Жабу керек, осы да жетеді.

Екеуі шығып кетеді.

Ж а н ұ з а қ о в. Жетсе жетеді... бізге де...

Портфелін алып ауыз үйге шығады. Осының аз алдында бұл бөлме. Ысмайыл, Розахон, Байжұман келіп отырған. Мынаның алдынан бұл үшеуі түгел орындарынан тұрып, қарсы шығады. Жанұзақов жаула-ныңқы, аяғын сарт-сұрт басады. Артынан Есеналин, Жарболов, Сүлейменов шығады.

## ІІ көрініс

Ж а н ұ з а қ о в (Ысмайылдарға). Ие, немене?

Ы с м а й ы л. Бағанағы бір нәрсенің несі біраз тың сөздер шығарып тұр, ала алмадық...

Ж а н ұ з а қ о в. Қай нәрсе? (Ысмайыл бөгеліп қалады.)

Б а й ж ұ м а н. Әлгі... мүйіз деген бар емес пе еді... (Бәрі де бұған жаман қарап қалады.)

Ж а н ұ з а қ о в. Ой, сөзің бар болсын! (Теріс қарайды.) Жә... үйде сөйлесерміз... Қоя тұрыңдар!

Р о з а х о н. Біз кете берейік пе?

Ж а н ұ з а қ о в. Жоқ, әзір тоса тұрыңдар! (Есеналинге.) Әлгіні протоколге жазба! Сәрсембаев, сен де менің сөзімді мақұл демейсің бе?

Сәрсембаев. Кім біледі, қатты айтысып қалдыңдар ғой.

Ж а н ұ з а қ о в. Е, айтыспай қайтушы ем, еш нәрсе айтпай, алдынан шықпай, өздеріңе бай қып алғансыңдар сендер! (Сәрсембаевқа). Сен олардың кіндікке жазатын шағымын қостама! Мен де жазамын. (Өзгелеріне қарап.) Жиылыста болған сендер, барлығың менің сөзімді сүйендер!

Хакима, Қадиша кіреді.

### III көрініс

Жанұзақов. Мінеки, мына қарындастарым да бар. Бұлар да менің сөзімнің дұрыстығын біліп отыр. Сендер де мені қостамаймысындар? Кіндікке біз жазбақпыз...

Қадиша. Жоқ, біз сізді қостай алмаймыз.

Жанұзақов. Неге? Қорқасындар ма?!

Хакима. Қадиша дұрыс айтады. Сіз кіндік адамы бола тұра өзінің партиясы мен сол кіндік үкіметінен интересіңіз басқа кісіше сөйлейсіз... біз сізді әзір түсінбейміз... білмейміз...

Қадиша. Рас, сол есепті қостамаймыз. (Өзгелерге қарап). Қостағандар болса, өздері біледі.

Жанұзақов (қуланып, күліп). Ойпыр-ой, сіздер қандай қыз ішінде қып-қызыл қыздар едіңдер!? Мен мұндай балаларды жақсы көретінмін. И какие вы красивые, прекрасные девушки? (Сылқ-сылқ күледі, өзгелер де күледі).

Хакима. Сіз кіндік адамы екеніңізді ұмытпаған боларсыз?

Жанұзақов (құбылып, аяғын сарт еткізіп тағзым қылып). Құп! Әміріңізше! Алдияр! Тоташ! (Есік жақты басымен нұсқағандай болып.) Жолдарыңыз болсын!

Қадиша. Жүр, кетейік, Хакима!

Хакима. Жоқ, тіпті, кетпейміз, біз де боламыз мәжілісте. (Ерегісіп барып, орындыққа отырады, Қадиша да күліп барып қасына отырады.)

Жанұзақов. Дұрыс. Жақсы олай болса. (Өзгелерге бұрылып.) Мен сендерге жақын күндерде. (Есеналинге қарағандай.) Осындағы мүсбюроның жиылысын шақыру керек деген ұсынысын жасаймын. Сонда осы бүгінгі жайды да, басқа осыған ұсаған әңгімелерді де толық сөйлесеміз. Дұрыс емес пе?

Жарболов. Әбден дұрыс. Өзара толық ұғынысып алу керек. Бүгін әлі еш нәрсе айтылған жоқ.

Сүлейменов. Рас. Мүсбюроның жиылысын шақырайық.

Жанұзақов. Бұлар кіндіктен біз партия, үкімет өкілдеріміз, облыс саясатын біз жақсы біліп, жақсы басқарамыз деп өзгенің бәрінің аузын буып отырмақ қой! Қыңқ етіп дыбыс шығаруға да жарамайды. Отырған әне

Бір қырғыз, қазақ жігіттері... бұ не?.. Сендердің сөз біріктіріп алып, батым өткір болуларың керек...

**Жарболов.** Айттым ғой, сөз көп... Сонда сөйлесерміз..

**Есеналин.** Олай болса жиылысты шақырайық. Қашан, қайда жиыламыз?

**Сәрсембаев.** Өзгелерге де сөйлесу керек емес пе?

**Есеналин.** Сөйлесу қажет емес. Мәселе аштарға жәрдем өңгімесі... Кіммен ақылдасу керек?..

**Сүлейменов.** Иә... осы тұрған ел де жетеді шақыруға, жалғыз-ақ бәрін хабарландырайық.

**Жанұзақов.** Дұрыс. Олай болса, байланды ендеше... Келесі жексембі күні сағат алтыда, менің пәтеріме жиналындар. Үй кең, жайлы, оңаша, мақұл ма? (*Жағалай қарайды, Жарболов, Есеналин мақұл-мақұл дейді.*)

**Есеналин** (*Ысмайылға*). Ысмайыл, есіттің бе? Қымызың, семіз тоқтың... тағы-тағыларың... өзің білесің ғой... дұрыс па?!

**Ысмайыл.** Күп... күп... айтқаныңызша! (*Сұрқиялықпен жорғалай күліп.*) Әміріңізге жан пида!..

**Байжұман.** Иә... дәм ғанибет, дидар ғанибет. Келіңіздер, келіңіздер...

**Жанұзақов.** Жә, болды, жүріңдер енді!

Бұл бөлмедегінің бәрі шығып кетіседі.

#### IV көрініс

Ғастық кабинетіндегілер бұл уақытта бұрынғыдан азайып қалған. Беляев, Патриесов, Фурманов, Шағабутдин, Өтепов, Қуатов, Есенов, Бәрібаев қағаз жазып өзара сөйлеседі. Анда-санда бұларға Шағабутдин, көбінесе Өтепов, Қуатовтармен әңгімеде. Бәрібаев, Есенов өзара сөйлесіп отырады. Аздан соң.

**Фурманов** (*қағазды жазып болып*). Сәрсембаев бар ма екен? Мынаған ол да қол қоюы керек.

**Шағабутдин** (*хатшының есігіне таман барып*). Сәрсембаев, Сәрсембаев! (*Есікті ашып қарап*). Ізі де әлдеқашан суып қапты. Жоқ.

Барайноқ, Мартынов қайта кіреді.

**Фурманов.** Дұрыс, кейін тауып алармыз оны. Жолдастар, қазір осы жерде ревком ғана емес, осы отырған бәріміз облыстық партия комитетінің мүшесіміз.

**Шағабутдин.** Дұрыс. Енді мәжіліс ревком фракциясы мен обком партияның біріккен мәжілісі деп саналсын.

**Дауыстар.** Дұрыс, дұрыс. Беляев бастық болсын.

Беляев бастық орнына отырады.

**Фурманов (Есенов, Бәрібаевқа).** Иә... Бәрібаев, Есенов жолдастар, Жанұзақов партия мүшесі емес, кім екені де мәлім. Бірақ сіз екеуіңіз, сол Жанұзақов сөз қылып жүрген қазақ, қырғыздың қызметкері сіздер біздің қазіргі қолданып отырған бағытымыз туралы, сіздердің жаңа, қазір, осында отырған облыстық партия басшылығын жүргізіп отырған жолдастар, сіздердің де ашық пікірлеріңіз қажет. *(Бәрібаевқа.)* Жаңа үндемедіңіздер, егер сіздер де Жанұзақовша ойлап үндемеген болсаңыздар, онда хал қиындайды. Біз сіздерді басқаша баралаймыз. Сіздермен ұғынысуымыз керек.

**Шағабутдин.** Ақиқат, дұрыс айтасыз!

**Бәрібаев.** Айтып болыңыз.

**Фурманов.** Жанұзақов айтқанды қазір істеуге болмайды дейміз. Оны істетпейтін облыстың бүгінгі саяси халы... Келген елді жерге орналастыру бұйрықпен, сөзбен істелмейді.

**Өтепов.** Әрине, олай деп Жанұзақовтың өзі де ойламайды. Оған кұр даурық керек.

**Фурманов.** Оны істегенде алдымен әскер күшіне таянып отырып істеу керек. Ал, бұл күнде Жетісудағы әскер кім? Ол — граждан соғысында Жетісуда бір тарихи іс істеген партизандар екені рас. Бірақ ол әлі партия басшылығын және қызыл әскердің тәртіп, тәрбиесін көріп шыққан әскер емес. Сондықтан арасында кулактың әсері таусылмаған, аз ретті қызыл әскер мұнда жоқ.

**Беляев.** Оның үстіне, қазір де Жетісудың кулактарының арасына және солар арқылы жаңағы әскер арасына тараған бірнеше жаман сөздер бар. Білесіңдер. Мұндағы ұлттар арасы жақсы емес... Бүгінгі әрбір қадамды есептеп баспасак, сол елдер арасының қырғынын жасаймыз.

**Шағабутдин.** Сонда таяқты кім жейді? Қарусыз аш-жалаңаш қазақ, қырғыз жейді. Әрине, мұның бәрі

соншалық ашық, айқын мәселе, так что кімде-кім осы ұлттардың тағдырына қайғыратын болса, Жанұзақов пікірін не только демагогия, қайта провакация деп түсіну лазым.

Патриесов. Бізге, анығында, Жанұзақов сөзі еш нәрсе емес, сіздерге де, біздерге де мемлекеттік негіз бен партия басшылығының түзулігі қымбат. Мұндағы ұлттар арасы ауыр мәселе. Сіздер соны дұрыс шешуге көмекші болсаңыздар. Бұл — міндет.

Есенов. Ең әуелі сіздер бізді Жанұзақов сөзінің әсерінде шығар деп ойласаңыздар, қателесесіздер. Оның сөзі партия бағытына қандай жат көрінсе, бізге де сондай жат. Бірақ ол сөздердің қазіргі біздің көпке әсері бар... адастыруы, қаңғытып әкетуі мүмкін. Сондықтан бұған қарсы алысуға да зор саяси сақтық керек. Осы естерінде болсын.

Бәрібаев. Және, кіндіктен келген партия мен үкіметтің ұлы бағытындағы сіздерді біз түсінеміз де толық бағалаймыз. Бұл жақтағы бұратана ұлттардың сенері де, сүйенері де кіндік! Басқаны тандары жоқ. Бірақ орыстан шыққан осындағы партия көпшілігі көп қызметкері бар. Олар оншылдыққа қарсы, ұлы орысшылдықтан да сау деп білмендер, жаңағы Черных сөзін естідіңіздер ғой?..

Фурманов. Патриесов. Әрине, ол даусыз. Рас.

Беляев. Черных сияқтының пікірімен біз алдымен алысуымыз керек. Аянбай алысу керек.

Фурманов. Оның тамыры Жетісудің кешегі күніне барып шырмалып жатыр. Партия оны алдымен құртуы керек.

Бәрібаев. Сіздер бұл сөзді жақсы бастадыңыздар. Партия жолына жат, екі түрлі залалды теріс бағыт бар: бірі — ұлтшылдық, бірі — ұлы орысшылдық. Соның екеуімен де алысайық. Бірігіп ақылдасып отырып алысайық. Әрқайсымыз өз ішімізде де сондай настроениелер болса, жеңіп қояйық. Бұл жайды менінше, осыдан артық сөйлеу қажет емес. Ал, Жанұзақов туралы біз біздің пікіріңіздеміз.

Беляев. Дұрыс болды. Бұл мәжіліс осымен бітті енді.

Өтепов (Бәрібаевқа). Пікірлерің солай болса, неге сөйлемейсіңдер жаңа?! Сендер, революциялық совесть нені айт дейді? Оны ойламайсыңдар. Интеллигент емес-

пісіндер? Мынауым сыпайы, мынауым сұлу шығар ма деп алдымен соны ойлайсындар ғой? Сендерден төнке-рісшіл большевик шығарып алу үшін басқа да, көтке сабап отыру керек, ылғи сол ғой тілегендерің?!.. Рас емес пе? (*Айналадағылар күледі*).

Бәрібаев (*күліп*). Е... ондайға өзін тұрған жоқпысың?.. Адам боламыз да сенің жетегіңмен! (*Жүріп-жүріп тарасады, күліседі*.)

## Шымылдык.

### Екінші сурет

Жанұзақов тұрған Масқұт қожаның үйі. Сахнаның халыққа қараған шеті шарбақты. Бояулы жасыл терраса... Сол террасадан әрі екі бөлме бар. Сол жақтағысы Жанұзақовтың қонақ үйі. Оң жақтағы Масқұт қожаның өзінікі. Террасадан бөлмелер биік, іштері сәнді. Терраса айналасында гүлдер. Шымылдык ашылғанда биік стол айналасында, террасада Жанұзақов, Масқұт қожа, Ысмайыл, Розахон, Байжұман отырысады. Орталарында күтуші Ысмайыл. Ішкендері кымыз.

### I көрініс

Ысмайыл. Әткешшілік ісін осы кезде қиын атайды. Соңғы мүйіз бен апиын өткізіп жатқандар қырғыздың әткешшілеріне ілесіп зорға өттік дейді.

Байжұман. Қиындығын атап сұрамаңыз. Бихисап болса керек. Жақында мынау тау арқасындағы Асының қызылбөрігінен он бес кісі аттанып, бесеуі оққа ұшыпты.

Жанұзақов. Әткешшілікті істесе, қару-сайманды қамдап алып, ер жігіттер істесін.

Розахон. Әлбетте, соғысып, жарып өтеді ылғи... Бұған келгенде қырғыздар ер.

Жанұзақов. Е... қырғыз мынау Байжұманның маңқа қазағы деймісің? Атаң көрі... несі бар... ол границадағы солдаттың қорықпаса болад та?!

Байжұман. Мырза, қазақты да қорламаңыз. Бұл күнде сол әткешшілікпен Жаркент, Алматы қазағы да жал жиып, ауқаттанып қалды.

Жанұзақов (*күліп*). Е... қойшы, білемін ғой... оларың ылғи қырғыздың салған жолымен жүреді. (*Өзгелерге көзін қысып қойып*.) Қазақтың ежелден ер адамы болған ба тіпті осы? Ауылдағы қазақ не дейді?! Ол

асық ойнаған — азар, доп ойнаған — тозар, бәрінен де қой жайып, көтен жеген озар,— дейді. «Есектің көтін жусаң да мал тап» дейді. Есе туғанда сөйтіп қуа ма? Табыстың бәрін де ерлікпен ал демейді, қорлыққа шыдап ал деп үгіттейді. Сондай елден ер шыға ма? (Өзгелер күледі.)

М а с қ ұ т (күліп). Шәрдегі оқығандарды, мына Байжекеңдерді қайтеміз!?

Ж а н ұ з а қ о в. Оқығандарын қой, олар ежелден орыс ұлығының алдында қайығын төсеп, байпаңдап тұратын тілмәш. Менің де аяғымнан алып отырғанын көрмеймісің солардың бірталайының?..

М а с қ ұ т (күліп). Иә... Байжекеңді не дейсіз?

Ж а н ұ з а қ о в. Тіпті, бар қазақтың ішінде іске жарар, іліп алары осы. Алматы шалақазағы сенің өкіліңді көріп, Әндижанға қой айдап, сауда қылып, мал тауып байып отыр. Ешкімге жалынбайды. Қорлық та көрмейді. Шын іске татыры осы Байжұман ғана!..

Б а й ж ұ м а н. Айтарсыз... айтарсыз... (Розахонмен бірге күліп.) Сөз сіздікі ғой!.. Бірақ осы күнде әткешші қазақтардың ерліктерін естіп, өзім қуанып жүрмін.

Р о з а х о н (Жанұзақовқа). Иә... Төреғұл мырза!..

Сүлейменов, Жарболов, Есеналин кіреді.

Жанұзақовтан басқалары орындарынан тұрып қол алысады, отырысады.

## II көрініс

Ж а н ұ з а қ о в (Розахонға). Ие... ие... не айтпақ едіңіз?

Р о з а х о н. Қазір осы үкімет халықтың ата-анасы хақында.

Ы с м а й ы л. Япыр-ай десеңізші!.. Бір жағынан жақсы сөйлейді, екінші жағынан сол сөзіне қарсы қатты істейді өзі!..

Е с е н а л и н. Е... бұл кісілерің мұны өздеріне, байларға сауда істетіп қойса дейді екен ғой?.. (Күліп.) Жағалап келістерін қарашы!..

Б а й ж ұ м а н. Бай деп, бай қанша дейсіз!.. Халықты айтсаңызшы! Қазір аш халықтың бәрінің күн көрісі сол болып отыр ғой... Соларды неге ойламайсыздар?

Жанұзақов. Ә... Розахон әке!.. Гәп қылмаңыз... әлі алдымызда жақыннан да, алыстан да кездесетін көп-көп кезеңдер, тартыстар бар. Сөз — сөз, іс — іс!..

Жарболов. Бәсе, бәсе!.. Жақсы сөйлеп отырып та, өзі білмей жаман істер істеп қоюға мүмкін... (*Басын изейді.*) Әнгіме сонда!..

Жанұзақов. Мен бұл жақтағы езілген ұлттардың байы, кедейі, жуаны, жіңішкесі деген жіктерін тындамаймын. Қырғыз, қазақ қолына қару ұстап, әткешшілік қылып, шынығып, шекті жарып барып, мал тауып қайтып жатса сол болады! Сол жақсы. Өздерің де орамға келгенді ұрып, жұлып алып қал!.. Білдің бе?.. Гәп сонда!..

Сүлейменов. Сіз бай-манапқа да қару беріп қойдыңыз ғой. (*Күліп.*) Мұныңыз қалай?

Масқұт қожая. Ие... соны айтыңыз. Центрдың өкілі қалай-қалай сөйлейді бұл?

Жанұзақов (*террастан жүріп кетіп*). Байдың керегі жоқ, ұлтшылдық құрысын! Центрдың Фурмановы бастасын, сол центрдың жұмысшысы жетектесін деп жақсы атты мақтаулы жігіт болса, ана Бәрібаев, Есенов, Жандосовтар бола берсін! Меніңше барлық жайды ондай ақкөйлектік шешпейді... Іс пен күш шешеді. Бүгінгі халде кім әкімшілік басында тұрса, соны өкшелеп, алқындырып өзіне салмақ салып отыратын күшін, ісін болу керек.

Сүлейменов. Олай болғанда не істеу керек енді?

Жанұзақов. Олай болғанда бүгін сол Фурмановтың тәубәсін есіне түсіретіндей қылып, қысып отыруына керек.

Сүлейменов. Біз онда центр басқаруына қарсы топ жинап, күш құрайтын боламыз ба?!

Жанұзақов. Ие... есебін өзің тауып, өзің құра. Болмаса өзге құраса, ат салыс, көмекші бол. Бұған наразылығыңды сен де көрсет!.. Кейін жұмсарады да түзеледі.

Есеналин. Өзге болғанда, біз қандай күшті пайдаланамыз?

Жанұзақов (*Масқұт қожаяға қарайды, Масқұт басын изейді.*) Әрине, мұны түп-тамырымен аударып тастаймын демейсін. Мыналар сияқты, бастықты, осылардікі сияқты басшылықты түзеймін деп алысасың. Солайша кезенуге кім қолайлы келсе, тіпті талмай-ақ уа-



қытша пайдаланасың. Білдің бе? Ұқтындар ма, менің пікірімді?

Жарболов. Ұқтық қой, меніңше мақұл айтасыз.

Сәрсембаев, Өтепов, Хакима, Қадишалар шығады. Жанұзақов орнынан атып тұрып, құрметпен қарсы алып, оларды өз бөлмесіне қарай кіргізіп жіберіп, Есеналинді ұстап қалады.

### III көрініс

Жанұзақов. Энеүгі мәжілістің протоколы қалай жазылды? Сені мыналар кінәлап жүр деп еді ғой?

Есеналин. Мен сенің сөздеріңді кіргізгенім жоқ. Кінәласа кінәлай берсін, көнбедім.

Жанұзақов. Дұрыс. Ал Сәрсембаев ше? Ол қол қойды ма, жіберген телеграмға?

Есеналин (күліп). Сондай сөз болды ма, болмады ма, болған да сияқты еді, білмеймін... Бірақ есімде жоқ деп, қойшы әйтеуір, бұлтылдап жүріп қол қоймай аман шықты. (Екеуі де күліседі.)

Жанұзақов. Жақсы болыпты. Мен де бүгін Турцикке жібермекшімін. Бастық пен хатшы екеуің былайша қалғаның жақсы болды. Ол маған үлкен сүйеу ғой. Іздеп жатсын өтірікшіні!.. Кәне, жүр!

Үйге Есеналин кіре береді, Өтепов қайта шығады. Сол уақытта Бәрібаев, Есенов келеді. Амандасады.

### IV көрініс

Жанұзақов (Өтеповке). Е... неге шықтыңыз? Осында отырамыз.

Өтепов. (Отырған байларға). Ту... мынау Алматының бар тұздығы ғой?.. Әй... әй... ә?.. Масқұт қожа-ай!.. Өзің қалайсын бұл?.. Болған, оқыған мына Төреғұл сияқты жақсы жігіттермен ғана болып қойсаңшы. Мынау не? Бір қолыңды қазақ, қырғыздың оқығандарына артып, тағы бір қолыңды мына Байжұмандар сияқты саудагерлерге артып отырғаның?.. Шіркін, тағы бір қолың болар ма еді!.. Оны тағы әлдекімге артар едің?..

Масқұт қожа (күліп). Сөзін дұрыс, Тәшен! Асылған салмақты көтеретін иық болса, біз солай артып

тұрамыз. Шынымды айтам, өйтпегенде сен мені еңбекші деп партияға алып жатырмысың?

**Ысмайыл** (*қошаметпен*). Тәшен жолдас, сөйтіп, қатты айтып түйреп қояды. Бізді көргенде қызығып тұрады. (*Өзгелері күледі.*)

**Жанұзақов**. Айтсын, айтсын! Бұл замандағы сөзі бұлды еркеміз де, жуанымыз да осы! Көтере беріңдер!

**Өтепов**. Е... Төреғұл, сен бұл сөзді бекер айтасың. Не манаптың баласы болмасам, не Турциктің уполномочныйы болмасам, жуандық маған қайдан келсін?.. (*Өзгелері басын шайқап күледі.*)

**Жанұзақов** (*басын шайқап күліп*). Қарашы тілін... Тілін қарашы? Кәне, жүріңдер үйге!

### V көрініс

**Масқұт кожа** (*Ысмайылға*). Қымыз беріңдер!

Бір күтушімен Ысмайыл тегенелеп қымыз, дастарқан, кесе апарып жаяды. Екі купец — Никифор Евсеевич, Филипп Кузьмич шығады.

### VI көрініс

**Мекапар** (*аттарын созып айтып*). Байжұман, Розахон, Ысмайыл байғұс — бәрі баяғы ескі көздер екен ғой. Әй, Масқұт кожа-ай, өзгең өзге болса да осының жақсы-ау. Ұйтқы боп анда-санда болса да, басымызды бір қосып қоясың, осындайың болмаса, тоз-тоз боп кетпес пе едік?..

**Розахон**. Дұрыс айтасыз. Қазірде мұның өзі үлкен іс болып қалды.

Ысмайыл Масқұт кожаның үйіне ас жайып, арақ жасатып жатады.

**Байжұман**. Рас, бізге, тіпті, қиын болып кетті ғой, Мекапар бай!

**Мекапар**. Оны, шырағым, атап сұрама! Большевиктің дүниедегі ең жек көрген жауы біз болыппыз ғой, қайтерсің... міне енді қу далаға безіп шығып, иесіз қу жотада ұлып табысқан қасқырдай болып отырғанымыз, түге! (*Бәрі күліседі.*) Шын айтам, содан неміз артық...

**Байжұман**. Апыр-ай, байдың қазағуары-ай! Сөзін қарашы! Жік-жігімен түседі.

М а с қ ұ т қ о ж а. Бәрекелді. Өйтпесе Менкедей бай бола ма? Көп шабылған кәрі шораяқ емес пе бұ кісілері?

М е к а п а р. Шырағым-ай, бұл сөз де үнемі шыға бермейді. Мына мұны бір сендерді көрген соң шығып отыр әншейін...

Р о з а х о н. Рас айтасыз, бәрекелді.

Б а й ж ұ м а н. Кітап сөзіндей осынысы.

М е к а п а р. Шынында өзің ойлап қарашы, мынау Филипп Кузмич Талғардың купеці... мен — алматылық. Мынау Розахон қашқарлық, (*Байжұманға.*) Сен бір жағыңды елге тартқан дала байы, мына Масқұттар болса Әндіжан, Жетісу, Қашқар — бәріне ортақ. Қайдан табыстық?.. Бәріміздің мұнымыз бір. Жеген таяғымыз бір болған соң, табысып отырмыз.

Ы с м а й ы л. Рас-ау... әйтпесе, сен — орыс, анау — тараншы, мынау — қазақ, шалақазақ десіп жүрмес пе едік?..

Чебисов келеді. Отырғандар амандасады.

## VII көрініс

М е к а п а р. Міне, енді сол жанның жүзінен соққы жеп жүргенде орыс баласынан үміт қылғаным жалғыз осы жастар! Мынау, өзімнің жақыным, тентек Петькам еді. Бүгінде әскер басы, мынау кешегі өздеріңнің бәріңе мәлім, Назаровтың күйеуі Шевцов!..

Р о з а х о н. Ә... ә... Назаровтың күйеуі ме? Жақсы, жақсы. Біз де бөтендерін емеспіз...

Б а й ж ұ м а н. Байғұс, Назаровтан да бір жақсы көз бар екен, шіркін қандай жақсы бай еді?..

Ф и л и п п. Бұл кісі большевик, бірақ сонда да өзгердей большевик емес...

Р о з а х о н. Әлбетте... әлбетте... дұрыс айтасыз.

М е к а п а р. Большевик деген атын қойшы... ендігі не де болса, үміт қылғаным осы жастар... Өздерінен де естірсіңдер, тек жолдары болсын...

Қ а р а б а е в (*Чебисовке*). Қандай шырмауықты орап жатыр байекең?! Кірші міне!..

Ч е б и с о в. Сен оны тындай бер жалғыз-ақ... (*Ысмайыл Масқұтқа келіп сыбырлайды.*)

М а с қ ұ т қ о ж а. Кәне, қонақтар, мынау үйде біраз ас бар еді, соған кірейік, жүріңіздер!

Бәрі Масқұт бөлмесіне кіреді. Ішіп-жемге кіріседі, араласады.

### VIII көрініс

Жанұзақов бөлмесіндегілер өзара сөйлесіп отырады. Қымыз ішеді. бұнда күтуші жігіт бар. Анда-санда Ысмайыл келіп кетеді. Ол көбінесе Масқұт бөлмесінде.

Ө т е п о в. Жә... неге жиылдық? Не сөз бар? Сөйлей отырыңдар!..

Ж а р б о л о в. Ие... сөйлесек те болады ғой!.. (Жанұзақовқа қарайды.)

Е с е н а л и н. Кәне, олай болса, Төреғұл, бастасаншы!

Х а к и м а. Мүсбюроның бастығы, сіз өзіңіз неге сөйлемейсіз?

Е с е н а л и н. Бұл арада ондай формальность жоқ. Жалпы пікір ауысу. Беседа, официально ашылатын жиылыс та жоқ.

Б ә р і б а е в. Жә... не сөздерің бар, тыңдайық? Кәне, айтыңдаршы!..

Ж а н ұ з а қ о в. Айтсақ, энеугі... Фурмановтармен біздің дауымыз негізгі мәселе: қазақ, қырғызды жерге орналастыру әңгімесі. Соған жергілікті елдердің жауапты қызметкерлері, сендер қалай қарайсыңдар? Менің пікірімді дұрыс десендер, осы көптің атынан Тәшкенге бір бөлек пікір жібереміз, қарсылық білдіреміз. Соны қостаймысыңдар? Мәселе сол, әңгіме ашық. (Отырғандар өзара екі-үштен сөйлеседі.)

### IX көрініс

Терраска Шағабутдин, Қуатов шығады. Масқұт бөлмесінің алдында әңгімеге елтіп тұрған Ысмайылды көріп, аяқтарын ақырын басып, сырттан барып қарасады. Ол бөлмеде бұл уақытта бір-бірлеріне бастары түйісіп отырғандар тегіс бір әңгімеге кіріскен. Шағабутдин танданып тұрып.

Ш а ғ а б у т д и н (қатты). Ту, Масқұт қожаның компаниясы қандай еді?.. Мынау бір жылы ғана компания

екен!.. (Отырғандар үрпийсіп қалады. Қарабаевты, Чебисовты көріп, таңданып.) Е... Қарабаев, сен біздің әскери адам, сен неғып отырсың? Бұл байдың, купецтің компаниясында? Сен де, Чебисов?

Қ а р а б а е в (қатты тікірейін). Е... осында келсең сен де байдан алыс жүрмепсің ғой, несі бар екен?

Ш а ғ а б у т д и н. Мен мұнда келгем жоқ.

Қ а р а б а е в. Мұнда келмесең де, жағалап жүріпсің ғой? Әлде мені алдап жүрген особый отделдің шпионы шығарсың?.. Бәрібір екеуінде де бізге таңданар дәненең жоқ, бәлем, мақтаулы жігіт бола алмайсың.

Ш а ғ а б у т д и н. Жарар... Сенімен бұл жерде сайыспай-ақ қоямын...

Қ а р а б а е в. Қай жерде кездесем десең де ықтиярың, білдің бе?..

Шағабутдин, Қуатов кетіп, Жанұзақов бөлмесіне барады.

### Х көрініс

Ш а ғ а б у т д и н. Ғажап!.. Анда купецтер, мұнда партейцтер... қалай жақсы түйіскен бастары?!

Ж а н ұ з а қ о в. Жә, кел отыр. Осы сен ноғай да асқақтай бердің-ау?!

Ж а р б о л о в. Жаңағы әңгімеге кірісейік.

Ө т е п о в. Ал, сөйлеші сен!..

Ж а р б о л о в. Сөйлесем, біз мұндағы бірталай жолдастар және басқа да келген бірталай партия мүшелері бар. Барлығымыз Төреғұл жолдастың пікірін қостаймыз. Тәшкенге мұның істеген ісі, мұның тұтқан мақсаты, программасы дұрыс, соны біз де қостаймыз деп бірге қағаз жазу керек деп білеміз.

Б ә р і б а е в. Фурмановтардың, Авиревком көпшілігінің пікірін қабылдамай бұлай деуіндегі дәлелің не?

Е с е н о в (Жарболовқа). Және... жанағы сен айтқан сөзді біз не үшін қостайық? Теріс те болса, Жанұзақов айтты, ол қырғыз деп-ақ көз жұмып қостай салайық па?..

Ж а р б о л о в. Біздің дәлеліміз бар, неге болмасын. Мұндағы ұлттар арасын ұлықтырып отырған сол Фурманов, Быковскийлер... Трибунал орыс байларын неге көп атады? Сол үшін орыс қазаққа улығып отыр. Міне бұл ең залалды саясат.

Бәрібаев. Жанұзақовтың тегі жалпы саяси бағыты мен істеп жүрген ісі де, мінезі де қате. Оны қостау саяси адасқандық болады. Бұған мүсбюроны араластырып, шатыстыруы тіпті теріс. Өйтіп жіктенетін жер емес бұл.

Есенов. Ие... партия мен кіндіктің руководствосының қасынан мүсбюроны жырып алып шығу лайықсыз болады.

Бәрібаев. Жеке адамдар қостаймыз десендер ықтияр өздеріңізде. Мұны мүсбюро болып әңгіме қылу керек емес.

Жанұзақов. Ие... не, айтындар!.. Мен еш нәрсе айтпақ емеспін. Жалғыз-ақ сендердің не дейтіндеріңді білмек едім. (*Өзі шығып кетеді*).

Шағабутдин. Тындамақпын дейді. Өзі шығып кетеді. Жігіт де шіркін, бұл келісін...

### *XI көрініс*

Жанұзақов терраска шығып, Масқұт қожаның үйінің есігінен қарады. Масқұт кожа шығады.

Жанұзақов (*өз үй жағын қолымен нұсқап*). Бұлармен түгел келіспеспіз. Бірталайы жағынудан аса алмайды. Бірақ мыналарымен байланысып, нығайтып қал. Қостайтын, айтқанында нық тұратын жігіттер бар, білдің бе?

Масқұт басын изейді. Екеуі айрылып кетеді. Жанұзақов өз бөлмесіне келеді.

### *XII көрініс*

Шағабутдин. Мен жанағы Бәрібаев айтқандай қылып та қалдыру керек емес деймін. Бұл мәселені тілеген жолдас Жанұзақовты қостасын деп айтпаймыз біз. Бәлкі, ешкім қостамас оны. Центрдің басын шатыстырушы партейцтер болмасқа керек. Жанұзақовты қазірде қостау — ол мұндағы барлық жауапты саяси қателеріне мандат беру, сол қатені бірге мойынға алу болады. Ол дұрыс партейцтің жолы емес.

Өтепов. Дұрыс пікір осы. Бұл сөзді осыдан әрі

сөйлеу қажет емес. Тоқтату керек. Тіпті, енді жиылысты жабу керек. Жүр кететіндерің.

Тұрады. Қалғандары да тұрып, шығуға айналады. Артынан Жарболов, Сүлейменов қалады. Жанұзақов солармен сөйлесіп қалады, өзгелері кетеді.

### XIII көрініс

Масқұт бөлмесіндегі сөздері піскендей, енді олардан, Қарабаев, Чебисовтер де жүруге қамданады. Купецтер қалталарынан ақшалар шығарып беріп жатады. Қарабаевтар жүреді.

Қ а р а б а е в (*Масқұт, Ысмайылдарға*). Әңгіме сол... Енді сөз байланды... қысқасы, берген ақшаларың бізге зор жәрдем... Сендер пұлмен де, іспен де қатынасасыңдар. Әскер арасындағы адамдарыңыз, мұсылмандарыңыз, партшколдағыларыңыз тағы басқаларыңыз біз көтерілген күні тура ешбір оқ атпайтын болсын! Командаға бағынбасын, біз қайда барып жиналсақ, сонда келсің!

Ы с м а й ы л. Дұрыс, біздің адамдардың міндеті сол ғана ғой!.. (*Масқұтқа қарап.*) Қиын емес қой?..

Б а й ж ұ м а н. Несі қиын оның? (*Масқұт басым изейді.*)

Ч е б и с о в. Қалғанын артынан көрерміз. Өзара сөйлесіп, келісіп ұғынамыз.

М е к а п а р. Қалғанын қойшы... Біз Масқұт қожа, Байжұмандармен ата-бабамыздан бері бір жасасып келеміз. Қырқыспай-ақ, араздаспай-ақ ұғынысатынбыз...

Б а й ж ұ м а н. Бізге жамаушының керегі жоқ де, шіркін, Алматының баяғы орысы-ау! Қашан ұрысып-таласып ек осылармен?.. Ұғыныспайтын жеріміз болушы ма еді?.. (*Мылқау көрініс: Қарабаев, Чебисов бұл бөлмеден шыққанда, Жарболов, Сүлейменов, Есеналинді ертіп Жанұзақов шығып, Жарболов, Сүлейменовтың қолдарын алып келіп, Чебисов, Қарабаевпен ұстастырып тұрады. Мекапар, Филипп, Масқұт қожа шалқайып, арақ көтеріп жатады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

## Үшінші сурет

Штаб. Екі бөлме. Сол жақтағысы кішілеу, онда аппарат. Ная сол бөлмеде аппараттан хабар алып отыр. Екінші бөлме үлкендеу, онда Фурманов, Беляев, қабырғада Жетісу картасы, алдында кішілеу карталар, соған қарасып тұр.

### I көрініс

Мартынов (*кіріп, асығыс басып келіп*). Қалада әскер арасында жаман белгілер байқалып тұр. Естідіңдер ме? (*Отырғандар орындарынан тұрысады.*)

Беляев. Қандай белгі?

Мартынов. Бастықтарына сөйлеспейді, айтқанды тыңдамайды, өздерінің не істемектерін айтпайды. Бір-нәрсеге қамданған сияқты.

Фурманов. Қай әскерлер? Жетісу бөлімдері ме?

Мартынов. Иә, барлық гарнизонның әр бөлімінде де хал біртүрліге ұқсайды...

### II көрініс

Барайнок (*жүгіріп кіреді*). Жетісу партизандары бүлік бастағалы қамданып жатыр.

Фурманов. Неғыпты? Қандай белгілері бар?

Барайнок. Жәркент батальоны қару-жарағын түгел алып, казармадан шықты.

Фурманов. Қайда шықты?

Барайнок. Әзір қайда екені мәлімсіз... крепоске жетпесе керек.

Фурманов. Бастығы қайда? Симонов қайда?

Барайнок. Ол қашып келді. «Өзімді жауып қоя жаздады, зорға құтылдым, сөздері жаман» дейді...

Фурманов. Олардың жолын тосу керек. Қазір жеткізбей, қаруларын алу керек. Қандай сенімді бөлімдер бар?

Барайнок. Үшінші интернационал ротасы бар.

Фурманов. Сенімді ғой олар?

Мартынов. Сенімді жігіттер.

Фурманов (*Мартыновқа*). Бар, олай болса, сен тез сол ротаны алып, аналарды жолдан тос! Қаруларын ал, жалғыз-ақ шектен аспай оқ шығарма!.. Бар! (*Мартынов кетеді.*)



### III көрініс

Есенов (жүгіріп кіреді). Быковский хабар қылды ма?

Фурманов. Жоқ, немене? Не хабар қылмақ еді?

Есенов. Комендантскийге жаңа екі кісі жүгіріп кеп, «түнде мылтық екі атылады, сол сигнал, содан кейін тік көтеріліндер» деп кетіпті.

Фурманов. Олар кімдер екен? Қайда кетіпті?

Беляев. Неге ұсталмаған?

Есенов. Айта сала қашып кетіпті... Ұстай алмай қалыпты...

Фурманов. Мұны кім айтты?

Есенов. Быковский. Трибунал біліп отыр мұны...

Фурманов (телефонға барып). Трибуналды беріңіз! Трибунал! Быковский!.. Фурманов, келмекпісің?.. Жет қазір, қазір жылдам!..

### IV көрініс

Шағабутдин, Бәрібаев кіреді.

Шағабутдин. Гарнизон бірі артынан бірі казармаларын тастап, қаланың шетіне қарай кетіп жатыр... Не істеу керек? Не істеп жатырсыңдар?

Беляев. Сабыр етіндер! Қарауыл батальоны қалай, ол қайда?

Шағабутдин. Ол орнында, басында сенімді кісілер бар. Масанчин, Шағидуллин, Есенов, мына Бәрібаев екеуміз әдейі сендерге келдік.

Фурманов. Барлығы да сенімді ме? Араларына сөз жүргізуші болмап па? Қаншасы мұсылман?

Шағабутдин. Мұсылман жүздей, тараншы, қазақ, татар, дүнген бұлар сенімді, қалғаны мәлімсіз.

Фурманов. Қалғандарының аузында бөтен сөз бар ма?

Шағабутдин. Әзір білінбейді. Бірақ бұл көп топтың көптен жүріп қамданған ісі сияқты. Партизан отрядтарының ішіндегі қазақ, тараншы жігіттері, ескі пулеметшілер де кетіпті.

Бәрібаев. Бұлардың бәрі емес, қалғандары да бар, ол қалғандары бізге келіп отыр.

Фурманов. Олар қанша?

Бәрібаев. Отыз кісі.

Быковский кіреді.

## У көрініс

Быковский. Естіп жатырсындар ғой халді?

Фурманов. Ие, тары не бар?

Быковский. Тағы бір сыбаға — Сарқанттан келе жатқан қару-жарақты қызыл әскерлер жолшыбай ұстап, талап алыпты.

Фурманов (бәріне). Жә... жолдастар! Обкомның бар мүшесі осы жерде түгенденсін. Ендігі басшылық партиянікі. Сенімді жігіттердің барлығы осында жиылысын! Тез хабар қылындар! Патриесов, Шағидуллин, Есенов, Қуатовтар қайда? Қалалық партия бастықтарын жастарды тез телефон арқылы шақырындар!

Жұрт жинала бастады. Люба, Шағидуллин, Қуатов, Кадиша, Хакима, Есенов, Сәрсембаев.

Жолдастар! Бұл бүкіл Жетісу кулактарының ісі. Әскер солардың жетегіне еріп, құралы болғалы отыр.

Өтепов. Олай болса бұл ұлттар арасының қырғынын жасауға беттеген ісі.

Шағабутдин. Ақиқат, аздан соң соны күту керек.

Өтепов (ұлт қызметкерлері жаққа қарап). Жә... бұл оқиғаның арты не болатынын ұғып, біліп тұрсындар. Енді біз зор сынға іліндік! Осы тұрған бәріміз енді мынандай болып жұмылуымыз (қолын түйіп) керек! Іс, басшылық партиянікі. Қазірден бәріміз партия мобилизациясындамыз! Осы тұрғанның көбі обком мүшесі. Обком қазір боевой штаб!

Беляев. Дұрыс. Ендігі іс, сөздің бәрі жауапты. Сондықтан, іске кірісуден бұрын, қазір бәріміз анттасуымыз керек!

Фурманов. Дұрыс. (Ортаға шығып, жазып тұрып.) 12 июнь түнгі сағат онда, үшінші дивизия штабының жасырын мәжілісінде болған біз төменде қол қоюшы партия мүшелері, арамыздағы сөз, іс, бұйрықтың барлығын жасырын сақтап, ешкімге сыр шашпай, тапсырылған міндеттен ешқайсымыз бас тартпай орындаймыз. Осының төңкеріс үшін ерекше қажеттігін еске алып, бұдан былай осы антты бұзсақ, өзіміздің атылуымызға ризамыз. Бас бұрмаймыз. Кәне, қол қойындар, жолдастар! Біздің ендігі ісіміз үшін шарт та, міндет те, шешім де осы. (Бәрі қол қойып жатады.)

Сәрсембаев (ең соңында қалтырап). Мен де...

мен де қоям ба? Қоймасам да бұрындаймын ғой... мынау қатты ғой!..

Өтепов. Қой қолыңды сандырақтамай! Күн ашықта мойнында, күн жауында қойнында болғың келеді ғой!

Бәрібаев. (Сәрсембаевқа). Кісі емес екенсің ғой өзің, қой енді!..

Телефон сылдырлайды. Фурманов барады.

Фурманов. Мартынов! Не дейсің? Үшінші интернационал ротасы... түгел қосылып кетті ме?.. Ішіндегі мұсылмандары да кетті ме? Олар да кетті? .

Барайнок. Сенімді деген осы емес пе еді, бұ да кетті ме?

Фурманов (тым-тырыстан соң). Қазіргі уақытта уақиғаның тасқыны асқындап барады. Енді әрбір қадам санаулы, әрбір минут қымбат. Шағабутдин, сен Есеновты алып, қарауыл батальонына бар! Барайнок, Бәрібаев, сендер партшколға барыңдар, осында келіңдер! Өтепов, сендер қаладағы қазақ, тараншы, дүнгенмен байланыс жаса! Сенімді адамдар арқылы жайды түсіндіріңдер! Үрікпесін, өздері іс бастамасын. Біздің хабарымызды күтсін. Және екеуің қаланың партия ұйымын жинап бастап әкеліңдер. Люба, Шағидуллин, Қуатов және Қасимова, Амантаева, сендер, үнемі связда болыңдар! Жарым-жартың әскер қайда болса, сонда барып араласыңдар. Өзгелерің бергі жерден жалғасып тұрыңдар. Ал, гез тараңдар!

Тарап жөнеледі. Сәрсембаев бірге кетіп бара жатады

Беляев. Сәрсембаев, сен мұнда бол, кетпе! (Амалсыздан қалады.)

## VI көрініс

Быковский. Тәшкеннен көмек сұрасақ қайтеді?

Фурманов. Оқиға асқындаса сұралады. Бірақ қашан кеп жетпек? Бізге енді саспау керек, күш аздығын білдірмеу аса қажет.

## VII көрініс

Ная (жүгіріп кіріп). Әскерлердің бәрі бір араға жиналып жатыр.

Ф у р м а н о в. Қайда?  
Н а я. Крепоске.

Амантаева кіреді.

Ие, Амантаеваның тағы да хабары болу керек? Жаңағы қазаққа сөйлесіп калған...

Қ а д и ш а. Крепостен хабар бар. Шаридуллин, Қуатов сонда барыпты, солар жіберген кісі келді.

Ф у р м а н о в. Ие... не айтады?

Қ а д и ш а. Әзір жиналғандар «арсеналды» талқандап, қаруланып жатыр дейді.

Б ы к о в с к и й. Ой, антұрғандар!.. Әскерден басқа бар дей ме?

Қ а д и ш а. Маңайдағы бір-екі қаланың крестьяндары да бар дейді.

Б е л я е в. Қай қалалар?

Қ а д и ш а. Әзірше Талғар... Шамалған. Қаруды солар алып жатса керек. Бричкелерге тиіп әкетіп жатыр дейді. Басқа хабар жоқ.

Ф у р м а н о в. Жақсы. Бар қайтадан. Осылай істеңдер.

С ә р с е м б а е в (*Хадишаға бұрыла бергенде*). Қарарым, мені де ала кетші!.. (*Фурмановтарға*.) Мен бұл жерде не істейім? Рас-ау... тіпті. Тіпті Хадишаның қасында жүріп, елеусіз боп жүріп хабар әперейін, қазақша киініп ап...

Б ы к о в с к и й (*ақырын*). Қорқын тұр. Түк істей алмайды, бүлдіреді қайта.

Б е л я е в. Жоқ. Сені танып қояды, отыр. Бізбен бірге ақылдасуға керексің.

Хадиша кетеді. Ная жүріп бара жатқанда.

Ф у р м а н о в. Ная, проводқа шақырып тұр ма деймін, білші.

Н а я (*отырып*). Тәшкен шақырып тұр сендерді!

Фурманов, Беляев барады.

### VIII көрініс

Мына бөлмеде Быковский, Сәрсембаев қалады.

С ә р с е м б а е в. Быковский, сенің не білгенің бар? Быковский. Иә... сөйлеші сен?..

С ә р с е м б а е в. Бізде күш жоқ. Олар көбейіп кетті.

Енді түнде осында шабуыл жасаса қайтеміз? Сонда алдымен особый отдел сені іздейді. Біліп қой, бәрінен саған жаман болады.

Быковский. Иә... рас, Ал, қайт дейсің сонда?

Сәрсембаев. Қашу керек...

Быковский (қатты). Кімге қашу керек?

Сәрсембаев. Бәрімізге де кету керек.

Быковский. Менікінің жөні болсын. Ал, сен неге кетесің? Өзгелер неге кетеді, алыспай?

Сәрсембаев. О... ой, алысу деп, неңмен алыса-сың (Екі рет мылтық атылады.) Ал, (шошып) ойпырмай, қайтеміз енді? Кету керек, айтсаңшы аналарға!

Быковский. Қой енді сөзді. Білдің бе! Мұндай үшін не қылатынды білемісің? Әсіресе бағанағыдай қағазға қол қойғансын қайтеді, ойлаймысың, жоқ па?

Сәрсембаев. Қайтеді?

Быковский. Атады. Токтат енді сөзді!?

### IX көрініс

Ная (оқиды) «Аппаратта Фрунзе, Куйбышев, Ферғанаға әскер жіберу турасында қамдарың жеткілікті ме? Айтылған күнге Жетісу әскері шығады деп есептейміз. Айтатындарың бар ма?».

Фурманов (айтып тұрады. Ная соғады). Бұрынғыға қосымша айтатынымыз: Алматы гарнизоны ереуіл жасап крепоске жиналып жатыр. Сенімді деген III-Интернационал ротасы да жаңа соған қосылып кетті. Бұйрықтарыңызды уақытымен орындауға бар күшімізді саламыз.

Ная (оқиды) «Гарнизонның бейбастығын басу сіздердің, онан соң облыстық үкімет пен партия басындағы кіндік адамдарының және жергілікті қызметкерлердің ептілігіне, төңкерісшілдік беріктігіне тапсырылады. Бассыздық Тәшкеннен күш-көмек керек қылмай басылады деп сенеміз. Қажет болғанда жіберіледі. Әскерді жүргізу бұйрығы тиянақты. Мұны мезгілімен 16 июньде орындау дивизия әскери кеңесінің жауаптылығына тапсырылады. Фрунзе, Куйбышев».

Фурманов. Бұйрығыңызды орындауға қабыл алдық. Фурманов, Беляев.

Телефон сылдырлайды. Фурманов барады.

Шағабуддин, қарауыл батальоны да ма? Қалғандар кімдер? Қанша мұсылман? Сексеннің де қаруы бар ма? Масанчин ғой алып келетін? Келсін бәрі де. Осында.

Беляев. Қарауыл батальоны да кеткен бе? Крепоске ме екен?

Фурманов. Иә... қалған татар, қазақ, дүнген — сексен кісі. Қазір осында келеді.

Быковский. Біздің күшіміз кім болып қалды? Өзі, басында сенгеніміз төрт жүздей еді, енді тіпті аз боп қалды ғой.

Фурманов. Енді штабтың комротасы, Партшкол, Карбатальоннан сексен кісі. Қала ұйымы,

Өтепов кіреді.

### Х көрініс

Фурманов. Келді ме, қала ұйымы?

Өтепов. Қала ұйымы бытырап кетіпті. Жоқ, ішінен Черных, Жарболов, Сүлейменовтер... Біраз жұртты бастап крепоске кетіпті.

Шағабуддин, Мартынов кіреді.

Фурманов. Черных... Жарболов? Бұл не деген бірлік?

Шағабуддин. Черных бүлдірмек. Жарболов өз көзімен көрмек.

Өтепов. Бәсе, не деген негізсіз бірлік десеңші! Шіркін!..

Беляев. Қасқыр мен қой бірлігі. (Өтеповке.) Қалғандары бар ма? Жоқ па?

Өтепов. Қалғандары жиырма шақты кісі, біз алып келдік. Бұрын крепоске кеткен мұсылмандарды да азғырған, адастырған осы Жарболовтар болу керек. Енді ұғылды. Бұлар өздері адасумен бірге көпті де адастырған көрінеді. Ендігі іс, мұндағы қазақ, татардан бірталайын сонда жіберіп, соның ішінде іс жүргізу керек.

Фурманов. Дұрысы осы. Бірақ біраз тосайық, крепость жақтан, әуелі бір елші жіберіп, хабар білейік.

Шағабуддин. Олай болса мен барайын. Қасыма бір кісі қосындар.

Фурманов. Жарайды. Сен Мартынов екеуің барасын.

Өтепов. Елші емес, жай кісі боп, сондағы қазақ, тараншы, татар жігіттеріне сөйлеу үшін мен де барам.

Беляев. Бар... алдын ала дайындай бер...

Шағабутдин (Өтеповке). Ұмытпа! Шағидуллин, Куатов онда, алдымен соларға жалғас. Бізден де хабардар болып тұр. Ал, жүр!

Бұлар кетеді. Ән естіледі.

### XI көрініс

Ән:

Бостандықты бізге ешкім бермес,

Патша да, бай да, батыр да.

Бостандық бізге көктен келмес,

Алармыз күшпен ақырда...

Быковский. Бұ... немене? Шыққандар ма? Осында келеді ғой?

Фурманов. Бұл жақтан келетін партшкол ғой, солар шығар?

Беляев (терезеден қарап.). Солар екен. Мен қарсы алайын!

Шығады. Қарсы алып жатқан дауыстар естіледі.

Барайнок (Бәрібаев екеуі кіреді). Қазір карбатальонның қалғандары кіреді.

Фурманов. Келді ме?

Бәрібаев. Ол да келді.

Фурманов. Бастықтары бар ма?

Бәрібаев. Масанчин, Есенов бар.

Фурманов. Барайнок, сен солардың ішіне бара бер. Біз де қазір барамыз.

Хакима, Люба кіреді. Барайнок кетеді.

### XII көрініс

Фурманов (Любаларға). Қайдан, крепостен хабар бар ма?

Люба. Бар... мына Хакима ішінде де болып шықты!

Хакима. Ондағылардың айтқаны: крепоске бес кісілік боевой Совет сайланыпты.

Фурманов. Кім-кімдер?

Х а к и м а. Петров, Чебисов, Қарабаев, Ерескин және Чернов па, Черных па, тағы біреуі бар. Әзір басшылық жоқ. Бассыздық. Онан соң полк туралы көбірек сөйлеседі дейді. Делегация жіберіпті. Хабар жоқ. Бірақ ауыздарында жаман сөздер бар. Әсіресе трибунал, особый отделді талқандаймыз дейді. Быковский тез жасырынсып, көрінсе оны аямайды,— дейді.

Б е л я е в. Дұрыс айтады... Быковский, сен кет енді тауға!..

Б ы к о в с к и й. Жалғыз қайда кетем мен? Бірге көрмеймін бе?

Ф у р м а н о в. Жоқ. Енді сен кетпей болмайды. Жалғыз-ақ, қағаздарың қайда еді?.. Трибунал қағаздарың мұнда әкелу керек.

Б ы к о в с к и й. Соны мен өзім әкеп тастап кетейін.

Л ю б а. Жоқ, оған мен барайын. Қасимова, жүр, өкеуіміз барып келеміз. Жоқ қыламыз.

Х а к и м а. Жүр.

Б ы к о в с к и й. Тізімдерді жоғалтындар, Люба!

Л ю б а. Дұрыс, кет. Енді сен қош...

Қолын береді. Люба, Хакима шығады.

Ф у р м а н о в. Быковский, бөгелме, сен де кет енді.

Быковский кетуге айналады.

С ә р с е м б а е в. Әй... жолдастар, мына Быковский-мен мен де кетейін?

Б ә р і б а е в. Неге? Не көрінді саған?..

С ә р с е м б а е в. Әкем-ау, әлгі Жарболов деген менімен жаман болатын. Есеналин де бар. Біліп қойса осы қаланың ішінде жердің тесігінен қоймайды мені олар. Өзім трибуналға мүше болғаным тағы бар ғой. Ойбай-ау... Фурманов, Беляев, айтсаңдаршы! Мына Быковский жер де білмейді, адасып босқа қолға түседі. Мен ат та табамын, дайын тұр тіпті...

Ф у р м а н о в. Кетсін, Быковский, қосып ал қасына!

Б ә р і б а е в (Быковскийге). Егерде сенен қашып бүлдірем десе, өзін атып таста. Сол үкім, білдің бе?

С ә р с е м б а е в. Қой, жынданба! Қайдағы елдің есінде жоқты қайдан айтасың осы аттың жалы, түйенің қомында! Жағыңа жылан жұмыртқалағыр екенсің тіпті.

Б ы к о в с к и й. Айда жүр! Енді бөгелмейік.



Бәрібаев. Бар... болды, сол. (Фурмановтарға).  
Қарсы емессіңдер ғой, жолдастар?

Беляев }  
Фурманов } Дұрыс, қарсы емеспіз.

Сәрсембаев (басын шайқап). Қап... қап, сені ме,  
Жұбаныш, бәлем тұра тұр.

Екеуі шығады.

### XIII көрініс

Бәрібаев. Жә... енді біз де қораға шығып, мұндағы әскермен араласып, сөйлесе бермейміз бе?

Беляев. Рас, енді сонда барайық.

Фурманов. Ная, сен аппарат басында бол, біз қорадамыз. Жә, Патриесов қайда осы?

Бәрібаев. Ол қорада, әскер ішінде...

Фурманов. Біз де қазір оны осында жібереміз. Аппарат басында болсын. Бірдеңе болса, телефон хабары болса бізді шақыр. Ал, жүріңдер!

Ная. Беляев, Митя, проводқа шақырады, сендерді.

Бұлар сол бөлмеге шығады. Ная оқиды.

«Жиырма алтыншы полк командирінен. Полкке он екі кісі қызыл әскер жібергендерің рас болса, білдіріңдер! Бұлар Алматы жіберген өкілміз дейді. Неге келгендерін айтпайды. Бастықтармен сөйлеспейміз, әскердің өзімен өзіміз сөйлесеміз, дейді».

Беляев. Бұл жиырма алтыншы полк, бұрын мыналармен сөздес екен ғой. Әйтпесе Алматыға неге асығып келеді. Тіпті бұйырған уақыттан бұрын жақындап кеп қалды ғой.

Фурманов. Рас, оларды қазір қалаға келтірмей, сол жерде ұстап тұру керек. Өзгелерге де қоспау керек. Бұлардың ішінде де бүлік ниеттері бар екені анық болды.

Беляев. Ал, мына он екі кісіні қайтеміз?

Фурманов. Бұларды жаптыру керек.

Беляев. Дұрыс, айт соны.

Фурманов (айтып тұрады. Ная соғады). Барған он екі кісіні көпке сөйлестірме, өздерін ареске ал. Әскерді енді ілгері Алматыға қарай жылжытпа! Сол арада тұрып, біздің бұйрығымызды тос!

Фурманов, Беляев.

Шымылдық.

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### Төртінші сурет

Крепость іші. Орта жері, халық жиыны, әрлі-берлі топтанып өтіп жатқан әскерлер. Олармен аралас крестьяндар. Жәй киімді қала халқы да көрінеді. Барлығы да орыс. Әзірше мұсылмандар бірнәрсені болмаса көрінбейді. Әскерлер, мұжықтар арасында ішіп алғандары да, мастары да бар. Бір қалындау топ алдына Петров, Қарабаев, Чебисов, Ерескин шығады.

### *І көрініс*

Петров. Ой, осында, мына біреулер мас қой. Бұлар қайдан ішкен?

Қарабаев. Пәлі, сен білмейді екенсің ғой. Біз Талғардан әкелген үш бөшке спиртті домалатып қалдық қой.

Петров. Өзің де іштің бе?

Чебисов. Біз, Қарабаев екеуміз де біраз тастап алдық.

Қарабаев. Ішемісің? Сен ішемісің, Ерескин!?

Ерескин. Жоқ. Бұл ішкендерің ақымақшылық екен. Әскер мен крестьяндарға ішкізгендерің не, әсіресе?

Чебисов. Е... Неменесі бар? Жалғыз трибуналшы мен Фурмановтар ішуші ме еді?

Қарабаев. Айда, ішсін біздің мүжекеңнің баласы да.

Ерескин. Петров, мынаны тоқтату керек. Білдің бе? Бастық біз ішкен соң не болмақшы? Істі бүгін ғана бастап отырмыз. Алда не бар екенін білемісіңдер, әлі?

Қарабаев. Неменесі бар? Айтшы, кәне?

Ерескин. Қазір штаб соғыс бастап жіберсе қайте-сің?

Петров. Рас, ішуге болмайды. Қарабаев, білдің бе?

Ерескин. Атыс басталса, бастық мына күйіңмен сен неге жарайсың! Ана, мастарың неге жарайды?

Қарабаев. Е... штаб соғысуға жарамайды, қорқады бізден (*жұдырығын түйіп*), тұмсығын қылтитып көрсін, мен оларға көрсетейін!

Ерескин. Бос сөйлеме олай! Штабтың қанша күші барын сен білмейсің.

Чебисов. Қанша күш бар екен?

Ерескин. Бәсе, әне білмейсің. Білмейміз. Трибунал мен особый отделдің есепте жоқ қанша жасырын әскері болса қайтесің? Сондайы болмаса неге қашпай отыр штаб?

Петров. Дұрыс бұл, қайда спирт? Ерескин, жүр... Екеуміз қазір оны алып тыққызайық. Бұл ақымақшылық.

Ерескин. Жүр! (*Бұлар кетуге айналады.*)

Қарабаев. (*Чебисовты түртіп*). Е... асықпандар! Асықпандар! Қарашы бұлардың ақылдысын! Барып өздерің тығып қойып, артынан ақырын тұмсықтарыңды батырып жүрейін дейсіңдер ғой? (*Кұбылып*). Саспандар! Бәрібір таба алмайсыңдар. Тығу ма? Оны мен өзім-ақ істеп қойғам. Қарабаев ақымақ емес!..

Чебисов. Қарабаев, сен қашан тығып жүрсің?

Қарабаев. Үндеме! Болмаса сен де аналармен бірге тығысатын шығарсың? (*Күліп*.) Қарабаев көрмейтін қылып (*тағы күледі*) солай емес пе? (*Қолын шығарып*.) Мә... үшеуіңе де... Болмаса кел, жалынындар, сұрандар! Берермін әлі де!..

Петров (*ашуланып*). Қарабаев, жетті енді ақымақтануың, тоқтат!

Қарабаев (*қайтып*). Жә... жә!.. Сен білемісің (*қолын кезеп тұрып*). Ақырма! Қарабаев ақымақ емес, бекер айтасың! Ақымақ болса Алматының көтерілісін үш ай жасырын жүріп астыртын дайындамайды. Жалғыз Алматы емес, Жәркент, Лепсі де бар. Жетісу да... қайда әлі Талғар, Шамалған мұжықтары, оларды да дайындағам...

Петров. Е... мен сонда қарап жүріп пе екем?.. Жалғыз сен бе едің істеген?

Қарабаев. Ж... о...қ, сен де барсың, сен екеуміз.  
Петров. Бәсе, солай де... Бірақ (жақындан) арақты қазір... қазір доғар! Әскерлерге, әсіресе бір... бір тамшы... білдірме!

Қарабаев. Оның дұрыс. Оны Қарабаевтың өзі де тоқтатқан... Бағана ғана біраз ақымақшылық болды.

Бірнеше крестьяндар мен әскерлер келеді.

## • II көрініс

Қазақ-орыс (кулак түстес). Қарабаев, біздің станцияға тағы қаруларың бар ма? Жоқ па?

Петров. Немене, Талғардың кісілері алған жоқ па? Сен Талғардікімісің?

1-қазақ-орыс. Талғардікімін. Өзімізге алдық, бірақ ар жағымызда Есік, Түрген бар, соларға керек...

Қарабаев. Тағы кімдер алды, Талғар, Шамалғаннан басқа алғандар бар ма? Неге келмейді, олардың өздері?

1-кулак. Шамалғаннан әрі Ұзынағаш, Қаскелең бар. Басқа қалалар бар. Бәрі де алады. Беріп жіберсеңдер, біз де апарып береміз.

Қарабаев. Жоқ, өздері келсін!

1-кулак. Ендеше, хабар неге жібермейсіңдер?

Петров. Хабарды сендер беріңдер...

Чебисов. Тұс-тұстарындағы поселке, станциялардың бәріне де өздерің беріңдер хабарды. Келсін. Жетсін, жылдам!

Қарабаев. Иә, тез қаруланып алсын тегіс. Қару бізде жетеді. Білдіңдер ме?

1-қазақ-орыс. Жалғыз-ақ қаруды орыс халқына ғана беріңдер! Білдің бе, Қарабаев! Тағы тараншы, дүнген алып жүрмесін. Оларға бір де винтовка бермесін!

Петров. Кім, берем деген? Өздерің не айтасындар?

1-қазақ-орыс (әскер арасынан). Қырғызға мылтық береміз деп көтеріліс жасағанымыз жоқ.

1-кулак. Трибунал, штаб берсін оларға!..

Шевцов. Олардың әскері бізбен атысып көрсін сонан соң!..

1-кулак. Қырғызға тиесің деп крестьяндарды атқан трибунал ғой, болысын енді солар қырғызына...

Петров. Токта... Шулама!.. Әзір қырғыз туралы да, трибунал туралы да сөз кейін. Әзірге әскерлер келе берсін, қару-жарақ жиыла берсін!

Қарабаев. Бұдан былай штаб, трибунал жақта әскер қалмай біткені керек, білдіңдер ме?

Чебисов. Иә... келгендер келе берсін, ешкімді қумандар! *(Есік жақтан дауыстар шығады.)*

1-казак-орыс. Міне, тараншы, қырғыз, дүнгендер келе жатыр! Қарулары да бар.

Топ шығады. Алдында тараншы, дүнген, казак, татар жігіттері бар

1-казак жігіті. Қарабаев, Чебисов қайсы? Бізді соларға деп жіберген еді.

Қарабаев. Мен Қарабаев...

Чебисов. Чебисов мына мен!

Қарабаев. Сендерге бұрын айтқан ба еді?

1-казак жігіті. Айтқан еді. Сендерді айтып, енді біздер келдік.

Петров *(бұрынғы әскерлерге, крестьяндарға қарап)*. Бұлардың қаруларын алу керек.

Казак-орыс. Иә... иә... берсін қаруларын, берсін!

Казак, татар жігіттері. Неге... Неге? Біз сендерге қосылғалы келдік.

1-казак-орыс. Қосылсаңдар, сол, қаруларыңызды беріңдер! Жұрттың бәрі де беріп жатыр.

1-дүнген. Жоқ, үйтіп қалжақтама сен!

2-казак-орыс. Сендер соғысып болдыңдар ғой. Болды енді!

1-әскер. Демалыңдар енді.

1-кулак. Жетісу мұжығы өзі де соғыса біледі *(қазак жігітіне)*. Сен білесің ғой, өздеріңмен алаштар қалай соғысқанын?

1-казак-орыс. Он алтыншы жылда да жаман соғысқамыз жоқ-ты. Өздеріңе мәлім...

Төрт-бес тараншы жігіттерінің мылтықтарын талап алып жатады.

2-казак-орыс. Иә... оны білетін шығарсың?

1-казак жігіті *(крестьяндардың қолдарын қағады, жолатпайды)*. Кетіндер аулақ! *(Қарабаевқа)* Ей, Қарабаев! Мыналарың не дейді? Алаштары не мұның? Мен өзім партизанмын, Мураев отрядінде болғам. Бермеймін мылтығымды!

Қарабаев (крестьяндарға). Қойындар! Бұған тиюге болмайды.

2-қазақ жігіті. Мен де бермеймін. Мен де Мамантов әскерінде болғам, партизанмын, пулеметшімін.

3-қазақ жігіті. Менікін де алмайсың. Антон Серкештің орыстары бар ма осында? Мен Антон Серкешті бірге қорғағам!

Бұлардың көбінен мылтық ала алмайды. Бірақ арт жақтарынан оң, оң бес мылтық алады. Мылтықтары алынған қазақ, тараншы, дүнген бөлегірек тұрады.

1-тараншы жігіті (мылтығына жабысқан крестьянды итеріп жіберіп). Иоғал! Кішік сиңниңи! Бәдбәхыт кафр! Бермәймән мән саңа (жұдырығын түйіп.) уа!

Дауыстар. Сендер де беріндер!

1-кулак. Иә... бұлардікін де алу керек!

1-татар жігіті (қатты). Жоқ, біздің мылтық сендерге тимейді.

Петров. Қарабаев, қайсысың бастық? Тоқтатындар мыналарды!

Дауыс. Немене? Неге тоқтайды! Қелгендердің бәрі де береді мылтығын!

2-татар жігіті. Алдама үйтіп. Ақымақ жоқ мұнда... Біз сенен көрі де көбірек оқығанбыз, ұқтың ба? Біз барлық Герман фронтын, граждан соғысын осы мылтықпен өткізіп келеміз, білемісің?

1-дүнген. Біз болған жерде сенің әкең де болған жоқ. Аузында сақалың да жоқ, білемісің?

Дауыстар. Қарашы бұларды, білдің бе қандай жыртқыш! Не оттасып тұратыны бар, алыңдар қаруын!

1-қазақ-орыс. Тегіс алу керек. Қырғыз, дүнген, татар бәрібір.

2-дүнген. Аларсың мылтығымды, сақалды ақымақ. Мен де риза емеспін большевикке. Біз де көтерілісте боламыз деп келдік. Қару әкеп тапсырамыз деп келгеніміз жоқ: ондай сенің ауылдағы малайқаң жоқ.

2-кулак. Сен неменеге алдайсың?.. Кімге ақыра-сың?

2-дүнген. Ақырамын сол!.. Ақымақ ол!.. Неге олай дейді!

Дауыстар. Болды! Болды, ақырма! Ақырма!

1-татар жігіті. Петров, Қарабаев, сендер бас-

тық емессіндер ме? Бізге жауап беріңдері.. Егер де сендер мыналарша қарасаңдар, онда біз мұнда бекерге келген боламыз. Әлде сендерге көмек керек емес пе?

1 - д ү н г е н. Рас айт! Біз сендерге жабыспаймыз. Әйтпесе не мынау, мазақ қыласыңдар!?

Д а у ы с т а р. Алмандар!.. Алма қаруын, болды айқай! Қосылсын, аламыз, аламыз!

Қарабаев, Чебисов, Петровтарға сөйлейді.

Петров. Олай болса, тоқтандар! Алуға болмайды бұлардың мылтығын. Бұлар бізге жолдастыққа келген. Бұлай қарсы алу ақымақшылық болады.

Жұрт басылады. Қақпа жақтан оркестр күй тартады.

Қ а з а қ - о р ы с. Тағы бір топ келді. Ішінде комиссарлары да бар.

Петров. Қай комиссарлар?

Қ а з а қ - о р ы с. Қалалық ұйымдарда істейтіндер болса керек. Ана жерде сөз сөйлеп құттықтап жатыр...

Чебисов. Кім екен сөйлеп жатқан? Жүр, барайық!

Қ а р а б а е в. Өздері-ақ келеді. *(Нығызданады.)*

Б і р д а у ы с *(сырттан)*. Сөйлеп жатқан Черных дейді.

Чебисов. Ә.., Черных жеткен екен ғой!.. Мұның бәрін әкелуші сол.

Қ а р а б а е в. Әрине, сол.

Қ у л а қ. Іштерінде қазақтар, тараншылары да бар.

Петров. Ә... солай ма!..

Қ а р а б а е в. Әрине, солай.

Петров. Бұл қалай?..

Қ а р а б а е в. Қарабаев, Чебисов бос жүрмеген, олай болса бұл жерде сіз де кейін қалып қойғансыз.

Петров. Бәрібір олардың керегі жоқ.

Қ а р а б а е в. Керегі болмаса да, мұнда болса залалы жоқ. Ол жақта болса *(мұсылмандарды көрсетіп)*, мыналар залалды болар еді.

Шегірек кетіседі. Келген топ — оқшауырақ тұрған қазақ, татар жігіттері өзара сөйлеседі. Іштеріне Шағидуллин, Қуатов келеді.

### III көрініс

1 - қ а з а қ ж і г і т і. Мыналарың қалай? Ой!..

1 - д ү н г е н. Бұ... бұ... немене болды?.. Бұлі..

1 - татар жігіті. Бұлар бізді дұшпан санаса керек... Көрмейсіздер ме?..

1 - кыргыз. Шоғылысқан өңкей ел құлағы тұрмайды. Семиречиннің атаң гөрі... бізге жолдош өшу беле?

Шағидуллин. Ие... жолдастар, мыналарың қалай болды? Жақсы табыстындар ма?

Қазақ жігіті. Құрып қалсын! Бізді дұшпан деп біле ме? Осылар немене!.. Сіздер кімсіздер?

Шағидуллин. Біз де осы сіздерге келген едік.

Татар жігіті. Ал, сендерге не айтады?

Шағидуллин. Сенбейді...

Қазақ жігіті. Солай ма?.. Орыстан басқаны керек қылмай ма?

Шағидуллин. Шолайға ұқши ақыры...

Қазақ жігіті. Е... бұлардың ішінде де қазақ, татар жігіттері бар дегені қайда?

Қуатов. Қазақ, татар жігіті өздерің емеспісіңдер? Не көріп тұрсындар?..

Қазақ жігіті. Жоқ, басында бастаушылардың ішінде бар деп еді ғой?

Қуатов (*басым сөйлейді*). Осындайды бастаған қазақ, татар жігіті болса, соған еруге тұрады деп білемісіңдер?..

Қазақ жігіті. Е... өздерің неғып жүрсіндер? Олай болса?

Қуатов (*шығын қысып*). Жүрміз де, біз де!

Татар жігіті үмітсіздікті білдіргендей ысқырады.

#### IV көрініс

Петров, Қарабаев, Жарболов, Черных, Есеналин, Сұлейменов шығады.

Жарболов (*татар жігіттеріне жақындап, қазақ жігіттеріне*). Ие... жігіттер, сендер де келгенсіңдер ме?

Бұл кезде Шағидуллин, Қуатов теріс қаранқырап кейін кетеді.

1 - қазақ жігіті. Келуін келдік... бірақ көрдің бе, міне!.. (*Қаруын алған жігіттерді көрсете сөйлейді*.)

Жарболов. Е... не болған?

2 - татар жігіті. Не болсын!.. Разоружить еткені!..

Есеналин. Бәле... онысы несі?

Сұлейменов. Мыналармен сөйлесу керек екен.



Жарболов. Бастықтар емес, жай солдаттар алған шығар?

2-казак жігіті. Жоқ, жай солдаттар емес, мыналардың өздері алғызды. Бұлардың не? Мазақ па?!

Есеналин. Жарболов, сөйлесі..

Жарболов. Жүр, бәріміз де сөйлесейік! Жолдас Қарабаев! Біздің жігіттердің қаруын алып қойыпты ғой, неге?

Петровка келіп айтады.

Петров (сөзін бөліп). Жарайды... жарайды... кейін... кейін... білдің бе, кейін... (қақпаға қаран). Анау кім? Тағы біреулері келеді..

Қарабаев. Штабтан ба? Бір бастық қой! Мықынын таянып, аяғын алшаңдап мазақ қылып. Қарашы өзің!.. (Танып, түзеле қалып.) Тоқта! Шағабутдин! Анасы — Мартынов! (Тұрғандар қарайды).

Петров. Штаб жіберген шығар!..

Қазак-орыс. Елшілер, штаб комиссарлары елші жіберіпті!.. Шағабутдин, Мартынов келеді, қастарында 3-4 крепость солдаттары бар.

Бұлар кірген соң крестьяндар, кулактар жинала бастайды.

Қарабаев. Ә... ә... Шағабутдин?.. Әскери комиссар, неге келдіңдер?

Қазак-орыс (солдат ішінен). Ә... комиссар ма? Бізді Ферғанаға айдайтын шығар?

Филиппов. Орыс солдаттарын Ферғанаға жіберіп, қырғыздарға қару бермек қой?..

Кулак. Ұлықтың бәрі өздері ғой!.. Қырғыз, татар, дүнген және жидтер, Фурманов, Быковский қайда? Трибуналға біздің мужикты атқызады ғой?!..

Филиппов. Енді он алтыншы жыл үшін кек алмақ қой?..

Қазак-орыс. Мужиктан продразверстка алып, бар астықты қырғызға бер!.. Жерді де әпереді соларға!.. Не тұрыс бар? Жабу керек!.. Ареске алып, ату керек!..

Шағабутдин. Қарабаев, Петров! Тоқтат мыналарды! Біз елші!..

Петров. Солай ма! Тоқта!.. (Халық басылған соң).

Қарабаев. Е... комиссар жолдастар! Әуелі қаруларыңды беріндер.

Шағабутдин, Қарабаев, сен ақымақ болма! Біз

сөйлесуге келген кісі, сен кеңес үкіметінің жауы емессін ғой, солай емес пе?

К а з а к - о р ы с. Әрине, біз кеңес үкіметін өзіміз жасағанбыз Жетісуда!

Ш а ғ а б у т д и н. Олай болса сендердің алдарыңда тұрғандар да сендердің жауларың емес. Мұны сендер білулерің керек.

Қ а р а б а е в. Жарайды. Сен әуелі тіліңді беземей тұра тұр. Қаруыңды бер!

Ш а ғ а б у т д и н. Неге? Қаруымызды не себепті ала-сындар бізден?

Қ а р а б а е в. Өздерің үшін айтамыз, түсіндіңдер ме? Қазір мына жұртты көресіңдер ғой! Қазір бірдене болып кетсе, қаруларың болған соң, тіпті, өштесіп кетеді. Өздерің үшін... әпкел! Әпкел қаруларыңды! (*Екі-үш солдат қаруларын алады.*) Филипп Кузьмич, ареске алындар өздерің!

К а з а к - о р ы с. Немене сөйлейтіні бар, жапқызындар, Петров, Қарабаев!

Ш а ғ а б у т д и н. Қарабаев, қойғызамысыздар?

П е т р о в (*қатты*). Алып барындар, жабындар, сөз сол!

Солдаттар итермелеп алып жөнеледі.

Ш а ғ а б у т д и н (*артына қарап*). Мұның не ақымақшылық? Екеумізді жапқанда кеңес үкіметін жеңеміз деп ойлаймысындар? Өздеріңнің айыптарыңды күшейтесіңдер!

Ч е р н ы х (*итеріп алып кетіп бара жатып*). Болды Жетті! Керегі жоқ сөзіңнің! (*Көпшілікке.*) Мен білемін, қырғыздарға Семиречье крестьянының жерін әперем деушілердің бірі осылар.

Ч е б и с о в. Рас. Черных бұлардың бәрін біледі. Ол жоғарғыларына көп араласқан.

Қ а р а б а е в. Білемін. Ол көтерілістен бұрын ең алғашқы бізге келгенде де, солармен бірге бір заседаниеде ұрсысып, бұзылып келген. Центр адамдары мен қырғыздардың бар сөзін айтқан ол бізге сонда...

Ф и л и п п К у з ь м и ч. Біздің Талғар, Шамалғанның казак-орыстары мен жақындағы крестьяндарды да бірақ көтерген соның сөзі емес пе? Тұра тұрсын! Көрсетерміз біз әлі!..

Барлық бастықтары, көпшілік шығып кетеді.

## V көрініс.

Шағидуллин (Қуатовқа). Бізде кісі бар ма, бұл манда қазір?

Қуатов. Тыста Қадиша бар, күткізіп кеткем.

Шағидуллин. Бар, штабка хабар бергіз! Жаңа мұндағы қазақ, татар, дүнген, тараншы жігіттерінің біразын өзімізге ертіп алуға болады. Хал солайға айналды дел?..

Қуатов. Ие... онан соң... Тәшен де осында...

Шағидуллин. Өтепов пе? Қашан келді?..

Қуатов. Жаңа Шағабутдиндермен қатар келіпті.

Шағидуллин. Ол қайда, келтірмеймісің мұнда!

Қуатов. Мына жігіттердің ішіне кіргізіп жібердім, араласа берсің!..

Шағидуллин. Бұл әбден дұрыс. Енді осында болған жайлардың бәрін айтуға өзің барғаның мақұл. Мен Өтеповты тауып алам.

Қуатов. Олай болса, өзім кетейін.

Шағидуллин. Бар... Мен Өтеповке кеттім.

Екі айырылып кетеді. Жарболовтармен алғашқы мұсылман әскерлерінің жарым-жартысы шығады.

## VI көрініс.

1-қырғыз жігіті. Уй, бұлар неғылған жынды, өзі біздің қаруымызды алады. Елші болып келген Шағабутдинді жабады?.. Сөйлеспеймісің, Жарболов, Сүлейменов, сендер несің өзің?

1-қазақ жігіті. Шағабутдинді жапқаны, бұл бүліктің басы. Сөздерін естідіңдер ме? Сөйлесіңдер қазір, болмаса бәріміз барамыз.

Дүнген. Сөйлес, сөйлес!.. Неге тұрамыз? Жаптырмаймыз. Босатпаса кетеміз!

## VII көрініс

Көп солдаттар бұлардың арасын бөліп кетеді. Петров, Чебисов шығады.

Жарболов. Жолдас Петров, Чебисов! Сендер Шағабутдинді жауып қойды деп біздің мына жігіттер нара

зы болып тұр. Ол мұсылмандар арасында қадірлі... Ен болмаса сөйлесу керек еді ғой?

Петров. Сен мұсылмандарыңды да, мұндай сөзіңді де қой! (Қатты.) Осы араға кеп комиссарларды қорғамқысыңдар? Біз көтерілісті олар үшін жасағанымыз жоқ! Өзің де комиссар ма ең әлде?..

Чебисов (Петровқа). Жоқ, ол комиссар емес, бірақ (Жарболовқа) Шағабутдин жатағын кісі бола тұрсын!

Бұлар кетеді. Ысмайыл, Розахон, Қарабаев келеді.

### VIII көрініс

Жарболов. Ысмайыл?!

Ысмайыл. Е... Жарболов, келдіңдер ме?

Қарабаев. Бұлар келді... Масқұт қожа, сен жарайсың, Ысмайыл!..

Жарболов (Ысмайылдарға). Бірақ біздің жігіттердің қаруларын алып қойды... Жаңа Шағабутдиндерді жапқызып қойды, осыған біздің жігіттер тегіс наразы болып тұр, сендер сөйлесіндерші! Түсіндіріңдерші!

Чебисов та келіп амандасады, қасындағы Петровқа мыналардың жайын айтып тұрады. Петров, Чебисов, Ысмайыл, Розахонмен қол алысып амандасады. Сол кезде Ерескин келеді.

### IX көрініс

Розахон. Ие... тамыр, Қарабаев, Чебисов, Петров жолдастары!.. Сіздер біздің жігіттердің қаруын неге алдыңдар?

Петров. Бәрінің қаруын алғам жоқ, бір азғанасы рана!

Қарабаев. Солдаттар ақымақшылықпен алыпты...

Ысмайыл. Олай болса, қайтарып беріндер, ұят болады... Әйтпесе, большевиктер берген қаруды неге сендер аласыңдар?

Розахон. Біз бәріміз Жетісу халқы боп отырғанымыз жоқ па? Қайтарып беріндер! Біз бірінші соны сұраймыз.

Қарабаев. Дұрыс, қайтару керек. (Петровқа қарайды.)

Петров. Жарайды, кайтарылсын. Қазір бұйрық береміз.

Ысмайыл. Екінші, Шағабутдинді жаппандар! Оған әмме мұсылмандар қарсы болады. Сендер өздеріне көп халықты қарсы қылмандар. Оны қайта пайдаланындар!

Ерескин. Тыңдандар! Менінше, мынау жақсы ақыл: Келіндер, соны өзімізге кіргізіп алып, іс істейік. Қосып алайық.

Петров. Қосыла ма?

Чебисов. Неге қосылмасын? Комиссар қылып қояйық өзін.

Петров. Сен не оттайсың? Мен тұрғанда Шағабутдин бола ма комиссар?

Ерескин. Жоқ. Военсоветке мүше қылып қояйық.

Қарабаев. Бұған көнсе босатқан дұрыс.

Ысмайыл. Көндіріңдер, соған көнеді.

Петров. Болды, жүріңдер олай болса.

Бұлар кетеді. Чебисов, Ысмайыл, Розахон, Жарболов, Сүлейменов калады. Бір топ крестьян, алғашқы қазақ, тараншы жігіттері шығады, бәрі де қарулы.

### Х көрініс

Ысмайыл. Е... мынау Талғар болысының крестьяндары ғой? (*Біреуімен амандасады.*) Сендер қайда кеттіңдер?

1 - крестьян. Он сегізінші жылы біз алып қойған Байсерке, Тастықара, Жанашар қалалары бар емес пе, большевиктер тараншы, шала қазаққа қайтып әперген, соны қайта аламыз.

2 - крестьян. Көшірмейміз бе? Соларға барып көшіру керек, соған барамыз қазір! Көшіру керек!

Шығады.

Жарболов. Не дейді, ей, мыналар? Мұнысы шатақ қырғын емес пе?

Сүлейменов. Бүлдіргелі барады ғой мыналар! Тоқтат демейсіндер ме? Неге айтпайсыз?! (*Ысмайылға қарайды.*)

Ысмайыл (*саспай*). Жоқ. Айтылмайды. Байсеркенің шала қазағы Талғар болысында болып, біздің қо-

жайынмен өмір бойына алысып, партияласып келген. Бәрі көргендері жақсы. Большевикке тығылады ғой олар, солай ма, Розахон?..

Розахон. Барсын, олай болса. Қожайын солай қарай ма?

Ысмайыл. Солай.

Розахон. Болды. Кәп қылмаң!

1-казак жігіті (*басын шайқап*). Қап, Жарболов, адам өлген ғой, кезденген неме. Қыласыны қылған екенсің! (*Жым-жырт.*)

Жарболов. (*басын шайқайды*). Білмеймін, білмеймін...

Петров, Қарабаев, Чебисов шығады. Артынан Черных.

### *XI көрініс*

Черных. Петров, Қарабаев! Штаб телефон соғады. Елшілеріміз Шағабутдин, Мартынов қайда дейді? Не дейміз? Босады ғой олар.

Петров. Босады. (*Қасындағыларға.*) Бірақ енді бізден де елші барсын!

Қарабаев. Дұрыс. Олай болса мен барамын,

Чебисов. Мен де барам.

Петров. Болды. Екеуің барыңдар.

Чебисов. Ал, не айтамыз?

Черных. Алдай тұру керек.

Чебисов. Басқа сөз?..

Қарабаев. Жүр өзім айтам, өзім..

Петров. Бар, барыңдар!..

Қарабаев. Бүгін, бүгін түнде..

Шымылдық.

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### Бесінші сурет

Штаб қорасы Бір жағы тас құйма. Соған таяу сахнаның бергі шетіне таман штаб үйінің бір жақ қабырғасы көрінеді. Қораға шығатын есік, есік алды кең, үлкен басқыш. Өзге жері ашық алаң. Әр жерде пулеметтер тұрады. Қорада көп қарулы солдаттар, арасында партизколластер. Орыс, қазақ, қырғыз, тараншы татар, дүңгем әскерлері. Қарбатальонның қалғандары және трибуналдың отряды Жармысы күншығыс ұлттарының адамдары, жарымы орыс қызыл әскерлері. Сахна ашылғанда қорадағы әскерлер топ-топ боп араласып, өңгімелесіп жүріседі. Қаруларын қамдайды, қару үлеседі. Көп ұлттардың адамдары, ұлт жігімен екшелмейді, кейде әскерлерден, кейде партизкол оқушыларынан құралған, кейде екеуінен араласқан төрт-бес кісі болады. Барлық топтар бірнеше ұлттардың адамдарынан құралған.

### I көрініс

Үлкен басқышта Барайнок, Беляев, Патриесов, топ ішінде Масанчин, Бәрібаев, Есенов. Сахна ашқанда Масанчин тұрғандарға келіп.

**Масанчин.** Біздің бұрынғы күшімізге Бәрібаев, Есенов қазақ, қырғыз, татардың тағы бірнеше жігіттерін әкеп косты.

**Барайнок.** Ол неғылған жігіттер? Бұл күнге шейін қайда жүрген?

**Масанчин.** Бұлар Жетісудің ескі партизан отрядында істеген. Соғыста көп болып ысылған, сыннан өткен жігіттер.

**Беляев.** Ол, әлгі пулеметші дегендер ме?

**Масанчин.** Ие... қазір біз әлсіз емеспіз, Шағабут-

динді жапқаннан кейін ондағы ұлт әскерлері, қала халқы да крепосқа әбден қарсы болу керек, солай...

**Б а р а й н о к** (*күдіктенгендей*). Жә, Шағабутдин крепостегі военсоветке мүше боп отыр, онысы несі?

**М а с а н ч и н**. Болсын. Ол әдейі болады. Сол жерде жүріп бізге пайдалы іс істейді.

**П а т р и е с о в**. Пайдалы іс істей ме? Әлде өзі пайдалана ма?

**М а с а н ч и н**. Жоқ, Шағабутдин туралы олай ойлағандарың дұрыс емес. Оны білу керек.

**Б а р а й н о к**. Военсоветтің приказына неге қолын қояды? Ол саяси қате. Әдейі істемесе, қателесіп істеді. Бірақ бәрібір дұрыс іс емес.

**М а с а н ч и н**. Қателесе қателескен шығар. Бірақ мұнда отырған біздерден ол арада жүріп іс істеп жүрген оның ісі зор. (*Ашуланып.*) Оның жүрген жері қатер, білмейсіндер!..

**Б е л я е в**. Рас, бізге бір қағазға қол қойғаннан қазіргі халде келер, кетері аз. Шағабутдин өз басына қауіпті қатермен ойнап жүр. Сонда да ол жерде үлкен іс істеп келеді. Оны қазірде сынап-мінеу, ол туралы күдіктену қате!

**М а с а н ч и н**. Дұрыс айтасыз.

**Б е л я е в** (*Масанчинге*). Сен пулеметтерді кейінірек, артқы қораға таман апарып қой. Әскердің көбі де сонда болсын. Штабқа қақпа жақтан біреу келсе жайлы емес.

**М а с а н ч и н**. Күп!..

Кетеді. Сәрсембаев, Фурманов келеді.

**Б а р а й н о к**. Е... мынау қайдан келеді?

## II көрініс

**Ф у р м а н о в**. Бұл Быковский екеуі бір қалада қолға түсіпті.

**П а т р и е с о в**. Ал, Быковский қайда? (*Сәрсембаевқа.*) Сен неғып аман қалдың?

**Ф у р м а н о в**. Быковский аман. Ол жолшыбай өздерін алып келе жатқан мұжықты алдап, босанып кетіпті.

**Б е л я е в**. Е... сен ше!?

**С ә р с е м б а е в**. Сен қазақтың комиссарысың, сені өз қолымнан Қарабаевқа апарып беремін деп алып ке-



ліп, мына Фурмановқа табыс қылды. (Өзгелері күлседі). Бұл кісі «Қарабаев мен» деп мені ареске алды.

Б а р а й н о к. Рас па, Митя?

Ф у р м а н о в. Рас.

Сәрсембаев жүріп кетеді.

Б а р а й н о к (айнала қарап алып). Тындаңдаршы! Ойланыңдаршы осы! Мені осы жайлардың бәрі ойға қалдырып, күдіктендіре бастады...

Ф у р м а н о в. Ие... не болыпты?.. Қай жай?

Б а р а й н о к. Шағабутдин барып военсоветке мүше болады? Жергілікті ұлт адамдарының да крепоске барып отырғаны бар... Енді міне Быковскийдің қайда екені мәлім емес. Мынау да келіп отыр... Манағы әскер кім? Және Масанчы.

Ф у р м а н о в (сөзін бөліп). Барайнок, мұндай сөз сенен шықпауы керек. Токтат! Оқиғаның логикасын түсініп, Жетісудың тарихи жағдайын тексерсең мұндай күдікті сөйлей алмайсың, білдің бе! Мен сенемін. Басқаша болуға мүмкін емес.

Б е л я е в. Әрине. Біздің жағымызда сол елдердің өкілі болып, қасымызда қатар жүріп, үлкен іс істеп отырған жолдастар бар. Қазіргі көп іс крепосте. Кім істеп отыр соны қазір? Жетісу кулактарының ықтиярына берсек, жергілікті-ұлттарға қырғын жасағалы отыр. Оны бұл жүрген жолдастар бізден артық түсінеді.

Ф у р м а н о в. Мұның арты он алтыншы жылдан екі есе болу оп-онай!

Б е л я е в. Олай болса, ешбір күдіктің орны жоқ. Қазір бастан лақтыру керек ондайды. Олай ойлануымыз өте жаман!..

Ф у р м а н о в. Тағы кім бар, Барайнокше ойлайтын? (Патриесовке қарайды.)

П а т р и е с о в. Мен Шағабутдиннің приказға қол қойғаны туралы ғана күдіктенемін. Жетісу елдерін сол жаңылыс түсіне ме деп қана, сол іс қате болды ма деймін? Болмаса өзге жағынан күдігім жоқ. Барайнокше ойлаймын.

Б а р а й н о к. Менікі де нығайған пікір емес, жай бір келіп-кеткен ой еді... Соны әдейі айттым... Болмаса, сенімді болса, мынау аз күш емес.

Ф у р м а н о в. Бұл көп те күш емес, мұнымен соғыса

алмайсың. Біздің міндет — енді осы оқиғаны өршітпей, неше алуан айла-еппен басып, бөгеп тұра тұруда.

Белаяев. Дұрыс. Соны ұлғайту керек жалғыз.

Фурманов. Болды. Жә!.. Крепостен келген жаңағы хабар не?

Қасында бір орыс әскері бар Куатов келеді.

### III көрініс

Белаяев. Міне, қара! Жә... не бар?

Куатов. Крепостегі жергілікті ұлттардың бөлімдері түзеле бастады. Арасында Шағидуллин, Өтеповтер қызу іс істеп жатыр. Істемек те...

Фурманов. Ерескин, Шағабутдиндердің қалы қалай?

Куатов. Ерескиннің әзірге сенімі жақсы. Ол астыртын қызыл әскер ішінен кісілер іріктеп, Жетісу кулақтарына ерген орыс поселкесінің кедейлерін үгіттей бастады.

Бәрібаев, Есенов, Масанчин кіреді.

### IV көрініс

Фурманов. Тыңнан баратын мұсылман бөлімдері болса, енді қалай қарсы алуға мүмкін? Қаруларын алмай ма?

Куатов. Бірталай байқалмай-ақ кіруге болады. Байқаса да алдыңғы тәжірибе бар. Қаруларын енді ала қоймайды. Қалайда енді сол жерге күш молайғаны мақұл. Ондағы жолдастар соны дұрыс дейді.

Масанчин. Дұрыс ол. Біздің мұндағы күшті де сонда жіберу керек. Сонда апарып, ішінен керней төңкеру керек.

Белаяев. Ең болмаса, жергілікті елдерге орынсыз нассыздық істеуден тыйылатын болады.

Фурманов. Орыстардың ішінде Жетісу кулағының шоқпары боп кеткенін сезейін деген кедейлер болу керек қой. Өздеріне көрінді ме? Жіктері ашыла бастай ма солардың?

Куатов. Қазір олардың саны көбейіп келеді. Ерескин, Шағабутдин екеуі, көбінесе сол жағында істейді. Және әскердің өзі де түсініп, түзеліп, қателескенін біліп келеді.

## V көрініс

Екі орыс қызыл әскері, бір қазақ, тараншы, қырғыз, татар қызыл әскерлерінен, партишол оқушыларынан құралған он шақты кісілік топ келеді.

1 - орыс әскері. Жолдастар! Біздер әуелі мұндағы тұрған барлық әскери бөлімдер атынан партия мен үкіметтің жолына күшімізді түгел беруге уәде қыламыз. Бізді бастандар! Жұмсаңдар! Алысу керек болса — алысамыз, болмаса жаңа келген жолдастардан ұғуымыз бойынша, біздің жарым-жартымызды крепоске жіберіңдер! Ондағы адасып жүрген Жетісу батырак, кедейлерінің балаларын біз арасына кіріп, үгіттеп артымыздан ертіп, сіздердің ықтиярыңызға әкеп береміз. Сол уәдені беріп, партия мен кеңес үкіметі үшін алысуға дайын екенімізді білдіре келдік! Соны білдір деп осында тұрған топтар жіберді. Бізге не бұйырарсыздар? Біз дайынбыз! Олардың саны көп екен деп қорықпаймыз. Әмір беріңіз!

Татар жігіті. Беріңіздер бізге приказни, біз әммә біз де сізлердің ихтиярларыңыздабыз. Октябрь революциясы үшін құрбан болуға біз әммәміз шатлықбілен қарсы барашақпыз. Шункий Семиричиннің пок исі бүтін шәрикнің иоқсыллары үшін бірден бір дус ғана булса, ол Россия пролетариаты ғана. Әм аның тудырған биік шаруалар республикасы ғана. Шолай төгил ми, ипдәшләр?

Әскерлер. Дұрыс, дұрыс. Бастасын! Барамыз, барамыз. Бұйрық, бұйрық берсін!

Фурманов. Жарайды. Олай болса, Масанчин, сен қазір карбатальонның қалғаны мен партишолдың оқушыларын алып, соларды бастап крепоске бар. (Беляевпен Барайнокке.) Сен енеуің өзге орыс жігіттерінің ішімен, тағы бір жиырма шақты үгітші болатын қызыл әскерді іріктес, міндеттерін түсіндіріңдер де, бізге жіберіңдер. Бәрібаев, Есеновтың екеуі де сонда барсып. Жолдастар! Күш әзірге аз, бірақ мәселе осы бәріміздің басбасымыздағы большевиктік беріктікке, сенімділікке байлауды. Осы бүгінгі аз ғана күшпен-ақ ол бассыздарды жеңіп, жөнге саламыз. Енді тезінен төрт полкты осында тартайық. Соған кісі шапсын. Бұған баратын бір кісі, Қуатов, сен! Екіншісі Барайнок. Үгітші орыс қызыл әскерінен сен шығар.

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс.

Бұйрықты орындауға Масанчин, Беляев, Қуатов, Барайнок тарайды.

Патриесов. Мұндағы тұрған әскердің барлығы да жал-жайды жақсы түсінеді. Мен кешеден бері бұлармен тегіс танысып шықтым. Әсіресе партикол оқушылары крепоске ең қолайлы үгітшілер болады.

Фурманов. Партиколдағы оқушы орыс жігіттерінің көбі Жетісудікі емес пе өзі және?

Патриесов. Жетісудікі. Бұлардың әсері көп болады. Енді осы айтылғандардан артық шара жоқ.

Барайнок артынан Беляев қоса кіреді.

Барайнок. Крепостен өкілдер келе жатыр.

Фурманов. Қанша кісі? Қай жақтан келеді?

Барайнок. Бастығы Қарабаев, Чебисов, қастарында бірнеше солдаттары бар. Қақпа жақтан келеді.

Фурманов. Қақпадан неге кіргізесіңдер? Әдейі қораның ішін көрмек қой?

Беляев. Еш нәрсе етпейді. Бұл қорадағы әскер мен қаруды артқы қораға шығарттық. Штабтың ішіне кіртізбей-ақ қоямыз.

Қақпа жақтан Қарабаев, Чебисов, қастарында бір солдат бар. Екеуінің үсті-бастары қару-жарак. Жандарында бомба.

## VI көрініс

Қарабаев (амандасады. Екеуі де кекетіп). Штаб бастығы Фурманов, Беляевтар қайсысы?

Фурманов. Фурманов, Беляев, Патриесов сендердің алдарында тұр. Сендер кімдерсіңдер?

Қарабаев. } Крепостің жіберген өкілі.  
Чебисов. }

Қарабаев. Біз сендермен сөйлескелі келдік. Военсовет жіберді.

Фурманов. Жарайды, сөйлесейік. Крепоске не керек? Сендерге не айт деп жіберді? Не үшін крепоске жиылдыңдар?

Қарабаев. Крепость неге көтерілгенім, не керек екенін кейін айтады.

Беляев. Неге кейін айтасыздар?

Чебисов. Жоқ. Қазір крепостің шартын айтпаймыз, айт деген жоқ.

Фурманов. Енді не айтпаққа келдіңдер?

Қарабаев. Крепостің сөзің естісеңдер, айтылады.

**Жалғыз-ақ** 26-шы полк келсін, бар сөзді сонда айтамыз.

**Беляев.** 26-шы полк келгенде қосымшаларың болса тағы айтарсың, қазір сөйлесе берейік. Сендер бізбен ұғысуларың керек. Кеңес үкіметінің сендер де жауы емессіңдер. Ұғысасындар, ұғысамыз. Бәріміз де бір кеңес үкіметінің әскері де, қызметшісіміз. Солай емес пе?

**Чебисов.** Қызметшісіміз, рас, біз кеңес үкіметін Жетісуда сендерден бұрын өзіміз жасағанбыз.

**Фурманов.** Ендеше не сөз бар, жолдастар, айтыңдар? Крепость не ойлайды? Бастық болып жүрген өздерің не ойлайсындар?

**Қарабаев.** Жоқ, не ойлап, не істейтінді біз кейін айтамыз.

**Беляев.** Ендеше, не айтпаққа келдіңдер?

**Қарабаев.** Біз сендермен соғыспаймыз. Крепость штабқа шабуыл жасамақ емес. 26-шы полк келген соң шартымызды айтамыз. Соған шекті біз сендерге соқтықпаймыз. Крепость тимейді, осыны білдіргелі келдік.

**Фурманов.** Сендер өздерің жасаған, өздерің қорғап жүрген кеңес үкіметіне сол сияқты сөздермен көп залал келтіресіңдер. Сендердей қызметкерлер мұны түсіну керек.

**Чебисов.** Не залал келтіреміз?

**Фурманов.** Қанша әскерді, барлық Алматы гарнизонын жайшылықтағы рет тәртібінен ауыстырып отырсындар.

**Қарабаев.** Оған жеткізіп отырған сендердің істерің, сендер кінәлі.

**Фурманов.** Сендер, Қарабаев, Чебисов, сен екеуің ерекше жауаптысындар.

**Чебисов.** Жоқ, біз емес. Бәрібір сендер жауапты. Осыған жеткізген сендер!

Чебисовты Қарабаев шетке ымдап шақырады. Бәрібаев келіп тұрады. Олар да өзара сөйлескенде Барайнок Фурмановтарға келіп.

**Барайнок.** Осы оңбағандарды ареске алсақ қайтеді?

**Фурманов.** Жоқ, дұрыс емес.

**Қарабаев (қайта келіп).** Ендігі тағы бір айтатынымыз: мына штабтың бастығы сендер, Фурманов, Беляев және басқа штаб комиссарлары крепосқа өздерің келіңдер. Крепость сендермен сөйлеседі.

**Беляев.** Сендерді жібергенде осыны айтыңдар деп жіберді ме? Басқасын неге айтпайсындар?

Қарабаев. Айтып тұрмыз ғой, осыны да айт деген.

Чебисов. Сендерді өкіл боп келсін деген.

Қарабаев. Барасындар ма, жоқ па?

Фурманов. Біз ақылдасамыз да, хабар қыламыз.

Беляев. Біз барамыз, келеді деп айта беріңдер.

Қарабаев. Ие, тегіс келіндер, келмесендер, бүгін түнде біз өзіміз келіп алып кетеміз. Ол крепоспен сөйлесуге қашқандарың болады.

Чебисов. Ие... крепость онсыз да ашулы, риза емес. Келмеулерің ашық жаулық деп түсініледі. Бұл отырған орынды талқан қылады.

Қарабаев. Ие... мұны біліп қойындар. Келмесендер кейінгі іске сендер жауапты боласындар.

Фурманов. Сендер олай сөйлемендер, жолдастар. Крепость штабқа түк қыла алмайды. Келсеңдер мұндағы күш ықтиярсыз сендерге қарсылық қылады. Ол оңай жүк болмайды, естеріңде болсын.

Беляев. Және соның бәрі үшін жауаптылық бастан-аяқ сен екеуіңнің мойнында болады. Бұл оңай іс емес. Естеріңде болсын.

Қарабаев (көкіректеніп). Жарайды, жарайды... Қорқыта бермендер жауаптылықпен. Біз айттық, келесіңдер!

Чебисов. Қелмесендер кейін өздерінді кінәландар!

Қарабаев. Болды, енді біздің сөзіміз. Жүр, кеттік!

Бұрылып сарт-сұрт етіп кетеді.

Шымылдық.

## Алтыншы сурет

Крепостың күншығыс ұлттары жиылған бұрыш. Бұл сыртқы қақпаға жақын. Бір пұшпақта телефон будкасы. Алдыңғы суретте көрсетілген қауымның бірталайы осында келген. Ұлттар арасы бұрынғыдай емес, орыс қызыл әскерінің қазақ, татарлар арасында саны көбейген. Және бірнеше орыс қызыл әскерлері де топ-топ болып келіп, қазақ жігіттерін топтандырып кетіп, араларына кіріп, істесе, араласа, сөйлесіп, жымындасқандай. Бұрынғы келгендерден бірінші, екінші қазақ жігіті, бірінші, екінші татар жігіті, сол дүнген, тараншы, қырғыз жігіттері енді жиі жүріп, орыс қызыл әскерлерімен де, кейінгі келген жігіттерімен де нық араласып, байланыс жасап жүрген сияқты. Сахна ашылғанда осындай топтар ерсілі-қарсылы жүріп, ақырын өтіп жатады. Аздан соң бір сегіз-тоғыз кісілік топ іштері шығады. Өзгелері артқарақ жиналыққырап, мыналардың сөзін тыңдайды. Алдыңғы топта бірінші қазақ жігіті, бірінші татар жігіті, қырғыз, дүнген, тараншы жігіттері, екі орыс жігіті, партшкөл националдары.

## I көрініс

Сөздің бәрі жасырын, сақтықпен сөйленеді.

**I - қазақ жігіті.** Біз мұндай болатынын білгеніміз жоқ, жаман адастық. Осының бәрі Жарболовтан...

**Партшколист.** Жә, жолдастар! Осы сөздеріңіз байлау, енді тарасайық. Жалғыз-ақ бір кісі осы жерде қалып, өзгелердің хабарын жиып тұрсын. Және Шағабутдин Ерескиндерден де сол хабар алып тұрады.

**Қазақ жігіті.** Сен өзің бол, біз сені жан-жақтан хабарландырып тұрамыз.

**Дауыстар.** Дұрыс, дұрыс, сен қал!

**Партшколист.** Болды, жарайды. *Артына тамақ бұрылып, өзге тұрғандарға.)* Өзге партшколист тегіс тарасын. *(Қазақ, қырғыздарға қарап).* Сендер тезінен әлі адасып жүрген қырғыз, қазақ, тараншыны үгіттендер, барындар енді!

Арттағылар да, бұл тұрғандар да тарасып кетеді. Арттағының үлкен тобы орыс жігіттері, сахнада жалғыз партшколист қалады. Шағидуддин шығады.

## II көрініс

**Шағидудлин.** Не хабар? Өзгелер қайда?.. Орындадың ба, бағанағы поручениені?

**Партшколист.** Орындалды. Тарады бәрі де қазір. Мен осы жерде қалдым. Бар хабар осы араға түйісіп тұрады.

**Шағидудлин.** Дұрыс істегенсің. Осылай болу керек. *(Жақындап).* Енді қазір Масанчиндер кіреді, қалай қарсы алады, хабардар болындар.

**Партшколист.** Менің қасыма біреуді қаракшыға жібер.

**Шағидудлин.** Оған Қасимова келеді.

**Партшколист.** Сен қай жерден табыдасың? Қайдан іздеу керек?

**Шағидудлин.** Военсовет маңайында, Ерескин, Шағабутдиннің маңайында боламын. Біліп қой, әрбір бұйрық солардан шығады, әрбір істі солар бекітіп отыруы керек. Өз беттеріңмен бір нәрсеге қатты ұрынып

Калмаңдар. Өуелгі міндет хабарландыру, іс солардың мәсликатымен...

Партшколист. Куп!

Шығу дуллан шегеді. Азды сон Хакима кіреді.

### III көрініс

Хакима. Масанчиндер келді. Мына жақтан Қарабаев пен Петровтар да келеді. Масанчинге кулактар сенбесе керек, сөздері жаман, естің қалдым жаңа.

### IV көрініс

Бір жақтан Масанчин, Бәрібаевтар келе жатады. Арты көп ұлттар әскері, шегі сахнаға шығып тұрады. Әскер ішінде орыстар да бар. Бұлар желерде еңісі жақтан алдырып Петров, Қарабаев, Черныш, Чебисовтар шығады. Крестьяндар шығады. Түстері жауша қарайды. Сумы, әртүрлі жаман сөздермен боқтап, ұрыса келеді. Петровтардың қасында Жарболос, Есеняли, Сүлейменов.

Филипп Кувьич. Ө... мынау дүнген бе келген? (Айқайлап.) Петров, Қарабаев! Алмаңдар мұны, бұл жау!

1-кулак. Керегі жоқ мұның, қаруларын алып, арест қылу керек.

2-кулак. Керегі жоқ. Кіргізу қаптап кетті, кім шақырды? Сендерге керек пе, Петров, осылар?

Черныш. Бұл дүнген бізге дос болмайды. Комиссар бұл! Бұрын қайда жүрген? Штабта болған шығар... Әскер бастап келгенін көрмеймісің? Әскерінің бәрі қирғыз, дүнген, тараншы, бізге мұндайлар керек емес.

Масанчин (Ілгері басым, саспай). Болдындар ма? (Аз тұрып.) Біз жау емеспіз, сендерге қосылғалы келдік.

Черныш. Әскерің кім? Кім жанып жіберді?! Не істе деп жіберді?

Филипп. Крепосте көтеріліс жаса, азғыр деп жіберген шығар? Білеміз, сенбейміз.

Партшколист (Хакимаға). Жүгір, тез шақыр! Бәрі хабарлансын! Жетсін! Масанчинға қауіп, беттері жаман! Тез жиналсын, тегіс!

Хакима жөңеледі.



Қ а з а к - о р ы с. Қаруын алып, арестовать ету керек. Ату керек! Тез қаруын алындар! Бұл бастық қой! Қазақтан әскер құрайды ғой!

І - к р е с т ь я н. Крестьяннан продрозверстканы да осылар жияды.

І - к у л а к. Әскерге бастық болып, қаруды қазақ, дүнгенге береді. Жетісу крестьянының үлкен жауы осылар.

Қ а з а к - о р ы с. Қазақтарды қаруландырып, не істемек болып жүргендерін білеміз, сөйлеспендер!..

Қ у л а к. Қысқартындар, ұстандар!

Өзге бір топ ұмтыла бергенде, Петров алдарынан шығып.

П е т р о в (*қолын көтеріп*). Тоқта! Тимендер! Сұраймыз.

Қ а р а б а е в. Тексереміз, асықпаңдар!

Г р и ш к а. Тексеріп керек емес!

Қ а з а к - о р ы с. Бұлар киргизы, біздің кісі емес...

І - к у л а к. Бұларды алдымен біз өзіміз ұру керек, тұра тұрсын, әлі есептесерміз, бар есепті бір-ақ жиярмыз!

П е т р о в. Тоқта! Шулама!.. (*Халық тоқпаңқырайды.*)

Ж а р б о л о в (*Қарабаевқа*). Тоқтату керек! Өздерің сөйлесіп көрсендерші!

С ү л е й м е н о в. Жапса жапсын, болыспа, кіріспе!

Ж а р б о л о в. Неге? Жабылмағаны, қосылмағаны дұрыс емес пе?

С ү л е й м е н о в. Жоқ, мен мұнына да, Шағабутдиге де сенбеймін.

Е с е н а л и н. Ол рас, сенімсіз.

С ү л е й м е н о в. Жабылсын! (*Петровқа.*) Қаруын алындар, артынан жабындар!

П е т р о в (*халыққа*). Сендер бастық па? Біз бастық па? Білу керек, сұраймыз! Сөйлесеміз! Не бассыздық? (*Жұрт үндемейді.*)

Ч е р н ы х (*Масанчинге*). Штабан келдің бе, қайдан келдің?

М а с а н ч и н. Штаб жіберді деймісін, өзіміз келдік. Біз де риза емеспіз штабқа!.. Қосыламыз алсандар. Алмасандар кетеміз. Бірақ біз де штабқа жаумыз!

Б ә р і б а е в. Өздеріңе серік керек болса, бізді ала-сындар. Керек болмаса айтындар!

Петров. Онда қайтадан штабқа барасыңдар ғой? Жоқ, ол номер өтпейді.

Вәрибаев. Қайта бару деген не? Біз ол жерден келгеніміз жоқ. Не айтасыңдар, жолдастар?

Қарабаев. Ал, біз алмағанда қайтесің, қайда барасың? Соны айтшы!

Вәрибаев. Штабқа қарсы біз де өз бетімізбен іс қыламыз. Бірақ кінә сендерден болады, күшіміз екі бөлініп істейтін болады...

Масанчин (Петровқа). Одан да мыналарға бос сөз сөйлетпей, тоқтатыңдар! Сөйлесейік, келісейік, қосылайық.

## V көрініс

Петров, Қарабаев, Черных, Чебисовтармен оқшауланыпқырап ақылдасады. Гришка қызып сөйлеп тұрады. Жарболов, Сүлейменовтер ақылында. Бұл кезде партшколист қасына алғашқы орыс жігіттері жиналады. Бұл партшколистің ымдауымен ұйымдаса бірімен-бірі әр жерге тарасып тұрады.

Петров (Масанчинге). Жарайды, біз сендерді алдық. Біздің кісімізсіңдер. Жалғыз-ақ қазір бар кісілерін тегіс қаруларын берсін.

Масанчин. Бізге сенгенің, алғаның осы ма? Бұл не? Мазақ па!? Бұл не? Бізді бала деймісің?.. Жоқ біз қару ұстай алмаймыз ба?..

Ерескин, Шағабутдин, Шағидуллин келеді. Чебисовтармен сыбырласып сөйлеседі.

## VI көрініс

Қарабаев. Дос болсаң — қаруынды бересің! Басқа сөз сөйлеп дауласпа! Артынан көреміз...

Масанчин. Біз қару бермейміз (жігіттерін көрсетіп, қолын оілтеп). Мына жігіттердің бәрі де соғыса біледі. Көрсетіңдер жауларыңды!

Филипп. Қаруын бермесе, тегіс ареске алу керек. Қеректері жоқ мұндай соғысқыштардың.

І-казак-орыс. Ареске ал, Масанчинді! Қөнбесе ату керек, бастығын. Үкім сол! Бермеші, кәне, қаруынды!

М а с а н ч и н (*тепсінін*). Алшы, көне, қаруды, көрейін мен! Біліңдер, атыспай қару бермейміз!

Қ а з а қ, т а т а р, ж і г і т т е р і. Бермейміз, бермейміз! Дұрыс, дұрыс айтады Масанчин.

Б ө р і б а е в. Петров, сен бұл сөзді таста! Бұл көтеріліс басшысының ісі емес.

П е т р о в. Жоқ, қаруды бересіңдер! Керек емес басқа сөз.

Айналадан крепостың әскерлері ентелеп сығылтыса бастайды. Орыс жігіттері әр жерден кейін итеріп бастырмайды.

Б ө р і б а е в. Олай болса, біз кетеміз. Көтерілісқа сендер бізді қоспаймыз дейсіңдер ғой. Солай ма? Беріңдер жауаптарыңды! Естеріңде болсын, жалғыз-ақ жауларың күшті, ертең өкінесің.

Е р е с к и н (*Петровка*). Петров, қаруын алмайық. (*Чебисовтарді көрсетіп.*) Мыналар да солай ойлайды...

Қ а р а б а е в (*Петровка*). Соң дұрыс па деймің.

Г р и ш к а. Сендерге болмайды, қойыңдар жалғыз-ақ...

Е р е с к и н (*Гришкаға*). Сен үйтіп бос сөйлеме.

П а р т и з к о л и с т (*айқайлап*). Қаруларына тимеу керек, бұлар да бізге жолдас! Босқа қызбаңдар, жолдастар!

Қ а з а қ, т а т а р ж і г і т т е р і. Дұрыс, дұрыс айтады. Тимеу керек. Оларға сенеміз, сенеміз!

П е т р о в. Өкініп жүрмейік, байқаңдар! (*Ойлағаны қалады*).

Е р е с к и н (*алға шығып, қатты*). Болды сөз! Бағауыздан бері қару алам деген бос сөз, бұлар да бізге жолдас, бірақ әскері жеке бөлім болмайды. Біздің әр бөлімдерге қосылады.

М а с а н ч и н (*Бәрібаевтарға*). Сендер осыған көнесіңдер, жолдастар! Біздің мұндағы крепость көпшілігі соны шарт қылады. (*Қатты.*) Солай емес пе, жолдастар?

Д а у ы с т а р. Солай! Дұрыс, дұрыс! Солай! Солай!

Қ а р а б а е в (*Петровка*). Дұрыс айтты Ерескин, әр бөлімнің ішінде болса, түк қауіпті емес.

П е т р о в. Жарайды, болса болсын. Дұрысы осы болар. Кейін мөреміз.

Е р е с к и н (*Петровка*). Қазір көп алдында бұлармен жанжалдасқанша, осылай қылып тыныштандыра тұ-

райық. Артынан залалды көрсек, өзіміздің бөлімдер ішіндегі азғантай кісілерді оп-онай қарусыздандырады...

Чебисов. Өте жақсы ақыл.

Черных. Рас. Әйтпесе соғысамыз ба осы жерде? Әзірше ақыл табылды... бірақ мен айтқанмын, сендерге түбінде бұлар жау...

Петров (*барлық жұртқа*). Ал, тарандар, болды. (*Масанчинге*.) Бері жүріңдер, ақылдасып отырып, әскерлеріңді біздің бөлімдерге қосайық.

Масанчин, Бәрібаев кетеді.

## VII көрініс

Сахнада партшколист, Шағидуллин ғана қалады.

Шағидуллин. Андап тұр, мен штабқа сөйлесем...

Партшколист. Дұрыс, кір!

Шағидуллин (*будкаға кіріп сақтанып тұрып*).

Штаб! Жолдас Фурманов! Шағидуллин, Масанчиндер ме? Келді. Қарсы алулары жаман болды. Қарулары алынған жоқ, қазір басылды. Бірақ әрбір әскери бөлімдерге таратып кіргізетін болды. Қазіргі күй-қабат сіздердің келулеріңізге жайлы емес, жаман. Бізше, бүгінше келмесе болар еді... Ие... келмей болмайды дейсіз бе? Қазір келгелі жатырсыздар ма? Дұрыс, қам істеледі, бірақ қауіпті... Дұрыс, хабарландырамын... Ие...

Ерескин. Шағабутдин алдымен, жарайды, қазір Фурмановтар келеді.

Партшколист. Неге асығыс, кейінірек келгені дұрыс емес пе?

Шағидуллин. Созуға уақыт болмайды, мыналар қорықты деп бүлдіреді. Қауіп те болса келмек. Хабарландыр жұртты, дайын болсын!

Партшколист. Дұрыс, өзін де құлақтандыра бер!

Шағидуллин. Мен соған кеттім. (*Кетеді. Партшколист қасындағы бір орыс жігітін жетектеп, аз сөйлесіп, жөнелтіп жібереді.*)

## VIII көрініс

Партшколист қайта қайтқанда бірінші қырғыз жігіті жүгіріп келді.  
Екінші жақтан Шағабутдин шығады.

**1-қырғыз жігіті (жылдам).** Есіттің бе? Талғардың кулактар бастаған бір тобы Байсерке жолында, мылтықтың түзулігін сынаймыз деп бір қазақты нысанаға атып тастапты. Басталды пәлел..

**2-татар жігіті (жүгіріп кіріп).** Ұзынағаш жолында бір қазақты нысана қылып атқызыпты, кулактар қырғын бастамаса игі еді!?

**1-қазақ жігіті (жүгіріп кіріп).** Байсерке, Тасқара, Жаңашарға Талғар, Шамалған крестьяндары барып, әлек салып жатыр дейді.

Партшколист. Не қылмақшы дейді?

**1-қазақ жігіті.** Көшірмек, орындарынан қуып, қаласын, жерін тартып алмақ. Қамдау керек бұған қарсы. Болмайды енді қарап отыруға.

**Шағабутдин.** Жоқ, сендер өздерің ешбір белгі бермеңдер! Қазір тез военсоветке Ерескиндерге білдіріп, бассыздарды жазаға ұшырату керек. Асыққанмен болмайды. Бүлдіріп аламыз.

**Қырғыз жігіті.** Рас, бізге қазір бар оқиғаға қарсы еппен іс қылу керек. Әрі-бәрі тоса тұрайық.

**Шағабутдин.** Бұл іс ұлғайып, қырып бара жатса, ондағыны көрерміз. Ол уақытта еріксіз қосыламыз. Қазірде мынау алғашқы белгілерімен осы крепостің бастықтарының өздері-ақ алсын, өздерін қарсы шығару керек.

**Партшколист.** Дұрыс. Тез барып Ерескинді хабарландыру керек.

4

## IX көрініс

**Шағабутдин.** Сендер барыңдар орындарыңа (тоқтап), әсіресе ел тыныш отырсын! Қызбасын! Көтерілмесін!

Жігіттер кетеді. ...

**Ал сабыр керек. Өтепов қайда? Соған осыны айтыңдар! Барыңдар! Ерескин мен военсоветке мен білдірейін.**

Кетеді.

Өтепов (жылдам басып) Қайда жігіттер? Осы жерге тез жиналу керек. Хабаршың қайда?

Партшколист. Немене? Асығыс болса өзім баруға да болады. Сен қала тұрарсың онда. Немене, не еді? Не хабар?

Өтепов. Қақпа алдына Фурмановтар келді, қаруларын алып жатыр. Сөздері жаман. Зор қауіп — талап жіберуге мүмкін. Естідің бе! Бірақ крепості жиып сөйлестірмек.

Партшколист. Алдынан кездескендер кімдер? Қаруларын кім алғызды?

Өтепов. Петров, Қарабаев!

Жылдам партшколист жүгіріп кетеді. Қалың топ алдында Петров, Қарабаев, арғында Фурманов, Беляев, Сәрсембаев, Люба, жан-жақтарынан қамаған кулактар, крестьяндар, солдаттар — бәрі шуласады. Кейбірі ыржақтап мазақ қылған, жеңгеніне мәз болып сүйсінген пішіндері. Кейбірі ашуланып ұрысқан, тісін қайраған түрде. Фурмановтар салқын пішінмен еркін басып келеді. Бұлар шыққанда екінші жақтан бүйір-бүйірден де әскерлер, крестьяндар қаптай келіп, сахнаны басады. Араларында күншығыс ұлттарының әскерлері мез штабтан келген орыс жігіттері әр жерге тарап, Фурмановтарды айнала тұрысады. Кейбіреулері будканың аржағынан бір ұзын биік жәшікті итеріп алып шығады. Мінбер екі-үш кісі қатар тұрарлықтай, екінші жақта топтың ішінде Черных, Чебисов, Гришка бар. Бұлар жалаңдап құғырына басып Фурмановтарға қарсы жүреді. Петров, Қарабаев Фурмановтардың екі жақ жанына шығады. Дөңгелеп тұрған қалың елдің тап ортасында Фурмановтар қарулары алынған, бас киімдері жоқ, үстерінің түймелері ағытылып, киімдері алжа-алжа болып қалған. Шаштары дударланған.

Петров. Ферғанаға айдап саласындар ғой сендері! Бастық бұйрық қылады.

Қарабаев. Штаб айтқанын қыл. Бұлардың өздері Семиречиге қожайын болсын! Мынау тұрған Жетісудың орыс халқын, кеңес үкіметін жасаған партизандарды мазақ қылсын!

І-кулак. Крестьянды жерден қуып, Жетісу әскерін облыстан қуып, орнына қырғыз жисын!

Филипп (қасындағы крестьяндарға сыбырлап). Айқайла! Крестьяндар, сендер айт!

Крестьян. Қырғыздың достары, қорғаны — крестьянның жауы!

Кулак. Крестьянның барлық астығын ал, қатын-баласын аштан қыр!

Казак-орыс (солдаттарға сыбырлайды). Сендер

де айқайлаңдар! Ұрысыңдар, білсін кімге қарсы болғандарын!..

Солдат. Қытайға кеткен қырғызды алып келіп, крестьян астығын соған бер!..

2-кулак. Қырғыздан комиссар жасап, орысты қыр!.. Он алтыншы жылдың кетіп өлер! Трибунал, особый отделің қайда? Аtpай ма тағы мужикті! (Айқайлап.) Жабыңдар! Не тұрыс бар!

Фурманов (қатты). Петров, Қарабаев! Біз крепостің көпшілігімен әдейі сөйлескелі келдік. Күйінді болған мәселелері не? Соны тыңдап, білмек боп келдік.

Беляев. Сендер бізді жау десендер, әдейі көпшілікке жау емес екендігімізді білдіргелі, айтқалы келдік.

Фурманов. Сөз беріңдер бізге! Біз сөйлесеміз крепостпен! Осы тұрған барлық топпен сөйлесеміз.

Дауыстар (бұл жоқын тұрған тілешілес топтар). Берілсін сөз, сөйлесеміз, берілсін сөз! Тыңдаймыз, сөз бер!

Ерескин (мінбеге атып шығып). Жолдастар, шуламандаp! Енді сөйлесін Фурманов! Тыңдаймыз! Мен жиылысқа бастықпын.

Дауыстар. Бастық, бастық! Ерескин! Ерескин!

Фурманов (тез мінбеге шығып). Жолдастар! Кешегі Жетісудың қадірлі арсеналы, партизандары, сендерге не болды?! Кіммен бірге, не үшін, кімге қарсы ереуіл жасап, айқайлап тұрсыңдар?!

Филипп. Керегі жоқ сөзінің! (Айқайлап.) Токтатыңдар!

Кулак. Тыңдамаймыз, алдайды! Токтат!

Крестьян. Жап бәрін абақтыға, керекті жоқ!

2-кулак. Ұста! Ұр, ат бәрін!

Жүгіреді. Артағы солдаттар екпіндеп, кимелеп ұмтылады. Алда қоршап тұрған орыс әскерлерін қойып өтпеді.

Казак-орыс. Арестке ал бәрін де! Жап, жабыңдар, керегі жоқ сөзінің, ату керек!

Дауыстар. Сөйлесін, тыңдаймыз! Токтат, Ерескин! Сөз бер, сөйлесің!..

Казак-орыс, кулак. Сөйлемесін, тыңдамаймыз! Арест! Арест!

Кимелейді, қақтығысу, алдағылар артқыны жібермейді, алысу.

Ерескин (мінбеге жүгіріп шығып, қатты). Токтат! Сендер емес пе мені бастық сайлаған?.. Құтырып кеттің-

дер ме?!.. Осыдан бассыздық қылып, сөйлетпей, тындамай шуласаңдар, кетеміз!.. Бәріміз де!.. Керегі жоқ, сендердің істеріңнің.. Біз әдейі сендермен сөйлестіруге шақырдық. Айтыңдар, сендердің сөздеріңді, не болды? Малмысыңдар?.. Айтсын, тындайық! Біз де айтамыз. Енді шуласаңдар, алдымен міне мен кетемін.

Дауыстар. Айтсын, айтсын. Сөз бер!.. Бер сөзді, тындаймыз.

Фурманов (қайта шырыл). Жолдастар! Жылдар бойы Лепсі, Кавал тауында, Іле, Балқаш құмында, алыс Қытай шегінде талмай алысқан сендер емес пе едіңдер? Кім үшін соның бөріне шыдап едіңдер? Кеңес үшін емес пе еді?.. Сол Кеңесің Жетісудағы жауынан және құтылса өзге жердегі сыртқы, ішкі жаулардан әлі де арылып болған жоқ, қастарында мына кешегі кескілескен жауың — ақтың атамандары отыр. Сендердің бүгінгі ереуілдеріңе олар қуанып отыр. Бүгін болмаса, ертең сендердің осыларынды пайдаланып, қайта қатайын деп қылышын қайрап отыр. Олар келсе, кім көреді жәбірді? Тағы сен көресің. Кім алысады? Тағы алысуға сен шығасың еріксіз. Бос айқайлағыңдар, бекер сөз айтасыңдар. Біз кеңес үкіметінің қызметкері сендердің жауларың емес, сендерді бізбен сөйлестірмей, ұғыстырмай көтеріп, қоздырып тұрған кім? Ол — кулактар! Аранда қалған байлар.

Қарабаев. Кулак, бай жоқ біздің ішімізде, бәрі де еңбекші! Бұл өтірік.

Партиколист (қасындағы қызыләскерлерге). Қарсы сөйле сен!

1-қызыл әскер (қатты тепсініп). Өтірік емес! Сен сөзін бұзба, айтқызу керек! Естісін мына тұрған еңбекшілік әскерлер, крестьяндар! Сен жалған айтпа! Бар кулак, бар бай.

Қарабаев (қатты тепсініп). Ол кім? Кім кулак?

Қызыл әскер (қолымен жүзеді). Міне, сен кулактың баласы, Қарабаев!

Масанчин. Сенің жақын туысқаның күпец Мекапар! (Кеудесін қағып.) Міне мен білемін, жасырма, өтірік депсі!

Қарабаев (тікелейін, ашулы, Масанчинге). Ә, солай ма?.. Сендер біздің достығыңдар? Тұра тұр! Тұра тұр! (Айқайлап, қолын айнала сермен). Көріңдер мына біздің достығы?.. Ұмытпаңдар, білің алыңдар!



**Фурманов** (*киіп кетіп*). Жолдастар! Кенес үкіметі кімге жайсыз? Кімге керексіз? Жетісудын кулагына, байына керексіз. Ал, еңбекші, крестьян жер-мүліксіз кезде батрак, осы тұрған қызыл әскер көпшілігі, саған кенес не жаулық қылды? Ұғынбайтын, сенбейтін еш нәрсе жоқ. Сендермен біз ұғысамыз, адастырып тұр, түсіңдер! Ойландар, бұл қателерің түзеледі. Тек бұл беттен қайтыңдар, сөйлесіңдер!

**Петров** (*айқай салып*), Қырғыздың әскері қаптап келіп қалды! Ұмтыл қаруына! Тарқат шапшаң!..

Жұрт у-шу, жан-жаққа тарай, тарай жөнеледі. Орта селдіреп қалады. Чебисов, Қарабаев, Черных Фурмановтарға келіп,

### *XI көрініс*

**Чебисов**. Жүріңдер военсоветке! Ендігі сөзді военсовете сөйлесеміз.

**Партшкoлиcт**. Өтірік айтады Петров, ешбір әскер жоқ.

**Қарабаев**. Бәрібір жұрт тарап кетті. Енді керек емес, жүріңдер!

**Черных**. Жүр! Жүр, алып жүр!..

Солдаттар қоршап алады. Фурмановтарды алып кетеді, бәрі солай кетеді, сахна ашылады.

### *XII көрініс*

**Жарболов**, **Есеналин**, артынан жылдам басып, **Жанұзақов**, **Масқұт қожа** шығады.

**Жанұзақов**. Сендер әсер ете алмай жүрсіңдер ме? Мыналардың бассыздығы көбейіп барады ғой!.. Қазақты, тараншыны жау санай ма? Қалай өздері, бүгін жаықсыз екі қазақты атып тастапты.

**Есеналин**. Бассыз, көпшілігі басшыларына бағынбайды. Билеп жүрген казак-орыс байлары мен кулактар!

**Жарболов**. Алғашқы күндер ғой, әзірше бассыздық болады ғой...

**Масқұт қожа**. Менің ойымша, жаман айтпай, жақсы жоқ, Фурмановтармен ашық жаулыққа сіздер басшы болмаңыздар. Артты ойлау керек... Қалай да мен

өзімді атамауларыңызды сұраймын. Біздің халыққа бұлар өте жамап көрініп отыр...

**Жарболов.** Оны қауіп қылмаңыздар, екеуіңіз де аталмайсыздар. Қажеті жоқ оның, көрініп тұр.

Сүлейменов кіреді.

**Жарболов.** Немене, әлгілерді қайтті?

**Сүлейменов.** Фурманов, Беляев, Сәрсембаевті — бәрін де жауып қойды.

**Жанұзақов.** Фурманов, Сәрсембаевтар жабылса жабылсын, сол керек!

**Сүлейменов.** Енді Қарабаев Шағабутдинді жабу керек деп жанжал салып жатыр.

**Жанұзақов.** Шағабутдин қазақ, қырғыздарға сенбейді, күн туса бізге залалды болатын адам, ол бәрімізге жау.

**Жарболов.** Рас, осында және Бәрібаев, Өтеповтер келіп, кетіп жүр... солар да дұшпан болар деймін, оларға да сенбеу керек.

**Жанұзақов (таңданып).** Бәрібаев, Өтепов деймісің? Мұны неге айтпағансыңдар бұрын?.. Ой, мыналарың ұйымсып іс істеп жүр ғой!.. Өзі тегі, сендерден бұндағы жігіттерді азғырып, жырып жүрген шығар, оларын байқадыңдар ма?

**Есеналин.** Ол рас. Сол байқалғандай өзі.

**Жанұзақов.** Токта, олай болса. Бар жігіттерді қайтадан теріс үгіттеп, баурап, жинап алыңдар!.. Бетіңдерінің бөлек боп қайшы көрінген... Ноғай, қазақ тағы басқалар болса, тегіс сырын ашып, жапқызыңдар. Түбінде қайсысына кететін болсаңдар да, күш сендердің қолдарында болып, елеп сөйлесетін кісісі жалғыз сендер боуларың керек. Түсінесіңдер ме?!

**Жарболов.** Түсінікті.

**Сүлейменов.** Дұрыс, дұрысы осы.

**Масқұтқожа.** Ай, білмеймін. Соңғы айтқан мұсылман жігіттерін жапқызу деген шараларды байқап істесе қайтеді? Іс ұлғайып, аралары ұйлығып кетпесе... Мыналарына, әй, сенім жоқ қой өзі!..

**Жанұзақов.** Жоқ, болды. Оларды жолдан бөгет қылдырмай алып тастау керек. Күштің бәрі осы өз қолыңда тұрсын! (Жұдырығын түйіп). Жинап, баурап, қысып ұста соны!.. (Жақындап келіп сыбырлағандай.) Тіпті болмай бара жатса, ең соңғы решительный уақытта,

сол күшінмен бір жағына бұлт етерсің, білдіңдер ме!?. Ширандар, берік болыңдар. Қатты істендер! Ал, аналарды жапқыз, жапқыз! (*Жалтақтап.*) Ал кеттік!..

Ш ы м ы л д ы к.

## Жетінші сурет

Сахнаның бір жақ жартысы абақты. Подвал, жарымы жай алаң. Бұл алаңда бір жақ бұрышқа таман әр жерде үлкен жәшіктер. Әр жерде жатқан болады. Сол алаң жақта абақтының есігі бар, есік жақта решеткалы кішкене терезе. Абақты іші кір, алақолеңке қараңғы. Ішінде ешбір аспап жоқ. Бір-екі-үш жерде ғана болымсыз кірпіш нарлар. Бәрінде кішкене, бір бұрышта сахнаға жақын жерде оқшау бір орын, бәрененің кесіндісі. Фурманов сонда отыр. Абақтыда одан басқа Беляев, Люба, Шағабутдин, Өтепов, Сәрсембаев, көбінің түстері томсарған, үндеспейді. Беляев қана тұрып, жүріп қояды. Фурманов тізесіне блокнотты қойып, жазу жазып отыр. Сыртқы есік алдында часовой. Мылтық, қылыш әрлі-берлі жалт-жұлт етіп қояды. Анда-санда үш-төрт крестьян, солдаттар үш-төрттен топтанып келіп решеткелі терезеден қарасып кетеді. Күлісіп, сүйінісіп табалаған жүзбен қарасқандар да бар. Сахна ашылғанда сондай бір топ қарап жымылдасып, қожандап келіп кеткеннен кейін аз тым-тырыс.

## I көрініс

Ф у р м а н о в (*жазуын тоқтатып*). Ақымақтың халі болды бұл. Бұл не?

Б е л я е в. Бірінен-бірі мағынасыз хал!.. Біздің жай бір сәрі, Шағабутдин, Өтеповтікі не? Бәрінен жайсыз осылардың түсуі...

Ф у р м а н о в. Бұлардың түсуіне өзгеден бұрын осы жерде жүрген екеуін де жақсы білетін адамдар сезіп қоюы керек.

Ш а ғ а б у т д и н. Олай болса, крепость жақтағы қазақ, қырғыздың біреуі болады. Әсіресе Өтеповтың жабылуы... солардың әрекетіне байланысты.

Ө т е п о в. Онда бұл істі істеушілер Жарболов, Сүлейменовтар деп білу керек. Шынында мен әскери адам емес, мен белгілі комиссар емес, мені қайдан тауып, қалайша ұстады?..

Ш а ғ а б у т д и н. Дұрыс айтасың. Жарболов, Сүлейменовтер.

С ә р с е м б а е в (*қозғалақтап, дірілдеңкіреп, шошы-*

нып). Жарболов дейсіңдер ме? Ойпырай, сені жаптырған олар болса, онда менің халім не болады?

Өтепов. Не болушы еді, жұрт көргенді көресің.

Сәрсембаев. Жұрт көргені не?... Сендерге батпас, аямағанда мені аямайды. Білемін, білемін, ойбай-ау... Шынымен өлген жер осы болды ма?

Басын шайқап, бетін басып, бұрышқа теріс айналады. Тым-тырыс.

Шағабутдин. Неге аямайды? Неге саған ерекше тиенді дейсің, себебі не?

Сәрсембаев. Сендермен Жарболовтар өш емес, о? Маған олар қадалса, аямауға бекініп қадалады. Қатты жау санағаны, өш олар!.. Өлген деген осы!

Беляев (салқын). Ие... жауы сен ғанасың да, біз досымыз... Бізді тіпті жақсы көреді Петровтар...

Өтепов (Сәрсембаевқа кейіп). Жау көрсе сенен сонауғұрым үлкен қауіпті жау деп санайтыны Фурманов, Беляев, тіпті Шағабутдин мен мені сенен бұрын алады. Ал, кетерсің тіпті...

Сәрсембаев. Кетесің!.. Айтарсың... асарынды асап, жасарынды жасадың... Мен қайтып көнемін өлімге?..

Люба (қатты). Немене сен жібіп кеттің? Еркек, маскара емес пе мұның!.. Ойланамысың, жоқ па?.. Төңкерісші большевик деп аталасың тағы...

Шағабутдин. Неменеге келген осында өзі? Мұны әлдеқашан атына мінгізіп, ауылына жіберу керек еді!

Люба. Осындай адам біздің ішімізде... большевик қалай өледі?! Естіп пе ең, білемісің?.. Езуіңнен күлкің сейілмей, қабағыңды бірде-бір жиырмай өлу керек!

Сәрсембаев. Ие... айтуға жақсы, жеңіл.. сен әйелсің, саған тимейді... (Қиналып.) Келмейді... келмейді қолымнан, шамам жоқ.

Өтепов (ашуланып). Қынсылама енді, жетті! Өлсең қырылып жатқан мың сан төңкерісшінің ішінде жаны аяулы сенбісің? Өлерсің! Бұйткен сен ешкімге керегің жоқ. Есің болса, сендей сорлы қорқақ болып, тірі жүргеннен де осындай жақсы өліммен өлген артық!

Сәрсембаев. Оның бәрін кеңшіліктегі сөз дейді. (Люба күледі.)

Өтепов. Шығарма енді үніңді!.. Атаң басының кеңшілігі... Сен өлімге бұйырылдың да, мен бостандықта жүрмін! (Тым-тырыс.)

Фурманов (*книжкасын аударыстырып отырып*).  
Ие... бұл отырғаннан аман кетуші бола ма, жоқ па!.. Ол қараңғы...

Веляев. Оны болжап неменеге керек?.. (*Күліп*).  
Жақында Петров, Чебисовтардың өздері-ақ шешер!

Фурманов. Рас. Сол себепті әсіресе болжайсын.  
Жүгенін сыпырған асау Петров, Қарабаевтар, келешегін соқыр тағдыр, мылқау, меніреу әлде қандай бір кезең...  
Билетпестей, түзелместей ақымақтық хал!..

Шағабутдин. Ей!.. Керек пе екен соны ойлап?..

Веляев. Рас. Оған алыстан телміріп, үнілу қажет емес. Мына жақындап бетпе-бет келгенде, өзі де танылады. Сонда көріп-біліп алармын.

Фурманов (*орнынан тұрып, книгасын жауып*).  
Дұрыс айтасын. Әзірше лақтыру керек ол ойды!

Люба. Мана нелер жазып отырдыңыз?

Фурманов. Жай әншейін... Кейін естен шығып қалмасын деген бір нәрселер... уақ-түйек...

Веляев. Ие... бұл есте қалу керек...

Люба ақырындап ән бастайды, өзгелер қостайды. Өлең ескірек төңкерісшіл жырлардың бірінен. Әннің аяқ кезінде терезеге тағы бір топ дабырласып, шуласып келеді. Бұл Шағидуллин, Ная, партшколист.

## II көрініс

Келе жатқан үш кісі — екі солдат, бір крестьянин. Олар өтеді, оның **арғынан** Шағидуллин, қасында Ная бар.

## III көрініс

Шағидуллин орысша дабырлап, сөйлеп, ұрыса келеді. Ная ерекше киінген. Бала киімін киінген кішкентай Хакима және партшколист шығады. Шағидуллин часовойға көз қылып, алыстан даурығып, қатты сөйлейді.

Шағидуллин (*жұдырығын түйіп*). Осында Шағабутдин деген найсап татар бар дейді! (*Терезеге жылдам барып.*) Берер ме еді менің қолыма!.. Шағабутдин, Шағабутдин! А ну-ка, покажись, герой!

Шағабутдин терезеге келеді, таниды. Шағидуллин тезінен ноғайшылап: «Штабта Қарықбаласы сіздің халыңыздан хабарласқан». Дауысы ұрысқан кісідей, ақырып, тепсініп, жұдырығымен терезені ұрып, аяғымен жар тепкілеп тұрып сөйлейді.

Қазір барлық әскери бөлімдердің өкілдері жиылып, мәжіліс құрып жатыр... мәселе сендер туралы,

Шағабутдин (*асығыс*). Настроение қалай? Бізге достық қандай? Әлде жаулық күшті ме?

Шағидуллин. Малғұн дұшпан көп... но достар да бар.

Шағабутдин. Зор ма біздің халдың қаупі?

Шағидуллин. Зорлығында суз иок. Бірақ біздің адамдар да істеп жүр.

Шағабутдин. Үміт сол ғана ма! Бастықтарды жазаламау керек, босату керек деген сөз бар ма?

Шағидуллин. Оларға сеніп болмайды. Білесің, бастықтар рахымсыздық жағында... жә, менің қасымда Ная... Одан Митяға сәлем!

Өзі часовойға бұрылады. Фурманов жақындап келеді. Часовой да жақындайды. Шағидуллин сіріңке сұрап айналдырады.

Ная (*жылдам*). Митя!.. Сенің халың шешілгенше, мен крепостен кетпеймін... Көріспесек хош!..

Фурманов. Хош! Ер бол, Ная!.. Жасыма, мен өкінбеймін.

Шағабутдин (*өтірік ұрысқан пішінмен*). Бізге қараған адамдар осы жерге жақын болсын!..

Шағидуллин. Біз өзіміз де солай істемекпіз.

Часовой (*Шағидуллинге*). Сен немене татарша былшылдайсың? Орысша сөйле!

Шағидуллин. Сен білмейсің, ол татар емес пе? (*Жұдырығын түйіп*). Покажу я ему!..

Сарт-сұрт етіп, Петров пен Қарабаев жылдам басып келеді. Хакима бұлардың сыртынан шыға беріп, жәшіктердің артына кіреді.

#### IV көрініс

Петров (*Шағидуллинге*). Кетіндер бұл жерден, не керек сендерге мұнда?!..

Шағабутдин бұл кезде жолдастарына жаңа сөздерді айтып жатады.

Қарабаев. Бар, бар!.. Бұл жер абақты, оған білмеісің Петровтың рұқсатымен ғана келу керек!..

Петров (*Шағидуллинге*). Сен неге келесің?!.. Қазақсың ғой өзін?

Шағидуллин. Келдім мен де. Шағабутдин менің жауым!

Бұлар кете береді.

## У көрініс

Ч а с о в о й. Өзі татарша сөйлейді, мен олардың былшылын ұқпаймын.

П е т р о в. Жолатпа, ендігәрі! Сенбеймін меш оған. Өзін есте тұтып қалу керек! Әлгіні аңду керек.

Қ а р а б а е в. Жә... болды енді... тез қимылдау керек.

П е т р о в. Осында жүрген бар мұсылман дұшпан! Білдің бе?.. Бастықтарын тегіс жауып, қыру керек.

Қ а р а б а е в. Білемін. Тұра тұрсын. Әуелі мыналар...

П е т р о в. Бұл Жетісу крестьянының орыс халқының көтерілісі, қырғыздардың көмегі керек емес. Көремісің? Олардың әскері де азғырылған! Бір минут сенбеймін.

Қ а р а б а е в. Рас, сенбеу керек. Қолынан келсе олар бүлдіреді. Алғашқы күнде қарсылық істемесін деп қана алдық.

П е т р о в. Біліп қой, олай болса, мыналардан соң солар!.. Он алтыншы жыл ма?.. Жок, одан да күшті жаншып тастау керек.

Қ а р а б а е в. Болсын солай. Ал, шақырайын ба солдаттарды! Әскер өкілдері біз айтқанды істемейді, бұларды босат дейді әлі.

П е т р о в. Бұлар аман қалса, бәрібір екеумізді аямайды, тез жұмсау керек! Қаулыларып шығара берсін, бұл жақта қаулыдан бұрын бітіріп, тас-талқан болады...

Қ а р а б а е в. Қай жерде?

П е т р о в. *(абақтының сыртың көрсетіп)*. Міне, мынаның аржағы... бар, шақыр!.. *(Қарабаев кетеді, терезеге келіп.)* Фурманов! Фурманов!..

Бұл уақытта Хакима орнынан ақырын шығып, жүгіріп жөнеледі.

Фурманов бар ма мұнда?

Ф у р м а н о в *(жай)*. Бар *(орнынан тұрады)*.

П е т р о в. Шық бері!..

Есікті аштырады. Арт жағынан сарт-сұрт солдаттар келеді, алдында Қарабаев.

Ф у р м а н о в *(жолдастарына)*. Жолдастар! Хош енді! *(Бәрімен қоштасады)*. Жақындап келгені осы ғой!.. *(Бір басып.)* Бар күшінді өлімге беру қандай қиын еді?.. Тым болмаса алыспай, қарсыласпай!..

П е т р о в. Шық, бол енді, қайдасың!..

К ү з е т ш і. Бол, шапшаң!

Шағабутдин (*жылдам басып келіп*). Неменеге керек Фурманов, жеті түнде?..

Петров. Шық! Шық жылдам!.. Токтат сөзді!..

Шағабутдин. Неге керек ол? Кім шақырады?

Петров. Жауапқа, бол жылдам!..

Шағабутдин. Бармайды Фурманов!.. Қарабаев, Петров келсін!..

Петров, Қарабаев (*екеуі де есіктен көрініп*). Міне Петров! Міне Қарабаев... (*Екеуі де жыртқыштарша ыржияды.*)

Петров (*Қарабаевқа*). Енді созуға болмайды, болсын осы арада!

Қарабаев (*солдаттарға*). Кіріңдер!..

Сырттағы солдаттар есікті керней кіреді. Мылтықтарын сарт-сұрт қайырып, кезеп тұрады.

Петров. Бұл военсовет әскерлер бұйрығы! (*Солдаттарға командымен*). Бір... екі!..

Сахнаға Масанчин, Ерескин, Шағидуллин, партшколист, жанында он шакты қызыл әскердің үшеуі орыс әскері, өзгелері дүнген, татар, қазақ, қырғыз, тараншы — барлығының киімдері өз ұлттарын көрсетіп тұрады.

Ерескин (*ақырып*). Токтат!.. (*Солдаттар іркіліп қалады.*) Тұр былай!

Солдаттарды партшколист екеуі кимелеп сыртқа таман қағып жібереді.

Петров, Қарабаев, мен сендерге білдіргелі келдім. Военсовет екеуіңді жабуға қаулы қылды!

Петров. Кім ол? Мені ме!..

Ерескин. Сені, сені де, Қарабаев! Жүріңдер сөйлесейік!..

Қарабаев. Мені де ме? Не үшін, кім ол?..

Ерескин. Болды, қаулы! Тез түзеу керек! Тұрыңдар былай!..

Аналар жүндері жығылып сыртқа қарай шегіне береді.

Масанчин. Ал, қаруын... жабыл!

Артағы солдаттар сырт қарап тұрған солдаттарды бас салады. Іштегілер ұмғылып, Ерескин, партшколистермен жылдам Қарабаев, Петровты жығып, мылтығын тартып алып.

Шағабутдин. Ал, тартыңдар!

Бәрі жөнеле береді.



Белыев (Шағидуллинге). Бар ма жолда бөгет?  
Шағидуллин. Өзіміздің кісілер тегіс дайын, жол-  
да тұр.

Фурманов. Ат дайын ба?

Шағабутдин. Төртінші, төртінші бөлік!..

Өтепов (жолдастары жөнеле бергенде ақырып).  
Ойлаңдар! (Жұрт тұра қалады). Жап, тегіс мыналарды!

Мылтығымен Петровтарға тап береді. Бәріне мылтықтарын төсеп,  
тегіс абақтыға қамап, сырттан бекітіп жөнеледі.

Қамаудағылар (бақырып). Ку, ұста!.. Алдау!  
Сатылу!..

Есікті тепкілеп, опыр-топыр.

Петров (алқынып). Ерескин! Ит!.. Өлтірем!.. 26-  
шы, төртінші бөлікке, бөлікке хабар! Хабар!.. Ит, өлті-  
рем!..

Шымалдық.

## ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

### Сегізінші сурет

Сахна көк жасыл дала. Алыста Алатау. Шымылдық ашылғанда сахнаға әңгімелесіп, жеті кісілік қызыл әскер тобы шығады. Бұл — төртінші Қапполктың теке-түрікпен деп аталған бөлімі. Эскадронда көпшілік үлкен қара бөрікті түрікпен, солармен аралас орыс, өзбек, татар, қазақ жігіттері де бар. Сахнаға шыққан топтың ішінде екі орыс қызыл әскері, Қуатов, бір татар, бір өзбек, бір қазақ қызыл әскері бар.

### *І көрініс*

1-орыс қызыл әскер. Үш жыл бойындағы граждан соғысында кеңес үкіметімен ылғи белдесіп, алысып келе жатқан кім? Құр ғана жандарал, құр ғана атаман емес, бәрі де жұмысшы мен еңбекші крестьянның ежелгі кескілескен жаулары, тап дұшпаны.

1-татар жігіті. Дұрыс айтасың. Мәселе сонда! Тап дұшпаны! Ол дұшпан мен жандарал емеспін, офицер емеспін және тіпті әскери емеспін деп те қарап тұрмайды. Ол бәрін салады. Шүнки мұны өлу-тірілу майданы деп біледі. Ол әскер жияды, қару ұстайды, кеңес үкіметіне қарсы шығады.

Қуатов. Және барлық жерлерден жаулардың түсікегі бірдей. Бәрі бір-ақ түрлі.

2-орыс әскері. Рас. Қайда барсаң атаман! Қайда барсаң жандарал! Солтүстік пе, оңтүстік пе, күнбатыс па, күншығыс па, бәрі бір!..

Татар жігіті. Жоқ, жалғыз атаман емес, сен олардың әр жердегі союзниктерін ал. Татарстанда мелли-мәдени мұхтазит союзнигі. Сибирь үкіметі Колчак, Башқұртстанда — Уәлидов союзнигі болған Дутов...

Қазақ жігіті. Қазақстанда алашорда союзнигі, Анненков, Дутов, Колчак — бұлардың қарсылығын бүгін ғана басып отырмыз.

Түрікпен жігіті. Түрікпенстанда Закаспий үкіметі союзнигі ағылшын капиталистері, эсер үкіметі — ақтар.

Өзбек жігіті. Түркістанда Қокан автономияшылары союзниктері, уламистер, ишан-сәудегерлер. Бұхардың союзнигі — Николай! Қайдан табысқан тегіс!

Қазақ жігіті. Өліп табысқан! (*Күліседі*).

Татар жігіті. Әлжініс... миғалжыныс, міне! Саған оның секреті!.. Но, қақысы сол, біз осы жүрген хәм-мәбіз солардың әрқайсысымен қарсы майданда кездесіп, анық пішіндерін, шын сырларын көріп, танып шықтық та!

Қазақ жігіті. Ие... біз дос кім, жау кім екенін енді таныдық.

Татар жігіті. Иә... шол граждан войнасы бізге социалитический пәндердің мектебі болды... Біз хәм-мәбіз жауларымызды білдік енді. Оның бәрі бүгінде біріккен.

Қуатов. Ие... мұның бәрінің бірігуіне, ұрысуына мағына бар... Ал мына біздің Жетісу крестьяндарының, кешегі бар фронтты басынан атқарған партизандардың ақымақтығында не мағына бар?

2-орыс қызыл әскері. Есуас, ақымақ олар! Не үшін, кім үшін құтырып жүргендерін де білмейді олар!..

1-орыс қызыл әскері. Оларды құтыртып жүрген кулактар. Жетісудың кедей, батрагы әлі кім досы, кім қасы, аңтарып болған жоқ. Сондықтан кулактың шоқпары болып отыр. Олардың есі кіреді, тұра тұр!

Қуатов. Әрине, есі кіреді, онсыз мүмкін емес.

2-орыс қызыл әскері. Тұра тұрсын... біз барайық, ұялтамыз-ау өздерін де!.. Партизан жақсы атына таңба салып, не деген масқара!?

Қуатов. Сонысы шын масқара!

Дауыстар. Уа, жолдастар! Жиылыңдар! Жиылыңдар мұнда, жиналыс! Жиылыс, Алматыдан келген жолдастар келді! Жиыл!..

Жан-жақтан әскерлер топ-топ болып жинала бастайды, көпшілігі орыс қызыл әскерлері мен түрікпендер, араларында қазақ, қырғыз,

өзбек, тараншы, татар. Аздан соң ортаға Фурманов, Беляев, Ерескин, Бәрібаев, Шагабутдин, Өтепов, Мартынов, Мәмедов шығады.

## II көрініс

Мәмедов. Жолдастар! Қазір сіздердің алдыңызда Алматыдан келген жолдас Фурманов сөз сөйлейді. Сендер Фурманов жолдасты білемісіңдер?.. Ол Түрік фронтының, жолдас Фрунзенің Жетісуға уполномоченный қылып жіберген адамы. Ол ретті Қызыл әскермен Ресей ішінде, Ресей шеттерінде де барлық граждан соғысын бастан-аяқ басынан атқарған. Оралдың партизан әскерімен де, талай ауыр өлкелерде болып, сыналып өткен. Ол кіндік уәкілі, біздің Жетісу сияқты шеттерде, әлі кіндіктің шын бағытын, рет-тәртібін түсініп бөлмеген жерлерін бұлар бейнет қып, енбек сіңіріп, сол тәртіпті түсіндірмек, орнатпак. Және Жетісу бұрынғы патша отары болған жер. Мұнда бұрын езілген ұлттар, қазақ, қырғыз, тараншылар, татарлар бар. Жолдас Фурмановтар кіндік үкімет пен партияның бағыт ұранын орындап, осындағы күншығыс ұлттарына саясат жөнінде, шаруашылық жөнінде, кеңестің мемлекеттік программасын іске асырып, еселі тарихи сыбағасын әпермек! Соның бәрі Жетісу кулағын тулатып, қарсы қып отыр. Кулактар қарсылығы неге әкелгенін ол сендерге қазір айтады. Тыңдаңдар, түсініңдер!..

Фурманов. Жолдастар! Жолдас Мәмедов дұрыс айтады. Бізге қарсы шығып отырған бір Жетісу кулағы, олардың алдауы мен қыздырмасына желігіп отырған кейбір Жетісу бөлімдері қазір Алматы крепостіне жиылып, өз алдарына военсовет сайлап, өздерін үкімет деп жариялап отыр. Ондағы көпшілік кім? Ол — Жетісудың кедейі, батрағы. Ол не тілейді? Не тілейтінін, кімге не үшін қарсы шыққанын өзі де білмейді. Басқа кім? Бүліктің түп-тамыры кім? Ол — кулак! Кулак неге көтерілгенін біледі. Олар Жетісу крестьяндарынан шыққан солдаттарды демагогиямен, өтірік өсекпен пайдаланып кеп, азғырып, желіктіріп отыр. Бұл әскер Ферғанаға бармаймыз, кеңестің Жетісудан басқа жердегі жауымен алыспаймыз дейді. Олар қазақ, қырғыз сияқты елдерден әскер алғызбаймыз, оларға шаруа жөнінде есе бермейміз, саясаты теңдік әпертпейміз дейді. Кеңес үкі-

**метін** Жетісудың крестьяны үшін ғана жасаймыз, кіндік бағыты, кіндік өкілі, кіндік басшылығы бізге керек емес дейді. Үкімет өзіміз боламыз, кіндік өз бетіне. біз өз білгенімізді істейміз, қазақ-қырғыз бұрынғыша еркінде, қалсын, жер-сусыз, правосыз болсын дейді. Мұны айта-тын кулактар. Солардың жетегіне еріп, кіндік басшылығына бағынбай отырған Жетісу крестьяндарынан құралған гарнизон! Бұл дұрыс па, не дейсіңдер?

**Дауыстар.** Дұрыс емес, олар ақымақ!.. Үйрету керек оларды.

**1-орыс кызыл әскері.** Кулактарға баралық! Жетісу әскерін ақымақ қылдырып қоймаймыз. Олар тез қатесін түзеу керек. Бастандар бізді! Біз үйретеміз, крепостегі кулактар мен олардың агенттерін.

**Дауыстар.** Баста! Баста! Жасасын кіндік үкіметі! Жасасын партия! Тоқтатпа, тоқтатпа бізді, баста! Жасасын кіндік басшылығы!.. Құрысын кулак қарсылығы!..

**Беляев.** Болды. Мінсін енді әскер тез атына!.. А?..  
**Мәмедов.** Ал, тез тараңдар, мініңдер аттарыңа!

Солдаттар шу-шу тарайды, Мәмедов бірге кетеді

### III көрініс

Жылдам басып Барайнок, Патриесов, Масанчин, Есенов келіп шығады.

**Фурманов.** Не хабар? (*Масанчинге*). Сендер аман шықтыңдар ма, крепостен?

**Барайнок.** Хабар. Қазір Қарабаев, Петровтар қаланы алдық деп штаб хатшысы емін-еркін көсіліп жатыр.

**Беляев.** Штабқа да барды ма?

**Патриесов.** Барды. Осы күнде бастықтары штабта. Ұран салуға мүмкін.

**Барайнок.** Енді асықпаса, хал қиындап кетті. Штабта қалған жолдастардың халі қауіпте.

**Фурманов** (*Масанчинге*). Крепосте қақтығыс болды ма? Жоқ па? Қалай шықтыңдар?..

**Масанчин.** Қақтығыс бола жаздады, бірақ аман шықтық.

**Ерескин.** Қай уақытта кеттіңдер? Мұсылман бөлімдері түгел шықты ма?

М а с а н ч и н. Түнде сендердің іздеріңше кеттік. Артымыз қатты ойран болып қалды. Мұсылман бөлімдері түгелге жақын кетті. Қалғандары болса, Жарболов бұзып қалғандар.

Е р е с к и н. Өзге әскер арасында жік күшейді ме?

М а с а н ч и н. Күшейген сияқты. Қызыл әскердің көбі қатесін мойнына алып, түзелуге жақын.

Б а р а й н о к. Бірақ түндегі кетістер оларды қайта қобалжытқан сияқты. Енді бәрібір аман құтылып кетті. «Фурмановтар аямайды» деген үгітті күшейтін жатыр дейді.

Б е л я е в. Енді ақымақ қылса, сонымен ақымақ қылады.

П а т р и с о в. Онын үстіне қалаға әскер ішіне 26-шы полк келді. Қсле жатыр, қазір қалаға кіреді. Ол да крепость жағында деп нешеалуан өтіріктер таратып, крепость күшін қайта қоздырып, қолдарына баурап жинап жатыр.

Б е л я е в. Онда бізбен соғысуға мүмкін екен ғой?

Б а р а й н о к. Мүмкін. Әзір болу керек оған да.

Ф у р м а н о в. Болды енді. Қаланы бүлдіртпеу, әскерді бұзықтыққа жібермеу, бұл бүлікке тезінен тыю салу бәрінен қымбат! Бәрінен асығыс, тез қалаға тарту керек!

Б е л я е в. Қалаға кіреміз.

Мәмедов келеді.

Б ә р і б а е в. Ал, енді не болса да тездету керек.

Ф у р м а н о в. Шабуылмен кіреміз. Дайын ба әскер?

М ә м е д о в (*рапорт беріп*). Бірінші түрікпен эскадроны барлық қару-жарағы бойынша, шеруге дайын! Түгел әміріңізде!

Ф у р м а н о в (*Беляевқа*). Команданы өзің ал да баста!

Б е л я е в (*жүгіріп келіп, биік жерге шығып ап, қылышын жалаңаштап*). Эска-д-р-о-н!.. Қа-м-дан!

Сахнада тұрған адамдардың барлығы қатарланып, қамданады, қылыштары суырылған Фурманов, Барайнок, Шағабутдин, Масанчин, Мәмедов алғарак екі бүйірде оқшауырақ тұрады. «Алматы крепосына шабуылмен бас!» Поход күйін тартып сатыр-сұтыр жүріп береді, күй естіліп жатады.

Ш ы м ы л д ы қ.

## Тоғызыншы сурет

Крепостің қарасу жаққа қараған бұрышы. Биік қабырғалары сахнаның жарым бойына сұғынып бұрыштанып тұрады. Сол қабырғалардың бергі жағында шолама көк бар, бергі жақта үлкен жәшіктерден жасалған биіктер бар. Сол жақта қақпа, сахнаның зал жақ шетінде оң жақта телефон.

### I көрініс

Әр жерде селдір топтар. Крепостің қабырғасынан қарап тұрады. Сахнаға Петров, Қарабаев, Чебисов шығады.

Гришкa. Қалада штабта бізге қарсы тұратын ешкім қалған жоқ, енді біздің үкімет!..

Петров. Тоқта! Тоқта! Асықпа!.. Әуелі тезінсің қашқан Фурманов, Беляевтарды, барлық штаб, трибунал, особый отделді, барлық комиссарларды ұстап, мықтап қамап салу керек.

Чебисов. Әне, дұрысы! Біздің әкімшілік сонда орнайды.

Қарабаев. Түнде қашқан мұсылмандар, Ерескіндер қайда? Бәрін де *(жұдырығын түйіп)* көрсету керек! Шағабутдин, Масанчин!

Петров. Ә... мұсылмандар ма? Олармен сөз бір басқа! Мұнда қалғандары бар ма? Солардың...

Гришкa *(жылдам)*. Бар. Қанша тілесен де табылады. Ол асылдар!

Чебисов. Жоқ, оншалық көп емес, көбі түнде кетіп қалды, бәрі әдейі жүрген ғой, білдің бе?

Петров. Қалған кім? *(Мазақ қылып)*. Әдейі жүрген?.. Әнеугі достарың қайда? Бірге болады, астыртын дайындық... қайда соларың?

Қарабаев. Ә... олар әлі бар... *(Чебисовқа)*. Жарболовтар бар ғой, осында жүр еді ғой?..

Петров *(Чебисовқа)*. Тауып әкелші, кәне?..

Чебисов кетеді.

Қарабаев. Сен онымен байланыспа, әзір асықпасаңшы!

Петров. Байланыспаймын, бірақ үндеме! Мен оны қазір керекке жаратамын. Өзі қазақ, центрдегі үкімет басындағы қазақтар ғой... тұра тұр...

Черных кіреді.

## II көрініс

Петров. Ие... крепостің жайы қалай? Аралап шықтың ба? (*Қарабаевқа*). Мен бұған бұйрық бергем, кім бар, кім жоғын түгендеп шық деп.

Черных. Крепосте қазір әскер көп емес. Қайда кеткендерін көбі айтпайды.

Қарабаев. Е... қала босады... штабтағылар қашты деген соң, қалаға кеткен ғой!..

Черных. Білмеймін. Өзімізге сенімділер көп еді, қазір соның көбі көрінбейді... Осылар түндегіден соң байқаусыз іріп-шіріп жүрмесін, ойлану керек!..

Гришка. Е... бос сөйлейсің... енді қайда барады? Бәрі өзіміздің қол астымызда! Енді комиссарлардың жонын әкеп төсей беріңдер!

Петров. (*Черныхқа*). Бос қауіп қылмай-ақ қой, бәрі өзімізде. Бізге ерген бізбен болады.

Черных. Жоқ, сонда да әлгі, қашқындар ұсталмай, бізге тынышталуға болмайды.

Қарабаев. Ол рас.

Черных. Және түнде Фурмановтарды босату керек деп қаулы жасаған әскер бөлімдерінің өкілдері қайда? Ол қаулы тегін емес!..

Қарабаев. Ол рас. Сондайлар қарап жүрмей, бір нәрселер істеп жүрмесін! Жоқ, қашқандарды тез ұстап жаппай болмайды.

Черных. Және штаб, авиревком сияқты әскери, гражданский кеңселерге барып, тезінен әкімшілік тізгінін қолға алу керек. Бой көрсетіп, баурай бастау керек.

Петров. Дұрыс, олай болса. Бұл шын керек. Ендеше мен мынадай бұйрық беремін. Черных, сен қазір қасыңа Жәркент батальонының ең сенімді кісілерінен өзіңе керекті әскер ал да, Фурманов, Беляев, Шағабутдин — барлық трибунал баршасын тауып, ұстап әкел!

Гришка. Дұрыс, дұрыс, әкел, әкел тез!

Черных. Жарайды, мен кірісейін.

Петров. Қарабаев, сен қазір штабқа бар! Сол жерде отырып, қалаға тарап кеткен әскерлердің бастықтарын жиып ал! Бұйрық бер! Бұйрық бер! Бастарын құра. Біздің әмірлерімізді жарияла! Гришка! Сен Чеби-совпен біраздан кейін авиревкомды барып аласың, мақұл ма?



Қарабаев } Дұрыс. Мақұл.  
Черных }

Жарболов келеді, Истров коразданып ілгері басып.

### III көрініс

Петров (*Жарболовқа*). Осы көтеріліс болғалы біртең жәрдемін болды ма?

Жарболов. Біз де істеп жүргеніміз жоқ па? Шағабутдин, Өтеповтерді жапқызып едік...

Петров. Болды. Қерегі жоқ ол сөздің, көмек қылдың, мұсылманыңның бәрін Шағабутдиндер, Фурмановтар азғырып ертіп кетті. Міне, сендердің жолдастарың! Білеміз...

Жарболов. Азғырыпты, рас, білмей қалдық. Бірақ біздің ұстап қалғанымыз да бар...

Петров. Жарайды. Жарайды, ақталмай-ақ қой. Енді сен не істейсің? Білемісің?

Жарболов. Иә, не істе дейсің? Біз жәрдем аямаймыз, білдің бе?

Петров. Сен партия мүшесі, өзің қазақ. Өзің қай орында едің?

Чебисов. Қалалық партия комитетінің бюро мүшесі.

Петров. Ә... жақсы олай болса, жаз! Черных, жаз! (*Черных жазады.*) Ташкен... Турцик фронтының Реввоенсоветіне... Верныйдың қалалық, уездік партия ұйымы атынап білдіремін... білдіремін, біздің облыста да, қалада да ешбір саяси бүліншілік жоқ... жоқ. (*Өзгелерге қарап қояды.*)

Қарабаев. Дұрыс... дұрыс, әскер жіберме де... мұнда өзіміз бәрін жайлаймыз де.

Гришка. Сендер, центр, еш уақытта кейіптеріңді бізге көрсетпе де, сендер неғұрлым келмейтін болсаңдар... Семиреч соғұрлым жақсырақ, бақыттырақ болады деп қосайын ба?

Қарабаев. Жоқ, олай деме. Мұнда білемісің, политика керек!

Петров Тоқта! (*Айтады.*) Мұнда әскер бүліншілігі болды деген өгірік. Олай деп жаулар ғана айтады,

Чебисов. Фурмановтарға не айтады деу керек мейнше.

Петров. Жок, керек емес. (Қоразданып.) Біз ондайды енді елемейміз. Қазір біз толық әкім! Олар не? Қашқын атын атамаймыз. (Қайта айтады.) Верныйда толық тыныштық, мұнда әскер жібереміз деп әуреленбеліңдер.

Қарабаев. Міне... міне, дұрыс. Болды енді. Қол кімдікі?

Петров. Болды ... қол ма!.. Қол... (Жарболовқа.) Қой қолды сен, Жарболов!

Чебисов. Уа, рас. Әбден таптың, Петров, бұл үлкен саясат! Бұл қазақ, оның сөзіне центр сенеді.

Петров. Үндеме! Текке істелмейді. Қол қой, кәке!

Жарболов. Өзгелерің қоймайсындар... мен жалғыз, кейін... кейін қалай болады?

Петров. Бірігемісің? Бізбен доспысың?

Қарабаев (Жарболовқа). Бір ғана телеграмма... бөтен сөз жоқ... Әскер келсе ойран болады, атыс болады. Тағы қазақ, қырғыз көп қырылады. Жақсы ма? Бірге көреміз, қойып жібер!

Чебисов. Неменс, несі бар. Біз де қойып жатырмыз. Бірге көереміз.

Жарболов. Қайыр, жарайды (қояды), сіді бірақ сендер де қоясындар!

Петров (телеграмманы алып, бүктеп салып алып). Ал, жанағы айтылған жолдастар тарандар! Черных, Қарабаев!..

Черных. Ал, енді тез сол істерге кірісу керек.

Қарабаев. Мен сол жерден ылғи телефонмен хабар білдіріп тұрам.

Петров. Дұрыс. Жылдам жөнеліңдер! Ол жерге келген штабшылар болса...

Қарабаев. Білемін. Бәлем, келіп көрсін!

Петров. Білесің ғой, Черных! Сен неғылсаң да тап соларды. Онан соң, жолдастар, қалаға барлық әскерге, сырт кісілерге 26-шы полк келді, қосылды дей беріңдер!

Чебисов. Жәркент, Лепсі, Қапал — бәрі де біздікі дей беріңдер! (Негровқа). Ал, біз қашан?

Петров. Чебисов, Гришка, екеуің аздан соң авиревком?..

Гришка. Тауып келесіңдер!

Петров. Ал, тараңдар! (*Чебисовтерге.*) Сен екенің өзірше осында бола тұр.

Жарболов, Карабаев, Черных кетеді.

#### IV көрініс

Филипп. Петров, Қарабаев, қайда жүрсіндер, жау қаптап келеді!?

Петров. Чебисов. Қайдан! Кім? Кім айтты!?

Кулак. Қара ана қабырғадан, қаптап келеді! Әскер қайда? Әскер!

Петров, Чебисов жүгіріп қабырғаға шығады.

Гришка. Әскер... Әскер! Ату керек! Атысу керек! Қарулан! (*Жүгіреді.*)

Петров. Жый әскерді, шығар пулеметті, ату керек! (*Қорқып.*) Келіп қалды ғой. Атысқанмен болар ма екен?! Қан төкпесек қайтеді!?

Чебисов (*ақырып*). Қорқақ! (*Кекетіп.*) Басшы! Аяр деп тұрмысың енді! Атысып өлу керек!

Жүгіреді Петровка.

#### V көрініс

Сахнаға қарулы топ-топ әскерлер жүгіріп шығады. Көбі партшколистер, онан соң қызыл әскерлер, орталарында партшколист. Бірінші, екінші татар жігіттері, бәрі крепость қабырғаларына жүгіріп шығады. Партшколист оңшарақ биіктеу жерде.

Партшколист. Менің командамды тыңдандар!

Филипп. Бер команда, атсын! Атсын тез, неге тұрсындар, келіп қалды!

Петров жүгіріп шығады.

#### VI көрініс

Петров. Әскерлер аз. Қайда кеткен?

Кулак. Иттердің қалғандары ішіп қалған, қайтеміз? Петров, бол енді, іс қыл!

Петров (*жүгіріп қабырғаға шығып, солдаттарға*).  
Ал мылтықты нысанаға!

Мылтықтар сарт-сұрт етеді. Чебисов, кулақтар жердегі пулеметті көтеріп, арпалысып жүреді.

Петров (*қатты*). Команда, ат!..

Партшколист (*қатты*). Тоқтат, атпа!

Петров (*ажырайып қарап қалады. Чебисовтердің қолынан пулемет түсіп кетеді. Бақырайып қарайды*).  
Сен кім, ә? Дұшпан!

Наганын шалшаң суырып жатады. Партшколистке төсейді.

Партшколист (*бұдан бұрын наганын қоса суырып, қарсы төсей қояды*). Табжылма орныңнан, жетті... Ойнап болдың!

Кулақтар, Чебисовтер партшколистке ұмтылады. Бұларға қарсы крепосте тұрған бар әскер мылтықтарын бұрып-бұрып төсей-төсей қояды.

1-татар жігіті. Тойғыздыңдар, түсіндік кім екендерінді!

Петров. Ақымақсындар сендер... Сендерге Фурмановтың қамшысы керек тағы да.

Партшколист. Болды. Таста қаруды!

Петров мылтығын төмен түсіріп, қабырғадан түсе береді. Секіріп бұрылып, каша жөнеледі. Өзге солдаттар Чебисовтерге қару төсеген қалыпта қала береді. Партшколист, бірінші татар жігіті Петровты қуа жөнеледі.

Партшколист (*қуып бара жатып сахна шетінде*). Тоқта! Иттей қатырам!

Петров (*даусы қырылдан*). Жоқ... жанылысасын... мен қатырам!

Мылтықты атады. Тезінен қарсы мылтық атылады. Соңғы партшколистікі.

Партшколист (*қасында татар жігіті, ақырын басып барады*). Ой ит. біл міне, кімге қол көтергеніңді...

## VII көрініс

Дәл осы уақытта сахнаға: Фурманов, Беляев, Шағабутдин, Барай-нок, Ерескин, Масанчин, Мәмедов, Бәрібаев, Қуатовтар шығады. Артынан үлкен бөрікті түрікпен әскері қайтады. Араларында татар, қырғыз, казак, өзбек, тараншы, дүнген жігіттері бар. Бұрын крепостен шыққан әскерлер, қарсыдан қаладағы, крепостегі қызыл әскерлер. Бұрынғы көтерілісші әскер шығады

**Фурманов** (*ортада Чебисов, кулактарды көрсетіп*). Алыңдар қаруларын! Алып кетіндер өздерін!

Аналарды қарусыздандырады. Мәмедов, Масанчиндер алып кетеді. Жұрт жабыр-жұбыр, қалғандармен келгендер араласалды.

**Ерескин**. Шағабутдин, сендер тезінен штаб, трибунал, особый отделге.

Олар жөңселеді, қастарына әскер ереді  
Телефон шылдырлайды. Беляев трубкуны ұстайды.

**Беляев**. Крепость, штабтан ғой! Қарабаев, Петровка! Қазір, шығып кетті! Ол сені жаңа керек қып еді, штабпен жалғаса алмады. Қазір өзі бармақ. Сонда тос. Тосасындар ғой, жарайды, жә, өзің неғып жатырсың?.. Билікке отырдым?.. Бұйрықты беріп жатырмын! Мұнда қалғандарын тегіс тапқызып жатырмын!.. Тегіс. Дұрыс... штаб, трибунал асты-үстіне шығарттым!.. Дұрыс, сал, сал ойынды! (*Тоқтап қалады.*) Қарабаев! Қарабаев! Қайда кетті? Кім? Сен кім? Быковский? Беляев, сен қайдан? (*Бұрынғылар күледі.*) Есенов, Өтеповтар бәрін де сонда арестке алдық, крепості біз де алдық! Алып кел! Бәрің де кел! (*Трубкуны қойып.*) Жолдастар! Бұл бүліншілік, бүлік те бітті! Бұзықтар ұсталып жатыр.

**Партшкoлиcт**. Әскерімен Черных бар. Сіздерді іздеп кеткен ол!

**Фурманов**. Мұнда қай-қай әскери бөлімдер бар?

**Бір қызыл әскер**. Біз бүліншілікке қатынасқан Жәркент батальонынан бәріміз де адастық, қателестік. Түсіндік. Қазірде енді айыбымызды жою үшін тезінен Ферғанаға жүргізулеріңізді сұраймыз.

**Дауыстар**. Дұрыс. Бұйрық... Бұйрық беріңдер!

**Фурманов**. Тағы кімдер бар?

**2 қызыл әскер**. Біз он бірінші полктың бөлімдер атынан келдік. Бірақ он бірінші бөлімдері түгелімен сіздер келместен бұрын-ақ қателескенін, ақымақ болға-

нын түсінген еді. Біз жергілікті кулактарға соқыр құрат болып кетіппіз. Бізді де жүргізіңіздер!

Дауыстар. Жүргізіңдер, жүргізіңдер, қатемізді Ферғана тауында түзейміз.

Әскер топ-топ боп келіп, шуласып коштап жатады.

Фурманов. Жолдастар! Жетісудың еңбекші елінен, бейнетқор крестьянынан жиналған қызыл әскерлер... Сендердің адасқандарың шын. Көздерің жетті...

Дауыстар. Жетті көзіміз. Адасқанымызды білдік.

Фурманов. Күншығыстың барлық езілген ұлттарынан құралған интернационал топ болып, дәл осы Алматы бүліншілігінің үстінде көрсетіп, танылып тулаған толқыны, қаулаған өрттей бүліншіліктен коммунист партиясының жол басшылығы арқасында қан төкпей, апатқа ұшырамай аман өттік. Осы сағаттан бастап, бұл бүліншілік бітті. Бірақ еңбекшінің жалпы жауы әлі де біткен жоқ. Әлі де алда көп тартыс. Соның бірі мына Ферғана! Енді центрдың бұйрығын орындап, Ферғанаға жүресіңдер!

Дауыстар. Жүреміз. Жүреміз. Бұйрық, бұйрық бер! Бәрі дұрыс, дұрыс айтасың!

Фурманов. Сендер жаңылдыңдар, адастыңдар! Ендігі міндет — сол айыптарыңды түзеу, барлық кеңес еңбекшілерінің алдында зор сынға түсіп түзеуде. Жасасын Ресейлік кеңес үкіметі! Жасасын Жетісудың қаһарман Қызыл әскері! Ура!.. Ура!..

Беляев. Жасасын бұрын езілген Күншығыс ұлттары! Жасасын бүкіл дүние, Октябрь, Кеңес үкіметі! Ур...ур...ур...ура!..

Көп, айқай, қызу ұран тоқтар кезде Ная, Мартынов келеді.

Фурманов (*Наяға қарсы жүгіріп, қатты қол сілкісіп амандасады*). Немене? Штабтансыңдар ма?

Ная. Быковский, Өтеповтер Қарабаевты...

Фурманов. Жә... қалғанын кейін істерміз, болды, Барайнок, Мартынов, сендер реттеп барлық Жетісу бөлімдерін Ферғанаға жүргізуге кірісіңдер, барыңдар!

Аналар жөнеледі.

Фурманов (*Наяға*). Сен қазір тез аппаратқа бар, Фрунзені шақыра бер! Бізді қазір келеді де. Келсе, әскер

әмірің бойынша айтылған күні Ферғанаға шықты деп  
рапорт бере бер!

Ная жөнеледі. Шағабутдин, Масанчин, Өтепов, Быковский келеді.  
Артында әскер, қарусыздандырылған Қарабаев, Жарболов, Сүлей-  
менов, тағы бірнеше әскери адамдарды алып келеді.

### *VIII көрініс*

Фурманов (*бас изесін*). Алып кетіндер! Мына-  
ларды жинаңдар! (*Ареске алып кетіседі.*) Масанчин,  
Шағабутдин, сендер тезінен тауға қашқан Черных пен  
қасындағы жолдастарын ұстап әкеліңдер.

Быковский. Хұп! Хұп!..

Фурманов (*жұртқа, биікке шығып айқайлап*).  
Жә... жолдастар! Бұл бүлік те, бүліншілік те осымен біт-  
ті. Үнді мағыналы, тәртіпті, өнімді еңбекке қайта бас-  
тық. Ал, әскерді жөнелтеміз!

Фурманов биіктен түседі. Жұрт Фурмановты уралап көтереді.

Дауыстар. Октябрь!.. Октябрь үшін!.. (*деп шулап,  
музыкамен алып жөнеледі.*)

Шымалдық.

# ТҮНГІ САРЫН

*Төрт актылы,  
алты суретті пьеса*



## КАТЫСУШЫ АДАМДАР:

- Майқан — «Жыландының» болысы. Олжай руының ең жуан аулынан, 40 жаста.
- Бибіш — әйелі. «Жүзтайлақ» деп атанған сұлу, 28 жаста.
- Нұрқан — болыстың інісі және кандидаты, 28 жаста.
- Кәрім (Кәкен) — қазқ адвокаты, ұлтшыл оқығандардың бас адамдарының бірі, Майқанның досы.
- Жүніс (Жүке) — оқыған. Қарсақ руынан. Жазғы демалыста елде жүрген қызметкер. Зор денелі, мықты жігіт, жасы 25—26-да.
- Сапа — мұғалім. Жасы 30-да. Галия шәкірттерінен.
- Жантас — кедей. Езілген аз ру, Борсақтан шыққан балуан, әрі мерген. Жас шағы болыс қолында жалшылықта өткен, жасы 30 да.
- Міржан — қалыңдығы, болыс аулындағы кедей қызы, 19-да.
- Ояз Қазанцев — қазақар, тіс қаққан, ескі ояз.
- Жұмажан — Мөржанның бауыры, жасы 17-де, болыс аулының биешісі.
- Сәруэр — мұғалімнің әйелі. Тағар қызы. Өзі де мұғалім. Пікірлі әйел, 28-де.
- Қыдырбай (Қыдыш) — болыстың оң қолы, партия басы, ақсақалы, руы Олжай, жасы 60 шамасында.
- Тәнеке — Борсақ руының өткір шалы, кедей, жасы 50-де.
- Ділда — Жанғастың шешесі, 50 де. Болыс үйіндегі малай қатын.
- Ісатақан — болыстың жылқышысы, тілеулес.
- Бөрбасар } Болыстың малшылары, бірінің аты Қыдырбай, екін-  
Бойбермес } шісінің аты Нұрқан еді. «Жүзтайлақ» жаман иттің  
аты «Бөрбасар» деп, екеуіне де өз иістерінің атын қойып, солай-  
ша атап жіберген.
- Семенов — подесаул Карательный отряд басыны (казак-орыс), офицер.
- Жігіттер, әйелдер, шал, әскер.

## БІРІНШІ АКТ

### Бірінші сурет

Болыс аулының сырты Шалғын. Аз ғана тоғай, бұлақ Жүзтайлак серуенге шыққан. Басында кара мақпал шапан, қолы толған алтын жүзік, жұмыр, жалпақ биезіктер. Құлағында алтын сырға — шеңбер сырға. Аяғын шайпаңдасады. Артын ала Мөржан құманын ұстап келе жатады.

### *Көрініс*

Жүзтайлак. Ей, қыз, неге үндемейсің?

Мөржан. Не айтайын мен.

Жүзтайлак. Не дедім мен саған? Неғып сазарып қалдың?

Мөржан. Айтсам да ауыр, айтпасам да ауыр... Енді айтайын!

Жүзтайлак (*паңданып, сырт қарап*). Бәсе айт, жетті енді. Бұрын көнбей келіпсің, енді міне мені салып отыр. Ол саған аз сыбаға ма?

Мөржан (*тамсанып*). Япыр-ай, жеңеше-ай, маған сен беріп тұрғандай сөйлейсің-ау!

Жүзтайлак. Күйіп кеткірдің зілдісің... Тілімді қайрайын деп пе едің?

Мөржан. Буынсыз жерге пышак салған соң қайтейін...

Жүзтайлак. Тоқтат енді қылымси бермей Мен айтқан соң буынсыз болмайды. Кімнен тартынасың? Біздің ауылдың буы ғой асқақтап тұрғаның. (*Тоқтап*). Не қыласың, сорлы! Мен айтқан соң өлдің ғой! Сөз сол.

Мөржан. Жоқ, жеңеше, бұл жерде тілінді алмаймын...

Жүзтайлақ. *(бастырмалатып)*. Немене? Кімнен әулие едің? Тең көрмей тұрмысың әлде, бекзада неме?

Мөржан. Жантастың көзіне шөп салмаймын.

Жүзтайлақ. Е, ол сенің көзіңе шөп салманды ғой *(кекетіп)*, көзің жеткен ғой, тегі! Жантас кімнің Жантасы? *(Сықылықтап күліп)*. Біліп пе ең?

Жүніс, Нұрқан шығады, екеуі де жақсы киінген.

### Көрініс

Жүніс *(қалжақтап, ойнап)*. Бәрекелді, жолы болар жігіттің дәйім жеңгесі осылай келсеші! Жеңешемдей болсашы! *(Бибішке үйіріліп)*. Әттен, дәурен!

Жүзтайлақ *(бұған салқын қарап, басындағы шапаның шығына түсіріп, зілмен)*. Немене тәйтіктеніп? Шырағым, байқа, құрбың бар ма мұнда?

Жүніс. Ойбай, жеңешетай, ренжіп қалдыңыз ба? *(Қысылып күліп)*. Менікі жай еркеленгенім еді!

Жүзтайлақ *(Нұрқанға)*. Ағаңмен екеуіңнің қасына ергеннің бәрі дәйім өстіп асып кеткенін сезбей қалады-ау, Мырза жігіт.

Нұрқан. Жеңеше-ау, асып не қылды? Кісі басына тын кісі сен емес қой. Несіне ұялтасың?

Жүзтайлақ *(тыңдамай, Нұрқанға)*. Койшы, Мырза жігіт... Әмісе орныңды ұмытасың!

Нұрқан. Ай, жеңеше-ай!

Жүзтайлақ *(жарыса)*. Мына біреу күң де тептүсың бола қапты, жауап қатып!

Нұрқан. Е, бәсе, Мөржанды айтсайшы! Мен десе аза бойы қаза тұрады. Тәрізі, қорықса керек менен. Не жазған кісі екем осы мен? Білдің бе, жеңеше?

Жүзтайлақ *(жақтырмай)*. Сөзіңе болайын!

Нұрқан *(жалт қарап)*. Апыр-ау, тағы не жаздық?

Жүзтайлақ. Ат-шапаныңды неге атамайсың одан да?..

Жүніс *(Нұрқанға)*. Тәйірі, Мөржан сенің тілінді қайырайын деп жүр деймісің, арадағы кісі жаңсақ айтып жүрген де!

Нұрқан. Өзім де солай ойлаймын, ең соңғы рет жеңешемнен айтқызғаным сол ғой.

Жүніс. Енді жеңешем салмақ салған соң болғаны ғой! Не сөзі бар?

Мөржан. Сіздерге ойын керек қой.

Жүніс. Бәрекелде, ойнамайтын, күлмейтін жастық бола ма? Ойынымыздан айырмасын, Мөржантай!

Мөржан. Қақпай тас ойнағандай.

Нұрқан. Ажар салатын жеңшем, айтқызатын мен. Сенің әлі де олқың бар ма осы?

Мөржан. Жөнге жұмсаса бір сәрі... Мазаққа...

Нұрқан. Менімен жақын бол деген саған мазақ көрінеді екен? Теңің емеспін ғой, тегі... Солай дерсің әлде? *(Күледі.)*

Мөржан. Арам жүріске не деп мээ болайын, мазақ демей...

Жүніс. Махаббат, жастық, онда арам, адал деген болмайды, Мөржан. Ондай сөзді қой сен!

Нұрқан *(кекетіп)*. Әлде нақ сүйерім болмақ шығарсың. *(Күліп.)* Әлемнен асыпсың ғой, сен!

Мөржан. Әркімнің өз нақ сүйері бар шығар.

Жүзтайлақ. Көргенсіздің сөзін...

Мөржан. Сізге тең болмағанмен өз теңім табылар.

Жүзтайлақ. Шатқызба енді мынаны...

Жүніс *(Нұрқанға)*. Не понимает, дура!

Кетеді.

### *Көрініс*

Жүзтайлақ *(жалғыз)*. Сені адал қатын, жақсы қатын дегізіп, онымен тәтті дәурен сүргізіп, тыныш қарап отырармын мен. Сіңірі шыққан күн, менің иығымнан түскенге сен неге місе қылмайсың! Мырза жігіттен қалған сарқытқа Жантас неге шүкірлік етпейді? Болыс төсегін арамда да, өзіңдікін тағы амандап қал. *(Кекетіп күліп.)* Жок, шырақ, өйтсең ойын бұзылады *(тоқтап)*, Жүзтайлақ сүйсе де тістеп сүйіп әдеттенген.

Жүніс қайта шығады.

### *Көрініс*

Жүніс. Жеңеше, айтпасам ішке қату боп байланады.

Жүз тайлақ (күліп). Енді қату деген сөз шықты ма?

Жүніс. Я, теріс пе?

Жүз тайлақ. Бұдан бұрып «өрт еді, уланды, дергтенді» деп едің. Енді мына бір пәлесі тағы шықты. Оси сіздің ішіңіз-ақ ластан арылмайды екен! (Күледі.)

Жүніс. Соққыңыз қатты, неге аямай серпесіз?

Жүз тайлақ. Олай болса ашулансаңызшы! (Күледі.)

Жүніс. Ынтықпын, сондықтан ашулана алмаймын. Аямасыз ба?

Жүз тайлақ. Бала, не қыласың бізбен ойнап? Жығылып қалсаң мұрның қанайды (күледі). Жылап жүрерсің...

Жүніс. Сонда да талмаймын. Бәрібір сізсіз атар таң, шығар күн жоқ. Қаната, жылата бер.

Жүз тайлақ. Біздің сын ауыр келеді... Бұғанан қатпаған. Салмағым салсам майысып қаларсың.

Жүніс (жақындап). Тымқұрмаса саусағыңның ұшынан бір сүйейінші. (Ұмтыла береді.)

Жүз тайлақ (зілмен). Тарт... (Анау тоқырап қалады.) Өзің айтшы (күліп), немененс қызығайын? Көя берген шашыңа қызығайын ба әлде? (Күледі.)

Жүніс. Япыр-ай, қорламасаңызшы, сынаңызшы. Сүйгендігім үшін отқа түс десеңіз отқа, суға десеңіз суға түсейін.

Жүз тайлақ. Батыр, осы у, от дегенді қойшы. Мен бір көрікші ме едім, «отқа сал да суға сал» деп қара темир ұстағандай (күледі).

Жүніс. Не деген нұрлы, не деген сиқырлы! Бірақ неткен алыс сұлу. Дариға оң көзіме ілінетін күн болар ма, жоқ па?

Жүз тайлақ (қарап тұрып, аз емексігендей болып, жақындап күліп). Жарайды, сынайын... Бірақ асықпайсың, көп сынаймын, төзесің. Біздің көмей үлкен көмсі, бала... Өкініп жүрме тек.

Шығады. Артынан қуанып Жүніс те кстеді.

## Көрініс

Жаңтас пен мұғалім шығады.

Мұғалім. Ие, қиын күн туды. Сын кезен. Милләт халі мүшкіл.

Жантас. Алғаш, алады дегенге бір-ақ ай өтті. Енді міне спескі.

Мұғалім. Ел өзі мына Майқанмен сөйлесті ме?

Жантас. Ел Майқанды сөйлеспей-ақ біледі ғой. Жалғыз-ақ, осы сіз қалайша дәме қыласыз? Сонымызды айтсаңыз екен!

Мұғалім. Қалайша деп, өзгені қойғанда оның да жан күйері бар емес пе? Қия ма?

Жантас. Жан күйерінен бірде-бір кісі кетпейді. Орналастырып жатыр.

Мұғалім. Қойшы!

Жантас (кекетіңкіреп). Бәрекелде, өте жақын адамдары тіпті спесіктерде жоқ, ал.

Мұғалім. Өзге елді, көпті қайтеді? Кіммен кісі болып отыр?

Жантас. Көп дейсіз бе? (Күліп.) Көпке сеніп қора салғызып жатыр, ұқтыңыз ба?

Мұғалім. Қора дейді, о несі?

Жантас. Биыл мал көбейеді. Бұрынғы қора тарлық қылады дейді Тыңнан. Борсақ жерінен мал қора салғызғалы жатыр.

Мұғалім. Гажап. Менің күтпеген характерім бұл кісіден. Онсыз да Олжай сіздің елді жылатумен келмеп пе еді? Бұл әлі осындай ма еді өзі?

Жантас. Жылату ма? Борсақ, Борсақ емес, бұларға бауырсақ қой.

Мұғалім. Хикмет, бұ да көп болыстың бірі болғаны ма?

Жантас. «Ұлықтан шен алып, дәреже де алып отырған бай, болыс әр жерде өз елін сатып отырады»— деп өзіңіз айтпап па едіңіз? Мен сол сөзіңізден бері қарай, тап осы Майқан болыстың басқан ізін бұлжытпай танитын болып едім.

Мұғалім. Әлде, сен бір-ақ жағынан қарайтын шығарсың? Бұл газет оқиды, пікірлі адам, Кәкендей адвокат, милләтшіл, басшы, оқыған досы да бар.

Жантас. Дос емес, сол адвокатыңыз Майқанмен қыз беріп құда болмақ дейді ғой.

Мұғалім. О да гажап екен... Қалайша? Бұл өзгерлерден бөлек болса керек еді ғой.

Жантас. Мен сіздердей көзі ашық адам емеспін, бірақ ер батқан соң жорғалық шығады. Біз болыстың

айласы мен салмағы арқамызға аяздай батқан елміз. Сондықтан көргішірек болған шығармыз.

Мұғалім. Онда елдің басшысыз болғаны ма? Жоқ, ең болмаса, ана адвокат Кәкеңнің пікірін білу керек.

Жантас. Оны өзіңіз сынаңыз... Әйтеуір елдің шыдамы таусылып барады.

Мұғалім. Ел не істей алады?.. Адасады ғой сорлы!

Жантас. Бәрібір тасты жапалаққа ұрсаң да, жапалақты тасқа ұрсаң да жапалақ деген. Елге де сын, басшыға да сын болар.

Мұғалім. Мүшкіл, мүшкіл хал.

Жантас. Мұғалім! Мектебіңізден оқымасам да қасыңызда жүріп көп тәрбие алып едім. Туған әкемнен көрмеген ұстаздық көрдім, тіпті көп алғыс айтам осы үшін...

Мұғалім. Бар болғыр, оның несін айтасың? Мен де сенің ерлігіңді көз алдыма тұтып жақсы көрмеймін бе?

Жантас. Бәрекелде. Жақсы айттыңыз, ендеше бір нәрсе сұрайын.

Мұғалім. Сұрама деген кісі бар ма? *(Күліп.)* Сен немене саптаса сатып?

Жантас. Ендеше өзгені қояйық, осы өз басыңыз кіммен боласыз. Ел сізді біледі. Жақсы көреді. Сіз болсаңыз болады...

Мұғалім. Мен бе? Ойлану керек. Кәкеңмен бір тілдеспей болмайды. Бірақ түбінде ел қажығалы, қайғылы бір халдің үстіне келіп, болыс бір бөлек, көпшілік бір бөлек кететін болса, мен әрине сендермен, көпшілікпен болармын.

Жантас *(жылдам басып мұғалімнің бір қолын екі қолымен қысып сілкіп)*. Бәрекелде!.. Менің естімегім осы еді...

Мұғалім. Сенің түбің Борсақ болғанда менікі де сонан қашық емес қой. Болыс емес, жыныстасым сенің ғой.

Жантас. Аузыңнан айналайын, мұғалім-еке! Өзің айтқан сорлы елің жылағалы тұр. Соның көз жасын сүртер болсаң жынысыңды ақтағаның.

Осы кезде сырттан Мөржан даусы шығады. Жантас, мұғалім тыңдайды. Аздан соң Нұрқан Мөржанды қуа шығады. Алыс-жұлыс.

М ө р ж а н. Шыбын құрлы болма дейсіңдер ме? Шыбын да жанын қорғайды! Көнбеймін қорлыққа. Қорлыққа көнгенше өлгенім артық.

Н ұ р қ а н. Күн, қатыным болғанға неге қуаңбайсың, сен күн. Осы сені менің қолымнан кім алады.

Нұрқан ұстап сүйе берем дегенде, Жанғас шығады. Артынан мұғалім, Жүзтайлақ, Жүніс шығады.

### К ө р і н і с

М ө р ж а н (*Жантасқа қарай жүгіріп*). Жантас-ай, ниеті қалай еді мыналардың!..

Ж а н т а с (*қарап жіберіп, жайды ұғып*). Нұрқан мырза, бұл не ойлағаның? (*Жүзтайлақ сазарып түйіле қарап тұрады.*)

Н ұ р қ а н. Жарайды, сен таусылатын ештеме бола қойған жоқ әзірше...

Ж а н т а с. Е, басыңа ойнақтасам да көтере бер дейсің ғой!

Н ұ р қ а н (*Жүністен темекі алып тартады*). Айтып тұрғаның не өзі.

Ж а н т а с. Ұқпай тұрған шығарсың?

Н ұ р қ а н. Ал ұқтым. Сонда Борсақтың қызын аяйын деп не ең менен?

Ж а н т а с. Борсақтың қызы. Борсақтың қатыны, оған есе-теңдік болушы ма еді дейсің ғой.

Н ұ р қ а н. Жә, тіл-жағыңа беземей! Сенімен шешендік салыстырар уақытым жоқ.

Сәрур шығып тындап тұрады, қолында гүл, роман.

### К ө р і н і с

Ж а н т а с. Салғыласар уақытым жоқ! Өйткені уақытың біреудің қалыңдығын жұрт көзінше масқаралауға кетіп жүр ғой. Әттең, астың-ау, бірің болыс, бірің кандидат болып ап.

Н ұ р қ а н. Не айтады мынау? Не естіп тұрмын? Мұғалім, сенбісің мынаны құтыртып тұрған?

М ұ ғ а л і м. Мен емес екенімді білесің, Нұрқан мырза. Бірақ сіздің мінезіңіз дұрыс емес. Сіз ел ағасы аламысыз,



Жүз тайлак. Мүгалім, Борсақтың сойылын сен де соғайын деп пе едің?

Мүгалім. Бұндай хиянатты менің мәслягім көтермейді.

Жүз тайлак. Мәстегің көтермесе жайына жүр. (Жүніс мәз болып күледі.) Әлде маған, сен көтеретін жүк емес екені рас.

Жантас. Мың асқанға бір тосқын деген. Күн бір жауса, терек екі жауып... Онсыз елдің жылауы, дерті аз боп тұрған жоқ бұл күнде. Мынадай қан жылап тұрған күнде көзге шұқымасандар етті тымқұрмаса.

Нұрқан. Күннен қорқасың ба? Ендеше тіліңді тый. Әйтпесе епті неме, кетерінде өңгере кетерсің оқошқа.

Жүніс (келіп). Жантас! Сен ақымақ болғансың-өй! Құдай деп айтайын түк те болған жоқ. Әншейін қалжыңға ыза боп даусын шығарып жүр Мөржан. Және мен бар емеспін бе? Мені құрай көремісің өзін? Тапа-талтүсіге саған жаманшылық істетіп қояр ма ем мен (Естірте.) Бар жолына. Бол, доғар сөзді! (Жылдам басып Нұрқанға кеп.) Итті алдамасам болмас. Сыр берме, неқыласың! Бөгеу бола береді, қайтейін деп ең. (Күліп арқаты қағып.) Пай, батырдың тұқымы. Мықты екен балалары, жігіттікті де осылай кесек істейсіңдер-ау.

Кетеді.

Жантас (кетіп бара жатқан Нұрқанға). Қап-қап, болмас. Борсақ болғалы көрген қорлығымның үлкені дермін осыны, Нұрқан мырза.

Жүз тайлак (Жантасқа). Жә, сенікі не әлі осы? Мен Мырза жігіт көзінше үндемедім, не дедің осы сен?

Жантас. Бәсе, сен не дедің? Өзің пе, қаспысың, доспысың?

Жүз тайлак. Менікі сол, не десен о де! Саған адал қатын керек... Өзгенің не дәті шыдайды екен?

Жантас. Өзгенің еркі өзінде, ерікті кісі не тілесе соны істейді. Онда менің жұмысым жоқ.

Жүз тайлак. Не дедің? Сен еріксіздікке ұшырап жүр ме едің? Еркінді алып жүр екеміз сен, тегі! Кімді қиып, кімге ара түсесің?

Жантас. Онсыз да еркі аз адамға істеп жүрген зорлығың аз емес, соны айтам! (Мөржанды көрсетіп.) Мыналарың сол ғой.

Жүзтайлақ Ендеше менен әулие ме еді. Борсақтың шөп желке қызы?

Сәруэр (*ашуланып*). Уллаһи, бұ нинди хиянат! Әйтәрсін әллә нинди ханша. Ниләр сүйли.

Жүніс. Сәруэр, қойсаңшы сен! Айт-үйт жоқ, немеңе бас-аяғың білместен.

Сәруэр. Шаярмаңыз сіз! Біләм шу мен. Біләмәңда, мына сіз білмисіз!

Жүніс. Нені дейсін өзің?

Сәруэр. Һәммәсін... Алар итақ та рәнжітә Мөржәһни!

Жүзтайлақ (*Жантасқа қадалған қалпында*). Жауаптаспақ екенсің ғой. Ендеше алдымен маған жауап бер. Кімді әулиесітесің? Мен кім, ол кім еді?

Жантас. Ендеше сені мен зорлағам жоқ. Онсыз да күйіп жүрген адамбыз, күйдірме, білдің бе?!

Жүзтайлақ. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас», өзіміз-ау жал бітірген.

Жантас. Олай болса маған, малға бөккен бай қатыны, өзін тілегенсің.

Жүзтайлақ (*қатты ашуланып*). Ендеше, өжет неме оны да айтарсың, шын саттың ба мені Борсақтың сасық қызына (*Жантас үндемейді*).

Мөржәһ. Ойпыр-ай, не сұмдық айтып тұр мына кісі? Жантас-ай, елім бе ең, жауым ба ең, тегі! Не дейсің, неге үндемейсің?

Сәруэр. Әя, синің ярың икән әйтсін ул хазір, күндайым нинди қорлық, аһ Жантас, нинди сін хиянаттың! Мөржәһ әллә сінған сунди кішіміни?

Мұғалім. Сәруэр, саған не болған? Жындымысың?

Сәруэр. Қирәкми сөзің, жінни сен Шунди аждаһа хатышға міні сатырға Мөржәһни!

Мөржәһ. Жантас, мендік болсан жауабың бар, басымды әуре етпе. Онсыз да көрген мазағым аз боп па? Өзіңді базарға сап саудалатайың деп пе ең?

Жантас. Шын айтамысың?

Мөржәһ. Жүзтайлақтан көрген тәпкім аз ба ең? Азар болса өртеп жіберер, өзі тілеп тұр ғой, мен де тілеймін, айт айтатыныңды.

Жүзтайлақ (*тайқи беріп Жантасқа*). Сүйгенімнен күйіп тұрмын-ау! Аяғыма отырғызып па ем өзгені? Қадір білгенің осы ма, сен тексіздің?

Жантас. Жүзтайлақ, бүйтпес едім, қылығың асты.

Ендеше Мөржан менің жарым. Бұл маған әрі жар, әрі дос. Саған мен бір түндік. Олай болса, өзің қандай болсаң мен де сондай. Сеч де маған көптің бірісің. Сен деп есімнен айрылғаным жоқ, білдің бе? Қанжығаңда кетейін бе?

Жүз т а й л а қ (*қатайып ап*). Ә, солай ма? Асылың сол ғой? Ұстасқан екеміз ғой, кiна өзіңнен. Бір жолғы спискеге кіргізбеген мен едім, енді міне кеткенінді бір-ақ білерсің, көрермін өзгесін.

Ж а н т а с (*Бибішке*). Қылдан тайсам ерегісетінінді білемін, осыған жеткенің жеткен-ақ. Бірақ көріп алдым, Қайтейін.

Мөржанды алып кетеді.

### К ө р і н і с

С ә р у ә р (*Жүніске*). Нинди зур сөзләр сүйли, бу йүз түйә?

Ж ү н і с. Ой, Сәруәр-ай, оны айтасың ғой.

С ә р у ә р. Инді нені әйтіргә. Якші болса йүз түйә дигән исімгә қорлансашы. Адамзатты йүз түйә диләр, бір-бірі сатқан, икіншісі сатып алған, ә ул. Подумаешь важничаает! Ишкәкі, йүз түйәгә сатып алған уны!

Ж ү н і с. Тәңір-ай, сол сөз бе екен?

С ә р у ә р. Ну, инді ни кирәк сиңә. Атан башымыни шул?

Ж ү н і с. Жантаспен жақын екен ғой, ойбай? Осынша қол жетпестей асыл шынар! Аяғының ұшына жанды отыртпаған такаббар сұлу! Таңдағаны, талғағаны мынау ма еді? Жантас құрлым бағым жоқ, шын-ақ жолсыз ба едім тәңірі мен?! (*Бекініп*). Жоқ, олай болмасын. (*Тез-тез басып шығып кетеді.*)

С ә р у ә р (*бұның сөзінің тұсында таңданып тұрады да*). Қаһар, әллә нинди шиғыр оқимыни десем... Сихырланған бит мұнысы да!

Артынан кетеді. Мұңайып отырып қалған мұғалім. Ол Бибішті тамашалауда. Бибіш иығында шапаны, мұңды, ашулы түрмен жүдеп отырып қалған. Енді ғана серпіліседі.

## Көрініс

Жүзтайлақ. Япыр-ай, не жазып едім мен мынаған, мұғалім! Кем басын теңге алғаным, сүйгенімнен жаздым ба? Өмірі мұндай қорлық көріп пе едім? (*Жылап жібереді.*)

Мұғалім. Бибіш ханым! Ұғыспағандық қой! Жестықта болады ғой. Бірақ сүйген жүрек, жастық махаббатты (*күрсініп*). Әсіресе соның ішінде сіздің махаббат, сіздің ықласыңыз қандай асыл, қандай нұр, нәзік сөй болар еді.

Жүзтайлақ. Ұқты ма, бағалады ма соны? Лақтырып, серпіп кетпеді ме? Менің осы ел ішінен жаныжалғыз таңдап алғаным сол емес пе еді?

Мұғалім. Сізді сүюші аз ба? Білсеңіз еді кімдер сүйетінін.

Жүзтайлақ. Сүйгенімнен көргенім мынау ма? (*Ашуланып.*) Бірақ енді өкінбесін! Таңдайына татырармын. Үйелменімен өртемесем Жүзтайлақ атым құрысын. Таңдағаны Мөржан екен ғой. Оны Мырза жігітке күн қатын қып әпергенімді көрерсің. Осы сертіме сен куә бол, мұғалім.

Мұғалім. Олай деменіз, шын махаббат рахымды, кешірімді болады. Жантасқа кек ойламаңыз.

Жүзтайлақ. Адыра қалсын махаббат. Ар-намысынан садаға.

Мұғалім. Құрметті Бибіш ханым! Не қылған сұлу, не қылған нұр сәулесіз. Ашуланған жүзіңізден де нұрдан басқа еш нәрсе көре алмаймын. Сіздің нұрыңыздың бір сорлы тұтқыны менмін, білермісіз? Көз саларсыз ба?

Жүзтайлақ. Мені сүйген кісі менің сойылымды соғады.

Мұғалім. Жаным, сіз осы сөздерді айтқан сайын тұңғық аспан жұлдызындай болып менен алыстап бара жатқан сияқтысыз. Рахым етсеңіз болмай ма? Бір назар тастасаңыз еси пендеге тірлік қуатты болмас пе еді?

Жүзтайлақ (*қатты*). Мұғалім, қойшы күйіс қайыра бермей. Ана құманды ал онан да.

Мұғалім (*селк етіп, қатты күйініп*). Не дедіңіз, не деген күпірлік?

Жүзтайлақ (*күліп*). Сынға толығыз, солай болады...

Мұғалім. Мені надан құрым санадыңыз ба?  
Жүзтайлақ (күліп). Ана құманды алыңыз дей-  
мін.

Қолымен нұсқайды, мұғалім құманды алып ұстап тұрады. Ділда шығады.

### Көрініс

Ділда (Бибішке жақындай беріп). Болыс пен Көкең кеп қалды екі пәуескемен. Келін қарағым, ауыл әбігер болып жатыр.

Жүзтайлақ. Жә, болды, ел қашты, жау жетті демей! Әбігер боп, қонақ көрмеп пе ең? (Жүре береді.)

Ділда (мұғалімге). Қарағым-ау, Нұрқан ашула-  
нып кеп Борсақ деп ауылды бүріп жүр. Жантас бірдеме  
есті ме деп шошып жүрмін, күн жаман боп барады.  
Аман ба еді біздің жалғыз?.. Өзінді ылғи ес көреді, қа-  
рағым!

Мұғалім (серпіліп). Шеше, ә, еншейін... Ә, дәнеңе  
жоқ. Е, әлгі кеткен бе?

Қолындағы құманды көтеріп қарайды.

Ділда. Қарағым, маған берші мына адыра қалғы-  
рын, не қылайын деп ең бұнысын ұстап әлдекімше... Ой-  
бай, паң ғой бұл Жүзтайлақ, сиқыр ғой... Әдейі бір қы-  
ры ғой саған істеген... Бекер ұстағансың ғой, қарағым,  
соңыңнан қалмайды сонан соң. Бері әкелші, бермен.  
(Алады, кетеді.)

Мұғалім (жалғыз аңырып қалып, артынан).  
Я, пірәдәр түсіндің бе? Бұл әйел нендей жыртқыш! (Ба-  
сын изеп, бәйітше.)

Ей, Сұлтани Махмуд, не қылар сәп!  
Мәгәр халқында юқ болса вахбуд (әндетіп).  
Жас бала жайып саусағын!..  
Талпынған шығар айға алыс!..  
Міне сәңә дәріс әпендім!..

Шыға береді.

Шымылдық.

## Екінші сурет

Болыстың үйі. Жасаулы сәнді кілем, тұскиіздер, үлкен варшава кровати. Төрде ақ жастықтарға шынтақтаған адвокат Қәрім. Ақ көйлек, қара желетке, алтын сағатты. Төсек жанында Бибіш, оң жағында Қыдыш, Бибіштен төмен Нұрқан. Ол үлкен тегендегі қымызды сапырып құйып отыр. Бибіш Кәкеңнің аяғына қымыз құйғызып өзі ұсынып отыр.

Қәрім. Бибішті де ренжіткен екен ғой бұл ел...

Жүзтайлақ. Жоға деймін, тіпті малшы, қосшымызға дейін құтырғанын айтамын-ау.

Қәрім. Кімдер осы? Осы елдің әбігерін бастап жүргендер кім өзі?

Жүзтайлақ. Кім деріңіз бар ма? Ауызға алар біреуі де жоқ!

Қәрім. Жоқ, сонда да бірі бастап, бірі еретіні болмай ма?

Нұрқан. Е, көп шуылдақ, көп суыр, малшы, қосшы. Өңшең елден шыққан келімсек, қырық ру.

Қыдыш. Онысы рас, соған сол жігітім кете ме деген тәуір елдің өзі де құрық бергендей! *(Ділда кіреді.)* Әттен, қолды байлап отырған сол ғой.

### Көрініс

Жүзтайлақ. Ей, қатын, қазаныңды баптап қайнат, балаң ұлық боп жеткенше жұмсай тұрайық әйтеуір. *(Кекетін.)* Бір басшысы мына өзіміздің кемпірдің баласы дейді, Кәке.

Қыдыш. Көбі осындай, осы өзіміздің ығымызда жүрген адамдар. Тіпті пәлен дейтіні жоқ ішінде.

Қәрім. Бишаралар, босқа сорлайды ғой.

Нұрқан. Жол біліп, жөн сілтері жоқ, бір сор түртіп жүр, не қыласыз.

Жүзтайлақ. Ажалды киік адырға деп, қаза түртіп жүрген де.

Қәрім. Қаза екені рас. Қазіргі жаза қатал ғой. Тоқтатпай болмайды. Обалына қалармыз бос қырғызып.

Ділда. Құдай-ай, сактай гөр. Қарағым-ау, жарығым-ау, айтсаңшы, Нұрқан-ау, күнім-ау, құрбысы емес пе ең, тыйсаңшы!

Жүзтайлақ. Олай дегенше ана түлен түртіп жүрген балаңның өзіне айтсаңшы. Бізден кетіп, дәм-тұзы аттап, жолы болар деп пе ең?

Д і л д а. Сәулем-ау, менің ол қырсыққа ертелі-кеш қақсағаным осы емес пе?

Н ұ р қ а н. Жоқ үндеме, жеңеше, дегеніңе барсын, не қыласың? Мойны қайрылғанын көрейік. Қайта қоя бер.

Қ ы д ы ш. Дастарқан аттаған оңбас. Кемпір, осы баламен жетім-жесір боп қалғаныңда, осы үйге әкеп, осы Майқанның етегінен ұстатқан мен едім. Бізде қарызың жоқ еді, байғұс. Тағы бір достық айтайын. Жынданған бала жындана берсін, тап өзіңе айтарым, осы босағадан өлігің шықсын. Тапжылма, не қыласың, байғұс. Мына Бибішімді күте бер. Айтқаныңа тоқтамаса ана жыңды балаға қарғысыңды айт.

Д і л д а. Садағаң кетейін, қарағым... Айтайын мен оған, айтайын... Бірақ тілімді алмайды, менің өлігімді осыдан ал деп тағы айтайын.

Ж ү з т а й л а қ. Бәсе, сенің тіліңді алып, сені аяй ма ол.

Д і л д а. Аямайды, аямайды, ойбай, ол қу жалғыз, бишара! Бірақ, тілін алса алатын бір кісісі бар, соны гапа бір айтсам деп ем.

Қ ы д ы ш. Айтсаңшы, байғұс-ау, оның несін іркіп жүрсің?

Д і л д а. Ендеше, әлгі мәлім бар ғой... Мәлім, молда, әлгі осындағы Сапа. Сол айтса тоқтар еді деймін, содан жанын аямаушы еді...

К ә р і м. Онысы кім?

Қ ы д ы ш. Мұғалім! Тегі, соған сіз бірдеме айтып қоймасаныз болмас өзі, тәрізі мынаның мына сөзінің жаны бар.

Н ұ р қ а н. Шақыртшы сол мұғалімді.

Ж ү з т а й л а қ (*кемпірге*). Бар, болды енді! Мұғалімге хабар қылдырт, біз шақыртады де!

Д і л д а. Қарақтарым, қойғыза көріңдер енді, ұлықтың теріс хатына іліндіре көрме, қуатым, Кәкетайым (*жылайды*).

Н ұ р қ а н. Бол енді, айттың ғой, жүре бер (*кемпір кетеді*).

К ә р і м. Өзі, бір кемпірдің жалғыз баласы екен, бұндайлар мына списокке ілінбесе керек еді ғой.

Н ұ р қ а н. Өзі ілінгісі келген соң бола ма?

Ж ү з т а й л а қ. Ілінбейтін қылығы бар ма?

Болыс кіреді.

## К ө р і н і с

К ә р і м (*болыс отырған соң*). Немсе, Майқан, не хабар бар?

Б о л ы с. Отқа түсер деймін, бұл жынды көбелек құсаған есалаң ел, список тексермек дейді.

Н ұ р қ а н. Е, соған ұсағандар аз деймісің? Мына көрші болыстар: Қарабұжыр, Көксуда да осындай илан басталыпты дейді. Береке-бірлік десе қандай табылмас еді. Әрекеге шұрқырасып, табысып жатқанын көрмеймісің?

Қ ы д ы ш. Құтырар бұл Борсақ, Қарсақ, сауығын алғызайын деген екен, бір шайнап тастамаса болмас тегі осыны, бәлемді.

Б о л ы с. Борсақ, Қарсақ құтырып не қылар дейсін, тұтас тұрса қалың Олжайға не қылушы еді? Тегі, өзге елдің таразысын бақпай болмас. Өзі тұтасып, ұласып бара жатқан сияқты.

Н ұ р қ а н. Өзге елді Қыдыш екеуіңіз қолға алыңызшы, дәл Борсақтың әптігін өзім басапайын. Төнеке, Жантастық жын өзімнен де табылады. Байлатып алса деп отырмын қазір екеуің.

Б о л ы с. Оны қой әзірше, шырға керек. Болмайды.

Мұғалім кіреді.

## К ө р і н і с

Қ ы д ы ш. Мұғалім, мынау ел сенің тіліңді алады дейді. Кәкең болса, міне келіп отыр. Не ойлағаның бар сенің осы? Тиясың ба, жоқ, қырылсын деймісіңдер осы қазағың? Біреуден біреу желік алып, міне пәле ұлғайып барады десіп отыр, міне!

М ұ г а л і м. Сіздің бұлай деуге қандай қақыңыз бар! Елдің басшысы мен бе екем? Сіздер емес пе?

Б о л ы с. Мұғалім, қашыртқыға салғыңыз келе ме?

М ұ г а л і м. Мен түсінбеймін!

Б о л ы с. Тоқтау айтыңыз. Сіз айтсаңыз тығылады дейді. Әне, ерттей қаптап келе жатыр.

М ұ г а л і м. Бұларыңыз маған мәжбүри реуейште қойылған мәселе ме? Шарт па? Немене өзі, болыс әпәнді?



Кәрім Жок, сіз де, біз де осы елдің бір жарасын емдеуге мәжбүрміз, солай емес пе?

Мұғалім. Әлбәтгә!

Кәрім. Сіз көбіне таныс болсаңыз, тіліңізді алса, араласыңыз, мұны мен де қажет деп білемін.

Мұғалім. Бұл бізге сын ба өзі, тегі? Жок, жай тегі, ең қамын ойлау ма?

Жүзтайлақ (*күліп*). Сын десе қашайын деп не едіңіз, мұғалім? Сын дегеннің тандайыңызға татығаны бар ма еді әлде? (*Күледі.*) Қадам баспай жатып саудаласқан сияқты боп.

Мұғалім. Жок, Бибіш ханым! Көп тілегі сол болса, мен сөйлесуден тартынбаспын. Бірақ тәсірім болар деп сенбеймін.

Кәрім. Не де болса араласу керек, сөйлесу қажет.

Мұғалім. Кәке, сіз шаһардан келдіңіз. Менің сізге бірнеше сәуәлім бар.

Кәрім. Айтыңыз...

Мұғалім. Осы мәселеде өз пікіріңіз қалай? «Қазақ» газетінің пікірі қалай?

Кәрім. Бар үлкен қалалардағы қазақтан шыққан зиялылармен хат алысып отырмын...

Мұғалім. Я, соны айтыңызшы! Мен үлкен дағдырыста жүрмін.

Кәрім. Ол азаматтардың пікірі, менің пікірім бәрі бір...

Мұғалім. Не дейсіздер?

Кәрім (*күліп*). Халыққа айтамын, сонда естисіз.

Мұғалім. Мақұл, айыпқа бұйырмаңыз.

Кәрім. Еш нәрсе етпейді, мұғалім... Жалғыз-ақ, сіз өз жағыңыздан мына ел басшылары айтқан сөздің жөнін айтып көріңіз...

Мұғалім. Ел үшін қажет пе сол?

Кәрім. Қерек.

Жүніс кіреді Бибіштен төмен кеп отырады.

Қыдыш. Жақсы келдің, Жүніс шырағым. Олар Бұрсак болса, сен Қарсақ, әрі оқыған азаматсың.

Жүніс. Я, не бұйырмақ едіңіз!

Жүзтайлақ. Дұрыс, бәсе осылай сөйлемес пе жас жігіт!

Қыдыш. Мен соларға қарсы сені қосам ба деп отырмын.

Жүніс. Қосам дейсіз? Бұл өзі бәйге екен ғой, тегі...  
Қыдыш. Қарағым-ай, сейіл де — сейіл, сергелден де — сейіл емес пе? Ойында озған, шында да озады. Кел, Жүке, осыны екеуміз бәйге қылайық.

Нұрқан (*Бибішке*). Ал, Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Женеше, балуаның қайсысы, бәйгеңді тік.

Болыс. Қой бұл ойын емес, шын ғой, әзілді қойыңыздар.

Жүзтайлақ. Әзіл емес, біздікі де шын. Мен өзім көптен осы Жүкең деген кісімін. (*Жүніс қарайды.*) Оны өзі біледі.

Жүніс. Мазақ болмаса көрерміз, жеңеше.

Жүзтайлақ. Мазағың не? О не дегенің?

Ділда кіреді.

### К ө р і н і с

Нұрқан (*қасына таман ымдап шақырып ап*). Кемпір, айтпай істесем қарыз болар.

Ділда. Қуатым, айтып өлтірсеңші мен сорлыны.

Жүзтайлақ. Бәсе, білдіріп қой өзіне.

Нұрқан. Ана келе жатқан елдің ішінде балаң да бар дейді. Міне, не ол елді де тоқтатып, өзі де тоқтайды. Немесе осындағы келініңді де бұйыртпаймын, білдің бе? Балаңнан бір, келініңнен екі айрыласың... Міне, айттым да қойдым...

Ділда. Қарағым-ау (*Нұрқан мен Бибішке*), қолдағы бишараң емес пе ем! Не қыласың! Менің зәремді алып? Жалғыз жұбанышым сол Мөржан емес пе? Қарақтарым...

Нұрқан. Ә... Солай ма? Бәрібір мен күнәлі болмаймын...

Жүзтайлақ. Әлін білмеген әлек деген сол болады, кемпір.

Сырттан шаң-шұң шығады.

Болыс. Қелді ғой! (*Қыдышқа.*) Үстімізге кіргізіп отырамыз ба басынтып.

Қыдыш. Кірмесін, түге. (*Дауыстар.*) Сый қонақ бар мұнда..

Жүзтайлақ. Төрімізге шығарып, төбемізге ойнатушы ма едік? Әкелменіздер Кәкеннің үстіне.

Болыс. Қайда Шатақан! Шатақан! Бұнда кірмесін, тысқа түссін демеп пе ек, қайда жігіттер!

Нұрқан. Тәйірі, немене өзіңіз ыққан кісідей, қымтанып.

Кәрім. Бәсе, немене бұл өзі, қорқушы ма едік өз елімізден?

Шатақан (*тыста есік алдында*). Уа, бұнда кірмендер... Сый қонақ бар! Құда бар, Кәкен!

Дауыс. Болсын. Сол Кәкенмен сөйлесеміз, кіреміз

Нұрқан (*есікке таман барып, ақырып*). Бұл не бассыздық?! Шығамыз казір, түссін тысқа!

Тәнеке, Жантас, Борбасар, Бойбермес кимелей басып кіріп келеді, арттарында Шатақан бажылдайды, көп елдің кәрісіп келіп тұрғаны көршеді. Нұрқан кейін басады.

### Көрініс

Тәнеке (*кіріп тұрып*). Құба құстың тұмсығы етіне тисе, атаңның төрі түгіл көріне кірерсің, кір, жігіттер!

Жігіттер сыймай есікті кернеп тұрады. Мәржан, Сәруар да кірсең

Төбеме көтере-көтере болғанмын, әулие тұтып. Аманбысын, Кәрім мырза!

Қыдыш (*өтірік күліп*). Жұлқынып жүрген кім десең, тағы сен бе едің, қайыс аяқ?

Тәнеке. Тағы мен! Тағы мен! (*Қолымен жігіттерді көрсетіп*). Міне мен! Мына тұрған көген көздің бәрі мен! Жылап келген тағы мен, жылатушы тағы сен, Қыдырбай.

Болыс (*күліп*). Тәкең жастарға қосылып, жасарып алған ба, немене? Жастар айтатын сөзді айтып жатыр ғой.

Тәнеке. Бәрекелде, жақсы болыс, жасармасы бар ма? Жасартып жатырсың ғой көгертіп. Ана окобыңа мені де жаз. Борсақ, Карсақ сияқты, жаман-жәутіктің жігіті жетпей жатыр, солардан үш жүзге толтыра алмай сен қысылды деген сон әдейі келдім. Мені де жаз жастардың қатарына... Өзге ісіннен қиын боп па?

Мұғалім күледі.

Сал, әпкел мұнда спесігінді, жетпегенін толтырайық деп келдік, түге.

Б о л ы с. Ауыртпалық көтерісейін деген екенсін ғой. Бұйтпесең елдік істейтінің рас, Тәке!

Ж а н т а с. Ауыртпалық біздің ауыртпалық қой. Ел болып келгеніміз сол. Сондықтан спесік те біздің спесігіміз болсын. Тәкеңнің айтқаны рас, спесікті беріңдер.

Б ө р б а с а р. Спесікті қолымызға беріңдер, келгеніміз сол.

Д а у ы с т а р. Беріңдер! Шығарыңдар, көреміз!

Б о л ы с (*Жантасқа*). Спесікті қайтпексің? Өзің кімге қарсысың, спесікке ме, ұлыққа ма?

Д а у ы с т а р. Ұлыққа да, саған да қарсымыз, ал Ұлықтың атқан оғы болсаң алдымен саған қарсымыз. Ұлық деп жотасын көрсетуін, ең алдымен ұлығыңмен боламыз, бер спесікті!

Н ұ р қ а н. Спесікті саған беріп болыс пен кандидат құрып қап па?

Д а у ы с т а р. Құрыса құрысын! Неге құрымайды ұлығы, болысы бәрі де.

Б ө р б а с а р. Енді асқақты қой, Нұрқан! Жетті. Көзімізді ойып болғансың.

Ж а н т а с. Ең әуелі бізге спесікті көрсет!

Ж ү з т а й л а қ. Тіл бітейін деген екен, өзіміз-ау тіл бітірген, «сен» деп сөйлеуін, семіп қалғырдың!

Ж а н т а с (*шапшаң*). Олай десең әуелі өзің жақсылап сыйлап аларсын, Жүзтайлақ, қыздырмай отыр тілімді.

Ж ү з т а й л а қ. Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деп, қара мұның аяқ астынан!

Ж а н т а с. Бәсе, аяғыңның астынан шығар саған пәле шыққанда.

Ж ү з т а й л а қ (*бұрыла бере*). Құл құтырса құрыққа деп!

С ә р у ә р. Наманда сіз уждансыз залым сезіп сүйлісіз, ә, өзіңіз яқшы, бәйбіше хисапланасыз!

Қ ы д ы ш (*Сәруәрға*). Шырағым Салдуар келін (*болыстар күледі*).

Б о л ы с. Сәруәр деңіз.

Қ ы д ы ш. Ә, құдайдың кәлимасына келмеген тілімді бұл жерде қайта тудырам ба? (*Нұрқандар күледі.*) Шырағым Салдуар, осы сен екеуміз орысшыласпай-ақ қояйқышы осы, ұғыспаймыз, қайтеміз!

Ж а н т а с (*болысқа*). Біз қарсы болғанда күн бір жауса, терек екі жауғанына қарсымыз.

Болыс. Неғыпты, не бола қапты? Екі жауып? Алыпқаштыға, көптірген өтірікке сеніп жүрсіндер ғой.

Қыдыш. Бәсе, лаулап жүргендерінің бәрі өтірік лақап қой.

Жантас. Ендеше сол өтіріктің кілтін аша қойыңдар — несі бар? Кәне, мынау Олжай ішінде 30 ауыл Мықтыбай едің, сендерден неше жігіт? Ана 60—70 үйлі Борсақ, Қарсақ сияқтылардан қанша жігіттен? Көрсете қойыңдар?..

Бөрбасар. Бұндай спескі жасайтын болсандар біз мына окобына бармаймыз, ел жігітін бермейді.

Дауыстар. Бармаймыз, көнбейміз. Болыс пен ұлығы шауып алсын, міне бізді (*болыс сырғып қысылады, Қыдышқа қарайды*).

Қыдыш (*тамағын кенеп, жүгініп алып*). Ә, әрмән әрі, көп шуылдақ, жынымды келтірмей! (*Ақырып.*) Үйтіп жіберерсің сен мені! Омай... Кайтер екен десем ырық бермейді ғой.

Бөрбасар. Уай, Қыдыш болсаң қайтейін, қиналмай-ақ қой үйтіп.

Бойбермес. Елдің құйрығын қарға шаншып болғансың.

Дауыс. Әкімсуің, билеп-төстеуің жеткен.

Қыдыш (*ақырып*). Жеткен жоқ, тыңда, мына мен енді айтамын!

Бөрбасар. Не айтасың, не айтасың?

Қыдыш. Уә, кімге келдің? Не деп тұрсың, түге! Мұнда кім отырғанын көрмеймісің? Бұл Кәкен. Қазақтың ақжүрек азаматы, басшың міне! Сендерге айтпақ сөзі бар. Тыңдамас, аңдамас болар ма! Осы өл десе өліп, тіріл десе тірілмекпіз бәріміз де. О несі екен улап-шулап, үлгісі, ұстазы жоқ елдей.

Тәнеке. Жарайды, ал, олай болса тыңдайық. Кәкеннің атағын біз де еститінбіз, тыңдамаймын деген кісі жоқ.

Нұрқан. Ендеше немене ұлыған қасқырша шуладыңдар, көргенсіздік қып?!

Мұғалім. Неге керек сондай сөздер, Нұрқан мырза? Қояйық, Кәкен сөйлесін.

Жантас. Сөйлесін Кәкен, біздің бәріміз де көзсіз елміз, басшының басшылығына құштармыз.

Кәрім (*ырғалып*). Сөйлесек, ел аңғарын байқап

**Отырмыз.** Мәселе списокта емес сияқты, список деген сылтау.

**Болыс.** Рас сылтау, құр сылтау.

**Жантас.** Списокте де көп мән бар, сылтау ғана емес.

**Кәрім.** Шын түйін: ұлық не тілейді, сен не тілейсің, сонда ғой. Біз сенің тілеуінді тілеген, сенің ішіннен шыққан балаңбыз. Сенің жарға ұрынғаның бізге де тұрғыз-бастық дерт болар еді. Бірақ біз тілеген пәле емес, біздің еркіміз де емес. Патшалық үкімет әлі әзір күшті. Ол айтқанын істете алады, көнбегенді көндіре алады. Әлсіз ел, айласыз ел босқа арандайды мұндайда. Менің сөзім қысқа. Әдейі сендерді арандатпай тияйын деп келдім. Барлық қазақ басшысының пікірі осы. Тілді алсаң елге де, кемпір-шал, бала-шағаға пәле тілеме. Бүгінгі заң жаман, әскери сот үкімі ауыр. Біз бұны ойлап, толғап болғамыз. Байлау сол, әкесі әлгенді де естіртеді, жігітінді бересің. Бір қазақ емес, әлемге келіп жатқан апат, жігіттер, сол окопқа барасындар, баска айла жоқ.

**Дауыстар.** Әдейі келгенде айтарын сол болса, келмесе де болушы еді ғой.

**Бөрбасар.** Бұл — елге жаны зшыяанның сөзі емес қой.

**Қыдыш.** Қой енді, тағы лауылдамай, не айтғы: сабаңа түс, ойлан!

Жым-жырт

**Мұғалім** (*жұрт аңыра қалады*). Жаңағы жігіт рас айтты. Ел басна келген мұндайлық жаһалат-зұлмат күнінде сол милләттің адал ұлы деген азамат мұндай сөзбен елге келмесе де болар еді.

**Кәрім.** Не айтпақсың, мұғалім? Мен елден бәл-шығын шықпасын деймін.

**Мұғалім.** Қой да аман, қасқыр да аман болсын дейсің, бірақ қой амандықтан кетті, бәрібір кетті ғой.

**Кәрім.** Елді бүлдіріп, жарға жығайын деп пе едің?

**Мұғалім.** Сенген қойым сен бе едің? Ел деп не қыласыз сіз? Еліңіз кім екені танылды ғой.

**Кәрім.** Тегі, сені сор тұрткен молда екенсің. Ең алдымен кетер жеріңе сен кетерсің ендеше.

**Мұғалім.** Тұрғы келсе мен сонда кеткенімді абзал көрем. Шунки сіздің қасыңызда қалуга өзіме ләзім деп

білмеймін. Сарала түйме таққан төрснің қазақты алғаш сатқаны бұл емес.

Тұрып жүре береді.

Тәнеке (*бірге тұрып.*) Садағаң кетейін, мұғалім, шын елім сен екенсің ғой. Ал енді спесікті бер, не тұрыс бар?

Дауыстар. Бер, шығар. Түсір, болыс, спесікті.

Жантас (*тұрып*). Болыс, қазір бересің спесікті, кетіскен жер осы, не елмен, шенмен боларсың бұдан былай.

Нұрқан. Шын кетісейін деген екенсің, Жантас. Онда мына артыңды (*Мөржан, Ділданы нұсқайды*) өртеп кетерсің?!

Ділда (*Бибіштің қасынан тұрып, Жантасқа жабысып*). Қу жалғыз, қақсаттың ба мені? Қуарған, неғып бүлдірдің әйбай, өлтіріп кет мені!

Жантас. Өлтірмеймін, жүр, алып кетемін. Мөржан, сен де! Сендерді әкеткелі келдім!

Ділда. Мені осы арада бауыздап кетесің, мен дастарқан аттамаймын, сұмырай! Кетсең, міне (*теріс бата қып*). Жортқанда жолың...

Тәнеке (*қолын қағып жіберіп*). Жағыңа жылап жұмыртқаласын, есі шыққан сорлы. Тарт былай... Неге өлмейсің осымен бірге, елмен бірге!

Жантас (*шешесі жабысқанда*). Анам едің, жаман сөз айтпаймын, бірақ қайтейін, кімнен кім айрылмай жатыр, тек тірі бол. (*Кемпір дауыс салып болмайды*.) Мөржан, сен не дейсің?

Нұрқан. Мөржан біздің қолымыздағы нашардың қызы, мына Жұмажан оның иесі. Біз оның ықтиярынсыз саған жетектегіп жібере алмаймыз!..

Жүзтайлақ. Тамам қолды жиып кеп қатын алмақ екен ғой.

Ділда. Бармайды келінім, өлтіріп кет, өртеп кет, ақ сүтімді садаға қып кет, жуадай солғыр (*жылап жабысады*).

Мөржан (*Сәруәрға*). Мен не дейін, апатай-ау! Ел түрін көрдің ғой. Мына жауыздар міне. Осы пәленің қолында қалам ба?

Сәруәр. Булды. Мұғалима дә, мин дә, китәміз бұнан. Мин һәммәсін дә ойладым. Жүр қазір Жантасбіләң.

Жантас. Мөржан! Мыналар зорлық дейді ғой, мен

сені зорламаймын, жарықтығым! Мендікпісің, жоқ әлде мазағына жүрем деймісің? Мендік болсаң еріп жүр.

М ө р ж а н. Мен еремін.

Ж ұ м а ж а н (*бұны Нұрқан түртіп тұрғызған*). Жоқ, ол сөздің керегі жоқ, шорт, Мөржан кетпейді, мен де кетпеймін. Анау үйде өлмелі шешем бар, оны мына Ділдаша жылатып кетпейміз, шорт!

С ә р у ә р. Ә, Мөржан өзі тілэсэ нешлисің, ул анын яры бит?

Ж а н т а с (*Мөржанға*). Ерік өзінде, Мөржан. Мен тілегеніңше істеймін.

М ө р ж а н. Мен кетемін, керегі жоқ Жұмажан сөзінің.

Ж ұ м а ж а н. Жоқ, кетпейсің дедім, кетпейсің, шорт!

Ж а н т а с. Сені итаршы қып тұр ғой, бишара, еса-лаң!

Н ұ р қ а н. Итаршылықтан өз басың арылып болса неге тәңір жарлығын айтпайсың? Болды, Мөржан, қал былай, біз кедейімізді жылата алмаймыз. Берілмейді Мөржан!

Ж а н т а с (*ашуланып ілгері басып*). Боқты бермесің! Баяғы күнім бар дейтін шығарсың, шығып көр бүгін ендеше!

Н ұ р қ а н. Тарт тілінді, жерге қағып жіберемін.

Б ө р б а с а р. Арам болар, жанасып көр (*екі-үш жігіт ілгері шығады*).

Б о л ы с (*Нұрқанды басып*). Қой (*жігіттерге*), сендер де ереуілдемеңдер. Қалыңдықтың өзінікі екені рас, барамын деп тіленіп тұрғаны анау, ешкімнің ақысы жоқ, бар. Алып жүре бер Мөржанды!

Ж ұ м а ж а н (*атып тұрып*). Жоқ, мен көнбеймін, шорт!

Б о л ы с (*ақырып*). Оттама, тек отыр, алар малыңды алып болғансын! Шырағым Мөржан, бара ғой! Жолың болсын. Терістік бізден болмасын, өздеріңнен болсын тек!

Жантас Мөржан мен Сәруәрді шығарады.

### К ө р і н і с

Т ә н е к е. Жә, болыс, адал жұмыс істейін деген екенсің, енді міне елдің келген тілегі сол: списогінді көрсет.



**Қыдыш.** Ей, Тәнеке, алдына түсіп, дегенінді істеген сайын аса берме, сен. Осы кешегі Борсақ қайдан жуан шықтың сен, төбемен ойнап?

**Тәнеке.** Борсақ жуандық істеп жүрген жоқ. Бірақ тұяқ серіппей өле де алмайды.

**Қыдыш.** Асқан екенсің. Айттық, болды енді. Тұяқ серіпкішін мұның.

**Тәнеке.** Ей, Қыдырбай, жылаган мен жаны күйген бүгіп кеп тұрған! Біз қу жанды шүберекке түйіп кеп тұрмыз, білдің бе? Сен де шараннан аса берме!

**Қыдыш.** Асқанда қайтушы ең? Бойыма сыймаушы ма еді менің? Қалың Олжай құрып кетті деп тұрмысың! Селдей басармын.

**Тәнеке.** Мақтансаң ана аман алып қалған оғыз ауыл Мықтыбайыңмен мақтан. Бүгін саған тұтас тұрған Олжай да жоқ. Теңелгенім осы міне менің сенімен. Енді дегенімді істейсің, міне, список туралы жауабыңды бер, қай елден қанша кісі тіздің.

**Нұрқан.** Олжай сендік шығар. Борсақ пен сімтік Қарсақ сияқтылар шығар сендерді құғыртып жүрген, өңшең құнсыз кедей?

**Жантас.** Рас айтасың, мырза. Борсақ пен Қарсақ сияқтының кедей екені, аз екені рас. Сондықтан сенің жемің, жентің болғаны рас. Жерден айрылған, малдан айрылған, адамы қорлық тепкінде шіріген. Бүгін міне, төрт жүз жігіттің нешеуін сол Борсақтап тізіп бердің? Жемің екеніміз рас, құн төлемей құнсыз қып келгенін де рас. Енді нешеуіміз кетейік? Сонда анау оғыз аулынан тышқан мұрны қанай ма екен? Бірде-бір жігіт кетпе екен, соны қәне білейік, қәне жауап берші!

**Жүзтайлақ.** Сен кетпей, адам баласы кетуші ме еді! Тауқыметімді көтермесе Борсақ, Қарсағым неге болты? Ей, Жүніс, сен неге айтпайсың? Жоқтаған Қарсағынның бірі сен емессе пе ең?

**Жүніс** (бағанадан түнеріп отырған). Жепеше, мені сөйлетпесең қайтеді, қорлыққа шыдаған, намысы жоқ шығармын мен?

**Жүзтайлақ.** Е, неден таусыла қалдың? Өз басыңды өзін түсіріп, мұның не? Сөйле!

**Жүніс.** Шын айтасыз ба?

**Жүзтайлақ.** Сөйлемесең ырза емен!

**Жүніс.** Ендеше, әй, Тәнеке, Жантас! Сұрап тұрғаныңды мен айтайын, бермен қара.

**Қыдыш.** Бәсе міне, Қарсақтың бір баласы. Оқыған ақжүрек азаматың, список деп дікілдегенше мына Жүністің сөзін тыңда!

**Бөрбасар.** Жүніс, жасақшы болсаң сөйлеме. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді деп еді, намысың жоқ болса үндемей өл!

**Жүніс.** Айтайын мен, мен көрдім списогін *(екі жақта қалта қарап қалады)*. Болыстың өз қолымен тізілген списогі былай: дәл санға келгенде Олжай алты старшын, жүз сексен тоғыз жігіті бар екен. Барлық керек жігіт төрт жүз екен, соған Олжай бар, өзге руы бар, барлыынан екі жүз жігіт алынады. Ал, Борсақ, Қарсақтан жүз-жүзден екі жүз жігіт алынады. Міне, сендерге керек болса әділет! Барлық керек жігіттің қақ жартысын Борсақ, Қарсақ, сен бересің. Саның өзге елден бес есе аз. Міне, саған теңдік!

**Бөрбасар.** Бәсе, тыққыштап отырған списогің сол ғой.

**Жүніс.** Тоқтай тұр, отыз ауыл Мықтыбайды сұрап едің ғой, халық! Одан жігіт тумапты. Списокте отыз ауылдан бірде-бір жігіт жоқ.

**Жантас.** Міне, көрдің бе, ел? Жыра қуғаны, оққа байлаганы кім екенін білдің бе?

**Дауыс.** Бұдан үлкен қасы бола ма елдің, көптің?

**Жүніс.** Тоқта, әлі де тұра тұр. Борсақ, Қарсақтың екі жүзге жетпегенін қайдан алған?

**Дауыс.** Бәсе, соны айт! Соны айт!

**Қыдыш.** Жауымның үлкені сен бе едің, Жүніс?

**Нұрқан.** Жылымқұрт боп іштен жайлапты ғой мынау...

**Жүніс.** Жетпегеніне жасы өткен шалды, жасы толмаған жасты сүйреп салыпты. Тізімге ілінбейтін жалғызды, жартыны тығыпты. Ал, білмегің сол болса, мен болдым...

**Жантас.** Олай болса бері шық бермен, Жүніс.

**Бөрбасар.** Не сөз болушы еді мұндай дұшпанмен? Отырған орнымен өртеу керек тек! Артымызда бүгінге бес болыс ел. Ана Қарабұжыр, Көксудың болысқа қылғанын естімедік пе? Неге тұрмыз?

**Дауыстар.** Қыру, жою керек?!

**Бойбермес.** Бауыздаймын, лақша бауыздаймын *(пышағын жалақтатып суырып алады)*. Жантас ұстай береді). Жіберші былай, не қылмап еді?!

Б о р б а с а р. Не көрмеп едік, не тұрыс бар? (*Ентелей береді.*)

Б о л ы с. Ей, ағайын! Жарғы ауыз сөзге құлақ сал. Істемегінді содан кейін істерсің (*тоқтап*). Жә, сөз қылғандағың список екен ғой. Мына Жүністің айтқаны рас. Бірақ ол бітпеген, толмаған шата список. Арман қылғандарың, жырып алып қалды дегендерің Мықтыбай ғой. Ендеше міне. Сол отыз ауыл Мықтыбайдың барып тұрған тұрғысы мен едім ғой, өй, Жүніс, бері кел! Сен оқыған жігітсің ғой, ал, қаламынды! Список анау стол үстінде тұр, Нұрқан, тұр, қолыңа бер.

Жұртпен бірге Жүніс те анырады.

(*Жүніске.*) Жаз. Міне, списоктің қақ басына мені жаз. Жасым қырықта, мен де ілінуім керек (*қатты*). Жаз! Екінші мына Нұрқанды жаз. Жасы 28-де, жаз! Неге тұрсың? (*Халыққа.*) Жанын аяп жүр дейді екенсің ғой түге сенен. Бірге кетемін. Тобыңда болам. Өлсем бірге өлем. Елім, жұртым сенсің. Немді аяйын, міне көр! (*Жылаған болады, отырған Қыдыш та еңкілдейді. Жұрт сілтідей тынады, жігіттер арасында босаңсыған сыбыр, дағдарыс.*) Бірақ әңгіме списокта ма еді? Мен ұлық қолыңа бермек пе ем бұны? Сол ұлықтың сырт көзіне осылай етіп қойып, ізденбек емес пе ем? Мына Кәкен адвокатты неге әкеп отырмын? Екеуміз сендерге айтып, алдарыңнан өтіп, сапар жүрмек емес пе едік? Жоғары жандаралға, министрге, тіпті патшаға барамыз деп, жігітімізді амандаймыз деп, ізденеміз деп отырғамыз жоқ па? Ұқсаңшы, бишара ел?!

Қ ы д ы ш. Ой, атадан туса туғыр, қарағым! Жолың қыла гөр! (*Күрсініп.*) Аһ, дүние жалған. (*Кәрім тұрады.*)

Б о л ы с (*Кәрімге*). Говорите осторожно!

К ә р і м. Мен де саған бір енбек етуге жарармын деп жүрген ұлын, азаматыңмын. Сен үшін ізденбекке бел байлағам. Сенің табаныңа кірген шөгір біздің маңдайымызға қадалсын, деген еліміз сен емеспісің. Ана патшасына, министрге, Петерборына барайық па сен үшін, жоқ па?

Д а у ы с. Бар, бар. Жолың болсын, бар, е... Бәсе, осылай десенші бағанадан!

К ә р і м. Бар десен, жаңағы айқайды қой, бұл пішін-

ді таста! Менің қасыма жол көрген, жөн білетін Майқанды қосасын, біз солай байладық, бүгін жүреміз

Қыдыш (орнынан тұрып, мойнына белдігін салып). Иә, құдай, иә, аруақ, міне, осы тілеуден шет жайылған кісіні аруақ-құдай ұрсын... Пәле, қаза соның басына жаусын. Міне, мен айттым бір көк қасқа сол екі арысымың жолына (алақаның жаяды). Жас та болсаң бас ең, бер, Көке, батаңды.

Кәрім (қолын жайып). Е, құдай жолымызды болдырып... елдің. Не... жігітін аман сақтап...

Қыдыш (айтып жібереді). Тілегін оңғара гөр!

Кәрім. Иә, тілегін оңғара гөр, бысмылда аллау ақпар. (Бата қылады.)

Жүзтайлақ (Жүніске кеп). Айтқан жерден шыққаның осы ма?

Жүніс. Шықпадым... Шыға алмадым!

Жүзтайлақ. Қайтып қарарсың енді менің бетіме?!

Жүніс (қатаң). Бірақ бетіңе қарай алармын, Жүзтайлақ! (Қарасып тұрады.) Сол!

Шығып кетеді.

Жантас (тарай берген елмен бірге серпіліп). Болсын айтқандарың. Бір жолға тағы сынайық... көп болса жата тастағаның болар. Тосты мынау елің, тосады!

Елмен бірге кетеді

Болыс. Жарайды, шырағым, тос. Кездесеміз әлі сен екеуміз, кездесеміз, тұра тұрайық. Сүт көп, көмір аз!

Жүзтайлақ (болысқа жақындап). Есебін қалай табасыз! Сүйсінетін іс істедіңіз-ау, болыс!

Қыдыш. Е, тәйір-ай, келін-ай, сөйтпесе бұны он бес жыл ұдайы болыс сайлаушы ма ем?.. (Бәрі күліседі).

Шымылдық.

## ЕКІНШІ АКТ

### Үшінші сурет

Облыстық қалада Европаша жақсы жасаулы бөлме. Қала байының үйі. Үш терезе қора ішіндегі бақшаға шығады. Терезеден әралуан ағаштар, гүлдер көрінеді. Бөлме ішінде жақсылап әзірленген биік стол. Ішкілік, жем. Айналасында ояз Қазанцев, адвокат Қәрім және болыс. Бұлар іше отырып, карта ойнап отыр, күтіп отырған Бибіш, сырттан ас су әкеп жүрген екі даяршылар. Бірі әйел, бірі еркек.

### *Көрініс*

Ояз. Жақсы болыс, какраз осындайда жақсы болып, ақылды болып шығатын керек. Біздің его превосходитьство губернаторға да мен Майқанды сондай деп характеризовать етем... Ел мына жұмысқа көнеді ғой?.. Айттың ғой ақымақ болма деп, солай емес пе?..

Болыс. Айтылды ғой, бірақ кейбір ақымақтар бар. Бастыңыз ба? *(Өз картасын қарайды.)*

Ояз. Жартысына... кетті... *(ақша салады)*. Кімдер? Оны білдір маған... Мен саған как всегда помогать етем... *(Бибіш арақ ұсынады. Қазанцев Майқанға басын иіп, Бибішке рақмет айтып.)* Міне, жақсы болыс, Бибіштен еш нәрсе аямайды. *(Арқаға қағып.)* Мен оны жақсы көрем... Сен, Майқан, бізге керек кісі.

Жүз тайлақ. Біз де сізді жақсы көреміз, тақсыр. Елдің ішіндегі ақымақтар болса мен тіпті өзім-ақ айтам сізге.

Ояз. Айтыңыз, сіз жаман деген кісіні, сізді ашуландырған кісіні мен аямаймын, білдіңіз бе? Бастым.

Болыс қарға береді.

Жүз тайлак. Жарайды, тақсыр, осынымыз уәде болсын.

Ояз. Уәде ме! Жарайды, мә менің қолым (қол алысады, Бибіштің қолын сипайды).

Болыс. Ел бізді патшаға бар деп ақша беріп жіберіп отыр, тақсыр.

Ояз. О немене? Біз мұнда білмейміз бе? Алынады. Барып неге керек?

Кәрім. Петиция, петиция берсек дейміз оған, сіз қалай қарайсыз?

Ояз. Окопка жігіт жіберу керек. Болмаса Германия жаман, көресің бе! Правительствоны поддерживать ету керек, оны сен білесің, Майқан!

Болыс. Ел «бар» деп ақшасын беріп күтіп отыр.

Ояз. Е, бар дей ме? Ақша бере ме? (Күліп.) Ну, что же! Петроградқа барып көріп қайт. Жақсы путешестви! Ол патша тұрған, біздің патшамыз тұрған жақсы қала... Барындар, сізге де советовать етем. Кәрім Севлович, қызық көріп қайтасындар.

Кәрім. А, мына указ туралы, петиция туралы не ойлайсыз? Басқа Қарабұжыр, Көксу... Қызылжар, Теректі болыстары да осы Жыланды болысы сияқты, біздің хабарға қарап қалды. Майқан елді осымен басып кетті.

Ояз. Ну, ел успокоиться етіп тұрсын, а, Майқан, сен ходатайствовать етпе. Пайда жоқ. Біз его превосходительство губернатор мен қазақ болыстары жігіт береді, бергелі жатыр деп донесение жасап қойдық. Керек емес.

Кәрім. Еш нәрсе шықпай ма? Отмена болмас па?

Ояз. Шықпайды, бұл окончательно, Майқан! Керек емес.

Болыс. Ел жайын өзіңіз жақсы білесіз, әйтеуір қысылсақ сенетініміз сізсіз.

Ояз. А, конечно! Майқанды обижать еткізбейміз. Майқан біздің уездегі почетный кісі. Және сендердің істерің өзге болысқа пример болады. Қазір білесің бе? Сендердің бес болысың өзге бір уезд елді жаманға бастап кетуге болады. Жігіттерді жақсылап тез бергізесің.

Болыс. Иә, енді әйтеуір, өз көмегіңізбен көреміз де. Банк сіздікі... Бибіш, құйсаңшы тағы. (Бибіш бәріне ұсынады.)

Шатақан кіреді, елден келген беті.

Б о л ы с. Е, амандық па, немене? Не қып жүрсің?

Ш а т а қ а н. Ел іші тынышсыз болуға айналып жатқаны, Нұрқан мен Қыдыш жіберді.

Б о л ы с. Немене, Борсақ па?

Ш а т а қ а н. Иә... Бастығы сол Жантас, Тәнекелер.

Қ ә р і м. Не қып жатыр олар?

Ш а т а қ а н. Қол болып жиылып, ел жігітінің көбің бір араға топтап алып, қару-сайман қамдап жатыр дей ме, немене, әйтеуір.

О я з. Ол кім? Не айтады мынау?

Ш а т а қ а н. Тіпті кеше кешке келіп, бізге ат-көлік керек, сойыс керек деп өзіміздің жылқыдан бес жүз жылқыны ірікгеп айдап кетті.

Ж ү з т а й л а қ. Не дейді, бұл не деген сұмдық, бәтір-ау!

О я з. Бастықтары кім? Айтындаршы маған қазір, бұларды ұстап үйрету керек, тез ұстатамын. *(Кәрімге.)* Сіз не дейсіз? Сіз онда болғаныңыз қайда?

Қ ә р і м *(сасыңқырап)*. Болып ем, бұнысы бұзықтық екен, айтқаныңыз рас, ұстап жазалау керек.

Б о л ы с. Ал ізден, бұл бұзық ел туралы?

Қ ә р і м. Не сөзі бар, жігіттерінің списогін реттеп, елге ұлық шығарып отырып, алдын жүргізуге қамдану керек. Ізденсек артынан іздене жатармыз. Бірақ ел сөйтіп бізді ұятқа қалдыратын болса, ізденіп керек емес.

Б о л ы с. Бәсе, өзіміз арандармыз.

Қ ә р і м. Орынбор мен Самардағы жігіттерден хабар күтіп ем. Бүгін хат келді, тілдерінді алған елді көндіріңдер, жігітін берсін депті. Ол жақтағы бастық азаматтар елге шығып, тоқтатып жүрген көрінеді. *(Оязға.)*

Міне, бұл мәселеге біздің көзқарасымыз осындай.

Б о л ы с. Тіпті солардікі дұрыс.

О я з. Конечно, ізденген керек емес, еше мынадай жаман ел болып отырғанда керек емес. Бұларды только, примерно, наказать ететін керек.

Қ ә р і м. Бір жақсы арыз жазып, петиция қып жібереміз... Ал өзіміз ел тынышталғанша біраз жүріп қайтайық. Одан бері де қазір мына его высокоблагородие господин уездный начальник бұйрық етіп, елге тығыз поручениемен кісі шығарсын, менің байлауым осы.

- Қыдыш кіреді, қасында Ділда, елден, жолдан келген.

Болыс. Е, немене, жандарым-ау, үсті-үстіне! Қыдыш аға, немене?

Қыдыш (олзбен амандасып). Е, жолы болар жігіттің жемгесі алдынан деп, тақсыр ояз да мұнда екен, келе айтайын — мұнымды шағайын деген кісімнің өзі осы кісі еді.

Ояз. Но, немене? Тағы не болды?

Кәрім. Өзіңіз, тіпті қысылған кісі сияқтысыз ғой, Қыдыш.

Қыдыш. Қысылмасы бар ма, қарағым-ау, тіпті мұндай құтырған ел көрген емеспін бұрын.

Жүзтайлақ. Бұйтуеші еді, аккем мына бір кемпірді де ала кепті.

Қыдыш. Мына Шатақан айтқан шығар. Байдың ауылына біткен жылқыдан бес жүзді алумен тұрмай, кешке келіп қорадағы сауда қойыннан бір қора қойды да алып кетті. Сойып, қырып, тойлап жатыр дейді.

Болыс. Ал, оның үстіне?

Қыдыш. Оның үстіне сол түн ішінде келіп Нұрқанды қамап, ауылға орнап жатыр. Сен список жібересің, қалаға шағым бересің. Майқан қайтқанша, жақсылық хабар болғанша тура осылай ізінді бағып отырамыз дейді. Мені де кепіл қып тапжылтпай қойды, нәле үлкейіп кетті. Ана жақта Қарабұжыр, Көксу, Қызылжар болыстары да бұлініп жатыр дейді.

Кәрім. Міне, есуастық! Бұл не деген антұрғандық, батыр-ау! Өстіп отырып та жоғын жоқта дей ме Майқанға?

Қыдыш. Уа, сенбейді, Майқан бізді қулыққа салып алдап кетті... Ол шағым ап кетті, елдің жоғын жоқтайды деген бекер деп, тамам елдің қолтығына дым бүркіп апты. Олжайда тексіз аз ба, соның талайы қосылып кетті.

Болыс. Өзің аяғы қашып шықтым десенші?..

Қыдыш. Рас, тіпті шығын айтайын, қашып шыққаным рас. Мына кемпірді өдейі сол Тәнеке, Жантастардың жатағына апарып сөйлестірем деген боп ілестіріп шықтым. Жолшыбай кездесе, Жантастар болса, осының септігі тиер деп те ойладым.

Жүзтайлақ. Ойпыр-ай, енді неге отырсыз, не қалды?



О я з (*ашуды шақыра бастап*). Бұнын аты жаман жұмыс, бұны тіпті не деп атарға білмеймін, білесіңдер ме, бұл военно-полевой суд тексеретін іс, осындай бұзықтар сенің еліңде... Әй, Майқан, не қып сен осындай антұрған адамдарды көрмей қалдың? Сен не қарадың, Қыдыш?!

Қ ы д ы ш. Ұятты болдық, ұятты, қор қылды бұл елді. Бұзық ел, соны өзім әдейі сізге ауызба-ауыз айтайын деп елдім. Несін айтасыз?

Б о л ы с. Ендеше несі бар? Обалы өзіне! Әбден өрісіне жібердік, дандайсып шарасынан асып алған екен...

О я з (*өтірік күліп, суық жымып, біресе картаны лақтырып тастап, әкімше*). Басынан қыспай, азғана ықтияр берілген... Оны бұл халық былай мазақ қылған. Но жарайды. Енді бұл елді только өртсейтін керек. Бұл величайший указға қарсылық... Бунт. Подумаешь, біздің государь императордың подданствосында — рахат, тыныштықта отырып, ақ патшаның жерінде отырып, білесіңдер ме, бұзылғандар сендер!.. Сендерге ол көп болған. Дикий, невежественный ақымақ халық! Оған патшаның жерінде мал бағып отырған аз болған, ә?.. Айтыңдар қазір (*жерді теуіп*), сейчас же, сендерше не істеу керек?

Қ ә р і м. Мен пікірімді айттым, ваше высокоблагородие... Өзіңіз айтқандай аямай жазалау керек.

О я з (*болысқа*). Сен ше? (*Қыдышқа*.) Сен ше? Жолын айтыңдар!..

Б о л ы с. Мен өзім де жапа шегіп отырған кісімін, көрдіңіз ғой. Менің панам сізсіз! Маған салсаңыз өртеніз сол Қарсақ, Борсақты. Ана Олжайдың бұзылғандарын да сөйтіңіз. Отырған жерін де былтыр поселкеге аламыз деп, әзірше алмай қойып еді, өзі көшіріп, қырып-өртеп жіберетін ел.

Қ ә р і м. Не дедің, не деп барасын, Майқан-ау.

О я з (*адвокатқа*). А, сіздер сонда ходатай болмадыңыз ба? Арыз жазбадыңыз ба! Ходатай! Петиция...

Қ ә р і м. Жәк, честное слово, мен емес арызын жазған.

Б о л ы с. Осы бүлікке бүлк етіп, ат салысқан кісі болса бәрін ұйпау керек тек. Олжай болса Олжай болсын, бәрібір маған қазір...

Қ ы д ы ш (*баяу*). Дұрыс қой... Бірақ тамам елді қу-сақ поле ұлғая бере ме деймін. Көпшілікті құртпай, қай-

та жиып алар ма едің, қалай? (Оязға.) Тақсыр, мен ең әуелгі шаруаны айтайын, ұнатпасаңыздар қалар.

Ояз. Айт...

Қыдыш. Ең әуелі, бір жолға жалғыз бастықтарын атап, соларды жыра қуса! Өзге ел тез тыйылса, манифест болады деп, хабар шығарып, аналарды іріктеп шығарсақ деп ем, жеңіл болар еді...

Болыс. Онда кім-кімді айтамыз?

Жүзтайлақ. Кім болушы еді? Жантас! Тақсыр, ең үлкен жау — Жантас, айттым міне мен. (Ояз басын изеп, қағазға жазады.)

Болыс. Содан соң Тәнеке. Онан соң әлгі бір Сапа дейтін мұғалім және Жүніс дейтін оқыған жігіт. (Ояз жазады.)

Жүзтайлақ. Оларды қойыңызшы, ауызға алуға тұрмайтын.

Болыс. Жоқ, барсын, тегіс...

Ділда (Бибішке). Сұмдық-ай, өртке түскен басым-ай, қарағым Бибіш-ай, мұндай ма едің?

Жүзтайлақ. Шығарма үңді, оттамай отыр!

Шатақан. Қой, кемпір, не бетіңмен сөйлейсің? Ашпа аузыңды. Байдың үйінің малың судай шашып отырған жаудан не аяушы еді?

Ояз. Ендеше, міне, сол Жантас, Тәнекелер қашқын. Үкімет жауы.

Кәрім. Әуелі тексеру шықпай ма? Елде отырып анықтамай ма?

Ояз (ақырып). Не анықтайды?! Тағы не керек?!

Кәрім. Өздері ақымақтығын біліп тоқтамас па деп ем, айтса, ұғындырса!

Ділда. Сәулем, жарығым, демей көрсеңші, бірдеме десеңші! Елдің дәмесі сен емес пе ең?

Кәрім. Сөйлемеші, кемпір, мен ондай бұзықтың досы емеспін. Елді айтам.

Болыс. Болды (оязға). Тақсыр, сол айтқаныңыз дұрыс. Солай деп, қашқын деп жариялансын және өзге елге соларды ұстап беру міндет тапсырылсын.

Ояз. Болды ендеше, Жантастың, Тәнекенің басына пұл кесіледі, кімде-кім соларды ұстап берсе әрқайсысы үшін бес мың сом сый беріледі.

Қыдыш. Міне, бәрекелде, міне, осындай бір шара ғой менің ойлағаным.

Болыс. Дұрыс тапқан ақыл!..

Қәрім. Әттен, қандай іске куә боп отырмын?

Ояз. Екінші жағынан елге отряд шығып, оларды қазір қуады, ұстайды...

Болыс. Ие, әрине, онсыз болмайды. Міне, ең дұрыс жол. *(Қәрімнен басқалары оязды шығарып сала тысқа шығады.)*

Қәрім. Не дермін?! Тарих алдында не айтармын? Біздің трагедия осы да. *(Тоқтап.)* Көр, бала ел! *(Бекініп.)* Жоқ, жоқ, өзін, өзін. Өзің виноват. Мен не істей алам. Сен мені де подводить ете жаздадың... Ендеше өзін, өзін... *(Үйде қалған кемпір жылап аяғына жабысады)* Сорлы кемпір! *(Аздан соң.)* Жоқ, жоқ, аулақ, аулақ *(кетеді)*.

Кыдыш, болыс, Бибіш кіреді.

Ділда. Қарағым Бибіш, өз құлың емес пе еді? Бөтенге, ұлыққа неге өлтірттің? Жесір ем ғой. Жүрегімді қарс айырдың ғой, қарағым Майқан? *(Аяғын құша береді.)*

Жүзтайлақ *(аяғымен серніп, теуіп жіберіп).*

Тарт ыңыранбай, бүйте берсең өзінді бергіземін ұлыққа, сорың құрғыр, жаны ашығанымды көремісің, білемісің сендей тексіз! Болмаса айтпас па ем мынау шешесі деп!

Ділда *(қағайыңқырап)*. Бүйткенше берсең етті! Шірітсең етті абақтысында, соның жолында. Қуарған ку басым, етегінен ұстап неге өлмедім?

Жүзтайлақ. Аулымыздан катын тартып алғаның жетпеп не еді. Ұмытты деп пе ең біз оны? Енді мынаған жеттің бе. Енді егескен соң әуелі сол қатыныңды көзіңше әкеп Мырза жігітке күң қатын қып қоймасақ атымыз құрысын.

Болыс. Намыскерін бұл құлдың. *(Кемпірді нұсқап.)* Міне, міне намыскер болсаң мынаны көрсең еттің! Адыра қал! Жігерлі жігіт! Шыққан жері, шешесі, тегі қайда екен қазір! *(Нұсқап.)* Жетілдім деген күнде де басың аяғымның астында жатқанын сезіп пе ең, біліп пе ең, міне!

Есік ақырын ашылып, Жантас тұра қалады, қолында жалапаш сапы.

Жантас. Білгенмін... Жауыз дұшпан екенінді бұрыннан білдіргенсің.

Отырғандар шошып, алак-жұлақ етеді, терезеге карасады, терезеден Бөрбасар, Бойбермес тағы бірнеше кісі мылтықтарын үйілтіп тұрады.

Түр, анам! Адасқан, қаңғырған сорлы анам! Көзің жетті ме? Көреріңді көрдің бе? Көрсетті ме? Мені қарғасаң да ені қуа келдім.

Д і л д а (ұмтылып). Жарығым, жалғызым! Әпкет, әпкет, әпкет мені мына ысқырған айдаһардан!.. Мына дозақы дажалдан! Қуатым, жалғызым, садағаң кетейін!

Ж а н т а с (болысқа). Елді алдап, сытылып шығып шағым жүргізіп жатырсың. Елдің қырғынына тойлайын деп отырсың. Солай ма? Бауыздайын ба осы жерде, жауыз...

Б о л ы с... Мен елге әлі өтірікші болғам жоқ... Жүргелі отырмын.

Ж а н т а с. Шығарма үніңді Алдайтының бір біздің ел емес, бүгін бес болыс, тіпті бір дуан ел қарсы шықты. Құтылып көрші осы селімнен, бәлем Майқан!

Б о л ы с. Не тілсейсің менен?

Ж а н т а с. Тілейтінім бе? Қазір мына шағымды тоқтатып, әскерді шығартпайтын қыл! Ел тынышталды де, ұқтың ба? Істеймісің?

Б о л ы с. Істейін.

Ж а н т а с. Жоқ, құр сөзің болмайды, сыр мінезбіз ғой... Өз әдісің. Жаныңды бер... Болмаса істейтінімді шын көресің!..

Ж ү з т а й л а қ. Арам болармыз.

Ж а н т а с. Ендеше, бәйбіше, уәде болсын. (Қатты.) Күн жетер, сонда ақ шабақтай қайраңға соғып, мына жігіттерімді сенімен тояттармын. (Болысқа.) Бер жаныңды, бересің бе, жоқ па?

Б о л ы с. Бердім.

Ж а н т а с. Берсең, Мықтыбай аруағымен ант еті!

Б о л ы с. Осыдан өтірік айтсам, ел тілегін орындамасам, атам Мықтыбайдың аруағы атсын.

Ж а н т а с (Қыдышқа). Сен міне осы анттың басыңдасың. Айт сөзіңді.

Қ ы д ы ш. Есіттім, куәмін.

Ж а н т а с (болысқа). Енді алдыңда жалғыз кезең, жалғыз-ақ кезең! Бірақ оған жеткенде кінә бізде болмайды. Жанағы айтқан аруағына шет болғандықтан соның өзі атты дерсің! (Тоқтатып, суық жымып.) Мен уәдемді айтайын. Бізді жеңіп шығатын күнге жеткенде де игілігін, Майқан, сен көрмейсің. Мен қу жанды шүберекке түйгемін. Жығылсам, үлкен жастық құшақтай жығыламын. Сенің антыңа сертім осы!.. Тарт, жігіттері!..

Жөнеле береді.

Ш ы м ы л д ы қ.

## ҮШІНШІ АКТ

### Төртінші сурет

Болыстың кеңсесі. Кешкі уақыт. Үлкен ақ үй, іші жасаулы. Сол жақта стол. Жұмсақ диван, екі-үш орындық және кеңсе қағазының шкафы. Үйдің содан басқа жері тегіс кілем, жүк. Оң жақта үлкен төсек, босағада сәнді ер-тұрман, кеңсе жақ бөлмеде бір қылыш, бір винтовка және сары жезді атшабар сумкесі ілулі тұрады. Кеңседе Нұрқан винтовканы қарастырып, сыртылдатып отырады. Босаға жақта Жұмажан.

### Көрініс

**Нұрқан.** Тұқымынды құртып мынамен басып салсам ғой серейесің де қаласың. Қолымнан кім алады сонда сені? (*Жұмажан ыржыңдап күледі.*) Ауылға кеп, жасағым боп отырған әскер анау...

**Жұмажан** (*күліп*). Апырым-ай, ә!.. Басып салса табаныңнан жатқызар еді-ау, ә?.. Өзі неше атылады дейді осы, Нұрыш аға!

**Нұрқан.** Неше атылғанын не қыласың, сілейтейін бе осы, ә?.. (*Оқталады.*)

**Жұмажан** (*басын қорғап күліп*). Е, жазығым не?

**Нұрқан.** Жазығың сол, боққа жарамайсың!

**Жұмажан.** Жарамаймын деп жүрмін бе? Өзің емес пе жаратпайтын. (*Күліп.*) Нұрыш аға, әлгі бір айтқаның бар еді ғой. Әлгі уәдені! (*Күліп.*) Соны енді... Қашан болады...

**Нұрқан** (*өзгеріп*). Киші өзің ана сумкені мойнына! (*Жұмажан қуанып киеді.*) Мына жағына ана қылышты сал (*анау салады, мәз болады*). Міне, адам боп

қолыңнан іс келетін болса, осындай қылмас па ем мен сен итті!

Жұмажан. Енді өзің айтшы, сол істе дегенінді, шорт! *(Ыржаңдан.)* Түрікпеннің төрінде болса да бір көрейін. *(Сумкені қағып қожандайды.)*

Нұрқан. Астыңа сарқурай атты мінгіземін.

Жұмажан. Рас па, әттең бір сыдыртса-ау, желмая ғой, сорлы!

Нұрқан. Төбенді көкке бір-ақ жеткізейін бе?

Жұмажан. Істесеңші енді солай, Нұрыш ағатай?

Нұрқан. Исі Борсақ жетпеген шенге жеткізем. Болыстың атшабары дегенді білсең ғой.

Жұмажан. Бәлем, ана жылы Шатақан қандай атшабар болды, сондай бір болайын. *(Сумкені қағып.)* Пай, Шатақан дегенде елдің жылаған баласы уанды-ау сонда.

Нұрқан. Окоптан да алып қалам.

Жұмажан. Айтшы енді сол айтатыныңды.

Нұрқан. Олай болса Мөржанды қайтып алып кел.

Жұмажан. Қайтып, ойбай-ау, жолын айтшы?!

Нұрқан. Ертең әскер оларды қуады, Мөржан оларға ерсе бір жерде оққа ұшады, не солдаттарға жем болады, білдің бе?

Жұмажан. Бәсе, сорың құрғырды сөйгіп сор тұртып жүр ғой.

Нұрқан. Сен бұрын бар да, қасынан қалмай айналдыра бер! Қайт, үйге жүр де. Әйтеуір онашалап қақпалай бер, мен өзге бір ер жігітке тағы тапсырам. Орайы келгенде ұстап басып қалыңдар да, еріксіз алып келіндер.

Жұмажан. Жарайды, ойбай... Осы ма тәйірі, Нұрыш аға! Мен әкелейін оны, әкеп тұрып Бибіш екеуіңнің қолыңа берейін, шорт.

Нұрқан. Мұны істесең тағы бір сын бар.

Жұмажан. Ол не? Ол қандай? *(Ыржаңдан.)* Қолымнан келе ме, әйтеуір.

Нұрқан. Келтірем десең келеді.

Жұмажан. Келсе болды, шорт, мен аяпбайын, өл десең өліп, тіріл десең тірілейін, сөзім сол-ақ. Немене енді?

Нұрқан. Оны мына әскердің өзі де істейді. Бірақ бірдеме етіп қолдарынан келмей, ұстай алмай қалса,

сонда сені салам (анау түсінбейді). Жантас туралы, бірақ ол кейін.

Жұмажан. Ә, кейін болса болсын, жараңды, әйтсеуір мені (ыржаңдап) қайрап-қайрап сала бер дедім ғой! Айдай бер. Осы бар ісіңе жараймын, Нұрыш аға, көрсейсің.

Нұрқан. Ендеше қазір ат камдап әзірлене бер.

Қыдыш кіреді.

### Көрініс

Қыдыш. Е, карағым Нұрқан, не ойлап отырсың?

Нұрқан. Өз ойыңызды айтыңызшы, Қыдыш аға. Болыс ағам да келмеді. Мен әзір мына оязға, әскерге не деп мәслихат беруді білмей, байлай алмай отырмын.

Қыдыш. Мен осы туралы айтайын деп едім. Біздің келінге сол жақтан бір жіңішке лақап хабар кепті. Ол жерде Борсақ үстем боп, содан қол арасында жік тұатын түрі бар дейді, білдің бе?

Нұрқан. Жігі бар болсын, тарап құрып болғанша біздің барлық малды күртты ғой, өңшең сімтік, шапты ғой мүлкімізді, Қыдыш аға!

Қыдыш. Карағым, бүгінше оны уайым қылмай тұра тұр. Елді қайта баурап алайық, олқысын бір-ақ күнде толтырамыз.

Нұрқан. Осының ашуымен сонда жүргеннің бәрін ақ-көк демей, Олжай болса Олжай болсын, тұтас қырса деймін.

Қыдыш. Мен нақ сол жерінді айтпақшымын. Майқанның ақылы, менің ақылым басқа еді.

Нұрқан. Жұмсатайық дейсіндер ме?

Қыдыш. Жұмсақтау емес, жол сол. Елге қазір хабар таратайық, әсіресе қолға жетсін сол хабар.

Нұрқан. Не деген хабар?

Қыдыш. Қалың ел пәлен күн ішінде тарасын, сонда манифест болады дейміз. Керегіміз жалғыз Жантас пен Тәнеке дейміз, ана қу мұғалімді де ұстату керек. Қазір бір-екі кісіні бөгде адам қып шапқызсақ деймін. Бара берсін.

Нұрқан. Ендеше, әй, Жұмажан, сен сарқурай атқамін де шап!

Жұмажан. Сарқурай? Шын ба? Маған мінгізгенін ғой, Нұрыш аға!

Нұрқан. Ұрлап мініп қашып шықтым де! Қолға жете бере жаңағы сөзді жосылтып тарата бер... Ұқтың ба?

Жұмажан. Ұқтым... Жөнелейін бе! *(Ыңғайлана береді.)*

Қыдыш. Ей, ана мойнындағы сумкені таста. Бұл тұқымың құрғыр есалай бір нәрсеге жараушы ма еді. Нұрыш-ау!

Нұрқан. Барсын, жарайды.

Жұмажан *(ыржаңдап)*. Е, жарамайды деп, о не дегенін, Қыдыш аға-ау?

Қыдыш. Бар, бар, сенің қолыңнан бәрі келетіні рас.

Нұрқан. Ей, әлгі бағанағы айтқанды қолыңа түсіргенше, сенің орайын тапқанша, сол жерден қайтпа!

Қыдыш. Е... рас! Әбден сенімін алып, бауырына кіріп ал Жантастың, білдің бе! Балдызы емеспісің, құдай атқыр!

Нұрқан. Ал жөнел! *(Жұмажан ыржаңдап жөнеледі.)* Тағы бір-екі кісі жөнелсін солай, қазір.

Бибіш кіреді.

### Көрініс

Жүзтайлақ. Немене, Мырза жігіт? Ағаң жоқта ел тауқыметі ауыр тиіп отыр ма? Немене?

Нұрқан. Ауыр тиіп отырғаны рас. Ақыл қосшы, жеңеше, осындайда бір жол табушы едің ғой.

Жүзтайлақ. Ай, шырағым-ай, менің көмегім шын керек екен ғой. Ендеше мен ана жақтан хабар алдым.

Қыдыш. Осы сенің хабаршың кім, қарағым Бибіш?

Нұрқан. Бәсе, сол жансызынды неге айтпайсың бізге?

Жүзтайлақ. Айтпаймын. Оны не қыласыңдар? Уәдеміз солай!

Қыдыш. Ал не хабар қыпты?

Жүзтайлақ. Бүгін кешке басшы кісінің бірі барады. Бүлдіргіштің бірі сол депті және қолдың ертең қайда қонатынын айтыпты,



**Нұрқан.** Не дейді? Қолмен келін, қамсыз қап жүрмейік!..

**Жүзтайлақ.** Сөйлесуге келсе керек, бірақ қамданып отыратын осыған бір шара істеу керек, арттағы қолда сол істің ретімен болады депті.

Ояз және подьссаул Семенов кіреді.  
Отырғандар бұларды қарсы алады.

### К ө р і н і с

**Ояз.** Господин подьссаул! Сіз жүрер алдында мен мына болыстан біраз көмек алып бермекпін сізге!

**Семенов.** Слушаюсь, ваше высокоблагородие (*тітіркеніп*). А-а, жайлау суық па, Бибіш! Үй суық па? Неге сіздің үй мұндай? Мен сізді мұндай деп ойламаған (*күледі*).

**Жүзтайлақ** (*күліп, қозғалып барып сандықты ашып, қымбатты ішік алып Ояздың иығына әкеп жауып жатып*). Біз суық емеспіз, таксыр! Сізді тондырайық деген ниетіміз жоқ.

**Ояз.** Рақмет (*тұрып, қолын қысып*). Рақмет! Әй, жақсы, жақсы хозяйка Бибіш, тамыр біздің. (*Арқаға қағады, Бибіш сызылып тұрады*).

**Жүзтайлақ.** Тондырсақ айыбымыз үшін мына ішікті жаптым. Менің сізді жылытқаным осы, таксыр (*күледі*).

**Семенов.** Ваше высокоблагородие, какая она необыкновенная. Для киргизки, я бы сказал решительно, необыкновенная.

**Ояз.** О-о, сіз білмейсіз, ол Бибіш! Ол на то единственная достойная киргизка. (*Нұрқанға.*) Жә, мына господин Семенов қазір әскерімен жүреді?! Осыған жерді жақсы білетін басшы керек. Қазір соны табыңдар.

**Нұрқан.** Бұған кім дұрыс болар екен? (*Қыдышқа.*) Өзіңіз қалай болар едіңіз, басында болсаңыз...

**Ояз.** Ә, дұрыс! Мен де соны дұрыс деймін.

**Қыдыш.** Кім біледі, кәрі кісімін, ере алмай жүрмесең?!

**Ояз.** Жоқ, жақсы болады. Барасың, Қыдыш, бар.

**Қыдыш.** Жарар енді, солай ұйғарсаңыздар, болсын солай.

Ояз. Не істейтініңді господин Семенов өзі біледі. Біз онымен қазір ақылдасып, бәрін шештік.

Семенов. Да, сендер аз гана помощь бересіңдер. Көрсетесіңдер. А бунтовщиктерді қалай наказать етеді. Оны біздің карательная сотня өзі біледі. Біз ана көрсеткен Қарабұжыр, Көксу болысында (күліп). Ну, общем көресіңдер! Только жер білетін кісі керек.

Қыдыш (Нұрқанға). Бізге ақыл салмай-ақ өздері шешкен екен ғой, бұл кісілер. Бұнысы қалай? Бірақ осы ғой... Ә... солай ма?

Ояз (Нұрқанға). Онан соң, Нұрқан, сен ол қолдар жатқан жерді білесің бе? Сенде хабар болуға керек. Ертең таңертең қайда болады? Господин Семеновке ол да керек.

Нұрқан. Оны білуге болады, тақсыр. (Бибішке.) Жаңағы айтқаның бар еді ғой, женеше!

Жүзтайлақ. Е, айтайын мен. (Оязға.) Тақсыр, ертең Ақтомар деген жерде қонбақшы дейді.

Семенов. Прекрасно, олай болса біздің жұмыс бітті. Қазір жүреміз, ваше высокоблагородие.

Үйденермен қол алысып қолтасып, Қыдыш екеуі жөнеледі.

### Көрініс

Ояз (Жыланды болысының он шақырымдық қартасын ашып, қабырғаға іліп қойып, қызыл қарындашпен сызып отырып). Жыланды болысы! (Сызып) Алтыншы ауыл, төртінші ауыл, үшінші ауыл! (Нұрқанға.) Жетінші ауылдың жартысы. Мына жақ Қарабұжыр, мынау Көксу, олардың жері де осы арада, солай ма?

Нұрқан. Не турлы дейсіз, тақсыр?

Ояз. Міне, мына жерде, Сарыкөл айналасында...

Нұрқан. Ие, тақсыр, солай, 6-ауыл Борсақ, 4-ауыл Қарсақ, анау 3-ші, 7-ші біздің Олжай жері, бірақ ол да жаман ел болып отыр. Мына жақтарында қорші болыстардың елі, олар да жаман.

Ояз. Борсақ және мына 4-ші, 3-ші, 7-шілер бәрі де бұл жерде болмайды. Мына Сарыкөлден он шақырым жерде (көрсетіп) Романовский ставциясы бар. Оларға жер, жаңа жер керек. Мына Семенов командасындағы карательная сотня солар, жер береміз деген оларға. Жы-

ланды жамап болыс болды... Бұл жер соларға берілетін керек.

Нұрқан. Осыны переселен кеңесі көктемнен бері тағы сөйлеп жүр ғой деймін. Әлгі Тәнеке, Жантастар елді ерткенде осы жер жайын, жер тарлығын айтумен тағы да құтырып жүр.

Ояз (*кекетін*). Жер тар... Оған аман жүрген, ауылда жүрген тар болған, ну что же! Жердің үстінде тар болса, жердің астына кіріп кең жерді табады. (*Бәрі күліседі.*) Онда жер көп-көп!

Нұрқан. Көрсін болыс ауылын шапқанды,

Тәнеке, Борбасар кіріп келеді.

### *К ө р і н і с*

Нұрқан (*сасқалақтап оязға, Тәнекеге қарап*). Е, тақсыр, міне, өздері де келді ғой... Мынау әлгі... Тәнеке!

Тәнеке. Саспай-ақ қой, сөйлесуге келдік. Ел жіберді міне мені. Жалтақтап артыңды тығып отырғаныңды білеміз.

Ояз. Не сөйлейсің, айт! (*Бибішке.*) Сіз барыңыз, біз болыс екеуміз сөйлесеміз онымен, әлгі кісіні шақыртып жібер мұнда. (*Тәнекеге.*) Да, не айтасың?

Бибіш кетеді.

Тәнеке (*оязға*). Бізді ел жіберді. Ұлық келді, сіз келді деген соң: «Алдына бар, елдің мұңын айт. Не тілейтінімізді жеткізі!»— деп жіберді. Мына болыстікінде жатыр деген соң, олар өтірік шағым жүргізіп, елді жазықсыздан былғайды, бос жамандайды, ел айыпты емес, соны білдір деп жіберді.

Ояз (*есікке қарай беріп*)... Ну, не тілейсіңдер, не айтасың?

Тәнеке. Біз осы Жыланды болысындағы ылғи кедей, әлсіз, зорлық көрген елміз. Бізді ұлық бір ренжіттеді... Бес старшын елдің қыстау, жайлау қылған алақандай жері бар еді. Сарыкөл. Соны бұрын үш рет кесіп-кесіп алып қатты тарылтқан еді. Қазір тағы алды деп есітеміз. Біз қайда бармақпыз. Былтыр жер азайып, пішендік кемін қалып, қалың елге қатты тарлық болды. Екінші мына болыс зорлық етеді. Ол да сол жердің қал-

ранына қол сұғып қыстау салам деп отыр. Оның үстіне мына паверкеге баратын жігітті ылғи біздің елден жазды. Өзінің бай ру, жуан ауыл Мықтыбайы 30 ауыл, содан бірде-бір жігіт жазған жоқ. Осы не қылық? Бізді әдейі сорласын, басын тауға, тасқа ұрсын, содан барып қырғын тапсын деген қылық па немесе? Содан басқа жоқ деп білеміз. Мына ел бүлінбесін десеңдер, ең әуесті жерімізді калдыр. Екінші мына тізімді елмен отырып, өзіміздің келемізге салып отырып шешіңіз. Болысың жалған, арам списогіне көнбейміз, оған бала бермейміз, одан да осы жерде қырып сал дейді мына ел. Бұл барлық ел тілегі.

О я з. Болдың ба? *(Тәнеке үндемейді, солдаттарға)* Заберите их, подлецов! *(Солдаттар ұстап, қаруын алады.)*

Тәнеке. Ай, ояз, ел жіберген елшіге істегенің осы ма? Ұлық-ақ екенсін!

О я з *(алдына кеп жер теуіп, ұрсын.)* Сендер ақымқит! Ел талаушы!

Тәнеке. Сені кісі деген мен ит екем. Ендеше сол ел үшін мен-ақ құрбан болайын. Білгенінді қылып кал.

Нұрқан. Оңбағандардың көзін ою керек.

Бөрбасар. Бәлем, Нұрқан, жазанды ел берген *(Бөрбасарды Нұрқан теуіп жібереді).*

О я з. Сен бұзық! Антұрған ит! Саған не керек? Оны көрерсін! Нұрқан, қамат мыналарды, ертең қалаға жіреді. А, я поеду сейчас за отрядом.

Ояз шығады.

### Көрініс

Нұрқан. Шатақан! Ендеше қолдарына кісен керек, аяғына да кісен сал, Шатақан, әпкел, кісен әкеліндер мына иттерге! Көгендетермін бәлем! Шарасынан асқан, тәубесінен жаңылған қулар... тәубеннен жаңылған екенсің! Аулыма шабатын, құтымды шайқайтын немесің ғой.

Тәнеке. Итаршы екенінді ұмытып, өзін қылғандай боп тұрсың-ау. Менің арманым жоқ. Өмір бойы басымды қостырмай тоз-тоз ғып, әр жерге шаңға аунатып келіп ең. Тамам жылауларды соңыма ертіп, артыма қыруар ел жиып кеп тұрмын. Соның көшін бастап өлсем арман емес маған, көрің өтпейді, білдің бе, болыс!

Нұрқан (*қолдарын өзі байлап жатып*). Құл қылмақ едің ғой! Қолың қысқа екенін біліп пе ең, иттің тұқымы?!  
Тәнеке. Не ел тұрар, не сен тұрарсың.

Нұрқан (*ұрмақ боп ұмтылып*). Иә, тұрарсың сен, тұрарсың, тұрғызармын, байла итті, кісенде тексіз итті! Бер сыбағасын.

Жантас, мұғалім, Бойбермес баспаған бір топ қарулы кісі келеді.

### К ө р і н і с

Жантас (*тап беріп Нұрқанды бір-ақ бүктеп, алып ұрып*). Бәсе, беріссең беріс сыбағаны!

Мұғалім (*Шатақандарға*). Тапжылма бірде-бірің!

Бойбермес. Шығарма үндерінді!

Жүзтайлақ. Сұмдық-ай, мына сұмдар тағы жегті-ау.

Жантас. Жетпей, сенер деп пе ең сендерге? Қайтерскен десем, қайратын бұның (*Тәнекені босатып*). Осы иттерге сеніп қолсыз кетіп... Арандай жаздамадық па аңғалдықпен!

Бөрбасар. Өлтіріп кетеміз, алдымен мына тұрған итті өлтіріп кетеміз. (*Қанжарын суырады.*)

Бойбермес. Үнін шығармай өлтір. Ас шаңырақ-к! Желбауды! Өз шаңырағына асамын. (*Нұрқанды Бөрбасар сүйретіп ортаға әкеледі.*)

Бөрбасар. Сал, сал, мойнына арқанды!

Бойбермес мойнына арқанды салып жібереді. Сәуэр, Мөржан кіреді.

Нұрқан (*шошып, қалбақтап*). Ей, жандарым, ей, ағатай, ей, Тәнеке ағатай! Шыбындай жаным, шыбындай жаным! Кеш, кеше гөр, құлың болайын. (*Аналар асуға айналады.*)

Жүзтайлақ (*ұмтылып, мұғалімді құшақтап, жа-сып*). Мұғалім, жарығым... Сәулем, жалғыз тілегім (*құшақтап*). Не тілесен садағаң болайын, өлтіртпе! Жалғыз ауыз сөзімді тыңда.

Мұғалім (*құшағынан босанып*). Ей, жігіттер, тоқтай тұр! Өлтірме!

Бөрбасар. Ара түспе, мұғалім ағатай! Жібер, босат бізді. Рұхсат ет!

Мұғалім. Жок, мен десендер өлтірме! Тұра тұр! (Жұрт тоқтайды. Бибішке.) Не айтасын, Бибіш ханым?

Жүзтайлақ. Тілекке тілек орай еді ғой, сөзіңнің қадірін ұқпап ем, бірақ ұмытқан жоқ едім. Қуатым, ара түс. Сонан соң мойнына жіп тағылған күнім де! (Жылап жібереді.) У-уһ... (қалтасынан хат шығарып). Мынау саған, сенікі, оқышы әуелі.

Мұғалім (асығып ашып, оқып). Мүмкін емес, жоқ рас, соның қолы, «Қазақ» газеті идарасынан. Ең басшы, ақжүрек азаматтың өзінен. (Отыра кетеді.)

Жантас. Не депті, не болты?

Мұғалім (оқып). «Елдің наразылығына сен де қосылатын түрі бар деп есітемін. Біз мұныша барымызша қарсымыз. Ол бүлікті қостама. Жігіттің берілгені игі. Біз солай ұйғардық. Миллат деген саналы азамат енді қайта жігітті бастап фронтқа барсын. Тез қатенді түзе. Басқа жол жоқ. Біз тілімізді алған елдің бәрін де тоқтатып көндіріп жүрміз, елге жаның ашысын. Мағлу-мын!»

Жүзтайлақ. Мен сен үшін, амаңдығың үшін сақтаған едім.

Сәруәр. Ненди сиқыр Сапа, син нешік ни ішлел аңшылық хур боласың?

Мұғалім. Жок, жоқ! (Отырып қалған жерінен.) Ондай сөз керек емес. (Жігіттерге.) Жігіттер, өлтірмендер, өлтірмеймін мен, ара түстім!

Жантас (жігіттерге). Босатыңдар!

Тәнеке. Қарағым, мұғалім-ай, адастың ғой, өкінесін ғой, өкінесін ғой. Өкіндіреді ғой бұлар.

Мұғалім (отырып, басын ұстап мұңайып). Мен білмеймін, қателескенім бе? Бұл нендей мүшкілдік?

Жантас. Тәйірі, мұғалім-ай! Ер болып төбе басына шыға алмағаның ба? Не көрсек те елмен көрдік десеп пе едік?

Мұғалім (хатты көрсетіп). Мынаны қайтем?

Жантас. Алыстағы сәлемнен әзір тұрған құшағым ігі демес пе ел мен болсам! Еліңнің құшағы емес пе?

Боғыс кіріп келеді, жолдан келген Тон,  
сәлем беріп, ашырып тұрып қалады.

## К ө р і н і с

Ж а н т а с. Ә, міне-міне, жаранды емдөйтін шын дө-  
рін мінс! Өзі келді, жігіттер!

Ж ү з т а й л а қ (*шошып айқайлап*). Сорлы қылған  
құдай-ай! Қайдан келе қалып ең ажалдың ортасына?!

Б о л ы с (*айнала қарап тұрып, күліп жіберіп*). Әй,  
не сөйлеп тұрсыңдар өздерің? (*Күліп.*) Неғып келге-  
німді білдіңдер ме менің?

М ұ ғ а л і м. Немене (*дәмеленіп*). Не болды?

Б о л ы с. Сүйінші, шап! Хабар тарат! Сұра сүйінші-  
ні! Босатты, азат болды, жігіттер. Бүгін түсте жандарал-  
дан шықтым, әдейі, ұшып жеткенім осы.

М ұ ғ а л і м. Қайдан кепті? Қім бұйрығы?

Б о л ы с. Петербордан, Санаттан! Ал шап! Не тұрыс  
бар? Мұғалім, саған Орынбордағы жігіттерден сәлем  
әкелдім... Айтам... Шап, Шатақан! Шабындар! Есіктен  
төрге сүйінші!

Ш а т а қ а н. Сүйінші, сүйінші! Садағаң кетейін,  
Майқан-ай, сүйінші!

Қуанып шығып кетеді.

Ж а н т а с (*болысқа*). Сүйінші ме? Рас па?

Б о л ы с. Рас емей!

Ж а н т а с. Ендеше мұнда жер тар. Даурықпайық!  
Сүйіншің сүйінші! Бірақ осыны қазір өзің жүріп, анау  
жиылған елге өзің барып мәлім етесің! Жүр!

Д а у ы с т а р. Дұрыс, дұрыс! Жүр, жүр, өзің жүр!

Б ө р б а с а р. Дұрыс, өзің жүр... Өзін апарамыз!

Жұрт кимелеп, болысты ортаға алып әкетуге айналады.

Ж ү з т а й л а қ. Өңшең елден шыққан бүлік. Жақ-  
сылық әкелсе де қадірін білмейін дей ме? Мұғалім, жа-  
ным, сенің жолыңда мен айтқан тоқтың. Сәулем! Бар  
сен де! Тапсырдым саған. Тұр, бар!

Мұғалім ойда, зорға тұрады.

М ө р ж а н (*шығатын жұртпен кегуге ыңғайланып*).  
Арын сатқан арсыз еді. Аю қатын екенін білмеуші ме ең,  
мұғалім? Сізге не болды, жібің босап. Мен айтайын ба  
ақылды, бұныңыз не?

С ә р у ә р (*мұғалімге*). Ни болған, ни болған соң  
сінә. Ни ішләрмін. Ни әйтіргә. Әне Мөржан әйтті бит

синө. Ол білә бит ол қаһарні. (Түртін оятқандай болып.)  
Ни диәрмін, нәрсе диәрмін мин, мұнан соң синің ха-  
қында?

Жүз тайлак (Мөржанға). Құтыра тұрыңдар бә-  
лем. Ішіннен жайлармын, астыңнан қырыққанымды кө-  
рерсің.

Мөржан. Күймесен өртеніп өл. Енді ұсынсаң да  
қолың жетпес.

Жүз тайлак. Тұра тұр, жетпес деп саспа! Әлі-ақ  
аяғымның астына түсерсің! Менің кісім, керек кісім, тап  
ортанда! Білерсің, төбеңнен ұрған күні.

Сәруәр. Уаллаһи ни айта бұл? Харап болдың бит,  
Сапа! (Мұғалімге төнеді).

Мөржан. Сұмдық қой мынаның айтқаны. Жүрі-  
ңізіңіз.

Мұғалімді алып бара жатады.

Мұғалім (түк ұғынбаған пішінмен). Қош, Бибіш  
ханым!

Жүз тайлак. Қош, жарықтығым, болыска пана  
бол, тапсырдым саған.

Нұрқан. Әттең, әскердің кетіп қалғаны-ай. Ауыл-  
да даяр жігіт жоқ, қайда, қайда ояз?

Жүз тайлак. Үш, үш енді оязға!

Нұрқан. Әкпетті, әкпетті ғой, ойбай! Арыстанның  
аузына әкпетті ғой, қайран ағатайым!

Жүз тайлак. Қайда, әскер қайда? Шап, шап әс-  
керге!

Нұрқан шығып кетеді! Бибіш жылап, сілейіп отырып қалады.

Шымылдык.



## ТӨРТІНШІ АКТ

### Бесінші сурет

Тәу іші, кешке жақын Әр жерде қос түтіндері, тас арасында қай-  
ннан қол. Құралдар, найза, айбалта, аздаған мылтық. Әр жерде тас  
тасында қарауыл. Қолдарында қызыл жалау, найза. Қол бейбіт.  
Сондықтан кейде шырқаған, қосылып айтқан әндер естіледі. Дырду  
күлді Сойыл қағып, найза тіресіп, сапыласып өздерінше әскер ойы-  
ндарын ойнап «Қаит-қайт! Қашпа-қашпа! Қайда-қайда! Жекпе-жек,  
жекпе жек!» деген сазнада өтисетіндер де бар. Арасында қалмақша  
алжасып үш-төрт рет дөңгелесіп өтиседі. Алдыңғы бір таста мылтығы-  
на сүйеніп жалғыз Жүніс отырады Түнерген.

### К ө р і н і с

Бір шәт бір кемпір шығады. Жүністі көріп қалады.

Ж ү н і с *(селт етіп, басын көтеріп қарап)*. Ей, сендер,  
кімсің!..

Ш а л Уһ, қарағым-ай, ел екенсің ғой, зәрем кетті  
ғой. *(Талған күйде отырады.)*

Ж ү н і с *(қастарына келіп)*. Не болды? Қайдан жүр-  
сің? Кімсіңдер?

К е м п і р. Қырды ғой, шырағым, қан жоса қылды  
ғой, ойбай!

Ж ү н і с. Қай ауыл, қай елсіңдер, не болды?

К е м п і р. Уа, Олжаймыз, Жаманай ауылынікіміз!

Ш а л *(бет-ажары қан, есін жиып)*. Жетті ғой әскері,  
бастаған Қыдырбай, бір жерде отырған бес ауылдың  
жігіті Жантас, Тәнекеге еріп кетті деп ұйпап салған жоқ  
па, бүгін!

Ж ү н і с. Не істеді, анықтап айтшы?

Кемпір. Бес-алты ауылды түгел өртеді, малдың бәрін айдап алды, басып қалды, бауырын көтеріп қыбырлаған жанның бәрін қырды. *(Зарлап.)* Қаршадай қызым, сәулем! Он жасар балам шыға алмай оттың ортасында қалды.

Ш а л. Аң боп кеттік қой, карағым. бостық қой. Осы жол бойы ылғи адамын қырып, аулын өртеп, қан жоса қып келеді.

Ж ү н і с. Қашан бастады?

Ш а л. Борсақтан бастап, жолда Қарсақты, одан қала берсе Олжайға да ауыз салды.

Ж ү н і с. Олжайға да тегіс тиді ме?

Ш а л. Жоқ. Оған аралатып тиіп жүр. Әлгі көрінде өкіргір Қыдырбай жүр ортасында. Шықты ғой тажал боп,

Тағы екі қатын шығады.  
Алдыңғысы кеудесін басып жығылады, бүйірі қан.

### К ө р і н і с

І - қ а т ы н. Жеттік пе, ойбай! Қайда азамат? Қайда әлгі, қол жиды, қарсы тұрады деген азаматы қайда? *(Жұрт жиыла береді.)*

Д а у ы с. Не болды, уа, не болды?

К ө п д а у ы с. Әскер жетті, қырды... Елді қырып жатыр дейді.

Ж ү н і с. Ой, жігіттер, тоқтаңдар, естідіндер ме мынаны?

Д а у ы с т а р. Уа, не дейді? Не бопты? Айтсандаршм жөндеп?

Ж ү н і с. Өзен жағасында отырған елге Қыдырбай бастаған әскер кеп, ауылдарды өртеп, елді шетінен қырып жатыр дейді.

Д а у ы с. Уай, ол ел тыныш ел емес пе еді? Бізге ермей қалған ел еді ғой.

ІІ - қ а т ы н. Ермегені не керек? Мынау Борсақ, мынау Қарсақ деп атап-атап қырып жүр. *(Жылайды.)*

Ш а л. Қөрмеген сұмдық, дозақ заман жетті ғой басымызға! Карағым, тілеуінді тілеген азаматым не қып тұрсын, ойбай, түге? Қырды ғой мына болыс, мына Қыдырбай, өртеді, қырып салды өні, туған бауырларыңды. Ат тұяғына ездірді ғой қызыл шиет баланы...

Д а у ы с. Ой, жігіттер, бұл не тұрыс?

II - дауыс. Бәсе, бұл не? Қайда Жантас! Қайда Тәнеке?

Жұрт қарайды. Жүгіріп Шатақан шығады.

### К ө р і н і с

Ш а т а қ а н (*жүгіріп*). Уа, сүйінші! Сүйінші! Қайда мұның қолы, сүйінші. (*Жүністі көріп.*) Жүніс, Жүке.

Ж ү н і с. Шатақанбысың, ей? (*Анау жүгірім кеп қолына хат сияқты бірдемені сұға салады.*) Ақырын, не болды? Немене?

Ш а т а қ а н (*айқайлап*). Сүйінші. (*Жүніске жылдам.*) Болысты әкеле жатыр, зорлықпен әкеледі ұстап, Жантас, Тәнеке! Жүкетай, жаны қалар ма, жоқ па? Сүйінші! Сүйінші тілеп ұш деп еді Жүзтайлақ — Бибіш!..

Ж ү н і с. Бибіш, шіркін! Қысылып па едің? (*Атып тұрып.*) Жүгір-жүгір, сұрай бер! Құлақтандыр сүйіншінді!

Ш а т а қ а н (*жүгіріп*). Сүйінші, сүйінші, болыс келді.

Екінші жақтан Бөрбасар, Сәруар, Мөржан шығады, қарай қалады.

Манифест! Болыс келе жатыр өздеріңе, сүйінші, сүйінші!

Дауыстар. Не дейді мынау? Нені айтады мынау! (*Сүйінші деген дауыстар сахна сыртына тарап бірден-бірге кетіп жатады.*)

Б ө р б а с а р (*сүйінші деп жалаңдап жүрген Шатақанды ұстап ал*). Ей, сен болыстың итаршысы едің ғой, тұра тұр, көп бүлінбе!

Ш а т а қ а н. Не дейді мынау, езуінді!.. Сүйінші десе, жақсы тілеу үстінде.

Б ө р б а с а р (*халыққа әйгілеп*). Сенікі қай сүйінші осы? Ей, жігіттер, мынаның сүйіншісін білдіңдер ме?

Дауыстар. Уа, не? Немене, айтсаңды? Қай сүйінші?

Б ө р б а с а р (*Шатақанды жібермей*). Тұра тұр, тапжылма! Бұның сүйіншісі осы қазір ашылады. Әлде бұл болысты — Майқанды ұстап әкеле жатқанға сүйінші сұрайтын шығар. Солай ма? Дәм-тұзын ақтаған екен, шіркін, сен де дастарқан аттадың ба?

Ш а т а қ а н. Ой, құдай жүзін көрмегір, кәлір! Кәлір

екенсін ғой! Жаман иттің аты Бәрбасар деп Бибіш текке қоймаған екен ғой.

Дауыстар. Не дейсің? Баста, ой, жаңағың! Жүр, жүрші былай.

Мөржан, Сәруэр калады. Сәруэр мұнды.

### Көрініс

Жүніс (Сәруәрдің түсін байқап). Сәруэр, немене? Сен неғын тұрсың? Осы Жантастармен ауылға сендер де еріп бардыңдар ма, немене?

Сәруэр. Иә, бу Мөржан анасын кургісі килді. Ә, мен!..

Жүніс. Иә, сенші! Ауылда не қызық көрдіңдер? (Мөржанға.) Айтсандаршы, о не? Кімді көріп едіңдер, не көрдіңдер?

Сәруэр. Бибішті көрдік, Бибішті. Сиқырды аждаһаны көрдік.

Жүніс. Бибіш, Бибіш сайқал ғой. Не дейді, не деп отыр?

Мөржан. Не десін? Қолда, басшы кісілеріңнің ішінде жансызымыз бар, кісім бар дейді. Басқан із, бар сырынды біліп отырам дейді.

Жүніс (атып тұрып, өңі қашып сұрланып). Не дейсін? Ол қу, қанды қармақ, не деді екен тағы, ол пәле.

Сәруэр (мейірленіп сеніп). Бағрым Жүніс! Харан болдық бит. Ни әйтпінмін!

Жүніс (Сәруэрға тесіліп қарап, өзгеріп). Сәруэржан, айтшы, рас па? (Жылдам.) Атын атады ма?

Сәруэр. Атамады шу... Атармнің суң анди мазлу-ма?!

Жүніс (өзгеріп). Жауыз ғой ол... Істейді ғой қулықты. (Жылдам басып кеп кезек қарап.) Әлде әдейі айтқан шығар. Сездірді ме кім екенін?

Мөржан. Сездірді.

Жүніс (қайта өзгеріп). Ендеше кім? Кім деді? (Мөржанға.) Айт!

Сәруэр. Нинди кіші кімі? Анысы мұралім түгіл шул, әммә біз шүбәләнәміз. Мин шонәр қайғырам бит, бағырым Жүніс. (Жылап жібереді.) Ол хатын ауыз мээрұн, Сапаны хорли бит!

Жүніс (өзгеріп ақырындау). Не дейді? Не дейді,

ойбай, құдай-ау. (Ақырым.) Мұнда ма еді? Не деді мұғалім туралы?

Сәруэр. Ул мұғалімгә Нұрқанды қорғатты, Сападан аны қорғауын талап етті, шарт етті.

Жүніс. Ал Сапа ше?

Сәруэр. Ә, Сапа (жылап). Аның тілін тыңдады. Сихырланды. Сихырланған түгілімни сон, Жүніс досхайым! Һәммә халық алдында мұғалім өзін ненди хор етіп көрсетті? И... Білсәң иді мәнім дәртімді (қатты). Мұғалім ол хатын алдында тілсіз, көзсіз, пікірсіз құл болды бит!

Жүніс. Өзі қайда? Қалып қоймады ма тек!

Сәруэр. Юх, қалмады. Біз Мөржанбілән аны алып шықтық, килә!

Жүніс. Бәсе, бәсе (тістенген пішінде).

Мөржан. Немене? Немене? Сіз не айтпақ боласыз, Жүніс, айтыңызшы?

Жүніс. Мен бұрын ішіме түюші ем... Бірақ.

Мөржан. Бірақ, кәне, кәне, айтыңызшы!

Жүніс. Бірақ ешкімге білдірмейін, сыртқа шығармайын деп ем.

Сәруэр. Жүніс, ниләр айтасың син (талып кетеді, Мөржан құшақтайды).

Мөржан (Жүніске суық, қатаң). Қинамаңыз мына кісіні!

Жүніс. Ә, рас, мынаны айтасыз ба?

Мөржан. Иә, соны айтам (қатаң). Әр дүниенің шегі бар. Бұл жазықсыз адам.

Болысты алып Жантас, мұғалім,  
Тәнеке басқалары шығады, ел бір жерге жиналып қалады.

### К ө р і н і с

Жантас (айнала қарап Бөрбасарды қолымен ымдап шақырып, оңашалау). Қарауылда тұрған адамдарың босаң кісілер көрінеді. Қазір сенімді, мықты жігіттерді жіберіп, ауыстырсақ (халыққа). Уа, жұрт, бері жиыл, бері келіндер, азаматтар.

Ел жақындай береді, болыс жалпылдап әрқайсысымен амандасқан болады.

Міне, мынау болыстарың. Кешегі кіжініен, кектен-

ген осы болыс болатын. Сенің басыңа көр заманды тұғызып ұлық тұрса, оның үстіне ширықтырғай осының қылығы еді. Бүгін аулына оязын әкеп, әскерін төгіп, ұлығына сүйеніп те, сипанып та отыр. Ал, осы болыс және сүйінші сұрайды. Біз әдейі сендерге ауызба-ауыз өзі мәлімдесін деп алып келдік осында. Тындаймысың, жұрт, мұның сүйіншісінің жөнін, жоқ па?

Б о й б е р м е с. Тындамаймыз, тағы алдайды.

Д а у ы с. Керек емес, тындамаймыз.

Е к і н ш і д а у ы с. Жоқ, тындаймыз, айтсын!

— Айтсын, жақсылығы бар шығар.

Айтқызындар... естиміз.

Ж а н т а с. Жарайды, ендеше, кәне, болыс мырза, айта ғой сүйіншінді.

Б о л ы с. Ендеше, жігіттер, сен кешегі менің елім емес пе ең. Осы сенің қырылғаныңды, босып, тозып құрығаныңды мен тілейді деген қайдан шыққан сөз? Сен жоқ болсаң мен кіммен кісімін?

Д а у ы с. Бәсе, кіммен кісісің?

Бұрыннан неге айтпадың мұныңды?

Б о л ы с. Бұрын ел боп менен сұрадың ба? Бұрын мұндай хауіп кеп пе еді басымызға. Бұрын мен де құтырып жүр екемін. Алды-артымды ойламаппын. Қайран елім, енді міне аппақ сүйек боп осы тау-таста қаласын ба, қырғын табасың ба деп қорықпадым ба мына мен бүгін. Шошындым ғой мен сен үшін!

Б о й б е р м е с. Уа, сүйіншің, сүйіншіңнің жөнін айт.

Д а у ы с. Уа, соны айт, соны айт.

Б о л ы с. Сүйіншім сүйінші, біз әнеукүнгі адвокат Кәрім екеуміз жер дүниені шарламадық па? Орынбор, Самар, Петербор бәріне бардық. Арыз бердік, сөйледік, өтіндік, жауабын кейін жібермек болды. Содан өзіміздің облысқа қайттым. Бүгін таңертең хабар жоқ па екен деп жандаралға кірдім. Кірсем жақсылық. Босады. Қазақ азат бопты деген хабар кепті.

Д а у ы с. Е, тілеуінді берсін. Е, солай десеңші!

Е к і н ш і д а у ы с. Петербор хабары ма екен?

Б о л ы с. Е, Петербордан, патшадан, министрден.

М ұ ғ а л і м. Бағана Санаттан дегенің қайда?

Б о л ы с. Санаты не, министрі не? Біз оқымаған қазақ дәлін білеміз бе? Мұғалім, о не дегенің? Тіпті Кәрімнен де телеграмма бар.

М ұ ғ а л і м. О да солай деп пе?

Б о л ы с. Солай, солай депті.

Д а у ы с. Уа, ендеше рас болғаны ғой.

— Шын болғаны ғой ә, құдай, берерсің!

— Уа, шын тыныштық болғаны ма енді сөйтіп?

— Е, тыныштық емей.

Ж а н т а с (*болысқа*). Рас па осы айтқаның? Рас болса Кәрімнің телеграммасын көрсетші кәне, мына мұғалімге.

Б о й б е р м е с. Иә, кәне, рас, рас.

Б о л ы с (*қалталарын қараған боп*). Е, телеграмма бар. Міне... қайда еді? (*Таба алмайды*.) Қап, үйде чемоданда қалып қойыпты ғой. Қап, ескермегенімді-ай, әт-теген-ай.

Д а у ы с. Рас деген соң рас болғаны ғой.

— Барған жерінің бәрін айтып тұр, болды ғой.

Т ә н е к е. Ой, халық, тұра тұр! Жә, кеңшілік болса мына оязың, әскерің не істейді? Мынау елді, жігіт бермеймін деген осы жұртты қайтеді? Тыныш қайта ма, ана ұлығың?

Б ө р б а с а р. Бәсе, соны айт, соны айтшы, кәне?

Д а у ы с т а р. Ия, қутынға ұшыратпай ма?

— Ел тынышталғанмен әскерің кеп қырып салса қайтеміз?

Б о л ы с. Әскер тимейді. Әскер бұрынғы дақбыртпен шыққан! Ол қайтады.

Ж а н т а с. Солай деймісің? Ендеше әскердің Борсақ, Қарсақты қырып жатқаны несі, мынау өзен бойында? Сенің осының алдау, бөгеу емес пе, әскерді тосып тұрған жоқпысың?

Б о л ы с. Әскерді мен көрдім бе әуелі? Аттан түскенім сол емес пе? Өз көзінмен көрдің ғой!

Ж а н т а с. Ендеше мына ауылдағы ояз бен әскерге жандарал бұйрық еткен шығар. Қырғынға шыққанын біледі ғой, сол бұйрығын істеді ме?

Б о л ы с. Істеді, қайтсын деді!

Ж а н т а с. Кәне, ендеше сол бұйрығын көрсетші! (*Тым-тырыс.*)

Б о л ы с (*сасыңқырап*). Жоқ, бұйрық менде жоқ.

Ж а н т а с. Сен елдің қамын ойлаған кісі екенсің, әскер шыққанын білесің, неге шыққаны өзгенің бәрінен бұрын саған мәлім. Олай болса жандаралға «Жыланды» болысына шыққан әскер жайында айтпайды екенсің, оныңды қалай дейік?

Тәнеке. Бәсе, сұрасаң осыны сұра!

Бойбермес (*елге*). Міне, босқа желпінесің, көрмеймісін тағы алдап тұрғанын.

Дауыс Қарағым Жантас, жақсы лепес, жарым бырыс деп еді.

— Айтқан хабары жақсы еді ғой.

II - дауыс. Рас шығар әлде, неге сенбейміз?

— Ай, кім біледі, аяғы сұйылып кетті ғой.

Бөрбасар. Өтірік, бәрі өтірік, білмеуші ме ең сырың?

Жантас. Ей, жұрт, мен бір сөз айтайын. Болыс сөзі рас болар деп дәме қылатының бар екен, олай болса тосайық. Жарайды. Дегенін болсын. Бірақ жақсы хабар шын боп, аныққа шыққанша мына болыс біздің ортамызда болсын, кетпесін. Не көрсе бізбен бірге көрсін. Бұған не дейсің?

Дауыстар (*шулап*). Дұрыс, дұрыс.

— Бізбен болсын, болсын.

— Ортамызда болсын, тапқан ақыл.

Бөрбасар. Жібермейік, осында ұстайық, көзіміз жетсін.

Жантас. Екінші, ел ішінде әскер, ортаңа келіп қырғын салып отырған ояз мынау. Қарсы болған жалғыз біз емес. Бес болыс ел, солармен хабарласамыз. Олар болыстарына не қылды екен, көреміз. Бар болысты бір арада ұстаймыз, кепіл, кепіл!

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс, хабаршы кісі шаптыр! Олар да болыс-биін ұстаған.

Тәнеке. Е, дұрыс міне, тоқтасақ, қайтсақ сол елмен бірігіп отырып қайтайық!

Жантас. Үшінші, жаман айтпай жақсы жоқ, сақтықта қорлық жоқ деген. Әйтеуір жігіт алмайды екен ғой, ендеше мынаның да керегі жоқ (*жанынан көп қағаз шығарып*). Мынау список! Бүгін ояз бен Нұрқан өз қолдарымен тізген сендердің списокің! Жаңа әдейі барып осыны тартып алып келдім (*списокті көпке лақтырып, шашып жіберіп*). Мә, мынаның көзін жоғалт.

Жұрт дар-дар айырады, улап-шулап қайта түзеледі.

Бөрбасар (*Бойбермеске*). Ал мына болысқа әзір сенім жоқ. Мықтап күтіндер.

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс, қашып кетпесің!

— Кете алмасын, жібермеңдер!..



Тәнеке. Жә, жігіттер, онан соң болыс сөзі өз алдына. Бірақ мынау әскер мен Қыдырбай қылығын естідіндер ғой. Өзен жағасындағы ел не көріп жатыр? Ереуілге шыққанын, шықпағанын бәрі бір. Бұл кұртамын деген қылық. Солай ма, солай емес пе?

Дауыстар. Солай, солай емей немене?

Тәнеке. Ел қырылды, жер кетті, неміз қалды. Өлісеміз.

Жантас. Бәсе, соны айт! Ендеше жүр, қамданайық, жарандар! Тегіс ат-сайман қамдандар. Не олар өзі келер үстімізге, не біз соқтығайық. (*Жұрт тегіс дүрктарайды. Жүніс пен Тәнекеге*). Жүріндер, қолды аралайық. Әзірленейік.

Бұлар жөнеледі.

Сөйлеген жұрттың ар жағында, төрдегі тастың біріне байланып қалған болыс көрінеді. Бәрі де дәл шетте. Мұғалімді Мөржан мен Сәруэр ұстап қалады.

### Көрініс

Сәруэр (*мұңды*). Халық! Бақытсыз халық! (*Қызына, рухтана*.) Ол өлсе де шатлықбілән улә біләді! Ә, біз кім? Біз ни болармыз!

Мұғалім. Не дейсің? Не айтасың, Сәруэр?

Сәруэр. Ни әйтiргә? Нигә шықтық, нигә ердік біз бұл халыққа? Ей, Сапа, ей, мұғалім, халқың сүйгән, ишанға мұғалимі! Нишләдің? Нишләдік біз? Шунди мiни сізнің мидрәсәдәгі хиялларыңыз. Сіз милләтка қызмет деп янған тугіл-мә идіңіз!

Мұғалім. Білмеймін, білмеймін, хияли болған шығармын.

Мөржан. Неге олай дейсіз, мұғалім! Сіз басшы, бәрін үйреткен, барлығын баулыған — бәріміздің ұстазымыз сіз емес пе? Не болды сізге?

Мұғалім. Бәсе, не болды маған? Тілім ғана бар, қолымда қайрат жоқ. Жүрегімде дерт бар, жазылар шарам жоқ. Мен бір ғазиз бәндә.

Мөржан. Шын айтасыз ба? Мұғалім ағатай-ау!?

Мұғалім. Бәсе, не болды? Не істедім осы бүгін мен? Халық не деді?

Сәруәр. Нәрсе дисін халық, аздың син.

Мұғалім. Рас (мұңайып). Аздым, аздым, гүнәһәр-  
мін. Хат! Газет басындағы басшы азамат хаты. Мен не  
істейін, адасқан сияқтымын.

Сәруәр (қатты). Мұғалим хайыр, мин синің туғы-  
рында хаталасқан икәм. Мин сізні ужданді дисәм. Син  
кара куңіл...

Мұғалім (селк етіп атып тұрып). Тек, қой, Сәру-  
әр, тоқтат! Мен ондай емес.

Сәруәр. Юх, син башқа түгіл.

Мұғалім (басын қорғағандай). Жок, жок, жок,  
олай деме! Олай емес.

Сәруәр. Ә, син атап әйтiргә қорқасың, син хазiр  
син шпик. Міне син кім?

Мұғалім (тұрып қатайып). Ой, сендер не дейсің-  
дер? (Мөржанға.) Не деп тұрсыңдар осы? Нені айтасың-  
дар?

Мөржан. Сіз қатты айтасыз. Одан бұрын, әуелден  
аман емес, қиянат жолына бұрын шықты деп сезіктеніп  
тұрмыз ғой біз.

Мұғалім (қатты). Қандай қиянат! Қайдан алдың-  
дар бұл сөзді. Мен Нұрқанды арашалағанымды, халық-  
ты наразы қылғанымды ғайыбым деймін.

Мөржан (ұмтылып). Сол ғана ма, мұғалім аға-  
тай-ау?

Мұғалім. Енді не?

Мөржан. Ойбай-ау, бізді, Сәруәрді өртеген Бибіш  
сөзі емес пе.

Мұғалім. Қандай сөз? Неге айтпайсыздар?

Мөржан. Қолда, басшы кісі ішінде тыңшы бар,  
жансызым бар. Барынды сол айтады, ашады. Түбіце же-  
теді деген жоқ па сіздің көзіңізше?!

Мұғалім (ашуланып кеп). Мен нені айтады десем,  
бұларың не? Нендей масқара? Сәруәр, мен бе екем сон-  
дай кісі? Қайтып ал қазір сөзінді, қайт, болмаса мен  
өлермін, өлермін қазір, мұндай ғазаптан баддұға оқып  
өлермін саған (жылап жібереді).

Сәруәр (жүгіріп кеп құшақтай алып). Бағрым;  
бағрым Сапа, ғафу ет. Мин ғайыпті! Біз ғайыпті икән-  
біз. Мөржан ишандым аңғар, ол ялған әйтми, көрә-  
сің мә?

Мөржан. Уһ, жүрегім жаңа орнына түсті ғой.

Сәруәр. Уһ, кім суң инді, ол яуыз хатынның сөзі.

Мұғалім. Бәсе кім? Кім, жүр, жүр тез қазір, Жаптасты табайық, білдірейік, білейік ол кісіні?

Жөнеліседі.

Бәрбасар, Бойбермес шығады.

### Көрініс

Бәрбасар (*болысқа келіп*). Ә, болыс, мен Бәрбасар, Бәрбасар! Өздерің қойған ат! Сен бөрінің үлкені едің, мен Бәрбасар екем! Танып қойғанбысың, қалай?

Бойбермес. Уа, мен Бойбермес! Әлде аузына құдай салды ма екен Бибіштің — Жүзтайлақтың, сені бөрі қып, бізді Бәрбасар қып?

Болыс. Қарақтарым, көресіні көрдім ғой, дәм-тұзым сіңбеп пе еді. Босатыңдар!

Бойбермес. Е, мен Бойбермес қой! Өз айтқаныңнан өзің қайтамысың.

Бәрбасар. Сендер қойған атты ақтамасақ бола ма? Дәм-тұзың атпай ма?

Болыс. Өле-өлгенше жақсылықтарыңды ұмытпайын, қарақтарым.

Бәрбасар (*күзетшіге*). Мықтап бақ. Не жаныңды аяйсың мына болысыңнан. Ол 15 жыл баққан. Қарызы қайда? Дәм-тұзы атады. Не қыласың, байғұс.

Бойбермес екеуі кетеді, аздан соң Жүніс шығады.

### Көрініс

Болыс (*дәме қып*). Жүніс қарағым, Жүніс, Жүке!

Жүніс (*күзетшіге қарап тұрып*). Тындамаймын, айтпа! (*Күзетшіге.*) Сен, ана жерде, бұлақ басында менің атым тұр. Соны алып кел, мен күзетем (*жігіт кетеді*).

Жүніс. Болды! (*Жылдам кеп шешіп жібереді.*) Жөнел, мына тастың түбінде менің атым тұр.

Болыс. Ұмытпаспын, ұмытпаспын (*тас жаққа қарап жұдырығын түйіп*). Бәлем өңшең бөріала!

Жөнеле береді.

**Бөрбасар** (*шыға бере*). Тоқта! Тоқта, катырамын, тоқта! (*Анау қаша береді. Басып салады, болыс серейін құлап түседі.*)

Тәнеке, мұғалім, Жантас, Мөржан, Сәруәр тағы бірнеше кісі жүгіріп шығады.

**Дауыстар.** Қашты ма, бұ несі?

— Кім босатты?

— Кім?

Бөрбасар Жүністі көрсетеді.

**Жантас.** Неге? Неге босаттың?

**Дауыстар.** Неге аттың, неге аттыңдар? Бүлдір-діндер ғой, ел бетін көрмейтін қылдың ғой, түге, түбімізге жететін болды ғой енді ұлық. Пәле ме еді іздегендерін?

**Тәнеке** (*ақырып*). Е, қайтушы еді?! Аянатын нен қалып еді?! Алдағанын енді көрсенші, міне! Адал болса, неге қашады?

**Бөрбасар.** Қашқан соң атпай қайтушы ек? Барып әскер әкелейін деді ғой.

**Жантас** (*Жүніске*). Жүніс, жауабын бер мына елдің? Ел емес пе еді қалсын деген?

**Жүніс.** Ел қалсын десе де өлсін деген жоқ. Көр ана көптің ниетін.

**Жантас.** Неге қашырасың?

**Жүніс.** Кетірейін деген мен. Рас, мен босаттым. Біз ұлықпен алысып жүрміз. Қазақтан жау көбейтіп керек емес. Кеткені ақыл еді.

**Мөржан.** Істеуін істеп ап ақталады екен!

**Жүніс** (*ашуланып*). Ақталмағанда қаралайын деп пе ең?

**Мөржан.** Жазықсыз кісіні де қаралап ең ғой.

**Жүніс** (*айқай салып*). Уа, қайдасың, Қарсақ-Борсақ, Олжай-Қарсақ, Олжай-Қарсақ, шыға ғой олай болса! Өлейін мен мұның қолында. Қайдасың мен деген ел. Шық мен жаққа, керегі жоқ! Асқан екен бұл Борсақ! Тамам елдің төбесіне шығып. Қатынына шейін басыма ойнатайын ба?

Сырттан шу, айқай шығады. Аттан-аттан деседі.

**Жантас.** Ал, жау қаптады, ұста тегіс қаруыңды!

Жұрт жапыр-жұпыр қаруына жүгіреді. Жүніс пен Тәнеке қалады.

Тәнеке (*Жүніске қатаң*). Әне, жау келе жатыр. Өзің ниетің не? Болдым мен сені естіп. Бөтен ойың болса бетіңнен жарылғасын. Әне, кете бер, бар, жібердім! Болмаса ірітпе елді, білдің бе? Мына Майқанның өлігінен аттап өткен соң, енді өлі-тірінің арасындамыз бәріміз де! (*Ашумен.*) Қылыш үстінде серт тұрмайды, Жүніс, біліп қой. Бер жауабыңды, қайда барасың.

Мылтық тарсылдайды.

Жүніс. Не айтып тұрсың өзің, Тәке! Битке өкпелеп тонымды отқа салмаймын, мен бірге өлемін. Баста, Жантас!

Жантас (*шыға кеп*). Е, жүр олай болса! (*Тасқа шығып айқайлап.*) Мына жақта, мына келеді! Шегіне-шегіне ат. (*Өзі атып-атып жібереді.*) Тәке, Жүніс! Кейін осы шатты өрлеп, кейін бастыра беріңдер. Біз бөгейміз!

Он шақты мерген шығып жатып атады, шегіне беріседі.

Дәл байлап ат!

Борбасар. Мынау Борсақ үшін! Ұшты ма? Мынау жазықсыз қырылған кемпір-шал, қан жылаған ел үшін! Серейді ме? Мынау Қарсақ үшін! Мә, ұлық, мә, төре! Саған, саған атамын, қылжиды біреуі тағы да.

Жөнеліп кетіседі.

Аздан соң ояз, Қыдыш, Нұрқан, Семенов тағы басқа әскер ілгері шыға келеді.

### Көрініс

Қыдыш (*айнала қарап, жылдам басып болысқа кеп*). Ойпырым-ай, сұмдық-ай, арысым-ай.

Нұрқан. Ойбай-ойбай, бау-уы-рым!

Қыдыш (*оязға*). Кес-кес! Ойбай, тақсыр ояз! Он мыңнан кес! Тәнеке, Жантас басына! Ұстат, дарға ас! Өрте мына қырылғырдың елін!

Шымалдық.

## Алтыншы сурет

Найзатастың бауыры. Жантастың соңғы бекінген жері. Азғана тоғай, үйілген тас, төрде шаншылған биік жартаc, арты көлбеп, үлкен жар боп сахнаның сол жақ төріне қарай кетеді. Тас баурында от жаққан жер. Қазан-ошак, шәугім, киіз, көрпе, жастық, сүйеулі қару-сайман. Сахнада Жантаc, Тәнеке, Мөржан, Ділда, Сәруәр, мұғалім, Бөрбасар, Бойбермес.

### К ө р і н і с

Ж а н т а с. Айналаны қусырып келеді, ә?

Т ә н е к е. Қарабұжыр, Көксу, Теректі, Қызылжар болыстарын тегіс басты. Бастықтарын ұстапты. Жігіттерін тізіп жатыр дейді! Онда да момын елдің қырғын, шығыны мол. Қыласыны қылды ғой мынау ояз!

М ұ ғ а л і м. Рас па осы хабар?

Т ә н е к е. Рас, анығын жаңа білдім.

Ж а н т а с. Тізе қоса алмадық. Болмаса бұл қанішер ояз, қанішер ұлыққа әлекті салар едік.

Т ә н е к е. Бірінен бірі айырып әкетті. Ел-елдің болыс-биі астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жоқ па аңқау елдің!

Ж а н т а с. Көр боламыз ғой, басшылық ете алмадық білем. Бір шығар бет, нұсқар жол бар ма? (Мұғалімге.) Не істейміз? Не істе дейміз?

Б ө р б а с а р. Қайда барамыз? Не істейміз? Аңада бір Қытай деп еді, соған кетеміз бе? Мына жақта құм бар дейді, сонда барамыз ба? Әскер бейбіт елді қырып барады.

Ж а н т а с. Ендігі істейтін іс туралы не ойлайсыз?

М ұ ғ а л і м. Білмеймін, еш нәрсе айта алмаймын.

Т ә н е к е. Соғыс созылса патшасы құлайды, азат боламыз деп едіңіз, сонымыз қанда?

М ұ ғ а л і м. Ие, соғыс болып жатыр, ә патша әлі тұр.

Ж а н т а с. Әйтеуір түбі бір саңылау болатын болса шыдан көрер ек.

М ұ ғ а л і м. Түбі болар. Бірақ қашан болар? Ел шыдай ма? Менің ойым онға, саным санға бөлінеді, осыны ойлап. Бірақ, шығар жол көрсете алмаймыз. Қытай алыс. Құм ба? Құмға, алыс құмға көп халықты тағы жеткізе алмаймыз.

Тәнеке. Ой, жігіттер, бірдемеге байлайық. Біз ғой, неде болса қайтар жолды кескен кісіміз. Әйтеуір түбін күткен адамбыз. Ел толқыса ықтияры, жіберейік.

Бөрбасар. Ие, қалған аз ғана ел соның жауабын күтеді.

Жантас. Болды ендеше. Елді таратайық та, қалғанымыз екшеліп кетейік. Ерем дегені ерсін, өзгесіне рұқсат. Біз енді қашқын боп күнелтеміз. Сол құмға қарай барамыз.

Тәнеке. Байлау осы, соған міне осы отырғаның не дейсің? Еретініңмен баталасамын.

Мұғалім. Мен өз басым білмеймін, бөгет болармын деймін.

Жантас (*тым-тырысқан соң*). Мұғалім, сіз қысылмаңыз. Сізге де рұқсат, бұл күнге шейін ақылыңыздан пайдаландық. Енді уақыт солай болған шығар, бүгін шығарып саламыз сізді. Бұл маңайға тоқтамаңыз, басқа бір жақтан барып шығыңыз.

Мұғалім. Түн. Қара түн! Тұяқ серпіп еді. Елді көрсетіп еді. Бишара миллат ә, зұлмат түні әлі баста... Арылған жоқ.

Жантас. Еш нәрсе етпес. Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір соған қарсы бір де болса қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да арман емес. Маңдайымызға жазғанын көріп аламыз.

Тәнеке. Өкініш жоқ.

Бөрбасар. Тәйірі өкініп, неге өкінейік. Кетеміз ана құмға, қолына тіпті де түспейміз.

Жантас. Міне, осы байлау. Ал, мұғалім, Сәруэр, сіздердің жолдарыңыз болсын. Біз былай көшеміз, сендер енді жолға қамданындар.

Мұғалім. Әлде окопқа барармын, жігіттерді бас тармын, солардың ішінде болармын.

Сәруэр. Мұғалім, син шынында да Жантаслардан қаласын, айрыласың міні?

Жантас. Жоқ. Сәруэр, жолдарың болсын, бөгелме!

Сәруэр. Ұят тугілміні?

Жантас. Олай деме. Біздің жол қиын, ол қашқындық. Апа, Мөржан, осы сендер қайтер екенсің?

Ділда. Қарағым, жарығым, өзің біл, өзің айт! Не қыл дейсің?

Мөржан. Қалып қор болғанша, не болса да бірге көреміз, ереміз біз.

Мұғалім. Мөржан бауырым, жақсысың, ерсің сен. Жақсы айттың, құрмегің қарындасым. Сендей адал, жақсы жар туғызған ел өлмес.

Үш кісі келеді. Көптің елшісі.

### Көрініс

I - кісі. Е, Жантас, Тәнске, ақылдасып болдыңдар ма? Ел жауап күтіп тұр.

Жантас. Немене ел асығайын деді ме?

I - кісі. Асықпағанмен мезгілі өтіп барады. Бір суткенің ішінде келетіні келіп болсын депті.

II - кісі. Сендерді қимағаннан тұр ғой мынау елің. Болмаса ұрланып-жырланып кетіп жатыр ғой әне талайы.

Жантас. Жарайды, онысына рақмет елдің!

III - кісі. Ел әйтеуір екеуіңнің тілеуінде!

I - кісі. Әскері тағы молайды дейді. Қыдыш пен Нұрқан қазақтан да үш кісі қосыпты. Өздері тағы бастап шығады дейді.

Жантас *(тұрып тас басына шығып)*. Жарайды, мен енді халыққа барып, қайтқысы келгеннің бәрін қайтарайын. Сөйлесіп екшейін. Сендер: апа, Мөржан, мұғалім, Сәруәр, сіздер де қамдана беріңдер. Қазір жөнелеміз.

Тастан әрі түсіп кетеді, келген үш кісі бірге кетеді. Жұмажан, Жүсіп бір жақтан шығады. Арттарынан Бөрбасар кіреді.

### Көрініс

Жұмажан. Ассалаумалейкүм! Амансыңдар ма? Аман жатырсыңдар ма! *(Мөржанды көріп ұмтылып.)* Мөржан, апатай, зар қылдың ғой бір көруге. Шешен зарлап жатыр. Басыңды қатерге байладың ғой, апатай. *(Құшақтамақ болады.)*

Мөржан. Тоқтат! Негып жүрсің? Кайдан жүрсің өзін!



Жұмажан. Ойбай, сендерді мен іздегелі қашан? Білгі адасып әбден діңкем құрыған жоқ па, шорт.

Жүніс. Қарауылда отырсам қалқалақтап келе жатыр, алып келдім.

Тәнеке (Жұмажанға). Қайдан шықтың өзің?

Мөржан. Иә, жөніңді айтшы?

Жұмажан. Ойбай, діңкем құрыған жоқ па іздеп. Әнеугі бір күн жатақтарына жаңа жете бергенімде тарсылдап мылтық атылып, жүрегім тас төбеме шықпады ма, шорт. Арада сандалып жүріп оққа ұшармын деп, қайта қаштым.

Мөржан. Бізді не қылайын деп осы іздейсің?

Жұмажан. Көрмеймін бе сені, аман-жаманыңды білмей отырамыз ба? Тіпті ана кәрі шешен жанымды жағамнан алған жоқ па?

Бөрбасар. Ал, сарқурай атты, Нұрқанның сарқурай атын мініп жүргенің не?

Тәнеке. Не дейді?

Мөржан. Ал, оның не?

Жұмажан. Қашып шықтым, о несі екен? Сендерге баратынымды айтқам жоқ, әйтеуір қашқан соң деп сарқурай атты мініп қаштым, шорт.

Бөрбасар. Сен оны мініп жүргенде өзгелері қайда екен? Шатақан құдың көзі неғып шалмады?

Жұмажан. Бәрі тік көтеріле кеткен жоқ па? Ауылда тірі тышқан жоқ. Биенің бас сауымы бола бергенде, желі басында тұр екен, сарқурай атты жылқы қайырамын деп мініп алып ызғыттым-ау.

Тәнеке. Ал, Нұрқандар қайда? Қайда кетті? Әскері қайда?

Жұмажан. Жүзтайлақ болыстың өлген жеріне бата оқи кетті, өзі осы арадан жақын екен ғой! Сол жерде құран аудартып, хатым қылдырмақ. Елдің бәрі сонда.

Жүніс. Әскер өз бетімен кетті. Мына Көксу болысына жігіт жөнелтпек дейді.

Тәнеке. Неғып бәрі бейбіт бола қалды?

Жұмажан. Е, тіпті бейбіт деймін, айтам ғой. Тіпті құлаққа ұрған танадай, шорт. Бұл жақты тоқталды деседі. Жантас пен Тәнекенің басына бәйге тігілді, өзге ел азат. Сондықтан қол тарап қайтқалы жатыр деп хабар соғып жүр.

Мөржан. Тағы хабар беріп пе?

Жүніс. Оттапты, о не қылған алып-қашты?

Бөрбасар. Ел құлағы елу, есітпей тұра ма?

Жұмажан. Оларын рас па, тегі, Мөржан апатай? Енді не болса тыныштық болғанша қасында болам, шорт. Болмаса ана шешен қарғап-сілсеп өлтірер болды.

Мұғалім. Онда бұл жерден көшпесе де болар ма, қалай?

Жүніс. Көшем деген кім?

Бөрбасар. Бұнда солай деп қамданып жатырмыз.

Жүніс. Жоқ, көшпейміз, осы күнде қайда екенінді білмейді, бата оқыр жасап бейбіт жүрген жау анау.

Тәнеке. Ей, шырағым, білмеймін. Осы сенгіштікті қойсақ екен.

Жантас шығып тыңдайды.

Жүніс. Жүре берсең көзге түсесің қайта! Енді ел тарайды, аз кісі боламыз. Әбден ел арылып болған соң, бір-ақ жалт береміз!

Жантас. Сен өзің еремісің? Солай байлаганың шың ба?

Жүніс. Неге ермеймін? Енді мен қайда бармақпын?

Жантас. Біз мұғалімді қайтсын дестік, ол кісі жүргелі отыр.

Жүніс. Неге қайтады? Келіп-келіп тастап кетсе ме?

Мұғалім. Менің ықтиярым әлі өзімде шығар, Жүніс әпәндә?

Жүніс. Жан тәтті ме екен? Бізден ардақты болайын деп не ең?

Мұғалім. Мен сізді білмеймін.

Жүніс. Ендеше, біліп болғанша кетпейсіз!

Мұғалім. Не айтпақ боласыз?

Жүніс. Ақжүрек азамат атанасыз! Қысылған жерде жалт бермексің. Әлде Жүзтайлақ бір көрсем деп айтады дейді. Соған соғатын шығарсың.

Мұғалім. Мені хақараттамауыңызды сұрар едім (Жантас, Тәнекеге). Мен сіздермен бұлай ажырасамын деген жоқ едім. Батаға да кірмедім.

Тәнеке. Жоқ, мұғалім, біздің сізге ренішіміз жоқ. Жолыңыз болсын, біз батаға кірмеді деп айтпаймыз.

Жүніс. О не қылған бата?

Жантас. Біз бірге өлемін деген кісімен баталастық. Мұғалімді өзіміз азат қылдық.

Тәнеке. Қырғын болса, бәріміз кеткен жақсы ма? Тым болмаса бірен-саран болса да артымызда айта жүрер қалсын, аман болсын...

Жүніс. Мен неге болмаймын ол батада? Немене, сендер осы жасырынбақ ойнаған кісідей?

Жантас. Біз сені ермейді ғой дедік. Көзді қарақты адамсын. Біздей надан емессің, басқа бір жарыққа шығып кетсең күн көруің де оңай. Біздікі енді тар жол, тайғақ кешу ғой.

Жүніс. Мен неге қалам, не деп қалам?

Бөрбасар. Ойбай-ау, біз сізді бүйтер деп ойламадық қой.

Жүніс (*Жантасқа*). Ой, шіркін Жантас, сен мені ганымай жүр екенсің ғой әлі. Мен естіп келдім. Қарабұжыр қимылына бастық болған адамның бәрін ұстапты. Ішінде мен сияқты орысша оқыған біреу бар екен, білдіңдер ме не қылғанын?

Жантас. Неғыпты?

Жүніс. Халықтың көзінше дарға асылты. Асқызыпты анау ояз Казанцев. Оның қолы қатты. Қылышынан қан тамып тұр. Білмеймін бе мен? Мұғалім, саған қайтпа дегенім де сол болатын, бірақ сен өзің біл.

Мұғалім. Мен бұл жақта, бұл уәлаятта тұрмаймын, солай кетермін.

Жантас. Жарайды енді, біз де аяйды деп жүргеміз жоқ. Біз жазғанын көрерміз, болдың ба, Сәруэр?!

Сәруэр әзір, Мөржанмен сөйлесуде.

Жүріңдер, біз де жөнелеміз.

Тәнеке. Әйтеуір түбінде бір саңылау болса болды, неде болса қалған өмірді жағаласып өткізем сол ұлығымен, бұзығымен. Болды. Ал, қарағым мұғалім, жолың болсын енді.

Сәруэрді әзірлеп Мөржан, Ділда, басқалар қоштасып жөнелте береді. Оны Бөрбасар бастайды. Мұғалім бөгеліңкіреп қалады.

### К ө р і н і с

Мұғалім. (*Жантастың қолын ұстап*). Қош, азаматым, бауырым. Әлсіздігім болса ғапу ет. Қош, қайран ағам, Тәнеке. (*Ділдаға қоштасып.*) Қош, ана! (*Мөржан-*

ның бегінен сүйіп.) Қош, бауырым, адал ниет, ақжүрек ұмыттырмас! (Жөнеле беріп.) Бірақ, тез көшіндер! Бүгін де болса бұл жерден жөнеліңдер!

Жантас қоштасып, шығарып салып, аздан соң қайта кіреді.

### К ө р і н і с

Жантас. Ал енді біз де көшеміз, болындар, киініңдер.

Жүніс (саспай). Жоқ, мен киінбеймін. Тап осы жерден бүгін алатын жау жоқ.

Тәнеке. Бұл жері құрғырды неменесіне қимай отырсың?

Жүніс. Апыра-ай, Тәке, бала ма едіңіз! Кететін елдің арты әбден сейілсін! Олай беттегенімізді ешкім білмейтін болады деп отырмын! Тіпті болмайтындарың не?

Мылтық атылады.

(Ішінен.) Бөгеп отырғаным осы еді.

Мылтық тарс-тарс атылады.

Дауыстар. Қапта-қапта!

— Түс-түс!

— Пли! Пли!

— Бей! Бей!

Бойбермес пен бес-алғы жігіт жүгіре кіреді.

Жантас. Тос, алдын тос.

Жігіттер мен Тәнеке атысып ілгері басып шығады.

Дәл байла!

Өл де тастан тасқа секіріп бұғып атып жүреді.

Апа, Мөржан, шық тасқа, тасқа шыға бер. Осы биік тастың басымен әрі жоталап тарта бер. Біз бөгеп тастап жетеміз.

Бір топ жігіт артта мылтық даусы шыққан жаққа қарай кетеді. Тас-тастың арасында бұғып жүрген Жұмажан Мөржанды етегінен тартады.

### К ө р і н і с

Жұмажан. Барма, жетті, ерме енді оларға! Өзім алып кетем, сарқурай дайын тұр.

Мөржан. Қуарған, не деп тұрсың, Жантастан қалушы ма ем?

Сыртта атыс.

Жұмажан. Қал деймін, шорт, керегі жоқ. Бір қашқыңға талақтай жабысып не құдай атты сені. Әдейі алып қайтқалы келдім, ересің, шорт!

Мөржан. Аулақ менен ендеше. Сорлы сұмырай. Құлқынына сатылған есік қақты!

Жұмажан. Шын айтамысың, ендеше міне, шорт, байың Нұрқан! Күн қатын қып беремін тура соған (алысып жібермейді, екеуі де тас басында).

Мылтық атыла-атыла жақындайды. Қаша ұрысқан Жантас, Жүніс, Бойбермес тағы бес-алты кісі қайта шығады.

Жантас (әр жерде секіріп атады). Ал серпіле беріндер, атқа, атқа қарай. Ата отырып шегін, түге, Тәнеке, Тәнеке, ой, Тәнеке қайда?

Қайта ілгері басып бәрін жиып алады. Мылтық даусымен Жұмажан қаша жөнеледі.

Бойбермес (Жантасқа). Саспа, Тәнеке аман! Атына барып мінді. Қыдышты сілейтіп кетті, кегін алды. Көрдіндер ме? Бөрбасар Сәруәрды алып құтылды!

Жантас. Анық па, көрдің бе?

Жүніс. Көрдің бе, не дейсің, рас па?

Бойбермес (ата жүріп). Көрдім, кетті, ал біз де кетеміз. Атты әкелеміз, бөгей бер.

Жантас (ата жүріп). Бар жылдам, тез әкпел, әкпел!

Жүніс (ата жүріп). Қап, қап! Қысып кетті, молайып кетті. Бері, Жантас, бері, маған, маған тамаң.

Жантас әр тасқа секіріп атып жүріп, аяғы Мөржан мен Жүніс тұрған тастың бержақ жотасына, бір мұрыншығына шығып жатып атады. Сонда жан-жақтан, жоғары-төменнен орыс-қазақ қаптады.

Мөржанның аржағынан да пайза көрінеді.

Мөржан (отыра қап). Қаптады, қоршады ғой, қош, жаным Жантас?

Жантас. Тұра тұр, жастығым, жастығым.

Төменнен бір бұрыштан ояз, Нұрқан шыға береді.

Жантас (оязға оқталып). Ә, келдің бе, әйтеуір. Бәлем, қанішер ояз!

Мылтығын қайырып ата бергенде, сыртынан Жүніс бассалады,  
тым-тырыс.

Жүніс. Ә, Жантас, бір алысатын кезегім келген еді! Тосқаным осы еді.

Жантастың мылтығын сыртынан қайыра жұлып алады, жұрт қаптап шығады. Алдында ояз, Нұрқан. Бұлар төменде.

Жантас. Ә, сен осындай ма едің?

Екеуі алысады. Жантас Жүністі таудан төмен қарай кеудеден серейте ұрып құлатып жібереді, артынан мылтығын кезеп тұрған Нұрқан атып қалады. Жантас құлап түседі. Биіш шығады. Киімі қаралы, шаршысын шорт байлаған.

Ояз (*келіп Жантасты теуіп жіберіп*). Ә, жаман сасық малай, саған ұлыққа қарсы тұратын керек болған.

Мөржан (*тас басына шыға келіп*). Ал құдай мені де...

Жүзтайлақ (*селк етіп жоғары қарап*). Ә, жүзі-қара, бақыты күйген сорлы күң, сен әлі де аяғыма шырмалып жүр ме едің? Әкпеліңдер ұстап ана күңді!

Мұғалімді, кемпірді алып шығады.

Мөржан. Қош, қош, мұғалім ағатай.

Күз тастан атыла секіріп түседі.

Жүзтайлақ (*тасқа отырып*). Суытып ең бауырымды. Құшағымды серпіп ең, жат!

Ділда (*өліп жатқан Жантасты көріп*). Ойбай, жалғызым, жарығым, ойбай, ал, құдай, мені де (*талып үстіне құлайды*).

Мұғалім (*жан-жағына кезек басын изеп*). Қош, қош, жарықтығым. Түн еді, меніреу қара түн еді, үміт қарлығаштары! Қанды тырнақ қара жау, темір бұғау шырмады ғой тағы!

Ояз (*жылдам басып кеп*). Сен не айтасың. Мен көрсетермін, көрсетермін, бұл шпион — түрік шпионына!

Мұғалім. Көрсетсең көріп алармын, бәлем, сенің де күнің бітер... Өтер зұлмат түні!

Ояз (*қатты*). Таптармын мен сені, өртермін тегіс, дұшпан!

Мұғалім. Дұшпан екенім рас. Дұшпаным сен. Саған оқ атқан (*Жантасты көрсетіп*) мынау асыл ұлдар! Өлтірдім дейтін шығарсың! Жоқ, бұл сияқты әр ұлдарыңның қолымен біздің де дала дабыл қақты. Сарын

косты, сол даланың азаттығына біз құрбанбыз.

Нұрқан (*оязға*). Ойбай, тақсыр, әлгі Тәнеке, Бербасар, Бойбермес аман кетіпті, қусын, қырсын әскер.

Ояз (*әскерге*). Қу, ұста! Бұларға қосылғанның бәрін, бәрін, барлық елді қыра өлтір. Білсін олар Казанцевтің — ұлықтың жұдырығын.

Мұғалім. Ажал сағатың соғар. Түбіне жетер осы сарын. Тұсау кестің, қанат қақтың, қанағ қақтың қайран елім, жаса, көгер, елім!

Шымылдық.

Соңы.

# АЙМАН—ШОЛПАН

*Төрт актылы,  
бес суретті, күйлі пьеса*

*(Екінші варианты).*



## ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

- Аймай }  
Шолпан } апалы-сіңлілі қос қыз.  
Маман — екеуінің әкесі.  
Көтібар — Шекті руының жуаны.  
Теңге — тоқалы.  
Арыстан — інісі.  
Өлібек — бай жігіт, Жетіру.  
Жарас — Шөмекей. Көкке бірдей күлдіргі.  
Шал — Көтібардың қосалқысы.  
Жантық — Жетіру ақыны.  
Балпық — Шекті ақыны.  
Өзбек жігіті — керуен басының баласы.

Өзбек саудагерлер, той қылған ауылдың адамдары.  
Қыз, келіншек және шабындыға аттанған қол.

## БІРІНШІ АКТ

### Бірінші сурет

Көп ауылдың арасындағы көк алаң. Бұлақ бойы ақ қайың, жас қайың. Алыста жасыл бел, көк төбелер. Биік төскейлерде түгіні будақтаған ауылдар. Және шұбартып шашырай жайылған жылқының суреттері. Бұлақ бойында әр жерде тас, томарлар.

### *І к ө р і н і с*

Үкілі домбырасын бұлғай шырқап келе жатқан әнші ақын, жанында сәнді жігіттер тобы. Топ ортасында Әлібек,

**Ж а н т ы қ**

Жайлауында Жетіру  
Желіге шыққан желдірмем,  
Құйрық атып, төс керген  
Шандоз аттай ойнайды.  
Ақмартудай мырзам бар,  
Асқақ қыздың талайын  
Тілесе тегін қоймайды.  
Қыз көреміз, біз келдік,  
Қайда қызы Маманның?  
Келмей ерін кезертіп  
Кім деп сірә ойлайды?..

**Н ө к е р ж і г і т**

Бәсе, біз, неге мұнда сарыламыз?  
Не көріп, не күн туып жалынамыз?

Әлібек

Шақыршы анау Жарас тіл-хат басын...  
Күзеттен қу даланы арыламыз.

Нөкер жігіт

Әй, Жарас! Жарас, мұнда мойнынды бұр,  
Жөнінді айт, қашанғы біз сабыламыз?..

## *II көрініс*

Жарас

Қыз қашпас, ойын ойнай келмек еді,  
Осы сай сан қызықтың ермегі еді.  
Ойында өрелгі жоқ жөн сұрайық,  
Жігітің бұл қызға не демек еді?

Әлібек

Көреміз Маман байдың қызын бүгін!

Жантық (*Жарасқа*).

Ұнаса сен аласың көрімдігін.

Жарас

Дағдым жоқ алуменен ауызданған,  
Қоритын мүлкім емес — егіндігім,  
Қай ауыз жетсе соның жемі шығар,  
Одан да ниетінді айт тегін бүгін...

Әлібек

Айттырам бұл байыңның қызы ұнаса,  
Адақтап мен озғанмын елден аса.  
Теңімін, терезем сай, тұғыр етем,  
Түлкісін тояттаймын белден баса...

Жарас

Сол ма еді көңіл шіркін жабысқаны?  
Тіленіп құйқалымен табысқалы.  
Жалғыз-ақ алдында бір кедергі тұр,  
Шектінің көре кепті Арыстаны...

Әлібек

Кедергің не, не дейсің?  
Жетеді пұлым, мен салам...

Ол алмайды, мен алам,  
Шектіден неге кем қалам?

Ж а р а с

Әрине, сөзің жөн шығар,  
Жеген ауыз жейді де,  
Менің тегі жоқ жалам...

Ә л і б е к

Ендеше көрсет, мақұл ма?

Ж а р а с

Келер ойнап жақында...

Әлібектер кетеді.

### *Ш к ө р і н і с*

Арыстандар шығады.

А р ы с т а н

Қу дала, қу медиен күзеттердің,  
Сабымды қыз келед деп түзеп тұрдым,  
Қайда әлгің, енді қашан көрінеді?  
Асырып қыз мерейін үдеттірдің.

Ж а р а с

Білмеймін кім көрерін бұл қызыңды,  
Мен өзім дел-салдамын, жүдеп тұрмын.

Б а л п ы қ

Көмейің қалай жаман, жарқын Жарас,  
Не дейсің, бұ не деген кебің еді?..

Ж а р а с

Білмеймін килігіпті бай Әлібек,  
Көрем деп сол қызды о да келіп еді...

А р ы с т а н

Сөйлеме, қашан ондай теңім еді?  
Қай жерде тай-таласта жеңіп еді?  
Бет берсем, ниет қылсам ойып түсем,  
Қайтады ол, мен келген соң шегінеді...

Ж а р а с

Алмағың қай қызы еді бұл Маманның?

А р ы с т а н

Аламын ең жақсысын, сөзім сол-ақ,  
Таңдамай, талғап алмай, әлде бірін  
Алуға келгенім жоқ көп жаманның?..

Ж а р а с

Қыз мүлкі дейді мыңды айдағанның,  
Әлібек бірі бопты таңдағанның,  
Қалғанды қолы жетсе сенімі етпек,  
Орны жоқ, жамап-жасқап, жайлағанның.

А р ы с т а н

Ендеше күшке мен салам,  
Ол алмайды, мен алам,  
Егесіп көрсін есалаң,  
Қалғанын да тигізбей,  
Салайын бүлік топалаң...

#### *IV көрініс*

Әлібек тобы шығады.

Ә л і б е к

Е, батыр мырза, жол болсын!..

А р ы с т а н

Жол қылмақ сенен болсын.

Ә л і б е к *(күліп)*.

Мен де өзіндей жолаушы,  
Жол қылар мұнда нем болсын...

А р ы с т а н

Тас қия, тар көпірде кездесіппіз,  
Бір түйіп, бір тілекті меззесіппіз;  
Текедей тіресудің жөні болмас...

Ә л і б е к

Бәрекезде, нетеміз егесіп біз?..

Арыстан

Үстіме баса келсің, онын қалай?  
Кем бе еді менде сенен бақ пен талай?

Әлібек

Қайтесің күшіңді айтып, билік айтсын  
Одан да мына тұрған көп жағалай.

Балпық

Ендеше Жарас айтсын, ара ағайын.

Әлібек

Мақұл-ақ, мен де өзгені қаламайын...

Жарас

Жоқ, жаным, жай-жапсарын маған мәлім,  
Өтпес жарлық билікке жарамайым...

Дауыстар

Жоқ, Жарас, сен айтқаның мақұл, Жарас,  
Ақтарып айырып бер аламайын...

Жарас

Ендеше қыз да адамның баласы ғой,  
Өзі айтсын екеуінен қалағанын...

Арыстан (өзіне).

Қыз айтса, бай деп оған жамбастайды,  
(Көпке.)

Қызды өрлетіп бағыма бәйге етпеймін.

Әлібек (өзіне).

Батыр деп бұған қарай қиғаштайды,  
(Көпке.)

Тең етіп қызды бйге баламайым!

Арыстан

Түсетін шабындықтан о бір байтал,  
Нарқынан неге асырып бағалайын?

Әлібек

Қыздың байы жылқы еді ежелгіден,  
Би етіп табынуды қаламайым!

**Арыстан**

Ендеше арамызды жол шешеді,  
Қандай жан жолдан шығып егеседі.  
Алдымен бұрын келген жол менікі,  
Жөн білген бұны теріс демес еді...

**Әлібек**

Жетіру менің елім, жол менікі,  
Қисыны болар жөн жоқ, ол сенікі.  
Қызынды, қырқыныңды Шекті ішінде  
Қашан да дегенім бар мен менікі.

**Арыстан**

Қияс дау, қисыны жоқ егескен дау,  
Ең жақсысын мен алам болсаң да жау...

**Әлібек**

Ең жақсысын мен алам, жол бермеймін,  
Сірә тұрса кеудемде бұл басым сау...

### *V көрініс*

Айман, Шолпан топтары шулап, күліп ойчай-билей келеді.

**Айман**

Жарасқан топ, көп жігіт, сіздер кімсіз?  
Білмедік, айып бізден, жөн сұрайық.

**Шолпан**

Болмаса жөнді несін қазысамыз,  
Ойынға араласып бас құрайық...

**Жарас**

Үйткенмен жөнін білген мақұл болар,  
Көре сауда қылатын ырымы ғой,  
Ұнаса ниеттер бар жақын болар.

**Хор**

Ендеше жайды баян етші, Жарас,  
Тең сөйле, бәріне де бірдей қарас.  
Қыз көру болғанменен ел жорасы  
Екі топ бірдей кепті, бар ма талас?..

## Ж а р а с

Екі топ бәсе бірдей келіп отыр,  
Таласын көзің міне көріп отыр.  
Мына топ Әлібектей байдың тобы,  
Бай алмай, кім алад деп сеніп отыр!

## Ш о л п а н

Маманның малға толған кең даласы,  
Боламыз өзіміз де бай баласы.

## А р ы с т а н

Қарағым, құлдық ұрдым бұл сөзіңе,  
Ендеше мойныңды бұр, бер қарашы.  
*(Қыздар Арыстанға қарайды).*

## Ж а р а с

Арыстан мына тұрған Шекті батыр,  
Інісі Көтібардың текті батыр.  
Лузыммен күс тістеймін, асқақ ермін,  
Құтылып көрсін қызың, деп тұр батыр...

## Ш о л п а н

Әй, тәйірі-ай, өтпеп пе еді батыр күні,  
Бір окпен өшпеп пе еді шоқпар үні?

## А й м а н

Бір кезде дабырайса даңқы шығып,  
Бұл күнде жабы болған көптің бірі...

## Ә л і б е к

Ендеше қайтпаған шак, өрлеген бақ,  
Бүгінгі үлкен дүбір, бай дүбірі...

## А й м а н, Ш о л п а н

Ерлердің сол-ақ па екен айтар сөзі,  
Ұшырап қалыппыз біз келіп кезі,  
Жігітті қыз көретін біз көрейік,  
Бар сөздің ен абзалы көзбе-көзі...

## Б ұ л а р ғ а х о р қ о с ы л а д ы

Жігітті қыз көретін біз көрейік,  
Көп сөздің қала тұрсын өзгелері...  
Қыз көретін жігітті біз көрейік,  
Бар ма екен бойларында өзге өнері.



Б а л п ы қ (шырқан).

Ендеше жас дәупері Арыстаным,  
Жебедей жерге тыққан алысқанын.  
Қайраты, сымбатымен, тегі де бай,  
Үлкен сый біле білсең танысқаның!..

А й м а н

Таңдаудың жетіп болмас ақырына,  
Қайтеді мен қызықсам батырына?

Ж а н т ы қ

Болыпты кімнен төмен Әлібегім,  
Әрі бай, әрі бағлан, әрі бегім.  
Қиядан жемін танып, қырдан ұшты,  
Ойлама әлдекім деп әлім-берім...

Ш о л п а н

Тенгемен дүниенің құны-пұлын  
Өлшеп өскен алсам ба байдың ұлын?

Б а л п ы қ

Майданда батыр жеңген қағысқанын,  
Егессе алмай қоймас жабысқанын,  
Одан да тілегіне тілегің қос,  
Жемейсің сірә опық табысқаның.

Ш о л п а н

Батырын олай болса алсам ба екен,  
Сол байдан қол үзіп-ақ қалсам ба екен?

Ж а н т ы қ

Ен, дүние, қыруар мүлік бәрі тегін,  
Жетіру әлпештеген Әлібегін.  
Өз ұяң, өз өрісің, жатың емес,  
Ел күткен құтты бегім Әлібегім.

А й м а н

Батырдан әлде көңіл бұрайын ба?  
Бай деп-ақ неде болса тұрайын ба?

(Көпке.)

Кәнеки, қайсымыз кімге жақты,

(Әлібекке.)

Сізден де енді жөнді сұрайын да,

(Арыстанға.)

Сіз-дағы тіл қатыңыз, батыр мырза,  
Көзіңіз кімнің түсті шырайына?

Арыстан (өзіне).

Әттең, дүние жалған-ай,  
Екеуін бірдей алар ма ем,  
Қалмас еді арман-ай?

Әлібек

Не керек, лайық емес жасырғаным,  
Бір емес, екеу болды бас ұрғаным.  
Жақсысың екеуің де, нені айтайын,  
Жоқ боп тұр кеміткенім, асырғаным...

Шолпан (күліп).

Күреп алып үйренген машығы гой,  
Бұл жігіт шынын айтты енді қайтсын?

Айман

Олқы түспес оныңнан қолшыл жігіт,  
Тыңдайық, батыр мырза жөнін айтсын!

Жарас

Ер көңіл дегенінен жаңылмаған,  
Ол-дағы екеу демей енді қайтсын!

Арыстан

Бәрекелде, не дейін солай демей,  
Көп асауға үйренген біздің көмей.  
Екеуіңе қызықтым бірден құлай,  
Мін таптым деп айтамын неменедей?

Айман (күліп).

Қарық қылған бұндай дәурен көрген бар ма?  
Бір күйеу екі қызға келген бар ма?  
Таңдамай тізіп қана алып кетпек,  
Бұндайға көңіл-бейіл берген бар ма?  
Жігіттер, ел ақтаған ер екесіз,  
Сонда да сөз айтасыз берекесіз.  
Таңдау жол сіздерде емес, енді бізде,  
Дей қалсақ сонда қалай дер екесіз?

## Арыстан

Қап-қап, қылды-ау мына қу,  
Жер қылды-ау, ойбай, Жетіру!

## Әлібек

Көрдім-ау, пай-пай, Шектіден,  
Құлқынын қыз кептірген.

## Айман, Шолпан (оларға хор қосылады).

Ауырмай өледі екен аңдамаған,  
Демей-ақ біз қояйық, өлде маған,  
Тойында Шөмекейдін шын сөзіміз,  
Айтылсын бүгін мұнда қамдамаған...  
Қыз көретін жігітті  
Көре қыздар шығыпты.  
Көрісімен түңіліп  
Қайта беттен ығыпты.  
Жауабына орай жоқ,  
Көңіл жүден бұғыпты.  
Мақтай алмай кетті қыз  
Қыз көретін жігітті... жігітті.

Күлкі. Биілеп, ойнап кетіп қалысады.

## Жарас (дал боп қалған Арыстанға).

Ал, мырза, қай шынына баттың ойдың?  
Мынаны айт, қай қызына көңіл қойдың?..

## Арыстан (атып тұрып).

Әуелі анауыңа айтқыз жөнің,  
Боларын сезіп едім осы тойдың...

## Әлібек

Әуелі таңдағанын анау айтсын,  
Өрескел мінезіннен мен де тойдым...

## Жарас

Жігіттер, қыз жетпей ме, бұларың не?  
Кірбені кетпей тұр ма бөтен ойдың.  
Қыз қырғын деген осы-ау, екпіндерің  
Басында тәуір еді, не қып жойдың?..

## Арыстан (Әлібекке).

Жөніңді айт, олай болса кімді аласың?

Әлібек

Сен айтшы, ниет еттің қай баласың!

Арыстан

Жоқ, сен айт, аңысыңды байқап көрем...

Әлібек

Жоқ, сен айт, бұның тағы қай таласың?!

Арыстан

Сен айтпасаң, айтпаймын, олда оңбайың,  
Тас болып осы сөзде мен қаламын.

Әлібек (өзгеріп).

Солай ма, онда рақмет, жол беріпсің,  
Айман ед тілегенім, соны аламын.

Арыстан дал болып қалады.

Арыстан

Жолың не, жол бергем жоқ, өз талабың.

Жарас

Жарайды, жолды Әлібек алмақ бәпты,  
Асыл қызы сол еді жарған топты.  
Үлкені, кемелі де дәл өзі еді,  
Қаратқан бір өзіне дүйім көпті...

Арыстан

Тәйт, арман кет, жолым бермең,  
Жорға тілге сірә да ермең,  
Жамаушысың, керегің жоқ,  
Айманымды берерім жоқ.

Әлібек

Жоқ, Айманды мен де бермең,  
Тартынбаспын келген керден.

Арыстан

Алмай қойман Айманды мең,  
Асырмайсың айлаңды сен.

Жарас

Ал енді Шолпан қыз да осал емес,  
Мал, дүние билігі онда босаң емес.  
Ұлсыз бай соны алғанға мүлкін беред,  
Етіндер бұл жайын да қоса кеңес...

**Әлібек**

Ал ендеше, Арыстан,  
Келіпсің сен алыстан.  
Айманды сен ала-ақ қой,  
Ерегісіп қарыспан.  
Қалғанына қанағат,  
Шолпан-ақ болсын қайтейін,  
Тілегенім, табысқан...

**Арыстан**

Жоқ, ендеше таластым,  
Басында мен де адастым,  
Іздегенім бай қайың,  
Шолпан екен лайығым  
Сөзіне көндім Жарастың.

**Әлібек**

Жоқ, бұныца көнбеймін.

**Арыстан**

Мен де саған бермеймін.

**Әлібек**

Аймаң десең Айманды,  
Шолпан десең Шолпанды,  
Егеске енді сермеймін.

**Арыстан**

Бәсе десең Айманды,  
Шолпан десең Шолпанды  
Не қылсам да мен сенен  
Жеңіп алып дендеймін...

**Әлібек**

Алмағың қыз емес қой, егес екен,  
Колденең бізді жынды демесе екең.

(Жарасқа.)

Жарас-ау, қайсысы Айман,  
Қайсысы Шолпан,  
Әуелі соны білген емес екем...

**Жарас** (жаңылтпаштап).

Жаным-ау, онысы да бар ма тағы?  
Шолпанның оң жағында Айман болар,

Айманның оң жағында Шолпан-дағы,  
Әкенің бала болар шам-шырағы,  
Көлденең жігіт көзі шын қырағы,  
Саудасы күсет боп тұр, танылмай-ақ  
Маманның аспанға ұшты қос пырағы.  
Айманның оң жағында Шолпан болар,  
Шолпанның оң жағында Айман-дағы...

### Ә л і б е н

Не дейді, нені айтады қай-қайдағы!

### А р ы с т а н

Пай-пай, дүние жалғап-ай,  
Екеуін бірден құшар ма ем,  
Қалмас еді арман-ай!

### Ж а р ш ы

Уа, жарандар, құлақ сал,  
Шәмскейдін тойы бар!  
Қызықта кімнің ойы бар,  
Мынау белдің астында  
Ұзын өлке бойы бар,  
Сол өлкені жағалай  
Тігулі тұрған үйі бар.  
Үй басына сойылған  
Қонаққа деген қойы бар,  
Жақсының онда сойы бар,  
Арнаулы жақсы тобына  
Ту бие де сойылар.  
Қызық та қырғын думан бар,  
Қызықты қандай қуған бар,  
Той десең қу бас домалар,  
Қыз-бозбала құжандар,  
Іркіліп шетте қалмандар,  
Бәрін де солай дуландар...

### Д а у ы с т а р

Той.. той... Той..  
Шап, ендеше солай шап,  
Қызық думан сонда тап, сонда тап...

Тойға бара жағқан қалың, шұбар топтың ойын биі. Жөнеліседі.

Ш ы м ы л д ы қ.

## ЕКІНШІ АКТ

### Екінші сурет

Сазында орда сияқты сілп тиккен оюлы үй.

#### *I көрініс*

Той иесі бір тәп Шөмекей шығады. Ақтөре, Құлөре.

I - Ш ө м е к е й

Бәтір-ау, бұл пәлені қайттік енді?

II - Ш ө м е к е й

Сабыр жоқ, тақат та жоқ азды-кемді.

III - Ш ө м е к е й

Екеуі екі жақтан қысып жатыр,  
Таласқан күзғындай боп көрген жемді.

I - Ш ө м е к е й

Жалғыз үй қайсысына жетер мұның,  
Жоқтағандай егеседі ердің құнын.

III - Ш ө м е к е й

Бір Маман, бір Қөтібар, қос қызыл көз  
Бірі бұлдар шоқпарын, бірі пұлын.

II - Ш ө м е к е й

Жалғыз жақсы үй егеске себеп болад,  
Тікпейік деп айтпап па ем бұл құрғырын.

I - Ш ө м е к е й, II - Ш ө м е к е й (қоса).

Ойбай-ау, есебін айт, қисынын тап,  
Қисынын тап, ойбай-ау, есебін айт.  
Пәледен құтылсаншы күні бұрын...

Нөкерімен Көтібар шығып қалады.

## II көрініс

Көтібар

Көп қарға шуылдаған, Шөмекейім!  
Мына үйдің мен ұнаттым әшекейін.  
Түсем деп хабарымды салмап па едім,  
Жауап жоқ, кімге бұрды көмекейін?

I - Ш ө м е к е й

Жарас-ау, ақыл табар жерің бар ма?

II - Ш ө м е к е й

Бір жауап бұл пәтеге дерің бар ма?

III - Ш ө м е к е й

Қысылған көп Шөмекей сенің елің,  
Құтқарар басымызды емін бар ма?

Ж а р а с (Көтібарға).

Көтеке, егескенді жеңгейім сен,  
Қашқанның, қуғанның да сенгені сен,  
Басқа ұрсаң Шөмекейің өлді деп біл,  
Көтеке, ұрсаң құлақ қақпай көнгені сен.  
Арналған үй иесі өзің едің,  
Таңдатса Шөмекейдің бермегі сен.  
Жалғыз-ақ Маман деген зәбі шықты,  
Бермеске ерегесіп көрмегі сен.

Көтібар

Тәйт, жоғал, Маманыңды жолымнан ал,  
Жылжымай, жалтақтамай сертінде қал.  
Бәйгеге ат жөнелтіп қайтып келем,  
Мыжымай қамдана бер, көрпенді сал...

Кетеді. Маман шығады. Қасында тобы.



### III көрініс

М а м а н (ашулы).

Құртармын қызыл бұзау көзімменен,  
Талайды молда қылам тезімменен.  
Түсем деп осы үйіне кісі салдым,  
Жауап жоқ, қалай қалад сөзім педен?

I - Ш ө м е к е й

Айтам ғой, осы пәле болар деп ем.

II - Ш ө м е к е й

Екі оттың ортасында қалды денем.

III - Ш ө м е к е й

Жарас-ау, не де болса айласын тап,  
Пәледен машайық та қашты деген...

Ж а р а с (Маманға).

Байеке-ау, немене бар сенен аяр,  
Арналып мына үй тұр ед саган даяр,  
Жалғыз-ақ мен түсем деп Көтібар тұр,  
Бермесен пәлесі бар көпке жаяр.

(Шөмекейлер қосылады.)

Мың пәле бір пәледен туғызып ап,  
Аяғы көз жетпейді неге саяр.  
Ойнатып әңгір таяқ ол үйренген,  
Шабам деп найза шоқпар, тағы таяр...

М а м а н

Бермеймін, өзім түсем, неге ығамын?  
Ұстасса, қарсысына тең шығамын.  
Ондайлық өзімнен де жын табылад,  
Келемін, құп алудың істе қамын. (Кетеді.)

### IV көрініс

I - Ш ө м е к е й

Енді қайттік, ойбай-ай!

III - Ш ө м е к е й

Қорлығында қойғаны-ай,

## Ж а р а с

Екі дәу қағысарлық етінде екен,  
Не қылса күш сынаспақ ниетінде екен.  
Шақыр да саудагерді, соны отырғыз,  
Шөмекей сонша жалтақ жетім бе екен?

## II - Ш ө м е к е й

Дүп-дұрыс, шақырайық саудагерді!  
Саудагерлер шығып калады. Үйге қарай беттейді.

## III - Ш ө м е к е й

Мінекей, бәрекелді, өзі келді...

Мамандар қыздарымен арттан шығады, олар да сол үйге кіреді.

## V к ө р і н і с

## I - Ш ө м е к е й

Бәрібір енді бізден ерік кетті.

## Ж а р а с

Сөзді қой, бар нөкері еріп кенті.

## II - Ш ө м е к е й

Пәле келсе қайтеміз, өле көрдік,  
Жетіру енді бізге серік бопты...

Бір топ катын киіз сәукеле киген бір құданы алып шығады.

## VI к ө р і н і с

## Ш о л п а н (сақылдап күліп).

Жарас-ау, мына сәнді көрмейсің бе?  
Сыбаға сәукелеге бермейсің бе?

Құдалар биі. Екі құда билейді. Құлкі би.  
Ескі ырым-жырымның сырын ашағын, соны мысқыл ететің би.

Ж а р а с (келіншектер жырға қосылады. Ойнақыла-  
нып шырқап құдаға қарап). Уау, мынау салың не дейді  
вара-рара! Вара-рара-ра! Вара-рарара!

Құдаға кел, жамағат, көз салайық,  
Жарасқан сән-тұрманын біз санайық.

Маржаны — құмалақтан, құрым — желек,  
Қамшыны жібек бауға шамалайық. (Күлкі.)  
Ат-жөнін бұл құданың сұрамайық,  
Сый екен, әлдекімге баламайық.  
Бұлтиған әне бірдей сақалына  
Деп қана тоқтатайық «болды ылайық».

Бетіне күрт жағылған құда шығады.

Уа, жазған, жаңа келді сауырлы бай,  
Құртты бай, құйрықты бай, бауырлы ба-ай...  
Шыныңды айт, қатындардың тізесі өтіп,  
Қыр арқаң келемежден жауырды ма-ай...  
Енесін сол арқаның ұрасың ба,  
Тойғысыз ит жаласа бет-аузың май...

Әлібек тобы шығады. Араларында Жантық ақын. Сәлем беріп  
Мамандарға иіліседі.

### *VII көрініс*

**Ж а н т а к**

Желсөздің енді келсін бас иесі,  
Сөзімнің қайда қалмас несиесі.  
Өзі алған ойды-қырды байым Маман,  
Шалқып тұр шартарапқа несібесі.  
Алдыңа мырзам келді Әлібектей,  
Қан базар мол сауданың жас иесі.  
Бақты алған батырдан да, бағланнан да,  
Мол бақтың жастай алған мас иесі...

**Ж а р а с**

Жарықтығым, мас болсаң да шарқынды біл,  
Не дейсің батыр келіп, «бар биліктің  
Мен болам, байың емес, десе иесі».

**Ә л і б е к** (*қыздар қасына келіп отырып*).

Батыр, би деп бір қоймайды,  
Сірә бізге қалған бар ма?

**А й м а н**

Неге олайша дедіңіз,  
Әлде сізде арман бар ма?

### Әлібек

Бәсекеде арман көп,  
Арылатын дәрмен бар ма?

### Шолпан

Апырым-ау, солай ма?  
Бір мінезін қыр депті,  
Бір жүрісін жыр депті,  
Сіз келмесіз осында,  
Тіпті әлденендей сыр кепті-ау!

### Әлібек

Батыр деп сірә жол бермен,  
Каза беріп қайтейін,  
Айта берсек сөз көпті.

### Жарас

Солай ма еді, қал, болмас,  
Бәсекесіз бай болмас,  
Малдың күші оңай ма,  
Мақгандырмай ол қоймас.  
Көтібар да күшті ғой,  
Егеске о да тоймас,  
Шектінің аты Шекті де,  
Ұранын сірә жоймас.

### Әлібек

Шекті болса қайтейін,  
Жегіру қашап бос қалды?

### Маман

Көрсетсінші Көтібар  
Сән-салтанат қызығын.  
Болмаса Шекті бос мақтап  
Жүрген-дағы бұзығын.  
Әлем байлап ағашқа  
Әулие деп табынған  
Шектідей емес қызығым...

### Дауыс

Уа, бір сәнді топ келед.

И д а у ы с

Уау, Арыстан екен ғой,  
Өзі батыр інісі,  
Батыр да ғой бұнысы.

Ә л і б е к (*Шолпанға қарап*).

Көрмегі тағы Айман да.

Ш о л п а н

Көрсен біз де көрейік.  
Көруден көз тойған ба?

(*Жарасқа көзін қысып.*)

Айман деп ап бұ жігіт,  
Шолпанға ден қойған да... (*Күледі.*)

Тобымен Арыстан шығады.

### *VIII көрініс*

I - Ш ө м е к е й

Уа, кел, қарағым Арыстан.

А р ы с т а н

Аманбысың, қария?  
Құтты болсын тойыңа  
Айта келдім алыстан.

I - Ш ө м е к е й

Бәрекелде, ырзамын.  
Құрметіңнен қалыспан.

А р ы с т а н

Дос елім ен, Шөмекей,  
Ертеде атам табысқан.

I - Ш ө м е к е й

Досыңды дос деп бек тұтып,  
Жауыңды да шабыскам.

А й м а н (*Арыстанға*).

Ал, мырза, орын міне, қош келіпсің?

Ш о л п а н

Жалғыз-ақ (өзінің кеудесін түртіп, күліп.)  
Айман десең бос келісің.

А й м а н

Апацнан әлдскандай қауің бар ма,  
Ұмытпай ол жағын да ескерісің.

А р ы с т а н

Рас сөз, іздегенім сұлу Айман,  
Корем деп талпынып ем мен таләйдан.  
Қиғаш сөз шығып қалды лебізіңнен  
Кедергі шығып па еді әлдеқайдан?  
Сен едің даңқын асқан кішкентайдан,  
Дәмелі мен емес пе ем құлаш жайған,  
Тарқаған жәрмеңкенің базары ма?  
(Шолпанға.)

Айманжан,өзің толға бөлген жайлаң.

А й м а н

Тартыс жоқ бұл арада керіс маңдан.

Ш о л п а н

Жастық бар, шалқып ойнап, салған сайран,  
Әр түрлі әр жотадан сөз тастайсыз,  
Наз жайын түсіне алмай тұрмыз қайран...  
Айтпайық біз де сөзді салып епке,  
Орын жоқ айтысарлық иалық өкпе,  
Мезгіл жай сізге де бір, көпке де бір,  
Сол көптің бірі болар Әлібек те...

Ә л і б е к (қалжыңшыл, асқак).

Ендеше мен де айтайын мезгіл жайын,  
Бұл дәурен шалқып жатқан айдындайын.  
Жалғыз қу сол айдының ақ еркесі,  
Балатқан бір өзіне күн мен айын.  
Шұбыртқан бұл өлкенің бағлан байын  
Сөзімде қате болса көпке дайын,  
Толқынып пісетұғын кезі жетіп,  
Іздепті-ау сонда жалғыз теңді-сайын.

(Күліп, желігіп.)

Несіне бұдан әрі перпелейін,  
Бәрібір дәурен өтер деп демейін.  
Шұғыла боп сол қуға біз құштырыппыз,  
Батыр ем, бағлан ем деп, мен не дейін?

Ш о л п а н (күліп).

Жаным-ау, іздегенім әуре ме еді,  
Арманым адам емей сәуле ме еді?

А й м а н (күліп).

Бұл жігіт шапшаң сауда жылпос екен!  
Әлде сор, әлде бағы әуреледі.

А р ы с т а н (Шолпанға).

Қарағым, саған шақтым мен мұңымды,  
Сызы өткен мынау неткен дәурен еді?

Ш о л п а н (қыздар хорымен).

Кезеген аяқ болсаң да,  
Ілінер жөргем мен емен.

А р ы с т а н

Биіміз болсаң не етеді  
Әділдікпен теңеген.

Ш о л п а н

Машайығың мен емес  
Сүрінгенді демеген.

А й м а н (күліп).

Жарар ма екен соншалық,  
Сый құрбыны шенеген!

Ш о л п а н

Бола алмадым аруақ  
Жалынғанды жебеген...

А р ы с т а н

Ойпыр-ай, неткен асау ең,  
Тістегіш те тебеген... (Өзіне.)  
Айман десе Айман-ау,  
Жақсы еді мынау не деген?  
Әттең дүние біреуін  
Алар күнім болар ма,  
Бере гөр, тәңірім, береген!

### Әлібек (Жантыққа).

Жаным-ау, неге отырсың тізгін тежеп,  
Айтсайшы тілегімді естісін де.

### Жантық

Уа, Жетіру, Шөмекей мен Шектісі де,  
Бай, батыр, мырза, сері, тектісі де.  
Ұсынса қолы жетпей қалып жатыр  
Айманжан шыдай алмай тепкісіне.

### Арыстан (Баллыққа.)

Айтсаншы Арыстанды теңеме деп  
Әншейін келді-кетті көп кісіге...

### Жантық

Бөгенге Әлібектен бұйырмаймын,  
Теңі жоқ бұдан өзге шег кісінде.  
Талай жан жалын жұтып тас шайнаған  
Жүзде алған Әлібекке кекті ішінде.  
Құда ық сұрай келіп сауға берген  
Өнім бе, бұл көзепім деп түсір бе?  
Бойға алған, су құтқан жерді аялым  
Қара жөк қирата озған бесісінде.

### Баллық

Кез болдым сөз екесің, ақын Жантық.  
Сыйынды күшактай бер қысып қамтып.  
Бөз беріп, сөзін сатып алып жағыр  
Жантықта не қыл қалсын енді тамтық?!  
Мақтаншақ саудагерлер қайтушы еді,  
Сөйлеме бойға өлшемей сөзін таптық.  
Әкеңдей Арыстаным міне келді,  
Жетіру, көп көпірме енді тантип...

### Әлібек (Жантыққа).

Солай да, жуан сөзге бұл басыпты,  
Ендеше сал шеңгелді батырына,  
Алынбай қарын шашы тегі асыпты.

### Арыстан

Өй, мырза, айтыста жоқ мұндай ырым,  
Не дейсің, қайдан таптың бұл кәсітті?..



## Әлібек \

Деген боп «батыр», «батыр» қан көтеріп  
Қажытты құлағымды, сол сасытты.

## Арыстан (*атып тұрып*).

Қарай гөр бөз құтыртқан көк жасықты,  
Еліріп тентек судай бұл тасыпты.  
Бар, Жарас, хабарын айт батырға онда —  
Қашанда егескеннен ол қашыпты.

Жарас кетеді.

## Жантық

Шектіге бір кесел бар ерте қонған,  
Ол кесел бірде толып, бірде солған.  
*(Әлібек хоры қосылады.)*

Еліріп құр шоқпармен шонтай қағып  
Арам тер әдін білмей әлек болған.  
Сол іспен адамың жоқ сірә де оңған,  
Көргені кезуіл ме құрдым жолдан.  
Тыныштық та, байлық та мол Жетіруда,  
Қай Шекті қазына көрді уыс толған!  
Батыр деп айдар тағып елірткенің  
Жем іздеп, күндіз-түні маңын шолған.

## Балпық (*Арыстан хорымен іле жөнеледі*).

Жетіру, сөз шығардың бойыңа ерсі,  
Құтыртқан мына бөздің буын көрші.  
Түлен түртіп бара ма қайда кеттің?  
Кәніки білгеніңді тағы терші:  
Болмаса шыдамасаң жайыңа ерші,  
Базарға қойыңды айдап, байыңа ерші.  
Сонда да қатулансам шұбыртармын,  
Ер болсаң осы сертке қолың берші.

Жарас келеді.

## IX көрініс

### Жарас

Уа, Маман бай, сіздерге  
Көтібар батыр жіберді,

Мен сонымен кеп тұрмын:  
«Уа, Жетіру емен Шектімін,  
Осал емен, тектімін.  
Маманменен кептімін,  
Жөнге келсе ептімін.  
Жөніне жөн деп көшпесе  
Ойыса алман, кектімін.  
Тойға келсем қойыпты  
Шөмекейдің шеткі үйін,  
Лайығым менің ол емес,  
Түсуіме аламын,  
Өзгені емес ордасын  
Маман байдың деп тұрмын...» дейді.

М а м а н

Уа, не деп тұрсың, жексұрын?

Ж а р а с

Мен қалыспын, тек тұрмын,  
Көріп келдім, айтайын,  
Ұнатпадым бет түрін...

М а м а н

Тимей-ақ қойсын септігің,  
Өзім-ақ басам әптігің.

А р ы с т а н

Шығар бар ма жамау боп  
Сөзін айтар ептінің?  
Қойса қайтед тиюін  
Қытығына Шектінің!

Ә л і б е к

Тау жығатын селдей боп,  
Қарашы бұның екпінін.

Ж а р а с

Пай-пай-пай, скі нар  
Қағысқан соң не амал бар?  
Арада қайтып өлмесін  
Енді сорлы шыбындар.  
Тағы да айтпай болмайды-ау,  
Ызғары жатыр сөзінің,

«Құтыртқаны буы ғой,  
Деп айтады бөзінің».  
Жасырмай-ақ қояйын,  
Сыртына теуіп алыпты  
Түк біткенін өзінің.  
Мойнына мініп апты дейд,  
Шөмекей мен Жетіру  
Құлақ қақпас өзінің.

### М а м а н

Олай десе қазір міне айта бар,  
Ойда ұлық, қырда қыруар малым бар.  
Ерегіссе шығып көрсін қарсыма,  
Қырсық кессе де қу кедейлік әлім бар.  
Уау, Орынпар, Қатірімпар, Шытырымпар.  
Жағалай сонау шәрлер бар,  
Лықылдаған ұлық бар,  
Өрекуіпін қоймаса  
Татуандаған шоләққа  
Кісенді қара құлын бар!

Жарас желеле береді де, Шөмекейлер мен көрсетеді.

### Ж а р а с

Ал іздегенің сен болсаң  
Сұрағаның жетсін тез. *(Ойнақыланып.)*  
Олай болса мінеки  
Ұр, тоқпағым, тоқ-тоқ!  
Олар болса шоқ шоқ,  
Бір бай мен бір бағыр,  
Бір ісек, бір қошқар,  
Бір теке, бір серке.  
Жекпе-жек, жекпе-жек!,  
Түрт, сайтан, түрт.  
Үрит соқ-соқ...  
Үрит соқ-соқ!..

Кетеді.

### М а м а н

Көтеріңдер желікті,  
Көрсетіңдер ойынды.  
Қандай пәле болса да,

Көтеріп алдым мінеки,  
Баста қызу тойыңды.

Өзбек жігіті билеп шығады, айнала тұрған көп көкпар, кара жорға биін үлкен қызулы той түріне айналдыра билейді. Өзбек жігіті қалың топтан серкеңі әкетіп жүрген жалғыз озғын жүйріктің қаракетін көрсетеді. Ақырында бұл жалғыз билеп жүреді: женудің, асқын-даудың мақтап биі сияқты. Осы бидің аяғында Көтібар шыға келеді.

### *Х көрініс*

К ө т і б а р

Тәйт, найсап, жоғал әрі, сен көзімнен!

Би тоқтап қалады.

Әкелген үлгің со ғой сұм бөзіңмен. *(Жантыққа.)*  
Кәнеки судан шыққан Судыр-Ахмет,  
Тұсайтын келші мені қу сөзіңмен.

М а м а н *(Жантыққа).*

Айта ғой олай болса тілегенін,

Ж а р а с *(Шөмекейлерге).*

Көресің енді шатақ үдегенін!

Ә л і б е к

Терезем тең, тең жауап айта аламын,  
Қамшыны көтермеймін білегенін.

Ж а н т ы қ *(құлшынып).*

Ендеше біз егесіп көрген едік,  
Шектіге орай жауап берген едік,  
Мақтаны кара шокпар ұр да жық деп,  
Батырын сіздей-сіздей терген едік.  
Соңына саудалы бай ерген едік,  
Жетіру, біз өңге елден сергек едік.  
Туласын шамданбаса тентектері,  
«Ә» десе «мә» деп сыйын бермек едік.

К ө т і б а р

Кет әрі, енді менен қамшы жерсің,  
Үргізген анау байың тыйым берсін.

(Маманға.)

Бетімнен алдырушы сен ғой, Маман,  
Тұра тұр бұл бәйгеден атым келсін.  
Келгенін күрең аттың жұртым көрсін.  
Көрерсің не көрсең де қылығыңнан,  
Кінәлы бөтен емес, өзім дерсің.

Ж а р а с

Батыр-ау, бұл арада бір түйін бар  
Арыстан ниетіне жол қиындар.  
Маманның қызын көрмек керіспенен  
Таласа келіп отыр бұл жиындар.

К ө т і б а р

Не дейсің, Арыстанмен кім таласты,  
Сөзімен Жетірудың кім санасты?

(Арыстанға.)

Алмағын қайсысы еді бұнысының,  
Сен бе едің сөзі қалар аяқ асты?

Ж а р а с

Ниеті Арыстанның Айман еді,  
Алсам деп оған құлаш жайған еді.  
Әлібек жолды алам деп қарсы шығып,  
Сөз арты ерегіске сайған еді.

К ө т і б а р (Айманға).

Жарқынım, таңдау сенің қолыңда екен,  
Тілектің бәрі сенің жолыңда екен,  
Қайсысын қабылдап ең мыналардың,  
Оның мен екі жігіт солыңда екен.

А й м а н

Ойлап ем бұндай сөзден сізді алыс деп,  
Ұят-ау жауаптассақ біз шалыс кеп,  
Қызыққан, таңдаған да жігітім жоқ,  
Не деймін көрмей жатып көз таныс боп?

К ө т і б а р (қыздарға).

Ендеше жымнан шыққан жолбарыс бар,  
Шындаса бойда күшін сол қарыштар,

Шулаған шне бөрі үнін басып,  
Ақырып «мен бармын» деп ол дабыстар.

А й м а н (күліп).

Мекені жолбарыстың сар қамыстар,  
Ішінде талай жәндік бар қамыстар.  
Жолбарыс жымында ойнап көкше қоян,  
Күштіні күлкі етер бар сол қамыстан.

К ө т і б а р

Уай, құбылған сайқал дүше-ай,  
Көркейіп тұрған күйін-ай.  
Уылжыған тәтті жас  
Әкетер ме ем, үйіме-ай...

(Арыстанға.)

Жарықтығым, жаратқанға жазғанбысың,  
Өзіне өзің пәле қазғанбысың,  
Біреуін мыналардың таңдап алмай  
Бойкүйез мең-зең болған азбанбысың?

Ә л і б е к

Ол ерік Арыстанда емес шығар,  
Таласта ініңізге мен де сыңар.

К ө т і б а р

Ендеше өлсең-дағы сол Айманды ал,  
Тартыстан Шекті ме еді бұғып ығар.

М а м а н (ашуланып).

Кім салды балаларымды бұл саудаға,  
Жайым жоқ қорлығыңа енді шыдар.

К ө т і б а р

Тілесем алғызамын таңдағанын,  
Күшімді ойың бар ма сенің сынар?

А й м а н, Ш о л п а н (орындарынан тұрып, Маманға).

Алдняр, қадірлі ата, еркің білсін,  
Егескен ершігешке балаң күлсін.  
Садаға ажарыңнан кетірейік,  
Өртеніп өкінгеннен шашын жұлсын.

**М а м а н (қосылады).**

Қарашы құтыруын қу шоқпардың,  
Кеселін асқақ неме өзінді ұрсын.

**К ө т і б а р**

Солай ма, олай болса сертімді есті:  
Жетіру, құл етермін құлақ кесті.  
Қатын жоқ бұл қыздардан Әлібекке,  
Қолыма ап, мал бермеспін жалғыз бесті.

**М а м а н**

Оңбайын, шолақ кедей, сені үдетсем,  
Шектіге бала беріп мен жүдетсем.

**К т і б а р**

Ендеше мен шабамын, шаптым, ойбай,  
Аяман коңыз теріп босып кетсең.  
Қатын қып қос қызыңды қолмен алып,  
Құғынды қопарайын астан-кестен.

Маманды ұрмаққа ұмтылады. Жұрт екеуін де жібермейді. Жан-  
жолы шу.

**Ш ы м ы л д ы қ.**

## ҮШІНШІ АКТ

### Үшінші сурет

Түп. Сахна қотанның ортасы сияқты. Сахнаның айналасында жағалай тұрған ақ үйлердің сырттары. Ортада ең үлкен Маман үйі. Екі жақ жанында отаулар. Екі отау да оюлы, кестелі. Бұлардың екі жақтарында жай орташа бозғыл үй.

#### *І көрініс*

Ауыл азан-қазан. Шабуылдың қалың шуы. «Аттан, аттан, ойбай, аттан! Ойбай, аттан! Қапта, қапта! Қапта!» дескен ұрандар. Сахнада әрлі-берлі қарбаласып, есі шығып босып жүрген қыз-қатын, көрі-жас. Дудыраған шаштар, үстінде жөнді лыпа жоқ, жаланаптар да бар.

Ш а б у ы л ш ы л а р   д а у ы с т а р ы   (*жақындап келеді*).

Ал қапта, қапта, қапта!..  
Тапта Маман аулын.  
Тапта, қапта, қайта тапта.  
(*Ауыл кісілерінің дауыстары.*)  
Қайт-қайт-қайт!

Найза, сойылмен қағысып жүргендер.

Уай, шіркін-ай,  
Уай, кәпір-ай,  
Тәйт жоғал, тәйт! (*Төбелес үстінде.*)  
Бас көзінді, бас!  
Түс, түс, түс!  
Уай, шикін-ай!



**Қайт, шапшаң қайт,  
Жат, жөніңмен жат.**

Келгендер жеп, сүріп, айдап, қырғын қып бара жатқан сияқты. Осы шабуыл суреті бимен беріледі. Шокпар, сойыл, айбалталы би. Қағысқан, сабасқан, айла асырысқан, атүсті қырғын жойқын соғыстың суреті. Ақырында Көтібар қолы жеңіп, жапырып үдеп бара жатқан хал білінеді.

## *II көрініс*

Аймап, Шолпан, Жарас пен өзбек жігіті шығады. Өзбек жігіті мен Жараста көйлек жоқ. Жалаңаш етке шапан, шекпен киіскен, жалаң аяқ.

**А й м а н**

Жарас-ау, бұл сұмдыққа бар ма шара?

**Ш о л п а н** (*жерді тепкілеп*).

Жұтпайды неге мені дәл осы ара!

**А й м а н**

Байдан да, бағланнан да қылығы асқан  
Шын құзғын мынау ма еді жеке-дара?..

**Ж а р а с**

Айтпап па ем Көтібардан сақтансын деп!  
Не дейміз енді бүгін шапқасын кеп.

**А й м а н**

Құрып қалғыр, одан-дағы жол тапсаңшы,  
Келдім бе оны маған мақтасын деп!

**Ш о л п а н**

Бүлдірді, тойың құрғыр, қу Шөмекей,  
Тыныштықта бай ауылы жатпасын деп.

**Ж а р а с**

Қайтесің құтыртқан соң тәңірім солай,  
Жалғанды жалпағынан таптасын деп.

**А й м а н**

Айтсаңшы құтқарарлық ақылынды

## Өзбек жігіті

Құдай-ау, бізге медет берермісің,  
Көрсенші биғам болған қапылымды.

## Аймаң

Тентек пен тексердім бе мақұлынды.

## Жарас (Аймаңға).

Ендеше Жарас деп біл жақыныңды,  
Мен білген аямайын ақылымды.  
Бұдан соң не көрсем де бір көрейін,  
Қайтейін күн туған соң сапырынды!

**Аймаң мен Шолпанды шеткі үйлерге қарай жөнелтіп жібереді.**

### III көрініс

## Өзбек жігіті

Я ханнағ, мен қайтейін, Жарас аға,  
Маған да ақылыңнан қарас, аға.

## Жарас

Ал енді бер қарай жүр, сорлы бала,  
Екеуміз келіншек боп киінейік,  
Демейік келісе ме, жараса ма?

Жетектеп алып жөнеледі.

### IV көрініс

Маман ауылын қорғаған соңғы топ, селдір топ жөнкіліп қашып шығады.

## I - қ а т ы н (қашып, ұрысқан боп).

Ойбай-ау, мынау әлгі батыры ғой!

## II - қ а т ы н

Бетіне жап шыдатпас көпірі ғой.

## I - жігіт

Қаш, ойбай, жаның барда, жөніңді тап.

## I - қ а т ы н

Батыры, беті жаман көпірі ғой.

Қәтібар шығады. Соңғы бір жігітті найзалап қуып келеді.

## К ө т і б а р

Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Алысқаннан есті алып,  
Ерте алыссам, кешке алып!

Жығып салып, кеудесіне найза түйреп, аяғымен басып тұрып.

Жықпай қойман жығанды,  
Олда құдай өлдім деп  
Оқи бер қу дұғанды... (қолдарына)  
Әкпел енді қалғанды,  
Жалпағынан жалпита  
Басып өткем жалғанды.

Маманды байлап әкеледі.

Бір сен емес талайдың  
Басына әлек салғам-ды.  
Егесетін немеге  
Танытайын тәңірсін  
Батыра ұрып балғамды.

## М а м а н

Қу Көтібар, асарсың,  
Асарсың да тасарсың.  
Осыған орай жалғыз-ақ,  
Көресің сен қорлықты,  
Басына ұлық салған-ды.

К ө т і б а р (Маманға тап беріп сақалынан алып тұрып, пышағын жарқ еткізіп).

Ендеше шағымына қоса тіркет,  
Жағадан, кеңірдектен алып тұрып,  
Сақалды қырқа кесіп мен алған-ды.

Арсалаңдап Арыстан шығады да, арашашы боп Көтібардың қолына жабысады.

## А р ы с т а н

Қой-қой, батыр, ойбай-ау, бұны қойшы,  
Сорлыны қор етерсің шын арман-ды.

## М а м а н

Шындасаң сақалды алма, қу басымды ал,  
Өлімге онсыз-дағы тақалған-ды.

Көтібар басын шайқап қоя береді. Маманды алып кетіседі.

Көтібар (*Арыстанға*).

Ендеше сақалы олжа, қызы қайда?

Жігіттер іздей жөнеледі.

Болмады, қызы бардан тапты пайда...

Арыстан

Батыр-ау, ат көтіне саламыз ба,  
Тимей-ақ қойсақ қайтед осындайда!?

Көтібар

Қор неме, өзің-ақ бол жорға майда,  
Сол демей неге келдің осы жайға?  
Іздегем күн-түн қатып әсем қызды,  
Қыз қайда деймін, ойбай, қос қыз қайда?

Айман мен Шолпанды ұстап әкеліседі.

### V көрініс

Көтібар (*Арыстанға*).

Бәрске іде, келіпті қос қыз саған,  
Не деісің, өкпең бар ма енді маған?

Арыстан

Ендеше Шолпан қызды әпкетелік.  
Айманы қала-ақ қойсын біз алмаған.

Көтібар

Ойбай-ау, жаман шартық, не деп тұрсың,  
Қалдырсам Әлібекке құдай ұрсын.  
Бесеуін алмас па едім сендей болсам,  
Қос қағын ала алмасаң не қып жүрсін?  
Бай табам, алып кетем, о да жүрсін.

Арыстан

Әкетіп қайсынымыз оны аламыз?  
Құр зорлық сияр ма екен қарадүрсін?

Көтібар

Құрып па неі шекті бай табылмай,

Болмаса жатпас па едім бос сабылмай,  
(Қол жігіттеріне.)

Егестім екісі емес, қырық қызын да  
Жиындар, неге қоям олжа қылмай?  
Қор неме, қорлығыңды өткіздің-ау,  
Тимес-ау саған қатын ел шабылмай!

Жігіттер бірнеше қыздарды әкеп тізе берді. Әйелдер жылауда.

### А й м а н

Көтеке, рұқсат қыл, ес жияйын,  
Жыламан, көзімнен де жас тияйын.  
Қайран ел, сайрандатқан, қайран әкем,  
Не қылып есім барда мен қияйын.  
Жалғыз-ақ бір сәлемім қалсын кейін,  
Жауымнан айырған жан алсын дейін,  
Әлібек жаны болса іле қусын,  
Тоқталмай атқа тоқым салсын дейім.

### Ш о л п а н

Жалмауыз жау көзінше бас имеймін.  
Қу ноқта шабындымен мен кимеймін.

### А р ы с т а н (Шолпанға жақындап).

Шолпанжан, көп тартынба, түбі қайыр,  
Батырдың ашуына мен күймеймін.

### Ш о л п а н (кекетіп).

Әрине, бар жазғаның ел шапқаның,  
Жалғыз-ақ өлсем-дағы мен тимеймін.

Ауыл тонаған бір гоп жігіт жетіп келеді. Бастығы шал.

### Ш а л (Көтібарға).

Маманның дақ түссін деп досына да,  
Керуеннің қол қойғыздым қосына да!

Малына киінген екі әйел қашып шығады. Бастарында шапандары.  
Ол Жарас пен өзбек жігіті.

## VI көрініс

### Ж а р а с

Қайтеміз ауыл толған сыпыра жау,

Бір үйдің тап болмадык босына да.

Жасарған жігіттерден жағалай жасқанып жүріп, Қөтібарға соқтыны-  
сып қалады.

К ө т і б а р *(бұл екеуін ұстай ап).*

Қозғалма, үн шығарма, бас көзінді,  
Кімдердің қатыны едің, айт сөзінді...

Ө з б е к ж і г і т і

Ма-ма-а-а-н ха-хатыным...

К ө т і б а р *(екіншісіне тап беріп).*

Не дейді, маңырайды мынау мылқау,  
Қайтеді алып кетсем тап өзінді?

Ж а р а с

Ма-ма-а-а-н ха-хатыным...

Ш а л

Шықпаса шыққыр көзім танып тұрмын,  
Толайым саудагердің қатыны осы.

К ө т і б а р

Ендеше бірге жүрсін, сал түйеге.  
Айманға тіркеу болсын қатын досы.

*(Қолға айқайлап.)*

Қайтадан тарг ал енді,  
Келістіре жер қылдым  
Егесетін бөлемді...

*(Найзасын білеп.)*

Осылай болар қайратым,  
Тітіреткен әлемді.

Қ ы з, қ а т ы н *(кетіп бара жатып қошгаса жылап үн  
салады. Сыңсу үні).*

Алдың-ау, тәңір, ерікті,  
Құзғынға жем қып беріпті,  
Көреміз бе біз елді.

А й м а н

Сүм дәурен, қайда кеттің сайрандаған,  
Қызықты күнім қайда жайрандаған,



Жалынган, жылаган да пайда бермес,  
Ақылмен іс қылайық кетпей жасып.

### Ш о л п а н

Көз салып біздің күйге бойлаймысың?  
Әлі де тірімін деп ойлаймысың?  
Ерке қыз, сүт үстінде қаймақ болған  
Үйдегі желігінді қоймаймысың?

### А й м а н

Қызықпен отырған жоқ көңлім тасып,  
Қайғыны қуам деймін өзім басып...

### Ж а р а с

Айналдым ақылыңнан, Айманжаным,  
Ендеше айла-шарғы болсын кәсіп.

### Ө з б е к ж і гі ті

Бөрекелде, бұлағың, жүдә, жақсы,  
Мен-дағы отыр едім құтым қашып.

Шәт шығады.

## ІІ к ө р і н і с

### Ж а р а с (Айман мен Шолпанға).

Осы шал бізді тартып көп жүреді,  
Сұраңдар негі сөзіп, не біледі?

### А й м а н (шалға).

Қарня, айтар сөзің бар ма бізге,  
Қамалтқан мынау қандай сұм күн еді.

### Ш а л

Жіберді жайын біл деп ер Көтекең,  
Халі бар сен жыласан қоса жүдер,  
Сен күлсең мәз боң бірге ол күледі.

### Ш о л п а н

Ендеше жоғал аулақ манайымнан,  
Дейсін бе қуанышпен бір түледі.

Шал кетеді. Өзбек жігіті ысырып жер шертеді.



А й м а н

Не айтады екен бұл байғұс,  
Үні қалай шерлі еді?

Ш о л п а н

Қу Көгібар зарлатқан  
Бұ да біздей сорлы еді.

А й м а н

Басқа бір дерті бар шығар,  
Болмаса, бұл сапарға  
Күйіндім, біттім дер ме еді!

Ш о л п а н

Сапар ғана дейсің-ау,  
Көрем деген кер ме еді?  
Этген, ұл боп тумадым,  
Кеудемді құса кернеді,  
Өлер-ақ ем бүйткенше,  
Тілекті құдай бермеді.

А й м а н

Қойшы сонша тарылмай,  
Егіз де туған бауырым,  
Күйігің мені тербеді!

Ж а р а с

Қиналдым-ау мен-дағы,  
Мұңдарыңды есітіп  
Шын мандайым терледі.

*(Өзбек жігітіне.)*

Уай, жігітім, бері кел,  
Бастайықшы бір ойын.  
Демеуші ме еді көші-қон  
Оразаның ермегі.

Ө з б е к ж і г і т і *(Айманға).*

Уай, уай, апажан,  
Нендей хайла болады  
Шығарлық бұл қападан?

А й м а н *(орнынаң тұрып).*

Тұтқын болпыз біз мұнда

Қол-аяғын матаран,  
Сонда да мойын сұнбаймын,  
Кел, сауыққа басындар,  
Кейіс кетсін садағам.

Ж а р а с

Бәрекелде, Айманым,  
Жақсы болды мінеки  
Ойынға бәрін сайғаның,  
Мен де бірге қостайын,  
Қозады бүгін қайдағым.

Қоса жедігеді. Өзбек жігіті бастаған өзге топ билеп жөнеледі. Алып күш, аюдай қолбаң қаққан қара күш, кәрі күш пен майысқан епті жастық күшінің алысуын көрсететін би. Қиялай майыса қашқан жастық кәріге ұстатпай бұлтақтап күлкі етеді. Тұсаулы, шырмаулы тұтқыны жастың азаттықты көксеген серпін жалынын көрсететін би. Осы бидің орта кезінде қасындағы екі-үш жігіт жолдасы мен бір жас сұлу жігіт шыға қалып, қарап тұрады. Ол еркекше киініп келген Теңге.

### III көрніс

Теңге (*би біте бергенде*).

Кетті деп сеніп жүрсем жауды шаба,  
Шырмалып қалыпты ғой қызды таба,  
Жасанған жау дегені жайнаған қыз,  
Қызғанбай қайтіп тұрам құдай тоба?..

Ж а р а с (*Айманға Теңгені көрсетіп*).

Дәл осы, сезіп тұрмын, тегін емес,  
Тамаша сауық, сайран, құршы кеңес,  
Шапқа түрт, сырды бермей тулатып көр,  
Тұтқын емен, тоқалмын дей бер, егес...

А й м а н (*ойнақыланып, хормен*).

Сергелден бар, құрбылар, сөйіл де бар,  
Батырда бізге деген бейіл де бар.  
Қызықтың бәрі тамам болды деме,  
Бұрынғы көрген дәурен кейін де бар.

Теңге

Немене, келемісің қызық іздей?  
Сөйлейсің жаңа түскен жеңгеміздей!

А й м а н

Несі бар, батыр басын кемітем бе,  
Тоқал боп тигендер де болар біздей!

Т е н г е

Қарашы, бұл өнерді кім көріпті,  
Қу шалға мұнда көрдім шын жерікті.  
Теңгедей үйінде бар аю тоқал,  
Берер деп ойлаймысың ол ерікті?

А й м а н

Еркімен көнді дейсің қай көрікті?  
Таңдауды біздің қолға кім беріпті.  
Байлауы батырда ғой, мен не дейін,  
Бұл күнде тоқалынан ол жеріпті.

Т е н г е

Сөзіңнің жаңа ұғындым дәл іргесін,  
Ердің ғой осы жайды сен білгесін.  
Оны да айт, қайтер едің қарсы шықса,  
Сенімен тайталасып жау күндесін?

А й м а н

Олай болса қайтемін,  
Сыбағасын беремін.  
Қалдырмай жіп сіргесін,  
Батырға бұйрық етермін.  
Нақсүйер қып өзімді,  
Теңгені күнге тіркесін.  
Суыммен кіріп, күліммен  
Шыға жүріп, сор қайнап,  
Ағызар бастан сіркесін.

Т е н г е

Солай, сөйтіп құртам де  
Жауласқанның жүйкесін...

Жөнеледі.

Ж а р а с (*Айманға*).

Жылы ізін суытпай осы шудың  
Жіберме, етегінен ұста қуды!

Айман мен барлық жұрт Теңгенің артынан салады, Жарас жалғыз.

Сүйер де, қызғанар да дәнемем жоқ,  
Тым құрса тоқал болмай неге тудым?

Кетеді.

#### *IV көрініс*

Көтібар, Арыстан, шал және екі-үш пәкер жігіт шығады.

Көтібар

Дәурен-ай, дәурен-ай,  
Басыма түскен әурені-ай!  
Кезек ніскеп жатар ма ем,  
Екі бірдей сәулені-ай...  
Болмады, пай-пай, болмады.  
Қызды құшпай, па дүние,  
Көңілдің дерті солмады.  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қырымнан қыран болжады...  
Келтірші шапшаң қыздарды,  
Үлеске салам олжаны!..

Әйелдерді алып шығады. Төрт әйел. Бәрі де бастарына жібек шапан жамылған. Ақырын басып, сыпайы жүріп кеп батырдан төмен тізіле отырысады.

#### *V көрініс*

Көтібар (*әйелдер келе жатқанда*).

Дәурен-ай, дәурен-ай,  
Келе жатқан сәулені-ай!..

Арыстан (*өздігінен*).

Әттең дүние, жалған-ай,  
Екеуін бірдей алар ма ем,  
Болмас еді арман-ай.

Көтібар (*қасына жақын отырған әйелге*).

Түнеріпті түсіміз,  
Түн ұйқысын бөлгендей,  
Беуі қабағымыз қатыпты,  
Күдері бел, күпшек сан,

Үдете жортып желгендей,  
Уа беуһ, көңілге күйік батынты...

Қасындағы қыздың бетін ашпақ боп.

Уа, ақша бет Айман,  
Уа, дүние жалған...  
Ақ жүзінді көрсетші!  
Мен де сен деп бет алғам!..

Көтібар болмастан отырып қасындағы әйелдің бетін аша береді.

Ақша маңдай қасын-ай,  
Түймедей болған басын-ай,  
Қырлы мұрын көрінді,  
Әдемі нәркес көзін-ай. (Мұрты ашылады.)  
Мұрты бар ғой, сұмдық-ай! (Өзбек жігіті.)

А р ы с т а н (Көтібарға қосыла).

Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!

Ш а л (қосыла).

Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!

К ө т і б а р (ақырып).

Кеселді, сен кім едің, ой, қуарған?

Шапанын жұлып алып, көйлегін басына түріп жатып, шалбарын көріп.

Неге сен қатын емей еркек болдың?..

Ұрып айдап жібереді, бірінші әйелге.

Жарықтығым, Айманжаным, қайтшы райдан,  
Жаратқан айналайын бір құдайдан!  
(Бетін ашпақ болады).

Тап қылған сені маған тәңірім шығар,  
Сескенбе кездесті деп әлдеқайдан?

(Бетін ашады, ол Жарас.)

Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!

А р ы с т а н, ш а л (тағы да қоса үңіліп).

Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!

К ө т і б а р

Мазағы болыппыз-ау мына жынның!

*(Бассалып ұрмақ болып.)*

Жарайын осы арада ит жемі қып,  
Кім сұрап алар екен құнын бұның ..

Ж а р а с

Көтеке-ау, менде тіпті жазық бар ма?  
Катын деп алғыздың ғой барғандарға?

Жөнеле береді.

К ө т і б а р

Қыз емес, қыз дегенім бәрі де азбан!

Үшінші әнелдің желегін тарта жұлып алады Ол Аймаң.

Қу құдай, жерім бар ма саған жазған?

А й м а н

Батыр-ау, менің қанша жазығым бар?  
Алдыңа иба қылып келуімнен  
Басқаша не қылып ем жолдан азған?

Тұрып жөнеліп кетеді.

К ө т і б а р

Қап, болмас, орайы бар ашуының,  
Себепкер өзім болдым қашуының!

Жарас пен Теңге шығып тұрады. Теңге батыр киімінде.

Міне біреу кім екен,  
Қайдан жүрген ұл екен?

Ж а р а с

Көк атты көлденең ұл менмін десіді,  
Олжалы кәрі батыр көрдім дейді.  
Бұл батыр сұрап отыр сыбағаны,  
Сауғаға қыз алғалы келдім дейді.

К ө т і б а р *(атып тұрып).*

Мен бе екем, өзім алмай қыз беретің,  
Не дейді, қай күшіне сендім дейді?

Т е н г е

Дегені рас Жарастың,  
Жолым үшін таластым.

Берсін батыр қыздарды,  
Адаспасын бұл жерде  
Бұрынғының жолынан.  
Бермес болса жолымен  
Тартып та алам қолынан.  
(Кетіп қалады.)

К ө т і б а р

Ха-ха-а-ха-ха!  
Көрсенші бұл неменің әуселесін,  
Жол деген сылтау қыпты бірнемесін.  
Маманның матап алдым қызын өзім,  
Саған жоқ алты аласым, бес бересім.

Кетеді.

### *VI көрініс*

Жарас Айман, Шолпан, өзбек жігітін шақырып алады.

Ж а р а с

Көрдің бе шауқар шалдың қу ниетін?  
Алдында азап от бар шын күйетін.

А й м а н

Ендеше ақылын айт, қайтпек керек,  
Не дейміз болар болса шын тиетін?

Ж а р а с

Қуғыннан болмай жатыр әлі дерек,  
Ойлашы, бала едің ғой ойың зерек.  
Шолпанда Арыстанның дәмесі бар,  
Айламен соны өзің қып алмақ керек!

А й м а н

Бұнысы тапқан ақыл Шолпан көнсе,  
Болмаса қайғы отына мен күйем де.

Ш о л п а н

Не болды өзің теліп, жарқыным-ау,  
Жауымнан қорыққанымнан мен тием бе?

А й м а н

Тимейсің, тіл емізіп күнелтесің,

Ойлашы қайда отырсың осы күнде,  
Үйдегі еркелікке көп сүйенбе!..

Арыстан шығады.

### VII көрініс

Арыстан

Шұғыласы қандай күшті еді,  
Түн ұйқыны бермеді!

Шолпан (*мұңайған боп, өтірік байқамағансып*).

Жетер деп ем Әлібек,  
О да қуып келмеді.

Арыстан

Көзіңе бір ілмейсің,  
Мен де Арыстан батырмын.  
Бір ерден басым кем бе еді?

Шолпан

Не қылайын құр күшті,  
Сіз сілтеген бір таяқ,  
Еркіңіз батыр қолында,  
Оңға да солға сермеді.

Арыстан

Намысым қайда, жаным-ау!  
Шабындыдан түскен қыз  
Қалай-қалай жерледі?

Жарас (*Шолпанға*).

Сейіл-сейіл болғанда,  
Сергелден де сейілді.  
Арыстан құрбың келіпті,  
Достыққа беріп бейілді.

Шолпан

Қайтейін құр бейілді  
Кандырмаған мейірді.

Арыстан

Қайтсем жібір тас көңіл  
Үнемі маған зейілді.



## А й м а н

Құбылған жас көңіл ғой  
Ілгерілі-кейінді.  
Түбінде Шолпан түсінер,  
Бауырым-ды зейінді.

## Ж а р а с (барлығына).

Ал енді бәрінен де батыр қиын,  
Тас түйін бірігейік осы жиын.  
Егессе тас-талқан қып шырқ бұзад,  
Ебіне бірігіп ап енді сыйын.

Барлығы мақұлдағандай болады. Көтібар шығып келе жатады.

## VIII көрініс

### К ө т і б а р

Уай, дәурен-ай, дәурен-ай,  
Басыма түскен әурені-ай.  
Кезек ніскеп жатар ма ем,  
Екі бірдей сәулені-ай!  
(Мыналардың тобын көріп.)  
Пай-пай, мынау не, түге,  
Ойыны әлі қанбаған.  
Не қылған ішің толғыр ед?

Әйелдер кетіп қалады. (Арыстанға.)

Жат жөніңе, Арыстан,  
Жау-жөнекей немене  
Қыз-қырқынмен табысқан?

### А р ы с т а н

Жау болғанда қайтейін,  
Мен де бірге шабысқам.

### К ө т і б а р

Алатының қайсысы,  
Жөніңді айтшы, жарықтығым,  
Көп керісіп салыспан.

### А р ы с т а н

Таңдауын әлі шешкем жоқ,

Несіне енді асығам,  
Жау қалды ғой алысқан.

К ө т і б а р

Болмасаң әлі таңдап, жол менікі!  
(Арыстан сөйлейін дегенде.)  
Кесігім естіртетін, дау емес бұл.  
Тимейін қалғанына, сол сенікі!

Арыстан кетеді. Көтібар Жарасты шақырады.

Уай, шірік, бері кел де маған қарас!

Жарас келеді.

### IX көрініс

К ө т і б а р

Білдің бе, қысылдым-ау, беу-беу, Жарас,  
Мінеки екі бірдей күн-түн өтті,  
Ішті шер кернеп барад, қайттім, Жарас?

Ж а р а с

Не дейді, бұзылған ғой асқазаны.

К ө т і б а р

Саңдалма, кісіні де қоя алам жеп!

Ж а р а с

Ендеше немене алды бұл мазаны?..

К ө т і б а р

Қуарғыр құса болдым сұлу қыз деп...

Ж а р а с

Ойбай, сорлы басым-ай, мынау ма еді?  
Бұл енді шыны қиын, қиын еді?

К ө т і б а р

Адыра қал, сөзімнен садаға кет!

Ж а р а с

Тіпті қиын бұл енді, қиын еді!..

К ө т і б а р

Уай, қысқарт, тас төбеңнен құдай ұрғыр!

Ж а р а с

Не жаздым, ойбай, батыр, не дедін құр?..

К ө т і б а р

Қиынын айт дедім бе, қисынын тап,  
Тілқат боп тілегімді айт, бар енді тұр...

Жарас кетеді.

### *X көрініс*

Шал шығады

К ө т і б а р.

Ал, шалым, сен безей бер тіл-жағыңды,  
Жауап айт, қызға салам сен жағымды.

Ш а л

Кайтесің, батыр-еке, мені қинап,  
Аяшы тым болмаса мына ағымды!

*(Сақалын ұстайды.)*

К ө т і б а р

Тартынсаң жаны тәтті неме екенсің,  
Ұйпап күзеп алайын сор бағыңды.

Жарас пен бір әйел шатырға келеді.  
Жарас Көтібарға жақындайды.

### *XI көрініс*

Ж а р а с

Көтеке, маған жауап бермеді ғой,  
Батырдың өзін алып кел деді ғой...

К ө т і б а р *(тұра келіп).*

Бәлки жақсы лепес, жарым ырыс,  
Ендеше қызды қолға бергені ғой.

Жарас скеуі шатырға келеді.

## XII көрініс

К ө т і б а р

Уау, ақша бет, жан Айман.  
Айдалайын бір сені.  
Жаратқан сонау құдайдан.  
Қолкам үлкен тегінде!

Тенге шығып қарап тұрады.

Қайтар болсаң райдан.

Ж а р а с (*Айман атынан сөйлеп*).

Бұл кісі жауап күтіп отыр сізден,  
Не тілек тілейді екен дейді бізден?  
Ала ма, жоқ болмаса жай жастық па,  
Жауабын білсем дейді жүзбе-жүзден!..

К ө т і б а р

Ат мініп неге асындым жарағымды,  
Бастаған таудай тілек талабымды,  
Болғанда жақсы лепес ай сұлудан,  
Тұрам ба жатқа беріп қарағымды.

Т е н г е (*тепсініп кел*).

Сап, батыр, қыздан бұрын мені жайла,  
Елмісің, жауымбысың сөзді байла.  
Олжаға бұл қыздарды мен аламын,  
Көнбесен, көріп қалам күшің сайла.

К ө т і б а р

Қарай гөр жер астынан жік шыққанын,  
Естіп пе ең Көтібардың сірә ыққанын?  
Тұр былай, олжа десең жаның олжа,  
Сендейдің мыңын мегдеп шыныққанмын.

Т е н г е

Шекіспей бекіспейді жол деседі,  
Ендеше, сөз шешпейді, күш шешеді.

К ө т і б а р

Мұрдар-ау, қайдан шыққан сұм немесің,  
Кім деп тұр, осы кіммен егеседі!

Ж а р а с

Күшіне, жолына да сенген ер ғой,  
Болмаса, сірә, бұлай демес еді.

К ө т і б а р

Бұл ер боп, жер боп қалар мен бе сонда?  
(*Теңгеге*).  
Қайтпек ең тие қалса қыздар қолға?

Т ең г е

Алам ба, қайтарам ба, ерік өзімде,  
Ар жағын өзім шешем алаң болма.

К ө т і б а р

Жә, жетті, тентіремей жайыңа кет.

Т ең г е

Ендеше мені жеңсен қызды аласың,  
Алыспен ашылады ендігі бет.

К ө т і б а р

Не дейсің, қашқан қатын мен болам ба?

Т ең г е (*сапасын жарқ еткізіп*).

Олай болса алыстым, кел жекпе-жек.

К ө т і б а р (*сапасын суырып ап*).

Кәнеки келген керді мен көрейін,  
Шыға ғой, сыбағанды шын берейін.

Т ең г е (*атқып алдына кеп, бетіндегі салпыншағын аша беріп*).

Не дедің, мен бе тоқал алғызатын,  
Асырып көрші кәне қыз мерейін.

К ө т і б а р

Теңге ме ең, ойбай, қу Теңге!

Ж а р а с

Теңге ме еді, жаным-ау! (*Күліп*.)

## А й м а н

Бәрежелде сапарың  
Күтты болсын, жас жеңге! (Күлкі)

Теңге бүркырап Көтібарға қаптаиды.

К ө т і б а р (тұра беріп, сасқалақтап қайта жығылып, бақыра ашуланып қамшымен екі жақты бірдей сабайды).

Бұзамын, ойбай, қамалын,  
Әлекті мүлде саламын,  
Құтылып көрсін қыз менен.

Тұра беріп, қайтадан артымен жер түіп отыра беріп.

Аламын, ойбай, аламын!..

Қамшысымен жер сабайды.

Ш ы м ы л д ы қ.

## ТӨРТІНШІ АКТ

### Бесінші сурет

#### *І көрініс*

Аймандар тұратын отаудың бір шеті көрінеді. Сахнаның екінші жағы көк төбе. Көгібар қолына үкілі домбыра алып, қасына шалын ертіп әндетіп келе жатады. Екі шал ойнақ салғандай шалжаңдап дуэтше жырлайды.

К ө т і б а р

Маманның қолымда отыр балдырғаны,  
Тал бойын талайлардың талдырғаны.  
Отыз күн енді бүгін өтіп барад,  
Қамырығын қам көңілдің қалдырғалы.

Ш а л (*қостап іле жөнеліп*).

Қырқылжың бұған дейін алдырмады,  
Құйрығын қызыл тағы шалдырмады.  
Зар күйі әнді соғып кәрі қыран  
Тепсініп тегеуріні салдырлады.

К ө т і б а р

Уа, сорлы үнім енді ғана саңғырлады.

Ш а л

Қыранның аш дабылы даңғырлады.

К ө т і б а р

Тоятқа айдай Айман ілемін деп  
Көңілде арман сірә қалдырмады.

Ш а л

Жаман жаяу жаяулаған жалбырлады.

К ө т і б а р

Тоқал да ту шолагын шандырлады.

Ш а л

Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,

К ө т і б а р

Еңбегін кәрің келед жандырғалы.

Төбе басына жақындап қалысқан шал бұрыннырақ шыға беріп, әр жағынан жауды көріп.

Ш а л (*күн салып қарап тұрып*).

Тұра қалшы, батыр-ай,  
Қаптаған неткен мынау қол,

К ө т і б а р

Не дейсің, ой, бұның кім?

Ш а л

Алып тұр-ау үрейді.

К ө т і б а р

Шақыршы, білсін, біреуді.

Ш а л

Ойбай, батыр, қамың қыл,  
Қуғын келген сүренді!

К ө т і б а р (*қалбақтап*).

Тартшы ендеше тезірек  
Белдеуде тұрған күренді.

Екеуі де жөнеліседі.

## II көрініс

Айман, Шолпан, Теңге, Жарас шығады.

А й м а н

Жеткен екен Әлібек,  
Берерсің тәңір тілеуді.



Арыстан шығады. Артында қолы әзір, қарулы топ ере шығады.  
Арыстан қару асынған.

### III көрініс

Арыстан

Көрдің бе, мына жауды келе жатқан,  
Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан.  
Кигізем қызыл тақия ершігешке  
Ұстандар Әлібекті, аттан, аттан!

Қолыммен жөнелмек болғанда Айман тоқтатады

Айман

Тоқташы, осылай ма ед, батыр, сертің?  
Тұтқында жетпеп пе еді менің дертім.  
Қағыспай, ұрыспай-ақ бітім тапшы,  
Бүлдіру, түзеу-дағы сенің еркің...

Шолпан

Қалайша мен есіңе алынбаймын?  
Көп сөйлеп, арам тер боп сабылмаймын,  
Соғыссаң, сен деп қалар мұнда қыз жоқ,  
Құтыр да, бақсы боп кет жалынбаймын.

Арыстан

Ойпыр-ау, мынау қандай тұсау еді!  
Қалайша ат ойнатыл жау келеді!

Теңге

Жаным-ау, бәрің бірдей бақсы ма едің?!  
Ағаңның жындылығы тапшы ма еді?  
Ел шауып бір қора қып қызын алдың,  
Көргені Жетірудің жақсы ма еді?

Жарас

Не десің, бәрекезде, сөз-ақ тағы,  
Бәрінен, тентек Теңге, өзің зорсың.  
Мынауың қалай дұрыс жақсы үн еді?..

Теңге

Ендеше батыр атың мен тыққыздым!  
(*Мылтықты жерден алып көрсетіп.*)

Әдейі мылтығын да ап шыққыздым,  
(Өзбек жігітіне ұсынып.)  
Тығындар, ал тығайық бұл немесін,  
Дей берсін кәрі баксы «шырық бұздың»!

Ө з б е к ж і г і т і (мылтықты алмай қашып).

Ойбай, мен бұл пәлені қолға алмаймын,  
Тағы да жаңа сорға жол салмаймын.

Т е ц г е (Жарасқа).

Ендеше сен тыға ғой бір араға.

Ж а р а с

Қой, жаным, мен онсыз да сормандаймын...

А й м а н

Ендеше бері әпкелші, қайтушы еді?  
(Мылтықты алып, далаға шөп арасына тастап).  
Тығайын, жаласына мен қалмаймын...

А р ы с т а п (Шолпанға жанасқысы келеді, анау сыз-  
данып сырт қараңқырап тұрады).

Жауды мен етсем деп ем жентек-жентек,  
Қолымды ұстап қалдың, Шолпан тентек.  
Соғыспай бітім табам, уәденді бер,  
Тием де бұрынғыша қақпай селтек!

Шолпан сырт айнала береді Үн жоқ. Арыстан қаруына шап етіп  
жабысып, қанға бұрыла береді. Сонда Айман араға түседі.

А й м а н

Күдікті көңілдегі таста, Арыстан,  
Біз бе едік сенің жауың қасарысқан?  
Алып кеп Әлібекті жауабын ал,  
Өзін бол ендігі істі басқарысқан!

Осы кезде дөң басына қуғыншылар шығып бері келе жатады. Арыс-  
тан мен соның қолы ғана қалады да, өзгелер үйге қарай кетеді.  
Келе жатқан елдің алдында Әлібек.

#### IV көрініс

Екі қол біріне-бірі қарсы келеді.

Арыстан (Әлібекке).

Бейнебір тасқынындай аққан селдің,  
Мұнша елді жиып алып неге келдің?

Әлібек

Қелемін жесір іздеп, қорқайын ба?  
Мен-дағы баласымын іргелі елдің.

Арыстан

Қай қызда ниетің бар сенің алмақ?

Әлібек

Қайсысын қалдырып ең, жөнді айтсаңшы,  
Таңдауды болмақ па едің маған салмақ?

Арыстан (кекетіп).

Дәніккен дегенім ғой мыңнан талғап.

Әлібек

Серт тұрмас қылыш үстінде қысталаңда,  
Кең болсаң орнатар ма ең құба қалмақ.

Айман, Шолпан, Темгелер шығады.

Арыстан (бұларды елемей).

Ер болсаң онда күшің көрсетерсің,  
Бопсың ғой қия сөзбен мені шалмақ.

V көрініс

Әлібек (Шолпанға қарап).

Ай-күнім, Айманжаным, денің сау ма?  
Шырмалған ақ шабақ ең қиын ауға.  
Артыңнан аласұрып келдім жетіп,  
Болсын деп бұл шыбын-жан саған сауға.  
Кешіктім, көп отырдың тас қамауда,  
Қапамен дәурен өтіп күн санауда,  
Жеткенім осы-ақ болды, кешермісің,  
Салсам мен тон тонауды қан талауға?..

Шолпан, Айман

Көп күндер болғаны рас кеткеніме,  
Қиын жол көзің жетер шеккеніме,

Қырсығып, мал құтыртып өршеленіп,  
Оралдым өңкей жынның еккеніне!  
Бәрі бір болып болмай өкпелі не?  
Ырзамын іздеушінің жеткеніне.  
Мұндағы борыштарым Тенге, Арыстан,  
Шүкірлік солар жәрдем еткеніне.

Т е н г е (*Әлібек пен Арыстанға*).

Ал енді келісіндер, есебін тап,  
Болмаса батыр жатыр әлегін сап.  
Бейбіт ел арандасып қырылады,  
Кеткен соң ол құтырып қару жұмсап.

А й м а н (*Әлібек пен Арыстанның қаруын өз қолы-  
мен алып*).

Ендеше сен екеуің табысты деп,  
Қояйық қолдарыңнан қаруыңды ап.

Ә л і б е к (*Айманға*).

Шолпантай, сені-дағы ойға алғамын.

А й м а н

Мен-дағы сені күтіп көп талғамын.

А р ы с т а н

Екі қыз, бір түйінге себеп болдың,  
Қиынын өтіп алғам тентек жолдың,  
Екеуің сірә бірдей кете алмайсың,  
Егесте сыры мәлім біздің қолдың.

Ә л і б е к

Екі қыз қатарымен сенде қалмас,  
Осы сөз кесер сөзім, мен де болдым.

Екеуі тағы шекісе жаздап жақындаса береді.  
Сол кезде Жарас жүгіріп шығады.

## *VI көрініс*

Ж а р а с

Ойбай-ау, бүліндіңдер, енді есті жи,  
Таласқан ана-мынау керісті тый,

Бөгеп ем болмай қойды қатты ашумен,  
Бақсы боп батыр келед берем деп сый.

Т е н г е, А й м а н (*Әлібек пен Арыстанға*).

Ал енді олай болса тез қояйық,  
Бөлған боп тегіс тату ден қояйық.

Ж а р а с (*жұртты тегіс желіктіріп*).

Бәрекелде, ендеше мәре-сәре  
Бола қап у-шу, ду-ду ойын бастап,  
Жау дерлік суық түсті ал жояйық.

Сонда сахнада тұрған барлық қолдар лап беріп ойнай, билей жөнеледі. Жарас өзі бастап жүрген кісі сияктанады. Би болымсыз бірдемеге таласып үдірейіп, үрпісіп жүрген топтарды көрсетеді. Олар таласып кеп артылан сол нәрсені біреу мазақ ете ала қашқанда, соны жосыла қуады да алданады... Не қыларын білмегеннен, біресе құтырынып аспанға атқып, біресе бүгіле домалап жын соққандай қым-қуыт болған топ. Сонғы кезде барлық адам тобы, құйын үйірген құмдай құтырады. Бақсы ойнағы боп кетеді. Билеушілер жылтыр жүз, жуан қарын, кара сақал, көк сақалдар. Бұлар кейде қарындарымен қағысып та жүреді. Мазмұны ру басы, атқамінерлер билеген күннің лапы, жесір дауын баян етеді. Мысқылмен баян ететін би болады. Көтібар жұлынып бұрқ-сарқ етіп шыға келеді.

### VII көрініс

К ө т і б а р

Көрсетші, мені қуып келетін кім?  
Әлекті, әбігерді салатын кім?  
Аулыма ат ойнатып, селдей басып,  
Қолымнан қызды тартып алатын кім?

А й м а н

Батыр-ау, сізден тартып кісі ала ма?  
Алысқан асын жөндеп іше ала ма?  
Алушы өкіл күйеу болар сізге,  
Жазғанын біз көрерміз пышанаға.

К ө т і б а р

Не дейсің, сол-ақ па еді қарқ қылғаның?  
Несіне мен жеңдім деп шарқ ұрғамын!  
(*Әлібекке.*)  
Қулықпен құлдыратып алдамақсын,  
Көрерсің сен немені шаптырғаным...

## Әлібек

Ұсынса басты қылыш кеспес деген,  
Емес ем бет алдыңнан кес-кестеген.  
Шапсаң да ерік өзінде, күйеу болам,  
Бойсұнған бұл тілегім кетпес дегем...

Теңге, Жарас (*Көтібар сөйлейін дегенде киіп кетіп қолдарын жайып*).

Пысмылда, я аруақ, ата-бабам!  
Сасқанда сендер демей кімді табам!  
Тыңдаңдар оң құлақпен тілектерін,  
Күйеуге осы болсын менің батам!  
(*Көппен бірге қайта-қайта бата қылып.*)  
Алла ақпар, шырақтар,  
Осы біздің жұбаптар.  
Батадан аттап қайтеді,  
Батыр да бұған тұрақтар.

Жұрт баға қылып жатқанда Көтібар аласұрып, әрқайсысын тоқтатпақ болады. Өзі де бір жағынан амалсыздан бетін сипайды. Жұрт шуылдап сүйсіне бастайды.

## Жұрт даусы

Бәрекелде батырға,  
Бата берді ақырда,  
Өкіл күйеу — өз күйеу,  
Татиды ғой жақынға.

Көтібар (*шуды басып, Теңге мен Жарасқа*).

Бата қып менен бұрын, жынды көкек,  
Екі сұм бұл пәлені кім үйретті?

Жарас

Батаны бала етсе де байлау дейді,  
Біз емес бұрынғылар дәл сүйдепті...

Теңге

Батаның жөні келді, бермей қайтем  
(*өтірік көлгірсін*).  
Нең шығып, сенің оған нең күйрепті?

Көтібар (*Теңгеге тепсініп*).

Қуарған, қатын емес, құр сүйреткі  
(*жер тепкілен*).

Сығыр-ай, құр қалдым, ба шыныменен,  
Жаусың сен, жауабымды кім билетті?

Т е н г е

Сап-сап-сап!

К ө т і б а р

Жап, аузыңды, жап!

Т е н г е

Шыдай тұр, шыдай.

К ө т і б а р

Уа, тәйт, сұмырай!

Т е н г е

Ал қызыңды ұзатасын,  
Өзің өкіл атасын.  
Сұрай келген мінекей  
Берді қауым батасын.  
Уа, мен өкіл анамын,  
Құдай деп қана қасымда  
Енді теп-тек жатасын.

К ө т і б а р

Тоба, тоба, тоба! (*Қайта құтырынып.*)  
Тұра тұр бәлем әлі ме,  
Жайыңды мықтап табармын.  
Келістіре тағы да,  
Тік көтере шабармын.  
Әлі де талай пәлені  
Басыңа, түге, жабармын.  
Шабармын, сірә, шабармын!  
(*Арыстанға қарай тап беріп.*)  
Алдың ба тым құрмаса сен таңдауды!  
Қойдың ба асқақтатып әлде жауды?

А р ы с т а н

Дегенім деген жерден шықсын менің,  
(*Шолпанды көрсетіп.*)

Аламын, мынау қызға денім ауды.

Ш о л п а н

Қатын боп шабындыдан саған түскен  
Тимеспін құлатсаң да басқа тауды.

Әлібек

Сөзіңе құлдық ұрдым, Айман-Айым,  
Солай деп жөнге салшы бас асауды.

Көтібар (*естіп қап қайта қаптап*).

Не дейді, мына мұндар бата бұзды!  
Жібермен, олда оңбайын, бұл қос қызды.  
(*Арыстанға.*)

Бересің жолды неге Әлібекке?  
(*Ұмтылып.*)

Қоя бер, енді шындап қаным қызды.  
(*Талқан боп мылтығын жерден тауып ап* )

Ендеше қырық жыл қырғын салайын мен,  
Алғамын сендей қыздың талайын мен!

Аулымнан мен тіріде қыз кетпейді,  
Құғынды қырқа матап қамайын мен.

Мін ойға, мің атыңа, аттан, аттан!  
Көп жендет Көтібарлап жабайын мен.

Жұрт шуылдап шошып, қолдар қимылға әзірленгендей болады

Жарас

Уа, жұрт-ау, жеткен жоқ па бұл селебе?  
Қайтеді істі берсек жол келеге,  
Маманның өз аулынан, өз қолынан  
Алмастай не кесір бар неменеді?  
Күйеу боп, екеуің де жасап алсаң,  
Жаным-ау, тақияңа тар келе ме?

Әлібек

Құлдық ойбай, өйдесең мен көнейін.

Арыстап

Жарайды, мен де тіпті үндемейін.

Теңге

Жол осы, бәрекелде, өзгені қой.  
Қолынан құда болып қыз алуға  
Қасыма жолдас алып мен ерейін.

Көтібар

Көнбеймін, қызды тартып әкете ме,  
Оттама, асырмаймын жау мерейін.



Ж а р а с

Аспасын жау мерейі, батыр, сабыр,  
Әлібек жылы ізімен қайтсын қазір.  
Там сүзіп қараңғыда жүрген жігіт  
Маманның ауылында, кен байтақта  
Тілеген, таңдағанын сонда таныр.

Т е н г е, А р ы с т а н

Дәл байлау осы болсын әзір таңға,  
Қылғаны аз емес бай Маманға.  
Батыр да осы сөзге тоқтай білсін,  
Жетті ғой, тыныштық берсін топты жанға.

Х о р (қосылып).

Мақұл-ақ, билік осы болғаны ғой,  
Бар есеп осыменен толғаны ғой.  
Қос қызды аулына ұзатайық,  
Тоқтады, батыр жөнді болжады ғой.  
Ал енді жолың болсын, Айман, Шо пан,  
Қайтатын күнің туды қырсық жолдан,  
Қасында Тенге, Арыстан, Жарас, жастар  
Апарып тапсырады үйге қолдан.

Ж а р а с (Әлібекке).

Байғұс-ау, неге тұрсың жөнінді тап.  
Сен кетпей шал ашуы басылмайды,  
Тез жөнел бөгелместен, бар қолыңды ап.

Ә л і б е к

Тие ме осы қыздан таңдағаным,  
Қалмайын қара жерді мүлде сипап.

Ж а р а с

Көресің не көрсен де ауылыңда,  
Сөйлеме бұл арада, аузыңды жап.

Ә л і б е к (қолын қайта әкетуге қамдап, Шолпанға қарап).

Айманым, мен қайтайын өз жолыммен,  
Қасыма ере келген бар қолыммен.  
Жалғыз-ақ ата-ананың өз қолынан  
Алмасам ауыр болар өлгенімнен. (Жөнеледі.)

Ж а р а с

Келісті не қыласың осы қолқаң,  
Айман деп жабысканың әлі Шолпан.

А й м а н (*Жарасқа*).

Жарас-ай, өзің болдың анық ағам,  
Асты ғой бәрінен де сенің бағам.

Ш о л п а н (*қосылады*).

Болғанға басым аман қарыздармын,  
Айтшы бір көңіліңді немен табам?

Ж а р а с

Үндеме, ақы алмайды жаман ағам,  
Әуелі аман-есен үйге қайтшы,  
Енбегім осы жолғы шын садаған! (*Теңгеге.*)  
Ал. Теңге, қамданайық, не қып тұрмыз,  
Құдағи, баста жолды — құтты қадам!

Т е н г е

Ендеше еретіндер екшеле бер,  
Арыстан, айып-анжы ескере бер.  
Құда боп, бал жаласып біз қайтайық,  
Десенші бұл сапарға дес бере гөр...

Ж а р а с б а с т а ғ а н х о р

Құтты болсын бұл сапар, құтты болсын!  
Қуанышқа жастардың қойны толсын!  
Бұлт айығып, күн шығып, күле жайнап,  
Қас ойлаған қара күш енді солсын.  
Мен де барам бұл тойға,  
Мен де барам сол тойға.  
Мен де қалман, барамын,  
Той ұлассын шын тойға,  
Біз барамыз шын тойға.

Ш а л (*Көтібардың қасынан тұрып*).

Қалкатайым Теңгежан,  
Бұнда маған неме бар?  
Әйтеуір амал құрыды,  
Қасына ерем, мені де ал!

К ө т і б а р

Тәйт, шығарма үніңді,  
Қара мұны, қортық шал!

Ш а л (алақтап, елігін).

Жо, жо, батыр алдияр,  
Қалар болсаң өзің қал! (Теңгеге қарай қашады).

К ө т і б а р

Тастадың ба, қуарған?

Ш а л

Жаспен болам не болса (қутыңдан),  
Шалда не бар суалған!

К ө т і б а р (бір тұрып, бір отырып зығыры қайнайды, жастар жылжи береді).

Уай, тоба, тоба, тоба!

Уа, тарт былай, тоқта, түге! (Жұрт тоқтайды.)

Ж а р а с

Ал, батыр, ашу алды, ақыл соны,  
Бар істің ашылды ғой оңы, солы.  
Қасыңнан шал екеші о да кетті.  
Қайтеді сол сапарға ере барып.  
Екеуіміз бата берсек осы жолы!?

К ө т і б а р

Адыра қал өзінмен,  
Құрттың ғой, қу Жарас,  
Жоғал арман көзімнен.

Ж а р а с

Сабыр, батыр, сабыр қыл!  
Бар көргенің өзіннен.

К ө т і б а р (жұлқынып).

Уай, сұм-сұрқия дәурен-ай,  
Басыма түскен әурені-ай.  
Жіберші, уа, жібер былай,  
Сорлататын неме екен,  
Сірә мені сол құдай!  
Уа, қайдасың, сен, құдай!  
Шұнақ құдай, құдай!

Аспанға мылтығын атып жіберіп жөнеледі.  
Артғағы жастар тобы шулап күліп қалады.

Ш ы м ы л д ы қ.

С о ң ы.

# ТАС ТҮЛЕК

*Бес актылы,  
сегіз суретті пьеса*

## АДАМДАРЫ:

- Арпабай — 55-те } Кондыбайдың батырақтары.  
Есбике — 50-де }  
Қамбар — баласы. Байдың жылқышысы болған, жасы 18-де.  
Кәмәш — қызы, 16-да.  
Күсбек — Қондыбайдың жақын туысқаны, Қәмәштің күйеуі,  
18-де.  
Алатай — Арпабайдың жиені, кедей баласы. О да Қондыбай-  
дың ауылында малшылықта болған. Жасы 16-да.  
Сапар — бай ауылының биешісі болған, жасы 20-да.  
Сөлкебай — қойшы, жасы 20-да.  
Бөлтірік — байдың пішеншісі, шөп машинасын жүргізеді,  
жасы 19-да.  
Алтын — Сөлкебайдың қарындасы, 16-да.  
Мес — жылқышы, 19-да.  
Топай — Бөлтіріктің қатыны, жасы 18-де.  
Шәкен — Қондыбайдың қызы, жасы 17-де.  
Омар — қаладан келген комсомол, жасы 18-де.  
Нұғман — конфискеші өкіл, кіндік өкілі, 35-те.  
Қондыбай — 28-ші жылы конфискеге ілінген бай.  
Сыбанбай — Қондыбайдың бір туысы.  
Нұрбай — шабан.  
Әшім — ұлтшыл, 30-да.  
Сергеев } — комсомол ясейкасының хатшылары, 18—17-де.  
Митя }  
Шуашбай } — ел казактары, 40—35-те.  
Еңсебай }  
Шабандар, ұрылар.

## БІРІНШІ АКТ

### Бірінші сурет

Бай үйі, үйдің іші бұркырап жатыр, ортада үлкен сандық, аузы ашық. Ішінен оқалы шапан, ішік көрінеді. Айнала кілем, шағи, дүние, тәртіпсіз үйде әр жерге тастай салынған сияқты. Шымылдық ашылған соң Күсбек, Әшім, Сыбанбай кіреді.

Әшім (*жолдан жаңа келген кісінің түрінде, қолында қамшы, басында шіләне, үстінде жұқа шапан*). Жүргізіп те жіберді ме? Қап, Қондекене амандаса алмай да қалдым-ау?

Сыбанбай. Қарағым, несін айтасың, қолды-аяққа тұрғызбай дедектетіп, бір-ақ әкстпеді ме? Ағайын ортасының құты еді. Қажы баласынан қалған үлкен дінгек Қондекем еді. Кеттің ғой елдің басы. Құт шайқалды, ен дүние шашылды міне! Табар ақылың бар ма? Жок па?.. Қондекеннің сенгені сен екеуің емеспең?

Әшім. Ағайын, туысқан қайда? Неге ізденбедіңдер? Ез басы болыс болмаған адам деп неге айтпадыңдар?

Сыбанбай. Әшеке-ау, шырағым-ау, болды ма оған? Көрнеу шығып, айдалмасын деп айтуға бірде-бір кісі жарамады ғой.

Әшім. Кедейге айтқызбайтын ба?

Сыбанбай. Кедей дейтін кедей қалды ма қолымызда? Кеңес-кеңес деп құлағына сіңіріп тастамады ма баяғыдан? Кеңес кедейдің кеңесі, билік сенікі, дүние сенікі, жалғыз-ақ жолында кедергі болып тұрған осындай бай, жуан деп кедейді үгіттегелі қашан?

Әшім. Е, ал оның несін айтасың? Соған бар кедей

елігіп-ақ кетті ме? Бәрінің көзі ашыла қап па! Олақсыңдар ғой! Шырғаласа, тори білсе қақ осы ауылыңның өзі-пен, осы малшы, жалшыңнан-ақ таппас па едіңдер жоқшыны?..

С ы б а н б а й. Ойбай, малшы-жалшыны атамаңыз, қызыл көз пәле боп шыққан солардың өзі емес пе?

Ә ш і м. Қойшы, өкіл зорламай, солардың өзі-ақ шықты ма?

С ы б а н б а й. Осында ылғи осы ауылдың талай жылғы құл-құтаны... Әсіресе бір, жастары шетінен жылқышы, биеші, қойшы-қолаң еді.

Ә ш і м. Оларды кім еліктіріп жүр?

С ы б а н б а й. Осында комсомол болып жүреді екен ғой, әлгі бір Қамбар деген жылқышы. Сол бәрін бастап жүрген.

Ә ш і м (Құсбекке). Мұнда комсомол бар ма еді? (Құсбек үндемейді.)

С ы б а н б а й. Қосшы, комсомол бар, бәрі де қаптап кеткен емес пе? Мынау 5-ауылда ұясы бар екен ғой соларыңның?

Ә ш і м. Е, Қамбар болса мына Құсбектің жақыны емес пе?

С ы б а н б а й. Е, бәсе, соны айтам-ау енді. Қарындасы мына Құсбектің қалыңдығы. Енді осы бала бой сағаттамай ізденсе, міне Қамбарлармен сөйлессе (қалтасынан қағаз шығарып), сонымен мынау прагаурға жалшы-жақыбайдың прагауарын қоса тіркесек.

Қ ұ с б е к. Бұның-не? Қайдағы прагауар? (Әшім, бәрі қарайды.)

С ы б а н б а й. Бұл ауыл кеңесінікі.

Қ ұ с б е к. Ол неғып берді?

С ы б а н б а й. Варды салып, иті жақсы болып жабысып жүріп алмадық па. Бірақ осыны бергенін біліп барлық қосшы, комсомолы жабылып, мынаған қол қойған ауыл кеңесті орнынан жұлып тастады. (Әшімге.) Ал осымен ізденсек іс бола ма?

Ә ш і м. Неге іс болмасын?! Бұған жаңағы айтқан кедей прагауарын қосса, тіпті жақсы болар еді. Сол екеуімен ізденіп біреу жол жүрсін, ұзақ жол жүрсін. Анау Қызылорда, Мәскеуге, тіпті Калининнің өзіне барсын. Іс сол.

С ы б а н б а й. Міне, байдың айтқаны да осы ғой, сұра деген ақылы осы ғой. Ал енді осымен ізденіп, бай-

дын жол жүрсін дегені мына Құсбек бала еді. Бұдан басқа жол жүріп, жөн білетін ешқайсымыз жоқ.

Әшім (Құсбекке). Қазақ малының тұқымын құрту ғой бұл іс. Момын шаруа, енді қанғып кетіп бара жатқаны мынау, мұны іздемей болмайды. Кіндіктен, Мәскеуден осы жайды айтса жол табылуға мүмкін. Мен ондағы кісілерге хат берем. Сен ізден. Және мұндағы ана жастарына да салмақ сал.

Құсбек. Жок, мен бұл жолға жүрмеймін... Бармаймын!

Сыбанбай. Шырағым! Қондекеннің сенгені сен едің, бір жолғы ісінді аяйын дедің бе? Бұл не қылғаның?

Құсбек. Өзгеге де тіршілік керек. Бұл кісі кетті деп қоса шұбырып қырылушы ма едік бәріміз соның сонынан?

Әшім. Сенің не есебін бар? Бұл не дегенің?

Құсбек. Дегенім сол, конфискеленген байды жақтап, қайтып ел бетін көре алмайтын қара бет болайын ба?

Сыбанбай. Е, өйдегенше, онан да ана желіккендерге қосылып, сен де комсомол болсаң еттің.

Құсбек. Болсам болам! Бере тұршы әлгі прауарынды. (Сыбанбайдың қолынан алады да). Кеткен бай кетті. Енді түк те өнбейді. Жаманатты болатын, соның ығында өлетін ақмағың жоқ. (Қағазды дал-дал қып жыртып, лақтырып жібереді.)

Сыбанбай. Ойпыр-ау, ойпыр-ау! Сығыр мұндар, ел десем жау ма едің. Жок, құтырып кетіп пе ең әлде, байдың жар дегенде жалғыз жақыны!

Әшім. Токта, сөзді шығын қылма! Байдың қамын басқа жерде, басқамен сөйлес. (Құсбекке) Жолың болсын, шырағым! Болдың, болдың енді, дегеніңе жет.

Құсбек. Сізден ақыл сұрамаспыз.

Сыбанбай (есікке таман барып.) Ой-бой, әлгі құтырған малшылар келеді екен, жүріңіз, Әшеке, кетейік. (Бұлар кетеді.)

Құсбек. Аулақ кетші бәсе, жабыспай... (Бір бөлек кетеді.)



## Көрініс

Қамбар, Бөлтірік, Кәмәш, Алтын кіреді.

Қамбар (*Бөлтірікке*). Кәмпеске деген осы екен, ә?.. Қондыбай байды өрен-жаранымен...

Бөлтірік. Тамыр-түбірімен де...

Қамбар. Әп-сәттің ішінде жұлды да әкетті, ә?..

Бөлтірік. Сайтанын бір-ақ қақты. Кеңес-кеңес болғалы қайратына көзіңді әбден жеткізген, айызыңды шын қандыратын іс осы болды, ә, Топай! (*деп Топайға қарағанда, өзгелері күледі.*) Бұ да осал демендер, көсеудей қара қолын бай айдалсын ба деген жерде көтеріп-ақ алды-ау сорлың.

Топай. Қашан?..

Кәмәш (*өзгелермен күліп*). Ал Бөлтірік, бәсе, Топайдың өтірікке жайы жоқ ол.

Қамбар. Бәрекезде, байының күлметін қатыны ашты деген осы да! (*Күліседі.*)

Бөлтірік (*қолын созып мазақтап көрсетіп.*) Осы сөйтіп, битіп, тіпті иығыңмен қағып, созып тұрғанын қайда еді? Көзі ашылған кедей қатының біз боламыз деп?..

Топай. Әй, жаның шықсын. (*Өзгелері күледі.*) Тіпті өтірік.

Бөлтірік (*өзгеріп, мазақтап*). Әй, аруақ атсын, аруақ атқыр. Үйдегенше көзім ашылғаны рас, сүйттім десеші, аруақ атқыр.

Топай. Қөзі ашылды деп жас күшік қой деймісің?

Бөлтірік. Ойбай, соп-сопақ болған байғұс. Топай деген атың құрсын сенің, топ етіп қарап тұрған.

Қамбар. Ал, бай кетті. Ен дүние қалды. Енді қайтеді екеміз, бұл, ә!? Арқа-басымыз бір-ақ босап, әншейін еру болдық та қалдық-ау, өзі...

Алтын (*Кәмәшқа*). Айтты-айтпады, өзі бір түрлі қазір көшкен сияқтымыз ба? Еру сияқты ма?

Кәмәш. Бәсе, онесі екен? Бір салық салған ауыл сияқты ма? Бай-бәйбіше енді болмайды дегенге көңіл сенбейді тіпті, онесі?

Бөлтірік (*есік жаққа барып, қайта ұмтылып*). Қамбар! Кәмәш! Сендердің әке-шешелерің келеді екен. Тұра тұрындар, бір састырайын.

Байдың ішігін киіп, төсекке жантайып жата кетеді.

Өзгелері босағада, Арпабай жақындай береді.

Бөлтірік (дауысын жуандатып, өзгертіп, бай дауысына салып). Уай, Арпабай!.. (Арпабай сасып қалады. Қалт тұрып қалады. Қасындағы кемпірін ұстай береді. Қамбарға қарайды. Ол мүләйім... Қыздар теріс айналып, шиді жағалап жұмыс істеген болып жүр.) Уа, жылқыны суардың ба?

Арпабай (сасып қалып). Ойбай, әлі суарған жоқ едім! (Қалбалақтайды.)

Бөлтірік. Уа, жау алғыр, неғып жүрсің әлі күнге? Бар, түгі, суар. Биені байлат, шапшан, ой қарғыс тигір өншен. (Арпабай айнала береді.) Есбике!

Есбике (сасқалақтап). Көтек-ау, әлі кетті дегені қайда, түгі? (Дағдарып Қамбарға қарап, ернін сылп еткізеді. Қамбар ым жасап, әне жатыр дегендей қылады.)

Бөлтірік. Уа, дәрет су жылттың ба, кемпір, шайың қайнады ма?

Есбике (қорғаншақтай). Қайнаған жоқ еді, бетім-ау, енді не деймін? (Шәугімге ұмтылып, Қамбар Қәмәшті қағып қалып.) Тұршы былай арман (Ернін сылп еткізеді, Қамбарлар күліп жібереді, Бөлтірік сақылдап күліп атып тұрады, кемпірдің қолында шәугім, тап беріп.) Ой, жүгірмек өншен, арқа басым айқайы мен ызғырынан жаңа босады ма десем (аналарды қуып ұрып жүріп.) зәремді алғаны несі өншен қаңғырған неме! (Күлкі.)

Омар кіреді, қасында Мес, Құсбек, Алатай, Сапар бәрі алқа-қотан жинала береді.

Омар. Ал, кедей-батырақ! Бай кетті. Арқа-басың босады. Енді тіршілікке де, кеңес дүниесіне де өздерің иесің.

Батырақтар. О, айтқаның келсін, жолың болсын! Дегенің келсін!

Омар (күлімсіреп, даурықты басып). Тұра тұрыңдар, жолдастар. Сендер бәрің де байды қуарда, нағыз кедей табы болып бірігіп еңбек еттің, таптық санасы ашылған деген осы болады. Енді ұйымдасу қажет. Бәрің де жассың, комсомолға арыз да берісің едіңдер. Міне, енді сендерді тегіс комсомол алды, Әуелі соны білдірем.

Батырақтар:

— Бәрекелді!

— Уа, жарайсың!

— Е, бізді алмай кімді алушы еді.

— Боламыз комсомол!

О м а р. Жолдастар! Ячейкелерің мына 5-ауылдың  
ячейкесі, соның есебінде, соның мүшесі боласындар. Ен-  
ді ксшікпей барып кнежкелеріңді алындар.

Д а у ы с т а р:

— Е, Қалдыбай ғой.

— Қалдыбайға мүше екеміз ғой.

— Қалдыбаймен бір мүше де, дұрыс-ақ.

О м а р. Қамбар, мә кнежкен, екі айлық взносың тө-  
ленбеген екен, мен төлеп алып келдім. Ендігәрі салақ  
болма.

Қ а м б а р. Салақ болайын деген кісі бар ма, жаным-  
ау. Мынау бай малын қайда тығып, қайда қашырар екен  
деп соны аңдудан мұршамыз келді ме? (*Кнежкесін тізе-  
сіне қойып отырғанда Есбике қолына алады.*)

Қ а м б а р (*түсін өтірік суытып*). Қой, апа! Не қыла-  
сың? Қартайғанда комсомол екен деп шатақ қыла бе-  
реді!

Е с б и к е. Ибай, көтск! Мә, ендеше (*лақтырып жібе-  
реді, жүрг ду күледі*), қолым ұшы тиіп кеткен екен, о  
несі екен?

Қ а м б а р. Қашан, ұстадың ғой, құдай қанеки!

Е с б и к е. Ибай, аулақ пәленді, қашан ұстадым?

Б ө л т і р і к. Куә бар ғой, мен де көрдім. (*Өзге дау-  
ыспен.*) Пәле қып конфескелеп жүрмесе игі еді? (*Жұрт  
күледі.*)

Е с б и к е. Тәйт арман, өңшең жүгермек, қара бұны,  
бірі бастап, бірі қостап!

Қ а м б а р. Е, кедейдің басы біріккенін жана біліп пе-  
едің?

Е с б и к е. Ие, жетістіңдер ғой, ана байды сөйтіп, қа-  
ра орны хан тағынан аударып жетісерсің, түге!

Б ө л т і р і к. Ой-бай, бетім... Өзі бай-құлақтың құй-  
ыршығы ғой, мынау.

Е с б и к е. Омай... Адыра қал... (*Жұрт күле береді.*)

Қ а м б а р. Қой дейім енді, жылы жауып қой мұны.

А р п а б а й. Е, тәйір, не қыласындар, сол кемпірдің  
қоясын шығартып...

О м а р. Жә, жолдастар, мен сіздерді тәртіпке шақы-  
рам, келіндер, мәдениетті жұртша тәртіпті мәжіліс өт-  
кізейік.

М е с (*қасындағы Бөлтірікке*). Өй, осының тілі қалай  
өзі. Ұғамысың осының сөзін?..

Б ө л т і р і к. Білмейім, толайым жылда осындай қа-

зақ көрген емен ныспы! Мадақият, аттақият дей ме не-мене? Сен ұқтың ба өзі? *(Қамбарды түртеді.)*

Қ а м б а р. Қой енді, дұрыс тындаңдар.

М е с *(Қамбарды нұсқап)*. Ой, ол кәпір қоят деймі-сін? Бәрің ұғып отырған шығар.

Қ а м б а р. Оннан бірін ұқсаң да осының сөзінен дәмді сөз жоқ.

О м а р *(сөйлеп тұрып)*. Бай-кулакты конфисковайт ету ауыл-деревняда классовой борьбаның дамуын көрсетеді.

Б ө л т і р і к. Ой, Омар! Осы өзін бізге сөйлеп тұрсаң осы өзіміздің қазағымыздың жалпақ қара тілімен сөйлеші, түге. Жоқ, жалғыз біздің Топайға сөйлеп тұрсаң, онда өзің біл, оның ұғатыны рас! *(Жұрт күледі, Топайды қарасады.)* Бірақ, әттең, тілмаш болатында шығып кеткенін қарашы.

Қ ү с б е к. Қой енді, айта берсін, сөзін бөлме.

Д а у ы с т а р:

— Ие қойыңдар.

— Тындаңдар.

А р п а б а й. Не десе де әйтеуір кедейге жақсы айтып жатыр Тек отырмайтын ба, түге?

О м а р. Міне, енді күндерің туды, ұйымдасыңдар... Байды аластап айдадыңдар. Ендігі тіршілікті қалай, қалай ойлайсыңдар? *(Қамбар тұра келіп, кебежені сүйреп әкеп ортаға қойып, үстіне шығып.)*

Қ а м б а р. Жолдастар! *(Мес пен Бөлтірік күледі.)* Төлкекті қойыңдар, жолдастар, батырақтар... Әңгіме енді қайда барамыз, не істейміз, кім боламыз деген ғой. Соны шешіп алайық. *(Тоқтап қалып орнынан түседі.)*

М е с. Болғаның со ма?

Қ ү с б е к *(күліп)*. Шешеді-ақ екен мына шешен! *(Кәмәшқа.)* Сен шық, сен сөйле, әйел теңдігі ғой.

К ә м ә ш. Е, шықса несі бар екен?

Бірақ шыға алмайды. Алатай шығады да, қып-қызыл боп ұялады.

М е с. Ал сөйле, о несі екен?

А л а т а й *(тоқтап тұрып, жұрт күле бастағанда)*. Сөйлесе, құр батырақ болып қалмайық... Өнер табайық.

М е с. Е, бәрекезде, айта бер, айта түс.

А л а т а й *(тұрып қалды)*. Мен болдым! *(деп ата жөнеледі.)*

О м а р. Бәрің де айтыңдар, іркілмендер. Бірігіп оты-

рып алдағы мәселелерді шешіндер. Іркілмендер, жолдастар!

Үндеспейді, аздан сөп Бөлтірік тұрып кебежге шығады.

Бөлтірік. Омар айтқандай мен де орысшылайын. Қамбар. Е, сен кәпір қандайсың.

Мес. Пәле, бұл ма? Бұл ағып кетеді, кәне айт, айт.

Бөлтірік. Уә, мұның өзі бопалам қауарит қой өзі. Батырақ, батырақ дейсің, дәл осы Құсбек те батырақ па? (Жұрт аңыра қалады.) Ал неменеге бақырайдындар. Соны айтам...

Қәмәш (ыза болып). Батырақ болмаса жердің үстінде жүрмесін деп пе, болғанның бәрі жалғыз батырақтан ғана болып пе екен?

Есбиксе. Онесі, түгі, Құсбектен қайсың әулие едің?..

Бөлтірік. Жоға, әшейін, ана конпескеленген. Қондыбай байдың жақыны еді, дегенім ғой (деп түсе береді).

Қамбар. Е, айтындар, жігіттер, ондайдың бетін ашып сөйлеңдер, біздің үйдің, мына Кәмәштің күйеуі екен деп іркілеміз бе? Байдың ағайыны екені рас, жасырайық па, міне, өздерің біл, ортамызға аламыз ба, жоқ па?

Қәмәш (орнынан). Өйтіп жағынбай-ақ қой, сен де мүйіздейін деп пе едің Құсбекті?

Алатай. Жоқ, жолдастар! Ол бізге қосылған, байға ерген жоқ.

Қамбар. Айтындар, бәрің де айтындар. Мен мына өзіме сыры мәлім, мына Местің жайын айтайын деп тұрмын.

Мес. Е, мені қатығыңның қойнынан суырып алып па едің?

Қамбар. Жоқ, әлгі пенді айтам, ұры болғаныңды айтам. Таза кедей, таза батырақ бір сәрі, ал мынадайдың өзінің ең болмаса басын ашу керек қой. Білсін кесес. Әлі осы жасыратышымыз бар ма кеңесімізден?

Бөлтірік. Бәрекелде, айт, айтылсын.

Мес. Ой, тәйірі, тор жабағыны айтамысың? (Жұрт күледі.) Байдың малын қорғайын деп пе едің? Ол күнде байдан кегімізді сөйтіп алмағанда қайтушы ек.

Қамбар. Е, соның аты да ұрлық та, бәрі бір..

Мес. Ой, езуінді... Қайдағы жау, бай жапқан жаланы жауып отырғаның маған. Сен өйтіп өткенді қазбалап,

қас жаманы қасындағысын қарақтайды деме, білдің бе? Менің кешегі еңбегімді айт, айтқыш болсаң.

Арпабай. Бәсе, соны айтсаңшы. Азуы аяты қарыс байыңа алдымен қарсы шыққан Мес емей кім еді?

Алатай. Мес нағыз қара табан батырақ, өжет батырақтың өзі, өзімізді жетектеп жүрген осы.

Құсбек. Бәсе, мұндай жерде шатақ сөйлемеу керек, жолдастар. Біреуге анауың бар, біреуге мынауың бар дей бермей, өзіне қарау керек. Кеңеске істеген адал еңбегіне қарау керек. Кешегі Қондыбай байдың жауыз екені рас. Ағайын десеңдер де, біз екеш, біздің де қанымызды сорған еді. Сол байдың тыққан қазынасын Мес болмаса кім табар еді? Соны көпе-көрнеу бай кетпей тұрғанда ашып берген, бар қоймасын ақтарған Мес емей кім еді? Батырақ деген, кеңес досы деген осындай іспен көрінеді. Байды құртайық дегеннің бірі осы Мес екеуіміз болатынбыз. Енді бүгін келіп қияс сөйлемеңдер, жолдастар, ол жанға бататын сөз.

Алатай. } Уа, дұрыс, қарағым, дұрыс... Сөзің жөн,  
Арпабай. } айтатын жөні бар, дұрыс.  
Есбике. }

Қамбар. Ал енді, олай болса, бағанағымызға қайта келейік, қайтеміз? Ал не істейміз, қайда барамыз? Осы мал соңында баяғыша жүре береміз бе? (*Нұғыман кіреді, бәрі де орын беріседі.*)

### К ө р і н і с

Нұғыман. Е, не десіп жатырсындар, жолдастар.

Арпабай. Тілеуің бергір, мына кісінің өзі де келді ғой. Уа, мына көп суырың ін қазам деп қазалмай жатыр. Жөн нұсқап, жол көрсет мыналарына, қарағым Нұғыман.

Бөлтірік. Ағай, анау егде тартқан кедей-жалшы өз бетінше орналасып жатыр ғой. Біз мына өңшен жас, ішімізде тіпті мына Арпакен, мына отырған Есбике шеңіз де бар. (*Жұрт күледі.*) Жоға деймін, бұлар бәріңнен жас әлі, түге. Осы бәріміз ылғи жас болып кеңесіп отырмыз. Мал соңында қалмай, басқа бір өнер іздесек дейтініміз бар ішімізде. Мына Омарды соған шақырып едік.

Нұғыман. Уә, бәрекелде, оларын ақыл-ақ, олай болса өнер ізде, оқындар. Кеңестің шын жақсы азаматы

оқыған, саяси сауаты ашылған көзді, қаракты адам болу керек.

Қ а м б а р. Ие, соны енді талап қылсақ дегеніміз бар еді. Кеңес өзіміздікі, күніміз туды, тіршілікке өзіміз иеміз. Енді кеңестің жарық дүниесіне өрлеп көзімізді ашсақ дейміз.

Н ұ ғ ы м а н. Ендеше, неменесі бар? Оқимын деген кедейге жол ашық. Мысалы, мына Қамбар, анау қарындастарым: Алтын, Кәмәш — бәрің де оқыңдар.

Б ө л т і р і к } Жоға тіпті, бәріміз, бәріміз де ізденсек  
М е с } дейміз.

Н ұ ғ ы м а н (*көтеріліп*). Уә, ендеше тіпті нұр үстіне нұр. Бұлардың бір жақсы ниет екен. Ендеше бәрің бірдей білім алып, көздеріңді ашып алып келіп кірісіңдер. Кеңесіне сүйеніп, өмірде өзімізге өз талабымызбен жол саламыз. Қиынға жетеміз деп аттаныңдар.

О м а р. Мен айтсам, былай ма деймін. (*Баптаным сөйлей бергенде.*)

Б ө л т і р і к. Ой, Омар, осы сен өз сөзіңді қоя тұрып, осы біздей кедей-батырақ, кешегі өңшең жылқышы, бисші, ана Сөлкебайдай қара табан қойшы, пішенші сияқтыға Елен жолдас осындайда не айтқан екен, соны бір айтшы бізге...

Д а у ы с т а р. Ие, соны айт, бәсе соны сұрандар. (*Омар бөгелеңдеп қалады.*)

Н ұ ғ ы м а н. Ленин жолдас Октябрь төңкерісін жасағанда: Еңбекші бұқара қорғанбай өз сыбағасын алуға ұмтылсын. Төңкеріс те, билік те соныкі, тіпті әрбір ас пісіруші қатынға шейін үкіметті қалай менгеріп, қалай басқаруды үйреніп алсын деген.

Б ө л т і р і к (*жұрттың «бәрекелді, ой аузыңнан айналайын» деген қостауларымен қатар*). Бәрекелде, оныңыздың дәл өзі де бар бізде. Анау отырған Есбике сол ас пісіргіш қатыныңыздың дәл өзі.

Н ұ ғ ы м а н. Ол кісі болса соған және де мынау отырған бәріне де арналған көсем сөзі сол. Бірің оқуға барсаң, бірің әлде өндіріске барарсың, ол да бір үлкен қазан, көздеріңді ашады.

Сапар, Сөлкебай, Топай кіреді.

Қ а м б а р. Міне, бәсе, жол мен жөн деген осы да. Өңшең тепсе темір үзеді деген жаспыз. Қараңғы болып неге қаламыз?

М е с. Бәсе, айналшық жегендей, сол байдың уағындай ошақтың үш бұтын күзетіп отырамыз ба?

Б ө л т і р і к. Бәсе, тіпті қиынға басамыз. Женеміз. Аламыз сыбағамызды. Жаңа мына ағай айтқандай аттанамыз. *(Сөлкебайға қарап.)* Жә, мынау қайтеді екен? Уә, Сөлкебай, біз мынау Алматы, сонау Мәскеу сияқты жерлерге аттанып өнер табамыз дейміз. Сен ересің бе, не дейсің?

С ө л к е б а й. Уай, аулақ жүрші өзін, тәлкегің керегі жоқ. *(Жұрт күледі.)*

А л а т а й. Ай, Сөлкебай, анау күнгі арызбен бізді алыпты. Енді ана бесінші ауылға барып кнежкені алып қайтамыз.

С ө л к е б а й. Кнежке? Ол неме жарайды?

М е с. Шай-қант аласың. *(Жұрт күледі.)*

А л т ы н. Қойшы әрі, қағыта бермей шеттеріңнен!

М е с. О несі екен! Комсомол. Бәрімізбен бірдей комсомол боласың? Соның кнежкесі, оқисың енді.

С ө л к е б а й *(таңдайын қағып)*. Жоқ! *(деп басын шайқайды.)*

Б ө л т і р і к *(Топайға)*. Әй! Сені оқуға жібергелі жатырмын.

Т о п а й. Ие, өзін-ақ оқып қарық болып ал.

Б ө л т і р і к. Бәсе байқұның, бұ да бір оптарой Сөлкебай. *(Жұрт күледі.)*

Н ұ ғ ы м а н. Әй, жолдастар! Сендер дұрыстап ұғындырындар. Оқу ешкімнен үрікпейді. Кеңес оқуы шын кедей жалшының оқуы.

Б ө л т і р і к. Соны айтып отырмын ғой, бұл аруақ атқырға! Әй, *(деп ап Қамбар мен Меске)* әлгі баяғыда Қондыбайдың баласы оқыды деген школдың аты не еді?

Қ а м б а р } Семнажиа, кемнажиа... Кемнажиа...  
М е с }

Б ө л т і р і к. Ие, ие, кемназия... Сол кемназияға жіберем. Песір боласың. Әшейін сұңкылдатып арыз жазып отыратын баяғы Содырша.

Қ ұ с б е к. Барам де, Топай. Сен жібермей-ақ барамын деші соған.

Қ ә м ә ш. Барса несі бар екен, бәріміз де барамыз. *(Топай да еліккендей болады.)*

Қ а м б а р *(Сапарға)*. Мына жұрттың бәрі бір үлкен талапқа мінді. Бұл бай көнпескелеуден де нәрлі деседі.



Осыны инет қылып отырмыз, оқу. Оны сен не дейсің? Жүресің бе бірге?..

Сапар. Әліпті таяқ деп білмейміз, біз оқып жегкенше қанан? Не өнеді ғой дейсің?

Қамбар. Жок, талап қой, бәріміз де өзіндей, ең болмаса шала сауатты болып қайталық, жүр, барамыз, міне...

Сапар. Енді сомадай болғанда не шынар дейсің?

Нұғыман. Олай деме, шырағым, қырыққа келіп оқып та данышпан болғандар бар.

Сапар. Әй, біз оқын мандытпаспыз, ал жазсаң жаз!..

Бөлтірік. Қарашы өзін, көшке мінетін көлік сұрағандағысына салып кергіп отырғанын. *(Жұрт күледі.)*

Құсбек. Ой, қойындаршы осы сендер ажуалағаныңды. Сөлкебай, Топай, Сапар бәрінің тауын шағатын осы қылықтарың сендердің! Немене, ылғи қылжак қыла бересіңдер?

Қәмәш. Бәсе, тіпті сендерден басқада тіл, жақ жок дейсіңдер ме?

Алтын. Ис, тіпті жұртты ылғи шетінен қағытып. Өздері бір қара суды теріс ағызып отырғандай.

Омар. Рас, бұл сөздің мәні зор. Комсомолсыңдар, сінді комсомолдық дисциплина деген бар. Соны...

Бөлтірік. Ал, тағы бірдемені айтты. *(Нұғыманға.)* Ағай, осыған айтып қойыңызшы, тіпті сөйлей бастаса болды, тақ әнеугі мына Мес үйреткен асау қара тай сияқты, бір жағына сынар езулеп ылғи біз ұқпайтын бір қияға алып қашады да кетеді.

Омар. Комсомолдық тәртіпті айтамын. Біріңе-бірің жақын жолдасша қарау керек. Ол жағына басынан қырағылық керек.

Бөлтірік. Бәсе, ал ендеше тартып-кертіп деп кеп қырағылық дейсің. Дұрыс-ақ болсын. А і өзінді ғой, осы біз сықылды жастарды ұйыстыр, баста, қырағы бол, таза ұйыстыр деп жіберді. Олай болса, сенің қырағылығың қайда? Анау күні о да комсомол болады деп Шәкенді алғаның қайда? Байдың қызын комсомолға алғызып, оне, бүгін аузыңды аппақ қылып әкесімен бірге кетті де қалды.

Дәл осы кезде Шәкен келіп кіреді. Бөлтірік теріс қарап тұрып көрмейді Жұрт тегіс аңырып Шәкенге ұмтылғандай болады. Есбике, Арпабай құрметіне қарсы алып жатады Барлық жұрт соған үнілген.

Есбике. Е, айналайын-ай, келе ғой, Шәкен!

Арпабай. Қарағым, ермей қалыпты-ау мынау.

Бөлтірік *(бұрынғыша сөйлей береді)*. Шәкен деген ол әншейін сені мазақ етіп, бұлғақтап жүрген байдың ерке-тентек қызы емес пе? Соған сеніп оны да комсомол деп...

Мес. Е, тағы айта түс, шешен дейім тіпті өзі!

Бөлтірік. Міне, енді комсомолдың кәдірін түсіріп *(өзгелері күліп отырады)*.

Мес. Уай, аруақ атқыр, артыңа қара *(жұрт жабыла күледі, Бөлтірік артыңа қарап таң қалады)*.

Бөлтірік. Ойбай, Шәкен!

Шәкен *(өзгелердің үйрілгенін елемей, мынаны тыңдап тұрған күйінде)*. Омай, адырағалғыр, теңтіреген...

Бөлтірік. Е, бас-аяғыңды шымқап әкетіп еді ғой, қайдан білейін.

Шәкен. Е, мен құндақтағы бала ма едім? Ермедім, қайтып келдім. Ал міне, енді әке-шешем де, үйім де жоқ.

Арпабай. Қарағым, Шәкен, дұрыс-ақ. Тіпті биттей күнінен бері қарап мұның мінезі үй ішінен ала бөтен төтенше еді. Қылғаны-ақ байға, осының тіпті мақұл-ақ, балам.

Есбике *(біресе шалына, біресе Шәкенге қарап)*. Бала қып алайық өзіміз. Қарағым, ана Қамбар, Кәмәшпен бірге өзімнің балам бол, айналайын. *(Екеуі үйіріле береді, өзгелері аң-таң.)*

Мес. Сендер күргейлеп жатырсың-ау, бірақ Шәкен өзі бетке айтқанды жақсы көретін. Мен айтайын. Тап осы кісі содиядан хат алып, сонымен келген болар.

Қамбар. Ал, содияң бай қызын алудан қорқып жылысқан болар. Өзі тіпті, Мәскеу кетіпті дейді ғой.

Шәкен. Мәскеу түгіл мәргеу кетіпті дейді ғой. *(Жұрт күледі.)* Соны іздеп келуші ме едім?

Құсбек. Ойбай, бұл тентектің қолынан не де болса келеді.

Бөлтірік. Ал енді, жаным, жөніңді өзің айт ендеше. Мына жұрт жорамалдағанмен таба алмады ғой, көріп отырсын.

Шәкен. Сендер кім болсаң мен де сол болам. Сендер көргенді мен де көрем. *(Жұрт дағдарып қалады.)*

Мес. Мәс-саған! Сен бай қызы, біз батырақ, сорпамыз қосылмаса қайтеміз?

Шәкен. Бай қызы деген сөз адыра қалсын, тәрбиелесін кеңес, мені де адам қылсын. Соған келдім.

Бөлтірік. Сөз-ақ-ау деймін осынысы. (Жұртқа қарайды, Сөлкебайға.) Сен қалай қарайсың, айтар сөзің бар ма? Қарсы емеспісің? (Сөлкебай ыржаңдап күле береді.) Әй, қарсымысың деймін? (Сөлкебай таңдайын қағып, басын шайқап күледі.)

Нұғыман. Жолдастар, дағдаратын дәнеңе жоқ. Қарындасымдікі тіпті дұрыс, бұрын да өзі комсомолға алынған екен. Енді өзі сыннан өтіп келіп тұр ғой. Мұнысы өнер, орталарына алындар, батырақпен бірге о да тәрбие алсын.

Қамбар (Шәкенге). Жарайды, бірақ комсомолдық деген үлкен сын. Біз көп сынайтын кісіміз, сол, өзін де боласың.

Дауыстар. Дұрыс, мақұл, Қамбар дұрыс айтады. Жақсы келдің, жарайды мұның.

Шәкен Алтын мен Кәмәштің қасына барып отырады.

Бөлтірік. Ал, жолдастар, енді жаңағы ниет — ниет қой. Өнер іздеп аттандық қой, енді тегі. Солай ма?

Дауыстар. Аттандық, тәуекел.

Қамбар. Жөнелеміз, ізденеміз.

Алтын. Жолымыз болсын.

Нұғыман. Жарайды, жолдастар, міне, бұларын талап-ақ. Тегіс енді пісіп-қатып жақсылап өсіп, кеңестің табанды азаматтары болып келіндер. Жалғыз-ақ уәде сол болсын. Әбден толып болған соң, тізеге — тізе, білекке — білек қосып осы жерге бірге қайтып кеп, бірге істеңдер. Ал, жолдарың болсын.

Дауыстар. Уа, айтқаның келсін, бірге келеміз, дегенің болсын, ағаке. Уәде сол болсын. Талапты ерге нұр жауар.

Қамбар. Қайта оралып кеп, дүниесін бір жаңғыртайық.

Дауыстар. Жөнелсіміз ілгері. Ал, қамданындар.

Қамбар (әке-шешесіне). Ал, кемпір-шал, сендер де қамданындар, Кәмәш те жүреді.

Есбике. Е, не дейді, сығыр! Мана ғана байды айдап, енді өзіміз де айдаламыз ба?

Дауыстар (шулап, қалап). Жоқ, жүресіңдер, бәрімізге бір әке-шеше керек емес пе? Өлтірмейміз сендерді. Мына бәріміз балап, сендер әке-шеше, жүріңдер!

Құсбек (*Арпабай мен кемпірге*). Өзге болмаса да Кәмәш пен мен бармын, басқасына сенбе, екеумізге сен. Өзім асыраймын.

Арпабай (*кемпірге*). Ілгері басқан жасты кейін басқан кәрі тоқтатпасын, кел, кемпір, біз де кеттік. Жол болсын. (*Шу-күлкі, қуаныш.*) Илайым аумн.

Шымалдық.

## Екінші сурет

Сахна жаңа салынғалы жатқан үлкен завод, үлкен дүкен орны сияқты. Әр жерде тәшке, нәселке, үйілген топырақ. Жұрт үлкен ортазып жатыр. Ұзынша терек жар. Қотлован ішінде істеп жатқандардың бастары ғана көрінеді. Еркектер осы жұмыста, әйелдер: Шөкен, Алтын (Толай және Сөлкебай солармен бірге), нәселкемен топырақ тасып жүр. Толай мен Сөлкебай бір істейді. Құсбек жоғарыда десятник.

## Көрініс

Құсбек (*төмендегілерге*). Ал, тастап, тастап жіберіңдер, бітіп қалсын сонымен (*төмендегілер қыза-қыза топырақты лақтырады*), е, солай, солай! Бәсе, істеймін дегенде біздің бригада жұмыстың тас-талқанын шығармай қоюшы ма ед, тәйір деген! (*Әйелдер келгенде*) Кәне, кәне, тағы біраз апарып тастандар, бітіп қалды. Әйелдер даяр нәселкені алып кетеді, еркектер күрек, қайлаларын сыртқа лақтырып тастап, артынан өздері де бірі артынан бірі шығады. Қамбар, Бөлтірік, Мес, Алатай, Сапар, бір жақтан Арпабай мен Есбике келе жатады.

Арпабай. Осының нормысы аз ба? Жоқ, біздің балалардың ісі ширақ па? Тағы бітіріп тастапты-ау!

Есбике. Несі аз болсын. Көрсенші, мына ең дала қыл-қызыл тас еді, әлем топырағын шығарыпты-ау, түү, қарақтарым-ай!

Арпабай. Ана жақтағы бригаділер мықшындап әлі жарымын да бітірген жоқ.

Бөлтірік. Е, тәйір деген, бізге жұмыс шыдаушы ма еді, не айтып отыр өздері.

Мес. Тек Қамбардай жігіттің бағы ашылмай жүрген де бай жаншыл!

Есбике (*ернін сылт еткізіп*). Сөзіңе болайын.

Қамбар. Ал бітірдік, бітірдік, бірақ осы істеп жатқанымыз не екен өзі?

А л а т а й. Бәсе, мен де осыны бір сұрайын деп ем. Осы істеп жатқанымыз не өзі?

Қ ұ с б е к. Станса-станса, үлкен үй салынады мынаған.

А л а т а й. Ал сонда мынауымыз несі болады соның?

Б ө л т і р і к. Бәсе, өзі құдық па? Көр ме? Арық па деймін өзі.

М е с. Ай, шіркін, қараңғылық-ай, істеуін істеп ап, енді ит көрген ешкі көзденіп тұруын, түгі. Әне, бұралап келеді, содан сұрандар.

Прораб шығып қарайды, өлшейді, дұрыс деп басын изейді.

Б ө л т і р і к. Әй, жолдас Бұралап, мынауымыз не, бұл өзі, Местің көрі емес пе? Олай болса мынау сияды, енді қазбаса да болады. (*Жұрт күледі.*) Бұл не нәрсе, штакой!?

П р о р а б. Котлован, котлован это.

Кетіп калады.

М е с (*Бөлтірікке*). Ал, қарық болдың.

А л а т а й. Немене деді?

М е с. Көк табан, көк табан!— дейді, ал. (*Бәрі аңырысады.*)

Б ө л т і р і к. Көк табан десе мұнда мән бар екен. Осының асты сыз, су. Әне шығайын, міне шығайын деп қылқылдап тұр өзі.

А л а т а й. Құз тақап келе жатқаны мынау.

М е с. Су шықса келіседі екеміз.

Қ ұ с б е к. Табаныннан су шығады, мұз боп қатады.

М е с. Сонда көк табан боласың де. Жарайды, жетіскен екенсің, Бөлтірік.

Бір жақтан бос жүрген Кәмәш шығады, екінші жақтан Шәкен, Алтын, Топай, Сөлкебайлар келеді, отырысып тамаққа кірісе бастайды.

А р п а б а й. Аты қалай жаман еді кәпірдің.

Е с б и к е. Табандарынан сыз өтіп ауырып жүрер ме екен қарақтарым.

М е с (*Топай мен Сөлкебайдың алдына азықты бір бөліп қойып*). Мә, екеуің бір отырсын. Топай, енді Бөлтірікке пысқырып та қарама, не де болса осы Сөлкебайыңмен көр. Анау жалынып, салп етек болғанша жотанды көрсете бер, әшейін. Өз еңбегің, өз табысың, жалына-

рың жоқ. Бөлтірік кәпір ыржаңдап қол жаулық қылғаны болмаса. Қатын кәдірін біле ме? Ақырын жүріп, аңдап басып көңілінді түшіндіретін Сөлкебай да. *(Толай, Сөлкебай күле береді.)*

Сөлкебай. Ал, «ойын түбінен өт шықты» деп Толай скеуіміз осынына иланып қалсақ қайтесің?

Мес. Е, илайым солай болсын. Аузын аяпақ қылыңдар тек.

Толай *(күліп)*. Бәсе, сол керек.

Мес. Міне-міне. *(Екеуіне қарай үйіріліп, Толайдың тақымын қысып.)* Өздерің де үй ішінен үй тігіп икемдескенсіңдер ме деймін, тегі. *(Аналар күледі.)*

Бөлтірік *(Меске)*. Әй, аруақ атқыр, пәле іздемесең ішің кебеді ғой сенің. Мынау скеуін қалай-қалай телісің өзің, менің көзім тіріде?!

Қамбар. Бөлтірік, тегі, сақ болғайсың. Мынау кәпір үйіріп әкетіп бара жатқан көрінеді, тәрізі.

Шәкен. Е, Сөлкебайдың басы кімнен кем екен! *(Күліп.)* Бостандық Сөлкебай мен Толайға бұйырмай па?

Бөлтірік. Бұйырса бұйырсын-ау, бірақ тек сирағы қырқылып жүрмесін, Сөлкебайынның.

Толай. Ие, далада жатқан сирақ бар деген. *(Сөлкебай күле береді.)*

Мес. Е, бәсе, мен болсам Бөлтірікке шын көрсетер едім.

Бөлтірік. Ал енді көп ауыз біріксе бір ауыз жоқ болады, мен қойдым.

Шәкен *(күліп)*. Ойбай, орын босаттың ба, жарықтығым-ау?

Бөлтірік. Қайтейін енді, басу айтады десем, өзің де солар жаққа шығып кетіпсің. *(Кемсеңдсген боп.)* Далада қалғанымыз да енді, міне, ку тізені күшақтап, бізге кім көзінің қырын салсын. *(Шәкен күледі.)* Шәкентай енді, өзің қолың ұшын созбасаң, су түбіне кеткені де енді Бөлтірік сорлының.

Шәкен. Жоқ, өйтіп жанындағы жолдасынан жағаласпай айрылатын жігітке жәрдем ету арам. Саған істеген достықтың өзі бір бос шығын. *(Қамбар келеді.)* Солай емес пе, Қамбар? *(Қамбардың тізесіне шынтақтайды.)*

Мес *(Бөлтірікке)*. Ал, бәлем, Толайды арзанға саытып жүргендегін сол еді. Жат со сыйымен.

Қ а м б а р. Шәкеннің төрелігі әділ емес пе? Міне, бәсе, сүйесең осы біз сияқты сыналмаған жасты сүйе.

Ш ә к е н (*мұны ауызға қағып*). Қой енді сен де, Бөлірікше барынды жарыққа салмай, ана үлкен кісілерді көремісің, ұят-ай.

А р п а б а й. Қарақтарым, жасқанбандар бізден. Біз байғұс қуанғаннан басқа не дейді дейсің.

Е с б и к е. Жатсам-тұрсам тілегім со да, айналайың, өмір жастарың ұзақ болсын тек.

Ш ә к е н (*Қамбар қашынан атып кетіп*). Қарашы сақтан-саққа мінгізіп әкетіп бара жатқандарын, саған жолағым келмейтіні осы.

Жөнеліп Құсбек, Қәмәштар тобына барады.

Қ а м б а р (*әке-шешесіне жақындап*). Қайдағыны қайдан шығарып аласыздар осы. Орынсызға килігіп.

Е с б и к е. Қарағым-ау, ұялғанмен ата-енеңнің жоралғысы ғой. Бетім-ау, ұялады-ау, өңшең жаман неме!

М е с. Ие, өзің әдейі сөйтіп беттерін аша бер. Еркіне қойма түгі, о несі екен, жаман немелер.

Қ а м б а р. Қойшы, әй, сен. Шын деп ойлайды. (*Есбикеге.*) Осы сендер не айтып жүрсіндер өзі. Ешкімнің ойында дәнеңе жоқ, әшейін құдай аманат, өздерің бірденені жаныңнан шығарып ап, бала боп кеткенбісіңдер?

М е с. Ие, көнгені-ақ оған Есекеңнің.

Е с б и к е. Ие, болғаным-ақ, қуанғанымды көпсінген несі, жасық неме.

М е с. Ал, тіпті найзасын тура-тура салсын Есекең.

Е с б и к е. Өл де маған.

Қ а м б а р. Е, көр сыбан дәнеңе жоқ, ойбай.

Е с б и к е. Жә, аулақ, сөзің қерегі жоқ.

Қ а м б а р (*қолын бір-ақ сілкіп жөнеліп*). Міне, қызыл көз пәле көрсең.

Бұл топ тарай береді. Бөлегірек Құсбек, Қәмәш, Алтын, Алатайлар қалады.

### К ө р і н і с

Бір топ жұмысшы шығады. қазақ артелі. бұларды бастаған Шуашбай, Еңсебай.

Ш у а ш б а й. Е, иә... Уай!.. Мынау солар ғой.

Е ц с е б а й. Әй!.. Тұра қалындар, осылар сол ой...

Бері тартындар... Әй, өй. (Жүріп бара жатқандар тоқтайды).

Бөлтірік (тұрып тапырақтап, мазақтап). Әй...  
Өй... Құр жануар... Құр!.. (Лықылықтай аналармен қарсы тұрып аңырысады.) Немене? Қашаған қуып келемісіндер? Көрсетші өзін біздің Қамбарға, тарпа бас саасын. Бұл қашаған қуғыш...

Шуашбай. Уә, қой-әй тәлкегінді, біз сендерді іздеп жүрміз.

Қамбар. Е, біз болсақ міне, тіпті тып-тыныш жатырмыз ғой жусап, немене сонша даурыққандарың?

Бөлтірік. Әй, өздерің сөйтсе де, мал біткен ауылдың адамысындар ма деймін.

Шуашбай. Е, тәңірі құрдымынан сақтасын.

Бөлтірік. Онда, тегі, жылқыларыңның тұқымы қашаған келеді екен-ау, ә?!

Еңсебай. Е, оны қайдан білдің?

Бөлтірік. Жоға деймін, тіпті әккі болып қалған сияқты тәрізденіп.

Мес. Е, рас, жылқысы қашаған ауылдың адамы даурықпа, қау-көрік, көкірек келетіні рас.

Еңсебай. Жігіттер, сендер ерігіп отыр екесіндер.

Қамбар. Еріккеннен сақтасын, алдымызда тұрған жұмыс мынау? Неге ерігейік.

Шуашбай. Е, ендеше неме? Немене жылқы-мылқы деп қолға алғандарың?

Бөлтірік. Е, жай, шаруаның мұңы ғой. Біздің де басымыздан кешкен еді.

Еңсебай. Бәсе шаруаның мұңы болса мұңы. Біз сендермен осы шаруаның мұңын сөйлесейік деп келдік.

Шуашбай. Қазақбайдың баласы екеміз. Мына біреу тар жерде кездескен екеміз. Тегі, осы қазақ болып бірігіп, ынтымақтасып алмасақ болмайтын тәрізді.

Бөлтірік. Жарықтық, сол кісіде де арман бар ма екен, осы, ә?..

Еңсебай. Кімді айтасың?

Бөлтірік. Әлгі, әкемізді айтам-ау, бір өкенең кіндігінен 20—30 екеміз-ау өзіміз.

Қамбар (Арнабайды нұсқап). Әкеміз мына кісі ме деп жүр едік, шын әкеміз жаңа табылды ғой (келгендерге), е, тілеуің бергірлер, ал кәне, сөйлендерші!

Шуашбай. Сөйлесе жігіттер, осы араға аштық-



тап келгеміз жоқ. Пайда табамыз деп келдік қой. Сендер жақсы бригаді деп мақтау алыпсың!

Бөлтірік. Ендеше танысайық, осында бір сөзі көп жалқау бригады бар деп еді. Толайым, сөз әлпеттеріне қарағанда сол сендер екенсің-ау!.. Ал, әлік-сәлем.

Құсбек. Қой, қылжақты қойсаңшы, айтайын дегені көптің жайы сияқты ғой.

Шәкен (*Бөлтірікке*). Қайдағы бір кісі сыйлап көрмеген бейбастақтың мінезін өнеге қылады екен өзі.

Бөлтірік Ойбай, ал, құдаша, біз қойдық. Осы кісілер, мен білсем Қондекеңнің сүйек шатысы, ал енді тұр... Қам қыл... Үй тіктірсейік пе әлде?

Шәкен. Әй, сөзің бар болсын.

Шуашбай (*аңырып Шәкенге бір, Бөлтірікке бір қырап*). Шырақтарым, Қондске дегендерің Қондыбай бәй ма?

Құсбек. Иә, міне, Шәкен соның баласы ғой.

Шуашбай (*Шәкенге*). Алда, қарағым-ай, рас-ау. Әкесінен бір бала жырылып қалыпты деп есітіп ем, сол сен бе едің? Қарағым-ау, мен нағашың ғой, білемісің. Алда, айналайың-ай!

Еңсебай. Ойпырм-ау, қарағым-ау, бұл неткенің үстіп тас тасып, табаның тиіп. Бұл қорлыққа неге келдің, шырағым-ау! Әттең, шіркін дүние, қарашы енді мынағы...

Шуашбай. Қарағым жиенім-ай, ернің кезеріп, нығың талып неге кеттің мұншаға. (*Шәкен жылап жіберіп, отыра кетеді.*)

Алтын. Әй, Шәкен, бұл не, әлі біз не болсақ сол боламын дегенің қайда, бәрекелде!

Қамбар. Шырағым, Шәкен! Ықтиярың, бізге ергенің рас болса, біз не көрсек соны көресің дегеміз. Кедей жолы еңбек жолы. Жаюлы мамық төсек, құрулы шымылдық бар дегеміз жоқ-ты. Бұл немене?

Шуашбай. Әттең, қор қылған дүние-ай, есіл бала, қарашы!

Шәкен (*тізесін жиып ап*). Қойшы әрі, сен мыстан кемпірше жамбастамай, Қамбар! Рас, дұрыс айттың, менікі бір ақымақшылық.

Еңсебай. Көрген соң шыдай алмағандық қой біздікі.

Бір жұмысшы (*Шуашбай мен Еңсебайға*). Ой,

Шуашбай, Еңсебай! Сен екеуің де езе береді екенсің өзін. Не ақыларын бар?

Екінші жұмысшы. Бастаймыз деп алып осы жұртты әбден жел буаз қылып бітірдің-ау осы екеуің.

Үшінші жұмысшы. Не бітірген жұмыс жоқ, не байлау, тұрақ жоқ. Қуғандарың ылғи бос сөз.

Шуашбай. Уә, тұра тұр, түгі!.. Айтайық та енді міне.

Қамбар. Қане, айтшы, не демексің?

Шуашбай. Демегіміз мынау. Осында істеп жағқанның көптен көбі қазақ екен. Бір арадан сөз шығарып, тегіс бір бас, бір тас болып алып, мынадай бір шарт қояйық дейміз.

Бөлтiрiк. Ие, бәсе, соныҥа келшi.

Шуашбай. Келсем, бiрiккен көптің сөзі ғып, ең алдымен мынаған азығыңды күшейт дейiк, екiншi, нормынды азайт, қазақ жұмысшысы мұндай нормынды iстеп көрмеген дейiк. Дәл осы арада сендер ылғи үлкен нормынды тап егiп, деген узғында бiтiре қоятын бол, бiраз кедергi жасап тұрсың. Одан сендер iркiлiндер. Мына көп үшiн, дөптің ынтымағы үшiн деймiн.

Бөлтiрiк. Е, е, бақырым-ай! Әй, анау күнi тамақ аз дегенде күшейткен жоқ па оны?

Еңсебай. Күшейткенмен жұмыс қиындап барады ғой. Оны қайттік? Міне, қып-қызыл тас.

Қамбар. Өзге жұмысшы болса, тамақ жетсе болады, жұмыс қиын деп жытамайды.

Бөлтiрiк. Бiздi айтсаңшы, тамақ деп бiр жылаймыз да, жұмыс ауыр деп екi жылаймыз. Уай, шiркін, тұғызған әкемізге болайын, жарықтық сол кiсiнiң өз тұлғасын көрер ме едi бiр. Е, айта түс тағы.

Шуашбай. Сонан соң мына кәперетiбiңе, нан ларөгiңе, сталобойларыңа басшы қылып, мынау осы жұмысшы арасынан шыққан қазақты қояйық... Е, пайда болса, қазақ баласы көрсiн, өзiмiз көрейiк.

Бөлтiрiк (Шуашбайға). Уа, соған осы сен болсаң қайтедi?

Шуашбай. Е, бол десеңдер көп үшiн несi бар!

Еңсебай. Ана рабoшкoмiндегi қазақ осындайға ылғи бөгет болып қыңыратқи беретiн көрiнедi. Оны орнынан алғызып, тағы өзiмiздiң бiрiмiз болайық.

Бөлтiрiк. Ендеше оны саған берейiк, ол қалай болады?

Еңсебай. Е, ақылдасайық дегенім сол-дағы, пайда көрсек өзіміз көрейік, алдымыз сөйтсе, артымыздағы мына қалың қара жұмысшы да қарап қалмайды. Міне, солай емес пе?

Қамбар. Ал енді қостаушы жиып жүрсіндер ғой, солай ма?

Шуашбай. Бәрекелде, міне, міне сендер жақсы бригады екенсің, алдымен сендер сөз қоссаң тіпті абзал болар еді.

Қамбар (өзге жұмысшыларды көрсетіп). Мыналар осы дегендеріңе ертіп алғандарың ба? Әй!.. Сендер не дейсіңдер, жігіттер?

Бірінші жігіт. Өй, білмейміз, мыналар осының түбінен жақсылық шығады дейді.

Екінші жігіт. Кімге пайда, кімге сор екенін кім біліпті. Әйтеуір осыған бар қазақ жұмылды дейді мыналар.

Қамбар. Олай болса, ендеше, жігіттер, сандалмаңдар, білдіңдер ме? Мұнда, ата қуатын дәнене жоқ. Осы арада партия, комсомол, рабочком бәрі бар, бәрі де кеңестің көзі. Сенің де қамқорың солар, мұның болса соған айт. Көсегенді мыналар көгертпейді. (Шуашбай мен Еңсебайды нұсқайды.) Не де болса сол кеңесіне жабыс. (Өз кісілеріне.) Ал, біздің жігіттер, сендер не айтасыңдар?

Бөлтірік. Мен тек осы құдалар кит кимей-ақ қайтса екен деймін осы біздің ауылдан.

Құсбек. Қазақ болып бірігейік деген тегі теріс сөз емес-ау, осы.

Мес. Бәсе, құр қугаспен алысқанша, сондайдың біріне біз де ілінсек қайтушы еді?

Сапар. Ой, қойшы әрі, сол бықсымаңнан аулақ, керегі жоқ.

Сөлкебай. Таза енбегіміздің өзі артық.

Шуашбай. Бізді айтасың, сендердің араңда да бізше сөйлейтін табылатын ғой түрі.

Қамбар. Табылмайды бізде ондай. Егер болса ол біз емес болғаны.

Еңсебай. Е, жалғыз біз дейтін шығарсың. (Тұрып кетуге айналады.)

Бөлтірік. Е, құдай, жалғыз бөлмассың, табылар... Болар. Толайым бас алып, құлақ тігісіңнен шошып ем. Тамам қараңғы жұмысшыны алдына салып алып, Сөре-

кінің өгізін айдағандай қып: «һай-һой»,— деп жүрген. (*Қамбарға.*) Қамбар, байқадың ба мына жұмысшыларды, мына бәледен құтқармай болмайды екен. Мынаны Сергеевке айт, ә...

Қ а м б а р. Мен өзім де соны ойлап тұрмын. Былықтың мұнда да ілесіп жүргенін көремісің.

Қ ұ с б е к (*Кәмәшқа*). Сен енді жұмысқа кіремісің, жоқ па? Осы өзіндей жұрттың бәрі істеп жүргенде жалғыз ерке сен боп жүре бергеннің не лайығы бар?

Қ ә м ә ш. Қойшы, бір емес, екі емес.

Қ ұ с б е к. Екі емес жүз айтам. Істе жұмысты.

Қ ә м ә ш. Аш-жалаңаш жүрген жоқсың ғой. Жетіп жатыр анау өзгенің істегені де.

Қ ұ с б е к. Сөз-ақ, мойнына мінейін деп пе едің өзгенің.

Қ ә м ә ш. Е, байғұс-ай, ауырлайын деген екенсің ғой. Ендеше (*Алатайды құшақтап*) өзімнің жиенім Алатайым-ақ асырайды. Солай ма, қалқам?

Алатайды аймалап, Құсбекке сырт қарап кетеді.

А л а т а й. Қәмәш! Мен сенен еш нәрсемді аямаймын! Білесің, бірақ...

Қ ә м ә ш. Бірағыңның керегі жоқ, айттың болды. Өзгенді қоя тұр.

Қ ұ с б е к (*соңынан ыза боп қарап тұрып, Алтынға оралып*). Алтынжан, мына кісі кәдірін, сөз кәдірін білмеген деген не деген қиын еді. Мұндайды көріп пе едің?

### К ө р і н і с

Қ а м б а р (*қасындағы Сергеевке*). Міне, жолдас, мұндағы жұмысшылар арасы осындай. Байқап қарама-са әр түрлі жай, әр түрлі адам кездесетін көрінеді. (*Барлық жолдастары тыңдап тұрады.*)

С е р г е е в. Ә, сен қалай болады деп ең, сен ауылда байды конфисковайт еткенді айтасың. Тап тартысы. Ә, мына мұнда да сол, құлақ, бай, зиянкес, немесе солардың құйыршықтары, ол әр жерлерде кездеседі әлі. Вот, сонымен күресесің де оқисың.

С а п а р. Бәсе, тіпті үлкен сабақтың өзі осында екен.

С е р г е е в. Но, бітті ме жұмыс?

Қ а м б а р. Бітті. Ал, ол онымен тұрсын. Енді мына біздің топтың, басқа бұдан да бөлек бір мәселесі бар.

Сергеев. Ол немене? Айт.

Қамбар. Біз басында, осында жұмысқа келгенде саған уақытша кірдік деп айтып едік қой. Бәріміз де жаспыз. Өндірістен осындай үлгі алып, енді оқуға барсақ, тағы ілгері ізденсек деймін. Әй, жолдастар! Келіндер енді, бір байлау жасайық, әйтеуір біз ізденген кісі гой. Тағы бір нәрлі бірдеме іздеп көрмейміз бе?

Сапар. Не айтып тұр өзі?

Бөлтiрiк. Айтқаны сол. Сөз осылай болар.

Сергеев. Сендерге оқу керегі рас. Біз босататын болдық. Ал мұнда қалам дегендерің болса, ол қалсын. Біз де осы жерде біраз істеген соң өзіміздің курстерге, тағы басқа оқуларға жібереміз. Ойламандар біз бұл жерден жұмысшы ғана емес, үлкен кеңс қызметкерін — герой-пролетариды жасап шығарамыз. На то біздің өндіріс, біздің постройка!

Қамбар. Уай, жолдастар, келіндер енді байлау жасалық!

Сапар. Бұл не өзі, совхозға бардық, онда тұрмадық, шойын жол барып едік, одан кеттік, енді мынаған байыздап ек, бұдан тағы сусып... Кетпейміз, түге. (*Жұртқа қарайды, қостаушы жоқ.*) Мен өзім осында қалам.

Арпабай (*күрсініп*). Е, ата қоныс мекенінен кеткен не онсын. Қырсыққан ит қыңыр жүгіреді деп ежелден ісі оңып көрмеген саяқ сандырақ едік.

Есбике. Енді, міне, туып-өскен жерден кегіп, жел қуған қаңбақтай ауып жүргеніміз.

Бөлтiрiк. Ие, қан қазынаң қалып еді сонда.

Арпабай (*ашуланып, тепсініп*). Атаңның басы, сонда үстіп артым жер иіскемей жүр ме еді?.. Өндіріс-өндіріс деп өндірішегің созғаның осы емес пе еді, түге?..

Прораб шығады, қасында бір оғыс.

Прораб. Міне, комсомол бригадасы, шетінен жақсы істейді. Жалқауы жоқ... Жақсы бригады.

Бөлтiрiк. Жаман бригады... Бұралап, сен білмейсің, біздікі жаман болды қазір.

Прораб. Неге-неге жаман?

Бөлтiрiк. Біздікі бошал болады қазір, кетеді қалаға, Алматыға.

Прораб (*өте беріп*). Жоқ, сен қалжындайсың, жақсы... Сөйлесеміз.

Бөлтірік. Ие, сөйлескеніңе Қамбар болайын деп тұр.

Арпабай. Тұрлау жоқ, байын жоқ. Жел қуған қаңбақ, түге.

Қамбар. Ендеше тағы кегеміз де, болды сол. *(Сергеевке.)* Сендер біздің орнымызға жұмыскер тауып, бір бригады сайлап алыңдар, сол табылған соң біз кетейік. Онан соң өзін бізге қалай беттеу керек? Қандай оқу лайық, соны жақсылап айтып бересін, бола ма?

Сергеев *(Сапарға)*. Но, жарайды, бұлар қайда барса да біздің кісі ғой, барсын, оқысын, ол да жақсы. Ал сен екеуіміз мұнда қаламыз. Но, біз де ешкімнен кейін қалмаймыз. Бұларға біздің комсомолский ячейке жақсылап документ береді, ал сен мұнда жаңа бригады жаса да, өзін бригадир бол, жарай ма?

Сапар. Болды. Байлау сол. Мен өндіріс қазанын сүйдім, қалдым осында. *(Жолдастары құшақтайды. Көңілі, пішіні бір-біріне жол болсын айтқан сияқты.)*

Шәкен. Әйтеуір ізденген соң іздену ғой, өрлей берейік ендеше осылай.

Бөлтірік. Олай болса осы Нұғыман бір оқу, бір өндіріс деп еді ғой? Осының екеуін бірдей қосып өндіріп оқиықшы. Келіндер, жігіттер! Келіндер Арпеке, Есекел! Тарпақтаспайық бұл жерде, кел кетейік! *(Бәрі көңгендей ыңғайлана береді.)*

Мес. Уай, ал кетуін кеттік, сонда осы біздің атымыз кім екен осы. Біздейді не дейді екен.

Құсбек. Летон-летон, қаңбақ-қаңбақ. *(Мес екеуі күледі.)* Комсомол-ақ екенбіз. Ой, пәле.

Қамбар *(ыза боп)*. Қойшы әрі... Бәлем, енді көрерсің.

ШЫМЫЛДЫҚ

## ЕКІНШІ АКТ

### Үшінші сурет

Үлкен мектептің жағақлапасы, жақсы, жарық, кең бөлме. Қабырғаларында көсемдер суреттері. Карталар. Диаграмдар, үйдің бір жағы қатар тұрған 6—7 төсек, жігіттер орны, 2—3 стол. Бір жақ бұрышта биікше — пар сияқты кең төсек, Арпабай мен Есбике орны. Төріне таман қайырылып жиылған текеметше, көнелеу көрпе-жастық бар. Кешкі мезгіл, столдарда көк абажурлы электр лампы. Жатақханаға Құсбек, Әшім кіреді.

Әшім. Мәселе солай. Жұрттың бәрі комсомол емес те, игіліктің бәрі коммунистке байланып тұрған жоқ. Салт-сана дейді ғой. Салт-сана бізде де бар, ол осындайдан құралады. Айналаңа қара, ойлан. Осы таяқ кімге тиіп жатыр? Құр бас амандыққа мәз болатын уақыт емес. Сені осыз да тұртпектемей қояр деймісің!

Құсбек. Комсомолмын, әншейін болса бір сәрі. Жауаптылығы қиын ғой.

Әшім. Ендеше, бас сондайға керек, білдің бе? Өзіңді неге ұстай бересің? Кісі жи, жолдас тап. Осының бәрі кедей-батырақ емес пе? Сал соларды алдыңа. Оп-оңай топ боласың.

Құсбек. Оларға топ болайық деп шетін ашқан соң бітті емес пе?

Әшім. Иә, рас, топас түрде қойма мәселені. Бастарын құрайтын істер, ұсақтан да, оңайдан да табылады.

Құсбек. Олай болса, бұнымыз істеліп келе жатқан жоқ па?

Әшім. Бәсе, жалғыз-ақ осыны сен өзін үлкен есеп-

пен алысты болжап істе деймін. (Алтын кіреді, мынау тез өзгеріп бір хатты беріп.) Осы бір хат саған тиісті екен. Адресі де бар. Енді тауып ал осы жақынынды, ылғи сені сұрап жазады. Онан соң біздің үйге келіп жүрсендерші. Мына қарындасым да біздің елдікі ғой. Келсін, ерте кел, жарай ма?

Жастар келеді. Бір үстелге Бөлтірік, Мес, Қамбар, Шәкен отырады. Екіншісіне Сөлкебай, Алатай, үшіншіде Толай мен Алтын және Құсбек. Бәрі де сабақ әзірлеп жатыр.

### Көрініс

Бөлтірік (оқып-жазып отырған кітап-қағаздарын жиып жатып). Бұл есеп байқұс, бізге ауыр емес өзі...

Қамбар. Бұны оңай-ақ жеңіп келеміз. Әпкел енді орыс тілін. (Басқа кітап-қағаздарын алысады).

Мес. Бәсе, соны айт. Ай, қиыны сол болып тұр-ау!

Бөлтірік. Қиын да болса соны жеңбей күн жоқ. Айта берсең орыс тілінсіз бізге мәдениет жоқ, білдің бе?

Қамбар. Шырағым-ау! Ленинді өздері жазған тілінде оқып түсінбеген соң күн қаран емес пе?

Бөлтірік. Әй, тауып айттың? Обалы қаніки, мұнысы сөз-ақ.

Митя кіреді.

Қамбар. Ә, Митя, отыр кел. Мына біз сабақ әзірлейміз, тында.

Митя. Нока, мен көрейін.

Бөлтірік. Көргенде осы саған айтатын бір сөз бар. Ол сенің әшепкең, білдің бе.

Митя. Қандай, немене ошибке?

Бөлтірік. Міне, біздің қатшымыз, осы жердегі саяси басшымыз сенсің. Ал, біз міне тамам батырақ, орысша білмейміз. Кеше комсомолдың жалпы жиналысында орысша сөйлейін деп ұмтылып-ақ едім, сөйлей алмадым. Қашанғы мен үстіп жүрем? Сен не қарап жүрсің? Тіл сенікі. Ал біз сенікі жолдас. Өзің білесің де, біз білмейміз. Міне, сенің әшепкең, вот қалай!

Митя. Но, оқы жақсылап, білесің. Білмесең жаман болады. Жақсы оқысаң білесің, ал жаман оқысаң білмейсің, онда комсомол ұрады сені.

Қамбар. Ал бәсе, сонда енді бізді сабатып қойғаның ба?



**Митя** (*басын көрсетіп*). Міне. Сал басты да... Мен де латыншаны аз білем. Қазақ тілінің грамматикасын білмеймін. Оған кім виноват?

**Бөлтірік**. Оған ба? Оған мына Қамбар виноват болсын. Памагайт етсін ол. Оқытсын.

**Қамбар**. Білмесе қайтейік?

**Бөлтірік**. Білмесе жаман оқыған болады, онан соң комсомол мұны ұрады. Ұрамыз міне (*кулкі*).

**Мес** (*Қамбарға*). Ал олай болса «сторжды» скланайт ете ғой.

**Қамбар** (*сыдырта жөнеледі. Жалғыз-ақ винительный падежге келгенде тоқтаңқырап тұрып*). «Сторожа».

**Мес**. Токта, шатастың.

**Бөлтірік**. Бөгеме, шатасқан жоқ.

**Мес**. Уа, кәпір-ай, «стол» бенетелнейде де «стол» болады. Можыский рот. Е!..

**Шәкен**. Е болса е... Адошовленныйды қайтесің?

**Бөлтірік** (*Меске*). Ол сендей өлік қой деймісің? Өзі тіпті колхоздың сторожы болса қайтесің. Өлі үстелмен теңеп садағасы кеткір, жаман кәпір!

**Мес**. Ал қойдық.

**Қамбар** (*тағы да сартылдап жөнеледі, көптік түрдің родительный падежіне келгенде*). Сторожей!

**Бөлтірік**. Жаңылдың, Старажов.

**Қамбар**. Сторожей.

**Бөлтірік**. Старажоп.

**Шәкен**. Ножей...

**Бөлтірік**. (*болмай*). Сторожов — ножов, Шәкен.

**Митя**. Ана Қамбар, Шәкен дұрыс айтады.

**Шәкен**. Мә, болмасаң! (*Кітапты көрсетеді*.)

**Мес**. Ал болмайды, бұл болса текедей тиресіп, енді не бетінді айтасың?

**Бөлтірік**. Ал мақұл, мақұл, көп ауыз біріксе бір ауыз жоқ болады. Мен дауласпайтын кісімін. (*Кітапқа қарай бастайды*.) Ал «кровать» қай рот? Айта қойшы?

**Қамбар**. Қай рот екен бұл?

**Мес**. Мужский.

**Бөлтірік**. Қисынға қарағанда бұл женский.

**Қамбар**. Әй, осы не рот тұрады да, не мен тұрам. Бір пәле енді.

**Шәкен** (*Бөлтірікке*). Қандай қисынды айтасың?

**Бөлтірік**. Кровать деген белгілі енді, әйел жағына, мына Шәкендерге таңсық нәрсе ғой. Қайда бір **Мес**

сияқты қу тізесін құшақтағандар болмаса кім даулас-  
сын! Кровать енді ол женский тіпті енді.

Шәкен (*кітапқа қарап*). Путь ше, оның да аяғы  
мягкий знак.

Қамбар. Путь па? Ал, опы не дейміз? (*Бөлтірікке.*)  
Бұл кімге тандық.

Бөлтірік. Ал жарайды, Шәкен! Оны да сен ала  
ғой. Тіпті енді буынсыз жерге пышақ салған екенсің.  
Қайтейін, оны да бердім саған. Женский!

Шәкен (*күліп*). Ал «Ленинский путь» дегенге не  
дейсің?

Қамбар. Әй, ендеше бермейміз. (*Бөлтірікке.*) Не  
дейсің?

Бөлтірік. Буынсыз деп айтып ем ғой.

Мес. Уай, байғұсың-ай!

Бөлтірік. Енді Ленин жолы әйел жолы дегенге  
Шәкеннің тіпті өзінің де аузы бармас.

Қамбар. Азар бүгін.

Шәкен (*күліп*). Е, тіпті өре тұра келдің ғой бәрін  
бірдей. (*Бөлтірікке.*) Осы ротқа келгенде сен өзің бас  
бұзарсың тіпті, білдің бе? Саяси қате жасайтын кісісің.

Мес. Ол жағын жазып қой. Баяғы ескіге салады  
тіпті.

Бөлтірік. Ал олай десең, мен тіпті шалқамнан  
түсем. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Тіпті осы  
тілді алғашқы шығарған дүмше молда бар ма?

Қамбар. Молда емес, халық шығарған.

Бөлтірік. Кім шығарса да осының кей жерінде на-  
құрыстық та бар.

Мес. Ол не дегенін?

Бөлтірік (*кітапты алып отырып*). Ал мына кро-  
вать дедік, ол көпе-көрінеу енді женский болып тұр. Ал  
«стол» міне, үстел басы еркек болған, қызметі. Еңбегі  
сонда, оның можский болғанына міне Шәкен де талас-  
пайды. Ал міне мына бір «семя» дегенді алайық. Ол  
ұрықтың средний рот болуы о да мақұл. Өзі әлі ұрық —  
екі ұдай нәрсе, еркек жағына кете ме, әйелге кете ме, құ-  
дай білсін. Ал енді ол-ол болса, мына «доска» тұр. Осы  
неге женский? «Карандаш» можский болғанда, «рошка»  
неге женский?

Шәкен. Аяғына қара.

Бөлтірік. Аяғына қарама, мына сат... Сөднені қай-  
тесің? (*Біраз үндемей қалысады.*)

Қамбар. Қой, бақасты қой, уақыт кетеді. Өзінің барлық сөшестветниін қарадық қой?

Шәкен. Қарадық, келіндер енді, жазайық (*бәрі де үндемей жазуға кіріседі*).

Алатай (*орысша өлең оқиды, Сөлкебай тыңдап отыр*).

Буря мглою небо кроет,  
Вихри снежные крутя.  
То так зверь она завоет,  
То заплачет как дитя.  
То по кровле обветшало  
Вдруг соломой зашумит,  
То как путник запоздалый  
К нам в окошко застучит...

Сөлкебай. Ал енді сен осы араға дейін тыңдап отыр. Ағаң бір жатқа айтып шықсын. (*Айта жөнеледі, тиі ылығы қате*.)

Бойра мыгмой ниба қыройыт  
Пихри снежным құрута  
То қақ ізбер ана забойыт  
То заплашіт қақ дета  
То па креплем абешшалым  
Ыбдрок саламай зашомит  
То қақ петнегім запаздалым  
Қынам пакошка застошит.

Күсбек күледі.

Күсбек. Алда құдай! Әй, мойнын, мойнын үздің, ақырын-ақырын (*күліп мазақтап*), би қырий!!

Алатай (*қарап*). Анау күліп отыр.

Сөлкебай. О... Күлкісі көмір болсын. Оған, Сөлкебай қыңқ етпейді.

Күсбек. Жаттап жүргеніңнің өзі баяғының бай ақыны.

Сөлкебай. Иә, арамза молда дін бұзар... Ескі мұраны біл деп Ленин өзі айтқан комсомолдар съезінде. (*Алатайға*.) Мынаның сөзінің өзі де жік-жігімен түсе ме деймін өзім. Шіркін, жақсы өлеңге жаным құмар;

Қараңғы түнде тау қалғып  
Ұйқыға кетер балбырап,

Даланы жым-жырт дел-сал қып  
Түн басады салбырап,—

деген ақындар ғой бұлар.

А л а т а й. Бүгін өзің тым шабытты екенсің, өлең шығарасың ба деймін, тіпті!

С ө л к е б а й. Үндеме, бала, ағанның ыстығы төрінде. (Тұрып Топайға таман аяңдап.) Сыр сандықты ашып қара, ашып қара, сырласым — сым пернені басып қара, басып қара, жырласын, дейді-ау сырлы ақын!

Т о п а й. Уа, қоя тұршы. (Қаламын ұстаған бойында.) Осы есептің скопке дегеніне келгенде қалт тұрамын да қаламын... Құрып қалғыр...

С ө л к е б а й. Тоқта, тоқта, оқып қарайық. (Үңілің қарап, оқиды.) 50-ден алу скопке, екі жерде он жеті скопке жабылады. Қосу бес! Ә, мұның мысалы мынау: Елу қой қоздаған екен. Соның 17 пар қозысы егіз, осыларды әуелі есептейікші, егіз қозы нешеу?

Т о п а й. 34.

С ө л к е б а й. 50-ден шығарсаң нешеу қалады?

Т о п а й. Ал 16.

С ө л к е б а й. Соған енді тоқты қоздаған 5 қозыны қос.

Т о п а й. 21. Болды ғой...

С ө л к е б а й. Болса бір мән бар, бері жүр, Топеке.

Екеуі сөйлесіп онашарак кетеді, олар кеткенде Құсбек Алтынға оралып, бірдемені көрсетіп сөйлесіп жатады. Алатай бұларды көріп, қызғанғандай қиналып, сабағын тастап бір тұрып, бір жүріп, тынышсызданып кетеді. Көзін алмайды. Қамбар Шәкенмен онашалаяу.

Қ а м б а р. Бетіміз түзелді-ау деймін осы, Шәкен, қалай ойлайсың?

Ш ә к е н. Түзелді емес, түзелдік десенші.

Қ а м б а р. Иә, болды, болды енді, тіпті жағалай солай болсашы.

Ш ә к е н. Не деп жамбастап келесің?

Қ а м б а р. Көңіліндегі бір мұратты айтамын-ау. (Үндеспейді.) Не дер едің?

Ш ә к е н. Жок, әзір оқудан басқа мұрат жоқ. Өзгені ойласпайық та және осыны сенен сұрайын, қозғама.

Қ а м б а р. Мүлде ме?

Ш ә к е н. Болса белгі өзімнен болсын.

Қ а м б а р. Болмаса нетейін?

Ш ә к е н. Болмаса тәйір деген өлуші ме едің? Көрген-

баққаның Шәкен болып па? (*Кітаптарына қайта қайырылысады.*)

Құсбек. Қалқам Алтын, осы ұялшақпысың, жоқ әлде көңіл жыртқың келмей ме. Неге ылғи тайқи сөйлейсің?

Алтын. Тіпті ешбір сөзге орны жоқ. Құрдан күр немене? (*Қағазды қарап.*) Әй, сенің мынауың бір шатақ өлең ғой! Бұ қайдан шыққан?

Құсбек. Неге орын жоқ? Неден іркілеміз?

Алтын. Жоқ, сен оны қой, мынаның жөнін айтшы!

Алатай (*қызғанып, жақындап кеп ұялып*). Алтын! (*Анау бұрылғанда сөз таба алмай қалып.*) Сабағың бітті ме?

Құсбек. Біткен жоқ. Өзің бітірсең жүре бер. (*Алатай ұялып кетіп қалады. Анадай жерге барып қарап тұрады*). Шынымен бәрі сол-ақ болғаны ма?

Алтын. Қой, шырағым, мен Кәмәшті сыйлаймын, досым. Сен анаған неге жауап бермейсің?

Кәмәш (*кіріп келеді, сыртқы киімдерін тастап, Алатай қасындағы айнаға келіп қаранып, сыланып*). Япырай, бір қызық сурет екен. Бір қыз бен бір жігіттің сыры. (*Алатай тыңдамайды. аналарға қарай береді.*) Саған айтып тұрмын. Ойпыр-ау, ғашық деген сиқыр-ау өзі, тындашы! (*Алатай аналарға қарайды.*) Немене сен? (*Өзі де аналарға қарап қалып.*) Е, анау ма еді? Қарашы түгі, аузына аузы жабысып отырғанын ғашықтарша.

Жылдам басып қастарына жетіп келгенде Құсбек тұра береді.

Құсбек. Ә, сен келдің бе? Ойын көрдің, ә?

Кәмәш. Иә, келдік, араңнан кеп тікен болып қадалып, бөгет шығардым ба әлде.

### К ө р і н і с

Митя (*аңырып Қамбарға келіп*). Не, оқуларың болды ма?

Қамбар. Иә, немене?

Митя. Болса, жолдастар, міне қандай вапрос. Бері келіндер. (*Барлығы бір араға жиылады.*) Сендердің бәрің комсомол және бүгін кешке жиылыс, бұл мәселе сонда ашық қойылады. Проработкеге алынады. Қазірде мен сендермен алдын ала сөйлесіп алайын,

К а м б а р. Но, кәне, айтшы.

А л а т а й. Бү немене екен?

М и т я. Қазірде бізде студенттер арасында бір жаман сөздер шығаратын адамдар пайда болған. Сол сөз осы общежитиеде особенный көп болған.

М е с. Ие, қандай сөз екен?

М и т я. Ең әуелі анау күнгі стипендие бөлгенде, қазақ баласы аз сомалы стипендие алып, үлкен стипендиелерді орыс балалары алды,— депті. Екінші мануфактура бергенде тағы да қазақ балалары жаманын, азын алып, жақсысын, көбін орыс балалары алды депті... О немене?.. Осыны айтқан кісіні сендер естідіндер ме, білесіндер ме?

Б ө л т і р і к. Ол кім екен?

К а м б а р (Митяға). Кім екен, сен өзің білесің бе?

М и т я. Но... Вот таза, честный комсомолдар болып мұндайды білсе, өздері айтсын. Кәне... Стипендияның көбі қазақ балаларына берілген, оны сендер білесіндер, солай емес пе?

К а м б а р

А л а т а й

Б ө л т і р і к

} Конешні, білеміз, не, өзіміз үлестірдік.

А л т ы н. Орыс балаларынан алса ылғи жоғары курстегілер алды.

С ө л к е б а й. Ондай жоғары курстегілерге көбірек белгіленген дұрыс.

К а м б а р. Е, бүкіл союзда солай. Бұны бұрмалап сөйлеуші болса ол демагогтер... Кім екен?

М и т я. Ал мануфактура үлестіргенде сен бар емес пе едің, Алатай?

Т о п а й. Мен де бармын. Ол турасында жаңағы айтылған сөз тегіс өтірік. Алдымен киімі жоқ деп ылғи қазақ балаларына, ауылдан келген батырақтарға бергенбіз. Япыр-ай, мынадай да өтірік айтатындар бар екен? Мынау бір зиянкес жау болу керек.

М и т я. Жау болса жау. Тап жауы бар жерде де бар, білесіндер ме? Бдительность керек деп неге айтады партия? Енді бұл ғана емес, тағы сөздер бар: қазақтың байын конфискулеу теріс. Қазақ байы орыстың қулағындай емес еді. Кедейге жақсы еді. Қазірде қазақ байы алынды. Ал орыстың қулағына тиген кісі жоқ. Бұл да теріс — орысшылдық деп айтады дейді.

Б ө л т і р і к. Ә, солай соқ, мынау бір әнді түзегендер екен өзі, тегі.

Митя. Бұл өзі жалғыз студенттер ғана емес, бізге учитель болып кіріп жүрген жат элементтер де бар екен. Солардың арасында жүрген сөз дейді. Мұндай учительдермен байланыс жасаған студенттер бар. Солар кім, оны білесіңдер ме, мұнда бар ма сондай кісі?

Алтын (Құсбекке қарап тұрып). Ол қай өшетел екен?

Митя. Әшім Жұманов, тағы басқалар. Солардан тараған контрреволюционный өлеңдер де бар дейді. Қазір бізге де әкеп берді мұның біріш... Міне...

Алтын алдымен барып қарап жібереді.

Алтын. Әй, Миня, әй, жолдастар! Осы айтылған сөздің көбіне мен білсем тап мына Құсбек жауап беру керек.

Құсбек. Ой, Алтын, сен немене, құтырып кеткенбісің?

Мес (Алтынға). Сен, немене, түсіңнен шошып ояңдың ба, немене сандырақтап?

Алтын. Сандырақ емес, дұрыс, комсомол шын айту керек. Әшіммен байланысы бар да осы. Жаңа мына өлеңді мен осының қалтасынан көрдім. (Құсбекке бір басып.) Айт шыныңды, немене сен, не ойлап жүрсің?

Құсбек. Бәлем, Алтын, момын қыз атанып жүріп сен тыңшылыққа шығайын деген екенсің. Келтірерсің залал, но, бірақ көріп алармын. Менің комсомолдан бөтен ойым бар ма еді?.. (Өзгелерге.) Сенесіңдер ме осыған?

Қамбар (бұған қарай бір басып). Көрсет қалтаңдағы өлеңді! (Анау іркіледі.) Ендеше Алтындікінің бәрі рас, жалған айтпайды бұл (Митяға). Міне, біздің ортамызда бұндайға араласса, араласатын кісі осы. Тегін емес.

Мес. Әй, сен өзің не былшылдап тұрсың? Стипендиені аз береді дегенді бәріміз де айттық, ал несі бар екен? Киімді де жұрттын бәрі алмағаны рас, айтса қайтеді екен?

Бөлтірік. Ендеше қостаушының бірі сен болдың.

Мес. Қостаса қайтеді екен, тапқан екенсің жауыңды.

Құсбек. Қазекендер, мүйіздеуге кіріскен екенсіңдер ғой екеуің.

Қамбар (Митяға). Мынау Құсбек байдың жақыны, бірақ өзіне қараймыз, сынмен алу керек дегенді мен

осында кеп оқуға түсерде айтқам... Міне сын... Ә, ол кім болып шықты, көріп тұрсың. Осынысы жетеді. Сал кешке жиналысқа. Аямаймыз біз ондайды...

Т о п а й. Бәсе, өйтіп арамызға жылым құрт болып жайылмасын, жиналыс ашып салу керек.

С ө л к е б а й. Е, қалжың деп жүр ме өзі? Мынау тап жауының ісі ғой, былғамасын бәрімізді, сал, сал жиналысқа.

М и т я. Не болды, мен енді басқаларды анықтаймын. Міне, жолдастар... Сын осы.

Кетеді.

Ш ә к е н. Сендердің-ақ сынын бітпейді екен?

Б ө л т і р і к. Е, саған да ауыр тиді ме, сенің де көмейінде бірдеме тұр ғой өзі.

А л т ы н. Әлде сен де біліп пе ең? Таза комсомол болсаң айт міне шыныңды. Көріп пе ең әлгі өленді?

Ш ә к е н. Көргем... Оның несі бар екен, жай қалтада жүрген қағаз. Одан басқа не бар.

А л т ы н. Көресің де айтпайсың ғой.

Ш ә к е н. Оның несін айту керек сумандап? Ал, жүр бір қағаз.

Қ а м б а р. Жарайды. Біліп тұрып жасырған екенсің, кешке онда сенің жайыңды да талқыға саламыз.

Ш ә к е н. Қате болса алыңдар, көруін көргем.

Қ ұ с б е к. Демогок өңшен!

Б ө л т і р і к. Сен олай болса, сыртыңды ғана бояп жүрген жатсың. Бұ не?

М е с (*Қамбарларға*). Немене, сендер сандырақтап?

Есбике, Арпабай кіріп тұрады.

Қ а м б а р. Е, осыныкі дұрыс демекшімісің?

М е с. Дұрыс оның ашуы... Сендердікі не?

Б ө л т і р і к. Сұрқияланба өйтіп!

М е с. Олай болса өздеріңе жаға қояр. Айтайық міне біз де! Әне анау тұрған Арпабай, Есбике мына Қамбардың әке-шешесі. Міне солар да байдың құйыршығы, соларың да айтылсын ендеше.

Арпабай жақындап, тамсанып басын шайқайды.

Б ө л т і р і к. Өй, ұятсыз, қайтып аузың барады, сөйдеуге?

Қ а м б а р (*Меске*). Кәпір, түбің ұры еді, бойыңнан бұзықтық кетпеген екен!



Бөлтірік (*Меске*). Кәпір, сен бүлдірерсің.

Мес (*ашумен ілгері басып*). Қысқарт енді, ойраныңды шығарармын. Бүлдіргішті тапқан екенсің. Бәлем, сен Бөлтірік, бүлінгенінді білерсің жақында.

Қамбар. Жоғалт көзіңді арамыздан, бұзар.

Мес. Бақырма, көзіңді ашып қара. Мен өзім де сендермен бірге болмаймын енді.

Құсбек. Бірін мазактап, бірін даностап, бірін ақымақ етіп өтті ғой жұрттың бәріне сен екеуіңнің қылығын!

Шәкен. Қой, Құсбек, олай шарпыма!

Кәмәш (*жақындап Құсбекке келіп*). Қойшы, Құсбек, немесе сен көріспейтін кісідей?

Құсбек. Аулақ, мен енді көріспеймін. Тұрмаймын мұндаймен, не менімен, не ана жауыққан ағаңмен бол!

Кәмәш (*Бөлтірік пен Қамбарға*). Сендердің мінездерін оының бәрі. Бұзық сендердің өздерің!

Қамбар. Сөйлеме, бар ендеше, кет бар соныа. Жетісерсің, ақымақ.

Кәмәш. Сен ақымақ.

Арпабай. Кәмәш шырағым, айрылысар болсаң жолың болсын, қиянаттамай кет.

Есбике (*Арпабайға*). Қой әрмен, ө несі екен, балалардың арасына килігің? Кәмәшім мен Құсбегім менің балам!

Арпабай. Бар, ендеше сен де кет, көзіңді шел қаптап тұрма?

Құсбек. Болды енді, кетеміз. (*Кәмәшқа.*) Жүр бол, жинал!

Мес. Мен де кетем! (*Талқан боп жинала бастайды. Кәмәш жиналып жатыр.*)

Құсбек (*Шәкенге*). Сен де жүр. Тұрғызады деп тұрмысың мұнда. Өлмес күнімізді көреміз.

Қамбар (*Шәкенге*). Ал, өзің біл!

Шәкен. Мен кетпеймін. (*Өзгелер кетеді.*)

Есбике (*Қамбарға*). Не істедің сен бұл? Жақыннан, достан бәрінен ажырап? Тентек сенсің, айырдың мына баламнан. Міне бәрі кетті.

Бөлтірік (*шалқасынан тәсегіне жатып*). Кетсе кете берсің, түгі, өншен жат.

Сөлкебай, Топай кіреді, олар да жиналатын сияқты. Қипактап, екеуі де Бөлтірікті жағалап, Қамбардың қолын алып қоштаса бастайды.  
Бөлтірік қарамайды.

Қамбар (таңданып). Ой, сендердікі не?  
Сөлкебай (ұялып төмен қарап міңгірлеп). Солай болып қалып еді. Енді сөге-жамандамаңдар  
Шәкен. Не айғасыңдар өзтерің? (Бөлтірік басын көтеріп қирайды.)

Топай (Сөлкебайға). Айтсаңшы езілмей, о несі?  
Сөлкебай. Ұяғ болып тұрғаны. Сөз пісіп қалып еді.

Қамбар. Меске еремісің өзін?  
Сөлкебай. Жоға. Е, қарасы өшсін Местің, біздікі бір бөлек

Бөлтірік. Уай, Сөлкебай! Қораға келген ұры едік. Әрине мен құтылдым деп, өзің Топайды әкеткелі тұрғаннан аманбысың?

Сөлкебай. Апырай, енді (Топайға қарап, жәрдем тілегендей) Топай... Әй... Ә!..

Бөлтірік. Уай, аруақ атқыр өңшең. (Өзгеріп, Сөлкебайға) Уай, жаным, алар болсаң өзің жөндеп алсаңшы, еркекше былай... Жерде жатқан қатын бар деймісің! «Мен енді осыған осылай қолқа салып тұрмын десеңші» адамша, е! (Жұрт, бірі тамсанады, бірі күлерін де, күйерін де білмейді.)

Сөлкебай (Топайға ұялып). Тіпті бетімнен отым шықты-ау. (Бөлтірік күледі.)

Топай (ашуланып, Бөлтірікке қарай басып). Ал, ендеше өзіңнің асқақ мінезіңнен көр. Баяғы қатын бар деп жүрмісің? Біз, міне, ерлі-қатынды болдық. Ал!.. (Сөлкебай қолынан тарта береді.) О несі, езіліп.

Арпабай. О, жасаған...

Есбике. Өңшең жын ба, не өздері, тоба?

Бөлтірік (есін жиып күліп). Уа, бәсе, Топекең ер ол. Ал, батамды берейін. О, жортқанда жолың болсын, Топай. Олжаң ылғи Сөлкебай болсын. Ал, бар жөнеліндер, аулақ.

Сөлкебай ұялып козғалады. Топай Бөлтірікке ыза болып қатты-қатты басып жөнеледі

Сөлкебай (артына қарап, ұзап барып, басын шайқан). Ұялмаған бұйырмағанды алапы деп ә, Топеке!

Жұрт мұдайып қалады. Алтын нәрсең алып, ол да көтуге айналды. Алағай жылағандай болып отырып қалды

Шәкен (Бөлтірікке жетіп кеп құшақтай ап). Япы-

рай, Бөлтірік-ай, не деген азаматсың, қандай мінез істедін, негкен жақсы едің? (*Құшақтап жұлмалайды.*)

Алтын (*Бөлтірікке жалт қарап, аз тұрып қалады. Нәрсесі қолынан түседі*). Япыр-ай, ә?!.

Бөлтірік. Сен де кетемісің?

Алтын (*бұған қарап ұмтылып жыламсырап*). Бөлтірік аға! Бір әкенің баласындай боп ек, Сөлкебай, Топай бір болған екен деп неге кетем, жақыным сендерсіңдер, бірге болам. (*Шәкен оны құшақтай алады. Екеуі де құшақтасып, бір сәтте жыласып қалғандай болады. Алатай жүгіріп келіп, екеуін қоса құшақтайды.*) Жындылар, ұятсыздар олар.

Есбике (*жылап*). Қайтып, қиысты екен, мұндар.

Қамбар (*Бөлтірікке*). Сен осы арада қалай өскенсің, жаным-ау. (*Арқаға қағады, қасына отырады.*)

Бөлтірік. Әй, тәйір, өзге мінез істесем мен комсомол кнежкесін қалтаға босқа салып, камбоздың нанын босқа жеп жүрген болмаймын ба, тегі... ә...

Қамбар. Бәсе, ескінің бойда қалмайтын бір әдеті осы еді, жесір дауы. Басқа қалай тепті біздің батырақ!

Бөлтірік. Олар осал ма? Олар да жаңаның мінезін істемеді ме? Баяғы болса қашып-пысып ырың-жырың қылар еді. Әншейін ап-ашық, тапа-тал түсте қоштаса келдік деп бір-ақ кепті. Сонда енді мен осал болайын ба олардан? Неге кем түсейін! (*Ойлаңқырап, күлімсіреп.*) Ә, аруақ атқыр Топай, Сөлкебай! (*Қамбар екеуі күледі.*)

Қамбар (*Алтынга*). Міне, саған сабақ бір емес, әлденеше.

Арпабай (*мыналарға сүйсіне қарап*). Қарақтарым, мен тіпті таң-тамашамын, мыналарың тіпті іс-ақ, мінез-ақ екен, уа көп жаса!.. (*Кемпіріне.*) Кемпір! Осыдан да үлгі алмаймыз-ау енді, жаңа деген осы емес пе, міне?

Есбике (*жақғырмай, тамсанып теріс бұрылып бетін жыртып*). Бетім-ау, не деп отыр өзі? Сомадай боп, ұялмағыр. (*Ернін сылап еткізеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

## Төртінші сурет

Арада бес жыл өтті, екі бөлме тіпті таза жақсы пәтер. Қамбар пәтері Бөлмеде Арпабай, Есбике, қымдыры қалаша, Арпабай көнше көздірік сатып «Социалды Қазақстанды» оқып отыр. Екі үйде де орыңдық, стол және шкаф толы кітап.

### Көрініс

Есбике. Көзегіңге бүгін театр бар деп пе, қарашы!

Арпабай (қарап отырып). Қайтейін деп едің мына жердің лайсаңында? Көктемгі көтерем сиырдай батып өлейін деп пе ең Алматының батпағына.

Есбике. Е, жарық көшемен қайтармыз. Қайтер дейсің, тіпті бармағалы көп болды өзі! Бар ма екен әнеугі ақсақ кемпірдің ойыны.

Арпабай. «Майдан ба?»

Есбике. Майдан ба, қайдам? Әйтеуір құтты Құсбектің шешесі, япыр-ай.

Арпабай. Құсбек демекші, хабар-ошарсыз жоқ болып кетті-ау өздері! Қызыңнан да зым-зия түк белгі жоқ.

Есбике. Кәмәш па? Діні қатты кәпір еді — іздесе өздері іздесін деп қырсықтанып алған ғой (аздан соң). Япыр-ау, дәп сол Құсбектің шешесі. Бай-бай дегені болмаса, қасымызда жүрсе де білмейді екіміз-ау сұмдығын, сұмай сұрқияның.

Арпабай. Уа, қайсысын айтасың?

Есбике. Әлгі мына ақсақ күнді айтам да! Ойпыр-ай, қастығына шыдамай, нелер айқайлап айтып жіберейін десем балалар болмайды, етегімнен басып, «бұл театр, театр» деп.

Арпабай. Е, сол шарай топтың көзінше айқайды бір салайын деп ем де?

Есбике. Қайтейін, араларына удай тиіп бүлдіріп барады.

Арпабай (күліп). Онда, қап, бекер істеген екенсің. О, не демек ең сонда?

Есбике. Уа, колхозшы бишара-ау, есің қайда кеткен, уа, сенбе! Сенбе! Ойбай, ол шойнақ қарға, — демеймін бе?

Арпабай. Уайт, сорлық-ай, снді де дейсің!

Қамбар, Болтірік кіреді, үстерінде жана костюмдер, ақ жаға, жақсы галстук, колдарында газеттер. Қамбар «Известияны» Болтірік «Правданы» оқи кіріседі Алтын арттарынан, бірге оқып келе жатады.

Қ а м б а р. ТСК-тың мынау тағы бір үлкен тарихи байлауының бірі екен. Мынау өзі бір дәуір болар.

Б о л т і р і к. Пәлитатдел де! Партия, ТСК даналығының бір еркіншілігі осындай! Бұрын жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да, осы істі барарына барғызатып адамды тугызады да.

Қ а м б а р. Ә, ол бүтіл біздің революцияның стилі. Біздің тарихи дамуымыздың қайраты да, даналығы да осында емсе пе?

А л т ы н. Ендеше өзі Қазақстандағы басшылықтың өзгерген кезіне сәтімен дәл келген екен, Өлкенің тез оңалуына себеп болмас па екен.

А л а т а й. Әй, Өлкені тым туралатып кетті ғой мынау персип. Оңай түзеле алар ма екен?

Б о л т і р і к. Қарашы өзін, әбден песимист болып алған.

А л т ы н. Болмағанда қайтеді? Мынау қыыншылыққа қайтып шыдайды кісі?

А л а т а й (күрсініп). Өзім оқуға кетем тағы да...

Б о л т і р і к. Уай, күйрек жасық! Барсаң жүре бер, өзіміз енді істейміз, ТСК бет белгіледі, басшылық сенімді. Енді прорабтан бір-ақ суырамыз, Қазақстанды.

А л т ы н. Уа, көңілің өссін. Мен өзім Алатайдікі мақұл деймін.

Ш к е н кіреді, қолында «Правда», оқып келе жатыр.

Ш ә к е н. Қамбар, сені мен (*Болтірікті саусағымен нұсқап*) анау екеуінді Крайкомға шақырады. (*Қамбар тұрады, Болтірік те тұрады.*) Анау астағы телефонға барыңдар, сонда тосып тұр.

Б о л т і р і к (*ашуланған боп*). Жотасын көрсетіп! Қарашы сөзің! Менің атым жоқ па, «анау» дейсің?

Ш ә к е н. Со да жетеді саған...

Б о л т і р і к. Не бола қапты (*Шәкен бұрылып қарағанда*), көзін қарашы өзінің мені жұтып қоятындай.

Ш ә к е н. Не болғанын өзіңнен сұра!

Б о л т і р і к. Сен бе? Сен маған көрсетерсің, бірдемені.

Ш ә к е н. Ендеше садағам, жоламай-ақ қой.

Қамбар (екеуіне кезек қарап). Немене, араз болып қалғансыңдар ма?

Бөлтірік. Бұл ма, бұл! Құтты баяғы нағашы шешесі Текті марқұм! (Шығуға ыңғайланады.)

Шәкен. Әй! (Жұдырығын түйіп, көрсетіп) Бәлем, тұра тұр.

Бөлтірік. Төбенді ояды тек. Бұл ма, бұл (Бөлтірік қорқып ығысып шыққан кісі сияқтанып кетеді. Шәкен, Алатай, Алтын тегіс күледі).

Шәкен. Өзі айғандай, аруақ атқыр! Онысы несі екен?

Алтын. Ал, Шәкентай! Бұл оқу болса бітті, енді қайтеміз, не ойлайсың?

Алатай. Ие, Шәкен, бір маслихат берсеңші, айтшы! Өзің қайтесің осы?

Шәкен. Қызмет ше? Енді іске бармайсыңдар ма?

Алатай. Ойбай, мынау қиындықта ма? Іс торықтырады ғой.

Алтын. Елдің мынау жадаулығын көргенде, кісі арасында отырып ас ішіп, киім кие алар ма, жаныңды жейді ғой.

Алатай. Әлі де оқып-оқып, ширай түссек деймін.

Шәкен. Рас қиын-ақ, мен өзім Мәскеуге барармын.

Алатай. Шын ба? Олай болса, Алтынжан... Енді неде болса бұдан былай екеуіміз бірге болайықшы. Екеуіміз бірге кетейікші енді осы.

Шәкен (күліп). Сен не айттың? Оныңды қалай деп ұғалық, қайта айтшы? (Алатай ұялады.)

Алатай. Оқу оқуды айтам. (Аналар күле береді. Бұл жаси береді.)

Алтын. Өзің тіпті ұялшақ бала едің! Тілің шығайын депгі ғой.

Шәкен. Бері қарашы, кәнікі. (Алатай қарамийды, екі қыз күледі.)

Алтын (телефонды алып, отырып). Город, 3—57, ие, ағай, мен ғой. (Тыңдап, күліп.) Оралғысы болды ғой ендеше. (Күледі.) Жок, сізден бе? Қашқан жоқпын.

Алатай қызғана бастайды, қиналады. Шәкен күледі.

Алатай. Қамесар ғой тағы. (Қиналып.) Бізді не ғылсын!

Бір отырып, бір тұрып, газетті қарап, Алтының сөзін тыңдап қойып газетті бүктеп, алағзып әуре болып жүреді.

Алтын. Шәң ба? Солай етейін бе? Ал, жарайды, бекінермін... (Күліп.) Мейліңіз, өзіңізге сенем... Жүрермін. Бірге аласыз ғой?

Алатай (тоқтай қап). Кеттің бе енді тастап?

Шәкен. Ө кім?

Алтын. Жәй бір үлкен кісі. Мәскеуде үлкен үністеттің біріне орналастырам дейді, жүр дейді.

Алатай (кекетіп). Жай кісі екен, жай ғана алып кетем дейді!

Шәкен. Қайгесің, кетесің бе?

Алтын. Біраз ойланып алайын деп отырмын. (Қағазға қарайды.)

Есбике (Шәкеннің қасына кеп баптанып отырып). Қалқам-ау, оқуың бітті ғой осы сенің, осы, ә?

Шәкен (жымыып күліп). Иә, оны неге айттың?

Есбике. Қамбардың да оқуы бітті.

Шәкен. Ие, бітті... Ал?.. (Кемпір ұялғандай бөгеледі.)

Есбике. Енді не болады? (Шәкенге үңіліп қарайды.) Не ойлаған ойың бар дейім-ау, қалқам!

Шәкен (Есбикені құшақтай алып, аузын басып, күліп). Не ойлап жағалатып отырғаныңды біліп отырмын-ау. Өтірік деші кәне. Айтпа!..

Арпабай (Есбикені жақтырмай). Несі бар екен, бірін-біріне теліп осы балаларды. Өз білгендері болар нең бар деймін осы сенің?

Есбике. Жарайды. Ол ақылың өзіңе, қуанышымды көп көремісің. Өзім ойымды айтам балаларыма.

Шәкен күле береді, Қамбар, Бөлтірік кіреді.

Алатай. Ие, немене екен?

Қамбар. Болыпты. Міндет әзір Алматы облысындағы совхоздарды зерттеуге шығамыз.

Бөлтірік (Шәкенге қарап тұрып). Шығамыз сол, ал бәлем! Екі күнде жүреміз.

Шәкен. Е, жүрсең бара бер... Етегіңе оралар деймісің?

Бөлтірік. Ие, сенгенім-ақ, ішін ауырмай отырған шығар!

Шәкен (шындап). Жолдарың болсын, жолдастар, ал енді, міне, істе көрсетіндер өздеріңді.

Алтын (тұрып, қамданып, мыналармен амандаса бастайды). Жарайды енді, Бөлтірік, Қамбар, сендер

шын пісіп толдыңдар! Енді екеуің де ірі кісі болып өсіп, үлкен еңбек етулеріңді дәме етеміз.

**Қ а м б а р.** Е, сен немене қоштасқандай...

**А л т ы н.** Мен де жүрем. (*Жұрт аңырғанда.*) Е, немене аңырғандарың, Мәскеуге кетем. Жүрерде тағы келермін... Әзірше! (*Сыпайы иіліп кете береді. Алатай артынан қозғала береді, Алтын бұрылып.*) Е, сен не істейсің?

**А л а т а й** (*аңырып тоқтап*). Білмеймін... Білмеймін... Қайда барам?

Алтын шығып кетеді.

**Қ а м б а р** (*Алатайға*). Әлі күнге не қылатыныңды білмесең енді, бала, өзің білі Бетіннен жарылғасын.

**А л а т а й.** Қайтемін, білмейім... Қиналамын. (*Басын ұстайды.*)

**Ш ә к е н** (*қызығып, қарап тұрып*). Балалық тазалығының әлі қаймағы бұзылған жоқ... Неткен жақсы өзі. (*Жүгіріп келіп сүйіп алады, маңдайын сипайды*). Оқы, тағы да оқи түс.

**Б ө л т і р і к.** Ие, шалалығыңның қаймағын бұз.

**Ш ә к е н** (*айналып қарап*). Шалалығы несі?

**Б ө л т і р і к.** Сол. Балалық емес, ендігісі шалалық. (*Алатайға.*) Бірақ, бұдан былай да піспесең онда қиын екен...

**А р п а б а й.** Ой, жаман бос неме, қызарып ұялып, біреудің қорасына түскендей! Не адам болады дейсің осы?

**А л а т а й** (*ерегескендей*). Ие, ұқпайсындар, бәрі бірі Айтпайым.

Жөнеледі.

**Е с б и к е.** Қамбар, бері келші, бері мұнда!

**Қ а м б а р.** Ие, не болды? Ойбай түрін қара. Бірдемені бұ да әзірлеп отыр. (*Бөлтірікке.*) Бір керге мініп алғанын көремісің?

**Б ө л т і р і к.** Е, айтқыз, тіпті өзің аттатпайын деп не ең осы жұртты?

**Қ а м б а р.** Оқуды оқығанда бір сын, бітіргенде бір сын, ә! Бүгін біздің базарымыз ашылды ма деймін осы.

**Е с б и к е.** Е, базары ашылса ашылды, оқыдың, мұратына жеттің. Шаужайға қаға-қаға болғансың. Енді



тура айтам: мына бізді де мұратымызға жеткіз... Қалқам, мен өзім сөйлестім.

Қ а м б а р. Пәле, өзіңе болайын!

Ш ә к е н. Қойыңызшы, Еске. *(Ұялған болады.)*

Е с б и к е *(күліп)*. Болды, қоятын жерім жоқ енді. Тағы міне жол жүрем деп отырсың. Тағы созылып кетеді. Өлім бар да қаза бар.

Ш ә к е н. Ұялтады енді үстің.

Қ а м б а р *(шешесіне)*. Жарықтығым, осы саған мен қатын әпер дедім бе? Әлде Шәкен күйеу тауып бер деді ме?

Шәкен Бөлтірікке ымдап ертіп шығып кетеді. Камбар газет алып отырады.

Е с б и к е. Енді қашаңғы соза бересіңдер?

А р п а б а й. Піскен сөз болса енді не қылсаңшы, балам-ау, тыңдасаңшы мынау жаман шешенді.

Қ а м б а р. Қаталасасыңдар. Дәнене сөз жоқ. Біздің арамызда ешбір сөз болған емес. *(Газетіне үңіліп, оқи алмайды, күрсінеді.)*

Е с б и к е. Ие, айта бер. Бай қызы дейтіннен кетті. Сен не болсаң ол да сол. Алғашқы келгеннен балам бол деп неге жабыстым, жақсы екенін баяғыдан білетінмін, өзі де ойысыпты. Ендігінің бәрі өзіңнен, көнші! Қуантшы бізді де, қалқам. *(Анау үндемеген соң дәмеленіп қарап.)* Е. бәсе, айналайын, өмір-жастарың ұзақ болсын.

А р п а б а й. Е, олай болса қайырлы болсын.

Қ а м б а р *(газетін бетінен алады, күрсінеді, маңдайын қос қолымен сүйеген)*. Олай емес, бәрі де олай емес қой, ана! Неге қоймайсың білтелесп?

Сол кезде патефон ойналады, екінші бөлменің есігі ашылады, кышпен Шәкен мен Бөлтірік құшақтасып фокстрот бастайды.

Қ а м б а р *(басын көгеріп, жөнделіп)*. Е, не! Келдіңдер ме? Болды ғой, кәне енді қайырлы болсын айтамыз да, ана, әке! *(Анау екеуі билей береді, кезпір-шал аң-таң.)*

Б ө л т і р і к *(тоқтап, Шәкенді құшақтап тұрып)*. Е, еркіңе қоям ба? Қолыма қайта қондырып алдым ғой, міне.

Ш ә к е н *(ашуланып, қолын жұлып ал қойып қалып)*. Өй, сөзің құрсын! Мені де Толайшылапайын деп пе ең? Ал ендеше... Тіліңе ие болғанша жоқпын саған,

жокпын, ешбір сөзім де жоқ, қайтып алдым... Оқуға кетем!.. (*Жөнеле беріп.*) Қайда әлгі Алтын?!..

Жөнеледі, барлығы аңырып қалған.

Қ а м б а р (*Бөлтірікке*). Ой, бұл қалай, неғып кетті тағы?

Бөлтірік. Қап, закске бара жатқан бетіміз еді. Мына кісілерге білдірейік, рұқсат алайық деп ек! (*Есбикеге.*) Сендердің де тіпті салуың жоқ-ақ екен. Қойшы, тіпті!

Қ а м б а р. Ай, қос тентек, сендер ерлі-қатынды боп жарытсигедін!?

Бөлтірік. Бұл ма, бұл, төбенді ояды. Енді кетті міне. Зым-зия шын кетті. (*Жүріп-жүріп ойланып, байлап.*) Ойбай-ау, қашан қатын алам енді, ойбай?

Қ а м б а р. Е, жаның шығып бара ма? Зар қаққаны несі?

Бөлтірік. Әй, осы сен үндемеші осы. Қатын қадірін білуші ме ең, сен сүр бойдақ!?

Есбике. Е, бәсе, соны-соны ғана бір айтшы, қалқам, өзіне.

Бөлтірік. Уа, қу тіземді құшақтап қалдым-ау, енді тағы. Ә, аруақ атқыр, Топай! Бәрі сенен! (*Тұрып тоқтап, аңырып қарап тұрған Қамбарға.*) Қой, жә, жетті енді, қырылушы ма ек? Бас мәселесі сонымен тамам болсын. Әйде, жолға қамдапайық, әй, енді іске бір салайықшы бар шыбынымызды! Әйде, жүр Наркомземге.

Қ а м б а р. Е, бәсе, есің жаңа кірді ғой, байғұс.

Жөнеледі.

Есбике (*ернін сылт еткізіп*). Ойыны қайсы, шыны қайсы?

А р п а б а й. Қой, жүр, театрға барам деп ең ғой, өйдә!

Шымылдык.

## ҮШІНШІ АКТ

### Бесінші сурет

Сахна, тәуір жиналған кабинет, «Шақбақ» совхозының директоры Қамбардың бөлмесі. Стол басында Қамбар, жанында Бөлтірік, ол политотдел бастығы.

#### *Көрініс*

Бөлтірік (*қағаз цифрларын қарап отырып*). Ойпыр-ау, дұшпан жайлаған совхоз ба өзі, не мынау? Не деген шығын? Күн сайын отар басы 20—30 қой өлген. Өзі 60 отар. Айына 1200—1500-ден. Жұт жоқ. Орасан індет жоқ. Неден, неден болған осынша көп шығын?

Қамбар. Индет дейді ғой. Не індет екен? Сонысын ғана көрсем екен. Әлгі бір зоотехник пен ветврачы да жете алмай қойды.

Бөлтірік (*қиналып*). Әттең, соны айтсаңшы? (*Телесамманы алып*.) Міне, Алматыдан шықты деп телеграм бергеніне 15 күн болды. Қайда жүр сонан бері?

Қамбар (*шабандар есік ашады Қамбар көріп, шақырып алып*). Бері келіндер, жолдастар! Жә, мына шабаңдарды таратамыз, қайтарамыз ғой енді фермаларға. (*Бөлтірікке*.) Енді не мәселе бар?

Бөлтірік (*шабандарға*). Жә, жолдастар, біз көп сөйлестік, көп жайды ұғыстық, айтыстық. Ендігі мақсат қойдың өлімін тоқтату. Шығыны жою. Бұған жетпей қоймаймыз, үгеміз осы емес пе? Не дейсіңдер, Нұрбай, Жұматаң, басқаларың?

Нұрбай. Е, Бөлтірік жолдас, бүгінге шейін бізбен бүйтін сөйлескен сөз болды ма? Бар жайды міне Қамбар екеуін әбден біліп отырсың. Енді тәуекел деп, сендерге серт берісіп, совхоздың амандығы үшін алысамыз деп тұрмыз. Шабандардың сөзі сол.

Бөлтірік (Қамбарға). Қамбар, енді дирекциямыз болсын, полиготделіміз болсын, мына шабандар арастының социалдық жарысына орай және барлық жаңа сүпінділеріне орай, біз неі уәде қыламыз?

Қамбар. Дирекция ең алдымен астықты үздіксіз бергізетін болады! Азық және киім-кешек жағын қолға алады. Онан соң совхоз өліп қалса да ең әуелі жалақысын төлтемін. Ақы ала алмағандарына 6 ай болыпты, не деген сұмдық?

Жұматай. Бәрекезде, әсіресе аяқ киім жағынан тым нашармыз.

Бейсембай. Қарақтарым, рас. Ол жағы біржола-та ескерусіз кеткен ғой мұнда. Баста да тегіс лына жоқ. Тіккендері күрке. Оның да жарымы саламмен жабылған.

Қамбар. Өте қиын жері сол. Бірақ бұл күйлерінде қалдыруға болмайды. Бір шығыс табамыз.

Бейсембай. Е, бәсе, иә, кеңес кедей бейнетқордың қамын неге жемесін? Бәсе, бізді де ескеретін не болсын да. Құр құрғак міндет арта бергенше, осындай адамша сөйлессіңші бізбен.

Қамбар. Адамша сөйлесуі ғана емес, енді міне іетің бәріне не де, жауапкер де өздеріңсің.

Бөлтірік. Ең ақырғы сөз, жолдастар, кеше айтылған Крайком сөзі, Қазақстанның жаңа басшылығының сөзі 100 койға күзге 105 қозы аман алып шықсақ, оған арғы өсім осы шабандардың өздеріне бәйгеге беріледі. Өз малдарың болады. Тоқ тұру, киімді, күйлі-жәйлі бол, мал малданып, көркейіп тұруды талап етіндер. Совхозына саналы еңбекшінің ойдағыдай еңбегін істесеңдер солай ғып тұрызу біздің міндет. Міне, партияның, үкіметтің, Қазақстан басшысы Мирзоян жолдастың бізге тапсырған тапсырмасы осы.

Қамбар. Жә, жолдастар, болды осымен.

Нұрбай. Бәрекезде, қарағым, енді сөз осы да!

Жұматай. Түсіндік. Рас, не, мақұл.

Шыға береді.

Қ а м б а р. Жалғыз-ақ, осы жақсы шабан күшінің бәрін енді анау төртінші фермаға салу керек.

Б ө л т і р і к. Өздері де мойынды қашыққа салып, совхоз кіндігінен тақ 50 шақырым жерге, қалың тау ішіне кіріп алғанын көрмеймісің? Бастығы қайда? Қайда әлгі Жоламанов? Біз келгелі талай күн болды. Неге көрінбейді көзімізге?

Хатшы кіреді Қамбарға қағаз береді.

Қ а м б а р. Бәрекселде. Міне 4-ші ферманың хабары. Рапорт. (*Қарайды, бірге оқиды*). Ойпыр-ай! Мыналар не дейді? Тағы өлген.

Б ө л т і р і к (*айқайлап*). 150 қой. Масқара ғой мынау. 32-жыл ғой мынасы. Әлі не жоқ, көз жоқ деп, түйені түгімен асау ғой мынау.

Қ а м б а р. Індет дерті. Міне біреусі — акті. Топалаң дейді.

Б ө л т і р і к. Кім актіге қол қойып отырған?

Қ а м б а р. Ферма бастығы Жоламанов. Және көршілес ауыл Советі. Ойбай-ау, мышаған тез ветврач, зоотехник керск. Кідірмей тұрып тез зерттеу керек еді. Врач жоқ, қайтпек керек енді?

Б ө л т і р і к. Әй, кеселді кәрі ит-ай, қылды-ау мынау!

Қ а м б а р. Не дейсің, кәрі итің кім?

Б ө л т і р і к. Ветврачты айтам.

Қ а м б а р. Ол кім еді, білуші ме ең?

Б ө л т і р і к. Білмеймін, қайдан білейін?

Қ а м б а р. Ендеше кәрің не?

Б ө л т і р і к Ис, кәрі және жарығы да бар. (*Қамбар таңырқағандай.*) Ойбай-ау, енді кәрі, әрі жарық болмаса Алматы мен осы екі араға 15 күн итім жүре ме? Қылды-ау кесел. Шабу керек, енді ең болмаса өзіміз жету керек, сол 4-ші фермаға.

Қ а м б а р. Бәсе, өзіміз бармай болмайды.

Х а т ш ы (*кіреді, Қамбарға*). Жолдас директор, екі маман келді. Түсетін орын, пәтер сұрап жатыр.

Қ а м б а р { Кім-кім? Қандай маман?

Б ө л т і р і к {

Х а т ш ы. Бірі зоотехник, бірі ветврач!

Б ө л т і р і к. Шақыр мұнда.

Хатшы кетеді

Алдымен пәтер керек, карашы. Қылғаным аз болды дей ме скен? (*Қағаздарына үңіліп, жиып жатып*). Қазір соларды алып 4-фермаға жөнелейік.

Қ а м б а р. Ие, мынау 150 тегін өлім емес. Басшылықтың бір келіп, бір кетіп жағқан әредік қон, сөзікті екен.

Б ө л т і р і к. Бәлем, құлметінді ашармыс, Бөлтірік Қамбардың бұрын малшы болғаны рас болса, индеріңе су құярмыз.

Есік ашылады Сөлкебай. Топай келіп кірсді, киімдері лақсы, қолдарында шамадан, Сөлкебандың көзінде көзілдірік, Қамбар ақыры үндемей қалады Бөлтірік қағазына қараған белінде.

Қайда әлгі кеселді врачы мей зоотехнигі?

Қ а м б а р (*аналарға қарап құшағын созып бара жатып*). Келген болар!

С ө л к с б а й (*Бөлтірікке*) Уай, 50 жылда ел жана деп, көріспегелі 5 жыл болған екен, содан бері бізге сақтағаның осы болғаны ма? Кеселің не?

Б ө л т і р і к (*аңырып, аналарға құшағын жасайып*). Жаңым-ау, сендермісің! Ойпыр-ау, енді не деің?

Т о п а й (*күліп*). Е, сасқандағы тапқан сыпайы сөзі сол скен ғой.

Б ө л т і р і к. Жоқ, олай емес, отырыңдар. Келіндер! Сендер деген ойда жоқ.

Қ а м б а р (*екеуін құшақтап отырғызып*). Оқу біті ме? Дендерің әбден сау ма?

С ө л к е б а й. Оқу бітті. Енді міне уәдеден шығамыз деп, әдейі сендер кетті деген совхозды іздеп келдік.

Қ а м б а р. Бәле, жігіт, жарайды.

Б ө л т і р і к. Жақсы! Бірақ енді осыша көшігулерің не? 15 күн болды Алматыдан шыққалы, содан бері қанда жүрсіндер?

Т о п а й. Ой, біз емес болармыз. Біз шыққалы үш-ек күн болды.

С ө л к е б а й. 15 күн бұрын бір мамандардың шыққандары рас, бірақ орға жолдан қайтып барды.

Б ө л т і р і к. Жә, ендеше жанағы менің ұрысуым соларға арналған болатын.

Қ а м б а р. Ал бұларға арнайғышымыз немене?

Б ө л т і р і к. Бұларға ма? (*Анау екеуіне*). Аі жолдастар, келіңіз совхоздарың үлкен прорывтағы совхоз. Бұнан өнім, шығын бастан асып жатыр. Біз келгенге

10-ақ күн болды. Енді бас алмай, тыным таппай істемесек, өлімді әлі біз де тыя алғанымыз жоқ.

Сөлкебай. Ие, сенді ұрайын дегенінді емеуірініңнен танымын — деп енді, сонымен іске кірісу ғой. Неменесі бар, біз әзірміз, солай емес пе, Тошай?

Тошай. Маған салсаңдар қазір кірісейік.

Бөлтірік. Бәрекезде, жақсылап қарсы алу, жақсылап жайласу бәрі де кейін болсын.

Тошай. Болсын.

Бөлтірік. Ол бір. Екінші, бәрібір баптап қарсы аларлық жайдың өзі де жоқ Қамбар екеуімізде. Мен әлі қатынсызбын. Қамбар болса, тумыстан сүр бойдақ. Ие, жәй солай, Топеке!

Тошай. Обал екен. Бірақ ол қайғыларыңызға жәрдем етер шамамыз жоқ. (Күліп.) Онан да іске кіріселік.

Қамбар. Ал ендеше жүріндер, қазір қамданыңдар, 4-фермаға қарай жүресіндер.

Бөлтірік. Ие, бастайық. Сендер жүре беріңдер. Арттарыңнан біз де жетеміз.

Сөлкебай. Ө, немене, бір шығыны көп жер ме?

Қамбар. 150 қой бір-ақ өлді деп хабар етіп отыр. Шығынында шек жоқ.

Тошай. Болды, олай болса тарта берейік солай.

Қамбар. Сөлкебай, Тошай шығады. Бөлтірік есікке барып хатшыны шақырып алып.

Бөлтірік. Сіз бізге қазір 4-ші ферманың барлық жыл басынан бергі және әсіресе осы квартал бойындағы мағлұматтарын түгел әзірлеп беріңіз.

Хатшы. 4-ші фермаға жүрмексіз бе?

Бөлтірік. Ие.

Хатшы. Тау іші қнын, барса онда қону керек.

Бөлтірік. Ие, қонса қайтеді?

Хатшы. Бұрынғы басшылар сонысынан қашып бармаушы еді. Ауру бар, паразиттер бар десетін.

Шығады, аздан соң Құсбек, Қәмәш кіреді, қастарында арсалаңдап қуаңған Арпабай, Есбике, Құсбек жұнттай семіз.

Есбике. Қарақтарым, хабар қылмай, із-тоз жоқ, осынша жыл жоғалып не болды бұл сендерге? Міне, көріңдер, мынау Бөлтірік туысқандарың. (Бөлтірікке.) Қарағым Бөлтірік-ау, көрдің бе? Балаларымды тапқанымды?

Барлығы амандасады.

Құсбек (*Бөлтірікке қол беріп.*) Жаным-ау, бұл бастық сендер деген үш ұйықтасам онында бар ма? Қайырлы болсын.

Бөлтірік. Е, сен қайда едің? Кәмәш, қалай, сау-мысың, аманбысыңдар?

Қамбар кіреді, алырып тұрып артынан ұмтыла амандасады

Бөлтірік. Қамбар-ау, жоқ боп кеткен туысқан табылды ғой.

Қамбар (*амандасып, Кәмәштің бетінен сүйіп басып, Құсбекке*). Әй, сендер қайда едіңдер?

Құсбек. Біз осында ғой.

Бөлтірік. Қайда, қай қызметтессің?

Құсбек. 4-ші фермада.

Бөлтірік

Қамбар

} Әй, не дейсің, онда кімсің?

Құсбек. Завферме! (*Аналар таң болысады.*) Сендер де білмейді екенсіңдер-ау. Мен әйтеуір жаңа бастық, жаңа басшылық дегені болмаса, фамилиялеріңді де есің-педім.

Қамбар. Ой, онда Жоламанов емес пе?

Құсбек (*Кәмәшке қарап күліп*). Айтып ем ғой саған, талай жұртпен енді мен тыңнан танысам деп! Жоламанов мен емес пе?

Бөлтірік.

Қамбар

} Неге олай? Фамелияңды неге өзгерттін?

Құсбек. Е, Қондыбай баймен бір фамилияда жүрейін бе? Содан өз әкем атын алдым.

Қамбар. Себебі сол-ақ па?

Бөлтірік. Қызық екен. (*Пауза.*)

Кәмәш (*әке-шешесінен бөлініп*). Е, немене сендер кездеспей-ақ, бір-біріңді тергеуге алып жатырмысыңдар?

Арпабай. Жұмыстарының жайы ғой. Осы келгені, тыным-тыныштық жоқ. Ұйқыдан, күлкіден де айрылды әбден.

Есбике. Қарақтарым, міне, жыл жарым болды, екеуден екеу-ақ қалып еді. Енді бастарың қайта құрама бастады ғой акыры... Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деп жаңа Сөлкебай мен Топайды көріп қандай қуандым.

Кәмәшқа еріп Арпабай. Есбике оңашалау барып өзара сөйлесіп отырады.



Құсбек. Е, олар қайда? Осында ма, кім боп істейді?

Бөлтірік. Олардың бірі ветврач, бірі зоотехник. Сенің фермаға кетті.

Қамбар. Жә, сенің бұл бір күнде 150 қой өлімің не? Үнемі осылай ма? Бұл неткен шығын?

Құсбек. Тұра тұр, өздерің жаңа келген екенсің. Өзім де жаңа басшылыққа баяндамамен келіп ем, есті жинайық, бар қал-жайды, бар осы совхоз күйін түп-түгел мәлімдейім.

Бөлтірік. Немесе өзі, індет пе, топалаң бар ма?

Құсбек. Індет те бар, ұры да бар. Кешеге шейін бандадан да көз аспадық. Шекара емес пе? Ал одан әрі аш-арық айналадағы ел болсын, совхоздың өз қызметкері болсын, бәрі де суық қолды салмады ма?

Қамбар. Соның аяғы енді бүгінге дейін жоғалмады ма? Бұл айтып отырғаның былтырға жылдың күйі емес пе?

Құсбек. Алыс шет, артта қалған аудан емес пе? Былықтың бәрі тегіс арылып болмай жатқан жоқ па әлі. Әйтеуір көрмеген қиыншылығымыз жоқ, не керек! Енді міне кетіңдер, жақсы болды. Өткеннің бәрі ұмыт. Бұйырса, бәріміз бірігіп түзерміз ендігісін.

Хатшы (*кіріп*). Бір практикант студенттер келіпті. Орын-жай керек деп жанжал салып жатыр.

Қамбар. Қайдан келген студенттер екен? Неше кісі?

Хатшы. Мәскеуден келген, агрономдар көрінеді. Үшеу.

Қамбар. Түссін барып әзірше анау жатақханаға. Барып бір бөлме бергізіңіз.

Хатшы (*шыға береді, алдынан студенттер қарсы келеді*). Жолдастар, орналасасыздар. Шешілді жайларың. Жүріңдер менімен.

Есіктен Алатай, Алтын, Шәкен көрініп қалады. Бұлар кимелейді, хатшы жібермейді.

Шәкен (*артына қарап, хатшыға*). Жолдас, сіздің орналастыруыңыз бізге жетпейді. Біз қозы емес, «өрістен келді, үйшікке қамалды» дейтін. Бізбен алдымен полтотдел, директор, екісін де көрмекшіміз. Кімдер өзі.

Хатшы. Сәбесшанияда. Олардың тығыз ісі бар.

**Шәкен.** Ә, совещания болса тіпті жақсы, біз совхозда не боп жатқанының бәрін білуге міндеттіміз.

**Қамбар** *(есікке кеп, Шәкенді артынан құшақтап үйге кіргізеді, анау екеуі күле кіреді, олар көріп тұрған)*. Ой, мынау некең скандалис студенттер. Мәскеуіне қайта жіберу керек екен өздерін

Көрісіп, тегіс құшақтап сүйсесің, екінші есікпен Арпабан, Есбикелер де шығып, тегіс құшақтасып, сүйісің алысады.

**Бөлтірік.** Ал, ісі қиын совхозда жаңа екпінмен өндіріп іс істейміз деп келдіңдер ғой, ә, солай ма?

**Шәкен.** Солай. Және уәде де бар. Сендермен тізе қосалық деп келдік.

**Қамбар.** Жарайды, ендеше жігіт болдыңдар.

**Бөлтірік.** Бірақ, рас, жігіт болғанда екінші сортсындар.

**Алтын.** О несі, оны қалай деп ұғалық?

**Бөлтірік.** Алдымен келген Топай, Сөлкебай болды. Олар жұмысқа кетті.

**Алатай.** Не дейді, уау, жігіт екен олар да.

**Алтын.** Топай хат жазып еді, дұрыс-ақ.

**Шәкен.** Біз мына Алатайдың шабандығынан кешіктік.

**Қамбар.** Ал, не жөнде істейсіңдер, мамандықтарың не?

**Шәкен.** Менікі тұқым асылдандыру — селекция.

**Алатай.** Менікі жайылыс мәселесі — пагул.

**Алтын.** Менікі асырау мәселесі — кормление.

**Қамбар.** Олай болса істің бәрі фермеде ғой. Осы екпіндеріңмен ең әуелі зор прорывта тұрған алыс фермадан бастауға қалайсыңдар? Бүгінгі бар күш, бар еңбек сол фермаға салыну қажет боп тұр?

**Алатай.** Әпкел ендеше, ең алдымен сол қиынды әкел.

**Бөлтірік.** Е, сен қиындықтан қашып кетпеп пе едің. Бұғапаң қатты ма өзіңнің?

**Алатай.** Ол күнді енді ұмыт. Мен лактырғам ондағы настроеніні.

**Шәкен.** Қазір Алатай, Алтын қолды-аяққа тұрмай іске кіріссек деп асығып келеді осы.

**Қамбар.** Ендеше қазірден-ақ төртінші фермаға беттендер.

**Есбике.** Қарағым-ау! Есімізді жигызсаңшы...

Құсбек. Өй, көріскеніміз жаңа. Жылдар бойы тырым-тырақай боп кетіп ек, кішкене өзді-өзіміз боп отырарлық та. Бұлардың не? Қорқыт дегенде осылай қорқыт деп не едім деп, қалайсындар?

Шәкен. Жоқ, совхоз күйінің қиын екенін біз біліп елеміз. Оның үстіне мыналар тым сасып тұрған кісі ғой. Бөлтірік күлкіден де айрылып тұр ғой өзі бүгін.

Алатай. Және Сөлкебайлар да іске кірісіп қойыпты.

Алтын. Кейін кең уақытқа да жетерміз, әзірше бөгелмейік.

Бөлтірік. Бәрекелде, келсең осылай келсеңші, жас кадр! Ендеше арттарыңнан біз де жетеміз, сол 4-ші фермаға бір-ақ тартыңдар.

Есбике жаңа келген үшеуін ертіп шығып кетеді.

Хатшы (кіріп, Бөлтірікке). Сіздің кеңсеңізге прокурор келді. Сөйлесуге шақырады.

Қамбар (Бөлтірікке.) Ә, бұрынғы басшылықтың ісі әзір аудан прокурорында деген, сол ғой.

Бөлтірік. Мұнда шақырсаңшы.

Қамбар (хатшыға). Шақырыңыз, мұнда келсін. Осында сөйлесеміз.

Хатшы кетеді.

Бөлтірік. Өзі үсті-үстіне шақыртып мына жұмыстың тығызында ауданға кел, ауданға кел деп қайта-қайта тыным бермейді.

Қамбар. Ие, совхоз ісіне тығыз кіріскен болу керек. Ол да жаңа адам болса керек.

Бөлтірік. Кім екен?

Қамбар. Білмедім.

Сол кезде есік ашылып Сапар кіреді, жұрт жабырласып амандасады.

Құсбек. Ойбай, мынау қызықты кара. Өзі тіпті шынымен уәденің бәрін бір күнге түйгендей болыппыз-ау. Мынау баяғы Қондыбай байды конфискулеген күнгі жиынмыз болды ғой. Тақ соның қайталауы.

Сапар. Жоқ, жолдас, тарихты, біздің ұғынуымызша, дәл қалпында қайталамайды. Қайталау диалектика заңымен «повторениеси высшем моменте» деген болмақпа керек. Қазіргі қалдың өзі де солай. Солай емес пе, Қамбар? Директор ондағы Қондыбайдың жаңа конфис-

келенген киіз үйін де отырған жоқ. Үлкен кеңес шаруасының үткенірек дәрізленуінің аясында тұр.

Бәлтірік. Бәсе, мен де сот правленниге тірелген кісімін де!

Сапар. Рас, әр кімнің де ісі тығыз. Сендердікі әсіресе соғай екенін білемін. Сол сияқты менің де уақытым өте аз.

Қамбар. Ал ендеше сөз сенікі.

Сапар. Олай болса сендердің алдыңдағы басшылық тегіс сотта скені мәлім. Бірақ барлық керекті адам алынып болмаған. Мен ескі басшылықтан тағы біраз адамды тексермекшімін. Қалғандары бар.

Қамбар. Ол кім?

Сапар. Сендердің төртінші ферма дегенің мына басшылық ауысып жатқан кезде прорывты әлі де тереңдетіп, зорайтып жатқанын байқадыңдар ма?

Кәмәш. Бәрі бірдей тіпті төртіншіге қадалған екен!

Сапар. Менің сөйлесетін кісім сондағы Жоламанов, соны алдырып беріндер!

Қамбар. Е, Жоламанов қасыңда отыр ғой!

Сапар. Не дейді, қайда? *(Айнала қарайды).*

Қамбар. Міне.

Сапар *(Құсбекке)*. Не дейді, шын сенбісің?

Құсбек. Ие! Менің Жоламан баласы екенімді ұмытып кеткенбісің, өзің?

Сапар. Ал, Жұмыр деген ұры кім?

Құсбек. Ол не дегенің?

Кәмәш. Ұрыны бізге бақтырып қойып па едіңдер?

Сапар *(Құсбекке)*. Оның фамилиясын білмеймісің? Осы малдарыңды қырып, сойып, ат көпір қып қолға түспей жүрген нағыз қасқыр дейді ғой. Соның ең болмаса фамилиясын да білмейсіңдер ме?

Құсбек. Ондай бір жауыз ұры бар дейді, ие, рас.

Сапар. Ендеше фамилиясы кім?

Құсбек. Е, ит біліп пе оны?

Сапар. Болар. *(Тоқтап қалады.)*

Қамбар. Жә, Құсбек, әке, Кәмәш, сіздер бара тұрыңыздар.

Аналар тұрын кетеді.

Біздің мұнда басқа сөзіміз бар.

Сапар. 4-ші ферманың ісімен танысып болдыңдар ма?

Бөлтірік. Жоқ, болғанымыз жоқ, енді кіріскелі отырмыз.

Сапар. Ендеше тез танысындар. Қанша күн керек?

Қамбар. Ең болмаса үш күн бер.

Сапар. Жарайды, үш күн берейік. Бірақ міндеттілік сендердің мойындарыңда!

Бөлтірік. Өзің Жоламановты қараламақпысың, немене?

Сапар. Жоқ. Әлі ерте. Зерттеу енді басталады.

Қамбар. Ендеше немене, бізді кепіл етіп.

Сапар. Жоқ, жауапты басшылық қой. Әдеіні ескертіп, айтып отырмын. Ал, болды ендеше, тездетіндер.

Шығып кетеді

Бөлтірік. Ал Қамбар. Енді сен шабанның азығы, киім-кешек, жалақысы, бәйгісі — барлығына кешегі шабан кеңесінде уәде қылған күніңнен бір сағат кешіктірмей мықтап ис бол. Адамымен мен айналысайып. Енді жатпай, тұрмай тез баурап алмасақ, өзі қылдың үстінде тұр осы.

Қамбар. Сезіп отырмын. Жаңа басшылықты тез танытпасақ бұрынғы таз кебіне қайта кетуінде сөз жоқ. Ал енді 4-ші фермаға аттанайық.

Арпабай кіреді.

Арпабай. Қарақтарым, скеуің ғана екенсің. Енді менің де арызым бар.

Бөлтірік. Ойбай-ау, оның не, әке-ау, айтсаңшы!

Арпабай. Мынау совхоз отырған жердің күзеуі, көктеуі, жайлауы — барлығын білсем мына мен білемін. Ол бір. Осындай мал құты болған ең дүниеде Кеңестің малы жатып неге өледі? Неге шығындайды? Ол адамның өзінің жамандығынан. Жасым міне 62-де, көзім осы жерде осы малмен шыққан. Қондыбайға мал бітірген мендейлердің еңбегі болатын. Саламын мына барымды кеңеске. Дүние көрдім, менің де көзім ашылды. Тапсырындар, мына мен де міндет алам.

Қамбар. Бәле, мына кәріні қара!

Бөлтірік. Уа, жөп-ақ, ояңған екен! Әлі бойға қал жүгірген екен кәрінің де.

Арпабай. Е, тәйір, кешеден бері бар шабанмен мені де сөйлесіп, әбден ызадан зығырданым қайнады. Кіргіз мені де есептеріңе.

Қ а м б а р. Қай есепке?

А р п а б а й. Баяғы бай үйінде сендер уәделескенде мен де ішімнен уәде еткем. Қенестің бір тетігіне мен де жараймын деп! Міне, бәріңнің басың тоқайласқанда уәдемді орындауға мен де кеп тұрмын.

Б ө л т і р і к. Уай, пәле, ендеше жолың болсын, 4-ші ферманың шабаны! Жүр әйде бізбен.

Екі жағынан екі жігіт күшақтап алып жөнеледі.

Ш ы м ы л д ы қ.

### ЭПИЗОД

Кеш батып қалған, тасты тау арасы. Ала көлеңкеде бүкшендеп екеу-үшеу жолдың екі жағына шығысады. Басшылық етіп жүрген біреуі бар. Қолдарында кесілген мылтық. Басшының беті — көзінен төменгі жерінде қап-қара шүберекпен таңылып алынған.

### К ө р і н і с

Б е т і т а н у л ы ұ р ы (*артындағы бір екеуіне*). Тұр, тұра қал, ана далдаға. Келеді. (*Екінші біреуіне*.) Былай кетсе мынадан... Сен тұр... (*Екіншінің орнын көрсетеді*.) Басып бүктеп алыңдар. Дыбысы шықпасын. Белгісі менен... Менсіз қыбыр етпе, ұқтың ба?

Б і р і н ш і ұ р ы. Алысып аламыз ба? Атпаймыз ба?

Б е т і т а н у л ы ұ р ы. Айтамын кезінде, ал жөнел!

Тс-сс!

Өздері тасада тұрады, келе жатқан кісілердің хабары естіледі. Аздан соң Сөлкебай, Толай және бір шабан шығады, ол Сыбанбай.

Ш а б а н. Міне, осы бір суды Қасқа құлақ дейді.

С ө л к е б а й. Ал десін. Бұның не жазығы бар! Толай, сен тыңдай қал!

Ш а б а н (*жан-жағына жалтақтап сөйлейді*). Осы су өлетті су екен. Баяғыда Қондыбай деген байдың қонысы екен. Осы арада, жылда қойын қырғызады екен сол бай. Өзіне кейін қонудан да қашып жоламайтын болған екен. Мына 4-ші ферманың бір отар қойы, әлгі осы біздің 5-ші отар білместен кеп биыл осыған қойын суарып, тақ бір күнде 150 қойын қырғызған. Баяғы індет әлі бар екен. Топалаң шыға келді.

С ө л к е б а й. Бұдан кейін қай құдыққа қондыңдар.

Ш о п а н. Қаша көштік. Содан «Суықтөрге», бәйік шыңға шығып кетіп отырмыз, амалсыз.

С ө л к е б а й (*Топайға*). Қондыбайдың бұл құдықта қой өлтіргенін сен білмисің едің?

Т о п а й. Айта берсін. (*Шабанға*.) Сен өлген қойдың өлекесін көрсетудің орнына ертең айтып жүргенің не осы, жаным?

Ш а б а н. Ойбай-ау, сіздер мына олесті суды көрсін деп жүрміз ғой.

С ө л к е б а й. Ендеше Қондыбайдың ондағы қойы өлді ме, өлмеді ме? Мұнда өлет.. болушы ма еді, болмаушы ма еді? Оның жөнін ферма бастықтарың бізге сұрасын, жүр ілгері. Одан да өлген қойдың жемтігін көрсет.

Ш а б а н. Жарайды, жарайды, мақұл. (*Жалтақтап*.) Бірақ қараңғы боп кетті-ау. Өзі тау іші, қауыпты болушы еді..

С ө л к е б а й. Жә, жарайды, саспай-ақ қой, тарта бер, жүр атыңа, жүр.

Т о п а й. Өзің тым құрмаса бір жемтік тауып берші.

Ш а б а н. Ойбай, бәрі бір жерде, бәрі үйіліп көмілген, дәріленген емес пе? Жүрейік-жүрейік. Ерінбесеңдер, мен енді оны іздеп табайын.

С ө л к е б а й. Маған десе түні бойы іздесен де тап сол жемтік үйген жеріңді.

Т о п а й. Бәсе, таппай тынбаймыз, көрсет, жалтартпа, білдің бе?..

Кетіседі, артынан ұрылар бір басып, екі басып шығады, екі ұры бастыққа келеді.

1 - ұ р ы. Неге жібердің, неменс?

2 - ұ р ы. Атына мініп кетті ғой енді, әй, жақсы-ақ келіп еді!

Б е т і т а н у л ы ұ р ы. Үндеме, әзір керексіз болды, мыналар екен (*арттарынан қарап тұрып*.) Мен мұндайлар емес деп ұғынып ем. Бұларды... Білем... Есебін өзім табам, басқаша табам.

Жөнеледі.

Ш ы м ы л д ы қ.

## Алтыншы сурет

Кешгі уақыт. Ғарыш астығын Құсбектің бөлмесі.

Құсбек (*қағаздарын асығыс тірлеп, нәрселерін ыңғайлап жатады. Қәмәш кіреді*). Қәмәш! Уақыт тар, қазір дүние жарық-көбелек айналғалы, тұр Екеуіміз бір-скі ауыз сөздің басын ашып алайықшы. Отыр!

Қәмәш Немене өзі? Еңбегінді еш қылайын дей ме?

Құсбек. Жоқ, оны қоя тұр.

Қәмәш Ал, басқа немене?

Құсбек Ойлашы, бір әйел оқып келіп, әлде біреу өсіп кеп жатыр. Соның бәрі кешегі сенің теңің еді-ау. Солар өскенде, біз өспей карап жүріп пе ек осы? Олқымысын сен солардан?

Қәмәш Е, неменесі асып кеткен екен? Неге олқы болайын. Оның несін айттың?

Құсбек. Олқы емессің, рас. Бәйгі түбінде бір-ақ жерде Тіршілікте еркекпен қатар тұрып тізе қосып алысуға, тартысуға шыдаса әйелдің өскендігі сол. Соны айттам! Осыған қалайсың?

Қәмәш Е, мені сондайдан әлі сынаған жоқпысың. Тіпті ондайда бәрінен өр мен емес пе ем?

Құсбек Бәсе, соған сенем, ол бір. Екінші, ендігі бір күнің бұрынғының бар күнінен қиын. От керек, қайрат керек, соған табыламысың? Қажымаймысың, қайтпаймысың?

Қәмәш Тәуекел, сен өлген жерде өлем.

Құсбек Ендеше, тас түйін деген осы.

Қәмәш Болса болсын.

Құсбек. Онан соң, бұл совхозға келгеннің бәрі де жар жағалап жүрген адам. Бұрынғылары сотты болып кетті, жаңарың да алдында әлі сол кезең қашық болмас, кім біледі? Өйткені бұл батпақтап жатқан совхоз. Жұмырдай ұрылардың шеберлігі әлі асып тұр. Қыласыны қылып тұр ғой. Жалғыз-ақ совхоз сол жаңа келгендердікі ғана ма? Біздің де совхоз ғой. Сондықтан, міне, бұл үшін алыспай қалмаймыз. Бар сөздің түйіні сол ғой. Ұқтың ба?

Қәмәш Ұнамын, серігіне жарармын, Құсеке!

Құсбек Құн, жарайсың, Қәмәшым.

Қәмәш Ал, ана кісіні қаптесің? Не дейсің? Жаңа осында келді.



Қ ұ с б е к. Қой, отарға барсын деп едім ғой!

Кәмәш есікке барады, бір шалдау адам кіреді.

Мен сізді 5-ші отарға барсын, сонда болсын деп едім ғой.

Ш а л. Қарағым, оны естідім ғой, бірақ өзі осында келті ғой! Мен зарыққан, талған адам едім ғой, көзіме бірде-бір көрсетпеймісің? Тым болмаса бір көрейін.

Қ ұ с б е к. Қария, жасымаңыз, жасымаңыз. Оған жол жоқ.

Ш а л. Қарағым, іштен шыққан шұбар жылан ғой, іші-баурым езіліп барады. Мен талған адам ғой. Бір ғана демеу болмас па деп ем.

Қ ұ с б е к. Ой, ата, қатайыңыз, бұл жасықтықтың бұл күнде бес тынға керегі жоқ.

Ш а л (*бекініп*). Оның рас, қарағым, тегі бұным жолсыз ғой?

Қ ұ с б е к. Жолсыз, уақыт жетеді, көресіз... Ал енді бөгелмей 5-ші отарға, «Суықтөрге» жөнеліңіз. Кәмәш та солай барады қазір.

Кәмәш пен шал кетеді, Құсбек біраз ойлағып есікке барып.

Сыбанбай, әй, Сыбанбай!

Шабан Сыбанбай кіреді.

Қ ұ с б е к. Немене, қалай екен екінші, үшінші ферма? Шабандардың пейілі, кейпі оңала бастап па?

С ы б а н б а й. Атамаңыз, жалақыны тегіс беріңгі. Киім-кешекті алғызып, үлестіріп жатыр. Астықтан басқа шабан басы сауын беріп, жарылқапты.

Қ ұ с б е к. Ие, тағы не шаралар істелті?

С ы б а н б а й. Тілті, пейілдің ұшы-қиыры жоқ. Мынау жаңа келген екі жігіт бір күнге жіберетін емес.

Қ ұ с б е к. Актылар қалай, бар ма? Акт бере ме анау жаңа дәрігер мен техник.

С ы б а н б а й. Әй, сараң, өздері де біледі-ақ екен. Егжей-тегжейіне дейін қарайды.

Қ ұ с б е к. Ал, анау қауыртын не қылдың?..

С ы б а н б а й (*қойнынан қағаз шығарып беріп*). Міне, оның орнасын былай салды.

Қ ұ с б е к. Ой, мынау қол... Е, солардың қолы ғой, болты ғой, анау ма? Өздері ме?..

С ы б а н б а й. Әйтеуір, анау осыны жеткіз, іс қылсын, болды деді.

Құсбек. Әрине. Ал ат әзір ме?

Сыбанбай. Әзір, ерттеулі.

Құсбек. Ендеше, сен бесінші отарға жет. Тос, сонда.

Анау жөнеле бергенде.

Әй, сол кісің сол анау, онан бөтен емес, білдің бе. Жақсы, сенімді. Өзің, өзіміз білген шабан ғой. Ұстайтын, сүйейтін, істі сеніп тапсыратын солар ғана. Осыған сақ бол... Бар!

Анау кетеді Құсбек жаңағы қағазды айналдыра қарап, өзге келістің арасына тігіп жатқанда Ш.кен кіреді

Құсбек. Ә, Шәкен, келдің бе? Но.. Қалай... Ісің қалай?

Шәкен. Біздің іс істеледі ғой, бірақ сенің ферманды айтсаңшы. Өзі, осы маңда ұры деген неткен көп? Кім солар?

Құсбек. Ойбай, осы тастың бәрі де ұры емес пе? Қашқан-пысқан, аш-арық. Шабаны қайсы, ұрысы қайсы, кім біледі?

Шәкен. Жоқ, шабан жаман емес, тәрбие жоқ. Біз біліп келеміз.

Құсбек. Айнала бір қараңғы жау! Осы отырыстың өзі қауып әуелі. Мені тақ үш тонады ғой, биылдың өзінде.

Шәкен. Ендеше неге алыспайсың, неге білдірмейсің? Осы жайын тіпті дирекция да білмейді ғой. Біз осында келіп көріп отырмыз.

Құсбек. Білдірдік қой, ойбай. Сот-тергеушінің бәрі біледі.

Шәкен. Жоқ, мұндай түрін білмейді.

Құсбек. Енді, міне, жаңа басшылармен қосылып алысуға кірістік қой, бәлемді енді көрерміз! *(Пауза.)* Жә, Шәкен! Ол бір сәрі. Ал енді өзің мына, жасыңда туып-өскен жеріңе келдің. Кешегі кіндік кескен ата-анаңның қонысы, аулыңның жайлауы, күзеуін бар-бәрің араладың. Совхоздың мүлкі болғанын көрдің. Көңілің қандай сіді, осыны көргенде? *(Шәкен Құсбекке тесіле қарап отырып.)*

Шәкен. Ие, көңілге бір түрлі тиеді... Қандай болмаққа керек. Өзің қалай ойлайсың?

Құсбек. Білемісің, анау «Суықтөрге» бір жылы

ауыл көшкенде 20—30 қыз, бозбала көштен қалып, бүлдіркен теріп, қандай жарыс пен асырды салып едік...

Шәкен. Еске алуға ыстық-ақ па? Өзің сағынасың ба деймін... Жерді көргенде, кісі соны еске алмай тұрал-мас... о?..

Құсбек. Еске қайтып алмайсың? Ойлашы, сіздің, үлкен үйдің қойларының ені әлі күнге шейін бар ғой осы отарда. Есінде бар ма, құмырсқа ең еді ғой?!

Шәкен (тұрып жақындап). Әй, Құсбек! Сен қалай жайылып барасың осы, байқаймысың?!

Құсбек (тұрып). Ие, песі бар. Сенің күйің қандай? Соны бір барлайып деп ем.

Шәкен. Ендеше қысқартқан абзал болар, білдің бе?

Алатай, Алтын кіреді.

Алтын. Шәкен, бүгінгі көргеннің қортындысы не?

Алатай. Бәсе, айтшы қане?

Құсбек. Қортындыға әзір асықпасандаршы. Өзі түн жарымы болып қалды. Жатайық, тынығайық. Алатай, сен менімен бірге жүр.

Шәкен. Асықпау емес, біз қортындыны күнде жасаймыз.

Алтын (Құсбекке). Біздің ісіміздің методы сол (Шәкенге), ие, сонымен?

Шәкен (Алатайға). Қәне, сен айтшы?

Алатай. Меніңше, біз мұнда жалғыз өз ісіміз емес, политотделдің де, дирекцияның да, шабанның да, ахранның да, бәрінің де ісін істеуіміз шарт.

Алтын. Ферма ісі оңалғанша барлық жыртықтың бәріне жамау болуға кірісу керек. Ертен мен осы арада лекбез ашам.

Алатай. Мен шабандарға өздерінің техминимумын оқыта бастаймын.

Шәкен. Бәрекелде. Мен екеуіңе жәрдемші. Қысқасы, біз әрі маман, әрі шабан!

Құсбек. Дұрыс, ал болса болсын солай. Жүр, Алатай!

Алатай екеуі қоштасып кетеді.

Алтын. Шәкен! Білесің бе... Мен Алатайды енді ғана шындап тани бастадым.

Шешіне бастайды.

Шәкен. Ие, таныған сайын өзі тәуірленіп барды де.

Алтын. Рас, оны қайдан білдің?

Шәкен. Е, іс, қиыншылық, сын бар емес пе? Кісіге кісінің қымбаттығы сонда ашылмай ма?

Алтын. Рас екен.

Шәкен. Бұл оны ғана тануың емес. Ең алдымен өзінді өзің тануың, табуың да болар.

Алтын. О қалайша?

Шәкен. Ол солайша. Алатай баяғыдан сен емес пе? Өзінің момындық тазалығымен көрсете алмайды. Әйтпесе сенің күлкің, оның да күлкісі. Сенің уайымың, оның да уайымы емес пе? Осыны шын байқамай жүрдің бе?

Алтын. Жоқ, сезуші ем. Бірақ сен ол екеуіміздің барлық жайымызды қазір тым түсігікті қылып шешіп жібердің. *(Ойланғып.)* Рас, мен ол да, ол мен екен-ау, өзі көп жағынан. Қайда кетті өзі? Шынымен осы совхозда, осы қиын күндердің ішінде алғашқы рет бір сүйер едім өзін.

Шәкен. Әй, салусыз бала, Алатай-ай... Жолыңның жаңа болғанын білсең етті...

Сол кезде терсе салдыр етеді, екеуі жалт қарағанда, ала көлеңкеде беті қап-қара боп таңылған бір адам секіріп кіріп келеді. Артынан тағы екеуі қарап тұр. Шәкен тап беріп стол үстіндегі мылтыққа ұмтыла бергенде, анау жолын қоршай қалып, мылтықты өз қолына алады.

Алтын. Бұ кім? Кімсің сен?

Шәкен *(қорықпай.)* Әй! Сен кімсің?

Ұры. Мен Жұмыр!.. Білдің бе... Оқымысты сұлу қарындас.

Мылтықты төсеп жағалай береді.

Шәкен. Е, Жұмыр бандымысың?

Ұры. Қорықпайсындар ғой өздерің! Қорықпайды екен бұлар.

Ымдап екі кісіні шақырады. Есіктің шотын салып алады. Ұры Шәкенге жақындайды. Шәкен кейін баса береді. Бірақ ананы торы айнала жүреді.

Шәкен. Бізді қорқытқанда не түседі сендерге?

Ұры. Ие, бәсе, қорықпауың керек. Одан да жақсы келісу керек. Ә... Сұлу қарындас, ер қарындас! Совхоздың иесіңдер ғой?

Ш ә к е н. Жә, қалжақтама! Бетінді аш одан да. Не-мене еркек басыңмен құбыжық тәрізденіп.

Анау жақындай береді, Шәкен еппен айнала береді.

Ұ р ы. Һа-Һа! Біз құбыжық емес, біз кісі қызығатың жаспыз. Сіздерге өзіміз де қызыққанбыз... Һа... Һа... Әдейі іздеп келдік.

Ш ә к е н. Бізде не ақыларың бар?

Анау жақындай беріп акырып қалады.

Ұ р ы. Жетті, болды, киін. (*Алтынға.*) Киін!

Ш ә к е н. Асықпа...

Сөйтіп тұрып ұрының бетіндегі орамалын жұлып алады, шалқайып шошып.

Мес?!..

А л т ы н (*ұмтылып*). Мес!..

Ш ә к е н. Мес... Өй, жүзі қара!..

М е с (*тап беріп*). Шығарма үніңді!

Екеуін де ұстап, киімдерін басына жауып, үшеулеп, зорлап терезеден шығарып жатып.

Һа... Һа... Көп оқып бұлардың білімі, тілі, қайраты асып кеткен. Олай болса несі бар? Мұнда орын тар. Өзім оңашаға апарып, кеңінен отырып, жақсылап дауласам. Һа... Һа.

Ш ә к е н } Жауыз, жүзі қара!..  
А л т ы н }

Айқайлай бергенде ауыздарын басып алып кетеді. Мес есіктің шотын ашып, терезені сыртынан жауып кетеді. Аздан соң үйге жылдам басып Құсбек кіреді. Артында Қамбар, Сапар, Сапардың жолдасы кіреді. Құсбек әбден киінген. Қызынып сөйлей кіреді.

Қ ұ с б е к. Сендер өздерің түнделетіп келіп, жанды жағадан алып (*асығып, ақтармалай кеп бір буда қағазды қолдарына ұстата беріп, өзі бетін ашып алақанымен ұрып тұрып*), мен, міне, алдарыңа жайып салып отырып, көзге шұқып айтайын. (*Ақырып.*) Ұрың бар дедің бе? Мұнда? Жоқ, кеңестің қамқоры, өзім ғана деп білдің бе? Шетіңнен?.. Міне, көздеріңді ашып қара... 150 қойды мен жұтып қойды дегенсіңдер ғой. Мә, міне, неден өлгенінің актысы. Қешегі, ана, жаңа келген врач, зоотехник Сөлкебай, Топайдың жасаған актысы.

Сапар (қарап тұрып.) Иә, рас.  
Камбар (жігітке). Шақырып келші екеуін.

Жігіт кетеді, Камбар қағаздарды қарап.

Топалаң... Көң қотыр, тастан құлап өлген, ақсақтан өлген — бәрі солардың қолы.

Құсбек. Е, тапқан екенсіңдер сезіктіні.

Сапар. Ей, сен немене осы, жеті түнде шарт киініп алғансың?

Құсбек. Ұрлыққа аттанайын деп тұрмын, о несі екен. Бізде тыным бар ма? Мен осы тегі, түн баласында ұйықтайым ба екен. Қашар-қашарды аралауға жүргелі тұрмын.

Сөлкебай, Топай, жігіт кіреді.

Сапар (қол алысып амандасқаннан кейін). Е, 4-ші ферманың өлімі, шығыны, ұрлығы турасындағы хабарлар бекерге шықты ма? Кәне, сендер айтыңдаршы.

Сөлкебай. Біз қортындымызды енді аяқтап келеміз. Ертең білдірмек едік, түн бойы істеп.

Топай. Бекер болды деген не деген сөз?

Камбар. Бекер емей немене, 150 қойдың орнасы табылса.

Сөлкебай. Орнасы қайда екен?..

Камбар. Бәсе, қайда?

Құсбек. Қайда екен бәсе, айтшы. Айтып берсін өнездері.

Топай (қатайып, Құсбекке). Орнасын, біз айтайық, аралаған суық қол айтсын.

Сапар. Суық қолың топалаң, көң қотыр, тастан құлап өлу, ақсақтан өлу ме? Есебін тауып бар олқыны толтырыпсыңдар ғой.

Сөлкебай. Өй, не айтып тұрсындар өздерің, жақуратып. Бірдемең болса айтсаңдаршы тіке, езбей!

Камбар. Мынау не?

Сөлкебай (жұлып алып, бірге қарап тұрып.)  
Акт... Ие...

Топай. Менің қолым! Менің қолым!

Сапар. Осыны айтып тұрмыз. Бұлай болғанда ана ферма жайындағы бұрынғы сөз өсек емей немене?

Құсбек. Ал оттап, секем алған боп!

Топай (қағазды ақтармалап алып қарап). Әй,

жолдастар, мынау маскара екен. Біз мұндай акт жасаған жоқпыз.

Сапар. Қол ше?

Сөлкебай. Қол біздікі, ал біз жасаған акт басқа.

Құсбек. Өздерің актыны кімге беріп едіңдер?

Сөлкебай. Біз шабап қолына бергеніміз, Сыбанбайға.

Құсбек. Мен де шабаннан алдым. Жаңа әкелді.

Сөлкебай. Біз жасаған акты басқа емес пе еді, Топай-ау?

Топай. Бәсе, ал мынау не?

Құсбек. Ие, таңайын деп пе едіңдер? Берген өздерің, енді келіп іріккені несі?

Сөлкебай. Ие, апыр-ау, бәсе, қараңғы сауатсыз шабан. Ол байғұсты не деп айыптаймыз? Жаным-ау, біз шатасқанбыз ба, Топай-ау?

Сапар (қағаздарды қолына алып). Жоқ, сендер жауаптылықты ұмытқансыңдар! Әйтпесе, бұл не нақұрыстанып тұрғандарың? Біз жасаған акт деп неге айтпайсыңдар, қолдарыңды қойған соң?

Топай (ашуланып). Жоқ, өйтіп сандырақтамаңдар, мұнда ондай бұзығың жоқ. Біздің акты емес.

Қамбар. Өзі, топалаң бар ма, жоқ па? Соны айтшы?

Топай. Топалаң жоқ, мұнда бұзықтық, мұнда ұрлық, мұнда қаскөйлік қана бар.

Құсбек. Олай болса қаскөйдің басы сендер.

Топай (ақырып). Қысқарт тіліңді. Ендеше міне сенсің подлок жасаушы.

Құсбек. Оттама, көзіңді ашып қара, ақымақ. Шабандармен жең үшінен жалғасқансыңдар ғой, параға жығылып, қызыл тұмсық болып!.. Оңбағандар.

Сөлкебай. Ойпырмай, не дейді, не дейді мынау шошқа, мен бә екем кеңестің қасы (ұмтыла береді).

Құсбек. Білем, алғашқы пара алып сотты болған маман сендер емес! Итгер.

Топай (мылтығын суырып алып). Әй, жауыз, бұл қорлықты естігенше өлтірейін, өлейін мен!

Ата береді. Сөлкебай жүгіріп «қой деп» ұстай бергенде атып қалады. Мылтық ұшып түседі. Сөлкебайдың қолына оқ тиіп отыра кетеді

Ит, жауыз, кім деп білесің сен бізді?!

Мылтығына ұмтыла береді. Қамбар жібермейді.

Құсбек (*Сапарға*). Міне, ақымақ. Жынды ғой, өй, мыналарын.

Қамбар. Әй, қысқарт енді сен сөзді.

Сапар. Тоқта енді, сөзді қоя тұрындар.

Ұмтылып Сөлкебайға жәрдемдесуге айналады.

Құсбек. Қайда дәрігер, ойбай? Өңшен жынды. Шақыр, қайда, қайда дәрігер? (*Өзі жүгіріп шыға береді.*)

Топай (*мылтықты алып ұмтылып*). Қайда кетті әлгі ит? Керегі жоқ оның жәрдемінің!

Қамбар мұнымен алысып мылтығына жармасып, ұстап жүреді.

Біз осындай оскарбление есітпек пе екеміз? Кімнен?..

Сол уақытта Бөлтірік кіреді.

Бөлтірік. Бұл немене, ей?.. Бұл не масқара? (*Сөлкебайға.*) Мынаған не болған?

Сапар. Міні, мынау актіге мыналардың қолы қойылған. Ал бұлар біз жасағамыз жоқ — подлок дейді. Құсбек ол актыны шабан қолынан алған. Мыналар шабанға бергенін және де мынадағы қолдарын жалған демейді. Соны ұғынысамыз дегенде жанжалдасып, Топай Құсбекті атам деп мынау қолына жармаса бергенде оғы осыған қатеден тиіп кетті.

Бөлтірік (*Топайға.*) Сен, немене, есің қайда? (*Сапарға.*) Әй, сендерде көз жоқ екен. (*Қамбарға.*) Қамбар, саған не болды? Сөлкебай мен Топай ма екен жалған айтатын? Бұлардың жалғыз үні шыққан жерде өзгені түрегелгізіп қойып бауыздамас па ем мен болсам!

Сапар. Ей, Бөлтірік! Заң керек, тәртіп керек, сен не айтып тұрсың өзін?

Қамбар. Жоқ, Бөлтіріктікі рас. Мен қаталасқанмын. Сенің еркіне беремін деп, саған сенемін деп осылай боп қалды. Қайда әлгі Құсбек? Шақыр. Әкел мұнда! (*Сапарға.*) Ұстат! Арест қыл соны.

Бөлтірік. Ие, арест қыларсың, кешіктіңдер! Жүр, жүгір жан-жаққа!

Бәрі атып жөнеледі, Топай да жөнеледі.

Сөлкебай. Әй, Құсбек ит, жау ма едің? Кәпір! Қойнымызға жылан салып жүріппіз ғой.



А л а т а й (жүгіріп келеді). Өй, саған не болған? Ойпыр-ау, мынау қан не?

С ө л к е б а й. Білесің, білесің кейін. Шап, жүгір одан да Құсбек қашты... Содан...

А л а т а й. Не дейсің, ойпыр-ау! Шәкен, Алтын қайда? Мен дүниенің бәрін аралап таппадым ғой соларды. (Жөнеле береді, алдынан Бөлтірік, Сапар, Қамбар, Топай кіреді.)

С ө л к е б а й } Немене, немене, бар ма?

А л а т а й

Б ө л т і р і к. Жоқ, қашқан.

А л а т а й. Алтын мен Шәкен де жоқ.

Қ а м б а р (отыра кетіп). Ойпыр-ай, не дейсің, не сұмдық?

Б ө л т і р і к. Ә, ендеше біз Құсбек емес, бұл жерде үлкен ұяға кездескен болдық. Бәсе, әттең Шәкен...

А л а т а й. Алтын, жаным, не дермін!

Теріс айналып кетеді.

С а п а р (Қамбарға). Сенен осының бәрі, кінәлі ендігі сенсің! Айтпап па едім міндеттілікті!

Т о п а й. Ой, қалжырама енді сен. Көзің ағарып, көретінді көрмей, енді не оттап тұрғаның?

Қ а м б а р. Менің жақыным, айыпты болсам аяма, білдің бе?

С а п а р. Ендеше сол, эне, өзің айттың ба?

Б ө л т і р і к. Тоқтат, жетті. Өйтіп сандырақтама!

А р п а б а й. Балаларым, білдіңдер ме, ойбай? Мен осы жерден басында шошып ем. Өздігіммен кірісіп ем. Білдім ғой, ойбай... Ұстат... Тез Құсбекті... Ұстат... Ана ит Кәмәшті дел..

Б ө л т і р і к. Немене? Не білдің?

А р п а б а й. Жүр, жүр, бөгелме... Түс соңымнан... Бір отар малды бар шабанымен көшіртіпті Қытайға. Әкеткелі беттепті. Жүр, түге. Мін, мін, тез аттарыңа!

Бәрі жөнеліседі.

Ш ы м ы л д ы қ.

## ТӨРТІНШІ АКТ

### Жетінші сурет

Қазақы кыстаудың кішкене терезелі, тар есікті, аласа бөлмесі, 4-ферманың отары Кәмәш жалғыз. Бірдеме жат дыбыс естігендей асығыс қарбаласып, терезеге бір карап, есікке бір барып тындап, карап отырып, үркіп.

Кәмәш. Бұл не, бәтір-ау? Тасырлап шауып келеді. Қашу ма? Қуып келе жатыр ма әлде?

Кұсбек жүгіріп кіреді.

Ойпыр-ай, жаным, немене?

Кұсбек. Айтып ем ғой. Дүние шыр айналды, енді міне. Артымыздың бәрі дұшпан.

Кәмәш. Қуып келе ме өзі, немене? Кімдер, Қамбар да бар ма?

Кұсбек. Кім дейсің сол емей, туысқан болған, дос болған күні бар ма еді. *(Зілмен Кәмәшқа қадалып.)* Тұқымың құрғыр.

Кәмәш. Өзі келе ме қазір осылай, келе ме?

Кұсбек. Мұнда кетті деп ойламас. Бірақ жиналу, асығу керек. Япыр-ай, қайда енді әлгі?.. Қайда кесел?.. Ұсталды-ау. Бөгелді-ау.

Кәмәш. Қайсысын айтасың, тосқанын кім?

Тасыр шығады, Құсбек мылтығын алып босағаға тұра қалады.

Кұсбек *(дүбір жақындай бергенде)*. Кімсің-ай! Айт жөніңді, өлесің тек! *(Кәмәш қасына тақап.)*

Кәмәш. Қамбар болса бір тілдестірші. Атпашы!

Қолына жабыса береді.

Құсбек (*итеріп, құлатып жіберіп*). Аулақ, ұялас қаншық итте де бар, туғаным емес, дұшпаным деп біл дегенім қайда? (*Есік тартылады, бұл жабысып*). Кімсің? Жөніңді айт!

Дауыс. Уай, қорықпа тәйір, менмін.

Есік ашылып кетеді. Үйге Мес аттап кіріп артындағы Шәкен, Алтынды бір-ақ кіргізеді, есік сыртында жігіттер қалады.

Шәкен. Құсбек, Құсбек, бұл не сұмдық? Кім едің сен?!

Кәмәш. (*Ұмтылып, Құсбекке*). Шәкен, Алтын, бұлары несі?

Мес. Бұлар біздің кісі. Қосылды міне, оқып келіп бізге.

Алтын. Құсбек! Айт жөніңді, бұл не? Біз қайда келдік, кім деп жүрсің бізді?

Мес. Һа... Һа... Кім дейік, сендер оқып өссен, Құсбек, Мес те жас' бала емес. Міне, бұрын аз едік. Енді, міне, сіз қосылдыңыз. Біз де бір топ болдық.

Алтын (*Құсбекке*). Отпен ойнайын деген екенсің, сазайынды тартарсың, тарттырармыз, дұшпан!

Шәкен. Дұшпан деген сөз өтеді деп тұрмысың бұған. Енді сөзді шығын қылма, тоқта! Қайтер екен.

Құсбек (*салмақтап*). Болдыңдар ма? Ендеше дұшпандық жоқ. Сендердің басыңа біздің жүрек адал.

Алтын. Жүрегінді ит жесін сенің, жүрек бар ма сенде.

Құсбек (*тыңдамай*). Ие сол, жүрек адал, ұғысамыз. Біз енді, үлкен сапар жол кешеміз. Күн ілгері, жол ұзақ, ұғысамыз (*Шәкенге қатты*). Біздікі шын достық. Ұқпай көзіңді шел қаптаса, одан айығу керек, айығасың.

Мес. Ә... Білім бе? Білім онда да керек. Һа... Һа... Оқыған маман қатын кімге керек болмаушы еді! (*Қулаһып*). Тәйір деген о не... Оның тіпті күдігі жоқ.

Шәкен (*ақырып*). Арам болар. Ондайды іздейтін еркек сендермісің? Бықсыма, сасық, паразит! (*Құсбекке*.) Босат қазір. Әйтпесе, басыңды алып жер бұл кеселің!

Құсбек. Шырағым, тулама, мен сенің жақыныңмын, туысқан қаны жоғалған жоқ менде.

Шәкен. Садағам. Сенен мен жиренемін әуелі.

Құсбек (*Меске басымен белгі етіп*). Келтір...

Алтын (*Кәмәшқа*). Япыр-ау, мынау да осында?..

Кәмәш, бұл не? Бұл не қылған иттік?

Кәмәш. Уай, Алтын! Шіркін, сен асқақтамасаңшы.

Қайдан шыққаның, кім екенің мәлім еді ғой, үрікпей-ақ, ұрыспай-ақ сөйлес.

Шәкен. Ә, сені Қамбардың қарындасы, Арпекем, Есекемнің баласы екен десем, садаға кеткір, бандының қатыны екенсің ғой...

Құсбек. Бандың не? Жаңылма... Банды жоқ мұнда... Басқа...

Шәкен. Жоқ, мұнда, ұры, мұнда банды... Мұнда біздің жау.

Есік сарт ашылып қалады. Шәкен есікке жалт қарайды, есі шығып кеткендей болады. Алдында манағы 6-суреттегі шал, ол бұның әкесі — Қондыбай.

Құсбек. Жау... Ие... Жау болса, міне жауың. Міне екең Қондыбай. Айдалған, тентіреген, үй ішінің бәрі қырылған. Жалғыз сен деп тентіреген екең.

Қондыбай (*Шәкенге ұмтылып, қолын сүйіп жылап, жорғалап*). Аһ, жан балам. Қарашығым, сәулем, сені де көретін күн бар ма еді? Ау, құдай, көрсеттің бе сәулемді. Енді алсаң да ризамын.

Қолынан сүйіп, жорғақтап.

Жалғызым! Шешен өлді, бауырларын бітті, сенсің! Сен ғана, өлтір мені, өлтірмесең енді кетпе, тастама... Мені!

Мес (*тыстан жүгіріп кіріп*). Ойбай, тасырлатып шапқан аттылар дүбірі келеді.

Құсбек. Ал қамдан. (*Шалға*.) Тұрыңыз, тұрыңыз, есті жиыңыз, мен өлмесем өлмейсің енді сен де. Тұр, әпкетем.

Қондыбай (*Шәкенге*). Жарығым, міне, қураған, тозған, жараланған екең.

Мес. Ал, ал қаруынды, әзір бол!

Шәкен (*тез өзгеріп*). Әке, қаруың бар ма? Әпкел маған.

Қондыбай (*қармалап алты атарын бергелі созып*). Сәулем, қарашығым! Ал, міне, әкемнен алдым деп ал, мен деп ал. Мә...

Шәкен тоқтап тұрып, ақырын жұлып алады.

А л т ы н. Шәкен! Апыр-ай, не дейін сені.

Ш ә к е н. Доғар сөзді, шығарма үнінді.

Қ ұ с б е к } Болды, жетті, жөнелу керек.

М е с

Т ы с т а да у ы с (*есіктен*). Жоғары кетіп барады.

Өтіп барады.

Қ ұ с б е к. Өтсін, өтіп кетсін. Бірақ қазір тез атқа мініп айналып кетейік, енді адасты. Енді ұстап көрсін. Бол...

Шалды. қыздарды жігіттер мен Мес икемдеп шығаруға айналады.

А л т ы н. Осылай болды ма? Ендеше кедей қызының кеңес жолынан азғанын сендердің көзін көрмесін... Көрмейді... Жеңбессің, мен арам болармын.

Ш ә к е н (*Құсбекке*). Басқа жерде адамдарың бар ғой, күштерің бар ма?

Қ ұ с б е к. Бар, бар, бар емей, қазір жөнелеміз солай.

Ш ә к е н (*Алтынға*). Жә, менен ардақты емессің, мен көргенді сен де көрерсің. Жүр былай!

К ә м ә ш. Бәсе, сөйтіп жөнге келсеңдерші өйткенше (*Құсбекке*). Осы мына Алтын кімге дәрі, бұл неме керек?

Қ ұ с б е к. Керек, бәрінен де сол керек.

К ә м ә ш. Не дейсің, кімің еді? Тағы күйдірмек пе ең, баяғыша... Айт, ойбай жөніңді!

Қ ұ с б е к. Қысқарт! Шығарма үнінді.

Алдыңғыларға белгі жасайды. Шал, Мес, Алтын шығып кетеді. Алтынды Мес зорлықпен шығарып, жігіттерге тапсырады, өзгелерді қарулы ұрылар қоршап алған. Осыларды шығарған соң Мес қайта кіреді.

М е с (*Құсбекке*). Есеп тегіс емес қой, түйдің бе ішке.

Қ ұ с б е к (*қаруланып қамданып алып, кетейін деген Кәмәшті бөген, Меске*). Ол жағын түйем, екінші жағын шешпекпін.

М е с. Қайсысын?

Қ ұ с б е к (*басымен Кәмәш жақты нұсқап қалады да, Меске*). Тарта бер, жет енді анау тыққан қонысқа, шырмай бер, әлгі аз шабанды, жабыс тіс-тырнағыңмен енді соған.

М е с. Құп. (*Кете бере*). Қорғанба, ол жақ сенімді. (*Кетеді.*)

Құсбек (түсі бұзылып, тістері ақсиып Кәмәшқа қарай басып). Сенің бауырың ғой, бауырың езілгір. Қал қазір осы арада.

Кәмәш. Құсбек-ай, не дейсің? Сен үшін кетпеп пе ем бәрінен.

Құсбек. Ол сенің бауырың, сен әйелсің, қарындасына тимейді. Орал шылбырына! Бөге! Болмаса Алматыға кетті, ақталуға кетті де, қайта оралып келіп алам.

Кәмәш. Не дейсің, тастадың ба? Қалмаймын ойбай сенсің, жаным ағатайым, әкет мені, әкет, өлтіріп кет мені!

Жабысады.

Құсбек (тап беріп төніп кеп). Шығарма үніңді, болмаса өлтіріп кетемін. Шық алдынан, тап соны, айт жаңағыны, жаныңды бер мен үшін, өл мен үшін. Бағана берген сертіңнің орындалатын жері, міне, осы. Не десіп ек? Болмаса, бөгеуге жарамасаң ұрғашылық қылып, жасықтық етсең айрылдың менен. Жоқпын мен саған...

Кәмәш. Жаным, не дейсің, алдадың ғой, жараладың ғой, қор еттің ғой мені.

Жабысады.

Құсбек (Кәмәштың қолынан ұстап тұрып). Алдағаным жоқ! Шатылма босқа! Бөге, тіпті өлтірсең де бөге Қамбарды, ұқтың ба?

Итеріп тастап шығады,

Шымылдық.

## БЕСІНШІ АКТ

### Сегізінші сурет

Тау іші, сахнаның бір жағы кішкене киіз үй, қос тәрізді. Өзге жағы тасты тоғай, бір жасырын қойын. Барлық көрініс биік тау, жартастар арасына тығылып отырған бір ұры сайдағы ұры қоныс сияқты. Мезгіл түн ортасы ауған, таң алды. Әр жерде шабандар жыны, он шақты адам. Ала көлеңкеде ербендеп жүрген қозғалыстары ұрлық істеп жүрген адамның қалпы сияқты. Әр тастың түбінде қазан асып, шикілі, пісілі ет жеп жүр. Бұл уақиға мен 6—7-сурет уақиғаларының барлығы бір-ақ түн ішіндегі халді баян етеді. Шабандар ішіндегі бастылауы Сыбанбай.

### *Көрініс*

Сыбанбай (орталық жердегі биіктеу тасқа отыра беріп). Жігіттер, болындар, тездетіндер, таң атып қалды. Қазір түтіндерің көрінеді енді мына тастан, бір қайнаса болды. Қалаш-құпаш жеп алсандаршы, соны созып тәйір деген бұ не?

1 - шабан. Уа, қайнауы жетпей жатыр.

2 - шабан. Болды-болды, алып-алып жей берейік, айтам ғой.

3 - шабан. Е, осы жау іші, жау-жалымда кім баптанып отырсын!

1 - шабан. Ой, осы біз шынымен-ақ совхоздан жырылып кеттік, ә?

4 - шабан. Бәсе, соны айт, өзі қайда, қайда барамыз бұл?

2 - шабан. Е, есітпедің бе? Кетеміз. Мына тұрған Қытай, бір-ақ белдің асты. Басшың сүйдеп жатыр.

5 - ш а б а н. У жесек, ұруыңмен деп, әйтеуір Мес, Құсбек барлығы тұтас көрінеді ғой.

1 - ш а б а н. Олардікінің мәнісі бар шығар. Біздің табатын олжамыз не екен?

2 - ш а б а н. Ең болмаса аш-жаланап болмаймыз. Мына совхоз құртты ғой өзі. Қыс бойы ақы жоқ, азық жоқ, осы қыста аштан қататын едік, осы Мес емес пе аман алып келген?

5 - ш а б а н. Үсте киім, баста лыпа жоқ. Ел жоқ, күн жоқ. Құр таста 4-ші ферманың бір отары, әйтеуір деп, аң болып кетпедік пе?

3 - ш а б а н. Өзінің басшысы ма, қосшысы ма, осы тауға тақ былтыр кеп кіріп ек. Содан бері бір Құсбек, бір Местен басқа бірде-бір тірі жан көрінбеді-ау көзге. Осылай да ескере ме екен? Дүниеден аулақта тіпті шын аң болып кетіптіз-ау!

4 - ш а б а н. Рас-ай, елсіз, күнсізде өзге тірі жанды көрмей кеткенімізге тақ бір жыл бопты-ау өзі. Тілеуің бергір осы Мес пен Құсбек қой, қайта, анда-санда кеп «сой, же, іш, өлме, күйлене бер!» деп жақсылық істеген.

1 - ш а б а н. Мес, Құсбек бізді енді мына апаратын жерінде де көгертсін. Болмаса тағы үстіп жүре бер дей ме. Не дейді екен өзі.

6 - ш а б а н (*әңгімеге шетінен кірісін*). Бәсе, ел-жұртты тастап кетіп барамыз. Жат жақ, осы кенескенің бар ма?

7 - ш а б а н. Шын, басты ашып сөйлесіп алайық. Бүгін осы малды мына қиыннан, шекарадан алып өтетін де бізбіз.

1 - ш а б а н. Бәсе, сонда ертең әрі өткен соң, осы малдың иесі кім болады екен, Местің анау күнгі уәдесі қайда. Соны осы арада анықтап алу керек.

Сы б а н б а й. Әй, жігіттер, бұларын жанды сөз. Айтылатын сөз. Қазір осы арада басын ашып алғандарын теріс болмайды. Енді не де болса тәуекелге басып, қауып-қатерге белді байлап, кетуге ниет қылдындар. Оларын ғой даусыз. Енді бәрі бір, қашып кетті деп артыңның өзі де тегіс жау болып алды, қайтуға жол жоқ. Ал алдың болса, қиын өткел, мына тұр. Қатер. Әйтеуір, бекінген соң енді мал жөнінде не деседі екен, Шешіп алыңдар басын ашып.

Тасырлаған дүбір естіледі, ат тұяқтары. Бұлар тыңдай қалады. Уай, бөтен кісі болса жай мал бағып жатқан отармыз дедер! Жылдам



басып Мес, Құсбек, Шәкен, Алтын шығады. Арттарында екі-үш қарулы жігіт.

Келгендер. Уа, жол болсын. Жолымыз болсын, азаматтар! Тәңірі жолымызды қылсын! Иә, тәңір, бере гөр!

Мұндағылар. Жол болсын, айтқаның келсін! *(деп жатысады)*.

Қондыбай. Уа, қарақтарым, ер азамат! Бұл бір-ақ түн. Қайрат етіп көр енді.

1-шабан *(қасындағыларға)*. Өй, мына шалы кім?

2-шабан. Білмеймін. Өй, білген кісі бар ма? *(Ешкім үн қатпайды)*.

Сыбанбай. Е, мына Местің нағашы атасы.

Алтын. Өтірік айтпа, өтірік, алдайды.

— — — Мес алдына тұра қалады.

4-шабан. Мына біреу қыздары кім?

1-шабан. Е, қатындары да, кім қызын қосып жіберді дейсің?!

Шәкен мен Алтын бұл сөздерге құлақ салып шетірек тұрады.

Шәкен *(Алтынға)*. Міне елің! Бұ да саған майдан. Оқығандық қызметінді осылар арасында істе, несі бар екен?

Құсбек *(Шәкен сөйлей бергенде тап беріп қасына кетіп тыңдап отыр)*. Е, бәсе, солай сөйле, түге.

Алтын. Қараң қалсын мұндай күн. *(Шәкенге.)* Өз ақылың өзіңе.

Сыбанбай *(Месті оңашалап алып)*. Мын шабандар, кешегі уәдесін осы арада атап айтсын, біздің жайымызды шешіп берсін дейді. Ананы айтады, кешегі.

Мес *(ортадағы тасқа аз көтеріліп алып)*. Ә, солай ма, онысының жөні бар! Ей, жігіттер! Ең алдымен бар сөзімізді шешіп алайық.. Біз, міне, кеткелі тұрмыз. Ал не деп шешеміз? Сендер томаға-тұйық кетпеңдер. Өздерің, өз бастарың үшін кеткенінді ұғынып ал, міне! Кеңеске жиырма жыл істесең, жиырма тұяқ бітпес еді, алдымызда міне бір отар қой тұр. Мың қой. Осының бес жүзі сендердікі. Он шабансың, әр қайсының, қазір міне, кісі басы елу қойға ен салып ал. Міне, сөз осы. Ал алындар қазір.

2-дауыс. Уа, тілеуің берсін, ау, жолың болсын,

6-шабан. Бәрекелде, сөз осы да,

1 - ш а б а н. Ал міне, сөз-ақ емес пе?

Дауыстар. Уа, жолымыз, жолымыз болсын ендеше.

Құсбек. Ал, шабандар, сендерді кешегі аштықтан да өлтірмей асырап шыққан біз болатынбыз. Міне, сол сендерді асырады, астық алып берді деп бүгін бізді де қуып отыр. Енді бір бас, бір тас болдық. Енді, міне, не мұрат, не ниетке аттанғанымызды ғой ұқтындар?

3 - ш а б а н. Ойбай, Құсбекжан, айт, айта бер енді.

2 - ш а б а н. Айт, қарағым, тапсыр, баста енді өзің.

Құсбек. Болды ендеше, әне (*бірге келген жігіттерге бұйырып*). Әй, жігіттер, шығарыңдар бері әлгі қаруды! (*Он шақты мылтық алып келеді, ішінде алты атар, қос ауыздар бар*). Ал, міне, тегіс, бәрің де қарулан. Енді міне, жанды өлісіп береміз.

Мес. Е, жан бермейміз. Осы малды бір-ақ түн екен, аман-есен алып өтеміз. Өз малымыз.

Қондыбай. Ендеше, шырақтарым, қарақтарым, мен көпті көрген кәрі едім, бір сөзге құлақ салыңдар. Бұл жол қиын емес, гранетса деген бір-ақ көш жер, одан бері де тақ осы қобы, «Адасқақтың» қобысы деген қобы болады. Бұл тасты мыңнан бір жан болмаса ешкім білмейді. Осы араны басқаның бар ма, тегі?

Сыбанбай. Рас айтасың, кәрі. Осыны тіпті туғалы білген емес ек.

Қондыбай. Ендеше сол. Жолы, асуы, барлығы екі айрылып кетіп отырады да, мынаған келетін қиынды ешкім ойға да алмады. Білмейді... Бүгінгі жүрген тірінің мұны білетіні қалмаған-ақ шығар.

Дауыстар. Ә, бәрекелде, ойпыр-ай, өзіміз құтылыппыз ғой онда.

Қондыбай. Құтыласың. Бұйырса оңай құтыласың. Осы қобы, осы кереге биіктің қақ басымен тартады да отырады. Тура гранетсаға барып бір-ақ кіреді. Енді оған барған күнді өздерің көресің. Ол арада да жан баспайтын асу бар. Сонымен бір-ақ кетеміз.

Мес. Енді, жігіттер, жол жайы сол, түк қиындығы жоқ. Бір-ақ аттаймыз. Жолымыз болсын!

Дауыстар. Тек жол болсын, жол болсын. Айтқаның келсін.

Осы даурықтың тұсында Алтын мен Шәкен жақын тұрған тастың біріне шыға береді. Ар жағынан тастың түбінен баспалап қараған Арпабай көрінеді. Алтын бұқ деп белгі жасайды. Арпабайдың артын-

да Нұрбай Олар кейін шегіне береді. Сонда Шәкен қайтып кеп, Мес пен Құсбекке оралады.

Шәкен (*екеуіне*). Ал, жұртқа айтатынды айтып болдыңдар. Енді бізге не айтасындар?

Қондыбай. Е, қалқам, бәсе сүйде. Сүйтсеңші, ұғыссаңшы.

Мес (*Құсбекке қарап*). Айтайық олай болса сендерге айтатынды да.

Шәкен (*екеуін киіз үйге қарай бастап*). Айтыңдар! Біздің де естігіміз келеді.

Қондыбай, Мес, Шәкен үйге кіреді. Шәкен әкесіне оралып жай сұрап жатқанда Құсбек Меске ымдап өзара күнкілдеседі. Осы кезде Арпабай шығады. Шабандар оған үрке қарайды.

2 - шабан. Мынау кім?

3 - шабан. Ей, сен кімсің?

Алтын. Ағатай-ай, сен де келдің бе? Бәсе, иә сәт, жолымыз болар енді!

Арпабай. Ойбай, тәйірі, мұнда екен ғой (*Алтынға*). Бәсе, маған бағана Құсбек «Адасқақтың» қобысы деген десем, мынау (*Нұрбайды көрсетіп*). «Бұл жақта жол жоқ» деп тіпті болмайды. Ал, жігіттер, жол болсын, тәңір жолымызды қылсын енді!

Дауыстар. Айтқаның келсін. Уа, ел екен ғой.

Алтын. Ел ғана емес, басшым десейші. Бәріміздің сенгеніміз осы кісі емес пе?

Арпабай. Е, ел емей, мен сендермен бірге өлем деген кісі емеспін бе? (*Нұрбайға*.) Бар, сен ана аттарды осы араға әкел. Көрініп қалар.

Нұрбай (*кете беріп*). Әй, адасып, қуғын қолына түсіп өлдім-ау деп ем, иә, құдай, берерсің. Әкелейін. Осы мынаның артына қоям ғой атты!

Дауыстар. Ие, осының асты бір ұя тұрған. Қой да сонда жатыр. Бар, әкеле ғой жылдам.

Арпабай. Ал, балалар, ой, қарақтарым, көген көздерім-ай. Енді тек жолдарың болғай-ақ та! Әй, бірақ, жүрегі құрғыр айни береді. Мынау алдымыз иін-тіресіп тұрған әскер, көкбеңбек қару ғой.

2 - шабан. Уа, қойыңызшы, солай ма екен?

1 - шабан. Уа, алдымызды оңайлатып тұр ғой.

Арпабай. Е, тек солай болғай-ақ та. Ал алды-алдымен тұр-ау. Енді мына артты білгендерің бар ма?

4 - шабан. Е, бәсе, о не боп жатыр?

3 - шабан. Немене, қуып келе ме?

Алтын (*Арпайбаға*). Бәсе, сонда, соңғы бір екі-үш күнде шабандар масайрап: жаңа күн туды деп тіпті қуаныштан асыр салып деген не осы? Оны білдіңіз бе?

2 - шабан. Немене дейді?

1 - шабан. Уай, не дейді. Не боп жатыр екен, білдіңіз бе?

Арпайбай. Ойбай, артта көп мән жатыр. Артты айт!

1 - шабан. Е, айтсаңызшы мәнін, қария-ау.

Арпайбай. Уа, бермен жүр ендеше.

Барлық шабан артынан еріп кетеді. Алтын беріде қалады.

Шәкен (*үйде, Құсбек, Местің арасына отырып*). Айтындаршы енді, мынау шабандарың, мынау отарың қалай, не өзі?

Қондыбай. Бәсе, өздеріне мал үлестіріп жатырсындар, мен де ұққаным жоқ-ау, мәнісі не екен?

Құсбек. Мәнісі сол, бұл отардың малы совхоздың бұрынғы санында жоқ мал.

Қондыбай. Не дейді? Ол қалайша?

Құсбек. Бұл ылғи жоғалды, өлді деген мал, актінің малдары. Білғи анау басқа фермелерден құралған мал.

Мес. Бәлем, әсіресе талай одернек болам деген шабандарды шоңқиттым-ау. Бүкіл совхозда, мына Бөлтірік, Қамбар келгенше, бір одернек шығартпай қойдым-ау, ай өзім-ай!

Шәкен (*күліп*). Япыр-ай, қалай дейсің? Тамаша шебер істепсіңдер ғой, жаным-ау!

Құсбек. Бұлардың бәрін совхоз білмейді. Совхоздың ішбір адам, ішбір дүниесін жыл он екі айда бұлар да не білмейді, не көрмейді.

Мес. Оларға палитәддел мен де, деректер Құсбек! Сонан соң белгілі, азықтан, киімнен таршылық болса ол кеңес мінезі. Сой, же, сүтін сау, терісін киім қып ки деген баяғы біздің кішіпейілділігіміз.

Қондыбай. Шынында со ғой өзі. Әке-шешесіндей болған сен екеуің де.

Мес. Міне, ол мәселе солай-а-й. (*Шәкенге жамбастап күліп*.) Ал, Шәкентай, осыншамен, міне, әкенді қашып жүрген жерінен қолға алған, мал-дүниенді аман сақтаған, баяғыңды баяғыша ап-аман, түп-түгел әзір қып отырған жігітің міне біз. Енді, кәні, сен не дейсің? Мынау Алтының не дейді?

Құсбек. Бәсе, екі талайдың үстіндеміз. Енді іште-  
гіні шындап айтысып алайық. Түйткіл қалмасын. Солай  
емес пе, Шәкен? Солай емес пе, кәрия?

Қондыбай (Шәкенге). Қарашығым, балам, мен  
дедің, әкемді таптым дедің, кеттін аналардан. Өзімді  
таптың, жан балам. Енді өлер шағымда тілімді алдың-  
алдың, енді мынау соңғы тілегімді де қабыл ал. Мен мы-  
нау Меске бұйырғым келеді. Не дейсің?

Құсбек. Қалқам, мен сенің жақыныңнан қалған  
жар дегенде жалғыз ағаң екем. Мен де осыны тілеймін.  
Анау Алтынды да дегеніңе көндір. О да өзімізден кетпе-  
сін (пауза). Айтшы, не жауап бересің?

Шәкен. Япыр-ай, енді тым болмаса ойланайыншы.

Шабандар кеткен жактан Сыбанбай шыға келеді. Үйге қарай баса-  
ды Алтын жолын бөгей береді.

Сыбанбай (сөйлей келеді). Әй, мынау шалын кім  
еді өзі? Мынау қараңғы шабандардың басын айналды-  
рып әкетіп барады ғой, шырқ-көбелек айналдырып! Ә?  
Қой!

Алтын (үйге бара бергенде алдынан оралып құшақ-  
таңқырап). Уай, ағай-ай, ол қайтер дейсің, былшылдай  
береді де! Жаным, ағатай, түсі жақсыдан түңілме деп  
еді. Менің жүрегімде бір сыр бар. Таңдап тапқаным сен  
болдың (құшақтайды). Тыңдармысың сонымды айтсам?

Сыбанбай. Өне еді, қарағым? Мына біреудің асы-  
ғыс болып тұрғанын көрдің бе?

Алтын. Жок, бастау қиын еді, бастап қойдым, тың-  
дашы енді мені.

Сыбанбай. Ал, шырағым, айт, айта ғой.

Алтын. Менің сүйген адамым мынау Құсбек еді,  
япыр-ай, енді айту да қиын. Бері жүріңізші, былайырақ  
барып отырып айтайын.

Жетелеп әкетеді.

Мес. Қане, Шәкенжан, не дедің?

Шәкен (Местің қолын сипап). Япыр-ай, Мес-ай,  
шіркін-ай. (Майыса береді.) Не қылды шыдамсыз боп.

Сол кезде тастың арасынан айқай.

Дауыс. Ойбай, қуғын келіп қалды. Ойбай, аттан!

Мес (үйден ата жүгіреді, барлығы жүгіре шыққан.  
Шабандар жүгіріп келеді). Уай, жігіттер! Ал, мылтық-

ты! Өліспей беріспейміз. Бірің қалғанша атыс. (*Өзі мылтығын жұлып алады.*)

Қ ұ с б е к. Ат енді, неге тұрсың? Ат!

І - ш а б а н. Жоқ, бұл мылтықтар атылмайды.

М е с (*ақырып*). Ат енді жаның барында, әйтпесе қырып кетем! (*Өзі қайта ақырады.*)

А р п а б а й. Адырақал, кеңестің кедейі кенеске оқ атады, саған құл болар.

Мес ұмтылып Арпабайды атам дегенде Шәкен ұстай алады.

Ш ә к е н. Атпа оны. (*Мылтықтылар тасырлап келіп қалады.*)

М е с. Шәкен! Жүр ендеше, жүр. (*Жөнеле береді.*)

Ш ә к е н. Тоқта, қашпа!

М е с. Жүр-жүр (*кете береді*).

Ш ә к е н. Тапжылма!

Д а у ы с т а р. Кеп қалды, ойбай, кеп қалды! (*Қондыбай жөнеле береді, оны Арпабай бөгейді. Құсбек Алтынға жақындап әкетпек болады. Мес қаша береді.*) Қозғалма! Мә ендеше, жүзі қара! (*Басып салады, Мес құлап түседі.*)

Ш ә к е н. Ұста, ананы! (*Құсбек қаша бергенде Нұрбай ұстайды.*)

Н ұ р б а й (*ұстап алып*). Сабыр ет. Қазір тексереміз!

Сол уақытта Бөлтірік, Сапар тағы басқа шабандар шыға-шыға келеді. Тастардан секіре-секіре түседі.

Қ а м б а р. Әрине, тексереміз!

Ш ә к е н (*Бөлтірікке Месті көрсетіп*). Міне, совхоздың борсығы. (*Құсбекті көрсетіп*): Міне, алыңдар! (*Шабандар алып кетеді, Сапарға.*) Міне, мынау конфискованная, айдаудан қашқан Қондыбай!

Сапар, Қамбарлар шабандарға араласады. Бөлтірік Шәкенге қарай басады. Осы кезде күн шығып келе жатқан.

Б ө л т і р і к. Япыр-ау, сүйсіндірдің ғой, Шәкен! Әкелші қолыңды.

Ш ә к е н. Шының ба?

Б ө л т і р і к (*қалжыңдап*). Япыр-ай, енді сауда пісетін болды ғой, енді тәйірі. Іріккен дәнеңем жоқ, ал енді.

Ш ә к е н (*атқып келіп қолын беріп*). Ендеше өткелден өтіп келмек ем, олай болмаса мә қолым, міне мен.

Б ө л т і р і к. Ал мен де мә?

Ш ә к е н (күліп қалжыңдап). Солай ма? Ендеше қондырған олай болмайды. Былай болады.

Б ө л т і р і к (күліп). Айтам ғой бұл төбеснді ояды деп. (Қасындағылар күледі.)

А л т ы н (Алатайдың қолын қысып құшақтаңқырап тұрып). Қалқам, каншалық қымбат екеніңді біліп пе едің?

Анау ұялыққырап төмен қарайды. Мынау оның мандайын сипайды.

Қ а м б а р (көппен ілгері басып, мыналарға жақындап келеді. Барлық басты адамдар бір араға топталады). Япыр-ай, кеше совхоз орталығынан шыққаннан бері бір-ақ сөтке болды. Міне, осы бір сөткенің ішінде совхоздың бар түйінінің бір-ақ шешілуі-ай.

Б ө л т і р і к. Ие, бір-ақ түнде түлеп шыққандай болдык, барлық ескіден, паразиттен арылып.

С а п а р. Бәсе, біз осылай, сұрыпталып түлеп өсеміз де!

А р п а б а й. Балаларым, түлек екені рас. Қазір барлық Қазақстанның, жаңа жұртшылықтың өсуі де осылай. Түлеп өседі ғой. Сен соның бір ұшқыны, бір шоғырысын. Көңілің өсе, қайратың тола, мерейің аса түледің. Мұның аты — тас түлек. Тас түлек болсын бұл түлек! (Балаларын бір-бірлеп сүйеді.)

Ш ы м ы л д ы қ.

С о ң ы.

## ТҮСІНІКТЕР

### ЕҢЛІК — КЕБЕК

«Еңлік — Кебектің» 1956 жылы М. Әуезовтің таңдамалы шығармаларының V томында жарияланған нұсқасы баспаға ұсынылып отыр. Шығарма алғаш рет 1922 жылы Орынборда кітап болып шықты; бұдан кейін «Еңлік — Кебек» Алматыда 1956 жылы М. Әуезовтің таңдамалы шығармаларының V томында, 1957 жылы «Қазақ пьесалары» деген кітапта, 1969 жылы М. Әуезовтің 12 томдық шығармаларының 8 томында жарияланды. «Еңлік — Кебек» орыс тілінде 1958 жылы И. Сельвинскийдің аудармасында — «Театр» журналының үшінші номерінде шықты.

Пьеса ел ішінде көп тараған аңыздың негізінде жазылған. Еңлік — Кебек оқиғасының баспа бетінде әр жанрда жарияланған бірнеше нұсқасы бар. Бұлардың екеуі әңгіме, екеуі поэма, біреуі интермедия, екеуі пьеса. Әңгімелердің біріншісі 1892 жылы «Қазақ халқының есінен кетпей жүрген сөз», — екіншісі 1900 жылы «Қазақ тұрмысынан хикая» деген атпен «Дала уалаятының» газеті беттерінде жарияланды. Үшіншісі Мағауия Абайұлының «Еңлік — Кебек» поэмасы деп аталатын нұсқасы. «Еңлік — Кебек» оқиғасына арналған енді бір нұсқа «Жолсыз жаза» деп аталады.

М. О. Әуезов жазған «Еңлік — Кебектің» алғашқысы көркем интермедия түрінде 1917 жылы түптестіріп қатар тіккен қос киіз үйде, Абай аулында қойылды. Пьесаның қойылуы сахнадан адамдар әрекетін көрмеген сахара қазақтары үшін бір жаңалық болады. Кебек пен Еңліктің ғибратты ісі, терең махаббаты сырына енді қанған көрермендер аяулы адамдарға қастық еткендерді айыптап таркасады. Режиссерлік, суфлерлік міндеттердің бәрін автордың өзі атқарады. Ойнаушылар кейде суфлерді тыңдамай, өздерінше сөйлеп кетеді. Осы орайда ойнаушылар аузынан шыққан орынды, ұтымды, шебер сөздер үлгісін кейін автор 1922 жылы жариялаған пьесасына енгізген.

Пьесаның 1922 жылғы нұсқасында Еңліктің әкесі, шешесі, Абыздың ырымшыл, қонақшыл, ақылгөй бәйбішесі Таңшолпан көрсетілетін, ал соңғы нұсқада бұлардың бірде-бірі жоқ.

Пьесада редакциялық өзгерістер де жоқ емес. 1922 жылғы нұс-



қадағы «Келер деп кезін тосып әлі шығар» (44-б.) 1956 жылғыда «Уәделі сәтті тосып әлі шығар» деп өзгертілсе, 1922 жылғы Абыз Есенге «Батыр! Қайратың адам дұспаны арыстанға біткен қайратпен тең екен. Төңірегіндегі торып жүрген кәпірді көрмей, іздеген жауың мұсылман баласы болса, өрісің ұзақ болмас»<sup>1</sup> десе, 1956 жылғы нұсқадағы Абыз: «Батыр десем... белге шықпай ойда ойнақтар бейпіл ме едің? Азамат десем, ауыл үйдің тентегі ме едің? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де... Төңірегіңді торыған жатты көрмей жағаласар жауың жақының болыпты»<sup>2</sup>— дейді. Осы үзінділерді салыстырудан шығарманың сөздері өзгеріп қана қоймай, оның идеялық сарыны да жаңғырған.

1922 жылғы нұсқада Абыз рушылдықтан арылмаған, батагөйлігін місе еткен, бір рудың мерейі үстем болуын көп тілегендігін аңғартса, соңғы нұсқадағы Абыз — әлеуметтік еңсесі биік, көне кездің көрнекті өкілдерінің бірі, заманының қараңғылығын, әділетсіздігін көріп күрсінген ақылғөй қарт.

1922 жылғыдағы: Еңліктің әкесі Ақан, шешесі Қалампыр аттары 1956 жылғы басылымда аталмайды, 1922 жылғы «Еңлік — Кебектен» соңғы нұсқаға кірмей қалған мынадай үзінділер бар. «Таңшолпан. Көбейлер бүгін сізге келіп, сәлем бермекші екен. Келсе, құр ауыз шығара алмаймыз ғой, соған бір мал алып қалайын деп тұрмын.

Абыз. Шіркін, қатын-ай, сондай сөзді маған несін айтып келсін. Мен қонақтан ас іркіші ме едім. Билеген өзің билей берсең болмай ма? Қалған ағайынға өзің біліп ішкіз де алғыс ала бер. Бізге ел тілеуін тілеп, ер азаматқа бата беріп отырғаннан басқа не керек.

Таңшолпан. Абыз-ау, мен оны ұмытады дейсіз бе, білем ғой, әншейін мал мен басты билеп-төстеген кісіше сізге сөз қатпай істегенді лайықсыз көрем. Әйтпесе сіз тірі тұрғанда ел тастайды, мал таусылады дейін бе? Менің де тілейтінім: өзіңнің батамен сол атқа мінген балалардың тәңір жарылқасыны да.

Абыз. Дұрыс айтасын, кемпірім. Ондай шағулы жерге жететін толғауың бар еді ғой.

Таңшолпан (қуліп). Мені сөйтіп мақтаған боласыз ғой. Енді сол малды алғизып қалайын (шығады).

Абыз (жалғыз) Сорлы кемпіріме ырзамын. Өзіме сай жолдасым ғой. Дүние үшін назаланбайды. Қолы ашық, бейілі жомарт, ақкөңіл бейшара ғой. Анда-санда сөз қатып сөйлесетін сырласым да осы.

Таңшолпан. Әлгі кісілер ғой деймін, бір үш атты келеді. Әкем бейітінен өтіп.

Абыз. Болса болар, келсін, келсін азаматтарым.

Таңшолпан. Бұл жолаушы жүріп қайда бармақшы екен. Тағы да бір жайсыз сөз туып қалды ма әлде? Тынымы, тыныштығы жоқ қарашықтарым. Бұлар да бір ел қамын жеген ерлер ғой.

Абыз. Ей, кемпір, Көбейдің қай жүрісін санап отырасың сен. Көбейдің алдына келмейтін сөз бола ма? (Тым-тырыс.) Әлі осыны сырттың тартысына салды ма екен? Сыртпен ырғасқанға шыдасатын төс табанды сый сондай болады ғой. Өзінің толайым нұсқасы бітімшіл, дәнекершіл болғандай.

<sup>1</sup> М. Әуезов. «Еңлік — Кебек». 1922. 14-бет.

<sup>2</sup> «Еңлік — Кебек», ЛММА, п. № 53, 8-бет.

**Таңшолпан.** Өзінің айтқан сөзіне жұрт тоқтағыш дейді ғой, әйтеуір.

**Абыз.** Ел тауқыметі көтерген жақсылар сегіз қырлы болмаса бола ма? Сыртқа салсам екі жүзді нар кескенім Қабекеңім тұр, ішке келсем ел шеңберін аудармайтын Көбейім бар. Не мұңым бар?

**Таңшолпан.** Тек қарақтарым тірі болсын. *(Тоқтап.)* Абыз, мен сізге жорытайын деп ұмытып отыр екем. Бүгін бір түс көріп едім. Қоңілімді сол қобалжытып жүр. Жақсылығын ер-азаматқа жорыңыз, жаманшылығын мен бейбаққа жорыңызшы.

**Абыз** *(түксінп).* Е, мұрдар, не көріп ең, қабағыңда кейіс бар ғой, айтшы.

**Таңшолпан.** Түсімде ел бір үлкен сергелдеңге түсіпті. Тобықтының игі жақсысы жиылған екен. Бәрінің де пішіні түнерген, күңгірт. Біріне-бірі жөнді жауап қатпай, бір нәрсенің тетігін таба алмай, дел-сал болған секілді. Ел әрі-бері сабылып, сергелдең болып жүр. Бір уақытта біреуден келіп: «Не болды» деп сұрасам, «Құншығыстан өрг келіп қалды, соның ақылын таба алмай дағдарып отырмыз» дейді. Сол арада біреу келіп: «Тоқтамыстың қолы сынып қалды, сорлы, мүгедек болды-ау»— деп қайғырды. Би көзінен кәдімгідей жас ағызып жылайды. «Ел басына күн туып, тебінгіден тер жауып, қабырадан қаң жауып, тар өткелден өтем бе деп едім, әлі де бір сыбағам алдымда екен ғой» деп. Осы сөзі аумастан есімде қапты. Бір түрлі шошып ояндым *(түнеріп отырады).*

**Абыз** *(басын шайқап).* Өзімнің бірталайдан түсім бұзылып жүр еді. Тек ер-азамат аман болсын. Құншығыстан шыққан өрт болса, Матай мен біздің ел бүлінісе ме, кайтеді? Бүліншілік шыкса, тағы да талайға баратын сергелдең болар *(басын шайқап).* Най, най.. *(күрсінеді).*

**Таңшолпан.** Жасаған, өзгесі болса да, қолдасқаны болмаса екен. Ел болып шабысқаннан елдің көрген әлегі жеткілікті болды ғой.

**Абыз** *(ұзақ күрсінп).* Жаратқанның бір жазғаны болар. Орынсыз бүлікті ешкім де іздемес. Егескен жаудың тізесін бүтетін еді.. Ендігі іздейтінің береке болу керек.

**Таңшолпан.** Көбей келсе, үгітіңізді айтып қойғаныңыз лайық-ау деймін. Жеңбеген жауым бар ма деп, кеудені көтеріп тасқындап кеткен де жаман ғой, әйтеуір осы түсімнен қорқамын.

**Абыз.** Көбей бастаған жерде бүлік шықпас. Таразыны аудармай ұстауды білер, бірақ ел ішінде есер көп. Көбей қайсысының қолына матау, аяғына тұсау салады. Пәле шығаратын тентек, дау шығаратын сылтау аз ба?

**Таңшолпан.** Өйтсе де сақтықта қорлық жоқ. Жұрттың көбі сізге келгенде азды-көпті өсиет есітем деп келеді. Естеріне салып қойыңыз. «Пәледен масайық кашыпты деген емес пе» *(«Еңлік — Кебек», 1922. 1—5-б.)*

**Ақан.** Осы күн суытып кетті ме, немене ызғырықтап. Әлгі бір әзірде бұлттың реңі бұзылған секілді еді. Еңлікжан қайда жүр? *(Тоқталып.)* Мал жайласып жүр ме?

**Қалампыр.** Малда емей қайда дейсің. Біздің малға көз болатын кісіміз жоқ деген сайын тақаты қалмайды. Күн суық болса, үсіп қалып жүрер ме екен қарағым

**Ақан.** Қарағым еркек бала болса, ел аузындағы азаматтың бірі

болар еді. Құдайдың мұны бергеніне де шүкірлік. Еңлікжаным болмаса, кімді ермек қылар едім?

**Қ а л а м п ы р.** Әй-әй... Шал-ай, әйел бала болып, жынысын басқа қып жаратқан соң әншейін біраз күндік қонақ қой. Көңілдің бүгінгі жұбанышы ғой.

**А қ а н.** Қайтесің. «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» екенін бүгін біліп отырмыз ба? «Әулиге ат айтып, қорасанға қой айтып», бала тілеген кісінің бірі біздей-ақ болар. Тілегін қабыл болған соң қайтесің. *(Мұңайып отырады.)*

**Қ а л а м п ы р** *(отты көсеп мұңайып жылап)*. Би Бәтпа, пірім-ау! Не күнәйі сұмдығыңнан осындай болдым. Мал бітті деп бейілімді бұзған жерім жоқ еді. Мезгілсіз келдің деп тарығып, бір қонақтың атын босқа қаққаным жоқ еді. Ағайын-туғаннан «береген, қолы ашық, меймандос» деген алғыстан басқа қарғыс алған пенде емес едім.

**А қ а н** *(түнеріп отырып)*. Пәкс-пәруардігер, не мұнша назаландырғандай не қылмыс қылдым. Қыруар мал, ұшан-теңіз дүниені бергенінді қайтейін. Қу бас шал қылып, қу тіземді құшақтағып қойғаныңды қайтейін.

**Қ а л а м п ы р.** Атка мініп, соғар соғып азамат балам болса, кімге жалынар едім. Қанаттыға қақтырып, түмсықтыға шоқыттырар ма еді *(жылайды)*. («Еңлік — Кебек», 1922, 17-б.)

**К е б е к.** Ассалаумағалайкүм! Кеш жарық *(Төрге шығады)*.

**А қ а н** Әлихсәлем. Ә... жарқыным, қай ұлсың, танымадық.

**К е б е к.** Ата, мен тобықты Токтамыстың інісі — атым Кебек болады *(Еңлік қарайды)*.

**А қ а н.** Уа, тобықтының ер-азаматы аман ба, елдерің тыныштық па?

**К е б е к.** Шүкірлік, аман, ата *(үй ішіндегілердің бәрімен амандасады. Біраз тым-тырыс)*.

**А қ а н.** Жарқыным, бимезгіл уақытта келдің. Мына пісіп тұрған аз дәмге ырза боламысың, жоқ қайтадан қазан көтерсін бе?

**К е б е к.** Осы да болады ғой, ата, көтермей-ақ қойсың *(бұл уақытта Еңлік шешесімен сыбырласып отырады, Жапал тысқа шығады)*.

**А қ а н.** Өзің түнделетіп қайдан жүрсің, балам.

**К е б е к.** Бүгін бір аңшылық қыла шығып едім. Әлгі бір әзірде бір түлкінің ізі кездесіп еді. Аң көздің құрты ғой. Күн батқанға қарамай соның ізіне түсіп, жаңа міне бір шатқалда алғыздым. Соған алданып жағқанымда бұлыңғыр түсіп кеткен екен. Әйтеуір иттің дауысымен осында өрен жеттім.

**А қ а н.** Мұқұл, балам *(айқайлап)*. Жапал-ай, Жапал!

**Ж а п а л** *(тыстан)*. Ау... немене?

**А қ а н.** Қойды көңге қайырып қой, балам. Ығып кетіп жүрмесің. Боран болып үйтсе-мүйтсе, мына қонағыңның атын ыққа байлап қой. Шарбақтың ішіне кіргіз.

**Қ а л а м п ы р** *(Кебекке)*. Балам, сен әлде тобықтының Кебек деген батырымысың, Еңлікжан атын естіп едім деп отыр.

**К е б е к** *(күліп)*. Батыр дерлік сонша ел шауып, егер қылған өнерім жоқ. Әншейін жұрт қатарлы елге істеген азын-аулақ еңбегіміз болмаса.

**Еңлік.** Бөтен елде отырған соң сыпайылық жөні осы дейсіз ғой. Өз жайыңызды өзіңіз жасырып сөйлейсіз *(күледі)*.

**Кебек** (*күліп*). Сіз қанық болсаңыз болды да. Мен батыр едім. Палуан едім деп не дейін.

**Еңлік**. Кім біледі, баяғыда жауласқан Матайым еді деп сақтық ойлап отырмасаңыз.

**Кебек**. Сақтық ойласам қоналқаға келіп нем бар. Ондай ой қыры жоқ сақтық бола ма? (*Жапал үйге кіріп, ас ішіп отырады.*)

**Ақан**. Батырым, елің алды-салдыдан тыныш па? Матаймен тыныштанған соң енді тыным алып тұрған шығарсыңдар.

**Кебек**. Осы күні тыныш-ақ. Құлаққа ұрған танадай деуге болады.

**Ақан**. Бәрекелде, тыныштық жақсы да. Осы екі елдің тыныш тасқанына көп шүкірана қылдым өзім. Бір ұранды бір қазақтың баласы жатша жұлысып жатқаны жақсы ма? Жер-су жетпейді деген ұрысканы сылтау ғой тіпті.

**Кебек**. Ата, оның рас, бірақ жер-су деген әуелгі сылтау ғой. Біраздан соң ел намысы, ел ұраны деген шығады да, тартыстың көбі сол үшін болады ғой.

**Ақан**. Ел ұраны дегеннің өзін де жөндеп қастерлей ме осы ел? Тобықтымен жауласқанда ел ұраны болсын-ақ, бірақ осы Шыңғысты Матай емін-еркін өзі билеп отырғанда да тыныш отырды ма? Өзімен-өзі күнде қиян-кескі болған жоқ па?

**Кебек**. Онда да солай болып па еді?

**Ақан**. Бәрекелде, болды. Бұл Шыңғыс жердің сауыры ғой. Осының өзінде бір желік бар. Мекен қылған елдің жұлыстан аман отыратын күні болмайды (*тым-тырыс*).

**Жапал** (*Еңлікті түртіп*). Қонаққа әңгіме айтқызайық. Өзі батыр дейді ғой. (*Басын изеп.*) Жорыққа аттанғандарын айтсын (*тоқталып*). Батыр болса болғандай екен. Өзі де алпамсадай ғой тіпті. Айтқыз, Еңлік!

**Еңлік** (*көкетіп*). Дәмесінің зорын, сен әмір қылсаң айтатын шығар (*күледі*).

**Жапал**. Е, айтса қайтеді. Әңгіме айтпайтын қонақ бола ма? Айтпағанда кәрі кісіше жантайып жатқаны жақсы ма? (*Ақырын күледі.*)

**Еңлік**. Өзінің жамбастап келе жатқанын қара!

**Қалампыр**. Е, айтқызсаңдар, айтқызыңдар естің.

**Кебек** (*басын көтеріп*). Бала, осы сенің айналдырып отырғаның мен бе? Қонақтың ырымын істе деп отырмысың? (*Еңлік күледі.*)

**Жапал**. Ұрысқан кісіше томсарып отырғанша әңгіме айтысын отырайық.

**Қалампыр**. Батыр әңгімесін айта берсіп. Біз қазан түсірейік. (*Түрегеліп Жапал екеуі қазан түсіріп, тамақ дайындап жүреді.*)

**Ақан**. Батырым, олай болса, бір әңгіме қозғай отыр.

**Кебек**. Мен ертегі анау-мынауды білмеуші едім. Не әңгіме айтам?

**Еңлік**. Әңгіме жалғыз ертегі дейсіз бе, өзіңіздің жүрісіңізде де талай ертегі бар шығар? Соның бір қызықтысын айтсаңыз да болады ғой.

**Ақан**. Иә, қане, қанекей, қатерге ұшыраған жерде қайрат қылған батырлығың болса, болмаса жортуылда жүргенде қысылшанда жырындылық қылғаның болса, сондайларды айт. Соның бәрі ертегіден артық әңгіме емес пе? (*Жапал қолдарын жуғызды.*)

**Кебек**. Енді сондай әңгіменің біреуін айтсам айтайың, бірақ

ондай әңгіме ұзын болмайды ғой»... («Еңлік — Кебек» 1922, 21—24-б.)

Еңліктің туған ел, өскен жермен қоштасып айтқан өлеңі 1922 жылғы нұсқада он бір шумақ өлең болса, 1956 жылғы басылымда төрт шумақ. 1922 жылғы нұсқадан 1956 жылғы басылымға мына шумақтар кірмеген:

«Көп заман байқамаппын кетті өтіп,  
Жас дәурен өтпес деуші ем үміт етіп.  
Ата-анам кеше ғана алдында боп  
Бұл күнде жар таңдаппын бойым жетіп.

Ағайын, мен қимаймын аймағымды,  
Жүдеттім санасыз қыз аруағымды.  
Тандырып арғын, найман өсегіне,  
Күшейттім құрық беріп жау жағыңды.  
Өскен жер, қош есен бол, хан Шыңғысым  
Өзгермей құт сақтасын жазы-қысын.  
Шүйгін шөп мол суда өсіп мал кіндігі,  
Молайсын ел байлығы көрмей қысым.

Баурында қос өзенің талмай ақсын,  
Балпаң Ши, көп қорығын іздеп тапсын.  
Аралап Мұсақұл мен Жидебайды,  
Пішендік көгалдарға суын жапсын.

Ағадыр, Шүйгін су мен алыс Орда,  
Амандық мен айтамын қетер жолда.  
Ақ дала, қара бәктер, қатар таулар,  
Аман бол үймелеген оң мен солда.

Жылы сай, тас қорамен сен де аман бол,  
Ескектеп ойнап соққан жел де аман бол.  
Мал басың, берекең де өніп-өскен,  
Қара жұрт қоңырсыған қорда аман бол.

Қашқын қыз болдым тастап сендерді мен.  
Аруак, сонда-дағы демеушім сен.  
Тең теңің, тезек қабын іздейтұғын,  
Жаңылма өз аузыңмен дегеніңнен».  
(«Еңлік — Кебек», 1922, 50—52-б.)

## БӘЙБІШЕ, ТОҚАЛ

1918 жылы жазылып, 1923 жылы Ташкентте жеке кітап боп (үш мың дана) басылған. Осы нұсқасы 1960 жылы біраз редакцияланып, екінші рет жарияланды. Осы екінші басылым жазушының 12 томдық шығармалар жинағына (8 томда) өзгеріссіз жіберілген.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 9 томына ендіріліп отырған «Бәйбіше, тоқал» драмасы Мұхтар Әуезовтің өзі 1923 жылы Ташкентте басылған осы нысанның фотокошірмесіне біршама түзетулер жасап, редакциялаған нұсқасы (ЛММА, папка № 506) негізінде жіберілді. Қысқартылған тұстары жас драматургтың әу бастағы қалам тартысын аңғарту мақсатында түсініктемеде

беріліп отыр. Автор тарапынан қайта қаралып өткен нұсқа негізінде (ЛММА, папка № 506) кейбір сөздерге өзгерістер де ендірілді.

1. VIII көріністің басындағы Қайшаның «Бұған не айтасын» деген сөзінен кейін берілетін Дәмеш пен Қайша сөзі қысқартылған. Ол 1923 жылғы басылымда былай берілген:

«Дәмеш — Маған ондай мазақтың керегі жоқ. Апамның бет топырағы жасырынбай жатып бұл қалай қорлаганы.

Қайша — Қарағым, бұл анаң барда айтып жүрген сөз болатын» (21-бет).

2. II перде, IX көріністегі Төлештің: «...отырған орның, ішкен асынан шыға ма» сөзінен кейінгі «Әйтеуір тигізер қастығы таусылмайды білем! Қайша бір пәлмен тоқтамайды. Оның қуып жүргені — кегі. Бәрін де енді-енді ұғып келеміз ғой, кешегі келіншек күнінде апамнан, ағайыннан көрген қорлығының өшін бізден алғысы келіп отыр»,— деген сөздер қысқартылған (35-бет).

3. II перде, IX көріністегі Дәмеш, Төлеш сөздері қосылып кеткен. Ол 1923 жылғы басылымда:

«Төлеш — Қалқам, елемеді деймісің тоқалдың күндес екені, дұспан екені, жас күннен-ақ жүрегімізге сіңген ғой. Апаммен сол ұрысып жүргенде, бізге оңай болды деймісің. Жалғыз-ақ білдірмей жауырды жаба тоқып жүре бердік. Біз емес әке істеген іс болған соң, не шара бар? Енді тоқалдың қуғаны — кегі болса, оған қосылып Бейсембінің қуғаны Есендіктің мал-басын билеу, қайтейің?» (35-бет)

4. III перде, VI көріністегі Ғазиз сөзі қысқартылған: «Ғазиз (жалғыз)— Дәмеш көнсе бүгін алып кетейін, алып кетсем бұлар бізге не қылады. Біздің ауылды оңай қоржын қыла алмас Қайсысы басып-жаншып кете алады? Көп болса малын алар. Аманбай тазаға сүйгенімді беріп жібергенім сүйегіме мін емес пе? Байсалбай аулы әлі өзімізбен қарсы жау. Бәлем кіммен ұстасып жүргенін білсін. Біздің жақта осы сүйінбесе сөкпес. Сүйгенімді алумен, партиядағы жауымды мұқату қабат келсе, ол жерден аянатын не бар? Жұрттың қолы жетпейтін ерлік пен жуандық осы емес пе?» (46—47-бет)

5. III перде, VII көріністегі Ғазиздің: «Мен бүгін сөйлесейін деп келген сөзім көп» деген сөзінен кейін келетін: «Сен лайық көрсен, бүгін де болса алып кетейін деп тұрмын» (47-бет) деген сөйлем қысқартылған.

6. III перде, VII көріністегі Дәмештің: «Ол күнді қоя тұрыңыз. Егер олай болатын болса»— деген сөзінен кейінгі: «Әйтеуір мені бір алып кетіп осы жұрттың өсегіне қалдырмақшысыз ғой»,—(50 бет) деген сөйлем де қысқартылып берілген.

7. III перде, XI көріністегі күзетшінің: «Төлешке айтайын»,— деген сөзінен кейінгі: «Бәлемдер бір қиян-кескі болсын. Араз болғаны жақсы емес пе? Қайта сөздерін қостап үйлерінен тамақ ішіп жүрейін, тұра тұр» (*жөнеледі*). (55-бет)

8. IV перде, II көрініс тұтас қысқартылған 1923 жылғы басылымда ол былай берілген:

## II көрініс

(Ғазиз, инструктор әрі-бері амандасады.)

Ғазиз (инструкторға). Қарім, менің жолдасым Дәмеш деген жісі мынау болады. (Құлақкіреп.) Таныстырған деген осы да?

Инструктор (қысылыңқырап) Ә... ә... жарайды жақсы. Саламатсыз ба, Дәмеш?

Дәмеш. Шұыр.

Инструктор. (күліп). Мен де сіздің жолдасыңыздың бірі боламын бұйырса. Қалаға да барасыз ғой. Жақынырақ таныс болармыз (Күледі. Дәмеш, Күләш та біріне-бірі қарап қысылыңқырап күледі.)

Ғазиз (аздан соң Кәрімге). Біздің елдің сиқын көрдің ғой, бұнда да құтырған партия.

Кәрім. Партиясы жоқ ел бар деймісің?! Қыр тұрмысында біреудің жуан деген айғырлығы қалмай, біреудің жіңішке деген жалтаң көздігі қалмай, елдің бәрі бірдей түсінген hareket кәсіп болмай, байға кедейдің көз сүзіп тұратын телміргішітігі қалмай партия тыла ма? Жалғыз-ақ осы партиядан оқығандар аман болсын десенші. (Әбділда кіреді, амандасады.)

Ғазиз. Оқығандардан партияға кіретін кім бар екен. (Қымыз келеді.) Қырда тұрғаны болмаса қаладағылар кірісе қоймас. Және түбінде не шықса да қызметте жүргендерден шығады ғой.

Кәрім. Реті келсе ептеп бәрі де кірісер. Мұның түп себебі қызметте не оқуда жүргендік емес қой.

Ғазиз. Кірісуге не себеп бар? Қалада жүріп қызмет қылса жұрттың бәрінен солар жуан емес пе? Кім қорлық-зорлық көрсете алады.

Кәрім. Себептің бәрі, менің білуімше, қазақ оқығандарының шалалығында.

Ғазиз. Қай шалалығын айтасың?

Кәрім. Шалалық бір жағында емес бәр жағында. Қазақ жігіттері білімге шала. Алдымен оқу, іс-пікірі саяз. Елшіл болып қызмет істеп көрген жоқ. Тәжірибесі жоқ. Өзгерістің, төңкерістің адамы болып көрген жоқ. Бірдемені құлағы есітсе, кешегі (революциядан) бері қарай ғана есітіп отыр. Ол негізгі білім емес, бояма?

Ғазиз. Бүгінгі қызметі үшін бүгінгі хал-жайды білсе болмай ма? Жұрттың бәріне тарих қажет пе? Бұның тарихсыз өмір сүруге болмайды дегенге ұқсайды ғой деймін.

Кәрім. Жоқ. олай емес, тарих керек емес болса да әр адамды адам қыларлық негіз керек. Кеше патша заманында үйез бен мировойға переводчик болсам деп соны арман қылып, соны қиял қылған оқығандарда немене негіз бар, не білім, не пікір бар. Жетілсем деген тілегінің барын жеткен жері парашыл төренің болыс ағасы болған соң, онда не кісілік болады? Қазаққа не жүлде әпереді.

Ғазиз. Е... қазақ оқығандарының бәрі солар секілді ме, жақсысы да бар емес пе?

Кәрім. Мен көпшілігін айтам. Бірінен бірі қара үзе де кеткен емес қой. Шеру күні қаралас деген бар емес пе? Осы күні қай жердегі қазақ жігіттерін алсаң да тоқсан проценті әлгідей. Солар осы күнде не істеп отыр? Нені мақсат қылып отыр?

Ғазиз. Не істейді?! Әзірше оқығандар елді сынатты, пәлендей қиянат қылды деген сөз естілмейді ғой.

Кәрім. Қиянаты осы партияға кірісуде қалада тұрып, қызметте жүріп қатарлы интеллигентке ұқсап жүрсе де, солардың ойы мен қиялы қырда жүреді. Жетілген күнде қырға барып, мырза болып, бай болсам дегенді қиял қылады.

Ғазиз. Бұнысын сөуге бола ма? Бұл елді сүйетіндігін көрсетпей ме? Оның түпкі себебі оқығандардың елшілдігінде деп білемін.

Кәрім. Елшілдік бір оқып адам болып, надан жұрттан озып барып, содан қайтадан елдегі жуан мен мырзаның қалпына келуде болса, *(басын изеп.)* оған тәңір жарылқасын айтайық. Біздің жігіттердің көбі қаладағы кісілікке тоқтай алмай, қырда да атағы жер жарып, айдынынан жұрт ығысып отырса екен дейді. Сондықтан партияға кірісіп, қулық пен сұмдықты қоймай жүрген жуандардың бірін сүйейді. Оның арты елге түпсіз залал Мына Қызылшілік болсын қаладағы оқығандары осындай қылып бүлдіріп отыр.

Ғазиз. Осының бәрінде қазақ оқығандарының қырды сүйетіндігі бар. Бұл және басқа жұрттарда бар ма екен?

Кәрім. Басқа жұрттың қазақ секілдісінде бар. Расын айтасын, онан соң бір оқығанның партияға кіруі жүз жуанның кіруінен залалырақ, себебі ұлық кіріскен соң, кімде болсын белсеніп кіреселі. Сондықтан зорлық та, жуандық қиянат та, өштік пен қастық та әншейіндегіден үш есе артық болады. Өстіп пәлеге өзіміз дем берген соң, қырдағы партия басыларға не сорым?

Әбділдә *(еңкейген басын көтеріп)*. Төрене құлдық, қарағым, төрене құлдық *(бәрі күліседі)*. Тіпті талайдағы айта алмай жүрген арманды сөзімді өзің айттың ғой!!

Ғазиз *(күліп)*. Әбең балта сабы жерден қосылайын деп, бағанадан баспа ғып отыр екен ғой.

Әбділдә. Қалжыңым емес, шыным осы. 3 болыстың партиясына қаладағы ұлық болып отырған Мұхамеджаның кіріспесе, біз де қойдық партияны. Осы елдің тынымсыз дейтіні — мен. Мен міні өзіммен байлау қылдым, жалғыз-ақ ана тентегің Мұхаммеджанды тыйшы. Ол мына елдегі жуан достарын тыйсын. Сонда біз сап боламыз.

Кәрім *(күліп)*. Жуандар тыйылса шын тыйылар ма едіңіз?

Әбділда. Өзге жуанды қойып, осы Бейсембіні ауыздықтап, партияға кіргізбеші, тіпті сонда да мен тыйылайын.

Ғазиз. Бұл елдің таласына бас болатын Бейсембі екені рас, бағана айтып едім ғой, ол сайлау басында еркін жүрсе, ел бүлінбей отырмайды.

Кәрім *(Әбділдаға)*. Ақсақал енді Бейсембі тиылса тиыламын дегеніңді мен уағда қылып ұстадым. Бейсембіні мен тияйын, сізді мына Ғазизге тапсырамын. Осы сізді аңдиды. Уағда ма осы, жарай ма?!

Әбділда. Болды мен тоқтадым. Ақ жүрегінің бірі осы ғой, момындығы болмаса бұ да бір қызметте жүрер еді ғой. Әншейін момындық тазалықпен құр қалып жүр, осы Ғазиз жолдасына-ақ тапсыр.

Кәрім. Жарайды. Тапсырғаным осы. Ғазиз сен мына ақсақалды бағасын ғой?

Ғазиз *(күліп)*. Бағайын, баяғы ақсақал бұзылған күні мен де бұзылам ғой. *(Аз тым-тырыс, һәм жиылады.)*

Кәрім. Жә! Енді мен жүрейін, үйлеріне келген шығар.

Ғазиз. Енді кешке біздің ауылға қонақ боласың ғой?

Кәрім. Барайық дедік қой бағана.

Ғазиз. Кешке сайлау үйіне барайын, мен әзірше жүрейін. *(Кәрім шығады.)* (63—67-беттер)

9. IV перде, III көріністе Әбділданың: «Әрине, сондай өгейлік көрмесе, туысқаннан туысқан неге кетсін»,— деген сөзінен соңғы:



«Өмірі бойыңды өсіргісі келмесе, қайтіп шыдайсың» (69-бет) деген Әбділданың осы сөзінен кейін келетін Төлештің: «Қысқа күнде тізгінді қырық бердім»,— сөзінің алдынан келетін: «Бейсембінің өзге істеп жүргені де толып жатыр ғой. Бірақ соның ішінде осы маған қылғаны көрінеу құдайдан безгендік емес пе» және Төлештің осы сөзінің аяғында келетін: «Неге қас қабағыма қарамайды? Тіпті Есендікке шықтым деп, сонда құтыла ма? Есендік не, тоқал не, мен жығылсам тоқалға жығылған болам»— деген сөздер де қысқартылып берілген (69-бет).

10. Осы көріністегі Төлештің: «Жұрттың бәрі оны төбесіне көтереді»,— деген сөзінен соң келетін: «Айрандай аптап, күбідей пісіп отырсын. Мұны қалай деп айтатын бір мұсылман жоқ» және «Жазықты болсам сенен соң болып отырмын», «Қаңғырып жүре беретін қозы бұты, қой саны, құл құтаны менмін бе?»,— деген сөйлемдер де қысқартылып беріліпті (70-бет).

11. Осы көріністегі «Жылқыда кім бар»,— деп басталатын Әбділда сөзінің алдында келетін: «Балаң сайлаушың бас қатырып алған көрінеді. Бұл өз жұмысын бітірегің.

Ғазиз. Міне, бүгін бір жағынан әдейі ағам жіберіп еді. Жайлары қалай екен, елдерінің іші бүтін бе екен, салқындық кылып елін өз есебінен шығарып алып жүрмесін деп.

Әбділда. Әне, дұрыс, ол жұмысты біз сенің әкеңнен әлдеқашан бұрын ойлаған шығармыз. Құдайға шүкір, мына сақал менен шашты немен ағарды ғой дейсің (*күледі*), Төлеш!»— деген сөйлемдер қысқарған (71—72-бет).

12. IV перде, V көріністегі Дәмештің: «Аға... түбіме өзің жетің бе?»— деген сөзінен кейінгі диалогтар 1923 жылғы нұсқада мынандай: «Төлеш. Үн... (*Әбділдаға.*) Әбеке, мінім қайда!? Әкеме ұрыспа, менің сөйлесетін сөзім бар.

Есендік (*жылап*). Айт сәулем, айт қуатым, менде қатын жоқ. Сендерден басқа балам жоқ. Менің жүрегімнің жартысы сендер емес пе едің? Сені бүйткен Қуатжан мені қайтіп аяйды.

Төлеш (*жылап*). Аға мен өлем, мен (*басын көтеріп алып*) айтатын ақырғы сөзім мына (*Демеужан, Төлеш Дәмешке қарап.*) мыналардың бәрін өздерінің орнына апар... есебін бер. Екінші тілегім, Ғазиз, Дәмеш бері келіндерші (*екеуі қасына келеді, қолдарынан ұстап.*). Мен екеуін костым (*Ғазиз, Дәмеш жылап отырады*). Мен, осы Дәмешке... жетімдік көрсетпеймін деп өлгелі отырмын ғой. Шешесі өліп бір жетім болып еді, енді тағы жетімдіктің зарын өткізбе! Мына Ғазизден айырма (*Есендікке.*) уағда беремісің.

Есендік. Берем, жарығым, уағдамды.

Төлеш (*қолын жайып*). Олай болса ықласыңмен тәңірі бер...

Есендік (*қол жайып бата қылады*). Қарақтарым, өмір жастарың ұзақ болсын.

Төлеш. Мені баласына... атқызған тоқал... тоқал кім?.. ол сенің... қойныңнан, менің шешемнің төсе...гінен шыққан шұбар жылан. Сенің қуатыңды... біздің бірлігімізді сорып жүрген обыр... Сенің әкелік жүрегіңді... менің балалық... жүрегімді мұздатқан суық ібілісім... сүйеніші соның ызғары.

Есендік. Қарағым, жарығым, ұқтым менің тіршілігімді ұмытқан екен. Мен өлік екенмін, енді мен кеттім тоқалдан, кеш, жарығым...

Төлеш. Енді арманым жоқ... ризамын... аға мен қорлықты тоқалдан көрдім... Ондағы кегімді өзің... әпер, осы айтқандарымды

істесең, кештім (ұмтылып.), өзің құшақтап.. маған... (жылап) жүрегіңе қыс. Қуғында... жүріп суып кеттім ғой.. жібітіп жібер (құшақтасады).

Есендік (жылап). Жарығым... жалызым.. ерідім ғой.. жандым ғой... айтқаныңды орындаймын (сүйіп.), құлыным...

Төлеш (айналага қарап). Хош.. (жылылады.)

Есендік (ақырын). Хош, жарығым (бәрі ақырын жылайды).

Төлеш (қиналып). Уһ... Уһ... (бүктетіліп) ендігі арманым (түзеліп)... кегім... тоқал! Қаныма ортақ... уһ... ақыретте... екі қолым.. жағанда (сұлық жатады, Есендік иман айтады).

Күләш (жылап). Өні бұзылып барады ғой.. сәулен ай..

Әбділда (бәріне қарап). Қарақтарым, Төлештерің үйді.

## Шымылдык түседі.

### ҚАРАГӨЗ

«Қарагөз» алғаш рет 1926 жылы Семейде кітап болып бықты. Одан кейін 1960 жылы Алматыда «Қараш-Қараш» атты жинақта, 1969 жылы М. Әуезовтің 12 томдық шығармаларының 8 томында жарияланды. Бұл жолы пьесаның 1960 жылғы нұсқасы баспаға жіберілді.

1926 жылғы басылымда Қарагөз бен Сырым немере; 1960 жылғыда бұлар алты атадан барып туысады. Арасы жеті атаға жетпеген қазақтардың өзара қыз алып, қыз беріспейтін бір салты болатыны соңғы нұсқада әдейі ескерілген сияқты. 1960 жылғы жарияланған «Қарагөзде» жаспақ кеткен кей сөздер сол жылғы қолжазба бойынша: «Қызқырай» («Қараш-Қараш» 1960 ж. 246-бет), «Қыз-қыз-ай» (М. Әуезов архиві, папка 13, 13-бет); «Салдыр-гүлдір» (248-б.) «Салдыр-күлдір» (15-бет); «жұмсаймын» (250-б.)—«касаймын» (19-бет) болып түзетілді.

Алғашқы басылымдағы Қойсары — соңғы басылымда Тойсары болып өзгеріпті; 1960 жылғы басылымда Наршаның әкесі Түрсын аты аталмайды. «Енді Қарагөзге ешкімнің ортағы жоқ. Қарагөз менікі!» («Қараш-Қараш» 1960 ж. 287-б.) деген сөздерден кейінгі қолжазбаның: «Нарша (шұғыл туршигіп қозғала беріп) Неге?! Неге олайша дедің сен, Сырым!? Ортағы жоқ! Бәсе, ортағы жоқ ешкімнің? Тек саған ба, маған ба!?

Жетпеп пе еді?.. Енді де менен бөлмек пе ең?.. Жетті! Же... (ұмтыла беріп, булығып жастыққа сұлқ құлайды)» — деген сөздер 1960 жылғы басылымға кірменгі. (М. Әуезов архиві, папка № 73, 78-б.)

«Қарагөздің» соңғы жариялануы туралы М. Әуезов: «Шығарманың ерте күндегі қателіктерін жойып, жаңғырған жаңа варианттың алдарыңызға ұсынамын. Жалпы пьеса тақырыбы — беймезгіл заманда жолсыз өмір кешіп, ерте татқан қайғы-зардың уынан қаза тапқан өнерлі жастар жайы; асықтық пен ақындық құмарлығында елтіген уыз жастар жайы.

Пьесаның ендігі айқындаған идеясы бойынша: азаптан туған ақындық, қан-қайырдан туған қаза, жеке бастың ғана құй-шерінен бастаптып барып, көп мұңдар, жылдамдар күніндегі азапты ұғынуға, халықтық қайғы қамды ұсынуға беттеген шыбытты көрсетпек. Кесір

лі кер заманың қайғы-қасірет қазасынан туған ызалы шабытты ақындықты бейнелемек»— дейді. (Қараш-Қараш», 1960, 239-бет.)

1960 жылы жариялануында «Қарагөз» идеялық, көркемдік, композициялық жақтарынан көп өзгерген. 1926 жылғы нұсқа прологпен басталып, эпилогпен аяқталатын. Пьесаның алғашқы қалпынан қалған, не оған кейін қосылған сөздерді ескерсек, шығарманың кей жері тыңнан жазылған дерлік; персонаж сөздері де өзгерген. Соңғы нұсқада шығарма — көркемдік жағынан кемелденген, тілдік жағынан шеберленген.

1926 жылғыдағы: «А с а н. Қарагөз?! ...Қарагөздің төркіні олқы ма, сән-салтанаты олқы ма? Не болмаса ақ жүзінде мін бар ма? Қарагөзді хор жігіті олқысынбаса, кім олқысынады? Жас жігіттің алтын тақ пен тәжі Қарагөздей-ақ болады да. Не мін таптың?»— деген сөздер 1960 жылғы нұсқада: «А с а н. Қарагөз? Қарагөздің ақ жүзінде мін бар ма? Оны хор жігіті олқысынбаса, кім кемсінеді? Ер жігіт арман етер алтын тақ, иран бақ Қарагөздей-ақ болмас па?! Не мін таптың?» (1960, 242-б.) болып өңделген.

«Н а р ш а. Сырымның ежелгі елі. Ұзатылып сынсыған қыз бенен күйеушілеген бозбала. Оның туган-туысқаны, елі-жұрты қызығы да сол. Ол өзге жұрттың жақсы-жаман дегенін ескерген емес. Мен білген Сырым болса, осы шымылдық ішінде ол да бар.» (1923, 38-б.) деген сөздер «Мен білген Сырым болса, осы шымылдық ішінде сол да бар» (1960, 261-б.) болып ықшамдалған.

І - қ а т ы н. Қыздың отауы осы ғой... Күйеулер осында ма екен.

ІІ - қ а т ы н. Қой, бұл емес шығар... Ана жақта бір ақ үйлер тұр ғой.

І - қ а т ы н. Жок, осы. Анау дәдегелерінен танып тұрмын. Біздің ауылдағы Ұзынтұра қайнағаның бәйбішесі істеген осыны. Іші қандай екен. Кірсек қайтеді? (Қатындар келіп кіреді.)

ІІІ - қ а т ы н. Алған малын түгел жасаймын деп отыр деп еді семіз бәйбіше. Пәлен-бәтір еш нәрсесі көрінбейді ғой өзінің.

І - қ а т ы н. Бұл жолы бермейміз, жасау-жабдығымыз дайын емес дескен екен... Қыздың бұзаландап жүргенін сезіп, тоқтатпай беретін болыпты ғой. Сондықтан шала-шарпы ісі бар шығар.

ІІ - қ а т ы н. Қарагөзді бұзып жүрген кім екен. Сұлу, сұлу дегенге босқа асқақтап жүр ме? Әлде күйеуі жаман ба екен?

І - қ а т ы н. Кіммен бұзылғанын білген жан жоқ дейді, әйтеуір, мына күйеуіңе риза емес болса керек. Бірақ күйеуі кем емес, кім біледі.

ІІІ - қ а т ы н. Қойыңдар, күйеуді көрейік. (Шығады.) Мыңау үйді «Жар-жарға дайындап қойған ғой тегі» (1926, 21-бет) деген сөздер 1960 ж. басылымда былай өңделген:

«І - ә й е л. Қыздың отауы осы ғой. Анау дәдегелерінен танып тұрмын. Ұзынтұра қайнағаның бәйбішесі істеген. Іші қандай екен, кірсек қайтеді? (Үйге кіріседі.)

ІІІ - ә й е л. Алған малын түгел жұмсаймын деп отыр десіп еді семіз бәйбіше.

ІІ - ә й е л. Түгел жұмсап құтырып па? Онда қыздан олжа қылғаны қайсы?

І - ә й е л. Бәсе, «бұл ауыл қыз сатумен байыған ауыл» деп сөйлейтін қауесет бар ғой.

ІІІ - ә й е л. Бәсе, тегін болмас сол сөз. Пәлен-бәтір мол жасауы көрінбейді ғой!

I - әй е л. «Бұл жолы бермеймін, жасау-жабдығы дайын емес дескен ексн. Қарагөздің наразы болып жүргенін сезіп, тоқтатпай бетін болыпты гой.

II - әй е л. Қарагөзді жолдан аздырып жүрген кім екен, ей?

I - әй е л. Досы кім екенің білген жан жоқ дейді. Әйтеуір мынау күйеуге ырза емес деседі.

III - әй е л. Көрейікші күйеуің! Бұл үйді «Жар-жарға дайындап қойған-ау тегі» («Қараш-Қараш», 1960 ж. 250-б.)

1926 жылғы нұсқада жоқ, тек 1960 жылғы басылымнан кездесетін сөздер аз емес. 1960 жылғы нұсқада айрықша сөз болатын Сырымның егінші, балықшы шалдармен бірге тұрған кезіне арналған алты беттей сөздер 1926 жылғы басылымда жоқ (1960, 275—281).

«Қарагөздің» 1926 жылғы нұскасынан калып қойған ойдым-ойдым өлендер мен сөздердің кейбірі мынау:

«Ұшады кешке жақын көк көбелек,  
Дертінді сөндірейін су себелеп.  
Түскенде сен есіме, ой карағым,  
Жортайын аш бөрідей тау жебелеп.

(«Қарагөз», 1926, 6 бет)

Асықты құдай өзі жаратыпты,  
Асық қып бір-біріне қаратыпты,  
Адам да хауанаға болған асық.  
Солардан асықтарды таратыпты,  
Қуаншы, ұзақ болсын сүйіскен жас!  
Жаманға асыл тасың бәрі бір тас.  
Асылды асыл ғана таңдайтұғын  
Асыл жас, бірігіңдер бір бас. бір тас»

(«Қарагөз», 1926, 12-б.)

«Ешкі берсен — сарыдан  
Мол қолда бол жарыған  
Түсін атап, енін айт  
Асып кет те бәрінен.  
Беремін деген қай қатын,  
Шығарып беріп жанышан,  
Бергенім осы менің дер.  
Алыстан келген кей қатын  
Берер едім аямай,  
Жақын емес елім дер.  
Бермеймін деген кей қатын,  
Дуниенің билігін  
Үйдегі білер ерім дер.  
Сылтау қылып кейбірі,  
Өкпелімін бұл тойдан  
Веретін жоқ жерім дер.  
Желдіртпелеп кейбірі  
Сабыр қылып тұра тұр.  
Берейін саған кейін дер.  
Кейін барып сұрасаң  
Ұнамай тұр менімен  
Мен емес сенің теңің дер»

(«Қарагөз», 1926, 45—46-б.)

«Сонан соң сері Сырым сынығынан жамалып тірлік етті Ардақты жұрт! Ақын жайын өлеңмен айтқанымды ұғарсың, айтайың:

Моладағы соңғы түн аруактан соң  
Төгіліп ағыл-тегіл өлең кетті.  
Сырымға ұшан-теңіз сөз дарыды  
Асығы бата беріп, қол сермеді.  
Аздап соң дәурендеді ақын тілі...  
Іркілмей жақ сарнады күні-түні  
Қайғы мен шерден туған ақын болып,  
Шерменен аспанға өрлеп жалын шықты.  
Біресе бүктетілген селдей болып  
Екпіні тау теңселтіп, тасты жықты.  
Құба жон ордай болып осылап қап,  
Шәрші өрде шабынғанды інге тықты.  
Қолына сыбызғы мен қобыз ұстап,  
Сайқалдап сар даланы шарпып өтті.  
Кескекпен шапшып тұрған ашулы жау  
Бетінен шошығандай жасып ықты.  
Әуелде ызаланған жауын қуды,  
Зәрің төгіп, көзінің жасыменен  
Қаралы қайғы басқан бетін жуды  
(«Қарагөз», 1926, 70-бет),

Н а р ш а. Рас айтасың. Қарагөздей асыл жоқ. Бірақ Қарагөз кара түнде жанған от болды. Мен сенделіп ұшып, канаты шарпылған көбелек боддым. Қарагөз мені тақымына толтырмады. Жүрегінде жалын бар. Сұлу Қарагөзің мені жатқа балады. Жаным деген жақыны бар, менің қайғым сол» («Қарагөз», 1926, 8-бет.)

С ы р ы м (*Қарагөзге*). Күннен күн өтіп келеді. Көрмесем деген күнге тақап келеміз. Бүгінгі ақ күн, бүгінгі ақ кеш, онан соң қоштасу... Көз тіріде айрылу. Сен жат елдің жесірі, жат ауылдың келіні боласың, әлдекімнің жары боласың. Көрмесем деген күнді мен шынымен көрермін бе?! Мен сонда не боламын? Кімді іздеп өмір сүрем... Жұртта қалған жетім қозыдай осы сайды күзетіп қалғаным ба? («Қарагөз», 1926, 13-бет.)

Д у л а т. Уа, шіркін шерменделер. Дүниеден осы құшақтарын айрылмай өгіндер» деген сөздерден кейін келуі тиіс.

Қ а р а г ө з (*Сырымды құшақтап тұрып*). Айтқаның келсін. Осы құшақ айрылмай аз күнде өлсек те арман жоқ. Тек тәңірі сол тілекке жеткізсін. Қоңілімдегі бар тілекті сен айттың. Тілеуің дұрыс, достығың-ау.

Д у л а т. Қарағым, Дулат сенің жолыңнан не аяйын деп жүр дейсің. Тек бетімізден жарылқасын дейік. Ұзақ сапарды қайыры қылса, бізде арман болар ма еді.

Қ а р а г ө з. Құдайдан сол тілек орындалса, азды-көпті өмір сүрдім деп өкінбес едім.

С ы р ы м (*күліп тұрып*). Сен бізді жолдан тайғызып, жаңадан туғызып жібердің ғой. Мен де, Дулат та — бәріміз де маңдайына тас тиген кәрідей болдық. Біз серіліктен де, ерлік, қызық, тілектен де айрылдық қой.

Д у л а т. Рас айтады. Осы күнде сақал-шашы ағарып, қан-тамыры суалған кәрі-құртаң болдық та қалдық (*күліседі*). Рас айтам-ау,

тіпті... Енді не де болса, бір нәрсеге келіңдер. Бірдеме істендер. Тіпті мына жүрістен өлетін болдық. Күр күрсініп, күр жылап, күр нығымыз түсіп, қаралы қатын болып кеттік.

Қарагөз. Мен кім болдым. Менің бойым әлі оңалған жоқ. Осында келтелі тек жынданамын ғой деп едім. Келгелі жеті күн өтті, сонан бері әлі бір түн де ұйықтағаным жоқ. Маған батып жүрген дерт қандай екенін түгел білген жоқсындар ғой.

Ақбала. Неге білмейсің, біліп-ақ жүрміз. Анықтап қараған кісі байқамайтын іс емес. Сөнуге айналған шамдай еріп, жанып, бітіп барасың. Өңің қандай болғанын байқаймысың өзін.

Дулат. Оны айтпай-ақ қояйық. Кәпір қайғы деген қудың атын атамандаршы осы! Қарагөз күрсінгенде өз өзегім өртенгеннен бір кем болмайды. Мына шырайыңды көріп бір жасап қалып тұрмын. Шіркін, өлең құрғыр да ауызға түспейтін болып кетті осында келгелі! («Қарагөз», 1926, 60-бет.)

## ОКтябрь үшін

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының ІХ томына енгізіліп отырған «Октябрь үшін» пьесасы 1933 жылы «Қазақстан» баспасында жеке кітапша болып шықты. 1969 жылы М. Әуезовтің 12 томдық шығармаларының 8-томына енді. Жазушының мұнан бұрынғы жинақтарына бұл туынды кірмеген, варианттары жоқ. Пьеса сахнаға қойылмаған.

«Октябрь үшіннің» сол басылымында Бекұлы Орымбектің шәғын кіріспе макаласы бар. Онда Бекұлы пьесаны ұнамды бағалай келіп, бұл шығарма арқылы «Жалпы Ресейдің болсын, Қазақстанның өзінің болсын мәдени орталығынан қиыр жатқан Жетісу еңбекшілерінің Октябрь үшін қалай тартысқан тарихымен жұртшылықты таныстырудың өзі аз олжа деп ойламаймыз»,— дейді.

Пьесаның бұл түрі латын әрпімен терілген түпнұсқадан алынып отыр. Бұрынғы басылымында қатысушылардың фамилиялары мен аттарының, жеке атау сөздердің қате кетуі, басқа да емле қателері жиі ұшырайды.

Жаңа басылымда түпнұсқадан байқалған қателер түзетіліп, қазіргі орфографиялық нормаға сәйкестендірілді.

Кей сөздердің түпнұсқасы жаңсақ басылуынан сөйлем мағынасының көмескі, түсініксіз болып шыққан бірер мысалы төмендегідей.

Бірінші перденің, 2-көрінісінің басталуында Жанұзақовтың сұрағына берген жауабында Ысмайыл—«Бағанағы бір нәрсенің «биесі» біраз тың сөздер шығарып тұр. Ала алмадың»,— делінген сөйлемдер бар («Октябрь үшін» Қазақстан баспасы, 1933, 11-бет). Мұнда «иесі» делінген сөз «биесі» болып қате басылғандықтан, бүкіл сөйлемнің мағынасы түсініксіз болып шыққан. Жаңа басылымда ол түзетілді.

Бірінші перденің, 10-көрінісінің аяқ шенінде («Октябрь үшін», 23-бет) Жанұзақовтың сөзінде тағы қате кеткен. Онда: «Жанұзақов. Ие... ие, атындар! Мен еш нәрсе айтпақ емеспін. Жалғыз-ақ сендердің не дейтіндерінді ғана білмек едім»,— делінеді. Осындағы «атындар» сөзінің дұрысы «айтындар» екені жалғас сөйлемдердің мағынасынан білініп тұр. Бұған да түзету жасалды.

Сондай-ақ, үшінші перденің 5-көрінісінде («Октябрь үшін», 67-бет) Фурмановқа байланысты авторлық ремаркада «Кір басып» де-

ген сөздер бар, мұның дұрысы «бір басып» екені күмән тудырмайды. Тексттегі сол кездегі әдеби тіліміздің дәрежесіне сәйкесті сөз қолданыстар, терминдер бастапқы калпында еш өзгеріссіз қалдырылды.

## ТҮНГІ САРЫН

М. Әуезовтің «Түнгі сарын» атты пьесасы 1934 жылы жазылған Пьеса 1916 жылы халық көтерілісін, ел ішіндегі таптық күрес қайың суреттеуге арналған.

«Түнгі сарын» алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1934 жылғы оныншы номерінде (59—77 беттер) жарияланды. Келесі жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасы шығарған «Тас түлек» (1935, 293—379-бб.) атты пьеса, әңгімелер жинағына кірді. Кейін М. Әуезовтің 1956 жылы алты томдық таңдамалы шығармаларының бесінші томында, 1969 жылы М. Әуезовтің 12 томдық шығарма арының 8 томында басылды. Қазір сол басылымы бойынша ұсынылып отыр. Пьеса «Ночные зарницы» деген атпен орыс тіліне аударылып, «Литературный Казахстан» журналының 1935 жылғы 3—4 сандарында жарық көрді.

Ал, осы шығарманың әр жылғы басылымдарының арасында айтарлықтай айырма жоқ. Тек 1956 жылы жариялануындағы «көтертіп», «сілтідей тұнады» деген жекелеген сөз қателіктері 1935 жылғы басылымы бойынша «көгертіп», «сілтідей тынады» болып бұрынғы калпына келтірілді. Бұл пьесаның қолжазбасы сақталмаған. Бірақ автордың алдын ала жасаған жоспары бар. Бұл жоспарға қарағанда жазалаушы отрядтың командирі Семенов кейін қосылған секілді. Жоспар мынадай.

## П Л А Н Ы

### Бірінші акт

Болыс ауылының сырты, көгал. Аз ғана тоғай, бұлақ. Жүзтайлақ дәретке шыққан. Басында қара мақпал шапан, артын ала Мөржан құман ұстап келе жатады. Нұрқан атынан Мөржанға сөз айтып келеді. Тарғынып жауап бергенде ұрысады, көн дейді. Менің сөзімді жерге тастауын деппен. Бұған шекті көнбейсің, жетті. Мен айттым, болды дейді. Нұрқан мен Жүніс шығады. Қалжақтап Мөржанды Нұрқан қақпайлайды. Мөржан тайынбайды, көнбейді. Жүніс орысшалап, алып кет дейді. Екеуін шығарып салып қайта келіп, өзі Бибіштен тілек тілейді. Мынау тәкаппар, паң, бала деп сөйлейді, қатқак етеді. Сыныма толсаң, тақымыма толасың дейді. Сына дейді. Сөрт береді. Көп сынамақ болады. Мөржан ашуланып жұлқынып шығады. Мыналар жабыла талайды. Бибіш әулиесітпей жігіттік неге істемейсің дейді. Нұрқан ұмтылғанда Мөржан дауыстап мұғалім мен Жантасты шақырады. Шығып кетіседі. Мұғалім мен Жантас шығады. 16 жыл оқиғасының кеулеп келіп қалған қызу күндері екені сезіледі. Мұғалім «Қазақ» газетінің басқармасы қай пікірде екенін білмейді. Болыс ісіне наразы. Болыс тыңнан тағы қоралар салғызып жатады. Алған жері Борсақтың қыстауы. Дауысқа бұрылады. Мөржан қашып шығады. Артынан Нұрқан мен өзгелер шығады. Бибіш

сызданып үн қатпай қарап тұрады Жантас наразылық айтады Нұрқан Ысқақ менен Борсақтың қызын аяймысың деп тәкаппар сөйлейді Жауап айтқанша шешендік салыстырмаймын, шатпа дейсің. Мұғалім Нұрканның терістігін айтады Жантас егес сөз айтады Бибиш бір рет ашумен қысқа бір ақ сөз айтады Жантас бұрынғыдан да шырығады Күннің ауырлығын айтады Нұрқан мазақ етіп, кетерінде қақпақтап кетерсің дейді Жүніс араға түседі Бұған Бибиш, Мырза жігіттің бетінен атғызба деп бұйырған Жорғалақтап алдасу сыратады Жантасты басады Бұрыла бере Нұрқанды оңаша алып, итті алдамасам болмас Сыр берме Бөгет бола береді дейді Нұрқан кетеді Бибиш содан кейін Жантасқа ақырады Бір жағында қызғаныш та бар, менен әулие ме еді дейді Сені мен зорлағам жоқ Еріккен бан қатыны өзің тілегенсің дейді Бибиш қатты ашуланып, кәдір білмейтін күл Сүйгенімнен күйіп тұрмын ау Аяғым а отырғызар пем өзгені? Кәдір білгенің осы ма Борсақтың сасық қызына сатып дейді Мөржан қатты шарпысып қалады Бибишке қарсы сөйлейді Жантасқа еріксіз жауап айтқызады Жантас бұл менің жарым Оған мен жар, дос Саған мен түздық қана

Сәруәр келіп Мөржанға болысады Қанрайды Өзі Бибишпен ұрысып қалады Оған қарсы Жүніс шығады Ендеше асылың сол ғой деп, Бибиш бұрын спескіге кіргізбегенін айтып, енді сен алдымен кетесің дейді Мөржан жаңа біліп күйінеді Өртенгендей болады Жылайды мұғалім мен Жүніске шағады Жантас егестім, тастадым деп Мөржанды алып шығып кетеді Жүніс екеуін алдап бірге ертіп жақауратады Жантастың сырын біледі Бибиштің жақындығын қызғанады Пайдаланбақ Құмарлана түседі Мұғалім мен Бибиш қалады Бибиш өкінішін айтып, кәдірін ұқпағанын айтып шағады, жылайды Бірақ өртемек Мөржанды Нұрқанға құн қатын кып бермек Мұғалім аяшықша шақырады Өртеніп ашумен лаулаған Бибиш бұрынғысынан да сұлу ғашықтық, ынтығын айтады Мұғалімді жібің бос, бетімнен атғыздың құмар болсаң сүйдірмедің дейді Мұғалім романтик түрде ғашықтығын баяндайды Молда-ай, қойшы, күйс қайыра бермеі деп тәкаппар Бибиш, ана құманды ал деп, шығып кете береді

Мұғалім ызалы, қатты ренжіп қалады Татьянаның сөзімен «жас бата жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс» деп қата береді Ділда шығады Болыс пен Қәкең келді дейді Мұғалім құманды ұстап тұрады Ділда қауіп айтады Нұрқан ашулы дейді Жантас құшып күдіктенеді Күліп, құманды алады Бибиш ал деп бұйрық етеді Мұғалім әні ең артында

## Екінші акт

### Бірінші сурет

Болыстың үлкен үйі Сәнді Ерекше бай елтаңатты Қәкеңді Бибиш қатты кәдірлейді Қымыз сапырып беріп отырып уақытты қолайсыз болғанын, бұлайша қарсы алмақ емес еді Ат шаптырып, той қыта қарсыламақ еді Құдағидың келгенін күтіп еді Нұрқан та солай адвокат болса баласына қызын айттырған Жаңа құда қағаты сыйлас Қәкең де елдің тотқынын өгей дейді Басқалы келген Кемпір Ділданы табылайды Бибиш осының баласы дейді Кемпір қиялына түседі Мұғалімнің тілін айтады Қойғызындар деп жатынады



Болыс пен Қыдыш келеді. Елдің толқыны асқындап, бүгін спеск кабарын естіп лаулап, болыс ауылына келіп қалған. Көпшілік Борсақ қалың Олжайға не қылушы еді, елдің іргесін ойлайық дейді. Адвокат тоқтау айтпақшы, әдейі әкелінген. Нұрқан жуандық сөйлейді. Жантасғы байлап алу керек дейді. Мұғалімді шақыртысады. Тоқтат дейді. Жұмбақ дұспал тілекті Бибіш те айтады. Мұғалім адвокаттан «Қазақ» газетінің пікірін сұрайды. Газет пікірі менің пікірім, не қыласың дейді. Өз пікірінді айт дегенде, халыққа айтам, сонда естисің, әзірше тоқтау айт дейді. Барлығы жабысады. Мұғалім кобалжиды. Көнуге айналады. Жорға Қыдыш: ол екінші жағынан ағайынның деп Жүністі де шүйлейді. Нұрқан кемпірді қорқытады. Келініңді алғызбайым, өзім алам, балаңды тыймасаң баладан да, келінен де айрыласың дейді. Лаулаған жұрт келіп қалады. Төнеке, Жантас, Жүсіп, Жұмажан, Бөрбасар көп атынан спескі қолға бер дейді. Керіс үстінде Бибіштің тағы тілі тиеді Жантасқа. Мөржан, Сәруәр бірге келіп тындап тұрады. Қыдыш майдалайды. Сәруәр ащы сөйлеп қалады. Қыдыш қуана күлкіге айналдырады. Адвокат сөйлесін дейді.

Кәкен «әкесі өлгенді де естіртеді, бересің баланы» дейді. Болыс қатты айттың, жарамайды. Тон мойын ел дейді. Мұғалім: шен таққан төренің алғаш сатқаны ол емес дейді. Ел лаулап, үйді теңселтіп... шатақ күшейді. Мөржан қызу. Өзі де көптің, күйіндінің бірі екенін сезіне бастайды. Сәруәрден ақыл сұрайды. Жантас бірге кетеміз дейді. Нұрқан бокты аларсың дейді. Көшіріп әкетпек болып қимыл қылады. Жантас болыс бері кіреді. Ел даурығы Қыдыш пен Төнекенің ергесіне саяды. Қыдыш күш айтады. Бір айғайымнан қалмайды олжай дейді. Жүніс ұранға қызады. Олжайдан жүз жігіт, мыналардан жүз жігіт жазылған. Олжай бес есе көп... Жұын бұрынғысынан да асқынады. Болысқа қатты сөз айтылады. Қу болыс соңғы епке салады. Қыдыш ұлыққә, патшаға кісі шаптырайық деп, әдейі Кәкенеп отырмыз деген.

Болыс ең соңғы ретте: алдында жаным да шықсын. Жаз мені, жасым қырықта, Нұрқанды да жаз деп, Жүністің өзін де жаздырып, бірге кетем екі жігітпен дейді. Қыдыш мойнына бұршағын салып көк қасқа айтады. Тілеулерін тілейді. Адвокат расписке жасайды. Болыс пен соның өзіп, патшаға барып арыз беруге сайлайық дейді. Елге шығын салатын боп, елді тоқтатады. Мыналар патшаға бармақ. Жантас Мөржандарды көшіріп әкетеді. Мұғалім бірге кетеді. Жүніске Бибіш: ісім осы дейді. Толмадым деп көпке қосылып кетсіді. Тұманды жер боп қалады. Ел тобын жазбайды. Не қылғандарыңды із салып андиды, тосады дейді Жантас, Төнеке. Кемпір баласына ермей Бибіштің ықпалында қалады. Жұмажанды да жырып алып қалады Нұрқан.

## Екінші акт

### Екінші сурет

Облыстық қалада, ел пұлына болыс қонақ шақырып, оязбен, адвокатпен рақат көріп жатыр. Қарта ойнайды. Бибішті қалаға ала келген. Бәрі тегіс Бибішті кәдірлейді. Бибіш оязбен әзілдеседі. Патшаның сұлулығын айтады Бибіш. Болыс өзіне, Бибішке қажы киімдер алған. Ел хабары келеді. Жантастың ісі асқындаған. Ергесіп

Нұрқанды қорқытып кетіпті дейді. Және қол жиып, оқшау шығып жатып, құрал соғып жатыр дейді. Қысылған Шатақан жетеді. Жылқының бәрін айдап ап мініп, сойып жатыр, кемпірді байлатып қойды Нұрқан дейді. Ояз бұйрық етеді. Әскер шықсын, Жантас пен мұғалімді ұстап әкеп жапсын деп байлау шығартады, адвокат пен болыс.

Хат тосқан. Іс шықпайды. Іздену керек емес Жігіт берілсін деп адвокат байлау жасайды. Өзі, бірақ жақсылап арыз жазып, болысты ертіп, біраз жүріп қайтпаққа байласады. Қыдышқа келеді. Елден қысылғандықтан келген кемпірді ала келген. Ояз активнирақ болсын. Бес мың сом кесу соның ұсынысы, бастықтар дегенде жалғыз Жантасты атайды Қыдыш.

Есендікке, саулыққа ұлықпен арақ ішіседі. Нұрқанға хат жазып, жігітті әскермен, оязбен бірге қамдап берсін деп тапсырады. Қыдыш пен болыс ұсынысы, елді алдап қолға қондырамыз. Қуғанда жалғыз Жантасты ғана қуу керек, соның басына бәйге тігілсін деседі. Ояз бес мың сом бәйге тігеді. Ол қашқын деп жарияланады. Соңғыны Бибіштің сөйлеуімен ояз тез қабыл алады. Тамырмыз деп Бибішпен қол алысады. Ояз бен адвокат кетеді. Адвокат ояздан бұрын кетеді. Бәйге тіккізер жерде ол кібірткітеп қарсылау болады. Кемпір соған жалынады. Елдің дәмесі сен едің ғой, о да елің ғой деді. Адвокат байлау жерде болмай шығып кетеді. Дағдырыңқырап қалған болыс, Қыдышқа Бибіш соңғы екпін береді. Жантас жау деп жарияланған. Мерген екендігі айтылған. Ояз кеткеннен кейін ел-елдің кедейі тегіс қосылып соңына ергенін айтады Қыдыш. Болыс Жантасты өлтіріп, Мөржанды Нұрқанға тартып әпермекті серт етеді. Шатақан кемпірді табалай отырып қорқытады. Оқыста Жантас кіріп келеді. Кемпір трагедиясы — ана трагедиясы. Баласы айырып алғалы қуа келген. Қу жанды көк шүберекке түйдім, алып кет мені де өзінмен дейді. Жантас болысқа: алдында жалғыз-ақ кезең — ол өлім. Жаның барда шағымынды тоқтатып, әскерді тый дейді. Болыс ант етеді. Қыдыш куз болады. Бибішпен тағы егес қайратқа соғып, шабақтай ілермін дейді Жантас. Жігіттерімді сенімен тояттатармын дейді.

## Үшінші акт

Болыс кеңсесі. Нұрқан болыс орнында. Ояз шыққан. Ауылда қалың әскер. Қыдыш кеп Нұрқанға ақыл салады. Іс қылмақтың алдында байлау керек. Қыдыш елді әуелі еппен тоздырам дейді. Ол жерде Борсақ Жұмажанды Нұрқан алдайды. Қолына қондырған. Үстем болып, қол арасында жік болатын түр бар дейді. Келін сондай хабар алыпты. Ол жерде Жүзтайлақтың жансызы бар. Сол жігі білінген жерге сына қағамыз. Борсақтан басқа мұнапас деп Олжайды бір ыдыратайық дейді. Жұмажан ұрланқырап хабар тасиды. Екінші, Жантастан басқаға жаза жоқ деген бір лақап тағы кетсін дейді. Үй алдындағы бірер бос адамды сондай бір хабармен лақтырып жібереді. Нұрқан баяу қорғанады. Ояз қасынан Бибіш келеді. Қалжыңдайды. Өз жансызынан келген хабарды айтады. Тәнеке барады, қарсы алыңдар, ұстап қалыңдар, бүлдіргіш сол депті. Ертең, қол Найзатаста түнейді. Оған шекті бір-екіні жібере беріңдер. Сол жерде үстінен түсесіңдер депті. Оязбен қосылып Нұрқан, қарательный отряд бастығы осы планды жасайды. Әскер жүреді. Ояз тоңар

деп Бибіш нығына қымбат ішік жапқызады. Спирокті алғызып, болыс, ояз, Қыдыш соны актаруға кіріседі. Тәнеке келеді. Елдің ішінде болыс салған бүлікті айтады. Тізім алынбасын. Алынса біз тізіп береміз, ел боп тіземіз дейді. Бұны қаматады. Байлатып жатқанда қараңғыда Жантас, мұғаліммен бір қол кеп кіреді. Қыдыш жорғаққа салады. Оязға тимендер, бүлінесің деп ұлықты алып шығады. Өзгелерін жібертпей қуып Нұрканды шаңыраққа аспақ болады. Бибіш мұғалімнен кезек сұрайды. Мұғалім Нұрканды сұрап алады. Мұғалім мен Бибіштің сахнасы. Сиқырлайды. Сөйтіп тұрып қолына Жақанның хатын береді. Мұғалім толқынып, қатты ойда қалады. Нұрканды босаттырады. Тәнеке өкінесің дейді. Жантас бұл емес үлкені дейді. «Қармағымды шабағыңда қандамаймын, шортанын ілдіремін», «Алыстағы сәлемнен әзір тұрған құшағым игі»,— Жантас сөздері. Сол сағатта болыс кеп қалады. Бибіш сасып, не қыламыз деп қайла ойламақ болғанда Жантас бастырмайды. Болыс кіріп келеді. Жайды көріп күліп жіберіп, шүйінші, бостандық алып келдім, қандаралдан шықтым түсте дейді. Оңды-солды шүйінші деп айқай салады. Ел сасып ыдырай бастайды. Мұғалімге сәлем айтады. Жұмажанды тағы пайдаланады. Мұғалім жасып тойтарылып қалады. Жантас, Тәнеке ендеше елге жүріп, осыны баян етесің деп болысты ұстап әкетеді. Нұрқан жалынады. Мөржан бірге келген Сәруәрмен өтірік айтып тұр дегенді айтқан. Аранда сенішім бар. Ішіннен жайлармын деп, Бибіш Мөржанмен ерегескен жерде сөз тастайды. Сәруәр, Мөржан мұғалім екен деп түнеріп қалады. Мұғалімді алып кетіседі.

### Төртінші акт

Елсіз. Тау іші. Қол. Әр жерден ән тырқатқан, айтысқан, ойнап, сүрес, алыс салған, сойыл қағысып, найза түйрескен, сапыласқан, салмақша алысқан. Желікті жігіттер топтары өтіп жатады. Жүніс гүнерген, көнілсіз, біраз жігітті тоқтатып, Олжай қайта берсін депті дейді. Тағы бір топ жігітке Жантастан басқа мұнапас депті. Тағы бір топқа әскерлер келеді, сақ болындар деп арлы-бірлі ұйытқып отырады. Күрсінісе береді. Бөрібасар, Бойбермес те бұны қалжың етеді. Ел сағынған екен Жүкен деседі. Мінген ат, алған сойыстарды айтызады. Жүніс әскер қаруының күштілігін айтады. Шошытарлық қайратын суреттейді. Бірақ шошымандар деп қояды. Шатақан шауып келеді. Қыдыш пен болыс жіберді, дейді. Шүйінші сұрайды. Жүніс өтірік томсарып, жауап қатпай, шүйіншіңді ана елдең қолдан сұра, мен енді жазакеме, күту керек деп сырт қарайды. Шатақан шүйінші сұрап жүргенде Бөрібасар ұстап алып, қалжақ қып босатпайды. Сәруәр келеді. Өкінішті, трагедиялы. Жүніс алдап отырып еппен сыр тартады. Жанғыз бар. Осы қолда. Жүніс қатты қайғырған болады. Әзі ептеп шошынады. Мөржан да бар. Мұғалімді мыналардың серік-е алатынын ұғынды. Жүніс. Шұғылыиан мұғалім туралы күдік ійта бастайды. Сәруәр аңқау бұның қолтығына кіре береді. Өкінішпен жылайды. Мөржан суық сезінгендей ішін тартады. Болыс-ғы алып Тәнеке, Жантас, мұғалім келеді. Бұл кезде түн. Қарауылды мықтап қойғызып, Жантас болысқа шүйіншіңнің жөнін айт дейді. Бірі бастаған қолдың алдында бетін ашады. Толқына бастаған елдің алдына қап-қапты ашқызып, спирокті лақтырып жыртырады. Қол масайрап қайтадан ширап кетеді. Болыс байлауда, Жантас,

Тәнеке, Жүніс қол аралап кетеді. Мөржан, Сәруәр мұғалімді қолға алады. Аздың дейді. Басында ұрыспайды. Ол мойындай түседі. Әсіресе, бұны мүдірткен Жақанның хаты ашылады. Мұғалім қайта ширайды. Енді кім? Енді кім? десіп Жантасты іздесіп кетеді. Бөрібасар, Бойбермес шығып, болыспен сөйлеседі. Кетеді. Қараңғы, Жүніс жалғыз шырып карауылды өзінің артына жіберіп, болыстың қасына келеді. Аз сөз, босатып жатады. Желкесінен Жантас аңдып тұрады. Болыс босанып қаша бергенде Жантас тоқта дейді, ол тоқтамайды, атып түсіреді. Бұл қалай? Жүніс өлтірмейік, кетсін деп қатты қарсы пікір айтады. Мөржан, Сәруар, Жүніспен қағысып қалады. «Қарсақ баласы қайдасың», мынаның әйеліне шейін басыма ойнайын деген екен деп Жүніс әлек салады. Жау кеп қалады. Кімдікісің деген Тәнекенің шұғыл сұрағына Жүніс еріп кетеді. Не айтасың деп? Жау қаптады, ұрыс, аман құтылып кетеді. Нұрқан, ояз өліп жатқан болыстың өлігін табады.

### Бесінші акт

Найзатастың түбінде. Ел ішіне іріткі жеткен. Қол азайып қалған. Кемпір, Мөржан, Сәруәр ширап алған. Кемпір ас әзірлеп жатады. Мұғалім күдігі қатты зорайған. Қайтамын, кететін жігіттерді бастаймын дейді. Мұғалім Мөржанның ерлігіне тамашалайды. Қолды, енді жіберіп Тәнеке, Жантас қашқындыққа баспақ. Қобалжығанның бәрін босатады. Мұғалімді Жантас өзі жөнелтіп салмақ. Қолды бұл жерден көшірмек. Жүніс пен Жұмажан жетеді. Жұмажан жау басқа жерге беттеді деп кеп Мөржанның бетін сүймек болады. Мөржан сескенеді. Анау азғанын айтады. Астындағы кімнің аты, қайда жүрдің дейді. Нұрқан бәйге жиренді сыйлапты. Бөрібасар Мөржанға айтқан: киіті. Бірақ, Жүніс қосылып көшіртпейді. Болыстың өлген жеріне көшіп кеп бата оқыр жасатып жатыр Бибіш дейді. Жанында қол жоқ. Мұғалімді бір көрсем деп айтады дейді. Мұғалім ұмтылады. Сәруәр тоқтатады. Әскер қаптайды. Тәнеке бұның алдында болыс өлтірілгенін, өзгенің дарға асылғанын айтады. Анттасады. Мұғалім антқа кірмейді Жүніс атамын деп ұмтылады. Бөгей береді. Жау қолы, соғыс ашады. Тәнеке, Жантас, Бөрібасар атысқа кетеді. Жұмажан Мөржанды алып кетпек болады. Алдау екені түсініледі. Байың Нұрқан, соған тиесің, бердім дейді. Мұғалім қорғайды. Қаша ұрысқан Жантас, Жүніс, Бөрібасар қайта серпіліп шығады. Қашындар дейді. Тәнекеге оқ тигеңін айтады. Мөржан, Сәруәр жартас басына шығады. Қаша бермек болады. Жау жақын. Нұрқанды көріп, Жантас соңғы оғын ата бергенде Жүніс артынан құшақтай алады. Бір алысатын кезім жетті дейді. Жантас аңырып қалады. Жаулар жүгіріп шығып, Жантас ұмтылғанда Нұрқан атып өлтіреді. Жұмажан тас басындағы Мөржанды көрсетеді. Нұрқан қатынымсың деп ұмтылады. Мұғалім қош-қошын айтып, басын ұстап, қайғырып отырып қалады. Әскер мен Нұрқан қызды қамап алғанда — бөрібір саған жоқпын, — дейді.

Егес... Бибіш: — Адырағал, күнімсің, — дейді. Қыз тастан атылады. Кемпір мен Бөрібасарды көгендетеді Бибіш. Мұғалімді қолына кісен салғызып жатқанда үндемейді, қарап сазарып тұрады. Жүніс: соңғы кісі мен уәдеңнен шықтым, Бибішжан, деп ұмтылады. Сертім осы дейді. Бибіш үндемей басын иеді.

## АЙМАН — ШОЛПАН

Бұл пьеса қазақ халқының лиро-эпикалық «Айман — Шолпан» жырының (дастанының) сюжет желісінің негізінде жазылған. Бірақ жазушы, бір жағынан, 1894 жылы мәлім болған «Айман — Шолпан» хикаясының сарынын сақтай отырып, екінші жағынан, тек қана жыр жетегімен кетпей, оны өз көрігінде қайта жасап, соны туынды етіп шығарған.

Пьесада да хикаядағыдай: шөмекей руы жасаған той, Маман мен Көтібар егесі, Әлібектің Айманға, Арыстанның Шолпанға атастырылуы, Маман аулының шапқыншылыққа ұшырауы, Айманның Көтібарды сөзбен шырмап, есек дәмелі етіп қойғаны, Көтібардың дүмбілез ойды місе тұтып, Айман аруды алам деп азаптанып күлкі болғаны сияқты жағдаяттар сөз болады.

Пьеса мен хикаядағы көркемдік мотивтер, эпизодтардың ұқсастығы, хикая мен пьеса адамдарының бір-бірін еске салатын жайлар бола тұрса да, олардың идеялық, көркемдік, реалистік өресі алшақ жатыр. Хикаядағы прототиптік адамдар, әсіресе пьесаның соңғы нұсқасында, көркем кейіпкерлер боп мүсінделген.

М. Әуезов жазған «Айман — Шолпан» пьесасының 1934 және 1956 жылғы нұсқалары арасында да бірқатар айырма бар. 1934 жылғы басылым мен 1956 жылғы басылым тек уақиға жөнінен ұқсағаны болмаса, көп реттен бір-біріне үйлеспейді. Бұл нұсқаларда оқиғаға қатысқан адамдар саны да бірдей емес, бірінде бар кейіпкер екіншісінде жоқ. 1934 жылғы «Айман — Шолпанда» ұлық жәйі арнайы сөз болса, 1956 жылғы «Айман — Шолпанда» бірде-бір ұлық аты аталмайды. 1934 жылғы басылымның бірінші пердесіне қатысқан Маман, Көтібар, Ұлық, өзбектің өздерін, сөйлеген сөздерін 1956 жылғы басылымнан таппайсыз. Алғашқы нұсқада бірінші перде: басына киіз сәукеле киген құданы тойға жиылған адамдар алдына алып шығып келемеждеуден басталса, 1956 жылғы нұсқа Жантықтың:

Жайлауында жеті ру,  
Желіге шыққан желдірмем.  
Құйрық атып, төс керген

Шандоз аттай ойнайды  
Ақ мартудай мырзам бар,  
Асқақ қыздың талайын  
Тилесе тегін қоймайды,—

деген сөздерімен басталады (5 том, 1956, 197-б.).

Сөз болған нұсқалардың композициялық көркемдік айырымдары да аз емес. 1934 жылғы «Айман — Шолпанның» бірінші пердесі Көтібардың Маманмен егесін ашу шақырғаны, Айманның егестен шошып аң ұрып қалуымен аяқталса, 1956 жылғы нұсқаның бірінші пердесі:

Той... той... той...  
Шап ендеше, солай шап,  
Қызық думан сонда тап, сонда тап,—

деген сияқты ду-думанға арналған қуанышты сөздермен бітеді. Екі актінің сөздері де, композициялық құрылысы да бір-бірінен басқаша. Бұл сияқты өзгерістерді пьесаның өзге актілерінен де кездестіресіз.

Соңғы нұсканың көптеген жері баспан-аяқ қайта жазылған. Бұл 1934 жылғы басылымның бірінші пердесінің мынадай сөздерінен ақ айқын аңғарылады:

### *І Перде, І көрініс*

Ж а р а с. Уа-ау, жарандар-ау, мышаны да бір көрмесіңдер ме? (Күліп нұсқайды. Қатын-қыз, бала-шаға мазақтап күліп, шулап шығады. Ортаға бөлшекше боп сәукеле киген бір құда шығады. Үлкен сақалы бар, жуан денелі, басында киіз сәукеле.) Бұндай сұлу құда көргенің бар ма, сірә! (Отырғандар тамашалап күліседі. Жантыққа.) Уа, мынау Шөмекейдің бас құдасы, мырзалығын неге мактамайсың, жағың қарысқыр-ау!

Ш о л п а н (ақынға). Айт. Шапанын аяп, сәукелеге көніпті ғой. Сілейте айт! (Күледі.) Аяма!

Д а у ы с т а р. Айт, айтып жібер!

А қ ы н (Жантық, құда бұрылып қарағанда):

Уа, құдаға кел жамағат көз салайық,  
Жарастық, сән-тұрманын біз санайық.  
Маржаны құмалақтан, құрым желсек  
Қамшыны жібек бауға шамалайық. (Жұрт күледі.)  
Ат-жөнін бұл құданың сұрамайық,  
Сый екен, әлде кімге баламайық.  
Бұлтиған әне бірді сақалына  
Деп қана тоқтатайық «болды лайық».

(Құда бұлқынады, жұрт күліп итермелеп алып өтеді.)

Ж а р а с (Жантыққа кекетіп, мысқылдап). Уай, бар болғыр, бұ жақсы кісінің ажарын сақтау дегенді білсеңші бір сен де. Сый құдаға сыпайы сөйлемейтін бе? (Тағы бір құданы шығарады. Беті құртпен сыпаланған. Жалтақ-жалтақ қарап тұр жыңдайды.) Ал, мына кісіге не бетіңді айтасың? Тіпті ең үлкен сын, сыпайы маңғаз кісі өзі, осы кісі. Тұрысын карашы! Әнекей тіпті түк жазығы жоқ. Ал не дер екенсің енді?

Д а у ы с т а р. Айт, аяқ. Тағы айт, ақын!

А қ ы н. Уау, құртты бай, құйрықты бай, бауырлы бай!

Қыр арқан келемежден жауырды май!

Енесін ол арқаның ұрасың ба?

Ит жаласа тойғысыз бет-аузын май.

(Жұрт күліп итермелейді. Шолпан ерекше қызықтайды, қатты күледі.)

Ж а р а с (Жантыққа қарап). Ту, ту Сарамас! Саған ба? Өй, сірә дауа болмас! (Бесікке бөлеп бір құданы сүйретіп шығысады. Аяғы салақтап жатады.) Ал, енді осы сәбидің не жазығы бар? (Жұрт күледі. Жантыққа.) Бірақ сен бе, сен осыған да бірдеме айтасың әлі, көзің жаман. Біліп тұрмын!..

Ш о л п а н. Айт, аяма! Тонын аяйтын неге ғой.

А қ ы н. Уа, әлди-әлди бөлем-ай қайда іеткен сені тастап көкең-ай. (Жарасқа домбырасын нұсқап белгі қып.)

Түбегін құрғат, шүмегін түзеп жіберші, *(Жарас түзеді.)* Уа, кіп-кішкене шүйкедей болған шөкем-ай. *(Жұрт күліседі.)*

Сол кезде біреу бүркіт, біреу қоян боп пантомима жасап екі құда ойнап өтеді. Бұларға қарсы ақын соқтыртып күй тартады. Аналар күймен пантомима жасайды. *Балет үлгісінде.*

М а м а н. Бәтір-ау, мынау не деген өнерлі құдалар! Шетінен ойыншы ғой өздері!..

Ш о л п а н *(Айманға)*. Әкем қызыққаннан екеуіміздің бірімізді осы Шөмекейдің құдаларына беріп жүрмесін?..

Ә л і б е к. Тұра тұр, сені береміз! Осы бір жақсы бүркіт болатын күйеу табайыншы саған.

Ш о л п а н *(еркелеп, тентектеніп)*. Жә, болды. Саған күйеу тауып бер дедім бе?

Ә л і б е к. Е, қызығып-ақ отырсың ғой анау бүркітке, құдай қанікей. *(Күледі.)*

Ш о л п а н. Қой сөзді, немене өзің үлкен кісілердің алдында сүйреңдеп болмайсың, не қылған тәйтiк күйеусiң? *(Тымағын басып, көзіне кигізіп қойып, қолымен басып отырады.)*

Д а у ы с. Уа, тағы бір қызық құда келеді. Билеп-билеп келеді... Қара жорға... Қалмақтың жорғасы... *(Ақын соқтыртып «қаражорғаны» тартады, құда жақсылап жорға болып билеп өтеді.)*

## II көрініс

*Жұрт сөйліңкіреп қалғанда Маман қасында жүрген қария.*

Қ а р и я. Уай, Жантық, енді мына байлардың көңілін көтер! Байға сөйлесеңші.

Ж а р а с. Өздігімен неге сөйлемейді бұл. Әлде көңілі батырды барып мақтағысы келіп отыр ма? Ана жақта Көтібар келіп түсіп жатыр деген.

Ә л і б е к. Е, Көтібар болса, батыр болса қайтушы еді?

Ш о л п а н. Батыр, батыр деп бізден артық па екен оның сән тұрманы!..

Ж а р а с. Жоға дейім-ау, әншейін!

Қ а р и я. Е, баяғыдан батырды, бекті мактап болдың ғой, түге. Ендігі балуан да, бағлан да мына отырған бай.

Бір дауыс *(оқшауырақ тұрғандардан)*. Иә, батырдікі не? Шауып алады! Бай ше? Жебей-жебей шауып алады.

Екінші дауыс. Қызыл бұзау, жылбысқа деп. Есебін де тауып алады. *(Жұрт күліседі.)*

Ж а р а с *(соларға жақындап қоса күліп)*. Иә, би қалай алады? Шанға аунатып сөзбен алады.

Екінші дауыс. Бай ма? Құлаштап камтып бөзбен алады...

Ж а р а с. Одан қалған бар болса, таразысы, безбені алады.

Ә л і б е к *(Айман — Шолпанға)*. Батыр, би деп бір қоймайды, сірә, бізге қалған бар ма?

А й м а н. Неге олайша дедіңіз,

Әлде сізде арман бар ма?

Ә л і б е к. Бәсекеде арман көп,

Арылатын дәрмен бар ма?

Шолпан (*кекетін күлін*). Е, байғұс, дәрменіне не бопты?  
Әлібек. Шолпанжан, айта берсек сөз көп-ті. Ойланған ұғар себепті.

Айман. Жарайды, тоқтатайық бұ кепті...

Шолпан (*Айманға*). Апырымыз, не бопты? (*Тектектеніп, жылдамдатып.*) Бір сөзін жыр депті. Бір мінезін қыр депті. (*Әлібекті итеріп ойнап.*) Осында сен келмедің,

Тіпті әлде нендей сыр кепті.

Айман. Шолпан, жетті, жетті...

Маман. Айманжан, сөйлетсеңші ақынды. Тындайық та біз кепті.

Дауыстар. Сөйле, сөйле, баста, уа баста, Жантық, сөйле ақын

Ақын. Уа, жел сөздің енді келсін бас несі.

Сөзімнің байда қалмас несіесі.  
Өзі алған ойды-қырды байым Маман,  
Шалқып тұр шартарапқа несібесі.  
Қол артты жас періге Әлібектей,  
Қан базар, мол сауданың қас несі.  
Бақты алған батырдан да, бағланнан да,  
Бір өзі, бірдің өзі деші-деші  
Ағылған уысына аймақ малы,  
Демейді келерінде кеші-меші.  
Шырмаған Жеті руды саудасымен  
Әлібек аттандырған несіесі  
Ежелден сен жемісін, мен тоятшы,  
Деп айтар зорлық қылдың десе несі.  
Қан жосын, қызыл торғын, мол мүліктің,  
Айманжан, сен отырсын жас несі.  
Атағың көтеріп тұр Маманды да  
Мол бақтың жастай алған мас несі. (*Тоқтайды.*)

Шолпан. Айт, тағы айт!

Дауыстар. Айт, айта түс.

Жарас. Ежелден де бүтін емес, жарты Жантық ең. Олқымды толтырам ба деп жамбастап жүрсің-ау. Барынды бұнда төгіп, ана Көтібардың сыйынан күр қалма. Батыр келгенде неңді айтасың!

Әлібек. Осы кім сүйдеп тұрған. Бізден артық кім екен жарылқайтын бұны. Мырзамсытқаны Көтібар ма?

Маман. «Қу ағашқа әлем байлап әулие» дегенін қояр ма десеңші бұл қазақ (*күледі, қошаметшілері қоса күледі*).

Жарас. Қап, кап, болмас,  
Уа, жарар, бәсекесіз бай болмас,  
Малдың күші онай ма,  
Күш айтқызбай ол қоймас. (*Әлібектерге естірге.*)  
Бірақ Көтібар да күшті ғой,  
Егеске ол да тоймас.  
Шектінің аты Шекті де,  
Зор атын сірә қоймас.



Әлібек. Шекті болса қайтейін,  
 Жеті ру қашан бос қалды.  
 Айтты ғой бай орайын,  
 Қу ағаш па деп салды.  
 Жарас. Есітпес пе Көтібар  
 Бітпестей оған кек қалды.  
 Маман. Көрсетсейші, Көтібар,  
 Сән-салтанат қызығын.  
 Әлібек. Болмаса Шекті бос мақтап,  
 Жүрген-дағы бұзығын.  
 Жарас. Батырды біреу сөйлесе,  
 Байлықтан қорқып іркілмес,  
 Жеті ру, Шекті шайқасып,  
 Боп жүрмесін бір күндес  
 Шолпан. Ендеше өзің айта бар,  
 Боп апсың ғой сен үндес.  
 Жарас. Ал іздеген сен болсаң  
 Сурағаның болсын дес. *(Көпке оқшауырақ.)*  
 Жә, көп момақан, саған не  
 Көптің хоры: Ыстығына күйме,  
 Суығына тоңба!  
 Көр де тұр, тыңда.  
 Әлің жетсе алда.  
 Біріне бірін шыңда,  
 Обал болар деймісің  
 Жынды ұрсаң жынға *(құтырынып, күліп, жұрт-  
 ты еліртін)*  
 Ал олай болса мінекей,  
 Ұр тоқпағым тоқ-тоқ  
 Олар ма? Жоқ-жок,  
 Ал бір бай мен бір батыр,  
 Бір есек, бір қошқар,  
 Бір теке, бір серке  
 Жекпе-жек, жекпе-жек,  
 Тұрт, сайтан, тұрт  
 Үрит, соқ-соқ!  
 Үрит, соқ-соқ. *(Жөнеледі.)*

Дауыс. Тойға ел ағылып жатыр. Ат шабатын мезгіл жақын.  
 Бұ жұрттың осы араға ғана үйілгені несі.

I-қария. Той той ма? Маман, Әлібектің жүрген жері той боп  
 жатқан жоқ па? Сән-салтанаты өзге-ақ-ау. Көрем деп үймелеп жүр  
 көбі.

2--қария. Қызы анау, нөкері мынау,  
 Үйді де сай беріппіз-ау.

Дауыс. Уа, бір сәнді топ келеді. Топ. Сері ме, салдар ма?  
 I-қария. Уа, Арыстан екен ғой. Бұл да нөкерімен.

Өзі батыр інісі,  
 Ақын да ғой бұнысы.

Әлібек. Көрмегі асыл Айман да!  
 Айман *(Айман хоры).*

Көріп бізді не қысып  
Тұғырдан Айман тайғанда.

Әлібек (*Әлібек хоры*).

Тұғырынды кім апты,  
Нені айтасың қай-қайда?  
Айман. Кім біледі әйткенмен,  
Бұрынғыдай жай қайда.

Шолпан (*күліп*).

Емексіме, әпкем,  
Рас айтасың тегінде  
Кеткен дүние келмес-ті  
Кұлашты құр жайғанға.  
Әлібек. Рас айтыпсың, Айманжан,  
Дұрыс екен қойған да!  
Шолпан апты тұғырды,  
Апаның атын сінлі  
Сүйтіп келіп жойғанда. (*Нөкерімен Арыстан шығады.*)

1-қария. Уа, кел, қарағым Арыстан.

Арыстан. Аманбысың, қария,  
Құтты болсын тойыңа  
Айта келдік алыстан.

1-қария. Бәрекелде, ырзамын,  
Құрметіңнен қалыспан.

Арыстан. Дос елімсің, шөмекей,  
Ертеде атам табысқан.

1-қария. Досынды дос бек тұтып,  
Жауынды да шабысқан.

Әлібек. Ал, мырза, орын міне,  
Қош келіңіз. («Айман — Шолпан», 1934, 5—  
11-беттер).

Жалпы пьесаның екі нұсқасында ауыс-күйіс келіп отыратын бұл сияқты текстік өзгерістер арақидік кездесіп отырады. Мәселен, 1956 жылғы нұсқа Көтібардың аспанға мылтық атып, құдайын қарғап шығып кетуімен тәмәмдалса, 1934 жылғы нұсқа сол көріністен кейін келетін мынадай сөздермен аяқталады:

Жарас (*мысқылдап*). Бәрекелді, міне осыны айтсаңызшы. (*Әлібектерді көрсетіп.*) Мыналар не, он тиын күміс кір, бір тиын күміс шық деп қалт-құлт етіп. (*Көтібар кеткен жаққа.*) Бұл кісілер баяғының арты ғой. Қарашы, әне найзасын борт еткізді. Мылтығын аспанға тәрс еткізді.

Арыстан. Уа, Айман ше?!

Жарас (*қолын сілкіп тастап*). Айманның да қызығы бітті енді... (*өзбек жігітіне*) Кел, одан да сенің биінді билейік! (*Соқтырға жөнеледі.*) Саған рахат болды-ау, бар туысқаның, нөкерің келді. Енді осы бетпен Хиуаға тартасындар... (*Барлық керуен сырнай-кернейін соқтыртады. Биші жігіт, биші қыз билейді. Бәйіт, ән, жар-жар түгел араласып кетеді.*)

Бұл жолы «Айман — Шолпанның» 1956 жылғы нұсқасы 1969 жылғы М. Әуезовтің 12 томдық шығармаларының 8 томы бойынша жарияланып отыр.

## ТАС ТҮЛЕК

Бұл пьеса 1935 жылы жазылып, жазушының осы шығарма аттас жинағында (Қазақтың көркем әдебиет баспасы, А., 1935 ж., 7—103-беттер) басылды.

Мұнда автор бұрынғы кедей батрақтардың сана-сезімі қалай оянып, қалай өсіп жетілгенін, бүгінгі ауыл өмірінің шын иесі осылар екенін суреттейді.

Қазір жазушы музейінде «Тас түлек» пьесасының автографы (88 папка 1—111-беттер) сақтаулы. Ішінара кездескен уақ-түйек өзгерістері болмаса, бұл қолжазба, негізінен, баспа жүзінде шыққан нұсқадан аумайды. Рас, 1935 жылғы жинақта жаңсақ кеткен мына секілді түсініксіз, мағынасыз сөздер автордың сол қолжазбасы бойынша біраз түзетілді. Бұрынғы: «Жаңыратайық»—«жаңғыртайық», «Қуанғандардың»—«қуғандарың», «өлгендер»—«өлеңдер», «деп»—«дәп», «ердіқатынды»—«ерлі-қатынды», «аралық»—«барлық» болып өз қалпына келтірілді.

Енді осы арап әрпімен жазылған автограф пен 1935 жылғы жариялануының арасындағы айырым-өзгешеліктерге тоқталайық.

Автографта: «Ол кісі болса, соған және мына отырған бәріне де арналған көсем сөзі сол. Оқийн десең оқу бар. Болмаса, өздеріңдей еңбекшіден шыққан жұмысшылар бар. Сол істейтін өндіріс орындары бар. Бірің оқуға барсаң, бірің әлде өндіріске барарсың. Ол да бір үлкен қазан, көздеріңді ашады» (9-бет) деген Нұғыман сөзі 1935 жылғы басылуында: «Ол кісі болса, соған және мынау отырған бәріне де арналған көсем сөзі сол. Бірің оқуға барсаң, бірің әлде өндіріске барарсың. Ол да бір үлкен қазан, көздеріңді ашады»—деп (18-б.) қысқартылған. Сол секілді Бөлтіріктің қолжазбадағы: «Жә, жолдастар, біз көп сөйлестік, көп жайды ұғыстық, айтыстық. Енді бәріміз бірге жұмыла жаңа екпін, жаңа сеніммен іске кірісеміз. Әзірге түп мақсат қойдың өлімін, шығынын жою. Бұған жетпей қоймаймыз. Өздерің не дейсіңдер? Уәдеміз осы емес пе? Не дейсіңдер, Нұрбай, Жұматай, басқаларың» (46—47-б.) деген диалогы кітап болып басылғанда: «Жә, жолдастар, біз көп сөйлестік көп жайды ұғыстық, айтыстық. Ендігі мақсат қойдың өлімін тоқтату. Шығынын жою. Бұған жетпей қоймаймыз, уәдеміз осы емес пе? Не дейсіңдер, Нұрбай, Жұматай, басқаларың» (61-б.) болып редакцияланған. Ал, Сөлкебайдың: «Біз жасаған акты өлу үшін қасқыр жеген жемтік пен құлап өлді деген кешегі елу ту қойдың актысы. Өйткені құлап өлгені де бекер. Жауынсыз, қарсыз үлкен мықты қой құлап неге өледі. Еті мен сүйегіндегі белгілеріне қарағанда оларды да ұрып өлтірген. Біз соған акты жасамап па едік, Топай-ау» (72-б.)—деген ұзақ сонар диалогы анық үлкен шебердің қолынан өткендей бір-ақ жолға сыйыпты. Біз жасаған акты басқа емес пе еді, Топай-ау?! (84-б.)

Пьеса 1935 жылғы басылымы негізінде дайындалған. 1969 жылғы М. Әуезовтің 12 томдық шығармаларының 8-томы бойынша жарияланып отыр.

## МАЗМҰНЫ

### *Пьесалар*

ЕҢЛІК — КЕБЕК . . . . .	5
БӘЙБІШЕ, ТОҚАЛ . . . . .	49
ҚАРАГӨЗ . . . . .	99
ОКТЯБРЬ ҮШІН . . . . .	153
ТҮНГІ САРЫН . . . . .	239
АЙМАН — ШОЛПАН . . . . .	311
ТАС ТҮЛЕК . . . . .	379
Түсініктер . . . . .	463

**Мухтар Омарханович Ауэзов**  
**СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ**  
**В ДВАДЦАТИ ТОМАХ**  
**ТОМ ДЕВЯТЫЙ**

**Пьесы**

(на казахском языке)

Ответственный за выпуск *З. Сериккалиев*.

Редактор *К. Узакбаева*.  
Художник *Т. Мухатов*.  
Худож.-редактор *Б. Маширапов*.  
Техн. редактор *Н. Галицкая*.  
Корректор *Нургожина Ж.*

ИБ № 1771

Сдано в набор 21.04.81. Подписано в печать 23.10.81. Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 15,375+вкл. 0,25. Усл. печ. л. 25,83+вкл. 0,22. Уч.-изд. л. 25,31. Тираж 30 000 экз. Заказ № 669. Цена 2 р. 50 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, пр. Гагарина, 93.



«Еңлік — Кебек» спектаклі. Еңлік — Б. Римова,  
Кебек — Н. Жантурин, Есен — Ү. Ноғайбаев.



«Еңлік — Кебек» Корей театрының сахнасында.



«Қаракөз» спектаклінен көрініс.





«Қаракөз». Қаракөз — З. Досанова.





«Түнгі сарын» спектаклінен көрініс.



«Айман — Шолпан» спектаклі. Айман — З. Досанова.  
Шолпан — Ш. Жандарбекова.



«Тас түлек» спектаклі. Мес ролінде — Е. Өмірзақов.